

Астана қаласы әкімдігінің
"Әдістемелік орталығы" МКҚК

**«ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР МҰРАЛАРЫ»
республикалық конференция**

Астана, 2024

УДК 94 (574)
ББК 63.3 (5Қаз)
Ұ46

«ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР МҰРАЛАРЫ» республикалық конференция материалдары. Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, 2024 ж. 326 б.

ISBN 978-601-08-4166-6

Жинақ «ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР МҰРАЛАРЫ» республикалық конференция материалдарын қамтиды. Жинаққа енген ұлы тұлғалар мұралары аясындағы зерттеу жұмыстар, педагогтердің ғылым, тәрбие бағытындағы баяндамалары мен мақалалары білім беру ұйымдарының педагогтеріне, колледж студенттері мен оқушыларға арналған.

Редакция алқасы:

С.М. Дауешова – төрайымы, Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, басшысы
Мүшелері:

1. Ж.Қ. Амиргалиев – Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, басшы орынбасары;
2. Д.Г. Шарипова – Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, бөлім басшысы;
3. Д.Е. Джунусова – Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, әдіскері;
4. С.Б. Қампышев - Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, әдіскері;
5. Г.Шакиров – Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, ІТ бөлім басшысы.

Әдістемелік орталығының оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен бекітілді және басылымға ұсынылды. Хаттама 19.04.2024 ж. №1/2

Конференция ұйымдастырушылары мен редакция алқасы мақаладағы көзқарастар мен фактілердің нақтылығы үшін, авторлардың жіберген стилистикалық және грамматикалық қателеріне жауап бермейді.

ISBN 978-601-08-4166-6

Алғы сөз

Биыл елімізде қоғамға еңбегі сіңген тұлғалар дүниеге келген атаулы даталар өте көп. Соған байланысты 2024 жылы елімізде атаулы күндер мен мерейтойлар атап өтіледі.

2023-2024 оқу жылы мерейтойлары атап өтілетін ұлы тұлғалар: Бұқар жырау Қалқаманұлы (355 жыл), Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (165 жыл), Жүсіпбек Аймауытов (135 жыл), Ілияс Жансүгіров (130 жыл), Сәкен Сейфуллин (130 жыл), Қаныш Имантайұлы Сәтбаев (125 жыл), Әлкей Хақанұлы Марғұлан (120 жыл), Әбілхан Қастеев (120 жыл), Бердібек Соқпақбаев (100 жыл) мұраларын өскелең ұрпаққа насихаттау арқылы ХХІ ғасырдың білім экономикасының дамуына, ғылыми әлеуеттің сақталуына және өсуіне ықпал етуге.

Осындай ізгі ниетті ішараның негізгі мақсаты ұлы тұлғалардың шығармашылықтарын кеңінен насихаттап, педагогтердің инновациялық әдістері мен шығармашылық әлеуеттерін қалыптастыра отырып тарату.

Жас ұрпақтың патриоттық тәрбиесі, шығармашылық және ғылыми қабілеттерін көрсету үшін мүмкіндіктер жасау болып табылды.

Конференцияның ұйымдастыру комитеті

Мақаланың атауы: «Қазақтың дара жазушысы - Бердібек Соқпақбаев

Автордың аты-жөні: Абищбаева Әлмира Акказовна

Оқу орны: «№28 мектеп-лицейі»

Секция бағыты: Әдебиеттану

Аннотация:

Атаулы жұмыста қазақ балалар әдебиетінің бәйтерегі – Бердібек Соқпақбаевтің қысқаша өмірбаяны, шығармашылығы мен танымал «Менің атым Қожа» повесіні туралы баяндалады. Жұмыста повестің жазуы жайлы сөз қозғалып, Қожа мен қазіргі балалардың айырмашылығы мен ерекшелігіне туралы жазылды. Жазушының бұл шығарма арқылы қазақ әдебиетіне, әсіресе балалар прозасы жанрының дамуына елеулі үлес қосқандығы жайлы өзіндік ой-пікір берілді. Сонымен қатар, шығарманы оқу барысында қолданылған тиімді де заманауи әдіс-тәсілдер және олармен қалай жұмыс атқару керектігі туралы баяндалған.

Қазақтың дара жазушысы - Бердібек Соқпақбаев.

Бердібек Соқпақбаев – ірі тұлға, үлкен талант иесі, шынайы да шыншыл суреткер, балалар әдебиетінің көрнекті жазушысы ретінде танымал болған қазақ балалар прозасының бәйтерегі. Бердібек сегіз жасында анасынан айырылып, қайғылы жағдайға тап болды. Бала Бердібектің оқу мен білімге деген құштарлығын, соғыс кезінде қайтыс болған үлкен ағасы балаға сіңірді. Балалық шақтағы ауыр өмірлік сынақтарға толы болғанына қарамастан, Соқпақбаев ерекше ізденімпаз және талантты бала болып өсті. Мектепті бітіргеннен кейін Бердібек әскерде қызмет етіп, кейін Алматыдағы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында білімін жалғастырды. Білімін тереңдету мақсатында, жас қаламгер Мәскеудегі Жоғары әдеби курстарына түсіп, сәтті аяқтады, содан кейін өзінің педагогикалық және әдеби мансабын туған өлкесінің мектептеріне мұғалім ретінде бастады. Соқпақбаев өзінің шығармашылық жолын балаларға арналған өлеңдер жазудан бастады, олардың алғашқысы "Лениншіл жас", "Қазақ пионері" және "Пионер" газеттерінің беттерінде жарық көрді. Жазушының әдеби таланты "Жұлдыз" және "Балдырған" сияқты журналдарда жұмыс істей отырып, дамып, танылды. 1952-1970 жылдар аралығында Бердібек Соқпақбаев Қазақстан Жазушылар одағымен белсенді жұмыс істеді. Шәкен Айманов атындағы "Қазақфильм" киностудиясының редакторы болып қызмет атқарды. Бердібек Соқпақбаев балалар үшін жаралған жан. Өзінің шығармашылық жолын балаларға өлең жазудан бастаған ол кейін прозалық шығармалар арқылы балалардың сүйікті жазушысына айналды. Тағы бір айта кететін жайт. Бердібек Соқпақбаев шығармаларына тән, ортақ белгі – бірінші жақтан баяндалатындығы. Бұл стильді жазушы саналы түрде таңдап алғанға ұқсайды. Бердібек Соқпақбаевтың есімі ауызға алынса, «Менің атым Қожаны» еске алады. 27 бөлімнен тұратын шығарма "Балалар әдебиеті" баспасында 1956 жарық көрді. Шығарма өз елінде танымал болып қана қоймай, орыс сонымен

қатар көптеген шет тілдеріне аударылып, Франция, Польша, Чехословакия, Болгария сияқты елдерде танымал болды.

Бұл қаламгердің анық өсіп, шеберліктің белгілі бір биігіне шыққанын көрсеткен туындысы. Жазушы бұл шығарма арқылы қазақ әдебиетіне, әсіресе балалар прозасы жанрының дамуына елеулі үлес қосты. «Менің атым-Қожа» повесі балалар үшін жазылған өте құнды туынды. Жазушының "Менің атым Қожа" повесі балалар аудиториясы үшін ерекше қымбат сыйлық. Повесть бала көзқарасымен бейнеленетін шынайы өмірдің боямасыз суреттері арқылы оқырмандардың жүрегіне жол тапқан ерекше шығармада «Қара Қожаның» іс-әрекеті, мінез-құлқының қалыптасу, арман-тілегі, басқа оқушылармен қарым-қатынасы суреттеледі. Қожа балалық шақтың тәтті дәуреннің төресі. Повесть бастан-аяқ юморлық стильде жазылған. Сондықтан ол жеңіл әрі көңілді оқылады. Бірін-бірі қайталанмайтын қысқа-қысқа жазылған, әр тарау өз алдына бір оқиға болғандықтан, оқушыны жалықтырмай алға қарай баурай береді. Бердібек Соқпақбаев жас оқырмандардың жүрегінде өзінің қайталанбас кейіпкерлерінің шытырман оқиғалары арқылы ресімделген балалық шақтың тәтті сәттері туралы естеліктердің іздерін қалдырды. Оның шығармашылығы-бүкіл әлемдегі кішкентай оқырмандардың көптеген ұрпақтарын шабыттандыратын және қуантатын балалар әдебиеті әлеміне нағыз сыйлық. Автор балалық шақтың әлеміне еніп, оны олардың мінез-құлқы мен әрекеттері арқылы зерттейді, бұл оқырмандарға оның кейіпкерлерінің ішкі әлемін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Дүние жүзіндегі балалардың назары мен жүрегін жаулап алу, оларды әдебиетті құрметтеу және таңдану — бұл талантты ғана емес, ерекше жан мен балалық шақ әлемін түсінуді қажет ететін міндет. Қазақ балалар әдебиетінің ең жарқын жұлдызы-Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым –Қожа» шығармасы жай оқылмайды; олар кішкентай оқырмандарға жанды эмоциялар мен терең сабақтарға толы әңгімелер арқылы өмір деген әлемді ашуға мүмкіндік береді. "Менің атым Қожа" повесі жас оқырмандар үшін жаңа қаһарман ғана емес, Соқпақбаевтың жазушы ретіндегі өсуі мен шеберлігінің символына айналған керемет шығарма. Қожа бейнесін ұсына отырып, қазақ балалар әдебиетіне маңызды үлес болды. Бұл жұмыста автор балалар психологиясын меңгеру талантын растап қана қоймай, балалардың эмоциялары мен сезімдерін терең түсінетіндігін көрсетті. Қожа бейнесін жасай отырып, Соқпақбаев қазақ балалар әдебиетін оқырмандардың көптеген ұрпақтарының жүрегінде шытырман оқиғалары мен тәжірибелері жаңғыратын маңызды әрі есте қаларлық кейіпкермен байытты.

Сөз жоқ, «Менің атым – Қожа» классикалық шығарма. Повесть ғана емес, оның желісінде түсірілген фильмі де қазақ киносының классикасы деп атауға болады. Себебі дара режиссер-Абдолла Қарсақбаев пен қазақ балалар әдебиетінің бәйтерегі Бердібек Соқпақбаевтай талант иелерінің бірлескен жұмысынан керемет классикалық дүние тумауы мүмкін емес еді. Бұл фильмдері қанша көрсек те, жалықтырмайтын, қайта қызықтыратын аса құнды дүние. Осы оқиға бойынша

"Қазақфильм" киностудиясында 1967 жылы Канндағы Халықаралық балалар мен жасөспірімдер кинофестивалінде арнайы сыйлық алған көркем фильм түсірілді. Қиын сәттерінің бірінде-Бердібек аға: "Шынымды айтсам, дәл осы оқиғаның арқасында мен өмір сүре алдым, оның арқасында менің рухым бұзылмады. Ол мені ең қараңғы күндерде және материалдық және моральдық тұрғыдан қолдады". Сюжеттің басты кейіпкері қиялшыл, бұзық, бірақ ақылды, арманшыл Қожа-түрлі жағдайларға тап болады, олардың ішінен ол өзінің шынайы ақылдылығы мен тапқырлығының арқасында абыроймен таңдалады. Ол әрқашан өзінің іс-әрекетінде тікелей, біреудің қайғысына жауап береді, жоғары әділеттілік сезіміне ие, достыққа адал, зұлымдыққа қарсы тұра алмайды. Осы қасиеттердің барлығы оқырмандардың жан дүниесінде жақсы жауап, сенім мен балаға деген үлкен жанашырлықты тудырды "Менің атым Қожа" повесі Соқпақбаевқа үлкен даңқ әкелді. Б. Соқпақбаев үшін балалық шақ әрдайым жарқын алтын шың болып қала берді. "Менің атым Қожа" әңгімесінің соңғы жолдары Арман құстың әлем үстінен ұшып, Жұлдыздарға қарай ұшып бара жатқаны және оның күшті және шабыттандырылған ұшуын ешкім тоқтата алмайтыны бекер емес. Әбдолла Қарсақбаевтың барлық дерлік фильмдерінің музыкасын қазақ жерінің таланты Нұрғиса Тілендиев жазған. Балалар, көңілді музыка үйлесімділікпен қоршалған сияқты, актерлердің күлкісіне күміс қосады, әр кадрға, эпизодқа бірегейлік береді. Мектеп оқушылары далалық жұмыстарға жиналған фрагменттерде хор балалар әні нағыз командалық рухты орнатады.

Жазушының өзі көрсеткеніндей «Менің атым Қожа» мен М.Твеннің «Том Сойерін» салыстырып қарай бастасақ, тараулардың қысқалығы, оқырманды баурап алатын тартымдылығы, автордың айтайын деген ойын тым ауырлатпай, жеңіл елгезек тілмен алып кетуі сияқты ұқсастықтарды табуға болады. Оған қоса жағдайлардың мінезді айқындау үшін құрылғанының ұқсастығын көреміз. М.Твеннің Том Сойері мен Геккельбери Фин атты кейіпкерлерінің бойынан Сұлтан мен Қожаға тән мінездерді кездестіруге болады. Мәселен, жоғарыда айтып кеткендей Сұлтан мен Қожа кішкене Дәулетті алдап қымызын ішіп кетсе, Том Сойер үй алдындағы қақпаны басқа біреуге бояттырып, сол үшін ақша да ала біледі. Қожа мен Сұлтан қалың тоғайда қол алысып, шынашақ ілмелестіріп, қызыл ошақ сызып, қарақшылардай өмір сүруге серттесе, М.Твен кейіпкерлерінің де осындай әрекетке баратыны белгілі. Осы орайда Б.Соқпақбаев кейіпкерлерінің де бойларындағы бар ұлттық мінез, ұлттық болмысымен-ақ М.Твен шығармасындағы көркем бейнелерден бірде-бір кем түспейтіні, мінез-құлқы, ойлау өресі, іс-әрекеті жағынан шын өмірдің көрінісіндей нанымды жасалуы жазушы шеберлігін байқататын фактор деп ойлаймын.

Қожа мен қазіргі балалардың айырмашылығы, ерекшелігі қандай?

Қожа – өте ақылды, бірақ аңқау, барлық нәрсеге қызыға қарайтын, мейірімді, ойлау сезімі ерекше дамыған бала. Ал ХХІ ғасырдағы балалар өзгеше, өте дамыған, мүмкіндігі көп, бірақ қатыгез. Шығармада Қожа – балалық шақтың ерекесі, қожасы болса, қазіргі заманның балалары – телефонның, смартфонның, түрлі гаджеттердің, виртуалы ойындардың қожасы. Бүгінгі Қожаларды тәрбиелеудің басты құралы ғаламтор екені белгілі. Теледидар, ғаламтор,


смартфон жоқ заманда немерелерін, балаларын алдына отырғызып, қасына жатқызып халық ауыз әдебиетінің жыр-дастандарын айтып отырған Зере, Айғаным әжелеріміз бен Ұлжан аналарымыздың орнында техника жетістіктері келген заманның ұрпақтары қандай болмақ?!

Қорытындылай келе, Бердібек Соқпақбаев қазақ әдебиетінің шамшырағы болған тау тұлға. Оның есімінсіз қазақ балалар әдебиетінің бір бөлшегін елестету де қиын. Қазіргі қазақ әдебиетінің қай жанрын алсаңыз да өз дәстүрі қалыптасып саналық жағынан өсу үстінде екеніне көз жеткіземіз. «Менің атым Қожа» повесті негізінен алғанда балалар әдебиетінің қорына енген алтын шығарма деуге болады. Осы уақытқа дейін өзінің құндылығын жоғалтпай, балалардың жүрегіне жол тауып келе жатқан бұл шығарма әлі де болса сақталуы ақиқат. Мұны ұлттық сана сезім оянуының да көркемдік көрінісі деп қараған жөн, соның ішінде халық өмірін, уақыт тынысын, қоғам шындығын талап, жинақтап, қорытындылап, көрсетуде проза жанрының орны ерекше. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін Сайын Мұратбековтің «Бердібек өз көзімен көрген нәрсені ғана жазатын, қағазды бекерден бекерге шимайламайтын еді ғой. Жазады, түбін түсіріп барып бір-ақ тоқтайды. Бұл- Бердібектің шырайы, Бердібекке ғана тән қасиет» деген сөзімен аяқтағым келеді.

Атаулы шығарманы оыту барысында қолданылған әдістер мен сабақ барысынан көрініс.

Шығарманы оқыту кезінде «Кроссенс» және «Тарсия» атты заманауи әдістерді тиімді қолдандым. Бұл әдістер оқушылардың логикалық және шығармашылық ойлауын дамытады, іс жүзінде шығармашылық ізденіс жасауға және сабаққа деген белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді, ынтасы төмен оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын қалыптастырамын. Осы әдістермен жұмыс жасаудағы тәжірибеммен бөліскім келеді. Әр әдіске қысқаша тоқталып кетуді жөн көрдім.


Тарсия әдісін топтық, жұптық жұмыстарда қолдану өте ұтымды болады. Тарсия бағдарламасының көмегімен тіктөртбұрышты және үшбұрышты кеспе қағаздардан тұратын әртүрлі пазлдар жасап, қолданамын. Оның қарапайым түрі 6-15 тапсырмадан, күрделі түрі 22-30 тапсырмадан тұрады. Оқушыларға осы әдіс арқылы сабаққа деген белсенділігін арттыруға мүмкіндік беремін, ынтасы төмен оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын қалыптастырамын. Тарсия әдісі оқушының пәнге құштарлығын, сыни ойлау қабілетін және ізденімпаздығын арттырады, «жасырынып» жатқан қабілеттерін ашуға көмектеседі, өзіне деген сенімділік пайда болады.



"Кроссенс" — танымдық бастаманы, логикалық және шығармашылық ойлауды дамыту әдісі. Бұл іс жүзінде шығармашылық ізденіске жағдай жасауға мүмкіндік беремін. Балалар заттар мен құбылыстар арасындағы байланысты тауып қана қоймайды, олар өз білімдерін тереңдетеді, тақырыпты түсінудің жаңа қырларын ашады және кроссенстерді құрастырады және шешеді.

Бұл әдіс бойынша 9 төркөз беріледі. Төркөзге сюжеті бойынша байланысқан суреттер беріледі, ортасына ортақ тақырыпты қамтитын ортақ сурет орналастырып, қалғанын солдан оңға, жоғарыдан төмен сюжеттік дамуына қарай үйлестіріп, тізіп шығады. Суреттерді тізіп болғаннан кейін, әр сурет бойынша оқиғаларды айтып, ойларын жүйелейді.

1	2	3
8	9	4
7	6	5





Халмурзаева Жұпаркүл Әбсейтқызы
Астана қаласы әкімдігінің
«№43 қосымша білім беру
мектеп -орталығы» ШЖҚ, МКК

БҰҚАР ҚАЛҚАМАНҰЛЫНЫҢ САЯСИ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Бұқар жыраудың биліктанымға байланысты көзқарастары сол кезеңдегі дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік қоғамдық қатынастармен тікелей астасып жатады. Бұқар жыраудың көзқарастары жалпы тұтастық сипатқа ие болып табылады. Бұл ерекшелік жалпы дәстүрлі қазақ қоғамындағы дүниетанымдық ахуалға тән құбылыс. Былайша айтқанда, дәстүрлі қазақ қоғамындағы көзқарастар жүйесі синкретті тұрғыда өрбиді. Сондықтан да, Бұқар жыраудың билік танымға байланысты көзқарастарын осы тұрғыдан талдап қарастыруға ұмтылу қажет. Жалпы көшпелі қоғамдағы дүниетанымдық бастаулар туралы белгілі философ Қ.Нұрланова мынандай өте орынды пікір білдіреді: «Жизнь кочевого общества была такова, что человек подолгу находился наедине с самим собой и с природой. Уход за многочисленными табунами лошадей, отарами овец был сколь труден, столь и уединен. Все жизненное самочувствие кочевников глубоко связано с осознанием гармонической взаимосвязи мира человека и природы. И самое главное, это осознание не эпизодическое, вдруг или одномоментно особенно остро ощущаемое (что само по себе немало), но оно, это ощущение целостной взаимосвязи, охватывало всю жизнь человека, начиная с момента его рождения, пронизывало все уровни обыденного бытия, включая сферы эмоционально интеллектуальной и духовно практической жизни. Драгоценность этого опыта общения заключается в том, что в течение всей своей жизни человек опирается на всю полноту этого душевно духовного опыта «практического» общения со Вселенной, а именно на жизненно практический, духовно интеллектуальный, эмоционально ценностный смысл его» [1,8]. «Табиғаттаным көшпелілер құқықтанымның асыл арқауларының және бастауларының бірі. Көшпелілер өздерін табиғаттың тікелей жалғасы, соның төл баласы сезінді. Сондықтан қазақ қоғамының құқықтық сана-сезімінің негізінде табиғаттаным, яғни қоршаған табиғи ортаны қабылдау, сезіну, ұғып-түсіну ерекшеліктерінің жатуы ғажап емес, ол түсінікті нәрсе. Көшпелілер табиғатпен етене байланыс нәтижесінде қалыптасқан және сол туралы өзінің сезімі, ұғымы, білімі деңгейінен және

дәрежесінен келіп қоғам, адам және адам аралық қатынастар туралы өз ой-сезімдерін, түсініктерін өрбітті. Ал, бұл жәйт қазақ даласындағы құқықтық сана-сезімнің, құқықтанымын, жалпы құқықтық мәдениеттің сипатына әсер етпей қалған жоқ»[2,15-16 бб]. Бұқар жыраудың билік танымдық, жалпы дүниетанымдық көзқарастарының сырын ашу біздің алдымызда үлкен мәселені қозғауды және ол туралы ой білу қажет етеді. Себебі, қазіргі кезеңде көшпелілердің билік танымға байланысты, олардың мемлекеттік құрылымының қалыптасуы туралы нақты айтылып, қорытылмаған. Көшпелілердің билік ісіне байланысты мемлекеттік құрылымдары мен құқықтық жүйелері еуроцентристік көзқарастар, талаптар деңгейінде зерттеліп, бағалануда. Мәселен, қазақ қоғамының бітім болмысын терең игере білген ғалымдардың бірі А.И.Левшиннің өзі көшпелі қоғамға байланысты европалықтар түсінігінің қалыптасуын сипаттай келе мынадай пікір білдіреді: «Европеец привыкший к порядку, закону, подчиненности и притом видящий почти все азиатские владения под игом деспотизма, узнав о разделении киргизского на орды, поколения, роды, отделения, и о существовании народа ханов, султанов, биев, предполагает, что каждая орда, конечно, имеет самовластного главу, которому повинуются беспрекословно все начальники поколений, ее составляющих; что каждому из сих последних подчинены правители родов его поколения; что правитель рода заведывает всеми отделениями своих однородцев и так далее. Словом сказать, он подумает, что киргизы живут под неограниченною властью своих начальников, но ближайшее рассмотрение открывает у них анархию. Употребляем выражение сие не в строгом смысле, ибо совершенное безначалие не может быть продолжительно, но непрочность властей, у киргизов существующих, неопределительность оных, слабость, свобода переходить из под одной к другой, отсутствие законов, ненаказанность преступлений очень близки к тому понятию, которое обыкновенно разумеется под словом «анархия» [3,360]. Сөздің желісіне қарайтын болсақ, А.И.Левшиннің өзі қазақ қоғамының бітім болмысымен қанша таныс болса да, мемлекеттік биліктің қалыптасуы және қоғамның өмір сүру механизмін терең тани алмаған. Шын мәнінде, көшпелі қоғамдағы мемлекеттік биліктің қалыптасуы және оның жүзеге асу механизмі оған байланысты көзқарастар жүйесі ғалымдар тарапынан кешенді тұрғыда зерттеуді қажет етуде. Сондықтан да, біз Бұқар жыраудың билік танымға байланысты саяси ұстанымдарын ашу барысында осы мәселелер төңірегінде талдау жасап, оның нақты көзқарастарын ашып көрсетуге ұмтылуымыз қажет. Жалпы қазақ қоғамындағы жыраулардың көзқарасын біз сөз етіп отырған мәселеге байланысты мынандай екі топқа бөлуге болады: біріншісі шығармаларында отансүйгіштік, сырт ел басқыншыларына деген өшпендікпен үндескен ерлік, жан аямай ел қорғауды дәріптеген жауынгер жыраулар, екіншісі, ұлт тағдырын келелі мәселе есебінде көтеріп, ел болашағының қамын жеген кемеңгер жырау, би, шешендер көзқарасы [4,35]. Бұқар жырау өзінің көзқарастарында осы екі бағытты да арқау ете білген. Бұқар жыраудың қоғамдық өмірде болып жатқан процестерге байланысты көзқарастарының бағытын былай топтастыруға болады:

1. Көпті көрген қариялық;
2. Болашақты болжай білген сәуегейлік;
3. Ханның орынсыз ісіне сын айтып қалу;

4. Ел қамын ойлап, жан мен малға жайлы қоныс іздеу. [5,44].

Бұқар жырау өзінің саяси көзқарастарын әрқашанда толғау сөзбен, орынды өлең иірімдерімен жеткізе білген. Оның мемлекеттік билікке қатысты не бірлігін арқау еткен көзқарастары әрқашанда терең философиялық мәнге ие болып табылады. Бұқар жырау мемлекеттік билікке байланысты көзқарастарын басқа әлеуметтік құбылыстарды сипаттап жеткізумен тұтас бөле-жармай баяндайды. Бұл жалпы қазақ қоғамындағы жыраулық сарынның өзіндік ерекшелігі десе де болатындай. Жалпы шешендік өнердің иесі өзінің ойын әрқашанда ұшқыр және нақты жеткізуге ұмтылады. Шешендік өнердің және оның иесінің ерекшелігі туралы Қ.Нұрланова өзінің мынандай мағыналы ойын білдіреді: «Человек устной культуры был весьма искушен в ее правилах, легко входил в художественно-эстетический мир сотворчества, одновременно созидая и творя себя. Если иметь в виде сот аспект, то надо указать, что жизненный мир человека был практически пронизан поэтическим словом, все необходимые жизненно практические акты и действия были оформлены в художественную форму, передаваемую из поколения в поколения: через семейно-бытовые обряды, общие для всей этнической целостности, обряды-действия» деп шешендік өнердің қыр-сырын өмірге келгеннен әрбір адамның өмірімен байланыстылығын ашып көрсетеді [1,35]. Бұқар жыраудың дүниетанымдық көзқарастарының жүйесін ашу барысында, біз осы методологиялық көзқарастар тұрғысынан келуіміз қажет. Бұқар жыраудың билік танымға байланысты көзқарастарын ашу барысында біз мына жағдайды ескеруіміз қажет. «Көшпелілер қоғамындағы мемлекеттік билікке қазіргі заман түсініктерін және ұғымдарын тұтастай қолдану мүмкін емес, олар мінсіз әдістемелік қағидалар талабын орындай алмайды. Бұл мәселеде аса сақ болған, аяқты аңдып басқан жарасады. Өйткені, жалпы қоғамдық өмір сияқты, мемлекеттік билік салалары да бұл қоғамда жымдасқан түрде, бірі жалғап және жалғастырып қызмет істейтін, десек те, осындай күш кешкен жалпы мемлекеттік билік арасынан суырылып шығып, сұңғыла түрге жеке-дара ие болу дәрежесіне жеткен сот билігі екенін ашық айтқанымыз дұрыс» [2,24-25]. Шын мәнінде қазақ қоғамында сот билігінің шоқтығы биік тұрды. Оның себебі, жалпы қазақ қоғамында бейбітшілік кезеңінде мемлекетті басқару даулы істерді шешіп, сот билігін жүзеге асырумен көрініс тапты. Бұқар жыраудың жалпы билік танымға және оның жүзеге асуына байланысты көзқарастары нақты болған жағдайларды сынау барысында туындаған толғаулары арқылы көрініс тауап жатады. Бұқар жырау былай дейді:

«...Қойға қошқар құт болса,
Қозы құрттан өлмейді.
Қой бітерде қотаншы ит
Бөріге қой бермейді.
Ауылда адам бар болса,
Ауыл ала болмайды.
Ел иесі құт болса,
Халқы ала болмайды» [6,89].

Бұқар жыраудың бұл өлең жолдарынан мемлекет басшысының қандай талапқа сәйкес болу қажеттілігін көре аламыз. Бұл жерде Бұқар жырау ел басқарушы тұлғаға тек билік өнерін игерумен қатар, табиғат тартқан ерекше

қасиеттің қажет болатындығын айтып отыр. Яғни, елге құт болу дегеніміз жыраудың ойы бойынша, ел бірлігін сақтауға бастайтын адам бойындағы қасиеттердің бірі. Бұл жырау ойы бойынша, құдайдан берілетін қасиет болып көрінеді. Бұқар жыраудың ханның жақсы болуы, елдің бірлігін көрсететіндігін және халықтың сыйлауы ханның мерейін асыратындығын мына өлең жолында топшылап көрсетеді:

«Ханның жақсы болмағы -
Қарашының елдігі.
Қарашы халық сыйласа,
Алтыннан болар белдігі.
Жақсы жігіт ұл туса,
Патшадан болмас кемдігі.
Айтсам сөзім таусылмас,
Тоқтатайын сөзімді» [6, 97]

Бұқар жырау өз заманындағы феодалдық-патриархалдық үстем тап идеологиясына қарсы шыққан жоқ. Ол ата-бабадан келе жатқан салт-сананы, әдет-ғұрыпты, түсінікті дұрыс деп тапты. ХҮІІІ ғасырдағы қазақ қоғамында бай, кедей екенін жырау біле тұра, олардың арасындағы қайшылықтар мен бітіспес тартыстарға мән бермей, барлық қазақтың басы қосылып, іргелі ел болады деп сенді, соны арман етті. Үш жүз Абылай туы астына жиналып, Қазақ мемлекеті құдіретті күшке айналады екен деп ұқты. Бұқар жырау билікті жалпы өтпелі құбылыс ретінде танып бағалады. Билік басына келу билеуші тұлғаға үлкен міндет жүктейтіндігін өлең сөз арқылы өріп отырды. Билік ісіне байланысты көзқарастарын Бұқар жыраудың Абылайханға айтқан толғауларынан біз жақсы көре аламыз. Былайша айтқанда, Бұқар жырау Абылай хан арқылы мемлекеттік биліктің дұрыс жүзеге асуын қадағалап отырғандай болды. Сонымен қатар, Бұқар жырау ханнан илікпей оған тіке сөз айта білген.

«Ай, Абылай, сен он бір жасыңда
Әшейін-ақ ұл едің.
Он бес жасқа келгенде,
Арқада Әбілмәмбет төренің
Түйесін баққа құл едің.
Абылай атың жоқ еді.
Сабалақ атпен жүр едің,
Оны да көрген жерім бар,
Жаныс Қарабайдың қолында
Түнде туған ұл едің.
Жиырма беске келгенде,
Бақыт берді басыңа,
Тақыт берді астыңа,
Отыз жасқа келгенде
Дүниеге кең едің,
Отыз беске келгенде,
Қара судың бетінде
Шайқалып аққан сең едің.
Қырық жасқа келгенде,

Алтын тонның жеңі едің,
Қырық беске келгенде,
Жақсы жаман демедің.
Елу жасқа келгенде,
Үш жүздің баласының
Атының басын бір кезеңге тіредің,
Елу бес жасқа келгенде,
Жақсы болсаң толарсың,
Жаман болсаң, маужырап, барып соларсың» [6, 94].

Бұқар жыраудың мемлекеттік билікке байланысты көзқарастарының негізі көбінесе Абылайханға айтқан сөздерінің, толғауларының астарында жатқандығын, оның толғауларын талдау барысында көре аламыз. Бұқар жырау Абылайханға айтқан тағы бір толғауында, тек қана Абылайханның жеке басының ұрпақ тазалығын көтеріп қана қоймай, жалпы хан ұрпағының, билікті жүзеге асыратын тұлғаның таза болуын сөз етеді. Бұқар жыраудың ойы бойынша текті жерден қыз алу, текті ұрпақты өмірге әкеледі. Былайша айтқанда, Бұқар жыраудың ойы бойынша мемлекетті басқарушы тұлға текті болуы қажет. Тегі бар басқарушы тұлғаның мемлекетке берері де, оған тигізер пайдасы да көп болады. Оны Бұқар жырау былай топшылайды:

«Ай, Абылай, Абылай,
Қатын алма қарадан,
Қара тумас сарадан.
Қатын алсаң қарадан,
Алды кетпес баладан,
Арты кетпес жаладан.
Қатын алма төреден,
Еркегі болар жау жанды.
Ұрғашысы ер жанды,
Төре берер ұл туса,
Аузы кетпес парадан.
Мал жинасаң, қойдан жи,
Майы кетпес шарадан,
Ит жинасаң сырттан жи
Қойды бермес қарадан» [6, 100-101].

Бұқар жырау Абылайханды өз толғауларында сынау арқылы мемлекетті басқарудың дұрыс жолын, оның дұрыс жүзеге асуын бақылауға ұмтылған болатын. Бұқар Абылайхан бейнесі арқылы жалпы мемлекетті басқарушы тұлғаның шынайы символдық көрінісін жасауға ұмтылған болатын. Бұқар жыраудың Абылайхан саясатына байланысты ұстанған позициясы туралы М. Мағауин былай дейді: «Бұқар Абылай саясатын жақтайды. Сондықтан да ол әміршісінің күшті болуын тілейді. Абылай хандығының нығаюы, хан үкіметінің берік болуы үшін күреседі. Бұл жолда ол тіпті ханның тұрақты армия жайын ойлауын, әскери аристократия өкілдері ықпалды феодалдар мен әлеуетті батырларды үнемі өзіне жақын, ұрыс-соғыстарға сай ұстауын қалайды» [7,21]. Бұқар жыраудың Абылай ханға арнаған арнауларында ханның бейнесі жасалады. Абылай хан жырау сөзі бағытталған тыңдаушысы болғанымен жыр-толғаудың

алқа-қотан отырыста, жиында айтылатындығынан, жырау өз толғауларының дүйім қазақ еліне тарайтынын біліп, ханның дара қасиеттерін көтере айтып, ерлігін, елі үшін еңбегін дұрыс көрсетіп, айбынын асыра жырлауы тыңдаушыларының (қалың қазақ жұрты) жүрегіне, көңіліне елдік тұтастықты, бірлікті егу, ұялату әрекеттері болып табылады. Бұқар шығармаларындағы Абылай бейнесі ел тәуелсіздігінің, тұтастығының, тыныштығының символы. Бұқар жырау өз толғаулары арқылы тыңдаушысының көңіл құтысына құя білді, сіңірді. Бұқар жыраудың ойы бойынша мемлекеттің басты тірегі-ханна берілген батырлары және әскері болып табылады. Жалпы әскер жыраудың ойы бойынша сыртқы жаудан қорғайтын құрал ғана емес, сонымен қатар мемлекеттегі билікті қамтамасыз етуші негізгі тетіктердің бірі. Сондықтан да болар, Бұқар жырау Абылай ханға қасында белгілі бір қолды ұстауға мынандай кеңес береді:

«Бірі етек, бірі жең болған
Ежелден саған ел болған
Орта жүзден кісің жоқ,
Найзасының ұшы алтын
Кіші жүзден кісің жоқ -
Енді бұған қарап тұрғаннан
Басқа қылар ісің жоқ» [6, 100].

Шын мәнінде Бұқар жырау қазақ батырларына ерекше арқа сүйеген. Нақты Абылай хан билігінің тұтастай түйілуін осы батырлардың еңбегі деп білді. Оны Бұқар жыраудың Бегембай қайтыс болғанда мына естіртуінен аңғаруға болады:

«Қара Керей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгембай,
Қаз дауысты Қазыбек
Шақшақұлы Жәнібек,
Ормандай көп Орта жүз,
Содан шыққан төрт тірек.
Тұғыр болған сол еді.
Сіздей төре сұңқарға.
Бәйгелі жерде бақ болған
Сіздей жүйрік тұлпарға.
Қайғырмаңыз ханзадам,
Келмей тұр аузым айтарға,
Батырың өтті Бөгембай!
Еңбек қылған ел үшін,
Жауда кеткен кек үшін,
Қазақтың абырой-арына
Сарып қылған бар күшін,
Қайыры болсын халқыңа,
Сабыр қыл, ойлап келмесін,
Қарияң келіп жырлап тұр
Еңбегі сіңген ер үшін,
Батырың өтті Бөгембай!» [6, 100]

Бұқар жырау жалпы соғыс мәселесін жақтамады. Соғыс Бұқар жыраудың ойы бойынша, ел бірлігін жоғалтуға, мемлекетті таратуға соқтыратын құбылыс

болып табылады. Соғысқа көңіл бұрған адамдарды жырау кәпірлерге теңестірді. Жырау былай дейді:

«Абылай ханның қасында
Бұқарекен жырлайды.
Жырлағанда не дейді,
Соғыспа деп жырлайды.
Бұқарекен деген кәріңіз,
Соғыссаң кетер сәніңіз,
Бізден бұрын өтіпті,
Әзіреті Әліңіз.
Жаулық жолын сүймеңіз,
Мынау жалған сұм дүние,
Өтпей қалмас деменіз
Пұсырман болсаң кетіңіз,
Сырдарияның суынан
Көлденең кесіп өтіңіз» [6 ,92-93].

Бұқар жыраудың саяси көзқарастарынан қоғамның өзінің кемеліне жеткен мемлекетке байланысты ойларын да көруге болады. Бұл қырынан алып қарағанда, Бұқар жыраудың айтқан ойлары Асан қайғының ойларына сай келетіндей. Екі ойшылдың көзқарастарының астасатын тұсы да осы болып табылады. Бұқар жырау өзінің ойын былай топшалайды:

«Үш жыл малды ту сақтап,
Жиделі-байсын жетіңіз
Кісісі жүзге келмей өлмеген,
Қойлары екі қабат қоздаған,
Қатын – бала хақы үшін,
Солай таман жетіңіз» [6 ,93].

Бұқар жырау билік ісінде жеке адамға және оның қоғамдағы атқаратын рөліне ерекше орын берді. Жалпы Бұқар жыраудың көзқарасы бойынша қоғамды түрлендіретін де жеке адам болып табылады. Бұқар жырау бойынша адамдар өздерінің іс-әрекеттері арқылы әр түрлі топтарға жіктеледі. Біз Бұқар жыраудың толғамдарын саралай келе, оның өлендерінде адамдар екі топқа бөлінетіндігін көреміз. Бірінші топқа әділетті ісімен, имандылығымен ерекшеленетін адамдар жатады. Екінші топқа әділетсіздігімен, зұлымдығымен белгілі адамдар жатады. Бұқар поэзиясының басты қаһарманы, бірден-бір қозғаушы күші – жеке адам. Ол жөнінде белгілі әдебиет танушы Ә.Қоңыратбаев былай дейді: «Бұқар поэзиясының негізгі қаһарманы – заман, адам. Ол эпостағыдай аноним, аңыздық тұлғалар емес, өмірде болған адамдар. Бірақ солардың бейнесі мен ісін ақын аналитикалық ізде емес, заман оқиғасымен байланыста тұтас алады да, әлеуметтік типке бөлмейді. Мұнда да Бұқар жыраудың эпос стилінен ұзап кетпегендігінің көрінісі бар. Оның образдары – заман оқиғасының бір бөлшегі ғана. Ал реалдық бейнелерге бет бұруы – Бұқар поэзиясының үлкен жаңалығы» [8, 36-37].

Бұқар жырау адам жеке қасиеттерімен мемлекеттік билікке ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар оның жүзеге асуына ықпал етеді деп тұжырымдайды. Бірбеткей адуынды адам мемлекетті басқарып оны дұрыс жолға салуға да қабілетті. Бұл ойды жыраудың мына толғауларының үзiгi растайтындай:

«Адамзаттың баласы,
Атадан алтау тумас па?
Атадан алтау туғанмен,
Оның ішінде біреуі арыстан болмас па?!
Арыстанның барында
Жорғасы болса мінісіп,
Торқасы болса киісіп,
Толғамалы қамшы алып,
Толғай да толғай дәурен сүрмес пе?!
Сөйтіп жүрген кезінде
Арыстаннан айрылса,
Қанаты түптен қайрылса,
Ел шетіне жау келсе,
Ел ішіне дау келсе,
Бел буып жауға шаба алмай,
Белдесіп жауды жеңе алмай
Бас-басыңа тозбас па?!» [6, 102-103].

Бұқар жыраудың саяси көзқарастары әр түрлі мәселелерді қамтитындығын жоғарыдан көріп отырмыз. Бұқар жырау мемлекеттегі қоғамдық өмірдің қалыпты бағытта дамуын да өзінің толғауларында сипаттап көрсетеді. Оны мына толғаудың мазмұнынан аңғарамыз:

«Бағаналы орда, басты орда
Байсал орда қонған жұрт,
Қара түлкі қармалжық
Қас сыпайы киген жұрт,
Ақсары атан аспалап,
Ел жайлауға шыққан жұрт,
Хақтың жолын күзетпей,
Жамандықты ұққан жұрт,
Бас, аяғың бай болып,
Бәсеке дәурен сүрген жұрт.
Бай төбетің маңқылдап.
Байсал тауып үрген жұрт,
Туырлығың қара кіс,
Тура-тура болған жұрт,
Түтінге салса саспаған,
Шоралар сауықпен ішсе тауыспаған,
Ағар бұлақ сүтті жұрт,
Көп жылдарға бек сақтап,
Есен де есен болған құтты жұрт.
Бағаналы орда, басты орда,
Байсал орда қонған жұрт,
Мамырасып, ел болып,
Байсалды жайлау табылды,
Көлдей қамқа төсеніп,
Көрікті ханым түскен жұрт» [6, 87].

Бұқар жыраудың бұл көзқарастарында, сонымен қатар қазақ қоғамының өткен кезеңдері де сөз болады. Қазақ қоғамының даму тенденциясын көруге болады. Сол кезеңдегі қоғамның болмысы сипатталып, дәріптеледі. Бұқар жыраудың саяси көзқарастары, билік таным ұстанымдары, иірімі терең, ауқымы кең бағыттың бірі болып табылады. Бұқар жыраудың билік таным көзқарастарының негізін қоғамдағы жеке адамның рөлі, оның қоғам өміріне ықпалы және мемлекеттік биліктің өзегін құрайтын хан билігінің тұтастығы, елдің бірлігі, мемлекет басшысына қойылатын талаптар, дін мәселесі, жақсы елдің бейнесі құрайтын болған.

Әдебиеттер

1. Нурланова К. Человек и мир: казахская национальная идея. – Алматы: Қаржы-қаражат, 1994. -48 с.
2. Кенжалиев З.Ж. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет: заң ғыл. д-ры дис.аврореф. – Алматы, 1997. -42 б.
3. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. –Алматы: Санат, 1996. – 656 с.
4. Жамалов Қ. Азамттық жыршылары// Қазақ тарихы. – 2001. №2. -35-38 бб.
5. Әбсадықов А. Асан мен Бұқар жырау бейнелеріндегі фольклорлық ортақ белгілер// Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2002. №8. -44-47 бб.
6. Ай заман-ай, заман-ай / Құраст. М.Мағауин, М. Байділдаев. – Алматы: Санат, 1991. – 1 т. -384 б.
7. Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. – Алматы: Ер Дәулет, 1994. – 238 б.
8. Қоңыратбаев Ә. Бұқар Қалқаманұлы. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. -23-41 бб.

Маликова Айзат Кажибековна
Астана қаласы әкімдігінің
Д.Қонаев атындағы № 66 мектеп-лицей

БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ-БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ КЛАССИГІ

Қазақ балалар әдебиетінің классигі, тамаша жазушы Бердібек Соқпақбаев тірі болғанда 100 жасқа толар еді. Жақсының өзі өлсе де,сөзі өлмейді» демекші, балалардың сүйікті жазушысы артына бірқатар әңгіме,хикаялар мұра етті.

«Артында өшпес мұралар қалдырған аса биік дарын, қазақ балалар әдебиетінің классигі Б.Соқпақбаев көзі тірісіндегідей ұстаздығынан жазбай, рухани тірлігін жалғастыра беретіні хақ. Өнерпаз атаулының өлместігі осында» - деп Қазақстанның халық жазушысы М.Әлімбаев пікір қалдырған.

Бердібек Соқпақбаевтың кітаптары ешқашан кітапхана сөрелерінде және дүкен сөрелерінде болған емес. Оларды ризашылық білдіретін оқырмандар, балалар мен ересектер асыға күтті. Жазушы шығармаларын барлық жастағы оқырмандар жақсы көреді. Өйткені бұл – классика.

Бердібек Соқпақбаев – ең алдымен балалар жазушысы. Балалық шақ пен жастық шақ – оның барлық кітаптарының өзегі. Б.Соқпақбаевтың шығармалары

негізінен өмірбаяндық болып табылады. Ал жазушының балалық шағы оңай болған емес. Белгілі жазушы Әнуар Әлімжанов керемет сөздер айтты: «Ең қиын балалық шақтың да өзінше керемет екені белгілі. Ол бізді өмір бойы сүйемелдейді. Мүмкін, сондықтан да болар, біздің әрқайсымыз, тіпті жылдар бойы балалық шақ туралы қызықты, жарқын, мейірімді, күлкілі және қайғылы, бірақ әрқашан қымбат, әсерлі естеліктермен өмір сүреміз».

Балалардың бал мінезін ішкі дүниесімен жақсы сезіне білген жазушы әрбір шығармасында өзі туып өскен Нарынқол таулы өңір табиғатының жанды суреттерін оқырманға үлкен шеберлікпен жеткізе білген. Б.Соқпақбаев шығармаларында балғын шаққа саяхаттар жасап, тандандырып, тамсанып, бал дәурен әсерлерінің қаймағын бұзбай, ақиқаттан алшақтамай, балаға тән қиялдап, өмірдің өз болмысын тебірене толғайды. Оқысаң еріксіз езу тарттырып, кейде күрсінтіп терең ойға жетелейді. Лезде кейіпкерлермен етене араласып, оларды күнде көріп жүргендей әсерде боласың.

Ашаршылық пен жетімдіктің зардабын тартқан жазушы «Балалық шаққа саяхат» повесінде балғын балалығының қиындыққа толы болғанын жеткізген. Кішкентай батырдың тағдыры арқылы сол кездегі оқиғалар мен қазақ халқының қиын өмірін әсерсіз көрсетеді. Б.Соқпақбаев өзінің балалық шағы туралы жанды және қызықты, күлімсіреп айтады. Біз сол дәуірдің шынайы тарихи шындығын көреміз. Анасы ұзақ уақыт науқастанып, көз алдында өмірден өтеді. Бұл шығармада сегіз жастағы бұғанасы қатпаған бала Бердібектің бір үзім нан үшін ауыр жұмысқа жегілгені, емшектегі інісі Тұрдыбектің тоқтаусыз жылағаны, жетімдіктің зардабын шеккен қиын күндері бейнеленген. Жазушы өз естелігінде балалық шағының ауыр күндерін былай жеткізген еді: «Сегіз жасымда шешем өліп, жетім қалдым. Колхоздастырудың алғашқы жылдары, ең бір қиын кез. Осы күннің өзінде жүрегім қарс айырыла жаздайды. Япыр-ау, қалай тірі қалдым? Осы күнге қалай жеттім? Нағыз итжандының өзі екенмін-ау деп танданамын».

«Он алты жасар чемпион» (1951), «Бақыт жолы» (1953), «Өзің туралы ертегі» (1957) повестері-қазақ ауылының өмірі мен тұрмысы жайлы жазылған көлемді терең повестері бірден жасөспірімдердің ғана емес, сондай-ақ ересек қазақ оқырмандарының кең ауқымының мойындауына ие болды. Бұл таңқаларлық емес еді. Өйткені, жазушының кітаптарында мейірімді және дана, бұзық және ақылды кейіпкерлер тұрады. Оларды жақсы көрмеу, қиындықтарға жанашырлық танытпау, олардың сәттіліктерінен ләззат алмау мүмкін емес. Жазушы өз кейіпкерлеріне ежелгі сүйікті фольклорлық кейіпкерлердің ерекшеліктерін берді. Ал оқырман оларды таңқалдырып, қуана таныды.

Жазушының «Он алты жасар чемпион» повесі 1951 жылы жарық көрді. Бұл повесть 1957 жылы «Чемпион» деген атпен шығады. Ал 1962 жылы «Жекпе-жек» деген атаумен тағы да өңделіп шығарылған еді. Шығармадағы қарапайым ғана оқиғалар оқырмандарға үлкен ой тастайды. Автор еңбек еткен адамның қай кезде де арман-мақсатына жететінін, қиындыққа мойымау керегін шығарма кейіпкері Мұрат бейнесі арқылы көрсетеді. Әлжуаз баланың чемпионға айналуы талай бүлдіршінге үлгі болады.

«Менің атым Қожа» хикаясы Б. Соқпақбаевқа ең үлкен даңқ әкелді. Бұл шығарма туралы Қастек Баянбай былай деген: «Қаламгердің анық өсіп, шеберліктің белгілі бір шыңына шыққанын көрсеткен туындысы «Менің

атым Қожа» повесі... Қожа бейнесі қазақ балалар әдебиетіне қосылған қомақты олжа. Оның еңсесі барған сайын биіктеп, Марк Твеннің Том Сойерімен, Аркадий Гайдардың Тимурмен, қазақ фольклорының туындысы Тазша баласымен тайталаспай-ақ, тіпті соларға жете қабыл жүргеннің өзі де әдебиетіміз үшін аз бедел ме?». «Менің атым Қожа» повесі орыс тілінен көптеген тілдерге аударылып, шетелде: Францияда, Польшада, Чехословакияда, Болгарияда басылып шықты. «Менің атым – Қожа» повесі неліктен бірінші қазақ тілінде шықпады? Ол кезде әдебиет тәрбие құралы болған. Ал жазушылар бұл туындыдағы бас кейіпкердің қыңыр, шәлкес мінез-құлқы балалардың ой-санасына әсер етеді деп қорыққан. Дегенмен повесть орыс тіліне аударылғаннан кейін өзбек, молдаван, украин, латыш, француз, литван тілдерінде басылып шықты. Содан кейін ғана – өзінің алғашқы қазақ оқырмандарының жүректерінде берік орын алу үшін оралды. Оқытушы Ермек Сабырбайқызы «Бердібек Соқпақбаев шығармаларының идеялық-көркемдік ерекшеліктері» мақаласында Бердібек Соқпақбаев туындыдағы көркем бейненің кілең ұнамды сипаттардан тұрмайтынын, өмірдің өзі сияқты оның да табиғаты күрделі екенін көрсететін, әрқилы сәттерде сынап-талдап, оның да өзіндік бітім-болмысы бар «адам-азамат» екенін кестелегенін жазған. «Қожа өмірден үйренеді, қате басады, сабақ алады. Образ диалектикасы дегеніміз – осы», - дейді автор. Қожа мінезінің даралануына септігін тигізген жазушының түрлі ұтымды, психологиялық ситуацияларды молынан пайдалануы болса керек .

Осы оқиға бойынша «Қазақфильм» киностудиясында 1967 жылы Канндағы Халықаралық балалар мен жасөспірімдер кинофестивалінде арнайы сыйлық алған көркем фильм түсірілді. Ол туралы автор: «Шынымды айтсам, дәл осы оқиғаның арқасында мен өмір сүре алдым, оның арқасында менің рухым бұзылмады. Ол мені ең қараңғы күндерде және материалдық және моральдық тұрғыдан қолдады» - деді.

Б. Соқпақбаевтың көптеген шығармалары жас кезінде жазылған. Адамның әр кезеңі өзінің шынайы қуаныштарына толы. Осы тұрғыдан алғанда, колхозға атасына келген және өзіне қызықты, ауылдық өмірді ашқан қалалық қыз туралы «Аяжан» әңгімесі шынайы қызығушылық тудырады. Бұл әңгімеде біз жеті жасар сәби Аяжанмен танысамыз. Оны ата-анасы жазғы демалыста Алматыдан алма чемоданымен автобуспен, Сарыбайдың атасына, шалғайдағы колхозға жібереді. Ол жерге келгеннен кейін қалалық қыз көп нәрсені біледі – сүт қайдан келеді, бидай қалай өседі , комбайн қалай жұмыс істейді. Диірменге және темір ұстасына барады. Жергілікті құрдастарымен бірге оны көлде балық аулау немесе салынып жатқан электр станциясына бару сияқты қызықты оқиғалар күтеді. Қазір бірінші сынып оқушысын автобуспен жалғыз қалай жіберуге болатынын немесе балаларды көлге жалғыз, ересектердің бақылаусыз жіберуге болатынын елестету қиын. Бұл – таңертеңнен кешке дейін таза ауада достарымен бірге уақыт өткізу және сонымен бірге ұялы телефондарсыз, компьютерлерсіз және басқа гаджеттерсіз жарқын күндер туралы шығарма. Сонымен қатар, достық пен өзара көмек, әлсіздікті жеңу және өз күштеріне сену туралы балаларға таптырмас үлгі боларлық дүние.

Б.Соқпақбаев шығармаларынан жас ұрпаққа сан-салалы тәрбие берерлік, оларды адамгершілік ізгі қасиеттерге баули алатынын көруге болады. Келер ұрпақтың рухани әлемін байытуға үлес қосары сөзсіз.

Библиографиялық тізім:

Абаева А. Балалар әдебиетінің бәйтерегі // Қазақ тілі әдебиеті-195 №6

Адаева Е. Б.Соқпақбаевтың кейіпкер характерлерін ашудағы шеберлігі

Адаева Е.Талғампаз жазушы Қазақ тілі әдебиеті 1998 №7

Әлімбаев М Берен талант Бердібек (мәтін)

Әбілқасымова Қ. Б.Соқпақбаев-балалар әдебиетінің шебері

Қазақстан ұлттық энциклопедия Алматы-2006жыл

Соқпақбаев Б »Менің атым Қожа»-Өлке,2014ж

Соқпақбаев Б»Жекпе-жек»-Qasym баспа үйі Қарағанды - 2021жыл

Соқпақбаев Б »Аяжан»

Соқпақбаев Б »Балалық шаққа саяхат»

Соқпақбаев Б туралы айшықты ойлар-интернет жазбасы.Құрастырған Жұмашева Г.Ж

Сабырбайқызы Е « Бердібек Соқпақбаев-шығармаларының идеялық-көркемдік ерекшеліктері»мақаласы

<https://stan.kz/balalar-adebietinin-klassigi-berdib/>

**Абатова Аймара Жусиповна
Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Астана қаласы №79 мектеп-лицейі**

Қаныш Сәтбаевтың ғылыми жаңалықтары мен жетістіктері. Оның геология мен металлургияның дамуына қосқан үлесі

Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың есімі Қазақстанның ғылыми жаңалықтары мен өнеркәсіптік жетістіктерінің шежіресіне мәңгілікке жазылды. Көрнекті геолог, ұлттық геологиялық мектептің негізін қалаушы ол минералдық-шикізаттық базаның қалыптасуы мен республиканың тау-кен өнеркәсібінің құрылуының бастауында тұрды. Академик Сәтбаевтың қызметі Қазақстанның КСРО-дағы түсті металлургияның ірі орталығына айналған ауыл шаруашылығынан индустриалды дамыған елге айналуында шешуші рөл атқарды. Ұлы ғалымның туғанына 125 жыл толуы қарсаңында оның геология, тау-кен өнеркәсібін дамытуға және отандық ғылымның қалыптасуына сіңірген ерен еңбегін қайта қараудың маңызы зор.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев Қазақстандағы геология ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосты. Оның есімі әлемдегі ең ірі мыс кен орны – Жезқазған кен орнының ашылуымен мәңгілік байланысты. 1927 жылы жас инженер-геолог Сәтбаев Қарсақпай мыс кенішінде кәсіби кадрлардың жоқтығынан, қаржының жеткіліксіздігінен және ескірген құрал-жабдықтармен жұмыс істей бастады. Оның кәсіби ғылыми көзқарасының арқасында 1930 жылға қарай шашыраңқы

мыс кен орындары қоры кемінде 2 миллион тонна болатын бір алып Жезқазған кен орнының бөлігі екені расталды. Бұл жаңалық Орталық Қазақстанның және бүкіл елдің келбетін мәңгілікке өзгертті.

Сәтбаевтың елеулі жетістігі Орталық Қазақстанның алғашқы металлогендік болжам карталарын жасау болды. 1955 жылы оның «Орталық Қазақстанның металлогендік болжау карталарының әдіснамасы, фактологиялық негіздері және негізгі қорытындылары туралы» іргелі еңбегі жарық көрді. Ғалым барлық қолда бар геологиялық мәліметтерді талдау және синтездеу негізінде аймақтық металлогенияның кешенді геологиялық әдісін жасады. Бұл алғашқы жүйелі карталар Қазақстанның жаңа бай кен орындарын сәтті ашуға әлі де мүмкіндік береді.

Сәтбаев пайдалы қазбалар кен орындарының кеңістікте таралу заңдылықтары туралы іргелі ғылыми қағидаларды тұжырымдады. Ол өзінің «Орталық Қазақстандағы эндогендік минералдану зоналарының кеңістікте таралуының негізгі заңдылықтары» атты еңбегінде өнеркәсіптік кен орындары қолайлы геологиялық құрылымдармен және құрамында металдар бар магмалық ерітінділердің болуымен терең жарықтар қиылысында пайда болатынын көрсетті. Бұл әмбебап үлгілер дүние жүзінің геологиясында кеңінен қолданылуда, бұл ғалымның кемеңгерлігін дәлелдейді.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев өзінің көрнекті ғылыми жетістіктерімен қатар Қазақстанның тау-кен металлургия өнеркәсібінің дамуында шешуші рөл атқарды. Үлкен Жезқазған ашылғаннан кейін мыс қорыту зауытын, су қоймасын құру және кен орнына темір жол салуды қаржыландыру басталды. Бұл әлемдегі ең бай мыс кен орындарының бірін ауқымды өнеркәсіптік игеруді бастауға мүмкіндік берді.

Сәтбаев өзінің «Үлкен Джекқазған мәселесі» атты ғылыми мақаласында Орталық Африкадағы әлемдегі ең ірі мыс кен орындарымен салыстыруға болатын кен орнының орасан зор әлеуетін болжаған. Ол Жезқазған өңірінде мыстан басқа темір және марганец рудаларының қомақты қоры бар екенін айта келе, оларды өндіруді кең ауқымда жолға қоюды ұсынды. Осы дұрыс болжамның арқасында Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Кеңес Одағының болат өнеркәсібін сақтап қалу мүмкін болды.

Жезқазған бассейнінде түсті металдарды өндіруді дамыту білікті инженерлік кадрларды даярлауды талап етті. Сәтбаевтың бастамасымен 1934 жылы Қазақстанда тұңғыш техникалық университет – Қазақ тау-кен металлургиялық институты (қазіргі Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰПУ) құрылды. Бұл республикада ұлттық ғылыми және инженерлік кадрлардың қалыптасуының бастапқы кезеңі болды.

Одан кейінгі жылдары Сәтбаев Орталық және Шығыс Қазақстанда жүйелі геологиялық барлау жұмыстарын жүргізді, бұл Рудный Алтайда түсті металдардың бай кен орындарының ашылуына әкелді. Ол өзінің «Түсті металл кендерін кешенді пайдалану бойынша зерттеулер» атты қорытынды жұмысында Рудный Алтайдың полиметалл кендерін барлық бағалы компоненттерді алу арқылы кешенді өңдеу қажеттілігін негіздеді. Бұл қағида облыста тау-кен металлургия кәсіпорындарын құруға негіз болды.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев «Қазақстан Ғылым академиясының түсті металл кендерін кешенді пайдалану жөніндегі зерттеулері» атты ғылыми еңбегінде

Шығыс Қазақстанның полиметалл кендерін тиімді өңдеу бойынша көп жылғы зерттеулерінің нәтижелерін қорытындылады. Бұл жұмыс оның геология және металлургия саласындағы кәсіби және ғылыми қызметінің нәтижесі болды.

Ғалым Шығыс Қазақстандағы, атап айтқанда, Рудный Алтайдағы түсті металдардың өнеркәсіптік кен орындары кендерінің күрделі құрамымен ерекшеленетінін баса айтты. Олардың құрамында құнды компоненттердің тұтас кешені бар: мыс, қорғасын, мырыш, алтын, күміс және т.б. Бір немесе екі маңызды металды алудың дәстүрлі тәсілі басқа пайдалы компоненттердің үлкен жоғалуына әкелді.

Сәтбаев кендердің құрамындағы құнды компоненттердің максималды мөлшерін алу арқылы барлық шикізатты кешенді қалдықсыз өңдеу принципіне көшу қажеттілігін нанымды түрде негіздеді. Қиын өңделетін полиметалл кендерін кешенді байытудағы шет елдердің тәжірибесін жан-жақты зерттеді.

Сәтбаев үлкен көлемдегі фактілік материалдарды талдау негізінде максималды тиімділікке жету үшін біріктірілген байыту әдістерін қолдану қажет деген қорытындыға келді. Бұл күрделі кендерді өңдеу кезінде бағалы компоненттерді алуды айтарлықтай арттыруға және ысыраптарды азайтуға мүмкіндік берді.

Ғалым тауарлық концентраттар мен өнеркәсіптік өнімдердің тұтас кешенін шығару үшін түсті металдардың полиметалл рудаларын кешенді өңдеу бойынша Қазақстанда өндіріс орындарын құрудың жалпы принциптерін әзірледі. Бұл принциптер Шығыс Қазақстан, Павлодар және республиканың басқа аймақтарында ірі тау-кен металлургия комбинаттарын жобалау мен салуға негіз болды.

Сәтбаевтың тұжырымдарынан кейін, кейінгі жылдары Қазақстанда күрделі полиметалл рудаларын барлық бағалы компоненттерді өндірумен кешенді, қалдықсыз өңдеуді қамтамасыз ететін өндіріс орындары салынып, іске қосылды. Бұл түсті металлургия кәсіпорындарының рентабельділігін күрт арттыруға және республиканың минералдық-шикізат базасын айтарлықтай нығайтуға мүмкіндік берді.

Сонымен, академик Сәтбаевтың ғылыми зерттеулері мен практикалық ұсыныстары Қазақстанның полиметаллдың бай кен орындарын кешенді және ұтымды пайдаланудың негізін қалады. Бұл республиканың тау-кен металлургия өнеркәсібінің дамуына маңызды үлес болды.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев Қазақстанның ғылыми-интеллектуалдық базасын қалыптастыруда шешуші рөл атқарды. 1930 жылдардың ортасына дейін республика ғылымы тек Мәскеу мен Ленинградтан келген ғалымдардың еншісінде болды. Қазақстанның өзіндік ғылыми кадрлары мен мекемелерінің жүйелі дамуы дәл Сәтбаевтың қызметінен басталады.

1940 жылы оның бастамасымен Қазақстандағы тұңғыш ғылыми орталық – Геология ғылымдары институты құрылды. Бұл геология және онымен байланысты салаларда ұлттық ғылыми база құрудағы үлкен қадам болды. Институтты Сәтбаевтың өзі басқарып, оның жұмысының негізгі бағыттарын – республиканың геологиялық құрылымын, минералдық және басқа да табиғи ресурстарын зерттеуді анықтады.

Сәтбаевтың басшылығымен институт қызметкерлері Қазақстанның әртүрлі аймақтарындағы перспективалық пайдалы қазбалардың кен орындарын геологиялық картаға түсіру және анықтау бойынша ауқымды зерттеулер жүргізді. Бұл жұмыстардың нәтижелері республиканың тау-кен өнеркәсібін дамыту үшін минералдық-шикізат базасын құруға негіз болды.

Келесі айтулы оқиға 1946 жылы КСРО Ғылым академиясының Академиялық филиалы негізінде Қазақ Ұлттық Ғылым академиясының құрылуы болды. Сәтбаев ҚазАН-ды ұйымдастыру мен дамытуда шешуші рөл атқарды, оны оның тұңғыш президенті ретінде басқарды. Оның басшылығымен Академия республиканың әртүрлі салалардағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіретін жетекші ғылыми орталығына айналды.

Сәтбаев академиялық ғылымды дамытуға, жана ғылыми-зерттеу институттарын құруға және жоғары білікті ұлттық ғылыми кадрларды даярлауға орасан зор күш жұмсады. Ол ғылымның әртүрлі салаларында жоғары білікті мамандардың галактикасын тәрбиелеуге тырысып, қазақстандық жас ғалымдардың жұмыстарына жеке жетекшілік етті.

Сәтбаев республиканың кадрлық әлеуетін нығайту үшін жоғары білікті ғылыми кадрларды даярлаудың кең бағдарламасын қолдады, болашағы зор жас ғалымдарды КСРО-ның жетекші ғылыми орталықтарына аспирантура мен докторантураға жіберді. Оның бастамаларының арқасында 1950 жылдардың өзінде-ақ Қазақстанның геология, химия, физика және басқа салаларда алғашқы ғылыми мектептері қалыптаса бастады.

Сәтбаевтың өзі академиялық ғылымның негізін қалап, ғылыми-зерттеу қызметінің қатаң әдіснамалық принциптерін енгізген қазақ ғалымдарының көптеген ұрпақтары үшін нағыз альма-матерге айналды. «Бәріне күмән келтіріп, фактіге ғана сен» деген ұранды басшылыққа ала отырып, жастардың бойына сыни ғылыми ойлауды, деректерді талдау және жинақтау мәдениетін қалыптастырды.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың Геология ғылымдары институтын құрудағы және Қазақ Ғылым академиясын құрудағы қызметі республиканың ұлттық ғылыми және зияткерлік элитасын қалыптастыруға мүмкіндік берді және Қазақстан ғылымының одан әрі дамуының негізін қалады.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың басты жетістіктерінің бірі Қазақстан үшін тұңғыш ұлттық ғылыми және инженерлік кадрларды дайындау болды. Оның қызметіне дейін республикада техникалық және ғылыми салаларда өзінің жоғары білікті мамандары іс жүзінде болмаған.

Сәтбаев өнеркәсіпті дамыту және бай табиғи ресурстарды игеру үшін Қазақстанға жоғары деңгейдегі кәсіби кадрлар өмірлік қажет екенін анық түсінді. Сондықтан ірі кен орындарының ашылуы мен игерілуімен және Геология ғылымдары институтын құрумен қатар ұлттық ғылыми және инженерлік кадрларды дайындауға орасан зор күш салды.

Ең маңызды қадам 1934 жылы Сәтбаевтың бастамасымен Қазақ тау-кен-металлургиялық институты – республикадағы алғашқы техникалық университеттің іргетасы қаланды. ҚазГМИ бірден тау-кен металлургия өнеркәсібі үшін кадрлардың көзіне айналды, қазақстандық жастар арасынан инженер-геологтар, кеншілер, минералды өңдеушілер мен металлургтер дайындады.

Сәтбаев бастапқы кезеңде институттың жұмысына тікелей жетекшілік етіп, мамандар даярлаудың негізгі бағыттарын айқындап, мықты профессорлық-оқытушылық құрамды қалыптастырды. ҚазГМИ түлектері республиканың тау-кен кәсіпорындарын геологиялық барлауға, салуға және пайдалануға белсене қатысты.

Сәтбаев Қазақстанның ғылыми әлеуетін нығайту үшін аспирантура мен докторантура арқылы жоғары білікті ғылыми кадрларды даярлаудың кең бағдарламасын қолға алды. Болашағы зор жас ғалымдар мен мамандар КСРО-ның жетекші академиялық орталықтарына тереңдетіп оқыту және тағылымдамадан өту үшін жіберілді.

Сәтбаевтың өзі қазақ ғалымдары мен инженерлерінің көптеген ұрпақтарының бойына жоғары ғылыми мәдениет пен зерттеудің әдіснамалық тәсілдерін сіңіре отырып, оларға тәлімгер болды. Ол ғылыми жұмыста сыни деректерді талдау, бірлескен шығармашылық, күрделілік және объективтілік принциптерін жақтаушы болды.

Сәтбаев өз еңбектерінде осы қатаң әдістемелік талаптарды белгілеп, Қазақстанның ғылыми тәжірибесіне белсенді түрде енгізді. Атап айтқанда, «Орталық Қазақстанның металлогендік болжау карталарының әдіснамасы, фактологиялық негіздері және негізгі қорытындылары туралы» атты еңбегінде: «Мәселені ғылыми өңдеудегі күрделілік, барлық алғашқы бақылау фактілерін жинақтаудағы толықтық, олардың нақтылығы, талдау, жалпылаудағы объективтілік және шығармашылықтағы ұжымдық – басшылыққа алған әдіснамалық ұстанымдар».

Сәтбаев қызметінің арқасында Қазақстанда жоғары білікті геологтардың, кеншілер мен металлургтердің тұтас бір галактикасы өсіп шықты, олар өздерінің тәлімгері қалыптастырған ғылыми мектептер мен дәстүрлерді дамытуды жалғастырды. Олардың көпшілігі кейіннен әлемге әйгілі ғалымдар болды.

Осылайша, Сәтбаевтың жоғары білікті кадрларды даярлау және ғылыми-зерттеу тәжірибесіне қатаң ғылыми әдістемені енгізу жөніндегі жұмысы Қазақстандағы отандық ғылымның одан әрі дамуының негізін қалады.

Академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев қазақ геологиялық мектебінің негізін қалаушы және республиканың өнеркәсіптік қуатын жасаушылардың бірі болып саналады. Оның есімі түсті және қара металдардың ірі кен орындарының ашылуымен және Қазақстанның тау-кен өнеркәсібінің құрылуымен тығыз байланысты. Сәтбаевтың көрнекті ғылыми ізденістері мен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында жаңа кен орындарын болжау және іздеу әдістері, сондай-ақ полиметалл рудаларынан барлық құнды компоненттерді кешенді түрде алу принциптері әзірленді. Ғалымның республикадағы ұлттық ғылыми және инженерлік кадрларды даярлаудағы және академиялық ғылымды дамытудағы жетістіктері орасан зор. Сәтбаев тұжырымдаған ғылыми-зерттеу жұмысының әдіснамалық тәсілдері Қазақстанның ғылыми мәдениетінің дамуына септігін тигізіп, бүгінгі күні де өзектілігін сақтап отыр. Ұлы жерлестің қызметі қазақстандық қоғамның индустриалды және интеллектуалды прогресінің қуатты серпіні болды.

Әдебиеттер тізімі

1. Әжіғали С.Е. Академик Қ.И. Сәтбаев және Қазақстанның минералдық-шикізат базасын құру. Алматы: Ғылым, 1999. 256 б.
2. Батырбаева М.Ж. Академик Қ.И. Сәтбаевтың ғылыми мұрасы. Сәтбаева. Алматы: Наука, 1984. 168 б.
3. Бектұров А.Қ. Ізденіс пен ізденіс жолында: Қ.И. Сәтбаевтың 100 жылдығына. Алматы: Қазақстан, 1999. 208 б.
4. Беспяева Р.С. Академик Қ.И. Сәтбаев Қазақстанның минералдық-шикізат базасын қалыптастырудың көрнекті ұйымдастырушысы және идеологы // ҚазҰТУ Хабаршысы. 2009. № 4. Б.19-23.

Абищев Серікбол Жанайұлы
№43 қосымша білім беру мектеп орталығы

Жырау мұрасы – сөнбейтін шырақ, сарқылмайтын бұлақ

Аннотация:

Атаулы жұмыста қазақтың әйгілі жырауы, көмекей-әулиесі, Абылай ханның ақылшы-биі Бұқар жырау Қалқаманұлы өмірбаянының қызықты жерлері, шығармашылығының тақырыптары, көтерген мәселелері туралы баяндалған. Ұлы тұлғаның поэзиялық мұрасын жинап, жан-жақты қарастырған зерттеушілер туралы сөз қозғалады. Жырау толғауларының көпшілікке танымал кейбір шумақтарына шағын талдау жасалып, өзіндік ой-пікір берілді.

«Жырау мұрасы – сөнбейтін шырақ, сарқылмайтын бұлақ».

Бұқар жырау Қалқаманұлы қазақ халқының ұлттық идеясын шығармашылыққа енгізген тарихи тұлғалардың бірі. XVIII ғасырда Абылай хан тұсында өмір сүрген қазақ хандығының идеологы болды. Оның өмірі мен шығармашылығы сол дәуірмен тікелей байланысты.

Бұқар жырау Қалқаманұлы халық жадында даланың ұлы ойшылдарының бірі ретінде сақталған. Ол халықтың тағдыры туралы поэзиялық ойлардың талантты авторы ретінде танылып, тарихқа Абылай ханның бас кеңесшісі ретінде енді. Ойшылдың туған жылы дәл анықталмаған, 1668, 1685 немесе 1693 деп аталады. Ол Бұхара маңында дүниеге келген, сондықтан бұрыннан келе жатқан түркі дәстүрі бойынша Бұхар есімін алды. Баланың ата-бабалары Арғын руының үлкендері болған, ал оның әкесі Қалқаман жоңғарлармен шайқаста атағын шығарған белгілі батыр ретінде таныс.

Ел ауызында сақталған әңгіме бойынша бала жеті жасына дейін саңырау және мылқау болып келген екен. Содан бір күні үлкен дауыл астында қалып, аяқ астынан құлағы естіп, бала сөйлей бастайды және өзінің ойын өлеңмен жеткізетін қасиеті пайда болады. Өзінің өткір тілі және суырыпсалмалығымен барша жұртты таң қалдырып жүрді.

Дарынды жасөспірімді әкесі Бұхарадағы Көкілташ медресесіне оқуға жібереді, онда көп ұзамай бала ең жақсы шәкірт ретінде танылады. Медреседен

кейін ол Сириядағы Дамаскіде сол уақыттағы алдыңғы қатарлы жоғары мұсылман оқу орнында білімін жалғастырды. Мұнда жас жігіт керемет білім алды, араб, парсы, ойрат және қытай тілдерін меңгерді. Бұхараға оралған соң жас жігіт біраз уақыт Әмірдің кеңесшісі болады, содан кейін Қазақ хандығының астанасы Түркістан қаласына көшеді. Онда жанындағы Қарнақтағы медреседе тәлімгер қызметін атқарады. Жыраудың шығармашылығын зерттеген ғалымдардың мақалаларында Бұқар ұстаз болған кезінде медреседегі оқу үдерісін едәуір өзгертті, өйткені бұрын тек құранды жаттауға бағытталған оқу енді араб тілін, логика мен шешендік өнерді, заңдарды үйренуді міндетті етті. Сонымен бірге ол сабақтарды өткізу кезінде шәкірттерге жайлы және есте сақтауға ыңғайлы ән айту арқылы жаңа әдіспен беретін болды.

Жас кезінде Бұқар жырау біраз уақыт би, төреші қызметін атқарып, өзін заң білгірі ретінде көрсетті. Сөйтіп Тәуке хан тұсында көрнекті мемлекет қайраткеріне айналды. Атақты билермен қатар ол Қазақ тарихындағы 1710 жылы қабылданған алғашқы заңдар жинағы "Жеті жарғы" мәтінін құрастырды. Оның білімі әкімшілік, қылмыстық, азаматтық құқық нормаларын, жерді пайдалану ережелерін қалыптастыруда, сондай-ақ салықтар, отбасылық қатынастар туралы бөлімдерде пайдалы болды. Жасы 60-тан асқанда Бұқар жыраудың өмірбаянында ең маңызды оқиғалар орын алды, олар кейінірек қазақ тарихындағы алтын бет деп аталды. 1770 жылдардың басында ол алдымен Орта жүздің жас сұлтаны Абылайдың тәлімгері, содан кейін бас кеңесшісі болады. Хан барлық жүздерді біртұтас мемлекетке біріктіруге ұмтылды. Бұқар жырау Абылай ханның данышпанын көрді, оған сенді, оның бастамаларының идеялық шабыттандырушысы болды. Білікті дипломат және тіл білгірі Бұқар жырау Абылаймен бірге барлық көрші елдерде болды. Ал шабуыл кезінде жорықтарды бастаудың қолайлы уақытын дәл болжап, қиын жағдайларда да дана кеңестер бере білген.

Бұл тарихи тұлғаның өшпес даңқы оның поэзиялық шығармашылығымен байланысты. Елді әділдікке, адамгершілікке, жақсылыққа шақырған, құнды кеңестер берген ақындарды халық Жырау деп атады. Олар ру мен тайпалардың тарихын баяндап, ұлттық идеяның тасымалдаушысы болған. Бұқар жырау өз шығармаларын сақтамады, бірақ біздің қолымызға оның замандастары жазып алған 1200-ден астам жолдан тұратын өлең-жырлары жетті. Оларды ақынның немересі ХІХ ғасырдың соңында жинап бастырды. Бүгінгі күні Бұқар жырау туындыларының жазбалары шетелдік мұрағаттардан (орыс, қытай, өзбек) табыла бастады.

Бұқар жыраудың шығармашылығында моральдық-этикалық мәселелер, адамдар арасындағы қарым-қатынас тақырыптары, бауырластық пен әділеттілік тақырыбы көтерілді: «Ханға жауап айтпасам», «Он екі айда жас келер», «Ежелгі дос жау болмас». Сонымен бірге ол құдайға және мұсылман міндетіне адал болу, қатыгездік пен надандықтан аулақ болу басты нәрсе деп санады. Бұқар жыраудың шығармашылығы қазақтың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға елеулі үлес әкелді. Шығармалардың көркемдік құндылығы оны қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі деп атауға мүмкіндік береді.

Ол өзінің өлеңдерінде моральдық сарынға беріліңкіреп, ағайыншылықты, татулықты, достықты үгіттейді, өзімшілдіктен сақтандырады.

Азамат ердің баласы,
Атадан алтау тумас па?
Атадан алтау туғанмен,
Ішінде оның біреуі,
Арыстаны болмас па?
-дейді ол.

Ақынның дауысы уақытты жеңіп, бүгінгі күні тыңдаушылардың сезімдері мен ойларын өмірдің шексіз сұлулығы мен күрделілігін рухани тану салаларына жеткізеді, ақыл мен жанның мазасыз жұмысын белсендіреді. Бұқар жыраудың сөзі мен қайталанбас поэзиясы қазақ халқының игілігі үшін күні бүгінге дейін қызмет етіп келеді. Ұлы жырау қазақ поэзиясын сапалы жаңа деңгейге көтеріп, өз дәуірінің, алыс күндердің мақтаныш рухын жеткізе білді және тарихта туған халқының даналығы мен көркемдік дүниетанымының символы ретінде қалды.

Ақынның көзі тірісінде оның көптеген шығармаларын халық ауызлан-ауызға таратып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген, бірақ кейіннен біздің заманымызға дейін, өкінішке орай, Бұқар жыраудың 1200-ге жуық поэзиялық жолы ғана жеткен. Оның шығармаларының көптеген жолдары, ақынның сансыз афоризмдері халық арасында кеңінен таралып, мақал-мәтелдерге айналды. Мысалы:

Бұқар шығармаларының көркемдік ерекшелігі туралы айтпас бұрын жыраудың сол өзі өмір сүрген дәуірде көтерген мәселелері, жырлаған тақырыптары туралы айтқан жөн.

Бұқар жырау толғауларын 3 топқа топтастырып қарауға болады:

- Біріншісі – арнау толғау;
- Екіншісі – болжау толғау;
- Үшіншісі – насихат толғау.

Арнау толғауларының көпшілігі Абылай ханға арналған. Оларға жыраудың: «Абылай ханның қасында», «Ай, Абылай, Абылай», «Қазақтың ханы Абылай», т.б жырларын кіргізеді.

Болжау толғауларына: «Ханға жауап айтпасам», «Он екі айда жаз келер», «Абылай ханның қасында» т.б жатады.

Насихат толғауларына: «Айналасын жер тұтқан», «Жар басына қонбаңыз», «Асқар таудың өлгені» т.б.

Бұқар жырау толғауларының көркемдігі өз алдына үлкен тақырып. Ол толғау жанрының өзіне дейінгі көркемдік өрнектерін бойына сіңіріп, өзіндік қолтаңбасын жасап кеткен. Бұлардың әр біреуі тек толғау жанрына ғана тән абстракциялы ойлар, көркем түйіндер, қиыннан қиыстырылған салыстырулар арқылы бой түзеп тұрған шағын шығарма. Бұл жырларда артық буын, жасық сөз, амалсыз қайталаулар кездеспейтіндігін байқадым.

Бұқар толғауларындағы әдеби бейне жасаудың қалыпты түрі егіз ұғымды салыстыруларға құрылып отырады. Мұның үш түрі бар десек, біріншісі, айтар ойға іштей астасып, соның тікелей көрінісі, нәтижесі ретінде құрылатын сипаттамалар болса («Жар басына қонбаңыз, Дауыл болса үй кетер, Жатқа тізгін бермеңіз, Жаламенен бас кетер» т.б), екіншісі, ой-пікірдің қарама-қарсы құбылыстармен келген шарттылығын айғақтайды. Мұнда авторлық мақсат сол құбылыстың ешбір дәлелдеуді керек етпейтін қисын ұтымдылығымен дараланып отырады.

Асқар таудың өлгені-
Басын мұнар шалғаны.
Көктегі бұлттың өлгені-
Аса алмай таудан қалғаны.

Ай мен күннің өлгені-
Мұз болып тастай қатқаны.
Қара жердің өлгені- Қар.

Шендестіре салыстырулардың үшінші бір түрі жаратылыстағы ұқсастықты адам өмірімен ұштастырып, екеуінің сапалық белгілерін оқшаулап даралай айтып жырлау болып келеді. Мәселен, жырау ақ сұңқар құстың баласы ұяда алтау өскенмен, соның біреуінің-ақ жемді ұзақтан ілетін алғыр боп туатынын меңзеп айту арқылы деп адамдар арасындағы игі жақсылардың өлмес істерін сол сұңқар бейнесімен астастыра сипаттайды. (Ақ сұңқар құстың баласы, ұяда алтау болмас па... Алғырының белгісі, ұзақтан жемді ілмес пе....)

Бұқар жыраудың баға жетпес поэзиялық мұрасын жинаумен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Шоқан Уәлиханов, Григорий Потанин және басқа да көрнекті зерттеушілер айналысты. Бұқар жыраудың өз заманының барлық өзекті мәселелеріне қатысты және оларға жауап беруге тырысқан туындылары 1917 жылғы Ақынның өмірі мен шығармашылығын жоспарлы зерттеу, оның қолжазбаларын жүйелеу Қазақ КСРО құрылғаннан кейін ғана басталды. Алаштың баға жетпес байлығы ретінде Бұқар жыраудың поэзиялық толғаулары, аңыздары мен афоризмдердің сақталуына ат салысқан қазақ зиялыларының көрнекті өкілдері - Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, сондай-ақ ұлы ақынмен қандас туыстығын мақтан тұтқан академик Қаныш Сәтбаев ықпал етті.

Бұқар жыраудың ұлы өсиеттері, әсіресе бүгін бізге ауадай қажет, біздің жүрегімізде өмір сүреді. Ақынның өмірі мен шығармашылық жолы Алашқа деген шексіз адалдықтың, зор еңбекқорлық пен өмірлік табандылықтың жарқын үлгісі болып табылады. Бұқар жырауға, сондай-ақ шынайы үлгі-өнеге болып табылатын қазақ халқының басқа да көрнекті қайраткерлеріне құрмет көрсете отырып, біз қазіргі және болашақ үшін сабақ аламыз, өйткені өткенді дұрыс түсіну қазіргі әлеуметтік үдерістердің сипатын түсінуге көмектеседі, біздің руханиятымыз бен адамгершілігіміз, болашағымыз туралы ойлауға мәжбүр етеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

М. Жармұхамедов “ Көненің көзі” А. 1996 ж.

С. Негимов “ Ақын – жыраулар поэзиясының бейнелілігі” А.1996 ж.

Ә. Дербісәлин “Әдебиет туралы толғаныстар” А. 1990 ж.

Х. Сүйіншалиев “Қазақ әдебиетінің тарихы” А. 1995 ж.

Мукатаева Самал Акылаевна
№79 мектеп-лицей ШЖҚ МКК
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
педагог-модератор

ҚАЗАҚТЫҢ АТАҚТЫ АҚЫНЫ, ЖАЛЫНДЫ ЖАЗУШЫСЫ – СӘКЕН СЕЙФУЛЛИНГЕ 130 ЖЫЛ

Биыл көрнекті ақынымыз және ең үздік жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстан Жазушылар одағының негізін қалаушы, алғашқылардың бірі болып Қырғыз АКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы (1920-1925) (Премьер-Министр) қызметін атқарған Сәкен Сейфуллин Сәдуақасұлына 130 жыл толып отыр. Халқымыздың жанашыр да, сүйікті ұлыларының бірі, арқалы ақын- Сәкен Сейфуллиннің ғұмырына, оның жанынан шыққан туындыларына, шығармашылық жолының шындық көздерін ашатын, оның қазақ халқына сіңірген еңбегін, түрлі туындыларының мағынасын ашып, талдайтын, өз бағасын адалынан беретін қаншама зерттеулер мен талдаулар, туындылары дүниеге келуде.

Сәкен Сейфуллин 1894 жылдың 15 қазан күні Ақмола облысы Ақадыр ауданының, қазіргі Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданының Қарашілік қыстауында дүниеге келген. Өзінің қысқа ғұмыры 44 жылда артына өлмейтін қаншама мұра тастап кетті десеңізші... Қысқа ғана ғұмыр кешсе де бір ғасыр толыққанды өмір сүрген адамның ісін атқарып, артында өшпеспей, өлместей із қалдырған қазақтың біртуар ұлы.

Қазіргі көзі ашық жастар Сәкен Сейфуллиннің туындылары, шығармалары мен мұрасын оқу арқылы Сәкен атамызды жақыннан тани алады. Сәкен – қазақтың атақты ақыны, жалынды жазушысы, бірегей тұлғаларының бірі екенін атап өткен жөн. Ол қазақ халқы үшін өте құнды да бірегей жұмыс жасаған ұлы тұлғалардың бірі. Сәкен – Коммунистік партияның саяси тұғынамасын қазақ елінің игілігі үшін пайдалануға тырысты. Бірақ, идеологиялық ерегістер мен төңкерістерге қарамастан, Сәкеннің өмірі, ол сияқты мыңдаған боздақтар, тіпті мүлде өзге жолды таңдаған патриоттар армандар мен трагедияларға айналды. Осы себепті ұлы тұлғалардың тағдырын олар таңдаған жол бойынша емес, олардың өз туған еліне қаншалықты адал болғанына, қаншалықты елін сүйіп, адал қызмет еткеніне және артынан қалдырған мұраларына қарап бағалау керек. Бұл тарихи әділеттіктің де, ғылыми-әдістемелі объективті принциптердің де қисыны. Сондай ақ- осы тұрғыда Сәкен – мәңгі және өз елінің құрметіне үнемі ие болатын тұлға.

Омбы қаласында қазақ жастарының «Бірлік» ұйымы басқарушыларының бірі болады, Ақмоладағы «Жас қазақ» ұйымын ашты, 2018 жылы «Жас қазақ марсельезасын» жазып шыққан. Ақмола совдепшілерімен бірге тұтқындалып, Колчактың Омбыдағы түрмесінен

қашып шығады. 1920 жылы Ақмолаға қайта оралып атқару комитеті төрағасының орынбасары болады.

Сәкеннің алғашқы бастамасы - Омбы семинариясын бітіргеннен кейін Ақмола уезіндегі Сілеті-Бұғылы деген жердегі ауылдық мектебінде ұстаздық етіп жұмыс атқарады. Сол кездері ақын 1916 жылғы халықтың ұлт-азаттық көтерілісін қарсы алады. Көтерілісшілерге тілектестік білдіріп, қолдап, өлеңдер жазды.

1920 жылдың 4 қазанында Қазақ Кеңес Автономиялық Республикасын жариялаған 1-ші Құрылтай Съезіне қатысып, Орталық Атқару комитетінің бір мүшесі болып сайланады. Осы оқиғалар болған соң екі жыл өткенде – «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы, Халық Ағарту Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы болып сайланған болатын. 1927 жылы бәрімізге таныс «Тар жол, тайғақ кешу» атты мемуарлық роман кітабын басып шығарғаннан соң сегіз жылдан кейін «Әдебиет майданы» журналының редакторы болып жұмыс атқарады. Қазақ жазушыларының ішінен алғаш рет Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған тұлғалардың бірі. «Жұбату», «Асау тұлпар» - әңгіме мен өлең жинағы, «Бақыт жолында», «Қызыл сұңқарлар» - пьесаларын, «Домбыра», «Экспресс», «Тұрмыс толқынында», «Көкшетау» өлеңдерін, «Жер қазғандар» повесін, «Альбатрос», «Қызыл ат», «Социалистан» атты поэмаларын, «Айша», «Жемістер» атты повестерін шығарады. 1932 жылы – «Қазақ әдебиеті» кітабын жазып шығады.

1918 жылы жаздың алғашқы айында патшашыл ақ казактар мен чехословактардың контрреволюциялық көтерілісінде Ақмолада кеңес өкіметі жойылып, Сәкен бір топ жолдастарымен революция жауларына тұтқынға түседі. Ол «қоғам мен мемлекет қауіпсіздігіне қатерлі адам» деп есептеліп, өзге тұтқындармен бірге Қызылжар түрмесіне қамалады. Атаман Анненковтың «азап вагонында», Колчактың Омбы лагерінде тоғыз айдың жүзіндей уақытта зардап шегеді. Тек 1919 жылдың көктемінде ғана Сәкен Омбының тұтқын лагерінен қашып құтылады. Дүйсембі деген жалған ат жазылған құжатпен ол Павлодар, Баянауыл арқылы өзінің туған еліне келіп, Түркістанға өтеді. Әулиеата (қазіргі Тараз қаласы) Совдепінің көмегімен Сарысу, Шу өзендері бойындағы елдері советтендіру жұмысына қатысады.

1921 жылы сәуірде Сәкен Сейфуллин бұрын Сибревкомға қарайтын Ақмола мен Семей облыстарын Қазақстанға қабылдап алу жөніндегі төтенше үкімет комиссиясына енеді. Ол Қызылжар, Көкшетау, Ақмола, Қарағанды, Омбы қалаларында болып, сайлау жұмыстарына басшылық етеді және Жетісу, Түркістан өлкелерін қазақ АССР құрамына өтуіне ат салысады. 1922 жылы маусымда Қазақ АССР халық комиссарлары Кеңесі Сәкенді оқу-ағарту Халық Комиссарының орынбасары етіп тағайындайды. Сонымен қатар ол «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы болып бекітіледі. Ал Советтердің бүкіл Қазақстандық III съезі 1922 жылдың қазан айында Сәкен Сейфуллинді Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы етіп сайлайды. 1923 жылдың қаңтарында Советтердің X съезінде Бүкілодақтық Атқару Комитетінің мүшелігіне өтеді.

1925-1937 жылдары Сәкен Сейфуллин Қазақстандағы әр-түрлі мәдени-ағарту орындарында- жазушылар Одағында, партия тарихы институтында, «Әдебиет майданы» (қазіргі «Жұлдыз») журналының редакцияларында басшы қызметтерде болады. Жоғары оқу орындарында қазақ әдебиеті тарихынан лекция оқиды.

Сәкен – Кеңес заманында қазақ әдебиетінің дамуына бірден бір үлкен үлесін қосқандардың, елеулі еңбек еткен бірегей тұлғалардың бірі. Оның поэзиясы сол заманда шарықтап көпке танымал болып, жазғандарының терең мағынасына түсініп қарайтындар аз болса да, қазір оның шығармалары өте елеулі.

Сәкен – шығармашылық-идеялық ойы жаңа дәуірдің, кеңес дәуірінің өзекті мәселелерімен тығыз байланысты. Бұл социалистік реализм әдебиетінің негізі, басты бағыты, ерекше қадір-қасиеті. Қазақ даласында әдебиеттің алғашқылардың бірі болып туын желбіреткен Сәкен шығармалары – қазіргі жаңа Қазақстанның жалынды да жанды бастаушысы – Мәңгілік тарихи құбылыс. Ленин партиясында ұлы идеялармен сарқылмас Сәкен өзінің барлық өнерін халықтық мақсаттарға, туған елінің болашағын жарқын етіуге арнаған.

Сәкен – қазақ кеңес әдебиетінің қарыштап дамуында үлкен роль атқарған жаңашыл ақын. Өзінің бар өнерін халық мақсатына, туған елінің жарқын болашағына арнап, жаңа заманның дауылпазы болды. Абайдан кейін қазақ поэзиясына жаңалық қосқандардың ішінде оның орны бөлек. Қазақ поэзиясының көрінісіне өзгеріс енгізу, елінің ішкі ырғағын күшейту, дауыс ырғағына бейімделу, буын жүйесі - осының бәрі Сәкен поэзиясының жаңашыл сипатының белгілері.

Сәкеннің қоғамдық, шығармашылық қызметінің жаңа кезеңі 1917 жылдан бастау алады. Патша өкіметін құлатқан Ақпан төңкерісінен кейін-ақ ол Ақмола қаласына кетіп, саяси-қоғамдық жұмыстарға белсене араласады. Сол жылдың көктем мезгілінде құрылған Қазақ Комитетінің төрғасы атанады.. Онда төңкерісшіл-демократияшыл зиялылармен бірге жұмыс атқарып, қазақ қыз-келіншектеріне бостандық беру, бұрынғы әкімдерді жоғарғы билік қызметінен ауыстыру, еңбекші халық өкілдерін іске тарту, дін иелерінің құқын тежеу сияқты жұмыстарды атқарды. Сәкеннің қатысуымен Ақмола жастары «Жас қазақ» атты ұйым құрып, «Тіршілік» атты газет шығарады. 1917 жылдың желтоқсанында Ақмола Совдепі құрылғанда Сәкен Совдептің президиум мүшесі және уездік ағарту комиссары болып тағайындалады.

Тұңғыш мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллин 1923 жылы «Еңбекшіл қазақ» газетінің №66 санына ... «Қазақты «қазақ» дейік, қатені түзетейік» деген мақаласын жарыққа шығара отырып, көптеген қазақ ойшылдарына үн тастаған болатын. Сол шақтарда қазақ халқын «киргиз» деп атап келген.

Кейіннен 1925 жылдың сәуірінде Ақмешітте Қырғыз АКСР кеңестерінің бесінші жалпы қазақтың съезінде крайкомның екінші хатшысы С.Қожанов «қырғыз» атанған қазақ халқына тарихи атауын «Қазақстан» деген атақ беру туралы ой ортаға салған. Содан кейін 1925 жылы 19 сәуір айында қазақ халқының өз тарихи атауын қайтару туралы шешім заң түрінде

қабылданған еді. Сөйтіп 1925 жылы 15 маусымда қазақтың тарихи атауы өз орнына қайтіп келді. Осы жайында «Егемен Қазақстан» газетінің 2020ж. 21 тамызда шыққан «Қазақ атауы қалай қайтарылды» деген Бекен Қайратұлының мақаласында толығымен айтылған. Сәкен шығармалары туралы тұңғыш арнаулы мақалалардың шығуы –Сәкеннің Совет идеясына беріктігі мен революция дұшпандарына мейрімсіздігін көрген қазақ ұлтшылдары және олардың сойылын соғушылар ақынның алғашқы кітаптарын жаппай жамандап, оны елге жаман жағынан көрсетуге тырысты. Осы мақсатпен олар Сәкеннің 1922 жылы Орынборда басылған «Асау тұлпар», «Бақыт жолында», «Қызыл сұңқарлар» атты кітаптарына тұс-тұстан шабуыл жасады. Бұған Нәзір Төреқұловтың «Темір қазық» журналының 1923 жылғы №1, 2, 3 сандарында басылған сындары мысал бола алады. Төреқұлов бір мақаласында «Асау тұлпар» жинағын, екінші мақаласында «Бақыт жолына» пьесасын іске алғысыз етіп жариялады. «Қызыл сұңқарлар» туралы Ташкентте шыққан «Шолпан» журналы кекететін пікірлер айтылды да, жазылды. «Асау тұлпар» жинағына Сәкеннің революция дәуіріндегі өлеңдері кірген еді. Н.Төреқұлов біле тұра олар жайлы ештеңе жазбай, ондағы махаббат тақырыбына жазылған өлеңдерді, тағы басқа ұсақ - түйектерді әңгімелеп, оқушының назарын кітаптың негізгі мазмұнынан аударып әкетуге тырысқан.

Қазақ кеңес әдебиетінің негізін қалаушы Сәкен тынымсыз еңбек етіп, әдебиеттің басқа жанрларына да елеулі үлес қосты. 1914 жылы Сәкен Айқап журналында «Манап» драмасы туралы сыни мақала жазып, қазақ әдеби сынының пайда болуы мен даму процесіне белсене араласты.

Қорытынды

Жаңа әдебиеттің пайда болуы мен өркендеу процесінде жетекші болған революционер ақын Сәкен ең қажетті, ең маңызды кезеңдерге өзінің жемісті сыни ойларын жинақтап, әскери жанрдың қалыптасуы мен дамуына үлкен көмек көрсетті. Сонымен қатар, ол әдебиет тарихын зерттеумен, оның таңдаған бейнелерін жариялаумен көп айналысты. Ол Қазақтың ескі әдебиеті, Батыр жырын (Ыбырай Алтынсарин, Ақан сері, Ақмолла және т. б. Шығармаларын жинап) жинақтап, жарыққа шығарды. Сонымен қатар, Сәкен марксистік-лениндік әдіснамаға сүйене отырып, қазақ ауыз әдебиетін ғылыми тұрғыда талдап, дұрыс тұжырым жасады. Сәкен жазған Қазақ әдебиеті атты зерттеу жұмысының қазақ әдебиеттануында маңызы зор. Бұл туынды - өзінің ғылыми маңызын жоймаған, қазақ фольклорының негізі және қазақ халқының қалыптасуына қосқан елеулі үлесі мол.

1937 - 1938 жылдарда қара дауылдай соғып тұрған сталиндік репрессия қазақ халқының ең білімді, ең саналы зиялыларын баудай түсірді: қазақ әдебиетінің негізін қалауға ат салысқан С. Сейфуллин нақақ жаланың құрбаны болды. Жалған айып тағылып, өлім жазасына ұшыраған көрнекті ақын, жазушылардың қырқылып кетуі қазақ мәдениетін орны толмас шығынға душар етті. Дәл осы кезде де өз басына қауіп - қатер төніп тұрғанына қарамастан, азаматтық келбетін жоғалтпай, адал бағытынан таймағандардың бірі - осы Сәкен Сейфуллин еді. Сейфуллинді НКВД 1937 жылғы қыркүйектің 24 інде тұтқынға алып, 1938 жылғы сәуірдің 25 - інде атып тастады.

Атыңнан айналайын қайран Сәкен,
Ұмытпан демім бар да тұлғанды әсем.
Ту ұстап, тұлпар мініп, қол бастаған,
«Тар жолда, тайғақ кешіп болдың көсем»- деп Сәбит Мұқанұлы
жырлағандай, С. Сейфуллин ұрпақтарға ұлан - ғайыр мұра қалдырып кеткені
баршамызға аян.

АННОТАЦИЯ

Бұл мақаланың мақсаты- ақын, ірі мемлекет қайраткері, жазушы, драматург, әдебиет зерттеушісі Сәкен Сейфуллиннің еңбектеріндегі құндылықтарды тану, оны зерделеу, заман талабына сай насихаттау. Ұлттық болмысымызды тану жолындағы өз маңызын жоймаған өзекті мәселелерді таныту. Мақалада ақынның қазақ ұлтының дамуына зор үлесін қосқан еңбектері талданып отырып, сараланады.

Сонымен қатар, жас ұрпақты еліміздің тұтастығы мен дамуы үшін күрескен, Алаштың ардақтысы Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармаларын оқып білуге баулу, ақынның өз заманындағы саяси-қоғамдық көзқарасын таныту, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу. Оқырманға осы мақалам үлкен ой салар деген үміттемін.

Цель данной статьи – признать ценности произведений Сакена Сейфулина, великого государственного деятеля, писателя, драматурга, литературоведа, изучить их и пропагандировать в соответствии с современными требованиями. Представление актуальных вопросов, не потерявших своей значимости на пути признания нашей национальной идентичности. В статье анализируется и дифференцируется творчество поэта, внесшего большой вклад в развитие казахской нации.

Кроме того, научить молодое поколение читать жизнь и творчество Сакена Сейфулина, героя Алаша, боровшегося за целостность и развитие страны, показать политические и социальные взгляды поэта своего времени, поднять поколение патриотов. Надеюсь, что эта статья произведет большое впечатление на читателя.

The purpose of this article is to recognise the values of the works of Saken Seifullin, a great statesman, writer, playwright, literary critic, to study them and promote them in accordance with modern requirements. Presentation of topical issues that have not lost their importance on the way to recognising our national identity. The article analyses and differentiates the work of the poet, who made a great contribution to the development of the Kazakh nation.

In addition, to teach the younger generation to read the life and work of Saken Seifullin, the hero of Alash, who fought for the integrity and development of the country, to show the political and social views of the poet of his time, to raise the generation of patriots. I hope that this article will make a great impression on the reader.

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ:

1. С.Сейфуллин «Тар жол,тайғақ кешу» роман-эссе (1927) «Қазығұрт» баспасы, 2004ж. Алматы.
2. Республикалық ғылыми-педагогикалық журнал Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде №5, 2007ж.
3. Қазақтың «Үш бәйтерегі» кітапша «Аруна» баспасы.
4. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, ISBN 5-7667-2949-9
5. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007. ISBN 9965-32-491-3
6. «Еңбекшіл қазақ» газетінің №66 саны.
7. «Егемен Қазақстан» газеті 2020ж. 21 тамыз.

**Астана қаласы Ілияс Жансүгіров атындағы
№58 мектеп- гимназиясының тарих пәнінің мұғалімі
Хасен Масғұтұлы**

ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ –ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ҚҰЛАГЕРІ

«Жер таппан жерге жетер Жетісуым»-деп жырлаған Ілияс Жансүгіров-қазақ даласының Жетісу өлкесінде туған теңдесі жоқ дүлділ ақын. Оны әр оқыған сайын жаңа қырынан танысыз.Тереңдігіне, көк жиегінің кеңдігіне көз жеткізе түсесіз.Қырықтың қырқасынан аса бере, Сталиндік зұлмат құрбаны болған құлагер ақынның артында қалған мұралары- бүгінгі күннің, болашақтың баға жетпес қазынасы.

«Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев»

Ілиястың өскен ортасы да, өмір кешкен қоғамы да оның ең алғаш қалам тартып, ақындық жолға түсуіне түрткі болған, дарынын, ішкі талант құбылыс-қасиетін ашқан, әсемдік әлеміне жетелеген – Жетісу табиғаты мен өзінің туып-өскен жерінің сұлулығы. Әдетте, сұлулыққа тәнті болған адам ғана күштарланады, іңкәрлік сезімге бөленіп, толғанысқа, қиял-сезімге бой ұрады. Бұл жайтты Ілияс та басынан кешірген. Бойындағы сезімтал қасиеті оның ойын сан-саққа жүгіртеді, қинайды, әбден қалжырап, бәлкім қасындағы өзін сезетіндей адам табылмағсын қолына қалам алуы да ғажап емес.Алғашқы өлеңдерінің бірінде былай деп жырлайды:

Ащы көңіл,
Тұщы өмір,
Төсек - темір, бар ма дос?
Қайғы баптап ,
Ойды шақтап

Сырғанақтап жүрмін бос.

(«Шам-шырақ»)

Немесе:

«Жел жалауды желбірет!» деп, ішкі дертті қалай шығаратынын білмей дал болады.

Ілиясқа жас, албырт кезінде табиғаттың сұлу көрінісі ерекше әсер еткен. Табиғатқа іңкәрліктен туған балғын жырлары айналадағы тылсым сәт пен жарқыл қаққан өмір көріністерінен туса, кейінірек эпикалық шығармаларға батыл ауыз салады,

Ілияс поэзиясындағы мөлдір арнаның бірі- табиғат лирикасы- дейді, академик Р.Нұрғалиев өзінің Арқау атты монографиялық

Еңбегінде. Туған жерін, елінің тау-тасын өзен-көлін беріле сүйген патриот ақын қоршаған ортаның ғажап сұлулығынан өз шабытына нұр алып, сан алуан бояулары буырқанған ғажап суреттер салды. Бұлардың ішінде нақты географиялық адресі танылған (Ағынды менің Ақсуым), табиғаттың бір суреттегі көрінісін бейнелейтін (Ақшам,Бұлт, Желді күн, Тас) сан алуан үлгілері бар.Натюрморт,этиюд, эскиз сипатындағы туындылардағы ойлар, символдық бейнелер, ишарат образдар философиялық идеяларға жетелейді, көп мағыналы сарын-әуездерді тудырады.

Шынайы дарын тірі, көрікті табиғатты сезіне отырып оның тылсымынан шыға алмастан, оны мүмкін-қадірінше одан әрі игергісі келетіндіктен,қаламын сілтей берді.

Қазақ ортасында өлең өнері ертеден-ақ ерекше орын алды десек, табиғатты жырлау кенже қалған тақырыптардың бірі.Ілияс мұны сезінбеуі мүмкін емес. Сезінеді де, осы тақырыпқа ерекше ден қойды.

Ілиястың табиғат лирикасына орай жазылған қай өлеңін алып қарасаңыз да, ондағы стил өрнегі қаламгерлік дара тұлғасы айқындалып тұрады. Халқымыздың құт-берекесі дарыған, көне заманнан даналық пен ақындық мекені болған Жетісу жерінің перзенті Ілияс бала күннен бастап өлең мен жырдың қойнауында туып, сонда өркендеген. Нәтижесінде, нағыз халықтық пафоста, танымдық-білімдік тұрғыдан берері мол, этнографиялық ғылым саласына жақын жазылған өлеңді оқып тамашалайсыз.

Ақ үйге алты қанат келсем кіріп,
Босаға, маңдайша мен табалдырық,
Кереге алты жапса,алпыс уық,
Шаңырақ, күлдіреуіш оған жуық.
Құр, таңғыш, басқұр,арқан,екі аяқ бау,
Төрт ірге, есік жабық, ши туырлық,
Он бес бау ішкі сыртқы белдеу,желбау,
Тұскиіс көрпе, көпшік, шай шымылдық
Текемет, жастық, шапан, кілем, сырмақ,
Алаша, бешпет, көйлек, сәлі, бөрік,
Самаурын, үстел кесе, шәйнек, шәугім,

Дөдеге, сандық, кебеже, ақ түндік...

Бұрын - соңды мұндай өлең жазылмаған. Бұл қазақ поэзиясындағы жаңа серпін, жаңа үрдіс.

Бұл өлең үлгісін Ілияс жас шағында жазған. Қазірде ұмытыла бастаған үй-жабдығын өлеңмен өріп, атауын атап, түсін түстеп беру бастаған үй-жабдығын өлеңмен өріп, атауын атап, түсін түстеп беру Ілияс шығармаларын ерекше ажарландырады. Осы тұрғыда жазылған өлең үлгілері Ілияс поэзиясында кейінгі кезеңдерде берік орын алған.

(Жетісу суреттері) өлеңі Ілиястың ең алғашқы шығармаларының бірі. Өз тұрғысында М.Әуезов бұл шығарманы бағалап, былай деген еді: (Мен Ілиясты бұрын білуші ем, өлеңдерін оқып жүретінмін. Бірақ оның шын мағынасында дарынды ақын екенін мойындағаным сол (Жетісу суреттері) өлеңін оқығаннан кейін) дейді.

Қазақ әдебиетінің құнарлы саласының бірі – поэзия болса, Ілияс сол құнарлы салаға бар күш-қуатын сарқа жұмсаған алпауыт ақынның бірі.

В.Г.Белинский Пушкин мен Лермонтов поэзиясына орай Бүкіл әлем, гүл, бояулар, дыбыстар, бар жаратылыс, барлық өмір-поэзия дүниесі, осы құбылыстарды құпия қуат, оларға тіршілік, ойнақы өмір беретін сырлар поэзияның жаны мен тетігі. Поэзия – әлемдік өмірдің қан тамырының соғуы мен сол өмірдің қаны мен оты, жарығы мен күні) – десе, бұл анықтама Ілиястың да поэзиясына қатысты айтылған сөз. Олай болатыны – жоғарыдағы атап өткеніміздей, Ілияс поэзиясы бастан-аяқ қазақтың халық әдебиеті мен халық тілінен нәр алып дамыған шығармашылық десек, оның тағы да бір қайнар бұлақ көзінің бірі-классикалық орыс әдебиеті. Бұл бұлақтан өз тұсында әуелі ұлы Абай сусындаса, сол Абайдың сан – салалы поэзиясынан Ілияс та үйреніп, өзіне тәлім алған.

Ілияс Жансүгіров поэзия әлеміне жастай келді десек, атап өткеніміздей, балғын, талапкер шағында Абайдың поэзиясы оған ерекше әсер етті.

Сол өлеңдерінің алғашқыларының бірі Балдырған атты жинақ дәптерінде енген Абайдың әсерімен жазған өлең нұсқасы төмендегідей келеді.

Салды бұлақ енді әнге
Құйқылжытқан келді әнге
Тау мен тас мұнданып
Арғы мен салды бергі әнге
Ағаш тоғай қуанып
Әкетті ертіп жерді әнге
Жан-жануар таңырқап
Тамсандырды елді әнге
Тоқсан толғап қайырып

Тоқтады барып әреңге... – деп жырлайды.

Бұл Абайға дейінгі өлеңдері. Бұдан кейін, өзі айтқандай, абай артық әсер етті. Ойым ояна бастады. Қайта- қайта тоймай оқи беретін болдым. Өзімде біртүрлі сергектік, сілкініс, жүрегімде жаңалық сездім. Жазуға талабым оянды, Келсе де келмесе шұқылып, өмірді өлең қыла бастадым...- дейді

Ақын поэзия әлемінде 18 жаста келеді. Оны дәлелдейтін мына факт. 1958 жылы Қалижан Бекқожин (Халық өмірінің өрен жыршысы) деген мақаласында: (Біздің әдебиетшілеріміз Ілиястың ақындық өнер адымы 1919-1920 жылдардан басталды деп келді. Бұл қазір теріске шықты. Алматының Пушкин атындағы көпшілік кітапханасының архив қорынан жуықта ғана табылған Ілияс Жансүгіровтың өз қолымен жазылған екі өлең дәптері ақынның өлеңді 1915-1916 жылдардан бастап жазғанын дәлелдейді).

Ілияс Жансүгіровтың көздеген мақсаты – қазақ әдебиетінің жарқын болашағы, шығармалардың көркемдік аясының кеңейуі, образдардың айқын ашылуы, реализмнің кең өріс алуы, жалпы әдебиеттің дамуын жеделдету еді.

Ілияс өзінің әдебиет әлеміне келіп, өмірінің соңына дейін 20 жылға, творчестволық кезеңіне дейін күшін сарқа мол еңбектенген қаламгер. Ілияс – өз заманының көкейкесті кез келген әлеуметтік мәселелерге үн қосып, өз дәуірінің болмыс-бітімін жан-жақты бейнелелеп, жырлап өткен ақын. ХХғасыр басындағы қазақтың ағартушы-демократиялық бағыттары қаламгерлердің оқу - білімге шақырған идеялық ой толғамдарына ұқсас Жаңылғаным Талғамалар Маңым Жыбырлық Замандасқа атты өлеңдерінде төңкеріске дейінгі надандық пен жоқшылықтан шығар бір жол- оқу білім екенін айтып, сонымен қатар адами – моральдық мәселелерге ден қояды.

Өнерге ұмтыл, өнерді біл замандас!

Қамдан, жатпа, заманыңнан хабарлас!

Ынта салсаң, білім туын қолға алсаң,

Теңдік тиер, ешкім күйе жаға алмас!-

Жыбырлақ өлеңінде де қазақ ішіндегі жаман әдеттен ада болуға шақырады.

Сына салдым

Шынға салдым

Жас талапкер өзіңе,- деп,

Одан арғысын әр жастың өз таңдауына береді. Ортаға ұран, үміттік әуез сарындас өлеңдерінде де ел теңдігі үшін жан аямай күресуге, әлеумет пен қоғам ісіне адал, белсене араласуға шақырады. Бұл тұрғыдағы шығармаларға «Жастар ұраны» 1922, «Тілек» 1922, «Жанар тау» 1922 т.б. өлеңдері жатады.

Әйел – еркек, жалпы жас!

Көтеріл, көрін, көзіңді аш !

Топтал, тұтас, туғандас!

Жасасын еркің! Жоғалмас.

Жамырас, үлес, жалпы жас,

Қосыл, қозғал, қоғамдас!

Ақын ертеңгі болашақты бүгін ойлау қажет деген идеяны жастарға арнайды. Жарқын күнге жету үшін, өмірде өз жолынды табудың қажет десе, бірде өз жолын әлі таба алмаған, алдына мақсат қойған жеткіншектерге «Жастар», «Саналы жастарға», «Баласынан анасына хат», «Оқимын» деген өлеңдер тобын жазады.

Ілиястың поэзиясының ауқымы қаншама мол, шалқар болса, оған айтылар ой-пікір де осал болмаса керек-ті, Ілияс Жансүгіров ақталғаннан кейінгі тұста

жарық көрген (1960 жылдар мен 1986-1998 жылдары) таңдамалы шығармаларына қазақ әдебиеттану ғылымыныңиаса көрнекті ғылыми-зерттеушісі академик Мұхаметжан Қаратаев, Әбділда Тәжібаев, Мырзабек Дүйсенов, Тұрсынхан Әбдірахманова, Рымғали Нұрғалиев, Бақыт Сарбалаев, Тұрсын Сыдықов және тағы басқа ілиястанушылар өз тарапынан ақын поэзиясының сан-салалы құпиялары мен ашылмаған қыр-сырын дәйекті зерттеу еңбектері мн монографиялар жазып, сол арқылы дүйім жұртты бір серпілтті.

Бүгін Ілияс Жансүгіровтың күйлі, сыршыл сан ғасырлық, «Сұлу сөзбен алтын сарайсалдыртқан» өлмес поэзиясы қазақ жұртының қымбат қазынасы, осы арқылы оның өр тұлғасы алаш елінің құлай сүйген адал да қадір тұтар сүйікті перзентіне айналды.

Ілияс өзінің замандас жазушылары сияқты әдебиеттің түрлі жанрларына ден қойды. Ілиясты классик ақын десек те, проза саласында әңгіме, сықақ, очерк, роман, драматургияда бір актылы пьесадан драма жазғаны белгілі. Әдеби сынға да араласып, көркем аудармаға да үлесін қосқан үлкен жазушы.

Омаров Биржан Галымжанович
Астана қаласы әкімдігінің
«№93 мектеп-лицейі» ШЖҚ МКК,
тарих пәні, тарих пәні мұғалімі

МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ ТҮЛҒА ТАҢУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының (1858-1931) қолжазба мұрасы қазақ халқының тарихы мен мәдениетінің құнды дерегі. Қазіргі ғылымда Мәшһүр Жүсіп бейнесін әлі де тек әдеби қызметіне байланысты таниды. Ойшыл Жүсіптің қалдырған бай тарихи мұрасын бірі білсе, бірі біле бермейді. Тарихшының деректерінің құндылығын тек оның қолжазбаларымен танысқан мамандар ғана түсінеді.

Өз замандастары Құрбанғали Халиди, Мұса Шорманұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы тәрізді Мәшһүр Жүсіп Көпейұлыда қазақ халқының тарихын шежіре түрінде жеткізді. Осы бір бағытты ұстануына жас күнінен бойына сіңірген шығыс ілімі әсер етті. 1872-1874 жылдары Адам Жүсіп Бұһарадағы «Көкілташ» медресесінде білім алып, араб, парсы және шағатай тілдерін меңгереді. Ел-жерді аралап, ел аузынан баға жетпес құнды мағлұмат жинады. Бұл қызметі алдағы уақытта ерекше тарихи мұра қалдыруына түрткі болды. Ескере кететін жайт Мәшһүр Жүсіп Ресей мен Еуропа ғалымдарының еңбектерін де қолданды, бірақ зерттеу барысында олардың нақтылығына күмән келтірді. Батыс ғалымдарының мәліметтері мен көзқарастарын ақиқат деп танымағанымен, кейбір батысшыл көзқарастар оның еңбегіне әсер еткенін байқауға болады. Мысалы Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар

фондында сақталған Көпейұлының қолжазбаларынан Еуропа зерттеушілерінің тұжырымдамаларын кездестіруге болады.

Мәшһүр Жүсіп мұрасында тұлға тану бағытындағы зерттеулер көптеп кездеседі. Көпейұлының мұрасын зерттеуші, филолог Мұратбек Бөжеевтің пайымдауынша ойшылдың қолжазба қорының көлемі, көшірмесі мен түпнұсқасын қосқанда 30- дан астам томды құрайды. Патша дәуірі тұсында қазақ зиялы қауымының тұлға тану бағытындағы зерттеулері цензурадан өтті. Тұлғаның саяси қызметі, империяның колониалдық жүйесіне көзқарастары тексерілді. Және Кеңес дәуірінде жеке тұлға тарих беттерінде өз ізін қалдыра алады деген түсінік жоққа шығарылды. Билеушілерді, қолбасшыларды, би-шешендерді халық арасындағы беделіне қарай топтастырған. Қазақ хандарын беделіне қарай «елеулі» (беделді, аты шыққан) және «елеусіз» (абыройсыз) деп екі топқа бөлген. «...В свое время были ханы, прославленные народом. Но нет смысла говорить о тех ничего не значивших людях, которые не прославили себя?! Были они или нет? Есть же ведь слово : «От не прославленного парня лучше холм с названием» [7].

Шора Нәрікұлы (Қазан билеушісі), Темірлан, ержүрек Едіге (Алтын Орданың билеушісі) сияқты кейбір тарихи тұлғаларды Мәшһүр Жүсіп түркі тілдес халықтардың ортақ қаһармандары деп санайды: «Бізде қазақтардың ұлы, даңқты үш батыры болды, бірі ержүрек Едіге, екіншісі қыпшақ Қобыланды, үшіншісі – тамадан шыққан (Кіші жүз тайпаларының бірі) Шора батыр» [11].

Сондай-ақ, өз еңбектерінің бірінде «Герой которые прославились сами чиии предки были забыты» М.Ж. Көпейұлы жазады: «Қара халықтан болғандықтан Әмір Темір қанша халықты жаулап алса да, хан болып жарияланбады. Оң бағасын бергендер Темірді «Көріпкел» дейді. Теріс пікірде болғандар «Темірлан» дейді.... Кім болса да, жаман адам болған жоқ. Халық аузында қалды. Көптеген мұра қалдырды. Самарқандтық Әмір Темір, қыпшақ батыры Әмір Тарағайдың ұлы Қожа Ахмет Ясауи кесенесін, Ташкентте Зеңгі ата кесенесін салдырды. Бұхара қамалының негізін қалағанда Темірлан» [5].

Едіге мен Тоқтамыс арасындағы Ұлық ұлыстағы саяси текетірес дәуіріне кеңінен зерттеу жүргізіп, Мәшһүр Жүсіп алдымен Едігенің шығу тегіне тоқталады. Әйгілі беклербекті әулие Баба түкті Шашты Азизден тарайды деп аңыз келтіреді [4]. Бұдан әрі екі билеуші арасындағы күрес және Тоқтамыстың Сібірге қашуы сипатталады, бұл Қадырғали Жалаиридің «Жами ат-тауарих» еңбегімен расталады [3]. Соңында Тоқтамыстың шежіресі беріледі: «Жошы ханның ұлы Тоқа Темір, оның ұлы Тоққыл Қожа, оның ұлы Түй Қожа, оның ұлы Түркістанда даңқы шарықтаған Тоқтамыс. Одан сегіз ұрпақ тарады. Ержүрек Едіге Ұлық ұлыста Тоқтамыс билік еткен кезеңде ерлігімен танылды» [10].

М.Ж. Көпейұлы Ш. Уәлиханов, Қ.Халид, Ш. Құдайбердіұлы, В. В. Веляминов-Зернова, Әбілғазы хан және т. б. зерттеушілердің еңбегіне сүйеніп, зерттеді. Ғалым әйгілі хандарға мынадай баға береді: Қасым хан «қазақ хандары арасында беделі жағынан жоғары тұр», Ақназар хан «жігерлі адам», «батыр хан», Әз-Тәуке «ақылды адам», «терең ойлы, ұлы хан» [2].

Ғалым қазақтарда Өз-Жәнібектен Өз-Тәукеге дейін біртұтас, орталықтандырылған билік болды дегенге күмән келтіреді. Дәрменсіз билеушілер билігі ұзаққа созылмайды, нәтижесі хандықтың ішкі алауыздығына әкеледі. Қазақтың маңдайына біткен, халық игілігі үшін дүниеге келген хандар: «Қасым хан «қасқа жол», Есім хан «ескі жол», Өз-Тәуке «Құлтөбедегі қырық кеңес», олардан кейін 48 жыл Абылай хан билік етті. Бұл хандар мемлекет басқару жүйесін ретке келтіріп, заңдар жинағын ұсынған, қазақ жұртының басын біріктірген» [9].

Сондай-ақ ғалымның зерттеулерінде XVIII-XIX ғасырлар аралығындағы Ел аузында жүрген тұлғалар туралы мәліметтер бар. Зерттеуші осы бір дәуір батырларын үш тізімге енгізген. Тізімнің бірінде Сіргелі руынан шыққан Елшібек батыр кездеседі. Шамасы бұл тізім Ш. Ш. Уәлихановтың материалдарымен толықтырылды. Бұл батырлардың бір бөлігі және ерлік көрсеткен шайқастарының өткен жерлері бір-бірімен байланыстырылып М.Ж. Көпейұлының «Сарыарқаның кімдікі екендігі» (Қазан, 1907) еңбегінде жарық көрді, онда автор патшалықтың отаршылдық саясатын сынайды [6].

Көпейұлының қолжазбаларында Исатай Тайманов туралы бұрын соңды жарияланбаған, сирек кездесетін материалдар бар («Науша батыр» «Қазақ түбі» жинағына енген). Бұл оқиғалар 1836-1838 жылдарды қамтиды. 1889-1891 жылдары Батыс Қазақстанда болып, сол жерде Исатай Тайманов және осы аймақтың басқа да танымал тұлғалары туралы мәліметтерді жинап, жазып алды. 1947 жылғы монографиясында Ермұхан Бекмаханұлы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мұрасының тарихи шындығына жоғары баға берді [1].

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, Мәшһүр Жүсіп тұлға тану бойынша үлкен мұра қалдырғанына күмән жоқ, сонымен қатар зерттеулердің нәтижесінде осы тұлғаларға баға берді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы тұлға тану бағытын жандандырған тарихшы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бекмаханов Е. Казахстан в 20-40 годы XIX века. – Алматы, 1992 – с. 47.
2. Жусупов Е.К. История народа и родословная ханов в рукописях Машхур Жусупа // Казак тарихы. – 1999. - №4-5. – с. 11-15; Артыкбаев Ж.О. Материалы к истории правящего дома казахов. - Алматы: Наука, 2001. – с. 79-123.
3. Кадыргали Жалайыр. Сборник летописей - Алматы: Казахстан, 1997. – С. 114-115.
4. Копеев М.Ж. Избранное. – т. 2. - с. 77-83.
5. Копеев М.Ж. Герой которые прославились сами чьи предки были забыты // Ак Орда. - 1993. - № 2. – с. 77-79.
6. Копеев. Избранное - Алматы: Наука, 1990. – Т.1.
7. Рукописный фонд Жусуповых К.П. (г. Павлодар) копия Жолмурата, 3 папка, 22 тетерадь, 3 опись, 2 стр.
8. Рукописный фонд Центральной научной библиотеки (далее – РФ ЦН б), рукопись Копеева М.Ж., № 1176 папка. Стр 331 (424;164) – 338 (431;168); Там же № 1645 папка, стр. 165-208.

9. Рукописный фонд Жусупова К.П. , копия Фазыл, 5 том. 6 опись, с. 22.
10. РФ ЦНБ № 1177 папка. С. 68 (38).
11. Там же № 1177 папка . стр. 44; Копеев Избранное, - Алматы: Наука, 1992. – Т.2. – с. 77.

**Баграмова Гульшат Тлеукабыловна,
Қарағанды қаласының «Н.Әбдіров атындағы ЖББМ»
КММ директоры**

Ұлы даланың ұлы тұлғаларының шығармалары арқылы оқу мәдениетін қалыптастыру

Кейінгі кезде балалар мен жасөспірімдер кітап бетін ашпайды, көркем әдебиетке селсоқ деген пікірді жиі еститін болдық. Мектеп басшысы ретінде мен өзіме қазіргі жас мамандар, мектептегі жас мұғалімдер кітап оқиды ма деген сауалды үнемі қоятын болдым. Көп кезекте осы сауалдың жауапсыз қалатынын жұмыс тәжірибемде көріп жүрмін.

Бүгінгі күнде мемлекеттік мектептің қай-қайсысына барып, газет-журналдарға жазылу туралы сұрай қалсаңыз мұғалімдер орнынан өре түрегеліп, «Мұғалім мәртебесі туралы» Заңды алға тартады. Бәрі бірдей өзіңе немқұрайды қарап, келісіп алғандай «Заң талаптары бойынша бізді, мұғалімдерді газет-журналдарға ешкімнің күштеп жаздыруға құқысы жоқ!» – дейді. Иә, ешкімнің ешкімді күштеуге құқы жоқ. Дегенмен, бұл сұрақтың екі ұшы бар екенін кез-келген мұғалім түсінетін сияқты. Қазір ұстаздардың рухани, мәдени, материалдық жағдайының жоғары деңгейде болуы аса маңызды екенін ескерілуде. Алайда, мұғалімдердің жалақысы көтерілгенімен, руханияты мен мәдениетінің жоғарылауына аса әсері болмай жатқаны байқалады. Бәрібір ең басты рухани құндылық – кітапты ештеңе де алмастыра алмайтыны анық

Менің ойымша, жастарға қатысты қасаң қағидаларды өзгерту керек. Өйткені, мектепте кітап оқу мәдениетін қалыптастыру өзімізге тікелей байланысты. Аға буын өкілдері де жастарға сенім артып, оларды көтермелеп отыруы қажет. Бұл жерде қаржылай емес, рухани қолдау маңыздырақ. Осы мақсатта 2021 жылдан бері үздіксіз «Оқуға құштар мектеп» жобасының академиялық күнтізбелік жоспары жасалынады. Бұл жобаның мақсаты - ұжымда кітап оқуды насихаттау арқылы үздік педагогикалық ойларды талқылау, 40 must-read кітапты оқу.

«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП»



Цель проекта: обсудить лучшие педагогические идеи путем популяризации чтения книг в коллективе, для активных учителей 40 MUST-READ книг, которые обязательно нужно прочитать...

№	Название книги	Автор	Издательство
1	Педагогика	М.Жұмабаев	«Қазақстан»
2	Тәрбиеге жетекші	Ж.Аймауытов	«Қазақстан»
3	Бас қосу	А.Байтұрсынов	«Қазақстан»
4	Мұғалім	А.Чехов	«Қазақстан»
5	Балаға жүрек жылуы	В.Сухомлинский	«Қазақстан»
6	Ізгілік педагогикасы	В.Амонашвили	«Қазақстан»
7	Тілек	Бұқар Жырау	«Қазақстан»
8	Шәкіртіңнен аспа	Р.Джексон	«Қазақстан»
9	Мотивация и личность	А.Маслоу	«Қазақстан»
10	Отчаянная педагогика	В.Еремин	«Қазақстан»
11	Баянауылдан хабар	Мәшһүр Жүсіп	«Қазақстан»

2021 жылдан бері мектеп мұғалімдері М.Жұмабаевтың «Педагогика», Ж.Аймауытовтың «Тәрбиеге жетекші», А.Байтұрсыновтың «Бас қосу» мақаласы, А.Чеховтың «Мұғалім», В.Сухомлинскийдің «Балаға жүрек жылуы», В. Амонашвилидің «Ізгілік педагогикасы», Бұқар Жырау Қалқаманұлының «Тілек» толғауы, Р.Джексонның «Шәкіртіңнен аспа», А.Чеховтың «Мұғалім», А.Маслоудың «Мотивация и личность», В.Ереминнің «Отчаянная педагогика», Мәшһүр Жүсіптің «Баянауылдан хабар» мақаласы тәрізді педагогика ғылымының сан-түрлі қыры ашылатын түрлі шығармаларды оқып, талдады. Бастапқыда «осы бізге не үшін керек?»- деп, наразылық танытатын кейбір әріптестеріміздің кейін шығармалардың мазмұнын оқығаннан кейін өз ойларынан қайтып жататынының бірнеше рет куәсі болдым.

Бастапқыда осы жобаға қатысатын мұғалім, бір кітапты талдауға жетекшілік жасайтын мұғалім осы таңдаған кітаптың электронды нұсқасын мұғалімдер чатына алдын-ала жіберуге міндетті болды. Кітап оқылған соң арнайы уақыт бөліп, талдауға қатысып отырды. 2022 жылдан бастап бұл жобаны мектеп әкімшілігі ретінде мектепшілік бақылау жұмысының жүзеге асырушы құралы ретінде де пайдалана бастадық. Сонымен бірге кейінгі 2023 жылдан бері жобаны «Мен ұсынатын бір кітап» айдарымен REDx форматында қолдану ұсынылды. Бұл формат әсіресе жастар арасында қолдауға ие болды. Аталған форматта көптеген мұғалімдер өздері оқитын шығармаларын ұсына бастады.

Әлемдегі даму жағынан көшбасшы елдің бірі Финляндия қалай оянды? Олар өзгерісті Мұғалімнен бастады. Қазіргі Қазақстанда мектептерді көп

салғанымен, оның ішінде адам жанының даму, өркендеу, шарықтау, өндіру, жасампаздық қасиеттерінің қалай өсіп - өркендейтінін білмейтін адам болмаса, яғни бес аспап ұстаздар болмаса бәрі бекер. Ұстаздың да ұстазы бар. Өзінің күнкөрісі үшін ұстаз болып, жұмысты бітірдім кеттім деп, оқушыларды бір ақша құралы ретінде ғана көретін жандар болса, ондай адамдарға мектепке жол жабық болған жөн.

Бұл жобалық жұмыста ұстаздарымыз 1924 жылы А.П.Киселевтің алгебрасы негізінде Қаныш Имантайұлы Сатпаев аудармамен қатар қазақ мектептеріндегі оқушылардың білімі мен талап деңгейін ескере отырып, шөп, мал түрлерін санауға, сол кезеңдегі сауда-саттық ұғымдарына байланыстырып көптеген жаңа мазмұнды оқу бағдарламасына сәйкес есептерді құрастырғанын, қолжазбаның соңында 220 математикалық терминдердің қазақша байланысын енгізгенін білді. Қазақ тіліндегі математикада ендігіде осы материалды мұғалімдеріміз өз тәжірибесінде пайдаланып жүр десек болады.

Бір ғасыр бұрын жазылған Ж.Аймауытовтың «Тәрбиеші жетекші» атты еңбегі қазіргі әр мұғалім оқитын жетекші құрал болу қажет деп есептеймін. Бұл еңбекте жазушының пікірінше, мұғалімнің айналысатыны – үнемі қозғалып, өзгеріп, өсетін, өркендейтін тірі адам болғандықтан, біркелкі әдістен табан аумай шектеліп қалуға болмайды... Сабақ беру үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер....

«Аналар мектебі» жобасы аясында 7- 8 сыныптарда сабақ беретін мұғалімдерге Мәшһүр Жүсіптің қыз бала тәрбиесіне қатысты ойларын жариялайтын «Жаман әйел туралы», «Жақсы әйел», «Әйелдер туралы», «Ұқыпты әйел» атты өлеңдерін оқып, талқылау ұсынылды. Бұл жұмысты жүргізетін мұғалімнің де өзіне алары көп болатыны даусыз.

2024 жылғы тәжірибемізде ең көп дауыс жинаған кітапты оқып, соның нәтижесінде артынша тест тапсырып, ең үздік оқырман болатын ұстаздарды марапаттау жоспарлануда. Жақсы нәтиже көрсеткен мектептің басқа да қызметкерлері жүлделі сыйлықтармен марапатталады. Жобаға қатысқан ұстаздар аз уақыт ішінде өз бойынан бірқатар оң өзгерістерді байқағанын атап өтуде. Кітап көп оқыған сайын білім деңгейі де арта түскен. Кітапты құр оқи салмай немесе жүлде алу үшін оқымай, кітап оқи отырып, айналадағы дүниені тануға, мына өмірді түсінуге ынталанғанын білдіріп отыр.

Менің пікірімше, еліміздегі зиялы қауымның көш басында ұстаздар тұруы тиіс. Әр ұстазға өзінен озар шәкірт шыңдап шығу басты миссияға айналуы қажет. Мектепте, үйде, қоғамдық ортада кітап оқу мәдениетін қалыптастырсақ ұтарымыз көп. Жан-жақты білімді бала тәрбиелеу үшін күн сайын өзінің көркем-әдеби әлемін кеңейтіп, рухани деңгейі мен саяси сауаттарын ұдайы көтерумен шұғылданатын ұстаздардан тәлім алған шәкірт қана елін сүйетін, жерін қорғайтын, салт-дәстүрін қастерлейтін, ата-ана мен бауырларына жанашыр тұлға болып қалыптасады.

**Кемел Ақышев атындағы №69 мектеп-гимназияның
Бастауыш сынып мұғалімі
Бердіхан Еркегүл**

**Қаныш Сәтбаевтың қазақ әдебиетіне, мәдениетіне, өнеріне сіңірген
еңбегі туралы**

«Туған жердің тағдыры толғантпаған, жаны тебіреніп, ол туралы ойланбаған адамды қайтіп азамат дейміз? Туған жердің қара тасын мақтан ете білмеген азамат бөгде жердің алтын тасын да мақтап жарытпас».
«Ұлы адамдар өмірі» айдарында осы жолдардың авторы - Қаныш Сәтбаев.

Осыдан 125 жыл бұрын, 19 ғасырдың соңын Баянауыл атырабында әйгілі ғалым, профессор, Қазақстан Ғылым академиясын ұйымдастырушылардың бірі әрі тұңғыш президенті, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің жанашыры, жүрегі алаш деп соққан Қаныш Имантайұлы Сәтбаев дүниеге келді.

Алғаш сауатын ауыл молдасынан ашқан болашақ ғалым Павлодар өлкесіндегі орыс-қазақ мектебінде, Семей шаһарындағы мұғалімдер семинариясында, Томск технология институтының тау-кен факультетінде білім алды. Мұғалімдер семинариясында Ж.Аймауытов, М.Әуезов сынды көрнекті қайраткерлермен бірге оқыған.

Өзінің көп салалы қызметінде Қаныш Имантайұлы тек геологиялық барлау жұмыстарымен ғана шектелген жоқ, ол ғылымның барлық салалары бойынша ауқымды әрі жан-жақты жұмыстармен айналысты.

Академик Қ.И. Сәтбаев қызығушылығының аясы өте кең болды және жаратылыстану ғылымдары шеңберінен шығып кетті. Ол қазақ тарихының, әдебиеттің, мәдениеттің, этнографияның, музыка мен фольклордың үлкен білгірі еді, Орталық Қазақстан аумағындағы археологиялық ізденістер, педагогика мен әдебиет бойынша еңбектері баршаға белгілі.

Әйгілі этнограф, композитор А.Затаевичтің «Қазақтың 500 әндері мен күйлері» жинағына Қ.Сәтбаев халқымыздың музыкалық мұрасының інжу-маржаны болып есептелетін 25 әнді өзі орындап, орыс тілінде ғылыми түсініктеме беріп енгізген. Бұл музыкалық жинақ 1931 жылы Мәскеу қаласында жарыққа шыққан.

Қ.Сәтбаев жастайынан қазақтың фольклорлық мұраларын жинақтап, әсіресе «Едіге» жырына қатты қызыққан екен. Кейіннен осы жырды ғылыми тұрғыдан зерттеп, орыс тіліне аударып, 1927 жылы Мәскеу қаласында кітап етіп шығарған. Сәтбаевтың бұл зерттеуі ғалымдар тарапынан жоғары бағаланған.

Геолог-ғалым Ұлытау өңіріндегі көптеген тарихи, мәдени, археологиялық ескерткіштерді зерттеп, еңбектер жазған. 1935 жылы ол

Алтыншоқының төбесінен Тұранның әйгілі билеушісі, әрі қолбасшысы Әмір Темірдің 1391 жылы араб, шағатай тілдерінде жазып қалдырған белгітасын тауып алған. Бұл құнды олжа тарих ғылымы үшін айтарлықтай жаңалық болды.

Ол ҚазКСР Ғылым Адемиясының ішінен өнертану секторын ашуға тапсырма беріп, оның жұмысына А. Жұбанов, Б.Г.Ерзакович тәрізді мықты өнер қайраткерлерін тартқан. Өнердің барлық түрлерін дамыту, соның ішінде қазақтың музыкалық мұрасын жинақтау мақсатында экспедицияларға шығу жөнінде тапсырмалар берген. Қ.Сәтбаевтың тікелей тапсырмасымен академиялық кітапхана қорына А.Затаевич пен Жаяу Мұса Байжановтың архивтері сатып алынған.

Қаныш аға Әміре Қашаубаев, Иса Байзақов, Қалибек Қуанышбаев, Қали Байжанов, Жүсіпбек Елебеков және т.б. өнер қайраткерлерімен тығыз араласып, оларға әр түрлі көмектер, соның ішінде қиын кездері материалдық көмек беріп отырған. Ол Ахмет Жұбановтың ғылыми дәреже алуына, Ә.Марғұланның археологиялық қазба жұмыстарына қолдау көрсетіп отырған. Ол тіпті болашақта мықты археолог болған Кемел Ақышевті өлімнен құтқарып, тәрбиелеп өсірген, оқытқан.

Ол М. Әуезовтың «Абай жолы» романының жарық көруіне және Қызылорда қаласындағы тұңғыш театрдың ашылуына орай «Қазақстанның ұлттық театры туралы» деген іргелі ғылыми мақалалар жазып, онда құнды ойлар айтқан. Сондай-ақ оның мәдениет тақырыбына арналған өте өзекті, мазмұны терең мақалалары «Литературная газета», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде, «Жұлдыз», «Простор» журналдарында және т.б. басылымдарда үнемі жарық көріп отырған.

Сонымен қатар, өзі де өнерден құр алақан болмаған, домбыраның құлағында ойнағаны мәлім. Қайрат Байбосынов “Бүркітбай” әнін өзінің ұстазы Жүсіпбек Елебековтен үйренгенін айтады. Ал Жүсіпбек бұл әнді алғаш Қаныш Сәтбаевтың орындауында естіген екен. Қаныш домбырада жақсы ойнап қана қоймай, көптеген ескі әндердің тарихын жақсы білген. Күйеу баласы Қайнекей Жармағамбетов “Қаныш Имантайұлы халық әндерін сүйіп тыңдайтын. Кейде өзі де қолына домбыра алып, баритон дауысымен “Бүркітбай”, “Әуілдек” әндерін шырқайтын еді”, - деп еске алады. Сонымен қатар ғалым гитарада да ойнаған. Ал археолог Әлкей Марғұланның айтуынша, академик би билегенді қатты ұнатқан екен.

Осылайша, Қаныш Имантайұлының тек геология, жаратылыстану ғылымдарына емес, мәдениеттің сан түрлі саласына, соның ішінде дәстүрлі ән-күй, жыр, тарихи-мәдени мұра, әдебиет пен театр салаларына да барынша қолдау жасап отырғанын көрдік. Азаматтық адамгершілік пен ғылыми адалдық, діттеген мақсаттарға жетудегі қажыр-қайрат пен табандылық,

ғылыми зертеулердегі бірегейлігі, үлкен өмірге аяқ басқан жастар үшін тамаша үлгі болары анық.

Осы орайда дара тұлға Қаныш ағамыздың әдебиетке, өнерге деген еңбегін бағалай келе, мына бір өлең жолдарын арнамақпын.

Ұлы даланың ұлы тұлғасы- Қаныш!

Жас кезінде Сарыарқаның тау мен тасын аралап,

Металл түсін айырып, сақтады ойға саралап.

Есейгенде өнер, білім, ғылым құған.

Алгебра, геология, туралы еңбек жазған.

Археолог, геодезистерге тәлім берген,

Ұлы еді Сарыарқаның дара туған.

Сол кезде өзгеше еді біздің қоғам.

Өз ұлтын өзінен жоғары қойған.

Еш кетпеді ғалымның еңбектері.

Бүгінгі индустрияның дамуы содан.

Зерттеді Сарыарқа, Жезқазған Қарсаңбайды.

Және де Қаратау мен Кенді Алтайды.

Қазақ КСР академиясын құрып,

Металлогендік картасына ол сақтайды.

Мен айтайын ендеше өткен күнді.

Фашистер басып кірген сол бір түнді.

Оқ өтпейтін танк жасауға,

Болатқа тәуелді кезі еді.

Ұлы Отан соғысы жылдары

Ғалымның еңбегі зор еді.

Жауға атылған он оқтың

Тоғызы Жезқазғанның жезі еді.

Орталық Қазақстан кен орны боп,

Жан-жақтан жас кеншілер ағылды көп.

Қазақстан Магистралы бой көтерді.

Бірақта қанымдайтын су көзі жоқ.

Кеншілер тарықты қара судан.

Сол кезде Қаныш еді қолын созған.

«Шөлдегенге су берген сауап» -дейді.

Ертістен су тартуға белін бұған.

Бүгінде Қарағанды, Теміртау суға қанық.

Бұл еңбегін біледі бүкіл халық.

КСРО-ның қалмады басқа амалы.

Аталды сондықтан да «Сәтбаев каналы».

Атында Астеройд жұлдыз да бар.

Атасының жолын құған ұл-қызда бар.

Сарыарқаның Сәтбаев қаласы бар.

*Кенге толы шоқтықты даласы бар.
Әр саланы меңгерген озық ойлы
Ер тұлғалы, еңселі ұзын бойлы.
Бүгінгі күн халқы тойлап, ұлықтап, тәжім етіп.
Ескерткіші алдына гүл шоғын қойды.
Қазақтың атақты геологы Ұлы ғалым,
Жаһанға академиктің аты мәлім.*

Әдебиеттер тізімі:

1. Сәрсекеев, М. Медеу. Сәтбаев [Текст] : монография
Медеу. Сәрсекеев. - Алматы : Жалын, 1988. - 526,[1] б.
2. Қаныш аға [Текст] : акад. Қ. И. Сәтбаев туралы естеліктер / ред. алқасы А. Абдуллин. - Алматы : Жазушы, 1989. - 395, [3] б. - (Жайсаң жандар).
3. Салықов, Қ. Қаныш Сәтбаев [Текст] : монография / Қ. Салықов. - Алматы : Жибек жолы, 1999. - 59,[1] б. -). Кітап қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жазылған. Орыс кітап қорынды
4. Заңғар: Қ. Сәтбаев туралы естеліктер.- Алматы: Айқос, 1999.- 314.

**Сыздыкова Асем Токеновна
география пәнінің мұғалімі
Қарағанды қаласының білім бөлімі №10 ЖББМ КММ**

АКАДЕМИК ҚАНЫШ СӘТБАЕВТІҢ ҒЫЛЫМҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Жер қойнауының сиқырлы жиһазын тамаша көрегендікпен аша білген академик Қаныш Сәтбаев - Қазақстан ғылымын орасан зор табыстарға жетелеп, әлемдік биікке жетуде айрықша еңбек сіңірген , дүниежүзіне танымал, халқының сүйікті перзенттерінің бірі. Ғалым артынан ғылымның қай саласы болмасын мол мұра қалдырған, тұңғыш тау –кен инженер геологы, Қазақстан ғылымының атасы. Қ.Сәтбаев металлогендік формацияның ғылыми әдісін жасаушы болып табылады. 1926-1929 жылдардағы зерттеулерінің арқасында, өнеркәсіптік тұрғыдан келешегі жоқ деп саналатын Жезқазған мыс кен орны қазір әлемдегі ең ірі кен орындарының бірі болып табылады. Сәтбаев КСРО-да геология ғылымының дамуына және Қазақстанда ғылымның қалыптасуына үлкен үлес қосты. Қазақстан Ғылым Академиясын басқарған кезде оның құрамында көпсалалы ғылыми-зерттеу институттары табысты жұмыс істеді. Ол Орталық Азиядан келген алғашқы ғалым болды.

Қ.Сәтбаев – қазақ КСР Ғылым Академиясының тұңғыш Президенті. Қаныш Сәтбаев – тау-кен геологиясы саласындағы көрнекті ғалым. Ол одақтас Қазақ филиалы Төралқасының төрағасы болды, әрі ғалым. Оның негізгі еңбектері зерттеу жұмыстарына арналған тау-кен геологиясы және минералды

ресурстар кен орын алды. Қ.Сәтбаевтың ғылымға қосқан үлесі өте зор.

Қ.Сәтбаев табиғи-географиялық сияқты аймақтарды терең зерттеді. Ол дегеніміз – Сарыарқа, Алтай тау сияқты минералды ресурстарға өте бай. 1927-1928 жылдары Жезқазған, Қарсақпай, Атбасардың мүмкіндіктерін талдады, Спасск, Қарағанды көмір бассейні және Қаратау полиметалл кендерінің кен орындарын т.с.с маңызды ғылыми еңбектерін жарыққа шығарды [1; 26].

1929 жылы Атасу темір-марганец кен орындарын зерттеу негізінде Қ.Сәтбаев Қарағанды облысында қара металлургияны дамыту туралы мәселені көтерді. Академик, Жезқазған-Ұлытау өңірінде мыс және темір бар кен (Қарсақпай), марганец (Жезді), көмір (Байқоңыр, Қияқты), қорғасын (қорғасын) кен орындарын ашты. Қ.Сәтбаев осы аймақтағы кен орындарында стратиграфиялық, тектоникалық, құрылыс, металлогендік, геохимиялық және өнеркәсіптік негізделген өндіру құрылымы туралы терең негізделген ғылыми қорытынды жасады.

Қ. Сәтбаев өткен ғасырдың 50-жылдарынан бастап, Қазақстан табиғатын кешенді ғылыми зерттеу мақсатында Қазақ КСР Ғылым Академиясы бірнеше экспедициялар ұйымдастырды. География секторының, ботаника, геология институттарының және басқа да жоғары оқу орындарының мамандары өз күштерін біріктіре отырып, Қазақстанның табиғаты мен табиғи компоненттерін зерттей бастады.

Осы тарихи фактілердің барлығы жалпыға белгілі, бірақ тарихшы Қ. Сәтбаевпен бәрі бірдей таныс емес. Әйткенмен, оның бізге жеткен еңбектері сансыз.

Жетілу кезінде ол қазақтар мен басқа да шығыс халықтарының тарихын жақсы білді, ауызша шығармашылық ескерткіштерін жинаумен айналысты, жиналған материалдарды Г.Потанинмен, Н.Березинмен, в. Белослюдовпен және басқа да шығыстанушылармен және өлкетанушылармен жомарттықпен бөлісті.

Қ.Сәтбаев 20-шы жылдардың басында жас ауыл мұғалімі, содан кейін учаскелік судья қазақтардың фольклорлық мұрасын зерттеумен айналысты. Құмарлық шабыты осы Томск технологиялық институтынан басталды. Бұл үшін, әсіресе, геологиялық барлау партиясының құрамында іс жүзінде Туған өлкелерде болу пайдаланылды. "Қазақ даласында жиі және ұзақ уақыт бола отырып, мен сол жылдары қазақтардың ауызша халық шығармашылығының үлгілерін қызығушылықпен жинап, жазып алдым", - деп жазады біраз жылдардан өткен соң.

Ауызша шығармашылыққа деген қызығушылық Қ.Сәтбаев геологиялық қызметпен бастапқы кезеңінен бастады. Ол Затаевичтің көне заттарды жазуға көмектесу туралы өтінішіне жауап берді. 1926-1927 жылдары Қазақ әуендерін домбырада өзінің сүйемелдеуімен 25 бірегей ән шығарды және "500 қазақ әндері мен күйлері" басылымында көп көмектескеннен гөрі, осы шедеврлердің туу тарихы мен үздік орындаушылары туралы құнды мәліметтерді жеткізді.

Аталған алғысөз Қ.Сәтбаевтың 20-шы жылдары халықтың өткен тарихына деген қызығушылығы тұрғысынан ауызша халық шығармашылығына жүгіну

себептерін нақты белгілеуімен де қызықты. Олар тек жастық шаққа тән лиризм мен романтизмде ғана емес, сонымен қатар халықтық ағартудың Алаш дәстүрін ұстануда.

30-шы жылдары Қ.Сәтбаев өзінің негізгі геологиялық-іздігіру жұмысымен қатар, өлкенің тарихына қызығушылық танытып, ежелгі дәуірдегі металлургия тәжірибесі туралы құнды мәліметтер жинады, жергілікті топонимиканы, тас мүсіндерді, жартастағы суреттер мен жазуларды, ежелгі және ортағасырлық жерлеуді зерттеді. Осыған орай академиктің бізге жеткен еңбектері осыған дәлел.

Геологтың өткенді білуге деген құштарлығы сол кездің өзінде-ақ тарих ғылымына пайда әкеле бастады. Сонымен, ол 1936 жылы Алтыншоқы тауының баурайынан тапқан қызықты жазулары бар тақтайша шығыстану ғылымында сенсация тудырды. Қ. Сәтбаевтың хабарламасынан кейін Ленинград Эрмитажының директоры академик И. Орбелидің өтініші бойынша плита шұғыл түрде Нева жағалауына жеткізілді, содан кейін ол басқаратын мұражай мекемесінде қойылды. Қиындықсыз емес, бірақ көп ұзамай мамандар жазулардың құпиясын шеше алды. Белгілі болғандай, олар 1391 жылы Дешті Қыпшаққа жасаған жорығы кезінде Тимурдың мінез-құлқымен ойып жазылған және былай делінген: "Қой жылы 793 Тимур Тоқтамышханаға жорыққа Токмак еліне келді. Бұл жерде екеуін де тұрғызды. Ия, барлық адамдар мені дұғамен еске алады"[2;40].

Тек осы шолу сипаттамасымен ғана шектелмей, тарихи ізденістер мен болжамдар, Қ.Сәтбаев 1940 жылы Аркин даласында Орталық Азия билеушісінің бұйрығымен салынған тақтайшалар мен пирамидаларды табуға байланысты материалдар негізінде "Темірдің Қарсақпай жазуы" мақаласын дайындап, оны "Шығыс Эрмитаж бөлімінің еңбектерінде" жариялады.

Материалды көпжылдық зерттеудің жалпылама қорытындысы Қаныш Имантайұлы 1941 жылы "Қазақстанның Халық шаруашылығы" журналында жарық көрген "Жезқазған ауданындағы Тарихқа дейінгі ескерткіштер" [3;67] атты мақаласында өзінің геологиялық қызмет орындарында өткеннің айғақтарын келтірді. Мәтін-ол тапқан ежелгі және ортағасырлық материалдық мәдениеттің барлық ескерткіштерінің өзіндік каталогы, жер бедеріне дәл сілтеме жасай отырып, көбінесе деректермен салыстыру арқылы алынған кең түсініктемелер мен тұжырымдармен бірге жүреді дереккөздердің басқа түрлері-халық аңыздары, Тимуридтер әулетінің негізін қалаушы Шарафуддин Яджи сотындағы тарихшы, Н.Рычков экспедициясының материалдары және т. б. Яғни, осы зерттеуде кең түсіндірді.

Қорытынды. Мақала автордың назарын ежелгі металлургияның іздері ерекше аударғанын көрсетеді. Құралдардың шектеулілігіне қарамастан, ол табылған заттардың жасын дәл анықтады, ерте металлургияның кенді өндіру, байыту және балқыту құралдары мен технологиясын сипаттады. Ежелгі рудокөптердің ғылымға белгілі мыс кен орындарының көпшілігінде болуының дәлелдерін ашқан Сәтбаев "бұл ежелгі мәдениеттің керемет барлау қызметі болғанын" дәлелдеді. "Осы фактілердің барлығы,-деп қорытындылады зерттеуші" «металлургиялық» мақаланың бөлімінде, - Жезқазған ауданы

тарихқа дейінгі өткен дәуірде тотыққан мыс кендерін өндіру және өндеу технологиясы жоғары деңгейде болған кезде, тіпті байыту тәсілдерін қоса алғанда, өзіндік индустриялық мәдениет кезеңін бастан өткергенін көрсетеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Рычков П. И. Орынбор топографиясы, Орынбор губерниясының толық сипаттамасы. - 1 және 2 Б., Санкт-Петербург, 1762.
2. Аманбаев А., Батырбеков Г. К. Сәтбаев тарихшы ретінде. - Алматы, 2012.

**Астана қаласы №22 мектеп -гимназиясы
қазақ тілі мен әдебиет пән мұғалімі
Дүйсенбекова Нүргүл Серікбайқызы**

Қазақ халқының бір туар тұлғасы – Бұқар жырау

Қазақ поэзиясының тарихындағы ең соқталы тұлғалардың бірі Бұқар жырау шамамен 1668 жылдары туылған . Жыраудың әкесі аты аңызға айналған Қалқаман батыр, сірә, ел билеуші шонжар емес, жеке басының ерлігімен ғана аты шыққан адам болса керек. Шыққан тегі Арғын тайпасынан Қаржас руынан таралған .Павлодар облысының Баянаул ауданында ,ғұмыр кешкен Атақты Абылай ханның ақылшысы болған. Бұқар жыраудың қайда оқығаны, қандай өмір мектебінен өткені туралы нақты деректері жоқ. Біз тек оның тым ерте көтеріліп, Тәуке тұсында -ақ хан төңірегіндегі ықпалды билердің бір болғанын білеміз. Алайда , Бұқардың Тәуке ханның соңғы әміршілерімен тіл табыса алмағаны аңғарылады. Жырау кедейшілікке ұрынады. Мәшһүр Жүсіптің айтуына қарағанда және өз шығармаларынан да көрінетіндей, Бұқардың, тіпті, сауып ішер малы, мініп -түсер аты да болмайды. Жырау алпыстан асқанша осы жарлы кембағыл күйде күн кешеді. Ел өміріндегі ірі мәселелерді ерекше роль атқарған данышпан адам. Бұқар жырау арабша сауатты адам болған. Жыраудан қалған мол мұрадан бізге жеткені шамамен XIX-XX ғасырларда ел аузынан жигналған. Жырау бір ғасырда астам жасап, 1871 жыл шамасында қайтыс болады. Сүйегі Баянаулда, Далба тауының етегінде .

Бұқар жыраудың толғаулардың поэзиялық сәулеті, ерекше қасиетті және оның сөз қолдану ерекшелігі де өзгеше Қара суды теріс ағызған Абылай ханды “Ай, Абылай, сен бір он бір жасыңда”, “Күпшек санды күреңді” дейтін толғауларында: “Қара судың бетінде, Шайқалып аққан сең едің... Алтын тонның жеңі едің”, “Алтын тұғыр үстінде, Ақсұңқар құстай түледің.... Бак үйіне түнедің”, деп “Айбалтасын алтынменен булатқан”, “Періштесін жұрт үстінен дулатқан”, “Жасыл көлге мәслихатқа келтіріп, Зәмзәм суын мыс табаққа толтырған

Тармақтар 7 — 8 буынды, ұйқастары еркін. Тегінде, толғау муз. аспаптардың (қобыз яки домбыра) сүйемелдеуімен орандалады. Бұқар Жырау толғауларының поэзиялық сәулеті, ерекше қасиеті және оның сөз қолдану ерекшелігі де өзгеше

Атақты Бұқар жыраудың «Бірінші тілек тілеңіз...» деп басталып, он бір тілек тілейтін кең тараған жыры бар. Осы жырлардан біз нені ұғамыз.

Мысалы :

Бірінші тілек тілеңіз,

Бір Аллаға жазбасқа... – дейді. Бұл сөз білген адамға Құранның тұтас бөлігі. Жырау Алланы жалғыз деп таны деп тұр. Яғни, діннің тілімен айтқанда – таухид. Демек Құран түсінігінде Аллаға ортақ қосу ең үлкен зұлымдық. Алланы бірлеу бүкіл жақсылықтың бастауы.

Екінші тілек тілеңіз

Әзәзіл пасық залымның

Тіліне еріп азбасқа... – дейді. Әзәзіл пасық кім? Ол жын-шайтан. Бұлар адамзаттан шыр етіп дүниеге келген сәттен бастап, жаны денесінен шығып, Аллаға қайтқанға шейін әрбір адамның қыр соңынан қалмай жамандыққа азғырады.

Үшінші тілек тілеңіз

Үшкіліксіз көйлек кимеске... – дейді. Жеңі жоқ үшкіл көйлекті тек қана қаза болған өлікке ғана кигізеді. Былайша айтқанда, әрбір мұсылман баласы өз басына ешуақытта өлім тілемеуі керек. Мейлі өз басына қандай қасірет келсе де, ол оның бәрін Алланың сынағы деп төтеп беруге тиісті

Төртінші тілек тілеңіз

Тәрде төсек тартып жатпасқа... – дейді. Пайғамбарымыз Мұхаммед с.ғ.с: «Көп адамдар қадір-қасиетін біле бермейтін екі үлкен нығмет бар, бірі -денсаулық, бірі – уақыт» деген.

Бес уақытта бес намаз

Біреуі қаза болмасқа... – дегені намазды себепсіз тастау иманға жасалған жойқын бір соққылардың бірі. Пайғамбарымыз Мұхаммед с.ғ.с: «Намаз парыз екенін біле тұрып намазды оқымай қоймаңдар!

Алтыншы тілек тілеңіз

Ардақтаған аяулың

Күнінде біреудің

Тегіннен-тегін олжа болмасқа... – депті. Ежелгі көшпелі елдің заңы бойынша бір елге бір ел жаугершілік жасалғанда, ер азаматтарын қырып салатын.

Жетінші тілек тілеңіз

Желкілдеген ту келіп

Жер қайысқан қол келіп,

Сонан сасып тұрмасқа... – дейді. Мұсылман баласы бейбітшілікті жақсы көреді. Тыныш өмір сүріп, ешкімге себепсіз соқтықпауды ұнатады.

Сегізінші тілек тілеңіз

Сегіз қиыр шар тарап

Жер тұлданып тұрмасқа... – бұл өсиетте күннің ауыры, қиыны да Қиямет күні жайлы ұғым бар. Өйткені, ол күні бүкіл адамзат Алланың алдында есеп береді.

Тоғызыншы тілек тілеңіз
Төреңіз тақтан таймасқа
Тоқсандағы қарт бабаң
Топқа жаяу бармасқа... – Бұқар бабамыз дәл осы сияқты, басқа бір сөзінде:
“Жаулаған ханын қара оңбас, хан қисайса бәрі оңбас!” деп елдің ынтымағы
мен бірлігін бәрінен де жоғары қойған

Оныншы тілек тілеңіз
Он ай сені көтерген
Омыртқасы үзілген
Аязды күні айналған
Бұлтты күні толғанған
Тар құрсағын кеңіткен
Тас емшегін жібіткен

Анаң бір аңырап қалмасқа... – дегені ананың ақысы, әкенің ақысынан үш есе
жоғары. Өйткені, әуелі анасы белін ауыртып оны тоғыз ай он күн көтереді,
сосын жаны қиналып босанады, сосын аналық мейірімін төгіп, екі жыл бойы
адал ақ сүтін емізеді.

Он бірінші тілек тілеңіз
Он бармағы қыналы
Омырауы жұпарлы
Иісі жұпар аңқыған
Даусы қудай аңқыған
Назыменен күйдірген
Құлқыменен сүйдірген
Ардақтап жүрген бикешің

Жылай да жесір қалмасқа... – бұл тілектің мәні үлкен. Қарап отырсақ адам
баласының бақыты қарапайым ғана қағидаларға бағынады екен. Қазақ қанша
жаугершілікті көрсе де, ақ жаулықты аналарымыз арқылы ұлтты сақтап
қалған. Ел болып, қанша қасірет көрсе де еңсесін түзеп алған. Өйткені бұл
халықтың жатыры бұзылып, негізі құламаған. Жанын берсе де қазақ
аналарының ары үшін барын салған

Бұқар жырау дәуір, өмір, тұрмыс-тіршілік құбылыстарын және олардың себеп-
салдары мен түп-тамырынан қозғап қана қоймаған, білгір дана қиял қанатында
самғап, келешек заманның кереметін де көре білген, көрегендікпен болжай
таныған.

*Әлемді түгел көрсе де,
Алтын үйге кірсе де,
Аспанда жұлдыз аралап,
Ай нұрын ұстап мінсе де,
Қызыққа тоймас азамат!
Ілімді түгел білсе де,
Қызығын қолмен бөлсе де,
Қызықты күні қырындап,
Қисынсыз күйге түссе де —*

Өмірге тоймас азамат!

Ұлы ойшыл-философ сөзін де, пікірін де ойнатып, жайнатып, етек-жеңі жинақы, ықшам, жүзіктің көзінен өткендей, күндей көрікті, сырлы да сұлу, мінсіз түйдек әкелген. «Әлемді түгел көру», «Аспанда жұлдыз аралап, ай нұрын ұстап міну» деген данышпандық толғамдары есінде сақтарлықтай есті сөздер..

Қ.Жұбанов: «Желкендегі күдірейіп тұрған не зат?» – дейді де: «Жатқа төгіліп айтатыныңды ешкімге сездірме, ми-санаңа сіңіріп алыпсың!» – деп, ақыл-кеңесін беріп, жағып жіберіпті. Сонан соң: «Бұл – Бұқар жыраудың Қаракерей Қабанбай батыр көз жұмғанда жаназаға жиналған үш жүздің баласына берген батасы екен», – депті.

Бұқар жыраудың даналықты ғибратнамасы – ғасырлардың кәусар бұлағы. Сондай-ақ ХХІ ғасырдың геосаяси жағдайында өзгеше өзекті!

Пайдаланған әдебитер:

Ай, заман -ай, заман-ай. М.Мағауин,М .Байділдаев. Алматы, «Жазушы» баспасы ,1991 жыл.

Қазақ тілі мен әдебиет журналы.№9, 2019 жыл

Егеменді Қазақстан газеті. №3 ,2023жыл филология ғылымының докторы, профессор Серік Негимов

**Ақмола облысы, Целиноград ауданы
«Өтеміс ауылының жалпы орта
білім беретін мектебі» КММ директоры
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Әмзе Бекежан Ұлықбекұлы**

**«Бұқарекен сөйлейді: технологиялар дәуірінің гуманитарлық заманға
ығысуы»**

Сәлем бір сөздің анасы,

Ғалек алған данасы.

Шығанақтан шырқайды,

О біреудің танасы – деп, бастау алатын Бұқарекеннің әуелгі сәлем сөзімен баршаңызбен амандық саулық сұраспақ ниетпен «Ассалаумағалейкүм» - деп бастайын сөзімді. Бұқар жырау – әдебиетіміздің ірі өкілі, мемлекет іргесін қалыптастыруда өлшеусіз үлес қосқан майталман тұлға. Шындықты бетке айтатын батылдығымен дараланған жыраудың саяси мәселеге келгенде батып сөйлейтін, Ханның мысынан тайсалмай қиядан қисын, қиыннан жол тауып беретін әділдігімен тарих сахнасында, халық санасында сарқылмастай орын тапқан көрнекті қайраткер. Бұқардың көрегендігі мен кемеңгерлігі, сәуегейлігі мен алдын болжағыш білгірлігі оның әйгілі: «Ханға жауап айтпасам» деген толғауынан анық аңғарылады. Асан қайғының «Қилы-қилы заман болар,

карағай басын шортан салар» деген жұмбақ сөзінің мәнін ашуға байланысты болашақ орыс боданындағы жұрттың, әсіресе, жастардың жай-күйі қандай болады деген күрделі мәселені жан-жақты қамтып суреттейді. Жырау алдағы сол заманды бейнелегенде, адамның рухани күйреп азып-тозатынын, аяусыз қырылып зобалаңға ұшырайтынын тап басып сипаттайды. Қазақ өлеңдерінің мазмұны жағынан байып көркеюіне елеулі үлес қосқан жырау туған халқының болашақ тағдырының қалыптасуына да өз жырларымен еңбек етті. Жыраудың жұртты татулық-бірлікке, адамгершілікке үндеген үгіт-насихаттық жырлары да сан алуан. Жыраулық дәстүрдің жаһандық белең алмаса да елдік мұратқа жетелейтін миллионнан мың жолы қалса да жалынды жырлары бүгінде қазына, болашаққа бай мұра! Құлтемірге құлқын келіп, жасампаздыққа жасандылық, жасанды интеллект телінбей тұрған тұсында, руханиятымыздың кемел тұстары мен ертеңге деген алаң-елеңнің аражігін айыра тұруға меңзейтін мақаламыздың келесі азат жолына бет бұрайық.

Сан ғасырлар бойы жиған-тергенімізді ғылыми технологиялық, өндірістік революцияның төртінші кезеңінде ұлтқа тән төл мұраның жұтылып кетпесіне кепіл болар бір-ақ қазына – ол ұлттық сана сезім. Әлемнің әр түкпірінде технологиялық дүр сілкіндірер жаңалықтар жапырақ жайып, дамылсыз дамудың шарықтау шегінде әлбетте құлдырау немесе бастапқы қалыпқа қайта келу әдебі, циклдық тоқырау тәртібі көрініс табуы бек мүмкін. Ұлттық сана сезімнің қайта өршуінің бір жолы кешегі мен бүгінгіні ой елегінен өткізіп отыру, шыңға біткен шынардан топ етіп тақырға құлап, тізе құшып қалмаудың қамын жасау. Бұқарекен айтқандай

Қызыққа тоймас адамзат!
Әлемді түгел білсе де,
Қызығын қолмен бөлсе де,
Қызықты күні қырындап,
Қисынсыз күйге түссе де,
Өмірге тоймас адамзат!
Жақындап ажал тұрса да,
Жаныңа қылыш ұрса да,
Қалжырап, көңіл қарайып,
Қарауытып көзі тұрса да,
Үмітін қоймас адамзат!

Үміт екпінінің бір ұшы технологиялар дәуірінің жаңа бір хомо интеллекттік кезеңге ойысуы болса, екінші ұшы бағзыдан мәлім, ықылымнан аян гуманитарлық заманға ығыса тұрып, егжей-тегжейлі ой таразысына салып барып бастамалар байрағын көтеру болып табылады. Ғарыш пен судың, аспан мен жердің бетін жайлаған сандаған көлік түрлерінің, дәрі-дәрмек пен оқ-қарудың, гендік инженерия мен медицинаның, интернет пен роботизацияның соншалықты қарыштап, жалқы тетіктерге тәуелді болып, адам жанының

жайлылығына жағдай жасап жатқан көптеген қызметтердің сауда-экономикалық мүддеге ғана сайып, ұғынықты, түсінікті, пайымды парасаттардың тек пайда табу түсінігіне түскенін көру, сегіз миллиард халықтың құрдымға кетіп бара жатқандығын аңғартарлық үрейге душар етуде. Онысын әлем ғалымдары да дабылға салып, қарқынның тежелсе тұруына өтініш білдіруде. Интеллектуалды интеллекттен бұрын эмоционалды интеллектке бой түзеу бүгінгі дәуірдің басты күн тәртібінде! 90-жылдардың бел ортасында Дэниел Гоулманның «Эмоционалды интеллект: IQ-дан да маңызды» психологиялық еңбегі жарық көрді. Белгілі журналистің зерттеу еңбегі көпшілікке ой салды. Кітабында ересектер мен балаларды бірге зерттеген. Қорытынды шығарғанда баланың қандай отбасында тәрбиеленгені, мектепте, университетте алған бағасы үлкен өмірге сүйеу бола алмайтынын көрсеткен. Адамның қоршаған ортамен байланысы, яғни эмоцияны игере алуы болашағына кепіл бола алатынын жазған. Жеке өмірде де эмоцияның ықпалы зор. Қарым-қатынас орнату, жаңа ортаға сіңісу дәл осы эмоциямен байланысты екен. Осындайда «Ортаға біліміңмен емес, мінезіңмен сыясың» деген Абай сөзі ойымызға оралады. Өркениеттің өрбиігіне көтерілгенімізбен, қарапайым эмоция, мінез-құлық, сабыр, шыдам, төзім, көңіл дейтін техно параметрлеріне емес, Хюман параметрлеріне ғана сәйкесетін қасиеттерді қайта қарастырудың заманы енді басталатындай. Әйтсе де үш жүздің басын қосқан Абылай ханның эмоционалды интеллектісіне серпін беріп отырған Бұқар бабамыздың мына бір жыр жолдары ойға тұздық, орайлы тәлім береді:

Ашуланба, Абылай,
Ашулансаң, Абылай,
Көтерермін, көнермін,
Көтеріп қазыға салармын.
Өкпеңменен қабынба,
Өтіңменен жарылма,
Басына мұнша көтерген
Еліңе жаулық сағынба!
Күнінде мендей жырлайтын,
Мініңді айтып сынайтын,
Тоқсан үштегі қария
Ендігәрі саған табылмас!

Ежелгі гректер ақылды адам қатарына ақыл-ой мен логика, эмоция үштігін біріктіре алатын тұлғаны қосқан екен. Эмоциялық интеллектпен ойлауды жөн көрген. Бұл екі жарым мың жыл бұрын тіркелген ақпарат болып саналады. Соған қарамастан, адам эмоциясы мәселесі – әлі күнге өзекті тақырып. Ауыз әдебиетіміздің, жалпы сөз өнеріміздің адамгершілік, әдеп қасиеттеріне баулитыны бесенеден белгілі. Оның трансформацияланған түрі ықылым заманнан бергі 6000 жылдық тарихы бар, Шумер елінде бастау алып,

алғашында қыш тақтайшаларда жазылып, кейіннен қағазға басылып, әлемдік өркениетке кең етек жайған ортақ мұрамыз — кітап деген қазына екені белгілі. Гуманитар сол қазынаны қанағат ет дейді. Ал технарь ше? Ал технарь болса, интернеттің көмегімен адамдардың санасына әсер ету әлдеқайда оңай дейді. Екінші жағынан, көптеген балама пікірлер қандай да бір идеяның соңғы сатыда шындыққа айналуына жол бермейді. Интернет пен қалта құрылғыларының арқасында бүкіл әлем кез-келген идеологияны талқылауға шақырылады. Міне, осы екі тайталас пікірлер еш өзектілігін жоймайды. Әрі қарай не болады? Адам ойының өркендеуі ме, әлде бұрын-соңды болмаған дағдарыстар ма? Менің ойымша, екеуі де. Рухани игіліктің илеуіне түскен әрбір жан, өмір өлшемі — өзінің құнын жоғалтпайтындай, ұрпақ сабақтастығына себеп боларлық құндылыққа бой үйретері сөзсіз! Этнолог ғалым Леви-Стросс Клодтың: "XXI ғасыр гуманитарлық ғасыр болады немесе мүлдем болмайды", - деген сөзі бар еді. Келешек ұрпақтың мыңжылдықтармен сыналған далалық институтқа қайта көшуі, кітапқа ден қоюы, тұрмыстық қатынас тілінің қайта жаңғыруы, ұлттық иммунитеттің дабыл қағуы секілді үміт сәулелері сана айдынын нұрландыра берсе игі. Алыстан келген асыл мұрамыз - Бұқардай бабамызды қадіріне жетіп бағалап, көппен көрген ұлы тойдан ұтарымыз көп болғай! Қорыта айтқанда, «гуманитарлар мен технарьлардың» теке тіресінен туған түйін сөзді, Олжас Сүлейменов ағамыздың сөзімен ұштастырайын: Шекспирі жоқ елдің, Ньютоны да болмайды!

Пайдаланған әдебиеттер:

Ә | bukharijirau (bukarlibrary.wixsite.com)

https://www.youtube.com/watch?v=Xni_gV_WJzk&pp=ygUZ0LHQvtC70LDRgiDQsNGC0LDQsdCw0LXQsg%3D%3D

Эмоционалды интеллект маңызды ма? (aikyn.kz)

<https://www.youtube.com/watch?v=ilzO23ADRMw&pp=ygUI0LTQtC10Log0LzQsCDQviDRgdC-0LLQvNC10YHRgtC90L7QvA%3D%3D>

«Бұқар жырау Қалқаманұлы. Шығармалары» Алматы-1992

«Егемен Қазақстан газеті» 12.03.2010

Жагабаев Нуртас Курмангалиевич
Астана қаласы әкімдігінің «№43 қосымша
білім беру мектеп -орталығы» ШЖҚ, МКК

«Еліміз Сатпаев салған сара жолды жалғастыру керек»

Қасым-Жомарт Тоқаев

ҰЛТ КЕМЕЦГЕРІ ҚАНЫШ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ

Қазақ ғылымының атасы, ғалым-геолог, Қазақстан Ғылым академиясының негізін қалаушы және тұңғыш президенті, кәсіби тау-кен инженері, қазақ ғылымының тарихынан ойып тұрып орын алатын ұлы даланың ұлы перзенті- Қаныш Имантайұлы Сатпаевқа биыл 125 жыл толып отыр. Бар ғұмырын ғылымға сарпып, бір өзі бір энциклопедия болған дара тұлғамыздың ерен еңбегі бүгін тілге тиек болмақ.

Бүгінгі таңда тәуелсіз, дамыған мемлекетте отырып, оның артында кімдер тұрғанын ойлана бермейтініміз рас. Қаныш атамызды толғандырған мәселелер және оны шешу ауқымы ауыз толтырып айтарлықтай үлкен: Жезқазған кен орны, Жезқазған-Ұлытау ауданындағы пайдалы кен қазбалары, Қазақстанның минералдық ресурстары мен оны игеру, мектеп оқушыларына арналған алгебра кітабын шығару. Оның мақалалары одақтық және республикалық газеттер мен журналдардан бөлек Қарсақбайда шығатын 1930 жылдардағы «Мыс үшін» және жастар басылымында үздіксіз жарияланып тұрды. Ол Қазақстандағы ғылымның негізгі жетістіктері мен оның практикада қолданылуы туралы үнемі хабарлап отырды, ғалымдарды республиканың шаруашылығы мен мәдени дамуының көкейтесті мәселелерін шешуге, ғылымның өндіріспен байланысын нығайтуға, сондай-ақ табиғи байлықтарды толық және үнемді пайдалануға бағыттады. Елі үшін аянбаған 65 жыл ғұмырында 800-ге жуық еңбегін қалдырды.

«Геологтар өз еңбектерінің ерекшелігіне байланысты болашақты құрушылардың ең алдыңғы қатарларынан орын алады. Біз еліміздің жер қойнауының байлықтарын игеруді ашып, дайындаймыз, оның болашақ өндірістік дамуының нақты жүзеге асатын алғышартын жасаймыз»[4] -деп, алдына үлкен мақсат қойған Қаныш Имантайұлы – соған жету үшін ештеңеден аянбады. Бүкіл геологиялық жұмыстарды көз алдында ұстай, күрделі механизмнің әр бөлшегіне дейін терең түсіне отырып Қазақстан геологиясын жан-жақты зерттеу жұмыстарында кездесетін түрлі проблемаларға жалғыз өзі қарсы тұрды.

1930 жылдың басында оның тобымен ашылған шашыраңқы мыс кенорындары – үлкен Жезқазған кен орны қоры 2 млн тонна мыстан кем емес әлемдегі ең ірі кенорындардың бірі екендігі ғылыми дәлелденеді. Кейінірек

оның «Үлкен Жезқазған мәселелеріне арналған»[5] мақаласы Орталық Қазақстанның және тұтастай еліміздің бет-бейнесін толығымен өзгертті. Үлкен Жезқазғанның ашылуы адам ерлігімен қатар бүгінде жастар үшін практикалық міндеттерді жүзеге асырудағы кәсіби, ғылыми тәсілдің үлгісі болып табылады.

«1935 жылдың 1 қаңтарында Жезқазғанның кен қорлары барлық категориялар бойынша 3220 мың тонна мысты құраса, олардың ішінде 1330 мың тонна А2+В категориясы бойынша. Кеніштерде А2+В категориялы мыстың орташа мөлшері 1,92 %-ға тең. Бұл көрсеткіштің өзі сондағы зерттелген қорлардың саны бойынша Жезқазғанды Одақта бірінші орынға шығарады. Алайда Жезқазған мүмкіншіліктері бұл көрсеткіштермен шектеліп қоймайды. Бүгінде шамамен 40 шаршы шақырым кен аумағында бұрғылау жұмыстарымен 2 шаршы шақырым аумақ қана қамтылған. Жезқазғандық қуаттылығы өнімді кен қабаттарының 700 м бұрғылау жұмыстарының тек жоғарғы 150 м қабаты ғана сипатталған, тек бір ғана ұңғыма 300 м тереңдікке жүргізілді, 230 м тереңдікте өндірістік кеннің қабаты табылды. Жезқазғанның әлеуетті мүмкіндіктері өте зор, Орталық Африканың мыс кенорындарына, нақтырақ айтқанда, әлемдегі мыс кенорындарының ең ірісі болып табылатын Солтүстік Родезияға пара-пар», – деп кезінде Қ.Сәтбаев жазған еді. – «Үлкен Жезқазған жалғыз нысан болып табылмайды. Жезқазған ауданының аумағында жеткілікті ірі темір, темір-марганец кендері бар, олар үлкен көлемде кен өндіруге мүмкіндік береді»[5]. Бұл ашқан жаңалығы Екінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Одақтың құрыш құю өндірісін сақтауда маңызды рөл атқарды.[2] Оның ғылыми түйсігі, жекелеген ғылыми фактілерден аналитикалық қорытынды жасауы ғалымды ұлы тұлғаға айналдырғаны өтірік емес.

Қаныш атамның әр еңбектері мен айтылған сөздері әлі күнге дейін өзінің өзектілігін жоғалтпады. «...Бүгінгі білгеніңізден ертеңгі күнге білетініңіз көп. Сол білетіндеріңізді білуге асығыңыз. Сонда ғана Сіздер Отанымызға пайдалы азамат боласыздар. Білімді, мәдениетті, адам болып өсесіңдер. Білімді болу, ғалым болу өмірді танудан, көп оқып, көп ізденуден, шаршамай талмай еңбек етуден болады»-деп топшалап, артынан ерген жас ғалымдар мен өскелең ұрпағына қалдырған алтындай ақылы – елінің болашағы оны ойландырмай қоймайтынынан хабар береді. Өзінің заманында да ғылымға қызыққан әрбір азаматқа қолдау білдіріп, қолынан келгенше өсуіне ықпал еткен. Ұрпағы да атасының сөзін жерге қалдырмай, ғылым жолында барын салып жатыр. Бұған өткен жылы алғаш рет болып өткен «Қазақстан геологтарының I Съезі» айғақ. «XXI ғасырдағы Қазақстанның геологиялық қызметі: жай-күйі, проблемалары мен болашағы» тақырыбында өткен алқалы жиын геологияның маңызды әрі басты мәселелерін талқыға салып, шешімін қарастырды. Жиынның негізгі мақсаты еліміздің минералды-шикізат базасын толықтыру және дамыту жөніндегі бірлескен іс-әрекеттер

жоспарын әзірлеу, 2029 жылға қарай Ұлттық экономика көлемін екі есеге ұлғайту және Қазақстанның мықты өнеркәсіптік базасын қамтамасыз ету болатын. Еліміздің президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Қазір жас ғалымдардың заманы» деп, Қазақстанның дамуы үшін алдымен ғалымдарға жағдай жасау керек екенін атап айтқан болатын.

Қазақстан Ғылым Академиясының негізін қалаушы және оның тұңғыш президенті, қазақтың тұңғыш докторы, ғылым мен техника саласында КСРО алғашқы академигі, КСРО мемлекеттік сыйлығы мен Қазақстандағы Ленин сыйлығының бірінші иегері атанған Қаныш атамыздың еңбегі ақталды. Біріккен Корольдіктің Премьер-министрі Энтони Иденнің Қаныш Имантайұлын: «Ұлыбританияның көптеген халықтарының арасында Кеңес Одағы үшін Қаныш Сәтбаевтай атақты ғалым болған емес. Ғажайып құбылыс» - деп мадақтауына келіспеу мүмкін емесі хақ. Қазақ даласының маңдайына бақ болып біткен ұлы атамыздың аты әлем тарихынан ешқашан өшпейді. Оған ЮНЕСКО шешімімен 1999 жыл Қаныш Имантайұлы Сәтбаев жылы болып жарияланғаны дәлел. Жүрегі ұлтым деп соққан ұлының Лондондағы кездесуде Черчилльдің сұрағына “Халқым менен де биік” деп жауап беруі[4]- оның асқақтығына тағы да куә еткені риясыз. Ендеше барша қазақ баласы ұлтым деп ұрандаған ұлын ешқашан ұмытпайды, ұлықтайды!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қаныш Имантайұлы Сәтпаев- Алматы : Ғылым, 2002. – 324
2. ҚазССР ҒА Хабаршысы. 1962, №12
3. Қазақ энциклопедиясы - Алматы, 2011. – 660
4. Қаныш Сәтпаев: «Мой народ выше меня» // Казахстанская правда. 2014. -24 ақпан
5. Лениншіл жас,1950,
6. Советская геология, 1957, №58, 93–109-бб.

**Астана қаласы әкімдігінің «№9 «Зерде»
мамандандырылған лицей» КММ
Тарих пәнінің мұғалімі, педагог- зерттеуші
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Жұманбай Жанагүл Дауенқызы**

ТАРИХ САБАҒЫНДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АРҚЫЛЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ ОҚЫТУ

Жасанды интеллект (artificial intellence) – ЖИ (AI) автоматты жүйелердің адам интеллектісінің бөлек бір функцияларын атқаруын айтамыз.

Нейрондық желілер – бұл адамның миы мен жүйке жүйесінің жұмысын имитациялайтын жасанды интеллект модельдері. Олар ақпаратты өңдейтін және енгізілген мәліметтер негізінде шешім қабылдайтын нейрондардың қабаттарынан тұрады.

Бүгінде қазақстандық мұғалімдерді жасанды интеллект төңірегіндегі өзекті мәселелер толғандырады. Өйткені қазіргі ақпаратты технологиялар қарыштап дамыған дәуірде жасанды интеллект мұғалім үшін және балалардың игілігі үшін жұмыс істеуге тиіс. Технологияның дамуына қарай оқытуда оқушының қабілетін, қажеттілігін, жеке ерекшелігін ескеруді ұмытпауымыз керек. Балалардың болашағын, олардың үйлесімді дамуын қамтамасыз ете отырып, адам мен компьютердің артықшылықтарын біріктіру арқылы білім беруді тиімді етіп, ал мұғалімнің жұмысын шығармашылыққа айналдыруға болады. Бірақ жасанды интеллекті мектептерде қолдану тәжірибесі бізде әлі де жеткіліксіз. Мұғалім виртуалды кеңістік мәселелерінде құзыретті болуы, жасөспірімдер тенденциясын қадағалап отыруы керек. Нақты өмірде ЖИ-ні қолдану саласын қарастыратын болсақ, ЖИ өзін әртүрлі қырынан көрсете алады. Қашықтан оқытуда емтихан, олимпиадалар қашықтан тапсырылады. Сол кезде білім алушының ешқандай жерден көшірмей, емтиханды, олимпиаданы өз білімімен тапсырып шыққандығына сенімді болу үшін көмекке прокторинг деп аталатын жүйе келеді. Бұл жүйе білім алушылар бақылау тапсырмаларын орындау мен емтихан тапсыру кезінде қолданылады. Мысалы, болашақта білім алушылардың шығармашылық тапсырмаларын – эссе, шығармаларын автоматты түрде тексеретін программалар ойлап шығарылады. Жасанды интеллектіні білім беру саласында қолдану идеялары өте ауқымды.

Жасанды интеллект қоғамдық өмірдің барлық салаларына белсенді түрде енгізілуде. Мысалы, нейрондық желіні интерактивті сабақтар құру, тарихи деректерді талдау, тарихи орындарға виртуалды экскурсиялар жасау, шығармашылық инновациялық жобаларды жасау үшін пайдалануға болады. Чат-боттардың көмегімен эссе жазуға, оқу сұрағына жауап алуға және тәжірибе көрсеткендей, тіпті жоба жазуға болады. Нейрондық желілер тарихты оқытудың бірегей бейнелерін жасауға мүмкіндік береді. Олар ақпаратты жүйелеуге ғана емес, сонымен қатар оқушыларға өткенге сүнгуге және тарихи оқиғаларды бастан өткеруге мүмкіндік беретін интерактивті орталарды құруға көмектесе алады.

Тарих - бұл өткенді түсінуге, оқиғалар мен сабақтарды талдауға және оларды қазіргі уақытта қолдануға көмектесетін білім берудің негізгі компоненті. Дегенмен, тарихты оқытудың дәстүрлі әдістері шектеулі және тиімсіз болуы мүмкін. Оқу процесіне AI енгізу бұл жағдайды өзгерте алады.

Сабақты түсіндіру барысында тарихи тұлғаларды тану арқылы ұлттық құндылықтарды оқушылардың бойына төмендегі тапсырмаларды орындау арқылы жүзеге асыруға болады.

Қазақстан тарихы бойынша тарихи тұлғаларды зерттеуде жасанды интеллектті қолдану білімімізді кеңейтуге, жаңа фактілер мен өзара байланыстарды

анықтауға, сондай-ақ әрбір тұлғаның қоғамның қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесін жақсы түсінуге көмектеседі.

Тарих сабақтарында Яндекс платформасында жасалған "Шедевр" сияқты нейрондық желі бағдарламасын пайдалануға болады, ол тегін және жеңіл және түсінікті интерфейске ие. Қолданбаның негізінде сипаттама бойынша суреттер немесе мәтіндер жасайтын жасанды интеллект жатыр. Ол жаңа тәжірибе береді, қуаныш пен шаттық әкеледі.

Тарих сабақтарында нейрондық желілерді пайдаланудың негізгі мақсаты тарихтың әртүрлі тақырыптары бойынша интерактивті тапсырмалар мен сұрақтар жасау үшін жасанды интеллекттің күшін пайдалану болып табылады. Бұл оқушыларға материалды жақсы меңгеріп қана қоймай, сыни тұрғыдан ойлауды, талдау мен қорытынды жасай білуді дамытуға мүмкіндік береді. Бұл білім беру процесін интерактивті, қызықты және тиімді етуге мүмкіндік береді.

Жасанды интеллекттің көмегімен сіз өзіңіздің сипаттамаңыз бойынша кез келген тарихи оқиғаның, тұлғаның бейнесін жасай аласыз – ол, білім алушылар үшін қызықты және күтпеген жаңа іс-әрекетке белсенді түрде тартылады. Сондай-ақ, сіз оларға шығармашылық тапсырманы ұсына аласыз – "мүмкін емес тарихтың" бейнесін жасау, мысалы - Наполеон "Наполеон" тортымен самауырдан шай ішіп, Клеопатра Мәскеу қаласын аралап жүргенде, динозаврлар бізбен бірге планетада өмір сүрді. т.б.

Жасанды интеллекттің тағы бір лайықты мысалы - пайдаланушы жасаған кейіпкерді болжайтын Akinator қызметі. Тарих сабақтарында бұл қызметті әртүрлі тарихи тұлғалардың іс-әрекеттерін қайталау үшін пайдалану пайдалы - жасанды интеллектпен бірге оқушылар шифрланған тұлғаны болжауға тырысады. Оқушыларға қосымша мотивация - бұл тарихи тұлғаны нейрондық желіге қарағанда тезірек болжайтын жағдай.

Тарихи тұлғалардың бейне портреттерін жасау: мазмұнды құрудың заманауи әдістері тарихи тұлғалардың бейне портреттерін жасау арқылы ескі фотосуреттер мен жазбаларды жандандыруға мүмкіндік береді. Қазақстан тарихынан Алаш зиялыларының портреттерін қолдана отырып, қанатты сөздерін сөйлету **D-ID** арқылы жасауға болады. Сондай-ақ белгілі бір тұлғаларды "жандандыруға" мүмкіндік беретін жасанды интеллект ресурсын - нейрондық желіні пайдалануға болады «Deer Nostalgia» "MyHeritage" сайтынан фотосуреттен немесе портреттен бет анимациялары бар бейне жасайды.

Виртуалды экскурсиялар құру: виртуалды шындық арқылы студенттерді тарихи кезеңдер мен орындарға батыруға болады, бұл оларға өткенді іс жүзінде зерттеуге мүмкіндік береді.

Мәтінді автоматтандырылған талдау: табиғи тілді өңдеу алгоритмдерін қолдану Тарихи мәтіндердің үлкен көлемін талдауға және негізгі фактілер мен оқиғаларды бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

Тарих сабақтарында және енгізу бойынша практикалық ұсыныстар:

Сабақтың тақырыптары мен кезеңдерін таңдау: кіріспеден қорытындыға дейін сабақтың әртүрлі кезеңдерінде ақпаратты талдау және синтездеу үшін AI пайдаланыңыз.

Интерактивті сабақтар: оқушылардың назарын аудару үшін виртуалды экскурсиялар мен модельдеу сияқты интерактивтілік элементтерін енгізіңіз.

Мазмұнды құру: тарихи тұлғалардың бейне портреттерін жасау және тарихи оқиғалардың маңызды сәттерін суреттеу үшін заманауи мазмұнды құру құралдарын пайдаланыңыз.

Тарих сабақтарында AI қолдану мысалдарын келтіре келейін:

Александр Македонскийдің бейне портретін құру: мазмұнды құрудың заманауи әдістерін қолдана отырып, Ұлы жаулап алушының бейнесі мен экрандағы сөйлеуін жандандыру арқылы оның бейне портретін жасауға болады.

Сталинград шайқасын модельдеу: оқушыларға Екінші дүниежүзілік соғыстың ең үлкен шайқасының тактикалық шешімдері мен салдарын зерттеуге мүмкіндік беретін жасанды интеллект арқылы интерактивті модельдеу құру.

Алаш көшбасшыларының сөйлеуін талдау: Абай Құнанбайұлы, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы және басқа қазақ зиялыларының көшбасшыларының сөйлеуін талдау және синтездеу үшін табиғи тілді өңдеу алгоритмдерін қолдану.

Аттиланың бейне портретін жасау: заманауи мазмұнды құру әдістерімен азаматтық құқықтар қозғалысының ұлы көшбасшысының бейне портретін жасау.

Ежелгі Римге виртуалды экскурсия - бұл заманауи жасанды интеллект технологияларын қолдана отырып жасалған интерактивті тәжірибе. Оқушылар Ежелгі Рим атмосферасына еніп, оның сәулетін, мәдениеті мен әдет-ғұрпын виртуалды орта арқылы зерттейді.

Қазақстан тарихы бойынша археологиялық ескерткіштерді визуализациялау кезінде жасанды интеллектті қолдану:

Елестетіп көрейік, археологиялық қазба жұмыстары Қазақстан аумағындағы ежелгі елді мекенді ашты және археологиялық топ көптеген фотосуреттер, сканерленген суреттер мен табылған артефактілер туралы мәліметтер жинады. Жасанды интеллектті қолдана отырып, одан әрі зерттеу және ұсыну үшін осы ежелгі ауылдың виртуалды қайта құрылуын жасауға болады.

Тарих сабақтарында нейрондық желілерді пайдаланудың артықшылықтары:

Оқушылардың қызығушылығын арттыру: нейрондық желілерді қолданатын интерактивті оқыту әдістері тарих сабақтарын оқушылар үшін қызықты әрі есте қаларлық етеді.

Сыни ойлауды дамыту: нейрондық желілер арқылы алынған ақпаратты талдау және түсіндіру сыни ойлау мен тарихи талдау дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Оқытуды жекелендіру: нейрондық желілер мазмұнды әр оқушының білім деңгейіне және қызығушылықтарына бейімдей алады, бұл тиімдірек оқытуды қамтамасыз етеді.

Қорыта айтсам тарих сабақтарында жасанды интеллектті қолдану білім беруді дамытудағы маңызды қадам болып табылады. Қазіргі кезде ұлттық құндылықтарымызды оқушы бойына тарихи тұлғалар арқылы сіңірудің маңызы өте зор. Пәнге қызығушылықтарын арттыра отырып, оқушыларды тарихтағы ұлы тұлғаларымызды танытып қана қоймай, олардың қалдырған қанатты сөздері мен істерін үлгі етеміз. Сол арқылы ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, патриот, ұлтын сүйетін оқушы тәрбиелеуге ат салысамыз. Оқытуға жаңа технологияларды енгізу тәжірибем барлық қатысушылар үшін пайдалы болады деп үміттенемін және біз осы саладағы зерттеулер мен әзірлемелерді жалғастыра аламыз.

Каппасова Меруерт Еркиновна
«№79 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
педагог-зерттеуші

МӘШҒҮР ЖҮСІП МҰРАСЫ-ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІНІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Ұлттық құндылықтар-қандай бір халықтың өзіндік тарихи көрінісі бар рухани мұраттарының жиынтығы десек, ұлттық құндылықтардың әрбір халық өмірінде алар орны ерекше болмақ. Қазақ халқының ұлттық құндылықтары деп тілі мен дінін, салт дәстүрін айтар едім. Сондықтан да әрбір болашақ ұрпақ үшін мәнді тәрбие -ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып саналады.

Бірінші құндылық – тәуелсіздік және тарихи таным болса, екінші құндылық-ел мен жер, үшінші құндылық – тіл, әдебиет және руханият. Төртінші құндылық-ұлттық дәстүр және отбасы. Бесінші құндылық-білім мен біліктілік. Ұлтты сүйу – ұлтшылдық емес.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы- өз заманынан озып туған дара тұлға. Қазақ әдебиеті тарихында осыған дейін сөз болмаған ұлы ойшыл, фольклортанушы, этнограф, тарихшы, философ, қазақ мәдениет мен әдебиетінің белгілі тұлғасы-Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өзінің ұрттық шешендік өнерге қосқан үлесін көп қырлылығын, күрделілігін негіздеп, арнайы зерттеу қажеттілігін тудырып отыр. Ақынның шығармашылығының қайсысын алсақ та Ұлы дала елінің құндылықтарын дәріптеп, кемшілігін шығармасына арқау етіп отырған.

Жалпы адамзаттық құндылықтардың өмірлік мәні мен мағынасы көне заманнан бүгінгі күнге дейін философтар мен психолог-педагогтердің зерттеулерінен орын алып, бүгінгі қоғамның ерекшеліктері мен сұраныстарына орай талданып, жүйеленіп келеді. Сократ, Конфуций, Әл-Фараби, Платон, Аристотель, Ж. Баласағұни, М.Х. Дулати, т.б. секілді ғұламалар еңбектерімен қатар, қазақтың Асан Қайғысы, Шалкиіз жырауы, Шал ақыны, Бұқар жырауы сонымен қатар, Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А.

Құнанбаев, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, , М. Дулатов, біз сөз еткелі отырған М. Көпейұлы т.б. ғұламаларымыздың шығармаларында сипатталған қазақтың бай мәдени мұрасы, ұлттық құндылығы және жоғары рухани идеялары ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Аталған тұлғалар шығармаларындағы адами құндылықтар әр адамның бойынан табылса қандай бақыт болар еді!

Қазақтың біртуар төл перзенті, ақын, ағартушы, тарихшы, фольклоршы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы ұлы дала елінің құндылықтарына тоқталар болсам, «Ағайын» өлеңінде:

Айтқаныңа қалтықсыз сенетін де ағайын,
Аяқ тайса, алдымен көретін де ағайын.
Маңдайдағы күніңді жоқтайтын да ағайын,
Басыңдағы бағыңа тоқтайтын да ағайын,-дейді.

Бұл өлең жолдарынан қазақ үшін ағайынның қандай қадір-қасиеті бар екенін аңғару қиын емес. Бауырмалдық, туысқандық, татулық сезімдердің қазақ халқы үшін қаншалықты жақын екені айтпаса да түсінікті.

«Бес қымбат» деп аталатын өлеңінде иман, ақыл, сабыр, шүкір, әдептің адамзат үшін қымбат екенін айтып, адамзатты жақсылық жасауға үндеген.

Мәшһүр- Жүсіп Көпейұлының «Ақылдың пайдасы» ертегісінде патшаға ақыл айтқан кісінің: «Не жұмыс, не іс қылсаң, ақылмен, сабырмен артын ойлап істе!» деген ақылы арқасында аман қалғанын жаза отырып, болашақта әр адам осы өсиетті жадына ұстаса қанша бәледен құтыла алар еді деген өсиетін бойтұмардай ұстау қажет екені айтпаса да түсінікті.

Адамгершіліктің қайнар бұлағы - халықта, отбасында, ұлттық дәстүрде, ұлттық өнерде, әдет-ғұрыпта. Әр адам адами рухани-құндылықтарды өскен ортасынан, күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, білім ордасынан бойына сіңіреді. Кезінде Мәшһүр Жүсіп адам үшін төрт кедергіні атап өткен: Бірінші: адамның желкесінде тұрады. Аты – керітартпа. Адамның желкесін қырық адам ұстап отырады. Басты сылтауы «кейін жасарсың», «оны қайтесің»? Екінші: жалқаулық. Ол құйрықта. Тұрмау, жүрмеу. Үшінші: ұйқышылық. Үнемі маңызды емес бір нәрсені ойлап, уайымдап жүреді. Белгі сөзі: «жасау керек еді». Төртінші: қорқақтық. Адам жаны өз жүрегінің қожайыны болу керек! Адам кейде тіршілік етіп жүргендей көрінуі мүмкін, бірақ ұйқыға кетіп қалғанын сезбейді, оны сезу үшін де адамға ішкі рух пен құндылық керегі ақиқат.

«Сүлеймен мен құмырсқа» аңыз ертегісінде кішкентай жәндік Құмырсқаның: «Басым зор, миым көп, ақылымның артықтығы содан. Сенің денеңе қарағанда, қарның жуан: тойымсыздығың жоқ, қанағатың аз. Тойымы жоқ қанағатсызда қасиет бола ма?!-дейді. Менің өзге денеме қарағанда, қарыным жіңішке: қанағатым зор, дүниеге мұқтаждығым аз!-дейді. Ақылымды көп қылып, тамақ үшін уайымымды жоқ қылып, өзімнен зорды көтеретұғын күш беріп жаратты. Мұнан артық жаратылу бола ма?» деген сөзі әр қазаққа үлкен ой салуы керек деп ойлаймын. Қанағатсыздық, ынсапсыздық, тойымсыздықтың апарар жері белгілі. Олай болса, осы кішкентай жәндіктің сөзі арқылы қаншама адамға ой салып отыр.

«Жиренше» туралы аңыз әңгімеде:

-Ей, ханым, бірімізге біріміз-аз күн қонақ,
Ойласаң, мына дүние тіпті шолақ.
Тірлікте, аз өмірде сыйласып өт,
Бүгін бар, ертең жоқ: өмір-сол-ақ!

Қысқа ғұмырда сыйласып өтуден басқа ештеңенің қажеті жоқ екенін осы бір шумақ өлең жолдарына сыйғызып тұр. Сыйластық- ең басты құндылық екенін Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы есімізге тағы да салып отыр.

«Дауасыз дерт» өлеңінде ақын:
Майда бол, жігіт болсаң, тал жібектей,
Жақсы емес қапы болу тікенектей.
Ғылымың болса -дағы ұшан-теңіз,

Пайда жоқ: өз халқыңа қызмет етпей!,- деп жырлауы тегінен –тегін емес. Жас ұрпаққа білім мен ғылымды бойына сіңіріп қана қоймай, оны халқының игілігіне жұмсаса сол пайдалы екенін айтып өткен.

«Кедейліктің арқаны» өлеңінде:
Балалар, жалқау болма, шабан тартып,
Ілгері ұмтыла бас, күн-күн артып.
Арқаны кедейліктің-еріншектік,

Желкеннен жібермейді мықтап тартып деп, бастап адамзаттың хас жаулары жалқаулық, кежірлік, ұйқышылдық, пасықтық, надандық, әдепсіздіктің зияны туралы қалың оқырманға ой салады.

Ақын тағы да өз еңбектерінде адам санасының ояу болуына, өзін-өзі дамытуға, білім алуға, еңбек етуге шақырады. Еңбек бар жерде ғана адам өзінің болмысын жасайтынын ескертеді. Еңбекке үйренген адам ғана рухани өседі, ал еңбексіз рухани дамимын деу жалған екенін әрбір шығармасы арқылы дәлелдейді.

Қорытынды

Ұлы бабамыздың жастарға тәрбиелік мәні бар: – «Жігіт күнінде жаннан кеш те іс қыл, өлсең өлерсің, өлмесең адам болып шығарсың», – деп қайсар рухын ұрандай ұсынып, қазақ халқының маңдайына қасқайып біткен азаматының ішінде Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің алар орны ерекше. Өзі өмірден озса да, артына мәңгі өшпес рухани мұра қалдырған қасиетті Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы бабамыздың мұрасының бізге және бізден кейін келер талай ұрпаққа берері мол екені сөзсіз.

Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін арқалап келеміз. Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Осыдан барып жас ұрпақтың бойындағы іскерлік қабілетін ашу және оларды шығармашылыққа баулу туындайды. Кейбір адамдарға не болып жатса да – бәрібір. Олар өздігінен ой қорытып, шешім іздеп жатпайды, кім жоғарыда отырса, солардың сөзі – сөз. Түсі, түрі осылайша өзгеріп тұратын адамдарды, өкінішке орай, қазіргі таңда көптеп кездестіруге болады. Мұндай адамдар қоғам үшін өте қауіпті болады. Тәрбие мәселесінде кетіп жатқан олқылықтарға зер салатын болсақ, ол олқылықтар ересектер тарапынан жіберіліп жатқанын аңғару қиынға соқпайды. Қоғамның, уақыттың ығына жығылып, адами рухани құндылығымыздың төмендігінен

тек қарабастың қамын ойлайтын дәрежеге жеттік. Тек қарабастың қамы үшін өмір сүруге етіміз үйренді. Соның нәтижесінде ұрпақ та бізден алыс емес. Нағыз байлық – дүниенің ағыл-тегіл көптігі емес. Нағыз байлық – жан сарайыңның байлығы екенін терең түсіне алмай жүргеніміз әрине өкінішті. Сондықтан да Ұлы дала халқының ұлттық құндылықтарының жоғалып бара жатқаны әрине қынжылтады. Ұлттық дәстүр мен тілімізді, дінімізді сақтау-ол біздің парызымыз. Туған тілді шұбарламай, келешек ұрпаққа салт-дәстүрімізді сақтап, келешек ұрпаққа табыстау-қастерлі борышымыз деп білемін.

Адамның арманы қиялында, сүйіспеншілігі жүрегінде, ұяты бетінде, ары мен намысы жанында өмір сүреді. Қандай уақыт, қандай кезең болмасын, ұлттық құндылықтарымыз сақталмай, келешектің жарқын болуы күмәнді. Біз алдағы уақытта ұрпақтарымыздың білімді, саналы, ізетті, жаһандық білім беру кеңістігінде еркін самғай алатын, елі мен жерінің қадір қасиетін ұғатын, мәдениеті мен әдебиетін, тарихы мен салт дәстүрін, ұлттық құндылықтарын бойына сіңірген, ойы азат, мақсаты айқын, ел игілігі үшін еңбек ететін ұлтжанды, денсаулығы мығым, ата дәстүрді сақтайтын, рухани бай ұрпақты көргіміз келеді. Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі болғаннан кейінде жас жеткіншектеіміздің бойынан Мәшһүр бабамыз армандаған, ұлттық құндылықтады бойына сіңірген ұрпақты тәрбиелеп жатқанымызды мақтан тұтамын. Соның дәлелі ретінде былтырғы оқу жылында «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының ұйымдастыруымен өткізілген Республикалық Мәшһүр Жүсіп оқулары қалалық кезеңінде «Мәшһүр Жүсіп шығармалары және «Ұлы даланың ұлы есімдері» ұлттың ұлы тұлғаларын сипаттау номинациясының жүлдегері» II дәрежелі ДИПЛОМмен шәкіртім Өмірзақ Нұрай марапатталғаны мен үшін жетістік. Осындай Ұлы дала елінің білімді оқушылары көбейе берсін. Лайым, ұлттық құндылықтарымыз болашағымыз -жастарымыздың бойынан табыла бергей!

АННОТАЦИЯ

Бұл мақаланың мақсаты- жалпыадамзаттық құндылықтардың көрсеткіші, құрылымы, өлшемдері, деңгейлері т.б. мәселелері ақын, шежіреші, тарихшы, фольклоршы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мұраларындағы тұжырымдардың негізінде талдап, қарастыру болып табылады. Ақын еңбектеріндегі ұлттық құндылықтарды тану, оны зерделеу, заман талабына сай насихаттау - ұлттық болмысымызды тану жолындағы өз маңызын жоймаған өзекті мәселелердің бірі. Мақалада ұлттық құндылықтардың адамзат өміріндегі мәні мен маңызы, адам өміріндегі рөлі кеңінен талқыланады.

Сонымен қатар, Мәшһүр Жүсіптің Көпейұлының мұраларындағы ұлттық құндылықтарды қазіргі заман көзімен талдай отырып, ұлттық құндылықты қоғамның даму үдерісімен ұштастыра айтады. Шығармалардағы ұлттық құндылықтар талданып отырып, сараланады. Алдағы уақытта жас өреннің бойынан көргісі келетін ұлттық құндылықтар аталып өтіледі. Оқырманға осы мақалам үлкен ой салар деген үміттемін.

Цель этой статьи изучить и исследовать общечеловеческие ценности, уровень, показатели, проблемы человека через наследие историка, поэта, фольклориста, летописца Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Через труды писателя изучить национальные ценности, дифференцировать, и одна из проблем не потерять свою национальную идентичность. В статье рассматривается важность национальных ценностей для человека, широко изучается роль ценностей в жизни человека. На ряду с этим, изучая современным взглядом наследие поэта, находим соприкосновение с процессом развития общества.

Изучая дифференцируем национальные ценности в произведениях поэта. Так же указываются те ценности, которые хотели бы видеть у будущего поколения. Надеюсь, что у читателя моя статья разбудит великие мысли.

The purpose of this article is to study and explore universal human values, level, indicators, human problems through the heritage of the historian, poet, folklorist, chronicler Mashhur Zhusip Kopeyuly. Through the writings of the writer, to study national values, to differentiate, and one of the problems is not to lose your national identity. The article considers the importance of national values for a person, and the role of values in human life is widely studied. Along with this, studying the poet's heritage with a modern eye, we find contact with the process of development of society.

By studying, we differentiate national values in the works of the poet. The values that the future generation would like to see are also indicated. I hope that my article will awaken the reader's thoughts .

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ:

1. Б.Ғ.Ғалымжанов «Мәшһүр Жүсіп мұрасы – Ұлы дала елінің құндылықтары» Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
2. Б.Р. Қожахметова «Мәшһүр Жүсіп фольклористикасындағы би-шешендердің сөз өнері» оқу құралы, Павлодар, 2014 ж, 5 б.
3. Жалпы адамзаттық құндылықтар [Электронды ресур] - URL: <https://e-history.kz/kz/publications/view/3271> (қаралған күні: 10.03.2020)
4. «Мұстафа Шоқай. Тандамалы» (аударып құрастырған Айтан Нүсіпхан), 1-2 том, - Алматы, «Қайнар», 1998. – 57 б.
5. М. Жүсіп. Шығармалар жинағы // 11-том, - Павлодар: 2013. –23 б. 6 Қазақ афоризмдері. – Алматы, 2012. –323 б.
6. Мәшһүр Жүсіп. Шығармалар жинағы // - «Өлке» баспасы: 2014. – 167-241 б.

**«№43 қосымша білім беру мектеп-орталығы»
директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары
Кусбекова Сандуғаш Темировна**

Ілияс Жансүгіров – өнердің құлагері

Андатпа

Бұл мақала қазақтың суреткер ақыны, драмашы, прозашы, қоғам қайраткері Ілияс Жансүгіровке арналып жазылған. Туған даласын шексіз сүйген ақынның өмірбаяны мен шығармашылық жолы шағын болса да осы мақалада аталып көрсетілген. Сол заманда білімі де, тәжірибесі де таланты да жетілген ауыл ақыны кішігірім уақыттың ішінде әдебиет шеберлерінің алдына шығып, туған ел әдебиетіне өзінің үлкен орнын қалдырып кеткен қаламгер. Ілияс Жансүгіров әдебиетте өзінің поэзиясымен танылғандықтан, біз ұлы тұлғаны ақын деп бағалап, оның ерекшеліктерін осы жақта алып қараймыз.

Түйін сөздер: қазақ совет әдебиеті, жауапты қызметтер, шығармашылық жолы, архив деректері, өмір сыры.

Кіріспе

Ілияс Жансүгіров қазіргі Алматы облысы Талдықорған ауданы, бұрынғы Қапал уезі, Ақсу болысы, 4-ауылда 1894 жылы өмір сүрген. Әкесі Жансүгір ептеп ескіше оқығаны бар, әділетсіздікке қиянатшылыққа жаны төзбейтін, өнерге ерекше ден қойған, он саусағынан өнері тамған кісі болыпты. Анасынан жастай жетім қалған Ілияс әке тәрбиесінде өседі [1,6].

Ілияс Жансүгіров – қазақ совет әдебиетінің аса ірі өкілі. Туған әдебиетіміздің іргесін қаласқан, оның әрі қарай дамуына өрістенуіне қалыптасуына өзінің көркем туындыларымен елеулі үлес қосқан зор тұлға, асқан талант иесі. І.Жансүгіровтің алғашқы өлеңдерінің жазылуы – 1915-1916 жылдар соңы-1937 жыл. Әдебиет майданында еңбек еткен осы 20 шақты жыл ішінде ол республикамыздың мәдениет, шаруашылық саласындағы өміріне тікелей араласа жүріп, қоғамдық жауапты қызметтер атқарды оқып білім алды, суреткерлік өсу жолынан өтіп, творчестволық жемісті еңбек етті [2,3].

Материалдар мен әдістер

Ілияс Жансүгіровтің әдебиетке ден қойып, кіріскен уақыттарынан бастап оның шығармашылығы жөнінде пікір айтқандар аз болмаған. Солардың алғашқыларының бірі – Ғаббас Тоғжанов. Ол өзінің «Әдебиет және сын мәселелері» деген еңбегінде Ілияс Жансүгіровтің шығармашылығына арнап бір тарау Академик Мұхаметжан Қаратаев өзінің «эпостан эпопееға» деген әдеби сын зерттеу еңбегінде «Жаңа заман, жаңа әдебиет», «Халықтың ежелгі сан серігі», «Ұлы ұстаз», «Асау тұлпар» тарауларында әдебиетіміздің өсу белестерін сөз етіп, автор І.Жансүгіровтің де әр кезеңдегі асуларға қосқан үлесін көрсеткен. Қ.Жұмалиевтің «Стиль – творчестволық ерекшелік» атты мақаласында, Е.Ысмайловтың «Белестер биігінен қарағанда» мақаласында Т.Әдірахманованың «Ақын сыры» атты кітабында, Х.Әдібаевтің «Қол жеткенге көз салсақ» еңбегінде және де тағы басқа ақын-жазушылардың

шығармашылығында І.Жансүгіровтың шығарған еңбектеріне талдау жасалып ұтымды да тұжырымды пікірлер айтылған [3,6-10].

Нәтиже мен талқылау

Ілияс Жансүгіров – қазақ әдебиетінің шаң жұқпас жүйрігі, жыр Құлагері, әдебиетіміздің бар саласына үлес қосып поэма жанрын қол жетпес биікке көтеріп, дәстүр жасаған қайраткер. І.Жансүгіровтің жан-жақты талант иесі екендігін халық әлдеқашан мойындаған. Ілиястың творчестволық лабораториясы кең, ауқымды. Оны зерттеп, кей шығармаларының шығу жайы, тарихы жөнінде бір қажет мәлімет болса, өмірлік фактілері мен архив деректеріне жүгіну аса маңызда жайт.

І.Жансүгіров қазақ сөз өнерін кемелдендірген қайталанбас дарын иесі. Оның ұлтымыздың өміріндегі орны орасан, қазақ әдебиетіндегі әлемі айрықша. Ол қазақ поэзиясындағы шоқтығы биік шығармаларды дүниеге келтірген қаламгер. Ол өмірдің сырын біліп, айналасын танып қана қойған жоқ, өзгеге де тануға көмектесіп, қазақ халқының санасын оятып, көкірек көзін ашуға да зор үлес қосқан (ғалым) ұлы тұлға [4].

Қорытынды

Қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, дарынды ақын Ілияс Жансүгіров жемісті творчестволық жол кешті. Жаңа өмірді, жаңа құбылысты, дүние тануда І.Жансүгіров көбіне-көп қазақтың халық поэзиясындағы дәстүрлі түр, үлгілерді жаңғырта пайдаланып, сол арқылы өзі де жаңа образдық бейнелеулер жасады. Ілияс Жансүгіровтың поэзиясымен, жалпы шығармашылығымен танысқан әрбір оқырман ақынның еңбектеріне сын келтірмейді деп ойлаймын. Себебі ақынның қолынан шыққан әр туынды қазақ халқының бүгінгі мен ертеңін, көп қырлы рухани қасиетін ашып көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі

1.Дүйсенов М. Ілияс Жансүгіровтың өмірі мен творчествосы. -Алматы: Ғылым, 1965-304б.

2.Дайырова Ә. X класта Ілияс Жансүгіров творчествосын оқыту: көмекші құрал. -Алматы: Мектеп 1969. -123б.

3.Иманғазин М. Ілияс Жансүгіров. -Алматы: Қазақ университеті, 2014. - 218б.

4.Қаратаев М. Ілияс Жансүгіров өмірі мен творчествосы. -Алматы: Қазмемоқупедбас, 1961. -56 б.

**«Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы тірек мектебі
«ресурстық орталық») КММ
МУХТАРОВА ДАНАРА СЕЙДУАЛИЕВНА**

ҚАНЫШ СӘТБАЕВ ЖӘНЕ САРЫАРҚА

«Сарыарқаның әр тал бұтасының түбінде ат басындай алтын жатыр»

Қ.Сәтбаев

Биыл ғалым, геолог, мемлекет және қоғам қайраткері Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толды. Ол металлогения ғылымының негізін салушылардың бірі, ал Қазақстанда осы ғылыми бағытты орнықтырушы деп атайды.

Сарыарқа қойнындағы кен байлығының ашылуына, өңірде өнеркәсіптің дамуына, сол арқылы арқа өңірінің көркейіп, гүлденуіне Қаныш Сәтбаевтың еңбегі орасан зор.

Ғалым минералдық шикізаттарға бай Сарыарқа аймақтарын ерекше назар аударып зерттеген. Оның қалдырған ғылыми бай мұраларының ішінде, әсіресе Сарыарқаның металлогендік және болжам карталары жөніндегі еңбектерінің мәні ерекше. Оны өндіріске ендіру арқылы Сарыарқа аймағында қара, түсті және сирек металдардың біраз жаңа кендері ашылды. Түсті металл кендері, марганец, силикат, құрылыс, басқа да өндіріс кендері ашылды, көмір орны анықталды, қалың қатпар қорғасын, жез, күміс табылды. Қара темір, алтын мен молибденді ашты. Біраз кендерге бүтіндей жаңа өндірістік баға берілді. Қаныш Сәтбаев ашқан жер қойнауындағы байлық қазыналарында осы күнгі өндірісті көркейтуге негіз болған химия элементтерінің барлығы бар деуге болады.

Кен байлығын ашумен бірге сол қазба байлық шығатын жерлерге заводтар салдыруға зор үлес қосты. Тау-кен шикізатын басқа жерлерге тасымай, сол жерде қорытатын заводтар құрылысының қажеттігін дәлелдеді. Нәтижесінде Қарағандыда металлургиялық завод салынуына, сол арқылы Қарағанды қаласының үлкен өнеркәсіпті шаһарға айналуына одан әрі еліміздің индустриалды қуатының артуына зор үлес қосты.

1950 жылдың басында Қазақ ССР Ғылым Академиясының Геологиялық ғылымдар институтында Сарыарқа өңірі бойынша материалдарды жинап, оны талдау жұмысы аяқталды. 1954 жылы жұмыс макеттері және жүйеленген металлогениялық болжам карталары жасалынады. 1958 жылы Орталық Қазақстанның металлогениялық болжам карталарын жасағаны үшін Қ.И.Сәтбаев бастаған Қазақстан ғалым-геологтар тобы Лениндік сыйлық алды.

Ғалымның басшылығымен Сарыарқаға бірегей су артериясын жіберуі, арқа өмірінің жандануына жаңа леп боп келді. Сарыарқаның ондаған мың гектар аумағы құрғақ дала мен шөлейт аймақта жатыр. Жаздың аптап ыстығында кішкентай өзендер кебеді, жауын-шашын аз болады. XX ғасырдың отызыншы жылдарында Орталық Қазақстанның табиғи байлықтарын

пайдалану басталды. Ел картасында Қарағанды көмір бассейні, Жезқазған мыс кен орны, Екібастұз және Теміртау өнеркәсіптік аудандары пайда болды. Ауыл шаруашылығы дамыды, бірақ Орталық Қазақстанның қолда бар су ресурстарының көлемі дамушы өнеркәсіп пен суармалы егіншіліктің қажеттіліктеріне сәйкес келмеді. Осыған байланысты, 1959 жылы академик Қаныш Сәтбаев бастаған ғалымдар тобы Ертіс суын Сарыарқаның даласына ауыстыру бойынша батыл жобаны ұсынды. Жұмыстың нәтижесінде құрылысшылар әлемде ұзындығы бойынша да, биіктігі бойынша да аналогы жоқ жасанды су артериясын жасады, оны біз қазір Қаныш Сәтбаев атындағы канал деп білеміз.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев сан қырлы талантын, ақыл ой парасатын туған халқының мерейін үстем етуге жұмсады. Оның өнегелі өмір жолы баршамызға үлгі. Ағылшын премьер-министріне «менің халқым менен де биік» деп айтқызған да асыл мұратының мәңгілік өшпейтініне, кейінгі ұрпақтарының жүрегінде жалғастынына деген сенім еді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1.Әлжанов Т.М., Сәтбаева М.Қ. «Қаныш Сәтбаев қазақ елінің тұлғасы» Алматы 2002ж.
- 2.Сәрсеке М. «Дара дарын». «Фолиант» баспасы. Астана 2008ж.
- 3.Рахметов Ш. «Кен өндірісінің қаһармандары». Алматы 2008ж.

«№1 Арнайы мектеп-интернаты» КММ
Мадетхан Серикгул

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЗІТ ЕТЕТІН ОҚУШЫЛАРҒА МАТЕМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ

Әдістемелікте дидактикалық ойындар мазмұны, ойынды ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері, ойынды жүргізу ережелері көрсетілген. Олар балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін, логикалық ойлауын, зейінін, ерік –жігерін, зердесін, байқағыштығын, көзбен мөлшерлеуін, қолдың ұсақ моторикасын, тапқырлығын дамытуға, математикалық білімдерін, икемділіктері мен дағдыларын, заттарды түсі, өлшемі, пішіні бойынша топтастыруға, салыстыруға, ажыратуға, кеңістік пен уақытты бағдарлауға үйретеді. Ойындар топтық және жеке баламен жұмыс істеуге қолдануға арналған.

Баяндама мақсаты: Ойынның негізгі мақсаты баланы қызықтыра отырып, жаңа сабақты немесе өткен материалды берік меңгерту болып табылады. Ойын ойнау барысында балалардың ойлау, қабылдау, есте сақтау, еліктеу қабілеттері, көру, сезіну, сөйлеу процестері дамып, заттарды түріне, түсіне, көлеміне, пішініне қарай ажыратуға, іріктеуге әр түрлі қимылдарды

орындауға үйренеді. Балалар ойнау арқылы белгілі бір білім, білік, дағдыларды және ойын әрекеттерін меңгереді.

Баяндама міндеттері:

- 1.Зерде қызметі бұзылған ақыл –ойы кем балалардың психологиялық – педагогикалық мінездемесін қарастыру;
- 2.Ақыл – ойы кем балалардың қарапайым математикалық және сенсорлық түсініктерінің бұзылуын түзету әдістерін анықтау;
- 3.Алынған нәтижелерді статистикалық өңдеуден өткізу;

Жұмыстың практикалық құндылығы: Зерде қызметі бұзылған баланы оқытуда қолданылатын әдістемелік құралдар, қазақ тілінде жұмыс істеуге бағытталған оқу материалдары мүлдем аз. Осы орайда ұсынылып отырған әдістемелік құралдың орны ерекше.

Оқушылардың қызығушылықтарын туғызатын, ойын әрекетінің ең негізгі түрінің бірі - дидактикалық ойындар. Дидактикалық ойындардың түрлерінде шек жоқ. Қазіргі кездегі сабақ материалдарының мазмұнына сәйкес мұғалім белгілі бір ойын бойынша әрқилы ойын ойлап табуына болады.

Зерде қызметі бұзылған ақыл-ойында кемістігі бар оқушылардың қарапайым математикалық және сенсорлық түсініктерін меңгерудегі кемшіліктерді зерттеу және оны ойын технологиясы арқылы түзету әдістерін анықтау.

Ойынның түрлері.

Коррекциялық мектептердің оқушыларына тиянақты білім беру мұғалімнің творчестволық ізденісі мен шеберлігін қажет етеді. Балалардың жан-жақты дамуы үшін ойынның рөлі ерекше. Мұның өзі көп жағынан олардың әлі ойын баласы екендігімен байланысты. Сондықтан сабақ оларға тартымды болу үшін тақырыпқа сәйкес ойындар таңдап алып, сабақ барысында ұтымды пайдалану керек. Сонда ғана барлық баланың сабаққа ынтасын қатыстыруға болады. Жалпы оқушылардың ойнайтын ойын түрлеріне тоқталатын болсақ, олар:

Дидактикалық ойындар.

Сөздік — дидактикалық ойындар

Заттық – дидактикалық ойындар

Үстел үсті баспа – дидактикалық ойындар

Рөлді – сюжетті ойындар

Творчестволық ойындар.

Осылардың ішінде дидактикалық ойындардың маңызы зор. Әрбір мұғалім сабақ процесінде қандай дидактикалық ойын қолданылатынын күні бұрын сабақ мазмұны мақсатына сай лайықтап алғаны жөн. Өйткені, ойын мектепке келген балалар үшін қызықты әрекет бола отырып, оларды тәрбиелеу мен дамытудың аса маңызды құралы болып табылады. Бірақ ол ұйымдастырылған педагогикалық процеске енгізілгенде ғана сондай құралға айналады. Ойынның дамуы мен орнығуы оны нақ осылай тәрбиелеу құралы ретінде пайдалануға көп байланысты.

Ақыл – ойында кемістігі бар балалардың қарапайым математикалық және сенсорлық түсініктерін дамытуға арналған ойындар, тапсырмалар жүйесін оқу процесіне енгізу.

Бұл ойындар жинағын пропедевтикалық кезеңде, 1, 2 сыныпта оқу процесі барысында пайдалану өте қолайлы. Балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, ойындарды қарапайымнан бастап күрделіге, шығармашылықпен түрлендіруге болады. Мысалы:

Сан және цифр туралы түсінікті дамыту:

«Дабыл соғу» ойыны.

Мақсаты: Бірден беске дейін тура санауды, заттың саны мен цифрды сәйкестіре білуді үйрету. Есту, көру арқылы ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Көрнекілік: Цифрлар жазылған карточкалар, 5 саны көлемінде заттардың суреті салынған карточкалар.

№1. Ойынның барысы: Мұғалім қарындашпен үстелді дыбыс шығатындай етіп тықылдатады. Балалар іштей санайды да, мұғалімнің неше рет соққанын атайды.

№2. Ойынның барысы: Мұғалім қарындашпен үстелді дыбыс шығатындай етіп тықылдатады. Балалар іштей санайды да, алдарындағы карточкалардан тиісті цифр жазылған карточканы көтереді.

№3. Ойынның барысы: Мұғалім балалардың алдарына 1-ден 5-ке дейінгі заттардың суреті салынған карточкалар қояды. Соңынан: «Мен үстелді тықылдатып соғамын. Сендер санап отырыңдар. Мен қанша рет соқсам, сонша суреті бар карточканы көтеріңдер» дейді. Мысалы: Үстелді 5 рет соқсам, 5 алмасы бар карточканы көтересіңдер.

№3. Ойынның барысы: Мұғалім үстелді тықылдатып соғады. Балалар іштей санап, алдарындағы карточкалардан тиісті цифр жазылған карточканы алып, сонша заттың суреті салынған карточканың астынан сәйкестіріп қояды. Яғни, заттың саны мен цифрды сәйкестіреді.

«Сиқырлы доптар» ойыны

Кеңістік туралы түсінікті дамыту:

«Ертегі кейіпкерін білесің бе?» ойыны.

Мақсаты: 10-ға дейін ретімен санауды бекіту. 1-ші, 2-ші ұғымдарымен, алдында, артында, соңғы түсініктерімен таныстыру.

Көрнекілік: Сандар, «Шалқан», «Бауырсақ» ертегісі кейіпкерлері.

№1. Ойынның барысы: Әр топтағы ертегі кейіпкерлерінің санын анықтау. Қораптан керекті сандарды алып, кейіпкерлерді ретімен белгілеу.

№2. Ойынның барысы: Кейіпкерлердің сандармен ретін анықтау, «Шалқан», «Бауырсақ» ертегілері бойынша бірінші, екінші, үшінші, алдында, артында, соңғы т.б. түсініктерін қолдана отырып ертегіні әңгімелеу, бос тор көздерге кейіпкерлерді орналастыру.

Көлем және өлшем туралы түсініктерін дамыту:

«Зейінді бол» ойыны.

Ойынның мақсаты: Ұзын және қысқа ұғымдарын бекіту; логикалық ойлауын дамыту.

№1. Ойынның барысы: Балаларға карточкалар таратылады. Балалар ұзын – қысқа заттардың суреттерін көрсетеді, атайды.

№2. Ойынның барысы: Балаларға ұзын – қысқа заттардың суреттерін немесе ойыншықтарын қарастыруды ұсынады. Әр суретте не бейнеленгенін анықтау. Өлшемі ұзын затты көрсеткенде балалар орындарынан тұрады, қысқа затты көрсеткенде бастарын төмен түсіреді т.б..

Қорыта айтқанда, ойын түрінде берілген материал зерде қызметі бұзылған баланы жан – жақты дамытуға, психикалық, әлеуметтік денсаулығын сақтауға, балалардың зейіндерінің көлемін кеңейтуге, тіл кемістігін түзетуге, дене тәрбиесі тұрғысынан оңалтуға, қарапайым білім мен дағдыларды меңгертуге, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытуға жәрдем етеді. Балаларға көп салмақ түсірмеуге, сабақты ұтымды ұйымдастырып өткізуге, әр баланың жеке ыңғайын таба білуге, мүмкіншілігін ашуға, оны жүзеге асыруға көп көмектеседі.

Алынған ойындар мен ойын түрінде берілген тапсырмалар жүйесі оқушылардың қызығушылығын оятып, жұмысты ынтамен, сапалы түрде орындауға жағдай туғызды. Құрастырылған ойындар мен тапсырмалар жүйесі және ойын түрінде жүргізілген жұмыс жалпы математикалық түсініктер мен дағдылардың бұзылуының алдын алу және түзету жұмысында пайдалылығын білдіртті.

Қоянды ауылының №1 ЖОББМ-нің тарих пәнінің Савилхан Меруерт

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының бала тәрбиесіндегі орны

Қазақтың ұлағатты діни ойшылы Қазақтың бірегей тарихи ұлы тұлғасы Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің (1858–1931 жж.) жеке өмір баяны әр қилы сырларға толы. Жасынан білімге деген құмарлығы белгілі бола бастайды. Ақын өз ғұмырында ел аузындағы аңыз-дастандарды, ертегілерді, қиссаларды жинап, одан басқа өзінің шығармашылығынан туындаған жазбаларын жазып қалдырған. Осындай шығармашылыққа толы өмірі көзі тірісінде - ақ аңызға айналғаны белгілі. Барлық өмірін болашақ ұрпаққа мол рухани мұра қалдыруды мақсат еткен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзінің ғұмырын өнегелі тіршілікке айналдырады.

Сондықтан оның барлық рухани мұрасын зерттеу және осындай асыл перзентінің ұлағатты өмір жолы мен ерең еңбегін лайықты бағалау, құнды тұстарын қордалау кейінгі ұрпақтың міндеті.

«Сөз өнерінің зергері» деген еңбекте ақынның төмендегідей өмірбаяны кезеңдендіріп, келтірілген 1858 жылы қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Қызылтау бауырында, Найзатас деген жерде туған. 1863–1868 жылы баянауылда Байжан қазіреттің ұйымдастыруымен ашылған медреседе Нәжмедтин молдадан дәріс алады. 1866 жылы Шорманның Мұсасы Адам Жүсіпке «Мәшһүр» қастерлі атау беріп, азан шақырып қойған аты Адам Жүсіп Мәшһүр Жүсіпке алмастырылды. Ел арасы әкесі Көпжасарды «Көпей» атап, сонымен Адам Жүсіп қазақ тарихына Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы болып енді. 1868–1872 жылы Қамар әд-Дин қазіреттен дәріс алады. 1871 жылы «Исабек

Ишан» атты жоқтауы шығады. 1872 жылы алғаш рет Атбасар, Қызылжар маңын жайлайтын Қуандықтың Алтай, Тоқа елдерін аралап, көне мұраларды жинап, ел мен жер көруге, жұртпен танысуға жолға шығады. 1872 жылы күзінде Бұқарға барып, Көклән медресесінде оқиды. 1875 жылы Қызылтауда бала оқытады. 1881 жылы Қызылжарда ғалым В.В. Радловпен кездеседі. 1885 жылы «Мұса Шорманұлы» деп аталатын жоқтауы шығады. 1887 жылы 29 жасында Ташкент, Бұқар қалаларына барып, білімін көтереді. 1888–1895 жылдары бірінші қазақ газеті «Дала уалаяты» бетінде Мәшһүр Жүсіптің мақала мен өлеңдері жиі шығып тұрды. 1888 жылы елді өнер үйреніп, білім алуға шақырған өлеңдері шыға бастайды. Соның бірі: «Мал бақ, егін де сал, сауда да қыл, бостан-бос жүрме деймін құр далада» деген өлеңі. 1891 жылы Омбы, Павлодар, Семей қалаларына жақын орналасқан қазақ ауылдарын аралап, шежіре-дерек жинайды. 13 I бөлімі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өмір жолы 1893 жылы патшаның зұлым саясатына қарсылық білдірген өлеңдері мен мақалалары баспа бетіне шығады. 1894 жылы 36 жасында Орта Азия елдеріне екінші рет саяхатқа шығып, сан-алуан тарихи дерек жинайды. 1895 жылы «Гүлшат», «Шеризат», «Ғибратнама» аталған еңбектері жарыққа шығады. 1896 жылы Жидебайға барып, ұлы Абай ағасына сәлем береді. 1905 жылы бұқаралық-демократиялық ақын екенін танытатын батыл өлең-жырларын жаза бастайды. 1906 жылы «Қанды жексенбі» өлеңін жазады. 1907 жылы Қазан қаласында Хусаиновтар баспасынан «Сарыарқаның кімдігі екендігі», «Тіршілікте көп жасағаннан көрген бір тамашамыз», «Хал-ахуал» атты үш кітабы жарыққа шығады. 1907–1908 жылдары Патша заң орындары Мәшһүр Жүсіпті қамауға алуға бұйрық береді. 1908–1910 жылдары Самарқан, Бұқарға тағы да саяхатқа шығады. Ол сапардан оралған соң, араға аз уақыт салып Еділ, Жайық, Ресей еліне барады. 1911–1914 жылдары «Айқап» журналында Мәшһүр Жүсіптің өлең, мақалалары жиі басылып тұрады. 1915 жылы бәйбішесі Рәбиға қайтыс болады. 1916–1931 жылдар аралығында Мәшһүр Жүсіп Ескелдіде елді қабылдап, барлық білгенін қағазға түсірумен болды. 1907–1912 жылдарғы қатты қуғындаудан кейін үйінен алысқа ұзап шықпапты. 1923 жылы «Қажымұқан» деп аталған жоқтауы шығады. 1930 жылы көзі тірісінде асын бергізеді. 1931 жылы 27 қарашада өз қыстауы Ескелдіде елмен кешу алысып, келіні Ақ Зейнепке өсиетін айтып, ақ батасын беріп дүние салады. 1952 жылы «Мәшһүр Жүсіптің ішінде 21 жыл денесі ашық жатқан Ескелдідегі кесенесі қиратылсын» деген Кеңес үкіметінің қаулысы шығады. Қазақ тарихында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының алар орны ерекше. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қазақ халқының ұлы ойшылы, атақты фольклортанушы, этнограф, тарихшы, философ, дінтанушы, 14 Мәшһүр Жүсіп Көпеев қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі көрнекті тұлғасы ретінде қалыптасты. Ақын жастайынан шығыс әлемінің білімімен сусындап, араб және парсы тілдерін жетік біліп, басқа да шет тілдерді терең меңгерген. Өзі өлең жазумен қатар, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап бастырумен де айналысты. Шежіре мен айтыс, көптеген тарихи жырды хатқа түсіріп, кейінгі ұрпаққа аманат етіп қалдырды. Ғұламаның басты мақсаты әрі өмірінің негізіне айналған ой – қазақ халқын сауаттандыру болды. Кейін Мәшһүр Жүсіп

Көпейұлы орыс тілін меңгеру арқылы Батыс өркениетінің ғылыми жаңалықтарымен танысқан тарих, этнология (шежіре нұсқалары), фольклористика ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған, әдебиет (ақындық), тіл тарихы, этнография (қазақ халқының салт-дәстүрі туралы шығармалар), философия, медицина (емшілік, дәрілік өсімдіктер туралы), космология ғылымы салаларына арналған ұлан-ғайыр еңбек жазып қалдырды. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы әкесі Көпжасардың 42 жасында, шешесі Ұлбаланың 18 жасында, 1858 жылы қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы Найзатас деген жерде ережеп айы, жұма күні, бесін уақытында Көпей шаңырағында дүниеге келген. Туғанда азан шақырып қойылған есімі – Адам Жүсіп. Кейіннен 9 жасында қисса-дастандарды жатқа айтып, ел көзіне түскен кезде жиынды шақырып отырған Мұса Шорманұлы Адам Жүсіпті ұнатып, тақиясына үкі таққызып: «Өз заманында халқына Мәшһүр болатын бала екен» – деп, лепес қылуымен Мәшһүр Жүсіп атанып кетеді. 1858 жылы қыста Көпей Сермұхаммедұлы керуен тартып жинаған табысына мал алып, Қызылжардан көшіп келіп, Қызылтауға қоныс қонады. 1861 жылы Адам Жүсіп 3 жасқа толғанда, әкесі Көпейдің малы жұтқа ұшырап, «ақ сирақ» болып шығады. Сонда Көпей Сермұхаммедұлы: «Адамға мал жолдас болмас, ғылым жолдас», – деп, ұлы Адам Жүсіпті оқуға береді. Өзінен кейін келер ұрпаққа мол рухани мұра қалдырған алаш азаматының бірі – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының осылай оқу-білім жолы басталады. Мәшһүр Жүсіп жасында ауыл молдасынан дәріс алып, хат таниды. Бес жастан «бісімлла» деп жаздым хатты, Бұл тағдыр 15 I бөлім. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өмір жолы жастай тиді маған қатты, деп ақынның өзі айтқандай, ол бес жасынан бастап-ақ молдадан хат танып, Баяндағы Байжан Смағұлұлының медресесінде Нәжімалдин хазіреттен, кейін 8 жасында Қамариддин хазіреттен оқи бастайды. 1870 жылы Қамариддин хазіреттің медресесінде, одан кейін Бұхарадағы діни жоғары оқу орнында оқып білім алады. Молда бір ғана дін сабағын емес, араб, парсы, шағатай тіліндегі кітаптарды да қатты қадағалап оқытады. Кітап тың тек қарасын танытып қоймай, ішкі мазмұнын, мән-мағынасын тәптіштеп түсіндіреді. Арабтың, парсының тілін үйретеді. Мәшһүр бір жыл ішінде хат танып, өнер-білімге, әдебиетке құмар болып өседі. Жеті-тоғыз жасында «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» сияқты халық жырларын, шығыс қиссаларын жатқа айтады. Сол себепті де Мәшһүр деген атқа ие болады. «Мәшһүр» арабша белгілі деген мағынаны білдіреді. Медресе оқып жүрген кезінде ол балалардың алды болып, 15 жасынан бастап өзі өлең жаза бастаған. Жасынан өнер білімге, әдебиетке құмар болған жас ақын ауыз әдебиеті үлгілерімен жас кезінен танысып халықтық жыр-дастандарды жаттап өскен. Мәшһүр Жүсіптің: «Айрылдым дәл он бесте ақыл естен, Жабысып бір дауасыз ауру төстен», деген жыр жолдарына қарағанда оның ақындық жолға бой ұруы, алғашқы шығармашылық қадамы он бес жасында басталған. Ол туралы ақынның өзі: Жабысты маған өлең он бес жаста, Жұрт айтты: «Не қыласың» – деді таста. Дегенмен қоя алмадым үйренген соң, Мінім жоқ қылған жұртқа мұнан басқа. Шүкірлік, бергеніңе, құдай патша, Он бесте шабыттандым

жүйрік атша. Бір күндер ұйықтап жатқан мезгілімде, Кеудеме өлең толды сызған хатша –

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы 1875 жылдан бастап біраз уақыт оқытушы болды. «Дала уалаяты» газетіне өлеңдері мен мақалаларын жіберіп тұрды. 1875 жылдан бастап ол оқытушы бола жүріп, шығармашылық жұмыспен айналысады. Мәшһүр Жүсіп 1875 жылдан бастап біраз уақыт ауылда бала оқытып, қаражат 16 Мәшһүр Жүсіп Көпеев жинайды. Білімін толықтыру мақсатымен 1886 жылы Бұхараға келіп, діни жоғары оқу орнында оқиды. Сосын оқуын Ташкентте жалғастырады. Мәшһүр Жүсіп 1887–1890 жылдары бірнеше рет Орта Азияны аралап, Самарқанд, Ташкент, Түркістан, Бұхара қалаларында болады. Ол бір жыл Бұхарада тұрып оқып, білімін толықтырады. Араб, парсы, шағатай, түркі тілдерін үйренеді. Өзбек, тәжік, және т. б. тілдерді де біледі, әдет-ғұрпын түсінеді. Көптеген ғылыми кітаптарды оқып, танысады. Шығыстың классикалық әдебиетінен сусындаған ол осы жылдары Қазанға сапарға аттанып, түрколог ғалым В. Радловпен танысып, ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаумен айналысты. Кейін уақыт өте келе ойшыл қазақ фольклорының ең жүйелі жинақтаушысы болды. Орта Азия қалаларына шеккен сапарының тағы бір құнды нәтижесі – сол өңірлердегі тарихи әңгіме, аңыз, шежіре сөздерінің жазылып алынуы. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өзі дерек жинастыру қызметін ерте кезден бастаған. Ә.Х. Марғұлан хаты бойынша, «Ер Олжабай батыр» жырын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы 7 жасар бала кезінде 1865 ж. Сақау ақынның айтуынан жазып алған. Бұған ұстазы Қамар хазіреттен қисса-дастандары қағаз бетіне көшіруі де әсер еткен. 1887 ж. Бұхар сапарының барар жолында Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауидің басындағы Әмір Темір салдырған көк күмбезін көреді, Ташкенттегі Зеңгі Ата кесенелерін көріп, қайтар жолында Шу мен Сырдария, Ұлытау, Кішітауды, Есіл мен Нұраны асықпай аралап сапар шегеді. Одан әрі Сыр өңірін аралайды. Майлы қожамен жолығады, жеті атасынан бері ақындық үзілмеген дуана қожа Көшек, Күдері қожа тұқымдарымен танысады. Ол өлең жазумен қатар, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап бастырумен де айналысты. Шежірелер мен айтыстарды, көптеген тарихи жырды хатқа түсіріп, кейінгі ұрпаққа аманаттады. 10–15 жасынан бастап-ақ өлең жазып, хат жазарлық болғаннан-ақ Мәшһүр Жүсіп халық әдебиетін ел аузынан да, қағаз бетінен де жинаумен айналысты. Жар-жар, аужар, бата, ұлағатты сөздер, ертегі, аңыздар, діни қиссаларды жинап жариялады. Соған қоса, «Гүлшат–Шеризат», «Ғибратнама», «Шайтанның саудасы» сияқты Шығыс дастандары үлгісін және бірнеше тарихи жырларды жинайды. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өмір жолы хаттады. «Ер Көкше», «Сайын батыр» жыр-дастандары мен Бұқар жырау, Шортанбай, Орынбай, Шөже, Жанақ, Сақау секілді ақын жыраулардың әдеби асыл мұраларын хатқа түсірді. Бұқардан қалған сөз маржанын Мәшһүрге дейін хатқа тұтас түсіруші болмаған еді. Одан кейін Шу мен Сырдан өтіп, Ұлытау мен Кішітауды басып, Есіл мен Нұраны жайлап, мекен қылған жұртты аралайды. Осындай екінші сапарына Мәшһүр Жүсіп 37 жасында, яғни 1895 жылдар шамасында шықса, үшінші сапары 49 жасына (1907) сәйкес келеді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының саналы ғұмырында бір сәт те қолынан қаламы түсіп көрмеген, бір жағынан

жазып, екінші жағынан өнер-ғылым үйреніп, жатпай-тұрмай ізденіс үстінде болды. Мәшһүр Жүсіптің «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Хал ахуал», «Тіршілікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» атты үш кітабы 1907 жылы Қазан қаласындағы Құсайыновтар баспаханасынан басылып, жарыққа шықты. Кейін ол баспаханадан шыққан 14 қалам иесінің еңбегін цензура сотқа тартады. Соның ішінде Мәшһүр Жүсіптің жоғарыда аталған үш кітабы да бар. 1906–1907 жж. М.Ж. Көпейұлы шығармашылығының идеялық жағынан тереңдей түскен дәуірі. Бұл жылдары жазған шығармалары тегісінен қазақ халқының бостандық, саяси-экономикалық құқықтарымен байланысты болып келеді. Мәшһүр Жүсіптің «Сарыарқаның кімдікі екендігі» атты кітабы тұтас халқымыздың ішкі-сыртқы жағдайын толғайтын дүние. Бұл еңбек 1907 жылы баспадан шықса да 1917 жылы сәтті бастама көтерген алаш азаматтарының ой-арманымен тоғысып, үйлесіп жатыр. Ақын діннің, жердің, малдың кеткенін, елдің азып-тозып нашарлағанын айта келіп: «Күн батысы – Сырдария, күншығысы – ұзын аққан Ертіс, оңтүстігі – Жетісу өзені, солтүстігі – Еділ, Жайық. Бұл қазақ иесіз жатқан жерге келіп ие болған жоқ, ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен кеше Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, қаз дауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек заманында жаннан кешіп, сусын орнына қызыл қан ішіп, жаудай алысып, жаттай салысып, күні-түні атысып, қара қанға батысып, шыбын жанын нысанаға байлап, не маңғаз, сарбаздары жау жолында оққа ұшырап өліп, сөйтіп алған жері еді», – десе, халқының қамын жегені белгілі. 18 Мәшһүр Жүсіп Көпеев 1912 жылы патша әкімшілігінің цензурасы назарына Мәшһүрдің 1907 жылы бастырылған кітаптары алынып, татар аудармашысының тәржімалауынан кейін үш кітаптың екеуінің мазмұны Ресейдегі патша билігіне қарсы мақсатта жазылған деп танылып, 1912 жылы екінші рет басылған 3 кітап баспаханың өзінде «тұтқындалынып», 12 000 сом айып салынып, 14 кісі айыпқа тартылады. 1912 жылдан бастап қудалана бастағанда, өзінің жинаушылық жұмысын тоқтатпайды. Мәшһүр Жүсіптің өмір сүрген тұсы-бір рудың малын екінші бір рудың елі барымталап, шетке шыққан жылқы-сиырын сіңіріп кете беретін, әлсіздің күні қараң, күштінің сөзі жүріп тұрған феодалдық қоғамның нағыз қаны тамып тұрған кезі еді. Қысы-жазы ауыл маңы айғай-шу, бос дүрмек. Сол заманда қазақ ішінде оқу іздеп, өнер қуып жүрген бір де бір жасты көре алмаған ақын халыққа қарап: Қазағым, өнер ізден, ұрлық-зорлық, Қыласың бір-біріңе неге озбырлық, Болғаннан алты ауызды ынтымақсыз, Басыңа келген жоқ па талай қорлық – дейді [11, 60 б]. Ақынның бұлай айтуға тұрарлық айрықша бір ерекшелігі, өлеңдерін жазып кітап қылып баспадан шығарғандығы. Ол әрбір жырын қағаз бетіне түсіріп, рет-ретімен тәртіптеп, ықтияттап жинап отырған. Оның алғашқы өлеңдері «Дала уалаяты» газетінде 1889 жылдан бастап жарық көре бастады. Ақын 1889 және 1890 жылдар аралығында бірнеше мақаламен қоса, бес өлең жариялады. Олар мыналар: «Әңгіме», «Бәрі қысқа, еркін дүниеге келеді екен», «Кедейлікке үш қырсық оралады», «Күн шықпай ерте тұрып», «Білмейді ел өнерлісін аулақ болар». Бұл өлеңдердің бәрінің сарыны ортақ, ой арнасы біреу – ол жастарды еңбекке, өнер-білімге, егін салуға, сауда істеуге шақырады. Ал, ел ішінде бос тентіреп

кәсіпсіз жүрген кейбір жастарды сынап мінейді: Әр істі ойлау керек әуел бастан, Не пайда өнер жоқ жігіт жастан [12, 50 б]. 19 I бөлім. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өмір жолы Осылай дей отырып, еңбек етпейтін, сыбай-сылтаң жүрісті жандарды ұрыспай, сөкпей, тілдемей, жай ғана сыпайы сөзбен ұялтып, қызартады. Оларға «мынадай бол, мынадай істе» деп те ақыл айтпайды. Тек қана еңбек ет, еңбек адам баласының – анасы дегенді меңзейді. Ел үшін туған ерлер ғылым-білімге, сауаттылыққа шақырған. «Қазақта бір надандық бар. Біреу перзентсіз, баласыз болса: – «Құдай бермеген соң, қайтесің?!» – дейді. Құдай неге бермейді, ол бермейтін сараң ба, жоқ, біреуді балалы қылып, біреуді баласыз қылып, алақол етікші ме, алақол ұста ма? Ай мен Күндей, әмбеге бірдей құдайдың құдайлығы. Ол екеуінен неше мың есе артық, әмбеге бірдейлігі, құдайда алалық жоқ» – деп, Мәшһүр адамның бұл дүниедегі рөлін, оның қабілеті мен күш-жігерін былай деп түйеді: – «Осы дүниені адам көркейтпек, құдайдың құдайлығын жұрт көзіне адам түсірмек». Тақуа Мәшһүр Жүсіп өз заманында «Алланы бір, пайғамбарды хақ», – деп ғұмыр кешкен. Исламның бес парызы, біреуі – иман, Таппайды бұл бесеуін, дүние жиған. Ықтият, шын ниетпен жұмыс қылып, Ерлерді айт Құдай үшін, жанын қиған – деп толғап қана қоймай, өзі де шарифат жолымен жүрген адам. Мәшһүр Жүсіп шайтанды молдаларша, – «Дербес малғұн, жұрт көзіне көрінбей жүріп азғырушы», – деп қарамайды. «Ағаштың бойында гүрілдеп ағып жатқан өзен – адамның денесіндегі қан. – Әй, жігіттер, естерінде болсын, оны «шайтан» – дейді. Ол бір кесек нәрсе емес, денеңе арам қан боп кіріп, жүрегіңе барып, жүрегіңді толқытып, өзіңді бұзады. «Шайтан» деген өзіңнің арам ойың...» Мәшһүр Жүсіп дүниеден озғанға дейін өзінің жылын өткізеді. Ол 1932 жылдың тақсіретке, қасіретке, қырғынға толы екендігін күні бұрын білген. Мәшһүр Жүсіп көзі тірісінде, яғни 1930 жылы мәңгілік мекенін екі бөлмелі етіп салдырады. Өзі қадағалап, жөн жоба сілтеп отырады. Тәрдегі бөлмесіне өзін жерлеуді және ашық қоюды өсиет етеді. Қырық жылға дейін денесі сол қалпында сақталатындығын және жыл сайын жаз айында ақ дәкемен орап Мәшһүр Жүсіп Көпеев отыруды ескертеді. Сонан соң, кіре беріс бөлмеге Құранын, кітаптарын, ыдыс-аяқтарын, ер-тоқым, ат әбзелдерін, басқа да өзі тұтынған заттарын сақталсын. Мұнысы олай-бұлай жүрген жолаушылар пайдалансын дегені. 1952 жылы Қазақстандағы безбүйрек, құзғын саясаттың зұлымдық әрекет – кесірінен Мәшһүр атаның қабірі, үйі қопарылып тасталған. Ақынның 1907 жылы Қазан қаласында Құсайыновтар баспасынан үш бірдей кітабы жарық көрді. «Хал-ахуал», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Сарыарқаның кімдікі екендігі» атты шығармаларында қазақ халқын өнер-білімге баулу, елде мектеп, медреселер ашу, жер тағдыры, т. б. өзекті мәселелерді көтерді. 1990 жылы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының таңдамалы 2 томдығы, 1993 жылы «Қазақ шежіресі» атты еңбегі жарық көрді. Ақын мұрасы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының қолжазбалар қорында сақтаулы. Тіршілікте жолы болмаған, қиянат шеңгеліне ілінген, болашағынан үміт ететіндер, жақсылық, адамшылық, имандылық жолын ұстаушылар, Бір Алланың ақ жолын мұрат тұтқандар, ақыл-ойы кемел естілер әулие Мәшһүр Жүсіптің мавзолей-зиратына келіп, дұға оқып, құрмет

етеді. Ғұлама ақынның шөбересі Әсет Мәшһүр Жүсіп өмірі туралы, оның айтуымен жазғандар – шәкірті Мәнәнұлы Иманғали, жиені Қасенғали Жүсіпов (құйма құлақ) туралы, «Қара жәшік» жазбасын араб әрпінен бүгінгі әріпке аударған құдасы Алдабергенұлы Төлепберген ақсақал туралы мол дерек жинап, тәрбиелік мәні бар көлемді еңбек жазды. Бүгінде ғұлама әулиенің мұрасын насихаттау бағытында әртүрлі шара ұйымдастырылып келеді. Мәшһүртану мен Мәшһүр Жүсіп оқулары жыл сайынғы дәстүрге айналып, жас ұрпақ ұлы ғұламаның еңбектерін санасына терең сіңіруде. Заманында қатарынан озық туған көрнекті тұлға ақындығымен қатар тарих, әдебиеттану, өлкетану, шежіре жинақтау салалары бойынша мол мұра қалдырды. Бірақ өкінішке орай ақынның қолжазбаларының көбі түрлі себеппен сақталмаған. Әсіресе, Кеңес заманында көптеген шығармасы қасақана құртылды. Мәшһүр Жүсіптің ел ішінде көріпкел-әулиелігімен танылғаны белгілі. Оған өзінің дүниеден қайтатын ай-күніне дейін дәл біліп, бір жыл бұрын асын бергізгені. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өмір жолы кетуі дәлел. Ақынның шығармалары жиырма том болып басылып жатыр. Бірнеше диссертациялар да жызылды. Ғылыми мақалалар көптеп шығарылуда. Зерттеуші ғалымдардың пайымдауынша, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының зерттелмеген мұрасының өзі әлі талай ұрпаққа рухани азық болары сөзсіз. Соңғы уақытта Мәшһүртану ісі қолға алына бастады. Ақынның туған немерелері филология ғылымдарының докторы, профессор Қуандық Мәшһүр Жүсіптің зерттеу еңбектері және Сүйіндік Көпеевтің ғұмырнамалық естелік – деректері мерзімді баспасөз беттерінде жарық көріп отырды. 2001 жылы Павлодар қаласында қасиетті Мәшһүр Жүсіп атындағы орталық мешіт ашылды. 2003 жылы С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің алдындағы алаңда қоладан бюст-ескерткіші орнатылды. 2006 жылы Мәшһүр Жүсіп әулиенің басына зәулім де әсем кесене тұрғызылды.

Ұлы бабамыздың жастарға тәрбиелік мәні бар: – «Жігіт күнінде жаннан кеш те іс қыл, өлсең өлерсің, өлмесең адам болып шығарсың», – деп қайсар рухын ұрандай ұсынып, қазақ халқының маңдайына қасқайып біткен азаматының ішінде Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің алар орны ерекше. Өзі өмірден озса да, артына мәңгі өшпес рухани мұра қалдырған қасиетті Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы бабамыздың мұрасының бізге және бізден кейін келер талай ұрпаққа берері мол екені сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алдабергенұлы Т. Дала тарихы. Мәшһүр Жүсіп өмірінің соңғы күні // Төртінші билік. – 2013. – № 16–17 (29 сәуір–6 мамыр). – 6 б.
2. Бейсетаев Р. Ақселеу Сейдімбек Әйтеке би туралы. Мәшһүр Жүсіп жазбасын талдау // Төртінші билік. – 2013. № 44(116) (16 қараша). – 9 б.
3. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қазақ, қырғыз һәм хандар шежіресі. – Алматы: Ол-Жас ЖШС, 2004. – 80 б.
4. Көпеев М.Ж. Қазақ шежіресі. – Алматы: Жалын, 1993. – 76 б.
5. Алпысбес М., Аршабек Т., Қасен Е., Кейкі Е. Көне Көктау, байырғы Баянаула байтағының тарихы. – Астана: Парасат әлемі, 2005. – 480 б.

6. Алпысбес М. Сүйіндік Айдабол бидің ұрпақтары. – Қарағанды: ҚарМУ басп., 2010. – 476 б
7. Мәшһүр Жүсіп. Қазақтың түбі кім болады. Мәненұлы Иманғали көшірмесі, араб әрпінен аударған Алдабергенұлы Төлепберген. Қолжазба, Баянауыл кенті.
8. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Мәненұлы Иманғали жазбасы, араб әрпінен аударған Алдабергенұлы Төлепберген. Қолжазба, Баянауыл кенті.
9. Сөз өнерінің зергері. Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2008, 6–7 б.
10. Көпейұлы М. Таңдамалы. – Алматы: «Ғылым», 1990. – 5-бет.
11. Көпейұлы М. Таңдамалы. – Алматы: «Ғылым», 1990. – 60-бет.
12. Көпейұлы М. Таңдамалы. – Алматы: «Ғылым», 1990. – 50-бет.
13. Пазылов Ә. Бабалар ғұмырнамасы және Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. – Екібастұз: «Prima Lux», 2007. –

**Астана қ. Кемел Ақышев атындағы № 69 мектеп- гимназиясының
қазақ тілі мен қазақ әдебиет пәні мұғалімі
МУКУШЕВА АҚМАРАЛ БАЛТАШОВНА**

ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАНЫҢ ШЫҒЫСТАНУҒА КӨЗҚАРАСЫ

Ұлы Даланың дара тұлғаларының бірі Әлкей Марғұлан бұл дүниеге жоғары ғылыми миссиямен келіп, оны абыроймен атқарды. Көрнекті ғалым, үлкен жүректі тұлға қазақтың тарихы мен мәдениетін дүниежүзілік қауымдастықтың игілігіне айналдырған еңбектерімен танылды. Сондықтан Әлкей Марғұланның өмірі мен ғылыми мұрасын зерттеу және жас ұрпаққа насихаттау осы мақаланың басты мақсаты болып табылады.

Қазақтың ғалым-археологы, этнографы, этнологы, антропологы, Шоқантанушы, ғылыми қайраткері Әлкей Хақанұлы Марғұланның ғұмырнамасын қарастыру өзекті мәселе.

Әлкей Марғұлан 1904 жылы 11 мамырда (ескі үлгі бойынша 28 сәуірде) қазіргі Павлодар облысы Баянауыл ауданына қарасты Көктөбе ауылының маңындағы №2 ауылда дүниеге келген. Ол Абылайханның ту ұстаушысы Олжабай батырдың шөбересі. Орта жүздегі Арғын тайпасының Сүйіндік руының Айдабол тармағынан шыққан.

Олжабай батырдың тікелей ұрпағы екенін үнемі мақтан тұтатын. Академиктің бұл арғы атасы да баянауылдық қазақ жерін жоңғарлардан қорғаған. Бұл өлке әсем сұлу табиғатымен, Жасыбай көлімен қазақ халқына танымал. Оның отбасысы орта қолды шаруалар болған. Профессор, тарих ғылымдарының докторы Уахит Шәлекенов Әлкей Марғұланның ата-анасы өз заманына сай білімді, шығыстың мәдениетімен таныс адамдар болған. Әкесі Хақан өз заманында халық өнерін танушы ретінде атағы шыққан. Әжесі Аймен халық композиторы Тәттімбеттің жақын туысы болған. Болашақ ғалым бес

жасында оқып жазуды үйренген әкесі Хақан мен шешесі Нүріл өз заманының ғұламалары болған. Олардың үйіне сол кездегі далаға танымал Абайдың, Жаяу-Мұсаның, Тәттімбеттің, Ақан серінің және басқа да дала ақындарының өлеңдері мен жырлары шырқалды. Әжесі Әймен атақты композитор Тәттімбеттің туысы болғандықтан балалары мен немерелерінің бойында ән өнеріне деген сүйіспеншілігін оятты. Әлкейдің шешендігі мен қабілетіне таңғалған ауыл тұрғындары одан дастан оқуды қайта-қайта сұрайтын. Балалық есте сақтау қабілетінің арқасында ол «Қобланды», «Алпамыс», «Көрұғлы», «Қозы Көрпеш пен Баян-Сұлу», «Мұңлық-Зарлық» дастандарын жатқа білген. Ә.Марғұлан Мәшһүр Жүсіп, Жаяу Мұса, Иманғайдың батасын алды. Әлкей Хақанұлының өзі айтқандай: «Менің ғалым болып қалыптасуыма С.Торайғыров, Әбікей мен Қаныш Сәтбаев, Хәкім Иманбеков, Жағыпар Секербаев, Жаяу Мұса сынды тұлғалар әсер етті».[8]

Ғалымның өмірін зерттеушілердің айтуы бойынша, ХХ ғасырдың 40–70 жылдары қазақ совет ғылымының қалыптасу кезеңінде Әлкей Марғұланның өмірі ауыр және қиын соқпақтарға толы болғанымен, қазақ ғылымы мен мәдениетінде үлкен із қалдырды.«Марғұлан – ғылымдағы ерекше құбылыс» деп кеңестік археолог А.Массон ерекше атап өтті. Әлкей Хақанұлы Марғұлан археологияға, Қазақстан тарихына, этнографияға, қазақ ауыз әдебиетінің дамуына үлесін қосқан жан-жақты ғалым болды. Бірақ, әрине, ол, әсіресе,өзінің кәсіби қызметінде көрнекті ғалым болды.Соңғы қола дәуіріндегі металлургияның алғашқы даму орталықтарының бірі болған аймақ Орталық Қазақстанның Беғазы-Дәндібай мәдениетін ашқан археолог еді.

Алайда, Әлкей Марғұланның ғылыми-шығармашылық тұлғасының бірегейлігі, оның кендігі мен жан-жақтылығы, дүниеге ақындық көзқарасы оны тек тарихшы-ғалым ретінде ғана емес, әдебиеттанушы ретінде де сипаттайды.Ежелгі Шығыстың философиялық ойының өкілдері – Омар Хайям, Әл-Фараби және т.б. ақын-ғұламалардың еңбектерін талдай отыра, Марғұлан ірі зерттеуші ретінде бүкіл саналы ғұмырын туған өлкенің бай тарихын зерделеуге, қазақ фольклорының әдеби мұрасын, мәдениетін, этнографиясын, археология материалдарын жинақтауға арнады.

Ғалымның ғылыми мұрасын зерттеу – біздің тікелей парызымыз болумен қатар, Ә.Х.Марғұланның ұлылығына тағзым етіп, оқып, ғалымды дәріптеу арқылы халыққа кеңінен танытып, мұрасын насихаттау. Әлемге әйгілі ғалымның ғылыми ерлігі, ол өз халқына, тарихына, тіліне, әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне деген сүйіспеншілігі мен халқының мәдениетін әлемге көтеруінде.Академик Марғұлан атындағы халықаралық қор ғалымның мұрасын 14 томға біріктіріп жариялады.

Бүгінгі таңдағы түркология түркі халықтарының тілін ғана зерттеп қоймай, тарихын, әдебиетін, фольклорын, этнографиясын, философиясын, өнерін тұтастай да, саралап та зерттейтін кешенді ғылымға айналып отырғаны мақтаныш сезім ұялатады.

Кеңес дәуірі кезеңінде түркі әлеміне байланысты зерттеулерге қойылған кейбір шектеулерге қарамастан, түркология ғылымына қызығушылық танытып, мәселенің зерттелуіне айтарлықтай үлес қосқан ғалымдардың, оның

ішінде қазақ ғалымдарының орны ерекше. Осындай ғалымдардың бірі және бірегейі – академик Әлкей Марғұлан.

Отызыншы жылдардан бастап Ә. Марғұланның зерттеу нысаны болған эпостық жырлар Қазақстан туралы жазған еңбектерін зерттеп, оларды ауыз әдебиеті саласындағы зерттеулерімен сабақтастыра отырып қорытынды жасау әдісін қолданған. Тіпті, ауыз әдебиеті үлгілерін, оның ішінде ертегілер мен жырларды өзара салыстыра отырып, жыр мотивтерінің ұқсастық, ерекшелік жақтарын, мотивтің алғашқы және кейінгі іздерін халықтардың қоғамдық, экономикалық тарихын негізге ала отырып зерттеген.

Ә.Х.Марғұлан – қазақ фольклорын, оның ішінде, қазақтың тарихи жыр-аңыздарына сүйене отырып, тарих пен этнографияны байланыстырып, тарихи фольклорды алғаш рет кешенді түрде зерттеген ғалым. К.Ақышевтің пайымдауынша, «археология мен этнографияны және фольклорды ұштастыра білген Әлкей Марғұланның ғылымға сіңірген еңбегі қызық кітаптың айқарма беті сияқты». Осы кітап уақыт озған сайын құнын еселей арта бермек [1, б.45].

Ә.Марғұлан өзінің «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Ежелгі жыр-аңыздар» атты еңбегінде: «Ғасырлар бойы сахарада айтылып келген ертегі-жырларды, аңыз әңгімелерді ең алғаш шығарып таратқан, сахараны қоныстанған әртүрлі көшпелі түркі тілдес елдер еді. Олардың ішінде жұртшылық майданынан белгілі орын алып, тарихта көрнекті ат қалдырған жұрттар, ескі дәуірден шолып қарағанда, ғұн мен сақтар, үйсін мен қаңлылар, қырғыз бен ұйғырлар жұрты болмаса, өзгенің барлығы тарихи дәуірлерде бүгінгі қазақ даласында тіршілік жасап, олардан тараған рулардың көпшілігі бері келе қазақ елінің іргесін құруға негіз болды. Сондықтан бұл айтқан ескі рулар жасаған мәдениет бұйымның іздері де, оның ішінде қазақ жыры, эпос, ою-өрнек, сәулет өнері туындылары, бүгінге дейін Қазақстан жерінде жақсы сақталып, олардың жұртшылық салты, елдік заңы, барлық рухани тіршілігі де көбінесе қазақ елінің тұрмысында ашығырақ сақталғанын» анықтады [2].

Фольклордың этнографиямен тығыз байланысты екенін, олардың өзара этностың тарихын зерттеуде бірін-бірі толықтырып отыратындығын академик Ә.Х. Марғұлан өз зерттеулерінде дәлелдеді [3, б.144]. Бұған ғалымның 1946 ж. қорғаған «Қазақ халқының эпикалық әңгімелері (миф, легенда, ертегі-жыр, аңызды әңгімелер) туралы тарихи-әдебиеттік зерттеулер» атты докторлық диссертациясы [4] және 1985 ж. жарық көрген «Ежелгі жыр-аңыздар» атты ірі монографиялық еңбегі дәлел [2]. Бұл еңбектерде Әлкей Марғұлан алғаш рет халықтың жыр-аңыздарын тарихи дерек ретінде пайдаланып, кешенді тұрғыдан зерттеген. Сонымен қатар осы тарихи жыр-аңыздарында қазақ халқының генезисін және өсіп-өрбу жолдарын кеңес дәуірінде алғаш айтқан ғалымдар қатарына жатады.

Ауыз әдебиетінің бай қазынасы Әлкей Хақанұлына әр кездері ой салып, ғылыми терең түйіндер жасауға көмектескенін көреміз. Сондықтан да ғалым халық ауыз әдебиеті үлгілерін үздіксіз және ерекше қадірлеп, көңіл қоя зерттеді. 1931 ж. С.Ф. Ольденбург, А.Н. Самойловичтердің басшылығымен Кеңестер Одағы халықтарының ауыз әдебиетін жинастырып, бірнеше том жинақ шығару мәселесі көтеріледі. Осы кезде Ә.Х. Марғұлан қазақ эпосы мен

жыр аңыздарын орыс тіліне аударып, жария ете бастайды. Ғалымның алғашқы аударған еңбегі «Ер Тарғын» жыры [3, 145 б.].

Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба және сирек кездесетін кітаптар қорында Әлкей Хақанұлы 1939, 1941 жылдары жинап тапсырған жетпістен аса қазақ ертегілері сақталған [5].

Ә.Марғұланның пайымдауынша, ел аузында айтылатын эпос жырларының жыр түрі бірте-бірте ұмытылып, қара сөзбен айтылатын ертегіге айналған. Оның мысалы ретінде «Ер Көкше», «Шора», «Қобыланды» жырларының қара сөз түріндегі нұсқаларын келтіруге болады. «Ер Төстік», «Арғы мерген», «Қара мерген», «Ақ Көбек» сияқты бүгінде ертегіге айналған эпикалық әңгімелер бір кезде эпос жыры болғанына Ә.Х. Марғұлан шүбә келтірмейді. Бұлар бергі феодалдық дәуірде жаңа мазмұн алып, алғашқы қауымдық құрылыс дәуірі кезіндегі сюжеті біраз өзгерген.

Ә.Марғұлан өзінің «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Ежелгі жыр-аңыздар» атты еңбегінде: «Ғасырлар бойы сахарада айтылып келген ертегі-жырларды, аңыз әңгімелерді ең алғаш шығарып таратқан, сахараны қоныстанған әртүрлі көшпелі түркі тілдес елдер еді. Олардың ішінде жұртшылық майданынан белгілі орын алып, тарихта көрнекті ат қалдырған жұрттар, ескі дәуірден шолып қарағанда, ғұн мен сақтар, үйсін мен қаңлылар, қырғыз бен ұйғырлар жұрты болмаса, өзгенің барлығы тарихи дәуірлерде бүгінгі қазақ даласында тіршілік жасап, олардан тараған рулардың көпшілігі бері келе қазақ елінің іргесін құруға негіз болды. Сондықтан бұл айтқан ескі рулар жасаған мәдениет бұйымның іздері де, оның ішінде қазақ жыры, эпос, ою-өрнек, сәулет өнері туындылары, бүгінге дейін Қазақстан жерінде жақсы сақталып, олардың жұртшылық салты, елдік заңы, барлық рухани тіршілігі де көбінесе қазақ елінің тұрмысында ашығырақ сақталғанын» анықтады [2].

Ауыз әдебиетінің бай қазынасы Әлкей Хақанұлына әр кездері ой салып, ғылыми терең түйіндер жасауға көмектескенін көреміз. Сондықтан да ғалым халық ауыз әдебиеті үлгілерін үздіксіз және ерекше қадірлеп, көңіл қоя зерттеді. 1931 ж. С.Ф. Ольденбург, А.Н. Самойловичтердің басшылығымен Кеңестер Одағы халықтарының ауыз әдебиетін жинастырып, бірнеше том жинақ шығару мәселесі көтеріледі. Осы кезде Ә.Х. Марғұлан қазақ эпосы мен жыр аңыздарын орыс тіліне аударып, жария ете бастайды. Ғалымның алғашқы аударған еңбегі «Ер Тарғын» жыры [3, 145 б.].

Ә.Марғұланның пайымдауынша, ел аузында айтылатын эпос жырларының жыр түрі бірте-бірте ұмытылып, қара сөзбен айтылатын ертегіге айналған. Оның мысалы ретінде «Ер Көкше», «Шора», «Қобыланды» жырларының қара сөз түріндегі нұсқаларын келтіруге болады. «Ер Төстік», «Арғы мерген», «Қара мерген», «Ақ Көбек» сияқты бүгінде ертегіге айналған эпикалық әңгімелер бір кезде эпос жыры болғанына Ә.Х. Марғұлан шүбә келтірмейді. Бұлар бергі феодалдық дәуірде жаңа мазмұн алып, алғашқы қауымдық құрылыс дәуірі кезіндегі сюжеті біраз өзгерген.

Ә. Марғұлан ғұндардың Европа елімен қарым-қатынаста болғаны тек тарихта жазылып қоймай, Европа елдерінің ұлы эпос жырларында, ежелгі аңыздарында да сақталып келгендігі туралы жазды.

Ә. Марғұлан «Ғұндар туралы әдемі хикаялар әсіресе Скандинавия жырларында, мадьярдың қария сөздерінде жиі кездеседі. Ғұндардың бейнесі Скандинавияның «Ұлы Эдда», «Кіші Эдда» сияқты жырында дүниежүзілік әдебиеттің сюжеті болып табылған. «Ұлы Эдда» жырының бас геройы – Шығыстан Европаға келген алып ер. Ол өзі төзімді, өзі кемеңгер, өзі ел басқарушы, жылқы өсіріп, қымыз ішеді, көрмеде мүсін аттары байлаулы тұрады, ерлікті 12 жасынан бастаған атақты алып тұлға, алып ер Еділ» - дейді [2, б.60].

«Манас» жырын терең зерттеген Ә.Х. Марғұлан «Эдда» жырында Еділді ұлап өлтіру тәсілі Манасқа өте ұқсас, – деп жазды. Сонымен қатар, ғалым: «...Қазақ, қырғыз, алтай эпосында кейіпкердің бір ойлаған, мақсатты ісіне жете алмай, қамыққанда, қиын түс көріп, толғау сөздер айтуы» жөнінде ғылыми пікірін білдірген. Ә. Марғұлан жазуында мұндай аңыз да «Нибулин» жырында кездесіп отырады. Еділ өлерінің алдында түс көріп, оның өмірден өтетіні қолынан ұшып кеткен ақ сұңқар құс бейнесінде алдын ала сездіріледі, бақшадағы ағаштары солып қалғандай болады. Бұл аңыз ғұндардың айтуынан алынып, «Ұлы Эдда» жырына қосылған. Мұндай толғау айту қырғыздың «Манас» жырында, қазақтың «Орақ» жырында көркем түрде берілген. Демек, Шығыс пен Батыс елін жақсы танып, өзінің тарихы, мәдениеті әрі бай, әрі көркем, дүниежүзілік әдебиетке үлес қосқан ғұндардың жәйі осындай» [2, б.61].

Ә. Марғұлан эпостық ертегілерді Қазақстан аумағында сақталған ежелгі тас кешен, ер, алып тұлға иесіне сай алып сын тастар, мұнаралы бейіттер, молалардың жасалу тарихын археологиялық жағынан дәлелдеу арқылы, V – VII ғасырлардан жеткен құлпытастардағы жазуларда сақталған деректермен салыстырады, яғни, материалдық мәдениет пен рухани мәдениетті қатар алып, бір-біріне дәлел, байланыс іздей отырып, біртұтас немесе бірлікте қарастырады.

Ә. Марғұлан «Манас» жырының бір бөлігі – «Көкетай ертегісінің» Шоқан аударған орыс тіліндегі нұсқасын қырғызшадағы түпнұсқамен салыстыра отырып қазақша аударғаны өте ұтымды шыққаны белгілі [6]. Осы бөлімде ас беру дәстүрінің табақ тарту, тайлақ тарту, сауын айту секілді элементтеріне баса назар аударған. Сауын айту – қазақтағы ірілі-ұсақты астарға тән, әбден қалыптасқан дәстүр, төңіректегі және алыстағы ауылдарға ас берілетін күн туралы хабарлау

«Манас» жырында сауын айтумен тығыз байланысты әдемі суреттің бірі өзен бойын шалқыта тігілген үйлер, қонақ күтіп алатын даяшылар, құнан шаптырым жерге созылта қазған жер-ошақтар, үлкен сойыс, тау-тау қылып табақ тарту суреттері кездеседі. Осы суреттерге орай қанша сойыс қылуды, қанша ат шаптыруды, қандай жұлде тартуды, сауын айта бара жатқан кісі жол жөнекей жариялап отырады. Көкетай асына сауын айтқан Бөкмұрын асқа шақырылған Ер Қосайға, Айтқожаға, Манасқа, Ер Көкшеге, Ер Төстікке, Ер

Бағысқа: «Сұр құнандай күлігін немесе Темір тұяқ, жез білек, ырғай мойын көк ала алып келсін шабысқа, озса, бәйге алсын, озбаса, тамаша көрсін де», – деп шарт қояды.

Осы сауын айту туралы Ә. Марғұланның «Архивтегі жазбалар» атты мақаласынан да: «Керей Құлжабайдың асын береміз деп сауын айтуға екі кісі жіберілгенін, онда бас атқа бәйге сыйы төрт жүз бұйым – жүз жылқы, жүз қой, жүз теңге ақша, жүз кез мата, екінші аттыкі екі жүз кез бұйым, жүз теңге ақша, үшінші атқа – жүз теңге, жиырма бір атқа дейін бәйге болатынын хабарлатқандығынан», - мәлімет аламыз [7,б.190].

Академик Ә.Х.Марғұлан – Шоқан Уәлихановтың қазақ өмірбаянын жазған тұңғыш жазушылардың бірі. Оның тікелей қатысуымен оқырмандар алғаш рет шығармаларымен танысты көрнекті ғалым, ағартушы.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ақышев К.Археология атасы // Ғұлама. Әлкей Марғұлан туралы естелік мақалалар, очерктер жинағы.– Павлодар: ЭКО, 2004.-45 б.
- 2.Марғұлан Ә.Х. Ежелгі жыр аңыздар.Алматы:Жазушы, 1985.-368 б.
- 3.Билял А.Б. Академик Ә.М. еңбегіндегі қазақ халқының жыр-аңызының этнотарихи мұрасы // Көшпенділер өркениеті мен рухани мәдениетінің тарихы атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Павлодар: ЭКО, 2004.-269 б.
- 4.Марғұлан Ә.Х.Қазақ халқының эпикалық әңгімелері туралы тарихи-әдебиеттік зерттеулер:ф.ғ.д.дисс.-Алма-Ата-Москва,1946.//Ә.Марғұлан шығармалары.Алматы:Алатау. -2007.- том- 488 б.
- 5.ҚР ҒА ҚСҚК//шифр:к-112,195,198,202
6. Марғұлан Ә.Көкөтайдың ертегісі // Манас жырының Шоқан жазып алған бөлігі. Аударған Марғұлан Ә.Алматы: Жазушы,1973.-111 б.
7. Марғұлан Ә. Архивтегі жазбалар// Жұлдыз.-1985-№7.
- 8.Археолог, удививший мир науки. Как АлькейМаргулан изучал историю древних кочевников // интернет<https://e-history.kz/ru/prominent-figures/>

**К. Ақышев атандағы №69 мектеп-гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Нуралина Сағыныш Аширвна**

Мәшһүр Жүсіп шығармашылығы және Қаныш Сәтбаев

Қазақтың маңдайына біткен белгілі ақыны, фольклоршы, тарихшы, этнограф Мәшһүр-Жүсіп Баянауылдың Қызылтау деген елді мекенінде дүниеге келген. Ақынның азан шақырып қойылған есімі – Адам Жүсіп екенін екінші бірі біле бермейді. Жастайынан білі мен өнерге жақын болған Мәшһүр қазақ әдебиетінің фольклор саласына етене зерттеп, ел ықыласына бөленді. Өз кезеңінде Шорман әулетінен бата да алды.

«Жаңбырмен жер көгерер, батамен ер көгерер.» – демекші, Баянауыл жерінде дүниеге келген ұлы тұлғалардың жетістікке жетіп, биік белестерді

бағындыруы сәйкестік емес. Оның нақты дәлелі ретінде Мәшһүр-Жүсіптің - немересі, филология ғылымының докторы, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің кафедра меңгерушісі, профессор Қуандық Мәшһүр-Жүсіповтың «Егемен Қазақстанның» 2002 жылдың күзіндегі басылымына берген сұхбатында Жүсіп ағамызға Мәшһүр сөзін кім, қашан қосып бергені жайлы жауабын алдым. Онда «Ағамыз бес жасында хат танып, жеті-сегіз жасында қисса-дастандарды өз бетінше оқи аларлық дәрежеде болған. Оның үстіне ауылға келген қонақтардың өзін әдейі сөйлету үшін тілін қызықтап қойған сұрақтарына бала Жүсіп әрі қысқа, әрі нұсқа түрде тақылдап тұрып нақпа-нақ жауап береді екен. Бір күні Көпей бағамыздың үйіне атақты Мұса Шорманов келіп ат басын тірейді. Шай ішіп отырған болыстың назары кенет о замандағы мүлдем сирек әдет, тіпті жоқ деп айтуға болатын жәйт – қолтығына кітап қыстырып шауып жүрген бүлдіршінге ауады. Қызығып ананы-мынаны сұрайды. Жеткіншек сол жерде қонаққа «Ер Тарғын» жырының бір тарауын жатқа айтып береді. Бұған қайран қалған әрі қойған сұрақтарына ойлы да орнықты жауап берген кішкентей Жүсіпке риза болған Мұса Шорманов кетерінде: «Мынау өзі бір болайын деп тұрған бала екен. Тіл-көз тимес үшін тақиясына үкі тағып қойыңдар. Аман-есен ер жетсе бүкіл елге танылып, мәшһүр болады әлі. Иә, мәшһүр!» деп аттаныпты [1. 142 б.]. Ал, үкіні неге тақтыңыз? дегенінде –Үкіні таққызған себебім, үкіні біздің қазақ жүйрік атқа тағады, қыран құсқа тағады, сұлу қызға тағады. Мәшһүр-Жүсіп солардың бірінен кем бе? – деп жауап беріпті. Бұл болған оқиға. Өйткені ол ағамыздың: *Бес жаста бісмиллә айтып, жаздым хатты, Бұл дүние тастан маған қатты батты. Сегізден тоғызға аяқ басқан кезде, Мұса еді қосақтаған Мәшһүр атты,* – деген өз өлең жолдарында да бар» деп жазылған [2. 142 б.].

Осыдан талай жыл өткен соң қазақтың үлкен қайраткері, ақын әрі діни һәм рухани ілімнің шамшырағы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы ел аралап, қазақтың ескі сөзін хатқа түсіріп жүргенінде, Ақкеліннің маңында асық ойнап жүрген бір топ баланы көріп, сырттай жасөспірімдердің ойынына тамсанып тұрса керек. Сонда әлгі балалардың ішінде маңдайы жарқыраған, көзі өткір, шаштары қалың бір қараторы ерекше көзге түсіпті. Асықты иіріп, шиіріп, бала біткенді аузына қаратып, нақыл сөзін, аталы сөзін айтып тұр екен. Ақ бураны мінген әулиекең: «Айналайын, бері кел!» деп топ ішінен көрінген бірегейді жанына шақырып, аты-жөнін сұрапты. Баланың сөзіне, тәтті тіліне, зеректігіне риза болып: «Талабың оңғарылсын!» деп ақ батасын берген екен [3. 201 б.]. Міне, сол ойын баласы Ақкеліндегі Мұса Шормановтың мектебінен қаріп танып, білім алған Қаныш Сәтбаев болып елге танылады. 1920 жылы Қазақ Республикасының алғашқы автономиясы құрылғанына орай 1921 жылы Жасыбайдың жағасында үлкен той болады. Бұл тойды Қаныш Сәтбаев басқарыпты. Тойға шақырылған қонақтар қатарында Қажымұқан Мұңайтпасов, Майра Шамсутдинова, Иса Байзақов, Мәшһүр Жүсіп және т.б. белгілі адамдар болыпты. Сонда Пайғамбар жасындағы Мәшһүр ағамыз 22 жастағы Қаныштың басқарушылық, ұйымдастырушылық қабілетіне тәнті болып: «Тайдың жорғасы түйе болады, Жігіттің жорғасы еліне ие болады. Өз

көзім көргенде, өз тұсында Шорман баласы Мұсадан жорға озған жоқ. Осы күнгі жастарда Қаныш Сәтбаев – адамның жорғасы. Тірі болса, тірі жүрсе, бақты, талайлы болатұғын жігіт. Өлі Мұсаға Құдай рахмет қылсын, тірі Қаныштың өміріне Құдай береке берсін!» – деп батасын берген көрінеді [4. 214 б.]. Қазіргі таңда біз көбінесе ұлы тұлғалардың өсіп-жетілген, толған шағын ғана байқаймыз. Абай, Қаныш, Мәшһүрлерді талқылағанда тек ақын, ғалым, фольклоршы деп танымыз. Ал оларды осындай биік дәрежеге қалай, кімнің арқасында жетті деген сұрақ оқушы ретінде мені қызықтырды. Ал мұндай мәліметтер қоғам арасында көбіне назардан тыс қалып отырады. Оған нақты көзімді жеткізу үшін арнайы сауалнама дайындап, мектептегі 55 оқушының жауаптарына талдау жұмысын жүргізіп көрдік. Сауалнамаға жүгінсек, оқушылардың бар болғаны 2,6%-ы, яғни тек 2 оқушы ғана «М.Ж.Көпей бата берген ғалым?» сұрағына дұрыс жауап берген. 96,4% қате жауаптардың ішінде оқушылардың жартысынан астамы Ш.Уәлихановты, 43,6%-ы К.Ақышевты белгілеген.

Ал «Адам Жүсіпке «Мәшһүр Жүсіп» атағын берген кім?» сұрағының жауаптары тіпті нашар нәтиже көрсетіп, дұрыс жауаптар үлесі 0%-ды құрады. Оқушылардың көпшілігі немесе 41,8%-ы бұл сұраққа Құнанбай әулеті, 34,5%-ы Әуез әулеті нұсқаларын таңдап, жаңылысқан. Сауалнама нәтижелері көңіл көншіктіретін болмағандықтан, осы жұмысым арқылы жас ұрпаққа батаның қазақтың ұлы есімдерін жалғайтын көпір екендігін, оның халықтың бір-біріне беретін моральдық қолдау мен тәрбиенің бір бөлігі екенін насихаттауды ұсынғым келеді. Шындығында қазіргі таңдағы қазақ жастары да рухани демеуді талап етіп, оны тіпті шетел әдебиетінен Луиза Хей сияқтылардан іздеп жүргенін байқаймыз. Әрине, шетел әдебиетін оқыған да артық емес, дегенмен өзіміздің төл тұлғаларымыздан үлгі алып, жастарымыз өз менталитетімізбен тәрбиеленсе, нұр үстіне нұр болар еді. Қазақ тарихынан, әдебиетінен тұнып тұрған мотивация алуға болатынын осы жұмысыммен дәлелдеп, ел ішінде көп таралмаған Қаныштың тұлға болып қалыптасуындағы Мәшһүр атамның батасын қоғамға кең насихаттағым келеді. Оған қоса, өз жұмысқа Қаныш атын қосқан негізгі себебім ғалымның биылғы төл мерекесіне, 125 жылдығына орай М.Жүсіп шығармашылығындағы Қаныш атын Ұлы даламыздың ұлы есімі ретінде еске алғым келген ойымнан еді. Егер біз қазақ фольклорындағы батаның рөлін танитын болсақ, қазақ арасынан әйгілі жастар көптеп шығады деп сенемін. Қазіргі жаһандану заманында ежелден сақталған мәдени мұраларымыз бен салт-дәстүрлерімізді сол қалпында жалғастыру жолында жасаған зерттеуімді Қазақстанның жарқын болашағына қосқан үлесім болады деп үміттенемін.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қолжазба – 657 папка, № 13 дәптер, 14 бет.,
2. <https://anatili.kazgazeta.kz/news/24938>
3. Сәрсекеев, М. Медеу. Сәтбаев [Текст] : монография
Медеу. Сәрсекеев. - Алматы : Жалын, 1988. - 526,[1] б.
4. Заңғар: Қ. Сәтбаев туралы естеліктер.- Алматы: Айқос, 1999.- 314, [1

Нурьшова Фарида Сулейменовна
Кемел Ақышев атындағы
№69 мектеп-гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
педагог-зерттеуші

МӘШҰР ЖҮСІП КӨПЕЕВ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ

Қазіргі таңдағы қоғам мен әлеуметтік ортаны ойландырып отырған үлкен мәселелердің бірі - ұрпақ тәрбиесі екені белгілі. Ел болашағы үшін бүгінгі қазақи салт-дәстүрлерді сақтай отырып, ұлттық құндылықтарды дәріптеузаман талабына айналды. Бүгінгі жастарға ұлттық тәлім-тәрбиені мүмкіндігінше қазіргі заманмен үйлесімді, әрі тиімді жағдайында беруіміз қажет. Жастарымызды ұлттық сезімге, білімге, ұлтжандылыққа тәрбиелеу үшін өткен тарихымызға бойлап қарап, ұлтымыздың қамын жеген және халықтың болашағы үшін ұрпақ тәрбиесіне үлкен мән берген зиялы қауым өкілдерінің педагогикалық ақыл-ойын, пікірлерін, тәрбиелік тәжірибесін зерделеп, олардың ұрпаққа деген өсиеттерін жетілдіріп пайдалануымыз керек. Осы орайда, адамның, оның болмысының жасырын құпия мүмкіндіктерін ашу үшін үнемі тәрбиелік күш-қуатын аямай еңбек еткен тұлғалардың бірі ретінде-Мәшһүр Жүсіп Көпеевті айтуға болады.

Ұлттық құндылық, ұлттық тәлім-тәрбие жайлы сөз болғанда М.Ж.Көпеев үш мықтыны атап кеткен болатын. Сол үшеуі біріксе, бізден мықты ел болмасы анық, біреуі әлсірей бастаса, мәселелер туындай бастайтыны жайлы ой қозғаған. Олар: тіл, дін, діл мәселесі еді. Осы үшеуі төңірегінде ой өрбітіп көрейік.

Мәшһүр Жүсіп: «Әкесі-қазақ, шешесі-қазақ тілін өзі білмейді, өзінің білмейтұғындығын тағы білмейді. Жаһил мүр-а каббе болып жүріп: «Сарт тілін, араб тілін білемін!»- деп, әуре болады екен де, «Ит жаманы- аңда жоқ, даңда да жоқ»- дегендей, екі орта бос қалады екен. Бұл ойлады: «Бұл оқу оқымақтан мақсат - мұнымен дүние тауып алмақ, бай болмақ, қатын алмақ, ағаш үй салмақ, мал малданып, жал жалданбақ екен!»- деп, тілдің болашағына алаңдап, құран оқу үшін арап болу шарт емес екенін ескертеді. Сондықтан да үйде және мектепте қазақ тіліне көп көңіл бөлген абзал. Елдің ертеңіне кепілдік болар жас буынның бойына сіңіріп, ойына руханиялықтың дәнін дер кезінде егу-біздің парызымыз. Мәшһүр Жүсіп халықтың сана-сезімі мен ұлтжандылықты ояту үшін алдымен ұлттың тілі мен тарихын, әдебиеті мен болмысын өрістету керек екенін сезініп, ұлт мұрасын уағыздауды мақсат тұтқан. Ағартушы: дін де осында, ғылым, білім де осында, әулиешілік те осында деп тіліміздің өте бай екенін айтқан болатын. Өкінішке орай, арадан қанша уақыт өтсе де, өзінің өзектілігін жоймай тұрған тақырыптардың бірі болып қалып жатыр. Тіл түзелсе, елдігіміз де түзелмек демей ме? Ендеше бұл әлі де болса шешімін таппай жатқан мәселе болып қала бермек.

Қазақтың ең шұрайлы, құнарлы жайылымдарын орыс мұжықтарына беріп қана қоймай, ел ішіне миссионерлер таратып, қазақтарды ислам дінінен және

бүкіл рухани, дәстүрлі идеяларын шеттету әрекеттері жүзеге асырыла бастады. Әрине, мұндай сыңаржақты саясат көптеген қазақ зиялыларының ашуын тудырған еді. Ал Мәшһүр Жүсіптің арманы әділетсіздік пен зұлымдық, кемшілік пен жоқшылықтан ада, жұрты өз қабілетіне қарай дамып, өсіп-өнетін жаңаша мемлекеттің орнауы еді.

Ақын:

Керек істі көрмейді өз басына,
Соқыр деп салдым соны сөз басына.

Дәнемені өз көзі көрмеген соң,

Жұқтырар соқырлығын жолдасына-деген жолдарды оқи отырып, қазіргі қоғамда дін мәселесіне байланысты болып жатқан талай шикіліктің себебі-білімсіздік екенін,өзі соқыр бола тұра, басқа біреуге жол нұсқаушы адамдардың көбейгенін, аңқау елге арамза молдалардың ішінара тарап кеткенін сынға алғандай. Педагог-ағартушы өз заманындағы көпшіліктің басына сәлде ораған татар, сарттың барлығын үлкен қажы, молдаға теңеп, жаппай балаларын соларға оқуға беруін сынаған болатын. «Дүмше молда дін бұзар» деп халқымыз айтпақшы, басына сәлде орап, қолына таспиқ ұстап, жұрт үстінен күн көретін кейбір сумақай шала сауатты қожа-молданың бойындағы мақтаншақтық пен даңғойлық мінезді әшкерелеп суреттеген. Қазақ даласына келген ондай жалған молдалар білім ордасына түсініксіз нәрселерді үйрететіндерін автор өз мақаласында дөп басып көрсетеді. Бұл мәселенің барлығын тілге тиек ету арқылы Мәшһүр Жүсіп Көпеев қоғамға, халыққа, оның болашағына өзінің шынайы жанашырлығын көрсетеді.

Мәшһүрдің түсінігінше, Аллаға деген сүйіспеншілік – бұл тек жақсылық пен әсемдік, адамшылық пен адалдық, діни жоралғыларды атқару ғана емес, жалпы оның жаратылысына деген махаббат. Яғни тек шынайы махаббат адам бойына адалдық пен әдептілік, қамқорлық пен мейірімділік қасиеттерін тудырады. Жалпы моральдық жауапкершілік, тәубешілік қасиеттердің адам бойынан, оның рухани әлемінен табылуы ар-ұяттан, иманнан екені анық. Жастарды ақылмен ойлап, іс жасауға, түзу жүріп, адамдық жолдан таймауға, жақсы мен жаманды, пайда мен зиянды ажыратуға, өзінің қадір-қасиетін қастерлеуге, надандардан қашық болуға үндейді. Еш нәрсенің парқын білмейтін, ынтасыз, немқұрайдылығы мен жалқаулығы - ерік-жігері мен өмірге талпынысы жоқ өнерсіз адамнан өзін алшақ ұстауға үйретеді. Педагог-ағартушы өзінің еңбектері мен шығармаларында рухани-адамгершілік, имандылық тәрбиесіне, оқу-білімге, бұл дүниеде озық өмір сүруге жол сілтеген ұлы тұлға. Бұдан шығатын қорытынды, ұлт жанашырының қозғаған бұл мәселесі еліміздің ұлттық құндылығын әлсірету жолында әлі де өзекті болып тұрғанын баршамыз білеміз.

Үшінші мәселе ретінде, М.Ж. Көпеевтің ұстанған мақсат-мұраты– елінің келешегі үшін, жарқын өмір үшін еңбек етіп күресетін имандылық, игілік, адамшылық қасиеттерді биік көтеріп жүретін жастарды тәрбиелеу. Ол өзін жастарға арнайды:

«Өнерге өзінді-өзің ерте баулы,

Жастықтың бір күн көшіп кетер аулы»-деп кез келгенге уақтының қадірін біле отырып, үнемі алға ұмтылу керектігі айтылғандай.

Ақын: «Балаға жақсы адамдардың мінезін мақтап, ұқтырып құлағына сіңіріп, жаман адамдардың мінезін жамандап, ондайды жек көрсетіп, баланы жастан бағу керек» дейді. Оның бұл идеясы қазіргі кезеңдегі ғылыми педагогика дәлелдеп отырған, тәлім-тәрбие үдерісі тәрбиеленушінің адамдарға, қоршаған әлеуметтік және табиғи ортасына, заттарға жақсы қатынас қалыптастыруы дейтін тұжырымымен үндес келеді екен. Адамның тұлға ретінде қалыптасуы үшін тәрбиесінен бөлек қоршаған ортасының әсері өте маңызды екенін аңғартады. «Біз бекер еріншектікке, наным-сенімге бой алдырамыз. Адамдардың бәрі де ғылымды қадір тұтқан», - дей келе, білім алып, кәсіп игерген адам әр нәрсенің ебін тауып еңбек етумен іскерлігі мен біліктілігін жетілдіре отырып, бұл өмірде өз орнын табуға мүмкіндік алатынын айтады. «Жарамайды, бір ноғайға еріп, хатшы болған, бір сартқа еріп, қосшы болған, шала хат таныған, бұзылған, жаман жерлерде оқыған, өзі бұзылған адам баланы да бұзып жібереді. Сонан соң ол бала өмірінде түзелмей кетеді» деп жастардың көрсеқызарлығымен қоса кейбір ата-аналардың бала тәрбиесінде жіберіп жатқан қателіктері туралы кеңінен сөз қозғайды.

М.Ж.Көпеев бойынша таным өте күрделі. Ол санаға, жүрекке, жетіп, көкірек көзінің айқара ашылуына тікелей себепкер болу керек дейді. Себебі қазіргі уақытта қазақ жастарының жүріс-тұрысы мен мінез-құлықтарында өзге елдерден енген кірме мәдениеттердің көріністері бой көрсете бастағанын сынға алады. Бұл қасиеттер қазақи дүниетанымға қарама-қайшы және қазақ қоғамы үшін қатерлі дерттің бірі деуге болады. Еліктеушілік қасиет қазіргі күні де өз өзектілігін жоймай, ұлттық құндылықтарды дәріптеуде аяқтан тартып тұрған кеселдің бірі дер едім.

Баланы оқу-білімге беріп, заманынан қалдырмай тәрбие беру мәселесін уақытысынан қалдырмай ерекше көңіл аударып отыру қажеттілігіне мән бере келе, Мәшһүр Жүсіп Көпеев тәрбиенің құдіретті күшін жоғары бағалай алады. «Шығады асыл-тастан, өнер-жастан,

Тәрбие тәуір болса әуел бастан» дей отырып, баланы 6-7 жасынан білімге, оқуға құштарлығын арттыру керектігін айтады. Қазақ ағартушыларының көрнекті өкілі ретінде ол рухани-адамгершілік бағытты насихаттады. Руханилық жеке адамға өмір мәнін береді, одан адам не үшін өмір сүретініне, өмірдегі орны қандай, қайырымдылық пен зұлымдық, ақиқат пен адасу, сұлулық пен сикысыздық не деген сұрақтарға жауап табады. Ақынның пайымдауы бойынша, рухани өмір-бұл адамның ұмтылысы және сол орынға аз болса да сәйкес болу үшін ерінбей-жалықпай өзі-өзі тәрбиелеуі.

Жалпы қазақ ақын-жазушыларын толғандырған мәселелердің бірі – адам. Адамның толыққанды жетіліп, нағыз адам болуы. Ғұлама Абай «Кемел адам» десе, исламда «Көркем мінезді адам» дейді. Ал Мәшһүр Жүсіп «Түгел адам» деп қарастырады. Біз осы кісілер аңсаған кемеліне жеткен көркем мінезді, түгел адам болуымыз үшін бар мүмкіндік жасалса да, неге кері тартып жүрміз деген сұрақ туындайды.

Қорыта келсек, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің рухани мұрасының негізгі мақсаты – адамды адамгершілік тұрғыда жетілдіру, парасатты, ізгілікті адам тұлғасын қалыптастыру. Адам баласы өмір бойы ізденіп, рухани және кәсіби жетілу үстінде болуы керек. Әрбір адам тәрбиені өзінен бастаса, өзінің кем-кетігін түзетіп, түгел адам болуға әрекет жасаса, сонда қоғамдағы барлық қайшылықты мәселелер шешіледі, әлеумет түзелері анық. Осы ретте ақынның адамтану бағытындағы рухани даму, кемелдену туралы шығармалары адам үшін, қоғам үшін қазіргі заманда да өте құнды дер едім.

Аннотация

Бұл жұмыста ағартушы Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің ұлттық мұралары арқылы жастарды тәрбиелеу жолдары ұсынылған. Ақын өз шығармаларында жастардың бойында қазақи ұлттық тәлім-тәрбиені сіңіру арқылы еліне деген, ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру жолдары ұсынылған. М.Көпеевтің кеңестеріне құлақ түре отырып, біз баланы тәрбиелеу барысында қажетті көптеген пайдалы ақпараттарды ала аламыз.

Аннотация

В данной работе представлены пути воспитания молодежи через отечественное наследие известного просветителя М.Ж.Копеева. В своих произведениях поэт предлагал пути повышения любви к стране и нации путем привития молодежи казахского национального воспитания. Прислушиваясь к советам М. Копеева, мы можем получить много полезной информации, необходимой в процессе воспитания ребенка.

Annotation

This work presents ways of educating young people through the domestic heritage of the famous educator M.Zh. Kopeev. In his works, the poet proposed ways to increase love for the country and nation by instilling Kazakh national education in young people. By listening to the advice of M. Kopeev, we can get a lot of useful information necessary in the process of raising a child.

Библиографиялық тізім:

- 1.Аңсабаев Д. «М.Жүсіп шығармаларының тәрбиелік мәні» «Ізденіс- Поиск» 2003 ж 184-190 б
2. Дәуітұлы С. «Халықтың інжу маржаны-ай» Қазақ әдебиеті 1992 ж 156
- 3.Саурықова Ж. «Ж.Көпеев дүниетанымы және тәлім-тәрбиелік мұралары». Монография.-Тараз, 2017 ж.-264б.

**«Қоянды ауылы №2 жалпы
орта білім беретін мектебі» КММ
Бастауыш сынып мұғалімі
Бекей Жансәуле**

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы - атақты ақын

Мәшһүр Жүсіп он бес жасында медреседе оқып жүріп өлең жаза бастайды. Он бес жастан кейінгі өмірінің бәрін дерлік өлеңмен сөйлеген деседі. Ол туралы ақынның өзі былай дейді:

Жабысты маған өлең он бес жаста,
Жұрт айтты: «Не қыласың» - деді баста
Дегенмен қоя алмадым үйренген соң,
Мінім жоқ қылған жұртқа мұнан басқа.
Шүкірлік, бергеніңе, құдай патша,
Он бесте шабыттандым жүйрік атша.
Бір күндер ұйықтап жатқан мезгілімде,
Кеудеме өлең толды сызған хатша.

Академик М. Қаратаев та ХХ ғасырдың бас кезіндегі ақындардың творчествосын саралай келіп: «М-Ж Көпеевтің қазақ әдебиетінде әрі ақын, әрі жинаушы ретінде алатын орны ерекше» - деп бағалапты. («Қайта қарауды қажет ететін мәселе», «Қазақ әдебиеті» (1956).

1888 жылдан бастап жас ақынның өлеңдері мен мақалалары қазақтіліндегі тұңғыш баспасөз үні «Дала уәлаятының газетінде» жиі жариялана бастайды. Мәшһүр Жүсіп 1905 жылғы патша манифесінің жалғандығын әшкерелейді, елдің уақытша көзін бояу үшін шығарылған жалған бұйрық екенін де ешнәрседен тайсалмай қазақ ақындарының ішінде алғашқысы болып толғайды. 1907 жылы Қазандағы Хусайыновтар баспасынан Мәшһүр Жүсіптің «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Хал-ахуал» деген үш кітабы бірінен соң бірі басылып шығады. Бұл кітаптарында қазақ халқының басына түскен ауыр хал мен тұрмыс тауқыметтері, жоқшылық пен теңсіздік шынайы көрсетіліп, әлеуметтік өмірдегі келеңсіздіктер мен қайшылықтар өткір сынға алынады, жастарды оқу-білімге, өнерге шақыру үні айқын сезіледі. Осы әрекеті үшін де ақын қуғынға ұшырайды. Профессор Ә.Қоңыратбаевтың: «Мәшһүр Жүсіптің жоғарыдағы үш кітабының заңға ілігіп, таратылмауы, оны басып шығарған Хусайыновтарға 12 мың сом ауыр айып салынуы, ақынның камалушылар тізіміне ілігіп, ел ішінде бұғып жүруі осыдан» деген сөзі өте орынды. (Қазақ КСР Ғылым Акаднимиясы кітапханасының қолжазбалар қоры, П-№1173, 16 бет).

Мәшһүр Жүсіптің ақындығы сан салалы, өлеңдеріне арқау болған тақырып та әр алуан. Айталық, Мәшһүр ақын көпшіліктің берекесін алатын, жарастығын бұзатын озбырларға үнемі қарсы тұрып келіпті. Жан-жағын

жұтып жіберердей алара қарайтын бай-шонжарлар, қысы-жазы ауыл маңы айғай-шу, бос дүрмек, оқу іздеп, өнер қуып жүрген бірде-бір жастарды көре алмаған ақын халыққа қарап:

Қазағым, өнер ізден, ұрлық-зорлық,
Қыласың бір-біріңе неге озбырлық?

Болғаннан алты ауызды ынтымақсыз,
Басыңа келген жоқ па талай қорлық? - деп ел ішінің ауыр жағдайын, береке-бірлігі жоқ жүдеу қалпын ашына айтады.

М-Ж Көпеев өлеңдерінің айрықша бір қасиеті - қарапайымдылығында. Ол ерекше бояу, тыңнан жаңалық іздемейді, жұртты таңырқата қояйын деген ой ақында атымен жоқ. Ақынның сөзі - жүрек түбінен шыққан сөз. Ақын сөз өнерін өте жоғары бағалаған. Адам баласы мен адам баласының табыспайтын, жақындаспайтын ұғыспайтын кезі болмайды. Өйткені, бірінің ішкі жан сырын бірі сөйлесу арқылы түсінеді дей келіп:

Кем емес кейбір сөзім жанған шоқтан,

Өркімге ауыр тиер атқан оқтан.

Ұшқан құс, жүгірген аң - жануарлар,

Атанды бәрі хайуан - тілі жоқтан, - деп адамның

ғажайып құдіретін,

оның жарық дүниенің қожасы екенін әдемі сипаттаған. Мәшһүр Жүсіптің бөліп айтуға тұрарлық бір ерекшелігі - өлеңдерін жазып шығарған. Ол әрбір жырын мұқият қағаз бетіне түсіріп, рет-ретімен тәртіптеп, шашау шығармай тиянақтап ұстаған.

М-Ж Көпеев қазақтың өз заманының ақындарымен де таныс, сырлас болыпты. Ақан серімен бірнеше рет кездескенін, онымен сырласып, пікір алысқанын айта келіп, былайша тебірене сөз етеді: «Ақан серінің Құлагері өлген соң бұрынғы серілік мінезді қалдырып, көп бас қосатын ас, жиын-тойға жүрмейтін, бармайтын болып, дүние махаббатынан мүлде көңілін суытты. Ақан сері адамзаттың сұңқары, қызыл тілдің ділмәрі еді, жігіттің құлпы жібегі еді» - деп Ақан серінің басындағы қайғылы жағдайымен қоса, оның ақындық өнері жайлы да толғамды ой айтқан.

Мәшһүр Жүсіптің игі істеріне қанық қазақтың зиялы қауымы оны ерекше

құрметтеп, бағалаған, ақындардың пайғамбарына теңеген, әруағына сиынған.

Жұма күні, қой жылы аштың есік,

Қазақтың кең даласын қылдың бесік.

Дәл сондай жұма күні, қой жылында,

Көз жұмдың жалғаныңа қош бол десіп. (К.М)

Мәшһүр Жүсіптің қай шығармасын оқысаңыз да, ойға, сезімге, қиялға, тілге бай. «Мұса Шорманұлы», «Өлең және қара сөз ғибраты» дейтін толғаныстарында қазақ тілінің құдіреті мен ойдың інжу-маржандары айқын көрініс тапқан. Тайбурылдың шабысындай ақындық қуат қандай!

Біз Мәшһүр Жүсіптің ақындығына тағы да тоқталсақ, оның нәзік те отты, ойлы өлеңдері халықтың өз ішінен қайнап шыққан талант екенін

көрсетеді. Ел ішінің жағдайына жастай қанық ақын ағайын-туыс, бауырдың жан сырын терең жырлайды, нәзік тербейді. Олардың мінез-құлқын салмақты баяндап, сабырлы түйіндейді. Бір қызығы, әрқайсының мінезі әртүрлі, бірі біріне кереғар, күле салуы да жылдам, ренжи салуы да оңай. Енді ақынға сөз берсек, ол:

Аманыңда елжіреп мақтайтын да ағайын,
Алыстамай айналып жақтайтын да ағайын.
Ауырыңды жеңіл ғып жоқтайтын да ағайын
Еркелетіп бетіңнен қақпайтын да ағайын, -
десе, бұл күнделікті өзіміз көріп, өзіміз қоян-қолтық араласып жүрген ел тірлігі. Халқымыз "Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол", - дейді. Ағайынның тағы бір мінезіне ашынып, "Туысқан бар болсаң көре алмайды, жоқ болсаң бере алмайды", - деп те ашылады. Қалай болғанда да өзіңнің өскен жұртыңа жетері жоқ. Осыны М- Ж тіпті әдемі толғайды, ақынға құлақ ассақ:

Әуел баста аңдамай тартып жүрме сазайын,
Толып жатыр түрлі сөз қайсы бірін айтайын.
Түсінсе түйткіл сөзімді улы тілмен шағайын,
Өскен ордам жамандап жақсыны қайдан табайын, - дейді.

Мәшһүр Жүсіптің осындай жақсы жырларының қатарына оның "Жеті жетім", "Қажылық иман шарттары", "Адам екі түрлі", "Жанайын ба?" "Дауасыз дерт", "Күндіз бен түннің айырмасы", "Сырға сөз" секілді өлеңдерін атар едік. Оның нәзік те отты, ойлы өлеңдері халықтың өз ішінен қайнап шыққан талант екенін көрсетеді. Ел ішінің жағдайына жастай қанық ақын ағайын-туыс, бауырдың жан сырын терең жырлайды, нәзік тербейді. Олардың мінез-құлқын салмақты баяндап, сабырлы түйіндейді. Бір қызығы, әрқайсының мінезі әртүрлі, бірі-біріне кереғар, күле салуы да жылдам, ренжи салуы да оңай. Енді ақынға сөз берсек, ол:

Аманыңда елжіреп мақтайтын да ағайын,
Алыстамай айналып жақтайтын да ағайын.
Ауырыңды жеңіл ғып жоқтайтын да ағайын
Еркелетіп бетіңнен қақпайтын да ағайын, -
десе, бұл күнделікті өзіміз көріп, өзіміз қоян-қолтық араласып жүрген ел тірлігі. Халқымыз "Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол", - дейді. Ағайынның тағы бір мінезіне ашынып, "Туысқан бар болсаң көре алмайды, жоқ болсаң бере алмайды", - деп те ашылады. Қалай болғанда да өзіңнің өскен жұртыңа жетері жоқ. Осыны Мәшһүр Жүсіп тіпті әдемі толғайды, ақынға құлақ ассақ:

Әуел баста аңдамай тартып жүрме сазайын,
Толып жатыр түрлі сөз қайсыбірін айтайын.
Түсінсе түйткіл сөзімді улы тілмен шағайын,

Өскен ордам жамандап жақсыны қайдан табайын, - дейді.

Біз өз уақтысында "Жалайридың жел жетпес жүйрігі" атанған Бақтыбай мен Сыр бойының ақыны Бұдабайдың түс көріп, түсінде көген емес, өлең алып,

ақын боп оянғанын жақсы білеміз". Ал, Мәшһүр Жүсіптің қалай ақын болғандығы жайлы әңгімесі оның өзінің алдындағы өнер паздарға ұқсастығымен бірге, айырмашылығының да бар екендігін анық танытады. Мұны "Он бесте шабыттандым жүйрік атша, кеудеме өлең толды сызған хатша" деген жолдардан ұғынуға болады. Одан бұл кезде жазу-сызудың қазақ өлкесіне кең қанат жая бастағанын, Мәшһүр Жүсіптің де сауаттылықты жоғары бағалап, оған құрметпен қарағанын аңғарасың.

Мәшһүр Жүсіп, өзі айтқандай, он бес жастан кейінгі өмірінің бәрін дерлік өлеңмен сөйлеген. Ақын дүние танымын, адамдармен қарым-қатынасын, нені сүйіп, нені жек көретінін, кімнен үйреніп, кімнен жиренетінін де өрнектеген. Біз оның мұндай туындыларынан сол кездегі адамдардың өмірге деген көзқарасын, ішкі жан дүниесін, тұрмысын жан- жақты танығандай боламыз. Ақын той мен топта, ел мол жиылған аста бай мен болыстан, би мен бектен ығыспаған, олардың қателіктері мен кемшіліктерін тіке айтып, жуанға істеген "жақсылығын", жіңішкеге көрсеткен "қорлығын" бетіне басып отырған. Осы ақ ниеті үшін артынан опық жеген кездері де аз емес екен.

Расында да ол бала болып ойнамаған, бес жасынан бастап оқуға зейін қояды, ержетіп бозбалалық шаққа жеткен соң да ала қағаздан бас алмаған. Ақын шарқ ұрып ізденудің нәтижесінде білімге де, парасатқа да ерте жетіпті. Күннің шуағын бірінші болып қарсы алып, батып бара жатқан шапағын да өзі шығарып салатын заңғар таудың құзар басы сияқты, алдымен не көрсе де білімді жан көрмек. Ақылды, білімді адам өмірдің соққан бар дауылына төтеп бермек. Мәшһүр Жүсіпті де осындай жан деп білеміз. Оның жанының жараланбасын, басқаның басына бақытсыздық, күңгірттік келмесін", - деп іштей жақсы тілеумен жүретінін айтып жеткізу мүмкін емес. Мәшһүр жырлары оқушысын еңбекке, адалдыққа, мейірімділікке үндеумен қымбат.

Мәшһүр Жүсіптің "Сарыарқаның кімдікі екендігі" атты кітабы тұтас халқымыздың ішкі-сыртқы жағдайын толғайтын дүние. Бұл еңбек 1907 жылы баспадан шықса да 1917 жылы сәтті бастама көтерген алаш азматтарының ой-арманымен тоғысып, үйлесіп жатыр. Ақын діннің, жердің, малдың кеткенін, елдің азып-тозып нашарлағанын айта келіп: "Күн батысы - Сырдария, күншығысы - ұзын аққан Ертіс, оңтүстігі - Жетісу өзені, солтүстігі - Еділ, Жайық. Бұл қазақ иесіз жатқан жерге келіп ие болған жоқ, ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен кеше Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, қаз дауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек заманында жаннан кешіп, сусын орнына қызыл қан ішіп, жаудай алысып, жаттай салысып, күні-түні атысып, қара қанға батысып, шыбын жанын нысанаға байлап, не маңғаз, сарбаздары жау жолында оққа ұшырап өліп, сөйтіп алған жері еді", - десе, халқының қамын ойлаған озық азаматтың пікіріне толық қосыламыз. Ақын үзбей өлең жазып, халықты өнер-білімге шақырғаны мәлім.

Мәшһүр Жүсіптің түпкі арманы - халықты жаппай сауаттандыру еді. Алайда,

ол мұндай игілікті іс тек сөзбен ғана іске аспайтынын, ол үшін қолда билік болуымен қатар, мол қаражаттың қажет екендігін кейін сезінді. Амалсыз ішкі

мұң-шерін тағы да өлеңмен шертті. Ол көпшіліктің берекесін алатын, жарастығын бұзатын озбырларға үнемі қарсы тұрып келіпті. Бұл турасында профессор Б.Кенжебаев: "Мәшһүр шығармаларының көпшілігінде заман жайын айтады, қазақтың теріс мінездерін, қазақ арасындағы ескіліктің қалдығын, би-болыстарды, патша үкіметінің чиновниктерін сынайды", - десе, ғалым жіті байқап, дұрыс бағалаған деп білеміз.

Мәшһүр Жүсіптің өмір сүрген тұсы -- бір рудың малын екінші бір рудың елі барымталап, шетке шыққан жылқы-сиырын сіңіріп кете беретін, әлсіздің күні қараң, күштінің сөзі жүріп тұрған феодалдық қоғамның нағыз қаны тамып тұрған кезі еді. Қысы-жазы ауыл маңы айғай-шу, бос дүрмек. Оқу іздеп, өнер қуып жүрген бір де бір жасты көре алмаған ақын халыққа қарап:

Қазағым, өнер ізден, ұрлық-зорлық,

Қыласың бір-біріңе неге озбырлық, - дейді.

Ақын сөз өнерін өте жоғары бағалаған. Ол адамзат баласының бір- бірімен табыспайтын, жақындаспайтын кезі болмайды, олар бір-бірінің ішкі жан сырын сөйлесу арқылы түсінеді, ұғысады дей келіп:

Ұшқан құс, жүгірген аң-жануарлар,

Атанды бәрі хайуан - тілі жоқтан, -

деп түйіндейді. Бұл жерде ол адамның "ұшқан құс, жүгірген аңнан" артықтығы - ақылында дегенді айтып отыр. Нәзіктігін, көңілінің жомарттығын, "өзім не болсам да мейлі - өзгенің жаны тыныш болсын дегені.

Мәшһүр Жүсіп өз өлеңдерінде әркім өз еңбегімен күн көрсін дегенді үндейді, сонымен бірге біреудің есебінен тірлік кешу арамтамақтардың ісі екенін де есінен шығармаған. Ақын адам өміріндегі ең бір қымбат дүние достық екенін, досы мол жанның бақытты екенін жан-жақты толғайды. Ақынның бөліп айтуға тұрарлық айрықша бір ерекшелігі, өлеңдерін жазып шығарған. Ол әрбір жырын қағаз бетіне түсіріп, рет-ретімен тәртіптеп, шашау шығармай тиянақтап жинап отырған. Оның алғашқы өлеңдері "Дала уалаяты" газетінде 1889 жылдан бастап көріне бастады. Ақын 1889 және 1890 жылдар аралығында бірнеше мақаламен қоса, бес өлең жариялады. Олар мыналар: "Әңгіме", "Бәрі қысқа, еркін дүниеге келеді екен", "Кедейлікке үш қырсық оралады", "Күн шықпай ерте тұрып", "Білмейді ел өнерлісін аулақ болар". Бұл өлеңдердің бәрінің сарыны ортақ, ой арнасы біреу - ол жастарды еңбекке, өнербілімге, егін салуға, сауда істеуге шақырады. Ал, ел ішінде бос тентіреп кәсіпсіз жүрген кейбір желбуаз бозбаланы сынап мінейді:

Әр істі ойлау керек әуел бастан,

Не пайда өнер жоқ жігіт жастан.

Осылай дей отырып, еңбек етпейтін, сыбай-сылтаң жүрісті жандарды ұрыспай, сөкпей, тілдемей, жай ғана сыпайы сөзбен ұялтып, қызартады. Оларға "мынадай бол, мынадай істе" деп те ақыл айтпайды. Тек қана еңбек ет, еңбек адам баласының - анасы дегенді меңзейді. Мәшһүр Жүсіпті өз көзімен көрген, оның барлық еңбегімен таныс-біліс болған сол кездегі орыс оқымыстысы Белослюдов төмендегідей ой қорытады: "Мәшһүр Жүсіп халықтың мұңын жырлай бастайды. Мәшһүр Жүсіп өлеңді жазып шығарды, мұның өзі қазақ әдебиетінің тарихында халықтық сипаттағы жаңа бағыттың

дамуына зор түрткі жасады. Бұрын өлең көпшілік алдында ауызша айтылатын, ал ақын атану үшін біреумен айтысқа түсетін, жыршы міндетті түрде суырып салма ақын болуы шарт еді. Енді Көпеев өлеңдері оқырманға жазбаша түрде ұсынылды, ақын деген сөз тек ақын-жырауларға қатысты ғана емес, өлең жазуға қабілетті талант иелеріне де қолданыла бастады.

"Хал-ахуал", "Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз", "Сарыарқаның кімдігі екендігі" деп аталатын үш кітабы жарық көрген.

«Шонтыбай қажы», «-Екі жігіт пен бір шалдың әңгімесі». «Хаятбақшы», «Соқыр, саңырау, жалаңаш хикаясы», «Әдһам диуана және Ибраһим», «Ғали Арыстан әңгімесі», «Ай мен күндей, һәммаға бірдей» - демегінің мағынасы», «Пайғамбардың дүниеден өтуі туралы», «Ібіліс лағын, шайтан хикаясы», «Жер мен көк» т.б. дастандары, хикаялары, қиссалары, әңгімелерінің мазмұны ғибратқа, адамгершілікке, аспан әлеміне, жұлдыздардың адаммен арақатынасына құрылған. «Тіршілікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Сарыарқаның кімдігі екендігі туралы» // «Сарыарқаның кімдігі екендігі? - автор/ «Хал-ахуал» деген үш кітабында қазақ даласын жайлаған жоқшылық пен теңсіздіктің күштілігін де, себебін де ашып береді, ашына сынайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әсет Пазылов «Бабалар ғұмырнамасы және Мәшһүр Жүсіп Көпеев» Екібастұз, М.Ж. Көпеев» Екібастұз, 2007
2. Мәшһүр Жүсіп Көпеевті таңдамалылары
3. «Дархан даланың данышпанұлы» «Отарқа» 1998
4. Б.Кенжебаев «XXГ .басындағы әдебиет», «Мектеп» баспасы, 1993
5. Мәшһүр Жүсіп Көпеев «Қазақ шежіресі»
6. С.Мұқанов «Халық мұрасы», 1994

**Қоянды ауылы №1 жалпы орта білім беретін мектеп,
бастауыш сынып мұғалімі
Мусатаева Ботакоз Канатовна**

Бердібек Соқпақбаев-балалар әдебиетінің атасы

Балаларға арнап шығарма жазу, сол арқылы кішкентай оқырманның құрметіне бөлену үлкен таланттылықты қажет етеді. Міне, біздің қазақ балалар әдебиеті де осындай таланттарға кенде емес. Біз Ыбырай атамыздан бастап Мұзафар Әлімбаев, Сапағали Бегалин, Сейтжан Омаров, Кастек Баянбай, Сәкен Жүнісов, Мұқан Иманжанов, Мұхтар Мағауин, Тұманбай Молдағалиев, Сайын Мұратбеков, Қадыр Мырза Әли т.б. көптеген балалар жазушыларын білеміз. Солардың ішінде шоқтығы биік, бірегей таланттардың бірі – Бердібек Соқпақбаев аталарың болатын. Оның шығармаларын оқыған кез келген бала

өмірбаянымен де танымып шығады. Себебі жазушының шығармаларының басты кейіпкері өзі болып табылады. Балалық шағына деген сағынышын өз шығармаларына арқау еткен.

Белгілі жазушы Б.Соқпақбаев 1924 ж. 13 қазанда Алматы облысы, Нарынқол ауданы (қазіргі Райымбек ауданы) Қостөбе ауылында дүниеге келген. Осы жерде мектеп бітірген. 1949 ж. Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтын бітіріп, туған ауылында мұғалім болып қызмет етті.

1952-1970 жылдар аралығында «Жұлдыз», «Балдырған» журналдарында, Қазақстан Жазушылар одағында түрлі қызметтер атқарды.

Өзінің шығармашылық өмір жолын балаларға арнап өлең жазудан бастаған ол кейін прозалық шығармалары арқылы балалардың сүйікті жазушысына айналды. Сондай-ақ балаларға арналған бірнеше киноға сценарий, пьесалар жазды.

Б.Соқпақбаевтың таланты ертерек танылды. 14-15 жасында-ақ ел аузына іліге бастады. Алғашқы кітабы 1950 жылы «Пионер» журналында «Бұлақ» атты өлеңдер жинағымен жарық көрді. Кейін қасым Аманжолов «Қаламыңды енді прозадан сынап көрші» деп жанашырлықпен жол көрсеткен. Содан кейін жазушылыққа шыңдап ден қойып, «Бақыт жолы» (1952), «Алыстағы ауылда» (1953), «Балалық шаққа саяхат» (1965), «Дала жұлдызы» (1963), «Аяжан» (1965), «Жолда» (1955), «Менің атым қожа» (1957), «Өлгендер қайтып келмейді» (1-томы, 1967, 2-томы, 1974ж.), «Қайдасың, Гауһар?» (1966) т.б. шығармаларын дүниеге әкелді. Жазушының көзі тірісінде 20-дан астам кітабы жарық көрді.

Бұл шығармаларының ішіндегі «Қайдасың, Гауһар?» өз отбасына арналған шығарма. Осы тақырыпта, үнемі қамауда қалатын кішкентай Самалдың құлыпты ошақтағы күлдің ішіне тығып тастағаны жайлы – «Құлып» деген әңгімесі жарық көрді. Тағы бірде кинотеатрдан «Антон мен Кнопка» деген австриялық фильмді көрген. Фильмде Антон – кедейдің баласы, Кнопка байдың қызы. Кнопка Антон екеуіміз бірдей болуымыз керек деп киімдерін тесіп, сандалын кесіп тастайды, мұны көрген Самал үйге келген соң аяқ киімін кесіп тастайды. Аңғарымпаз жазушы осы оқиғаны арқау етіп «Сандал» деген әңгімесін жазады.

Жазушылықты бар ғұмырының өзегі деп санаған Б.Соқпақбаевтың шығармашылық жолы да қиыншылықпен, кедергіге толы болды. Жазушының соңғы жазғаны «Өлгендер қайтып келмейді» романы. Бұл кітабының басылып шыққанына қатты қуана қойған жоқ. «Қара бояудың қалың жаққансын» деп көп жерін, тұздығы татиды-ау деген нағыз «дәмді» жерлерін сызды да тастады» деп күйіне, қажып айтып жүрген.

Өмірден ойып алынған шындықты ғана жазғаны үшін жоғарғы жаққа жақпады, шетқақпайлыққа ұшырады. Сөйтіп Бердібек атамыз нағыз кемеліне келген, жазар шағында жазуды қойыпты.

Жазушы шығармаларының ішіндегі бала жүрегіне жол тапқан үздік туындысы «Менің атым Қожа» повеі болды. Бұл – қарапайым тілмен жазылған, шындықтан туындаған шығарма. «Өтірік ештеңе қоспаймын» деп уәде берген автор уәдесін орындайды да, повесте жазушы балаларға бала болып бар сырын ашады. Өзінің бар болмысын, жамандығын да жақсылығын да жасырмай жазады. Сол жасырмай жазушының арқасында оқырманның ыстық ықыласына бөленеді.

Содан кейін ғана өз елі Б.Соқпақбаевты мойындады. Повесть 1957 жылы жарық көріп, жазушыны бірден оқырманына танытты. 1963 жылы «Қазақфильм» киностудиясы осы повесть бойынша сценарий жазып, көркемфильм етіп шығарды. Қазақ киносында соны соқпақ салған режиссердің бірі Абдолла Қарсақбаев сияқты екі ірі тұлғаның ортақ шығармашылығы Францияның Канн қаласында өткен халықаралық кинофестивальда арнайы сыйлыққа ие болды. Фильмде Қожа ролінде басты кейіпкер Нұрлан Сегізбаев ойнады, - дейді. Ол да өмір жолын әуелі мұғалім болып бастап, кейін кітап жазған, қазір әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да мұғалім, актер.

Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесі кімдерге арналған шығарма? («Менің атым Қожа» повесі балаларға арналған туынды.Өйткені мұнда қарапайым ауыл тіршілігі, қараша қазақ қауымының күйбеңі, ауыл балаларының мінез-құлықтары көркем де, қарапайым түрде суреттелген. Бұл шығарма шын мәніндегі өмір жолын табуға тәрбиелік үлесімен қымбат. Сонымен бірге балалық шақтың балған мезгілдерін көз алдымызға әкелетін шығарма болғандықтан, өзімізге өте жақын.)

Повестің басты кейіпкері Қожа қандай бала? (Қожа ақылды тентек. Ол тентек болғанымен адамның жан дүниесін түсіне білетін бала. Менің ойымша, Қожаның тентек болуының бірінші себебі әкесінің жоқтығы.

Екіншіден, бос жүрген Сұлтанға еріп жаман әдеттерге жолығады. Ол өзін-өзі түзегісі келгенмен оны бос жүрген Сұлтан өзімен бірге ертіп алып кетіп отырады. Бірақ Қожа өз тентектеріне есеп бере білетін бала). Тағы кім толықтырады? (Қожа туралы айтар болсам, ол тентек болғанымен, ақылды, ақкөңіл. Оның іс-әрекеттері кездейсоқ жағдайлардан өрбіп отырады. Қожаның ой-қиялы бай. Адам жанын түсінбейтіндерге ол қарадай қас. Мұнысын басқалар тентек деп түсінеді. Бірақ оның бойында жақсылық жасауға ұмтылу, басқаларға көмек қолын созу сияқты жақсы қасиеттер мол). Повестегі Жанар қандай оқушы деп ойлайсыңдар? Ол Қожаға несімен ұнайды? (Жанар сыныпта к үздік оқушы. Сабақты өте жақсы оқиды. Ол Қожаны ақылды тентек деп бағалайды. Және ішкі жан дүниесін түсіне біледі. Екеуі де дойбы ойнағанды ұнатады. Жанар Қожаға осы қалпымен ұнайды деп ойлаймын). Бердібек Соқпақбаев шығармасы келешек ұрпаққа үлгі

Қорытынды: Артында өшпес мұралар қалдырған аса биік дарын, қазақ балалар әдебиетінің классигі Б.Соқпақбаев көзі тірісіндегідей ұстаздығынан жазбай, рухани тірлігін жалғастыра беретіні хақ.

Бұл шығарманың басты мақсаты – жақсылыққа тәрбиелеу. Қожаға еліктеген бала қаншама бала әдебиетке жақын болып, кітап та жазғандары бар. Сондықтан оның шығармаларын іздеп оқитындар қатары алдағы күндері де көбейе түсетіндігі күмәнсіз

Көзі тірісінде классикалық шығармаларымен бірде-бір сыйлыққа ие бола алмаса да, қалың оқушыларының назарынан ешуақытта тыс қалған емес. Жазушы өмірінің бақыты да, ғұмырының ұзақтығы осы болса керек, әсіресе Б.Соқпақбаев тәрізді әдебиетті арым деп білген жазушының ғұмыры халқымен бірге жасайды. Оқушылар, біз бүгін сендермен бірге балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаев атамыздың өмірі мен шығармашылығымен таныстық. Бердібек

Соқпақбаевтың балаларға арнап жазған шығармалары көп. Жазушы шығармашылығы жөнінде белгілі ақын-жазушылардың пікірлерінен үзінділер келтірейік. Қ.Баянбаев: «...Қаламгердің анық өсіп, шеберліктің белгілі бір биігіне шыққанын көрсеткен туындысы – Менің атым Қожа» повесі... Қожа бейнесі – қазақ балалар әдебиетіне қосылған қомақты олжа. Оның енесі барған сайын биіктеп, Марк Твеннің Том Сойерімен, Аркадий Гайдардың Тимурымен, қазақ фольклорының Тазша баласымен тайталаспай-ақ, тіпті соларға жете қабыл жүргенінің өзі әдебиетіміз үшін аз бедел ме?!»

Жазушы С.Шаймерденов: «...Бердібек өз көзімен көрген нәрсені ғана жазатын, қағазды бекерден-бекер шимайламайтын еді ғой.» Нақтылы жазу, ұтымды жазу Бердібектің үлгісі деп тартынбай-ақ айтуға әбден болады.

Жазушы Т.Ахтанов: «... Бердібек не нәрсені жазуды, оны қалай жазуды еркін игеріп, менгерген суреткер жазушы». Баршаңызды рухани азығымыз – көркем әдебиетті көп оқуға шақырды.

**Бастауыш сынып мұғалімі әдебиеттік оқу
«NURORDA» мектеп-лицейі
Жунисова Қымбат Молотовна**

«Сәкеннің өнегелі жолы»

Қазақтың бай, қазыналы тілінің бір пұшпағын илеген талай ақынжазушыларымыз сөз маржанының қандай болатынын қазаққа, кейінгі ұрпаққа дәлелдеп айтып кетті. Өмір атты теңізде қолдарына қалам алып дүние сырына тоймай тамсана жазған талай дана адамдар болды. Осы ойым арқылы әр адамның өз келбеті, өз жан-дүниесі болады дегенді айтқым келді. Қазақтың маңдайына біткен Сәкен Сейфуллин сұлулығы мен сәні бірге дәл сондай сері адам болатын. Ол қазақ әдебиетінің жаңа бағытта дамуына өз үлесін қосты. Сәкен (шын аты Садуақас) Сейфоллаұлы 1894 жылы 23 мамырда Ақмола облысы, Ақмола уезінің Нілді болысында — Нілді мыс қорыту зауытына таяу жердегі қазақ ауылында туған. Қазіргі әкімшілік бөлік бойынша бұл жер Қарағанды облысының Жаңарқа ауданына қарайды. Мемлекет және қоғам қайраткері, ақиық ақын, жазушы Сәкен Сейфуллиннің өмірбаяны Ақмоламен қазіргі астанамен тығыз байланысты. Қазақтың маңдайына жұлдыз болып бұйырған бес арыстың бірі Сәкен Сейфоллаұлы 1894-1938 жылдар аралығында өмір сүрді. Сәкен 7 баланың үлкені болды. Сәкен анасын ерекше жақсы көргендіктен, Жамалды ана демей, «Жәмеке» деп еркелетіп атайтын. Бала кезінен орынсыз жылауды, орынсыз еркелеуді білмеген Сәкен шешесі Жамалдың ертегілерін тыңдаудан жалықпайтын. Ауыл молдасынан сауат ашып, арабша хат танып, қисса-хикаяларды өз бетімен оқи алатын Сәкенді әкесі енді орыс мектебіне беруге бел буады. Балам білімді, көзі ашық болсын деген ниетті әкесі Сейфолла осылайша баласын мектепке береді. Сәкен ауыл

молдасынан оңай хат танып, қолына түскен ескіліжаңалы кітаптарды бас алмай оқиды. Әкесі тоғыз жасар Сәкенді тіл үйренсін деп Нилдідегі таныс орысының үйіне тұрғызады. Сәкен әлгі үйдің таусылмайтын қара жұмысын тиянақты атқара жүріп, кемпірінен бір жыл орыс тілін үйренеді. Одан кейін екі жыл зауыт мектебінде оқиды. Болашақ күрескер ақын кенішті қаладағы зауыт, шахта жұмысшыларының аянышты өмірімен танысып, ереуілдерін көріп, соларға бүйрегі бұрады. Сәкен Нилдідегі орыс-қазақ, Ақмоладағы бастауыш приход мектебінде (1905-08), үш класты қалалық училищеде (1908-13), Омбыдағы мұғалімдер семинариясында (1913-16) оқиды. 1914 жылы Қазан қаласында « Өткен күндер » атты тұңғыш өлеңдер жинағын бастырды. Омбыда қазақ жастары ашқан « Бірлік » қауымы басшыларының бірі болды. Бұғылыда мектеп ашып, орыс тілінен сабақ берді. « Асығып тез аттандық » атты өлеңін жазды. Кешікпей Ақмола қаласына ауысып, « Жас қазақ » ұйымын ашты, « Тіршілік » газетін шығарысты, үш айлық педагогикалық курсқа оқытушы болды. Сол жылдың 27 желтоқсанында Ақмола Совдепінің президиум мүшелігіне сайланды. 1918 жылы сәуірде « Жас қазақ марсельезасын » жазып, 1 мамырда « Бақыт жолына » атты пьесасының премьерасын көрсетті. 1918 жылы 4 маусымда ақтардың көтерілісі болып, Ақмола Совпедшілері тұтқындалды. Атаманның « азап вагонында » 47 күн ажалмен арпалысқан Сәкен 1919 жылы 3 сәуірде Колчактың Омбыдағы түрмесінен қашып шықты. Татарка – Славгород – Павлодар – Баянауыл – Сарыадыр арқылы еліне жетті. Осы жылдың желтоқсанында Әулиеата қаласына (қазіргі Жамбыл) келді. 1920 жылы 7 мамырда Ақмолаға қайтып оралып, Атқару комитеті председателінің орынбасары және әкімшілік бөлімінің меңгерушісі болды. 1920 жылы 4 қазанда Қазақтың Советтік Автономиялық Республикасын жариялаған Советтердің 1-Құрылтай съезіне делегат болып қатысып, Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі болып сайланды. Жер – су комиссиясының жұмысына және баспасөз ісіне басшылық етті. Сәкен 1926 жылы БКП Өлкелік комитетінің партия тарихы бөлімінің меңгерушісі. 1927 жылы Қызылордадағы халық ағарту институтының, Ташкенттегі қазақ педагогика институтының директоры болып жұмыс істеді. 1927 жылы шыққан « Жыл құсы » альманахына басшылық етті. « Жаңа әдебиет » журналын ашуға ат салысты. 1922 жылдан бастап « Қызыл Қазақстан » журналында жариялана бастаған « Тар жол, тайғақ кешу » атты мемуарлық шығармасын жеке кітап етіп шығарды. « Жер қазғандар » повесін (1927), « Тұрмыс толқынында » жинағын (1928), « Көкшетау » поэмасын (1929) бастырды. 1929 жылы қазақтың зиялы азаматтарына арнап ауыз әдебиеті үлгілерін жинау жөнінде жазған « Ашық хатын » жариялады. Қазақтың мемлекеттік педагогикалық институтының доценті болды. 1932 жылы « Қазақ әдебиеті » атты тұңғыш оқулық – хрестоматия шығарды. 1932 жылы « Әдебиет майданы » журналының редакторы, 1934 жылы Қазақтың коммунистік журналистика институтының профессоры қызметін атқарды. 1936 жылы қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвада өткен бірінші он күндігіне қатысты. Қазақ жазушылары ішінен тұңғыш рет Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталып, шығармашылық

еңбегіне 20 жыл толуы мерекеленді . Сейфуллин поэзия саласындағы алғашқы қадамын 1914 жылы шыққан «Өткен күндер » атты өлеңдер жинағынан бастаған . Сәкеннің өнерпаздық тұлғасын ірілендіріп көрсететін поэзия саласы болғанымен , оның қазақ прозасын өркендетуге қосқан үлесі де қомақты . 1917 жылы « Жұбату » атты тұңғыш көркем әңгімесін жазды , « Тар жол , тайғақ кешу» романының алғашқы тараулары 1922 жылы « Қызыл Қазақстан » журналында жарияланды . Бұл – Сәкеннің прозамен ерте шұғылданғанын көрсетеді . Кейіннен повеске айналған « Айша » әңгімесі де (1922) осы журналда басылды . Екі тарауы жарияланып , аяқталмай қалған « Қыр балалары» атты көлемді повесі де сол кезде туды . Сәкен әңгіме , очерктерді былай қойғанда , бес повесть (« Жер қазғандар» , 1927 ; « Айша » 1922-35 ; « Біздің тұрмыс » 1932-34 ; « Сол жылдарда » , « Жемістер » , 1935, бір мемуарлық роман (« Тар жол , тайғақ кешу ») жазды . Осы шығармалардың ішінде « Тар жол , тайғақ кешу » мен « Жер қазғандардың » орны ерекше . Өйткені , бұл туындылар - өзіне тән көркемдік ерекшеліктерімен ғана емес , қазақ кеңес әдебиетінің өмірімен өзектес туғандығын , бүгінгі шындықтың ұрпақ үшін мәнді екендігін дәлелдеген шығармалар . Қазақ кеңес әдебиеті тарихында «Тар жол , тайғақ кешу » романының атқарған ролі зор . Бұл тарихи – мемуарлық шығармада қазақ халқының Қазан революциясына қатысқаны , оның жеңісін қорғау жолында талай ерлік көрсеткені , бақытты өмір орнатудың қандай қиын өткелдерден өткені барынша нақты және тартымды баяндалған . Сондықтан да бұл роман – революциялық күрестің көркем шежіресі . Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу» атты романы туралы Сәкеннің досы әрі серігі Сәбит Мұқанов былай жазған: ««Тар жол тайғақ» бір жағынан оқиға, бір жағынан – саяси грамотасының оқулығы, бір жағынан – қызықты, оқушыны жаулап алатын әдебиет шығармасы». Сейфуллин — адам жанының күйініш-сүйініштерін, алуан сипатты сезім күйлерін, ынтық, құштар жүректің нәзік сыр, ыстық толқындарын шебер де әсерлі суреттеген тамаша лирикалардың авторы.Сәкен лирикасының өзіндік сыр-сипаты алуан түрлі. Туған жерге сүйіспеншілік, табиғат көріністері мен құбылыстары, махаббат сырлары, сағыныш сазы, мезгіл суреттері, аң-құсты аялау, ана-бала сүйіспеншілігі — ақын лирикасының басты тақырыптары.Ол, әсіресе, табиғатты жан-жүрегімен нәзік сезініп, сүйіне жырлады. Ақынның әйгілі «Көкшетау» поэмасы қазақ жерінің ең бір көркем, сәулетті өңірінің естен кетпес мынандай керемет сұлу суреттерінен басталады. . Ал «Анаға хат», «Анаға жауап» өлеңдерінде аналық-балалық махаббаттың, сағыныш-мұңның, өкпе-наздың, жүрек қылын шертер, көзге жас үйірілтіп, ет жүректі елжіретер нәзік лирикалық сезім жеті-сегіз буынды, шалыс ұйқаспен келетін өлең өрнегімен аса сәтті бейнеленеді. Ақынның көңіл күй лирикасының ішінде шоқтығы биік шығармасы – «Сыр сандық» өлеңі. Өлең құрылысы жеті-сегіз буынды, шалыс ұйқас түріне жатады. 1926 жылы жазылған бұл өлеңді Сәкеннің өзі «Досқа жазылған хат» деп атағанымен, кейін келе халық арасында «Сыр сандық» деген атпен әйгілі болды. Өйткені осы өлеңдегі: Сыр сандықты ашып қара, Ашып қара, сырласым. Сым пернені басып қара, Басып қара, жырласын! – деген өлең жолдары афоризмге айналып, халық арасына кең

тарағандықтан, өлең «Сыр сандық» деген атпен ақын жинақтарына енгізіле бастады. «Сыр сандықтың» басты идеясы – дос қадірін білу, достыққа адалдық. Шынайы достық туралы терең толғанған ақынның жан дүниесі таза, ешкімге қиянаты жоқ. Адалдық пен арамдық, мансап пен ар-ұждан, достық пен қастықтың аражігін аша жазып, адам үшін құнды байлық – достықты жырлайды. Дос көңілін тау шыңындағы алтын сарайға, ондағы баға жетпес қоймаға балайды. Өлеңде жаныңды түсіне білетін шынайы достарға «қолыңда жемің барда шырқ айналып, жем таусылса, жалт беретін жанама достар» қарсы қойылған. Кайда жүрсе де біздің елде еңбек еткен адам сыйлы да болды, құрметке де бөленді. Отанын да, халқын да сүйсіндіріп, әрқашан даңққа бөлеп отырғанын жас өспірімдерге үлгі-өнеге етіп көрсетті. Жас өспірімдердің еңбекпен айналысуы, сондай-ақ олардың әр түрлі ауыл шаруашылық жұмыстарына тікелей араласып кетуі балалардың ой-өрісін кеңейтеді, Оларды тентек мінезділіктен арылтып, саналы да тәртіпті адам болуға икемдейді. Сонымен қатар оларға практикалық іскерліктер мен сапалы дағдылар туғызады. Мұнымен бірге еңбек балаларды әр нәрсені білуге талаптандырып, қазіргі материалдық дүние жөнінде реальдық ұғым берді. Сондықтан Сәкен еңбек еткен азаматтардың құлшына кіріскен ерлік істеріне сүйсініп, балалар мен жас өспірімдердің рухын көтеретіндей дәрежеде суреттеді: 1923 жылы ол "Қазақты "қазақ" дейік, қатені түзетейік!" деп ащы мақала жазып, соның қозғау салуымен "Киргиз, КирЦИК" деп келген еліміз 1925 жылы "Қазақстан" деген атқа ие болды. "Сәкеннің табандылықпен күресуінің арқасында 1923 жылдың 22 қарашасында Орталық атқару комитеті арнайы декрет қабылдап, еліміздің тарихында тұңғыш рет 1924 жылдың 1 шілдесінен бастап кеңсе істері қазақ тілінде жүргізілетін болған. Біз Сәкенді осы еңбегі үшін де ардақтауымыз керек", - деп атап көрсетті Қазақстан жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулеттің айтуынша, бүгінде қазақтың "қазақ" деп атанып жүргені Сәкен Сейфуллиннің арқасы. Мұхтар Әуезов Сәкеннің тұлғасымен шығармашылығы туралы былай айтқан: «Сәкеннің ақиқаттығы жүрекпен сананы оятқан, қанаттандырған. Ол сенім туралы айтса – ол шынайы сезім, ол шындық туралы айтса – бұл рухтың азабын шеккен шындық. Сондықтан осы адамның өткен жолы ерекше. Жолында самғау да болды, жығылу да болды. Сәкен Сейфуллиннің жолы – шынайы жалынды ақынның жолы». Өнертанушы Серік Оспановтың айтуынша, Сәкен Сейфуллин қазақтың әндері мен күйлерін сақтап қалуға күш салды. Александр Затаевичке тапсырыс та берген екен. "Ол Затаевичке нотаға түсір, мен саған сол үшін ақша төлеймін деп тапсырыс берген. Соның бәрін шығарғанына 284 рубль алтындай ақша бөледі. Сосын Затаевичке айтады, бұл ақшаның аз екенін білемін, бірақ мен сізге мемлекетіміздің үлкен сыйлығын алып беремін дейді. Содан Қазақстанның бірінші халық әртісі атағын Александр Затаевич алған", - дейді Оспанов. Биыл ақын, жазушы Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл толады. Атаулы датаға орай, мемлекет қайраткерінің өмірі мен шығармашылығына қатысты 3 бірдей туынды жарық көреді. Бұл туралы Сәкен Сейфуллин атындағы музейдің директоры Марат Әбсеметов мәлімдеді. Сәкентанушының айтуынша, бұл мерейтой республикалық ғана емес, халықаралық деңгейде

аталып өтуі тиіс. Аида Ахметбек Сәкен Сейфуллиннің зерттелмеген қырлары, бізге беймәлім сырлары көп. Ақынның өмірі мен шығармашылығын зерттеушілер осылай дейді. Қазір мемлекет қайраткері жайлы том-том кітап жарық көріп, зерттеу жұмыстары жалғасып жатыр. Биылдың өзінде 3 бірдей туынды жарық көреді. Марат Әбсеметов, Сәкен Сейфуллин атындағы музей директоры: Сәкеннің зерттеулерінде Үкімет басындағы үкімет басшысы болған жөнінде үлкен зерттеу шығады. Сосын асау тұлпар, кезінде шыққан біздің қызметкеріміз Алуа Тоқтарбаева, измирде түрік тілінде зерттеп, араб әріпінен алып үлкен кітап жазды, оны да шығарамыз. Сосын музыка мұрасына байланысты үлкен зерттеулер шығады. Ақынның музыкалық қыры, композиторлық өнері көпке таныс. Оның бұл дарыны оның туысы, белгілі этномузыкант, мәдениет қайраткері Алтай Құсайыновқа дарыған деседі. Бүгінде ол, Сәкен Сейфуллиннің мұрасын дәріптеп жүр. «Сәкен, ең алдымен, өтірік дегенді білмейтін адам еді. Оның досы да, дұшпаны да көп болды. Солардың ешқайсысы не бұрын, не қазір Сәкеннің жалған сөйлегенін не көрдік, не естідік демеуге тиіс. Сәкен аса уәдешіл болатын, уәделі ісін бұлжытпай дер кезінде орындайтын. Екі сөзді айтпайтын» деп, өмір бойы қол ұстасып өткен жан досы Сәбит Мұқанов жазған болатын. Сәкен деген – халқымның рухы ғой, Рухтарды көмбейді қара жерге! - деп Алаштың ақберен ақыны Ғалым Жайлыбай айтпақшы, Сәкен – қазақ халқының көгінде мәңгі жарқырап тұра беретін жарық жұлдыздарымыздың бірі. Алаштың ардақтысы Сәкен Сейфуллин сынды ақынның ой мен сезім астасқан жырларын жаттаған жас қауым да ақын өлең дерін ешқашан естен шығармайды деп сенемін. Пайдаланған әдебиеттер: Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбының қоғамдық-гуманитарлық бағытына арналған оқулық. Р.Зайкенова, Р.Сакенова, Л.Н.Нұрланова, 2020 жыл. Sputnik Қазақстан 13:00 27.10.2019 (жаңартылды: 13:05 01.02.2022) 1.С.Сейфуллин «Тар жол,тайғақ кешу» роман-эссе {1927} «Қазығұрт» баспасы,2004 ж. Алматы. 2.Республикалық ғылыми-педагогикалық журнал «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» №5,2007 ж. 3.Қазақтың «Үш бәйтерегі» кітапша «Аруна» баспасы 4.Баспасөз материалдары 5.Ұстаз газеті

Астана қаласы
NURORDA мектеп-лицейі
Бастауыш сынып мұғалімі
Журимбаева Мейраш

ҰЛЫ ҒҰЛАМА – ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН

Атақты ғұлама Әлкей Хақанұлы Марғұлан талай ұлыларды дүниеге әкелген киелі мекен Баянауылда туылды. Бала кезінің өзінде Жаяу Мұса, Мәшһүр Жүсіп, Қаныштың әкесі Имантай секілді біртуар тұлғалардың көзіне түсіп, солардан батасын алады. Ол Сұлтанмахмұт Торайғыров, Әбікей және 89

Қаныш Сәтбаевтар, Хәкім Иманбеков, Жағыпар Секербаев сияқты зиялылармен бір ортада өсті. Болашақ ғалымның қарым-қабілетін бірден таныған ұстаз Әбікей Сәтбаев жасөспірім Әлкейге Семейдегі педагогикалық техникумға жолдама берген. Мұхтармен бірге Абайдың туған жеріне барып, ұлы ақынның баласы Тұрағұлмен жолыққан, ел ішінен этнографиялық мәлімет-тер жинаған. Ә.Х.Марғұлан 1925 жылы техникумды бітірген соң, М.О.Әуезовтың ақыл-кеңесі бойынша Ленинградтағы Шығыстану институтының түркология бөліміне оқуға түсіп, тарих және филология факультеттерінде қатар оқиды. Шығыстану институтында Орта Азия тарихы мен археологиясы бойынша академик В.В. Бартольд, Индия фольклоры мен өнері туралы академик С.Ф. Ольденбург, араб тарихи әдебиеті жөнінде И.Ю.Крачевский, тіл білімінің тарихы мен теориясы туралы Н.Я.Марр, Орта Азиядағы түркі халықтарының әдебиеті жайында академик А.Н.Самойлович, сонымен қатар академиктер: В.В.Струве, Б.Я.Владимирцов, И.И. Мешенинов, В.Л. Щерба және Е.Э.Бертельс, С.Е.Малов, Б.М. Эйхенбаум сияқты көрнекті ғалымдар дәріс алған. Осындай әлемдік деңгейдегі ғалымдардың дәрістерін тыңдап білімін жетілдіре түскен Әлкей Марғұлан өз елінің тарихы мен мәдениетін жан-жанқты зерттеуге ден қойып, әдеби және мұрағаттық деректерді жинайды. Әлкей Марғұлан 1940 жылдардың басында Қазақстан жеріндегі ежелгі мәдениет орындарын көне сауда жолдарын, археологиялық ескерткіштерді тауып, жан-жақты зерттеп, ғылыми әлемге танытты. Оңтүстік Қазақстандағы Сыр, Талас, Шу өзендерінің бойынан көне қала мәдениетінің іздерін ашты. Отырар, Тараз, Сайрам және Сығанақ қалаларында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, қазақтардың орта ғасырлардың өзінде қалалар салып, тұрғылықты тұрмыс кешкенін де дәлелдеді. Ол, солайша қазақтар ертеде мәдениеттен тысқары көшпелі халық болған деген пікірлерді ғылыми тұрғыда теріске шығарды. Ә.Марғұлан 1943 жылы «Хандар жарлығының тарихи маңызы» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған. 1945 жылы қазақ ғылымының тарихында тұңғыш докторлық диссертация қорғады. Қазақтың ерлік жырлары тақырыбы бойынша жазылған «Қазақ халқының эпикалық жырлары» атты диссертациясы күні бүгінге дейін аса құнды, мән - маңызы өте жоғары ғылыми еңбек болып саналады. Ол тарих пен әдебиетті ұдайы ұштастыра зерттеген, археологиялық экспедицияларда жүргенде ел арасынан көне аңыз әңгімелер, ертегілер, эпикалық жырлар нұсқаларын жинаған. Әлкей Хақанұлы қазақ тарихы мен әдебиеті және ұлттық мәдениеті туралы былайша ой толғаған. «Ғылымсыз қалай ел болмақпыз? Егер қазақ сияқты ұлт өз тарихынан мақұрым болса, өз эпостарынан қол үзсе ел болудан қалады. Рухани жүдеушілік деп міне осыны айтар болар. Ел рухына негіз болар – тарихи санасы, ұрпақ мәдениеті». Ғұлама 1940-1941 жылдары оннан аса ғылыми еңбек жазды. Мәшһүр Жүсіп мұрасы, түркі эпосы, Едіге мен Орақ – Мамай туралы, Әлішер Навой және қазақ мәдениеті, тарихшы Мұхамед Хайдар,

Шоқан Уәлиханов және Орта Азия тарихы тақырыбындағы мақалалары ғылыми, әдеби жаңалығымен құнды. 1941 жылы Әлкей Марғұлан Қажым Жұмалиевпен бірге 8- сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығын да жазды. 1957-1967 жылдары Ә.Х.Марғұланның басшылығымен Ш.Уәлихановтың бес томдық академиялық жинағы дайындалды. Ол КСРО – дағы архивтерден Шоқанның 300-дей шығармасын тауып, ғылыми редакциялады. Ғұламаның осы және бұдан өзге де көптеген еңбектері жөнінде Мұзафар Әлімбаев былай дейді: «Мұхтар Әуезов Абай тұлғасын әлемге қалай танытса, академик Әлкей Марғұлан да Шоқан бейнесін жер жүзілік аренаға солай танытып кетті». Ал ғұлама-ның өзі: «Мен өмірімнің ең жеміс беретін шағын, қайрат-қуат мол жылдарын Шоқан-ды әлемге танытуға арнадым. Ол өте алғыр, көптеген ұшқыр ойдың иесі еді, оның еңбегін ұрпаққа түгел жеткізбеу обал болатын еді.» деген екен. Ғұлама ғылымға бейім-ді жастарды тәрбиелеп, этнограф, архелолог, тарихшы ғалымдардың бірнеше буынын дайындады. Темір дәуірінің алғашқы кезеңін зерттеуші М.Қ.Қадырбаев, көне түрік дәуірінің зерттеушісі Ф.Арыстанов, қазақтардың этникалық тарихын зерттеуші М:С:Мұқанов Әлкей Марғұланды ұстаз тұтқан. Ғұламаның жетекшілігімен кеңестік кезеңде 50-ден астам кандидаттық және докторлық диссертация қорғалды. Ә.Х.Марғұланның ғалымдық тұлғасы, адами болмыс-бітімі жөнінде Есмағамбет Ысмайлов былай деп жазған: «Ғалымдық, әдебиеттік творчество жолында үнемі ағалық ақылы мен еңбек сүйгіштік мінезі жағынан Әлекеңнің орасан зор ықпалы тек маған ғана емес, мен сияқты көптеген әдебиетші, тарихшыларға мол болды. Ол кісінің оқығаны да, тоқығаны да ұшан- теңіз. Қасында жүріп, оның кішіпейіл, ұстамдылық мінезінен де ұшан –теңіз білімінен де көп тыңдап, көп білім аласың. Әлекеңнің ағалық, ұстаздық сілтеуімен әдебиетші, тарихшы ғалымдардың талайы өзінің жаңа ғылымдық еңбектерін ойдағыдай жазып, жемісті нәтиже беріп жүр». Академик Ә.Х.Марғұланның ғалымдық, ұйымдастырушылық қарым-қабілетінің арқасында Қазақстанда археологиялық және этнографиялық зерттеулердің берік іргетасы қаланды, тарих, археология, этнография ғылымдары жүйеленіп бір ізге түсірілді. Ғұламаның көзі тірісінде қазақтың қолөнері жайындағы зерттеулері үш томдық кітап болып шықты. Барлығы 400- ден аса әртүрлі ғылыми еңбектері жарық көрді, бірқатары шет тілдеріне аударылды. Ұрпақ ұлттық рухпен неғұрлым жақын тәрбиеленген сайын ол өзінің адамдық бейнесін ішкі рухпен қаруландырмақ. Ұлттың негізгі құндылығы ұрпақ болғандықтан ұлттық идея ұрпақ рухына қызмет етуден алшақ кетпейді. Ұрпақ тәрбиесі қашаннан өз мәнін биік ұстайды. Сондықтан қай заман, қай қоғамда болсын адамзат баласы жас ұрпақ тәрбиесіне зор мән берген. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен, келешек ұрпаққа оқу-білім және тәрбие беру ісін дұрыс жолға қоюы тиіс. Ұлттың бүгіні де, болашағы да тәрбиелі ұрпаққа байланысты. Толық жетіліп қалыптасқан ұлттың сана-қабілетінде, түсінік-талғамында, мінез-құлқында, өзіне тән

ерекшелік менталитеті болатынын ғылым дәлелдеген. Қазіргі таңда тәуелсіз еліміздің ертеңгі тізгінін ұстар азаматтарына жан-жақты өнегелі тәрбие беру қоғамымыздың алға қойып отырған басты мақсаттарының бірі. Қазақстандағы мектеп жасындағы оқушыларға «Мәңгілік Ел» идеясын ұлттық идея ретінде насихаттап, білім беруде ұлттық тәрбиені қатар алып жүруіміз керек. «Мәңгілік Ел» идеясы тамырын тереңнен алатын ұлттық идеологияға айналу қажет. Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа адамгершілік рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзей алмайсың»деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші рөл атқарады.

2006 жылы Іргебай Ербол Ісләмұлының бастамасымен мамыр айында мектебімізде Әлкей Марғұланның мұражайы ашылған еді. Өзім еңбек еткен Астана қаласындағы №40 Әлкей Марғұланның мектебіндегі мұражайды мақтан тұтар едім. Оқушылардың білім алуға, ғылыми жоба жазуға, өнерге, спортқа, кітап оқуға ынталандыру мақсатында жылда «Марғұланның сыйлығы» тағайындалады. Сыйлық әр оқу жылы бойынша ерекше жетістікке жеткен оқушыларға табысталады. Бұл дәстір мектебімізде 2006 жылдан бері тұрақты өтуде. Сыйлық «Үздік оқушы», «Өнерпаздар мен өнертапқыштар», «Парасатты, мәдениетті оқушы», «Жыл спортшысы», «Жас өнерпаз», «Жас оқырман», «Зерделі оқушы» деген номинацияларда беріледі. Ғұламаның мұражайында 11 мамыр туған күніне орай барлық сыныптарда тәрбие сағаттары ерекше болып өтеді. Бұл мұражайда болашақ ұрпағымыз үлгі тұтарлық, ғұламаның барлық еңбегі бүгінгі жас ұрпаққа асыл мұра болып қалмақ. Сонымен қатар ғұламаның өмірі бүгінгі рухани-мәдени өмірімізге де үлгі-өнеге бола береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан ЖОО-да «Мәңгілік Ел» Ұлттық идеясын жүзеге асыру тұжырымдамасы. Пірәлиев С.Ж., Нәрібаев К.Н., Жампеисова Қ.К., Қойгелдиев М.К., Молдабеков Ж.Ж., Кан Г.В., Иманбаева С.Т. Алматы 2015 ж.
2. Козыбаев М. К. «История и современность». Алматы 1991г.
3. Т.Тұрлығұл. «Тарих сабақтары жетілдіру жолдары». Алматы «Мектеп» 1994ж.
4. Вагин А.А. Методика обучения истории в средней школе, Просвещение 1992г.
5. «Алашпен Алашорда», «Ататек», Кеңес Нұрпе йісов, Алматы, 1995ж.

«NURORDA» школа – лицей
учитель начальных классов
педагог – исследователь
Куттыбаева Нескен Сабитовна

КАНЫШ ИМАНТАЕВИЧ САТПАЕВ. НАСЛЕДИЕ ВЕЛИКИХ ЛЮДЕЙ

Каныш Имантаевич Сатпаев – советский академик, геолог, организатор науки, общественный деятель, основатель советской металлургической науки, основоположник казахстанской школы металлогении. Родился 31 марта 1899, в ауле № 4 в Павлодарском уезде Семипалатинской области Российской империи (ныне аул имени К. И. Сатпаева Баянаульского района Павлодарской области) в семье бия. Он был младшим ребёнком: у него были старшие брат и сестра. С 1909 по 1911 годы Каныш Сатпаев учился в аульной школе. В 1911 году поступил в русскоказахское училище в городе Павлодар, которое окончил в 1914 году с отличием. После окончания училища Каныш Сатпаев, отправился на обучение в учительскую семинарию в Семипалатинске, где в связи с туберкулёзом у него возникли трудности со здоровьем. Тем не менее он получил диплом об окончании семинарии в 1918 году, сдав экзамены экстерном. Сатпаев готовился для поступления в Томский технологический институт. Параллельно с учёбой Сатпаев работал учителем естествознания двухгодичных педагогических курсов в Семипалатинске. Находясь на лечении в Баянауле, Каныш Сатпаев начал составление учебника по алгебре для казахских школ, который он закончил в 1924 году. Данный учебник стал первым школьным учебником алгебры на казахском языке. В 1920 году Сатпаев был назначен первым в Баянауле председателем Казкультпросвета, созданного с укреплением советской власти. Тогда же постановлением Павлодарского ревкома он был назначен народным судьёй 10-го участка Баянаульского района. В начале 1921 года состоялась встреча Сатпаева с геологом М. А. Усовым, который приехал в Баянаул на кумысолечение. Усову удалось заинтересовать юношу геологией, и в том же 1921 году Каныш Сатпаев, отправился поступать в технологический институт. Однако по состоянию здоровья пришлось оставить учёбу и вернуться в аул. Но Сатпаев не оставляет учебу. В этом ему помогает М. А. Усов, часто приезжающий в Баянаул на лечение. Спустя полтора года здоровье Каныша Имантаевича улучшилось, и он вернулся на учёбу в институт, успешно окончив его в 1926 году. После окончания заведения молодой инженер возвращается на родину. В 1926 году, окончив институт и получив квалификацию горного инженера, Каныш Сатпаев был направлен в Атбасарский трест цветных металлов на должность начальника геологического отдела, а в 1927 его избирают членом правления этого треста. В ведении Атбасарского треста находилось медное месторождение и недостроенный медеплавильный завод в посёлке Карсакпай. Строительство завода началось десять лет назад, когда англичане взяли в концессию у бая Карсакпая территорию и начали поиски меди. Они построили плавильный цех, частично установили оборудование, но много меди найти им

не удалось. С наступлением Февральской революции англичане покинули завод, который впоследствии решила достроить советская власть. Каныш Сатпаев, как главный геолог треста, отправился туда, чтобы осмотреть местность и узнать о продвижении строительных работ. Специалисты и руководство относились к перспективе развития добычи меди в регионе очень скептически. Предполагая, что её запасов хватит на ближайшие 10-15 лет, не более. Однако, осмотрев местность, Каныш Имантаевич с ними не согласился. Он считал, что в районе Джекказгана имеются огромные запасы меди, которые прежде не были обнаружены. Сатпаев начал исследование местности на наличие металла. В начале 1933 года Геолком принимает решение о резком сокращении финансирования разведочных работ в Джекказгане. В целях сохранения кадров и продолжения работ Каныш Имантаевич был вынужден искать дополнительные источники финансирования. Он заключил соглашение с трестами «Золоторазведка» и «Лакокрассырьё» о разведке месторождений необходимых им ископаемых. Однако имевшихся средств было недостаточно ни для сохранения, ни тем более для увеличения исследовательских работ. Сатпаев обратился за помощью к М. А. Усову и его другу, профессору В. А. Ванюкову. С их помощью Канышу Сатпаеву удалось выступить в Академии наук СССР и доказать обоснованность сделанных им выводов касательно запасов медной руды Джекказгана. В постановлении третьей сессии Академии 1934 года говорилось о необходимости строительства в течение третьей пятилетки в Джекказгане медеплавильного комбината. Сессия также поддержала предложение Сатпаева о строительстве железнодорожной линии Джекказган — Караганда — Балхаш. Затем Каныш Имантаевич обосновал свои предложения перед наркомом тяжёлой промышленности Г. К. Орджоникидзе. После этого в регионе начались широкие исследовательские работы. Впоследствии оказалось, что Джекказганское медное месторождение было на тот момент крупнейшим в мире по прогнозируемым запасам. К 1940 году в Джекказгане было построено Досмурзинское водохранилище и железная дорога, соединяющая Джекказган, Караганду и Балхаш. За открытие Джекказганского месторождения Каныш Сатпаев в 1940 году был удостоен высшей награды страны — ордена Ленина. Каныш Сатпаев начал задумываться над созданием в Казахстане Академии наук ещё в 1944 году. 1 июня 1946 года состоялась официальная церемония открытия Академии наук КазССР. Два дня спустя, 3 июня, на первом общем собрании Академии, состоявшемся в зале заседаний Президиума Верховного Совета КазССР, Каныш Сатпаев был избран её академиком и президентом. В том же году Сатпаев был избран академиком Академии наук СССР и депутатом Верховного Совета СССР 2 созыва. В 1947 году он был избран членом Президиума комитета по Ленинским и Государственным премиям при Совете министров СССР и оставался им до конца жизни. В 1949 году Каныш Имантаевич был избран членом ЦК КП Казахстана. В 1950 году он был утверждён в учёном звании профессора по специальности «геология» и избран депутатом Верховного Совета СССР 3 созыва. В 1951 году Сатпаев, по поручению Президиума АН СССР, принял участие в организационной сессии

Академии наук Таджикской ССР. На данной сессии Каныш Имантаевич был избран почётным членом таджикской академии. Скончался Каныш Сатпаев на 65-м году жизни, 31 января 1964 года, в Москве, после продолжительной болезни. Похоронен 3 февраля на Центральном кладбище города АлмаАты. На могиле в 1968 году был установлен памятник скульптора А. П. Антропова, архитектора Н. А. Простакова. Но память о Великом Человеке будет жить вечно в сердцах его потомков. Так, в учебнике «Познание мира» в разделе «Моя семья и друзья» дети изучают тему «для Родины своей, сил не жалея». Это первое знакомство с именами Великих людей, одно из которых – Каныш Сатпаев. В третьем и последующих классах дети продолжают изучение творчества и деятельность Великих людей. Заслуги К.Сатпаева: - Сатпаев является создателем научного метода металлургической формации.. Благодаря его исследованиям в 1926-1929 годах, Жезказганское месторождение медных руд, считавшееся промышленным бесперспективным, в настоящее время является единственным в мире. - Сатпаев внес большой вклад в науки геологии в СССР и становлении науки в Казахстане. - Сатпаев - первый ученый из Центральной Азии – еще в 1946 г. Память о Великом человеке • Именем Каныша Сатпаева назван город в Улытауской области, • Учебные заведения, улицы городов и сел. Воздвигнуты мемориальные плиты и памятки. В школах дети знакомятся с заслугами великого ученого. • Создан кинофильм по заказу национального телеканала «Казахстан» на основе шестисерийного фильма «Қаныш. Қазына» 2021 года выпуска. В основу ленты легли реальные исторические события 1926–1934 годов. • Медеу Сарсекеев написал книгу «Қазақтың Қанышы». Литература Журнал «Аңыз адам» №13 Шілде 2012 жыл Учебники «Познание мира» Алматы «Атамұра» 2, 3, 4 классы.Б.К. Турмашева, С.С.Салиш, Т.Н. Мирук
https://urfodu.ru/kz/ru/experts/kanysh_imantaevich_satpaev/
https://urfodu.ru/kz/ru/experts/kanysh_imantaevich_satpaev/
<https://www.google.com/search?q=%D0%BA%D0%B8%D0%BD%D0%BE%D1>
<https://www.google.com/maps/place/100000+Satpayev/data=!4m2!3m1!1s0x423d645a6776e943:0x696ba936eba8632c?sa=X&ved=1t:242&ictx=111> Аст н қ

«NURORDA» мектеп-лицейі
Педагогика ғылымдарының магистрі
Тойбекова Анар Мухсиновна

Қазақ балалар әдебиетінің алып бәйтерегі - Бердібек Соқпақбаев

Балалар әдебиетін алып бәйтерек десек, оған нәр беріп, құнарландырып тұратын күретамыр – Бердібек Соқпақбаев. Жазушы жастайынан жетім қалып, өмірде қанша теперіш көрсе де, құламаған, қайта рухы шындалған тұлғаға айналған. Тәуелсіз қазақ елі барда Бердібек Соқпақбаев та бар, әсте ұмытылмақ емес. Өйткені, ол туған халқының тағдырын жырлап, оның жүрегіне әлдеқашан жол тапқан жазушы. Ондай қаламгердің өзіне лайық сый-құрметтен кенде

қалмайтыны да,мынау шындықты бүкпей ,бүркелемей айта алатын заманда оның шынайы шығармаларының бағы жанып,жарқырай түсетіні де әбден анық.Балалар әдебиетінің алып бәйтерегі Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 100 жыл. Қазақ әдебиетіне өзгеше өрнек, ғажайып сыр-сипат алып келген көрнекті жазушының мерейтойы биыл ЮНЕСКО көлемінде тойлана бастады. Бердібек Соқпақбаев 1924 жылы 15 қазанда Алматы облысының Нарынқол ауылында туған. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын, кейіннен Мәскеуде Жоғары әдеби курсты бітірген. Біраз жыл ауыл мектебінде бала оқытқан. «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Балдырған» журналында, Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясында істеген. Қазақстан Жазушылар одағында балалар әдебиеті жөніндегі әдеби кеңесші болған. Шығармашылық жолын өлеңмен бастап, 1950 жылы «Бұлақ» атты жыр жинағын шығарған. Кейін балалар мен жасөспірімдерге арналған 20-дан астам әңгіме, повесть, роман кітаптарын ұсынды. «Менің атым Қожа», «Балалық шаққа саяхат», «Бозтөбеде бір қыз бар», «Өлгендер қайтып келмейді» және «Қайдасың, Гауһар» секілді туындылары КСРО халықтарының және шетелдердің көптеген тілдеріне аударылып, сахналық, экрандық нұсқаға айналған. 1967 жылы Балалар мен жасөспірімдерге арналған фильмдердің Канн қаласында (Франция) өткен халықаралық фестивалінде «Менің атым Қожа» фильмі (Б.Соқпақбаевтың сценарийі) арнаулы жүлдеге ие болды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталған. Өмір құбылыстарын қаз қалпында шынайы суреттеудің өзі жазушының суреткерлігіне, табиғи талатына ,сезім-түйсігіне байланысты.Бердібек Соқпақбаев-туған топырағынан,қимас балалық шағынан,жас кезінде бастап кешкендерінен табиғи түрде жаратылған жазушы,тума талант.Соқпақбаев жалған жазуға жоқ,өзі бастан кешіп сезінген,жанын ауыртып,жүрегін тебіrentпеген тақырыпқа қалам тартып көрмеген текті талант иесі. Кешегі кеңестің идеология қалам қайраткерін еркін ойлауға мүмкіндік бермеді.Бірақ,сол кеңестің дәуірінің нұсқау бағытына қарамай,жалғандықтан қашып,тек шындықты жазып өткен жазушының бір және бірегейі –осы Б.Соқпақбаев.Шындық,шыншылдық дегеніміз бұл жерде жазушының өзі көріп,әбден көзін жеткізіп,басынан кешірген жәйттер. Бердібек Соқпақбаев балалар өміріне арнап шығарма жазудың өзіне тән қыры мен сырына тоқталатын болсақ,ол өз шығармаларын бірінші жақтан жазған.Бұл өмір құбылыстарын –жақсы мен жамандықты,ақ пен қараны бала көзімен көру бала түйсігімен түйіндеуден туындайды.Содан кейін баланы зеріктіретін суреттемпаздықтан тәптіштеп ұсақ-түйек татымсыздықты тасыта берушіліктен аулақ болған.Б.Соқпақбаев бала ойына лайық шығармалар жазған.Жазушы шығармаларының шындығы мен қарапайымдылығының бір сыры осында болса керек. Шоқтығы биік қаламгер балалар мен жасөспірімдерге арналған 20-дан астам әңгіме, повесть, роман ұсынды. «Менің атым — Қожа», «Балалық шаққа саяхат», «Өлгендер қайтып келмейді» туындыларында өзі өмір сүрген заманның шынайы келбетін суреттеді. Б.Соқпақбаевтың балалық шағы еліміздегі түрлі әлеуметтік өзгерістерге толы дәуірге дәл,тұспа-тұс келді.Сол бала кезіндегі көзбен көріп,бастан

кешіргендерінің, түсініп-түйсінгендерінің негізінде «Балалық шаққа саяхат» повесін жазды. Автор мұнда ауыл балаларының тыныс-тіршілігін сөз ете отырып, ауыл өмірін бүкіл айшылығымен көрсетіп, үлкен бір дәуірдің тұтас бейнесін көз алдымызға әкелді. Аталған кезеңдегі қазақ ауылының шындығын-ашаршылыққа ұшырағанын біз енді ғана айта бастасақ, ал Соқпақбаев балаларға оны ертеректен-ақ айтып қойған. Жазушы шығармаларының өзектігі осында. Бердібек Соқпақбаев "Менің атым Қожа" — 1957 жылы жазылған, қазақ балалар әдебиетінің озық туындыларының бірі саналатын повесть. Ол орыс, украин, француз, литва, латыш, өзбек тілдеріне аударылды. Повесте кішкентай Қожаның мектеп жасындағы бастан кешкен әр түрлі қызықты оқиғалары жайлы баяндалады. Ол қанша бұзықтық жасаса да жақсы адам болуға талпынысы бар. Өзінің жасаған бұзықтығының бәрі әкесіз өскендігінен деп ойлайды. Қожа өзінің мінезін, тәртібін өзгертуге тырысады. Әңгімеде Қожаның балалық махаббаты да үлкен рөл ойнайды. Ол сыныбындағы үлгілі, тәртіпті әрі сабағын үздік оқитын Жанар деген қызды жақсы көреді. Тіпті кей кездері Жанарға арнап өлең де шығарады. Жанарды әрқашан көргісі келіп тұрады. Қожа жазушы болуды армандайды. Қожа бейнесі-қазақ балалар әдебиетіне қосылған үлкен олжа, ірі табыс. Осы бір қара баланың бейнесі өзіне табындырып, барған сайын биіктеп, Марк Твеннің Том Сойерімен, Аркадий Гайдардың Тимурмен, қазақ ауыз әдебиетінің Тазша баласымен теңеспей-ақ қойсын, дегенмен солардай бір тосын мінез байқатып, қазақ деген халықтың «ақыл тентегі» Қожаның өзгеше танылып, солардай қызық көрсетіп, елге жағуы елімізде де, әдебиетімізді де биікке көтеріп тастағанын неге айтпасқа. «Менің атым – Қожа» десе, Бердібек Соқпақбаевтың есімі қатар жүреді. Тіпті бұл шығарманы оқымаған, киносын көрмеген қазақ кемде кем. Соқпақбаевтың тағдыр жолы соқтықпалы-соқпақты болды. Көзі тірісінде мақтау қағазы да бұйырмады. Алайда қаламгердің өлмес туындылары әлі де жаңа, жас буынның кәдесіне жарап, рухын жанып, өмірге деген құлшынысын өсіріп, әділдік үшін күресуге үндеп келе жатыр. Хас талант тарихта елеусіз қалмайды. Қазақ руханиятына өшпес мұра қалдырған қаламгерді әлем мойындады. Кітап-адам баласының ақыл-ойынан туған байлықты сақтап, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыратын, білім және тәрбие беретін құрал. Кітап – біздің ақылшымыз, сырласымыз, досымыз. Кітапты оқи білу, түсіну, есте сақтау қабілеттерін арттырады. Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге, деген Абай атамыз кітап атты ғажап күшін бойына жинап, өмірлік азық етпей пе еді?! Бүгінгі күні теледидар, компьютер, интернет үлкен рольге ие болып отырған уақытта кітап оқудың сиреп бара жатқаны ащы шындық. Сондықтан, кітапты насихаттаудың түрі формалары мен әдістерін пайдаланып, оқушыларды кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында күнделікті 8.40-та кітап оқу сағаты мектепте дәстүрге айналды. Адам бір жылын ойласа-дән себеді, бар ғұмырын ойласа-ағаш отырғызады, ал бүкіл ойласа-ұрпақ тәрбиелейді. Балаларымыз не айтсада тегін айтпаған. Бала тәрбиесі болашақ ұрпақ, саналы жастар тізбектелген ұғымдар тіркестері білім мен тәрбие саласында жүрген ұстаздық мәртебесін биік қоятын әрбір жанға жауапкершілік артқандай боп сезіледі. Себебі, шәкірттің бойына бір

құндылықты үйретсек, бір жақсы әдетке дағдыландырсақ, білімнің қайнар көзінен санасына жол ашсақ, болашағы жарық болатыны айқын. Құндылыққа негізделген құндылық сағаттары тұлғаны дамытуға бағыттайды. «Қазақ деген халықта да бала бар, оның тентегі де, телпегі де болады. Баланың бәрі бірдей емес пе!» деген оймен «қазаққа да осындай шығарма керек-ау» деп барып дүниеге келген туынды. «Менің атым-Қожа» бүгінде бірнеше ұрпақтың тамырына нәр беретіні сөзсіз. Библиографиялық тізім: «Астана Ақшамы» газеті №111 .2014ж.02.10 Тұрлыбек Мәмесейіт «Ана тілі » Ұлт газеті №46 14-20, 112019ж Жанболат Аупбаев. «Әдебиет порталы» Қазақ балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың өмірі мен шығармашылығы <https://stud.kz/> Уикипедия — ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет Бердібек Соқпақбаев шығармалары Алматы «Атамұра» 2012

**«NURORDA» мектеп-лицейі, бастауыш сынып мұғалімі,
педагог – зерттеуші
Толеуова Манира Мухаметкалиевна**

БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ- БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ БАҒБАНЫ

Жас бүлдіршіндерге арнап шығарма жазу, сол арқылы кішкентай оқырманның құрметіне бөлену үлкен дарындылықты қажет етеді. Міне, біздің қазақ балалар әдебиеті де осындай дарындыларға кенде емес. Солардың ішінде шоқтығы биік, бірегей таланттардың бірі – Бердібек Соқпақбаев болатын. Оның шығармаларын оқыған кез келген бала Бердібектің өмірбаянымен де танысып шығады. Себебі жазушының шығармаларының басты кейіпкері өзі болып табылады. Балалық шағына деген сағынышын өз шығармаларында жазған екен.

Жазушының жүгі қашанда ауыр. Әсіресе балалар тақырыбына жазу – қиынның ең қиыны. Бердібек Соқпақбаев осы тақырыпта артына өлмес мұра қалдырған бірден бір жазушы. Жазушыны балалар әдебиетінің атасы деп атайды. Мұның бір дәлелі – қалың оқырманның сүйікті шығармасына айналып кеткен «Менің атым – Қожа» повесі.

Пайда ойлама, ар ойла,

Талап қыл артық білуге.

Артық білім кітапта,

Ерінбей оқып көруге,- деп Абай атамыз бекер айтпаған.

Бүгінгі күні теледидар, компьютер, интернет үлкен рольге ие болып отырған уақытта кітап оқудың сиреп бара жатқаны ащы да болса шындық. Кітап – адам баласының ақыл-ойынан туған байлықты сақтап, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын, білім және тәрбие беретін құрал. Кітап – біздің ақылшымыз, сырласымыз, досымыз. Кітапты оқи білу, түсіну, есте сақтау қабілеттерін арттырады. Ғасыр көші ілгері жылжып, тарих беттері қалыңдығымен адамзаттың кітапқа деген құрметі, пейіл-ықыласы ортаймаса керек. Кітапты насихаттаудың түрлі формалары мен әдістерін пайдаланып,

оқырмандардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру бағытында «NURORDA» мектеп-лицейі осы бағытта жұмыс жасайды. Мектебімізде күнделікті 20 минут кітап оқу уақыты бар.«Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге», - деген Абай атамыз «кітап» атты құдіреттің ғажайып күшін бойына жинап, өмірлік азық етпеп пе еді?!

Мектеп кітапханасының оқу залында 2024 жылы «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында белгілі балалар жазушысы, ақын, сценарист Бердібек Соқпақбаевқа және оның шығармашылығына арналған «Балалар әдебиетінің бәйтерегі» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Акцияның мақсаты – ұлттық әдебиеттің үздік туындыларын насихаттау, рухани мұраны сақтау, оған жастарды жұмылдыру, сондай-ақ қазақстандық жазушылардың шығармашылығына қоғамның қызығушылығын арттыру. Оқушыларымыз осы көрмеден өздеріне ұнаған кітаптарын алып оқуда. Балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың шығармалары оқуға ұсынылды. Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығы ЮНЕСКО-ның 2024 жылғы атаулы күндер күнтізбесіне енгізілгені айтылып, жазушы шығармаларының ерекшеліктеріне тоқталды. Балалар әдебиетінің көрнекті өкілі Соқпақбаев «Менің атым Қожа» атты повестің арқасында танымал болды. Жазушы шығармаларының ішіндегі бала жүрегіне жол тапқан үздік туынды - «Менің атым Қожа» повесі болды. Бұл – қарапайым тілмен жазылған, шындықтан туындаған шығарма. «Өтірік ештеңе қоспаймын» деп уәде берген автор уәдесін орындайды да, повесте жазушы балаларға бала болып бар сырын ашады. Өзінің бар болмысын, жамандығын да жақсылығын да жасырмай жазады. Сол жасырмай жазушының арқасында оқырманның ыстық ықыласына бөленеді. Жазушы бұл кітабын шығарарда өз елінен алғашқыда қолдау таба алмады. «Кеңестік тәрбиеге қайшы. Біздің оқушылар Қожаның сотқар қылығына еліктеп, тәрбиеден аттап кетеді. Мұғалімнің сөмкесіне бақа салған оқушы ертең қандай азамат болады?» деген пиғылдағы әңгімелер желдей есті. Сосын оны естіген орындаушылар жазушының кітабын басудан бас тартқан. Бірақ оған мойымаған Б.Соқпақбаев шығармасын Москвадан шығатын «Детская литература» баспасына апарып береді. Сөйтіп бірінші «Менің атым Қожа» кітабы орыс тілінде басылып шықты. Қазақтың қожасы оқырман қауымының қызығушылығын туғызды. Одан кейін екінші болып француздар өз тілдеріне аударды. Бірден 30 шақты тілге аударылып шартарапқа жайылды. Содан кейін ғана өз елі Б.Соқпақбаевты мойындады. Бұл туынды «Детская литература» баспасында шығып, содан кейін орыс тілінен көптеген тілдерге аударылып, Франция, Польша, Чехословакия, Болгария секілді шетелдерде жарияланды. Тек содан кейін ғана бұл шығарма өз отанына оралып, байырғы қазақ тілді оқырмандардың жүрегінен ойып орын алды. Осы балалар повесі негізінде «Қазақфильм» киностудиясында көркем фильм түсіріліп, 1967 жылы Канн қаласында өткен халықаралық балалар мен жасөспірімдер фильмдерінің фестивалінде арнайы жүлдеге ие болды. Б.Соқпақбаевтың бірқатар шығармалары алыс және жақын шетел халықтарының тілдеріне аударылған. Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесі кімдерге арналған шығарма деген сауал туындайды. «Менің атым Қожа» повесі балаларға арналған

туынды. Өйткені мұнда қарапайым ауыл тіршілігі, қараша қазақ қауымының күйбеңі, ауыл балаларының мінез-құлықтары көркем де, қарапайым түрде суреттелген. Бұл шығарма шын мәніндегі өмір жолын табуға тәрбиелік үлесімен қымбат. Сонымен бірге балалық шақтың балған мезгілдерін көз алдымызға әкелетін шығарма болғандықтан, өзімізге өте жақын. Повестің басты кейіпкері Қожа қалай сипалтадған? Қожа ақылды тентек. Ол тентек болғанымен адамның жан дүниесін түсіне білетін бала. Менің ойымша, Қожаның тентек болуының бірінші себебі әкесінің жоқтығы. Екіншіден, бос жүрген Сұлтанға еріп жаман әдеттерге жолығады. Ол өзін-өзі түзегісі келгенмен оны бос жүрген Сұлтан өзімен бірге ертіп алып кетіп отырады. Бірақ Қожа өз тентектеріне есеп бере білетін бала екенін көрсеткен. Қожаның ой-қиялы бай. Адам жанын түсінбейтіндерге ол қарадай қас. Мұнысын басқалар тентек деп түсінеді. Бірақ оның бойында жақсылық жасауға ұмтылу, басқаларға көмек қолын созу сияқты жақсы қасиеттер мол. Қазірге кезде осы құндылықтардың маңызды екеніне көзіміз жетіп отыр. Шығарма барысында Қожаның қателіктерге ұрына беруінің себебі анықтауға мүмкіндік беріледі. Қожа тентек болса да, ақылды тентек. Оның қателіктерге ұрына беруінің себебі бос не істерін білмей жүрген тентек Сұлтанға еруі. Ол барлық тентектіктерін абайсызда істейді. Кейін өкініп, қателіктерін түсініп, өзіне-өзі баға береді. Неге олай істедім деп өкінедінін көрсетеді. Бұл шығарма сол кездегі мектеп өмірі мен қазіргі мектеп өмірінің айырмашылығын көруге, сол кездегі құндылықтарды көруге мүмкіндік береді. Адам өміріндегі ең қызықты, ең есте қаларлық шақ – мектеп өмірі. Себебі мектептегі барлық жағдайлардың бәрі есте қалады. Оны ешкім де ұмытпайды.

Оқушылар Қожа кезіндегі мектеп өмірі мен қазіргі кездегі мектеп өмірінің айырмашылығының өте көп екеніне көздері жетті. Қожа өте қиыншылық кезде өмір сүрді. Ал қазіргі мектептің өмірі мүлдем басқаша. Қожа кезіндегідей кітапты кезекке тұрып сатып алмайсың. Оқимын деген балаға еш кедергі жоқ. Оқулықтар тегін үлестіріледі. Қазір үлкен оқу орындары, компьютерлік залдар, кітапханалар ашылды. Алайда осылардың ішінде әдеби кітаптардың алар орны ерекше. Кітаптың бізге берер рухани байлығы көп. Ол бізді сауаттылыққа, тәрбиелілікке, тіл байлығымызды дамытуға, ойлау жүйеміздің жетілуіне көп көмек береді. Қазіргі таңда әр сыныпта Қожа, Сұлтан сияқты балалар бар ма? Оқушылар қазіргі кезде Сұлтан және Қожа секілді оқушылар бар екеніне өз дәлелдерін ұсына алды. Себебі «бес саусақ бірдей емес» дегендей, бәр бала бірдей болмайды. Бірі тәртіпті, бірі тәртіпсіз, бірі сабақты жақсы оқиды, бірі нашар оқиды дегендей. Повестің басты кейіпкері – Қожа арманшыл, сотқар бала. Тектектігімен үнемі түрлі жағдайларға тап болып жүретін Қожа ақыл-ойы мен біліктілігінің арқасында қиындықтардан шыға алды. Кеңес одағында үндемейтін, құлықсыз, қой аузынан шөп алмас, тек «беске» оқитын бала ғана жақсы болып есептелетін. Жүйе мен қоғам тек бәріне «ыңғайлы» баланы тәрбиелегісі келді. Ал ол «ыңғайлы» ересекке айналатын. Мұндай адамдар айтқанға көнгіш, мемлекеттен ештеңе талап етпейтін азамат болады. Осылайша авторитарлы режимдегі мемлекеттер тек осындай халыққа билік еткісі келген. КСРО да солардың бірі болды. Өкінішке

қарай қазіргі таңда да бұл идеологияның сарқыншағы бар. Ата-ана, қоғам әлі де тұлға емес, «ыңғайлы» биоробот тәрбиелегісі келеді...

Негізінде Қожа – еркін ойлы, креативті бала. Болмысы ерек. Тапқырлығының арқасында кітаптарын кезектен тыс алды, бақаны кәмпит деп, Жанарға фокус көрсетті. Бірақ қоғамдағы шектеулер оны бостандығынан айырып, агрессивті етті... Ол біреудің қайғы-қасіретіне көз жұма қарамайтын елгезек, жоғары әділеттілік сезіміне ие, досқа адал, қайырымды, зұлымдыққа жол бермейтін бала. Ал осы қасиеттердің барлығы оқырмандардың жүрегінен мейірімділік тудырып, Қожа батыр бала атанды.

Жазушының 1960 жылы жарық көрген «Балалық шаққа саяхат» атты тағы бір повесті қазақ балалар әдебиетінің асыл мұрасына айналды. 1930-шы жылдардағы кішкентай кейіпкердің тағдыры арқылы өтетін повесть сол уақыттағы оқиғаларды және қазақ халқының қиын өмірін еш боямасыз көрсетеді. Соқпақбаев бұл шығармасында балалық шағын қызықты етіп әңгімелейді. Соның арқасында оқырман сол дәуірдің шынайы тарихи шындықтарын көре алды. Сондай-ақ, жазушы «Өлгендер қайтып келмейді» романында өмір жолында алдынан шыққан барлық қиындықтарды еңсерген табанды, батыл жас жігіттің өмірін және мінезінің қалыптасуын көрсетеді. Романның әрбір бетінде сол уақытқа тән өмір ұшқындары кездеседі. Соқпақбаевтың көптеген шығармалары жас оқырмандарға арнап жазылған. Адамның әрбір кезеңі оның шынайы қуанышына толы. Осы тұрғыдан алғанда, қаладан атасына келіп, басынан қызықты ауыл өмірін өткерген қалалық қыз туралы «Аяжан» атты әңгімесі шынайы қызығушылық тудырады. Жазушының кейінгі шығармаларының ішінде махаббат, сұлулық тақырыбына арналған «Қайдасың, Гаухар?» атты тамаша әңгімесі бар. Бердібек Соқпақбаевтың барлық туындыларында оның шығармашылығының қайнар көзі халық өмірінен бастау алғаны сезіледі. Жазушының бейнелеу қабілеті өте бай. Ол өз кейіпкерлерінің портетін шебер суреттеп, әрқайсысын өзіне тән тілде сөйлетеді. Кейіпкердің ішкі күйзелісі мен ой-пікірлері жазушының басты көркемдік әдісі болып табылады. Бердібек Соқпақбаев тірі кезінде-ақ қазақ балалар әдебиетінің классигі деп аталып кетті. Оның кітаптары ешқашан кітапхана мен дүкен сөрелерінде шаң басып жатқан емес. Жазушының шығармаларын балалар мен ересектер де асыға күтетін. Соқпақбаевтың кітаптарын барлық жастағы оқырмандар мен ұрпақ жақсы көреді.

Артында өшпес мұралар қалдырған аса биік дарын, қазақ балалар әдебиетінің классигі Б.Соқпақбаев көзі тірісіндегідей ұстаздығынан жазбай, рухани тірлігін жалғастыра беретіні хақ. Бұл шығарманың басты мақсаты – жақсылыққа тәрбиелеу. Қожаға еліктеген бала қаншама бала әдебиетке жақын болып, кітап та жазғандары бар. Сондықтан оның шығармаларын іздеп оқитындар қатары алдағы күндері де көбейе түсетіндігі күмәнсіз. Көзі тірісінде классикалық шығармаларымен бірде-бір сыйлыққа ие бола алмаса да, қалың оқушыларының назарынан ешуақытта тыс қалған емес. Жазушы өмірінің бақыты да, ғұмырының ұзақтығы осы болса керек, әсіресе Б.Соқпақбаев

тәрізді әдебиетті арым деп білген жазушының ғұмыры халқымен бірге жасайды.

Пайдалған әдебиеттер:

1. «Ана тілі» Ұлт газеті No46 14-20,112019ж
2. «Астана Ақшамы» газеті No111 2014ж.02.10
3. «Әдебиет порталы»
4. «Менің атым-Қожа» кітабы, «Мұқабә» баспасы, жыл, Нұр-Сұлтан 144 бет

**«NURORDA» мектеп- лицейі
Тулеубаева Нургул Елтаевна**

Сакен Сейфуллин - выдающийся сын казахского народа, писатель и государственный деятель

В третьем классе по предмету Математике был раздел «Выдающиеся личности», где наряду с другими выдающимися личностями был – Сакен Сейфуллин. Мы с классом решили узнать о нем больше информации и организовали поездку в музей имени Сакена Сейфуллина. Во время экскурсии дети были ознакомлены с биографией, творческим наследием писателя. Узнали, какой вклад Сакен Сейфуллин внес в казахскую литературу, какие пользы приносил, и чем пришлось пожертвовать ради своей Родины. Ребята очень внимательно слушали экскурсовода, а также задавали интересующие их вопросы. Были заинтересованы стихотворениями Сакена Сейфуллина, особенно последние творчества писателя. Углубленное изучение писателя дало очень много новой информации. Сакен Сейфуллин - основоположник современной казахской литературы, поэт и писатель, государственный деятель, видный член Коммунистической партии большевиков.

Основатель Союза писателей Казахстана. Один из первых - Председатель Совета Народных Комиссаров Киргизской (Казахской) АССР. Сакен Сейфуллин родился 15 октября 1894 года в кочевом ауле в Акмолинском уезде (ныне Карагандинская область). Детские и юношеские годы поэта - это годы учебы юного Сакена в Нильды, Акмолинске и Омске. После Февральской революции он находится в гуще революционных событий, руководит в Акмолинске казахской молодежной организацией "Жас казах". В 1918 году принимает активное участие в работе 1-го уездного съезда Советов, проходившего в Акмолинске. Сейфуллин избирается членом Президиума уездного Совдепа и руководит народным просвещением. В июне 1918 года в Акмолинске произошел контрреволюционный переворот. Сакен вместе с другими членами Совдепа становится узником Акмолинской тюрьмы, "вагонов смерти" атамана Анненкова, Омского концлагеря. В Омске он смог сбежать из колчаковской тюрьмы (3 апреля) и к июлю добрался до родного аула. После Гражданской войны работает на разных государственных постах. В декабре 1922 года III съездом Киргизской (Казахской) АССР РСФСР избран

председателем Совета Народных Комиссаров республики (главой правительства Казахстана). Работая в вузах республики, Сакен внес большой вклад в дело подготовки высококвалифицированных национальных кадров. Находясь на высоких государственных постах, С. Сейфуллин всегда совмещал эту работу со своей литературной деятельностью. И его литературное наследие велико: стихи, поэмы, рассказы, очерки, повести и романы, пьесы и статьи. Участвовал С. Сейфуллин в работе I Всесоюзного съезда советских писателей в 1934 году. В 1936 году первым из казахских писателей был награждён орденом Трудового Красного Знамени. 24 сентября 1937 года арестован НКВД, в застенках ему щипцами повыдергивали зубы и ногти, некогда бравые усы. Приговорён 25 февраля 1938 года по статьям 58-2, 58-7, 58-8, 58-11 УК РСФСР. Расстрелян 25 апреля 1938 года в 16 часов 40 минут как «враг народа» в одной из тюрем НКВД в Алма-Ате. 21 марта 1957 года реабилитирован Военной Коллегией Верховного Суда СССР за отсутствием состава преступления. С этого времени начинают издаваться исследования о жизни и творчестве поэта, празднуются его юбилейные даты. Отец и брат Сейфуллина арестованы и расстреляны в 1937 году. Жена: Сейфулина, Гульбарам Батырбековна. Родилась в 1908 году, в Карагандинской области, Нуринский район; национальность казашка; образование начальное; проживала в Алма-Атинской области, город Алма-Ата. Арестована 9 апреля 1938 года НКВД КССР. Приговорена: Особое Совещание НКВД СССР 10 июня 1938 года, обвинения по статье 58-12 УК РСФСР. Отбывала наказание 7 лет в лагере АЛЖИР. Особенно тронуло учеников о жизни детей Сакена Сейфуллина. Дети: дочь Лаура, заболела и скоропостижно скончалась в раннем возрасте из-за отъезда жены Гульбарам, которая забрав Лауру, уехала в Москву из-за слухов о якобы тайных встречах Сейфуллина с другой женщиной; вторым ребёнком был сын Аян, после ареста Сейфуллина, жена Гульбарам обивала пороги тюрьмы и кабинеты чиновников, чтобы добиться свидания с мужем. В результате вскоре НКВД отправило Гульбарам в сторону Атбасара, где на берегу Ишима располагалась женская колония АЛЖИР. По дороге, в вонючем, битком набитым вагоне, сын Аян заболел и умер. Делая выводы мы узнали, что одним из отличительных качеств всесторонней личности Сакена Сейфуллина является его преданность образованию и науке подрастающего поколения. В период своего председательства в Совете Народных Комиссаров он первым инициировал идею предоставления стипендий молодым студентам, отметив, что «казахская молодежь должна учиться в лучших учебных заведениях мира». Он считал своим долгом – сделать все возможное, чтобы помочь молодому поколению. «Если вы не будете помогать в учебе, в своей работе, в творчестве, судьба следующего поколения будет на вашей совести», – эти слова показывают его высокий уровень интеллигентности. Основная идея его поэзии – познание ценности и верности дружбе. Поэт, глубоко ценивший настоящую дружбу, воспекает честность и пишет о дружбе, как о сокровище человека. Личность С. Сейфуллина занимает особое место в продвижении патриотизма и любви к своей Родине, способности преодолевать любые трудности для достижения

цели. Своей честностью, добротой и беспристрастностью, делом и искусством он сохранил почетное звание настоящего человека – учителя поколений. Сегодня молодежь Казахстана узнала о жизненных ценностях великой личности в ходе онлайн «Часа добропорядочности». Так как я родом из Нуринского района, Карагандинской области я ознакомила своих учеников с тем, что поселке Киевка Нуринского района установлен памятник прославленному поэту, писателю, основоположнику современной казахской литературы, общественному и государственному деятелю Сакену Сейфуллину. Сейфуллин остается ярким примером талантливого и преданного делу человека, который не боялся говорить правду и раскрывать трудные темы. Его жизненный путь напоминает о том, как важно оставаться верным своим принципам, несмотря на препятствия и риски. Благодаря его трудам сегодня лучше понимаем историю Казахстана и видим многие события с позиции писателя-патриота, жившего в сложное для нации время

**Ә.Ермеков атындағы «№38 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
Садвокасова Эльмира Кенжегалиевна
география пәнінің мұғалімі**

Қазақстанның дамуында ұлы ғалым Қ.И.Сәтбаевтың ролі

Әрбір адамды, тұтас халықты ғұмыр бойы алға жетелейтін, тағдыр мен тарихтың бұралаң жолдарында қандай қиындықтарға тап болса да рухы мен үміті жанып, алыстан бағдар сілтеп жымындайтын да тұратын Темірқазық сынды жұлдыз тұлғалар болады. Қазіргі кез келген қазақ баласы үшін, барша қазақ халқы, тіпті бүкіл адамзат ұрпағы үшін Қаныш Имантайұлы Сәтбаев сондай тұлға. Ілияс Омаров дәл айтқандай, «тұтас дәуірдің жұлдыз тұлғасы» ол.

Сірә, жер бетіндегі пенде біткен шынайы зиялылық пен парасаттылықты бағалар санасын жоғалтып алмаса, Сәтбаев есімінің және гуманизмінің де адамзат жадынан ұмытылмасы анық. Керісінше, жанында тұрсаң биіктігі байқала бермейтін, ал алыстай бастасаң шоқтықтай түсер алып шың тәрізді, жылдар жылжып, ғасырлар айналған сайын Сәтбаевтың да ұлттық мәдениетіміздің, күллі адамзат өркениеті тарихының өн бойындағы қадау-қадау тұлғалар қатарынан лайықты орнын алары ақиқат. Қаныш Сәтбаевтың туғанына 100 жыл толуын 1999 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының жанындағы ЮНЕСКО-ның шешімімен дүние жүзі халықтары атап өткені осы пікіріміздің айғағы.

Сәтбаев сынды ұлы тұлға және оның құндылықтар әлемі мен дүниетанымы туралы бір нәрсе жазу – ерен биік шыңның етегінде тұрып оның алыптығы туралы болжам айтқанмен бірдей іс. Сонда да болса, «жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын...» демекші, өткен ғасырдың соңында көшпелі қазақ ауылында дүниеге келсе де, зайырлық ілім-білімді жете меңгергені сондай – еуропалық ғұламалардың өзімен пікір таластырып, геологиядағы металлогения ғылымының негізін қалыптастырған, сөйтіп химия

ғылымындағы Менделеевтің периодтық жүйесі сынды Қазақстанның металлогениялық картасын тұңғыш рет жасап, соның негізінде бізге белгісіз жаңа пайдалы қазбаларды ашуға көмектесетін, кемел ақыл-парасатымен әлемдік өркениетке өшпес үлес қосып кеткен феномен тұлғаның дүниетанымдық жұмбағын шешуге ұмтылу қай саладағы зерттеушіні де қызықтырары анық.

Осы кезге дейін зерттеушілер мен жазушылар қазақ даласының қойнауындағы кен байлықтарды болжап табудың, оны тиімді тәсілмен өндірудің, жедел ел игілігіне жаратудың ғажайып үлгісін көрсетіп, Қазақстанның қазіргі өнеркәсібінің іргетасын қалаған, осы еңбегі үшін өз заманындағы ең жоғары марапаттар КСРО-ның Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтарына ие болған, бүкіл Орталық Азия ғалымдары арасынан алғашқы болып сол кездегі Одақтық Ғылым академиясына толық мүшелікке сайланған, Қазақстан Ғылым академиясын оның тұңғыш президенті ретінде ұйымдастырып, оны кешенді сан-салалы ғылыми-зерттеулер ордасына айналдырған адамның өмір жолын, ғылыми-дүниетанымдық және қоғамдық-гуманистік қызметін, кейбір кісілік қасиеттерін біршама зерттеп те, жазып та жүр. Алайда Сәтбаевтың рухани әлемі, құндылықтар жүйесі, оның адам таңғаларлық намысы, қажыр-қайраты мен мұқалмас рухының қайнар көздері туралы біртұтас түсінігіміз әзірге қалыптаса қойған жоқ.

Қаныш Имантайұлы қашанда отандық ғылыми қауымды әлем зиялыларымен жалғастыруға ұмтылған. Оның Англияға, Қытайға барған сапарлары да, тіпті өзі қатысып үлгере алмай кеткен Делидегі әлем геологтарының бірінші халықаралық конгресіне қалай дайындалғаны да осы ойымызды айғақтай түседі.

Қазақ ССР Ғылым академиясының Тау-кен істері институтын құруда Қ.И. Сәтбаевтың еңбегі ұшан-теңіз. Өзінің негізгі мамандығы геолог болғанымен, Қазақстанның жерасты байлығын игеруде бұл институттың алатын орны ерекше болатындығын басқалардан ертерек сезген оқымысты. XX-ғасырдың бірінші ширегінде болашағы жоқ деп келген Жезқазған – Ұлытау өңірі қазір Отанымыздың аса ірі кеншоғырларының біріне айналды және ол тек мыспен ғана емес, мұнай, асбест, мәрмәр, әктас, алтын, күміс, көмір, темір, қорғасын, мөлдір (хрусталь), және т.б. жер қыртысында өте сирек кездесетін металдарымен егеменді еліміздің байлығына үлесін қосуда. Бұл істе де алаштың алып тұлғасы Қ.И. Сәтбаевтың алатын орны ерекше.

Ал, марганец – ол бөлек әңгіме! Мысты қорытуда, танктерге сауыт құйғанда қоспа ретінде қолданылатын аса қажетті металл. 1942 жылы Никополь мен Чиатура жау қолына өтіп, Орал зауыттары сол марганецсыз қалды ғой. Ол кенді Қ. И. Сәтбаев сәл ертерек, Жезді бойынан тапқан, 1942 жылы үкімет тапсырмасымен, сол кездегі нарком И.Ф. Тевосянның қолдауымен қаржы бөлініп, 38 тәулік ішінде 60 шақырымға темір жол да, шахта да карьер де салынып бітіп, Қазақстан марганецінің бірінші эшолонын зауыттарға жөнелтті. Дәл осы жылы Жезқазған-Ұлытау аймағының шикізат қорын игеруге арналған монографиясына бірінші дәрежелі КСРО Мемлекеттік

сыйлығы беріліп, ғылыми кеңесте қорғатпай-ақ, оған геология-минералогия докторы дәрежесін беріп, бекітті.

1944 жылдың аяғында КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалында 16 ғылыми-зерттеу институттары жұмыс істеп, ал 1946 жылдың 1-шілдесінде Қазақ ССР Ғылым Академиясы салтанатты түрде ашылып, оның бірінші президенті болып Қ.И. Сәтбаев сайланды. Дәл осы жылы ол КСРО ҒА толық мүшесі болған-ды.

Алдыңғы қатардағы ашылған ғылыми-зерттеу институттарының қатарында – 1945 жылдың 28-ші наурызында құрылған Тау-кен істері институты болды. Оның бірінші директорлығына И.З. Лысенко, орынбасары ретінде, кәдімгі термобұрғыны ойлап тапқан А.В. Бричкин тағайындалды. Сөйтіп, бұрынырақ құрылған Геология ғылымдары институтында Қ.И. Сәтбаевтың жеке басқаруымен Тау-кен ғылымының негізі қалана бастады.

Сол жылы Геология ғылымдары институтынан «Тау-кен істері» секторы өз алдына шаңырақ көтеріп – 4 секторы, 29 ғылыми қызметкері бар, олардың арасында 1 ғылым докторы, 7 ғылым кандидаты бар Қазақстанның Тау-кен ғылымы тарихында дербес институт өз жұмысын қызу бастап кетті. Осы институт құрылысымен Республикада Тау-кен комбинаттарының жұмыстарын қарқындалтуға арналған ғылыми-зерттеу жұмыстарына тапсырыстар түсе бастады.

Қ.И. Сәтбаев Тау-кен істері институтының оқымыстылары алдында алғышарттары міндеттері ретінде – жер асты жұмысының тиімді параметрлерін, кен ашу мен кен өндіру жүйесін, бұрғылау-қопарылыс жұмыстары, ашық және жерасты жұмыстарында қойтастарды майдалау амалдарын жүргізу әдістемелерін жасауды бірінші шешілуге тиісті мәселе етіп қойды.

Аз күшпен мұндай алға қойылған күрделі мәселелерді шешудің өзі оңайға түспесі белгілі. Сондықтан да ықшам ұжым үлкен іске асқан ұйымшылдықпен кірісті. Әр кезеңде Қ.И. Сәтбаевтың қамқорлығы сезіліп, Институт лабораторияларын жабдықтау жұмыстары қатар жүріп жатты.

Тау-кен істері ең күрделі болып саналатын жұмыстар, мысалы, Жезқазған кенішінде – кен өндіру жүйелеріндегі қазбалар мен кентіректердің есептеу әдісімен шығарылған параметрлері, Лениногор, Зырян, Текелі және тағы басқа кен орындарында қолданылатын блогты әдейі құлату жүйесінде, руданы қопарылған тастардың астынан бөліп-бөліп түсіріп алудың теориясы мен осы үдерістің практикасын онан әрі жетілдіру жұмыстары және рудасы мен тасы өзінен-өзі бөлініп құлайтын жүйе іске қосылып, пайданы шаш етектен келтіріп жатты. Осы айтылған жүйелер өндіріске енгізіліп, Лениногор полиметалл және Зырян қорғасын комбинаттарында кен өндіруді 4 есе көбейтті, еңбек өнімділігі 4 мәртеге ұлғайып, шығаратын өнімнің өзіндік құны 2 есеге азайды. 1949-1960 жылдары осы кеніштер 500 млн рубльге пайда келтірді, ал екі жылдан соң осы Институттың үш ғалымы (Ә.Ш. Мусин, А.Н. Жақыпбаев, В.Г. Береза) басқа да авторлармен бірге Лениндік сыйлықтың иегерлері атанды.

Қаныш Сәтбаевтың алға қойған мәселелерінің бірі – жер қыртысынан өндірілетін шикізаттарды әр уақытта кешенді пайдалануда еді. Тіпті соғыс жылдарында, шикізатты молырақ әрі тиімді пайдалану үшін, Қазақстанда ашылған барлық карьерлер маңайындағы толып жатқан, тұла бойында сапашарты жеткілікті тас үйінділерінен металл алуды жолға қоюды талап еткен. Ол әр уақытта да шахты жұмысшыларының еңбегін жеңілдету, оларға комфорттық жағдай жасау, әсіресе, қосымша жұмыстарды механикаландыру, автоматтандыру, шахтыдағы ең қиын жұмыс түрлері – бұрғылау, кен тиеу, оны жер бетіне көтеру, жерасты суымен күресу істерін түгелімен техникаға жүктеуді осы саладағы оқымыстылар мен инженерлерге мақсат-бағдар етіп қойды.

1949-1950 жылдары Институтта Жезқазған кенішіндегі өздігінен жүретін техниканы қолданудың бірінші жобалары жасала бастады. Осы жылдары 2 бұрғылау қондырмасы (СБК-4) тәжірибе жұмыстарын бастап-ақ кетті. Әрине, кеше ғана бұрғышының қолымен көтеріп жұмыс атқаратын перфоратордан кейін – бұл жаңалықтың қиыны да, артықшылығы да қатар болды. Жұмысшыларды қайта дайындау, жоғары қысымды компрессорлар, судың көп мөлшері керектігін айтпағанда, жаңадан қосылған – дарылдаған шумен, газбен күресу, осыншама техника жүретін штректерді кеңейтіп қазу, оларды жер астына түсіру, шығару, қосалқы бөлшектер т.с.с. толып жатқан мәселелерді шешу керек болды.

1955 жылы Жезқазған комбинатының инженерлерімен бірігіп 51 шахтада Э-1003 типті экскаватордың жұмыс органдарын шахтаға түсетіндей ықшамдап, кенді ВОК-3510 вагоншасымен тасуды ұйымдастырды. 1958 жылдары 51 және 45 шахталарда өздігінен жүретін техниканы қолдануды тәжірибеден өткізу учаскелері құрылды – бұны талантты инженер М.Т. Тоқтамысов басқарды. Әрине бұл учаскенің ғылым мен өндірісте атқаратын маңызы өте зор болды – қолдануға бола ма, болмай ма деген сұраққа толық жауап берілді, экономикалық табыс шаш етекпен келеді деп экономистер айтса, кен өндірудің өзіндік құны 2-3 есе кемиді деді жоспарлаушылар. Осы шахтадағы тәжірибе жұмыстарының қорытындылары Қ.И. Сәтбаевқа 1960 жылы Қазақстан үкіметіне жерасты жұмыстарында өздігінен жүретін техникаларды қолдануды тездету үшін ұсыныс жасауға, оған қомақты қаржы бөлу керектігіне көз жеткізуіне негіз болды.

Біртуар ғалымның тау-кен өндірісі мен ғылымына орасан еңбегі сіңген ардагер екендігі мына мысалдан көрініп-ақ тұр: КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері, сол кездегі 44 шахтаның бас инженері Д.О. Ешпанов былай дейді: «Бастығым Т.Сәдуақасов екеумізді Жезқазған комбинатының директорының кабинетіне шақырған соң, дереу жетсек – бір топ инженерлер толып отыр екен, төрде – Қаныш Имантайұлы, қасындағы комбинат директоры В.В. Гурба мәжілісті ашып, сөз кезегін Сәтбаевқа берді.

Қазба жүйесі қолданылатын жерасты кеніштерінде әр түрлі кентіректердің есебінен жер астында 30-35 пайызға дейін руда қалып қоятын. Сол мол кенді қалдырмау үшін – Тау-кен ісіндегі жаңа сала – әр түрлі қазбаларды бос, пайдасыз үйінділермен толтырмалап бекітіп, ал өз

«қызметтерін» атқарып біткен кентіректерді сыртқа шығарып, олардан металл алу әдісі пайда болды. Бұл жаңа әдіс өзінің қолдану аясын кеңейтіп, қазір өз алдына қазбалау жүйесі бар, сан алуан техникасы мен технологиясы бар, ғылымның да, өндірістің де жаңа түріне айналды.

Қаныш Имантайұлы жан-жақты оқымысты болып, Қазақтың бас ғылым ордасының президенті ретінде де қазақ елі өміріне байланысты мәдениеттің, білімнің, экономиканың, денсаулықтың, ғарыштың салаларына араласып, оның біразының жұмысын өзі басқарды.

Орталық Қазақстандағы өндірісті өркендету үшін Ертіс-Қарағанды каналының жобасы мен құрылысын басқарды, атақты композитор А.В. Затаевич академиктің аузынан халықтың 25 ән мен күйін жазып алды, археологиялық қазбаларға қатынасып, Ұлытау маңындағы Алтын шоқыдан «Қарсақбай тасын» тауып, ондағы жазудың 1391 жылғы Ақсақ Темір жорығына арналғанын оқып беріп, мұражайға тапсыртқызды.

1937 жылдан Кен-металлургия институтын бітіруші тау-кен, геолог және металлург мамандықтары бойынша, мемлекеттік емтихан комиссиясының төрағасы болып, қанша мың жас мамандарға өмірге жолдама берді. Қ.И. Сәтбаев осы күнгі пайдаланып жүрген ғылым саласындағы журналдардың шығуының бастауында тұрып, оған сіңірген өлшеусіз еңбегін де айтуымыз керек.

Тау-кен ғылымында Сәтбаев ізімен Қазақ ҰҒА-ның академиктері Ө.А. Байқоңыров, Ә.С. Сағынов, Ж.С. Ержанов, А.Ж. Машанов, Ш.М. Айталиев, Б.Р. Рақышев, Н.С. Бүктіков; ҰҒА-ның корреспондент-мүшелері Ә.Ш. Мусин, Ж.М. Қаңлыбаева, Т.М. Ермаков, Л.С. Шамғанова, С.Ж. Ғалиев сынды ғалымдар осы ғылымды алға жылжытты, жастары – осы қиыншылығы мол заманда шыдамдылық көрсетіп, өмір мен ғылымның арасындағы жеңістерімен көрініп жүр.

Уақыт деген зымырап өтіп барады, оны тоқтату мүмкін емес. Қазақ елі егемендігін алды. Қ.И. Сәтбаевтың ізбасары, Еңбек Ері В.И. Штифанов та дүниеден озды.

1994 жылдары Қазақстанда өндірісті жекешелендіру үдерістері жүре бастады. Жерді жеке меншікке алғандар шыға бастады. Жезқазғандағы «Өлкетану» мұражайына келген кісілер Қ.И. Сәтбаев бастаған жұмыстарды осы күнгісіне дейін дамытқан, сол өңірдегі мыс кенінен шығатын металдармен ел байлығын молайта түсіп, жастарға даңғыл жол ашып бергенін көреді.

Қаныш Сәтбаев ерекше туған дарынды да, талантты еңбекқор тұлға. Ол өзінің өмір жолында ХХІ ғасырда халқына үлгі өнеге болды. Ғалымдығымен, жан-жақтылығымен халықтың сүйген ұлы, біртуар дара азамат, ел игілігі үшін білімін сарп еткен-ірі дарын иесі. Сондықтан оның күлімдеген жүзі мен жарқын бейнесі жас ұрпақтар үшін аса қадірлі қазына.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Академик Қ.И.Сатпаев. Естеліктер мен мақалалар жинағы. Алматы «Ғылым», 1995.
2. Қ.И.Сатпаев және Қазақстан қоғамдық ғылымдары. Алматы. «Ғылым». 1999.
3. Медеу Сарсекеев. Планета Сатпаева-Алматы. Өнер, 2002.
4. Оразов Т. Қаныштың жастық шағы. Алматы, Жазушы, 1971.
5. М. Нұрпейісова., Тұңғыш Академик. Ана тілі №10. 2022 .
6. Марғұлан А.Х. Қаныш бейнесі біздің жүрегімізде. Алма-ата, 1965.

**Ақмола облысы білім басқармасының
Целиноград ауданы бойынша білім бөлімі
Қызылсуат ауылының жалпы орта білім беретін мектебі
көркем еңбек мұғалімі
Сакенова Алия Какимтаевна**

Абылхана Кастеев- основоположник национального изобразительного искусства

Зерттеу нысаны: Ұлы тұлғалардың мураларын насихаттау

Объект исследования: Пропаганда великого наследия великих личностей.

ұсынылған іс-тәжірибенің жаңашылдығы: жаңа технологияларды қолданып, насихаттау жұмыстарын жаса

инновационность предлагаемой практики; - использование новых технологий и обеспечение эффективности пропаганды;

- ұсынылған іс -тәжірибенің өзектілігі- ұлы тұлғаларды біліп, тану және болашақта білу, ұлы тұлғаларды

- актуальность предлагаемой практики - знание и признание великих личностей и знание будущего,

- талқыланатын саладағы негізгі мәселелерді анықтау, талқылау; А.Кастеев совет заманының суретшісі ретінде танылғанына байланысты, оның шығармашылығы қазіргі жастарға түсініксіз және негативті эмоция сыйлау мүмкін;

- выявление и обсуждение основных вопросов в поле дискуссии, в связи с тем, что А. Кастеев признан художником советской эпохи, его творчество может вызывать непонятные и негативные эмоции у современной молодежи;

- проблемаларды шешу жолдарын ұсыну: музейге экскурсия жасап, сол бойынша әлеуметтік желілерде репортаж жасау; жасанды интеллект арқылы сурет туындыларын өзгерту, монтаждау;

- предлагать пути решения проблем – совершить экскурсию по музею и сообщить об этом в постах в социальных сетях; редактирование, редактирование художественных работ с использованием искусственного интеллекта;

- зерттеулердің нәтижесі;
- практикалық тәжірибенің мәні, оның технологиясы: нақты педагогикалық іс
- әрекеттер жүйесі, ұйымдастырылуы, мазмұны, нысаны және жұмыс жасау әдістері.
- конференцияның ұсынымдарын шығару үшін ұсыныстарды қабылдау.

В настоящее время имя Абылхана Кастеева немного забыто, так как художник советского, социалистического времени не столь интересен учащимся. В связи с этим можно разнообразить материал о художнике интересными фактами из жизни художника, так же

– совершить экскурсию по музею и сообщить об этом в постах в социальных сетях;

-редактирование, редактирование художественных работ с использованием искусственного интеллекта;

1. Совершить экскурсию по музею и сообщить об этом в постах в социальных сетях; так как экскурсия офлайн представляет некоторые трудности, я нашла видеорепортажи с музея Кастеева, где высказывания искусствоведов о творчестве и жизни А.Кастеева переданы очень интересно. После этого учащимся было предложено написать посты в виде маленьких репортажей. Надо сказать что это задание вызвало большую трудность со стороны учащихся. Из 10 учащихся справились 2.

2. редактирование, редактирование художественных работ с использованием искусственного интеллекта;

После теоритического материала учащимся также был предложен видеоролик о творчестве А.Кастеева, даде епредложено с помощью искусственного интеллекта редактирование художественных произведений. За основу взяты несколько известных работ художника. Задание вызвало неподдельный интерес у учащихся, предложены несколько программ:

- 1. *Artbreeder*: Этот ресурс использует технологию генеративных состязательных сетей (GANs), чтобы пользователи могли комбинировать и модифицировать изображения, создавая новые варианты.
- 2. *Deep Dream Generator*: Позволяет применять алгоритмы глубокого обучения, чтобы создавать фантазийные и творческие интерпретации изображений.
- 3. *Runway ML*: Платформа, которая предоставляет доступ к различным моделям глубокого обучения для создания и редактирования изображений, а также для создания новых художественных работ.
- 4. *DALL-E Playground*: Созданный OpenAI, этот инструмент позволяет пользователям генерировать изображения на основе текстовых описаний с использованием модели DALL-E.
- 6. *DeepArt*: Позволяет применять различные художественные стили к изображениям

История вопроса: Абылхан Кастеев- казахский живописец, портретист и акварелист, ставший основоположником национального изобразительного искусства. До него были распространены декоративно-прикладные формы, Кастеев стал писать пейзажи, портреты, картины бытовой, исторической, социальной тематики. Творческое наследие Абылхана Кастеева Художник создал свыше 1100 произведений, которые можно увидеть на многочисленных художественных выставках. Это «Сбор хлопка», «Кража невесты», «Турксиб», «Высокогорный каток Медео», «Войско Амангельды», а также портреты выдающихся людей страны.

Сын бедных кочевников из племени Суан Старшего жуза. Абылхан Кастеев родился 1904 гду 14 января в ауле Чижин Джаркентского уезда Семиреченской области. Само время рождения будущего великого художника говорит о том, что у него не было шансов не то что стать художником, но и получить хоть какое- то образование. Отец рано умер и ему пришлось батрачить на баев. Но природный дар проявился в том, что он вырезал фигурки, украшения из дерева и кости. Он мог вырезать фигурки людей, лица, что было запрещено исламом, из -за этого мулла ауыла запретил ему посещать мечеть, а люди начали осуждать его. В 1926 году они переехали в Джаркент, 1927 году он начал работать на строительстве Турсиба простым рабочим. Абылайхан рисовал в свободное время, душа его тянулась в бумаге с карандашом. Работая на строительстве железной дороги, он нарисовал бюст Ленина на скале. Руководство заметило его талант, и Кастеева отправили на учебу в обычную, потом уже в художественную школу. Когда он учился в обычной школе, 25-летний юноша неловко чувствовал себя среди детей. С [1929](#) по [1931](#) годы учился в художественной студии русского художника [Николая Гавриловича Хлудова](#) в Алма-Ате. Художник -реалист Николай Хлудов способствовал развитию молодого таланта, в его студии Абылхан получил первые знания и навыки живописи, работы с красками и холстами, познакомился с творчеством классиков. Наставник пробудил в нем интерес к этнографическому богатству казахов. В 1934 году Кастеев принял участие в конкурсе, посвященном Абаю. Его работы были отмечены грамотой, а сам начинающий художник получил возможность продолжить учебу в Москве.

Затем с [1934](#) по [1937](#) годы продолжил учёбу в Москве, в художественной студии имени [Крупской](#).

Три года он занимался в вечерней художественной студии им. Крупской. При этом преодолевал трудности в освоении русского языка. В бытовом плане ему на помощь пришла казахская диаспора: решился вопрос с проживанием. Днем студент проводил время в Третьяковской галерее, изучая творчество больших мастеров. В годы войны Абылхану Кастееву было поручено создавать плакаты на патриотическую военную тематику. В 1942 году

состоялась первая персональная выставка Кастеева в Алма-Ате. Тогда он получил звание «Заслуженный деятель искусств», а вскоре и звание «Народный художник КазССР». В конце 1940-х годов художник работал в Центральном музее Казахстана, в экспедициях изучал культуру казахов. В этот период он создал серию акварельных работ — характерные сценки из жизни аула. Авторы статьи об этнографических аспектах творчества Кастеева отмечают, что эти работы еще ждут своих исследователей.

Сперва художник был засватан за девушку, которая отказалась идти под венец, потому что он был беден. После возвращения с учебы из Москвы Кастеев зашел к ней в своем новом костюме, покрасовался и ушел. Глупая девушка осталась кусать локти. Потом появилась Сақыш, которая была приведена по казахским обычаям в семью будущего жениха. Новая невеста была младше на 10 лет. Несмотря на то, что молодые познакомились лишь перед свадьбой, Абылхан и Сақыш полюбили друг друга и прожили счастливую жизнь. Сақыш часто говорила, если бы она не уехала из колхоза в Алма-Ату и не вышла замуж за Абылхана, то стала бы Героем Труда. Ее не хотели отпускать, потому что она была очень хорошей работницей. Вместо этого супруга художника посвятила себя семье

Несмотря на славу и статус, Абылхан Кастеев был простым человеком. Он на самом деле вел обычный образ жизни, и одевался как все. Старался лишний раз не привлекать к себе внимания, не кичился своим положением. Его рабочий день начинался далеко засветло и заканчивался поздней ночью. Работая над портретом одного из лидеров революционного движения Амангельды Иманова, он отправился на родину героя в Тургайскую область, чтобы найти живой образ для портрета. В этой поездке молодой еще Абылхан попал под снежный буран, упал с лошади и чуть ли не замерз. Его нашли местные жители, откачали, обогрели. Когда пришел в себя первым делом спросил, знают ли они Амангельды. Он опросил практически все селение. Кастеев собирал портрет Иманова буквально по крупицам. Сделав несколько портретов, он запускал по-одному соратников, чтобы узнать похож или нет. Одна из его родственниц, увидев один из портретов расплакалась. Так была создана одна из лучших работ мастера. 13. Героями полотен Кастеева были простые люди: пастухи, учителя, рабочие и передовики. Трудился он в своей мастерской, работал стоя, несмотря на то, что приходилось писать картину по 8-10 часов. Писал художник как маслом, так и акварелью. Современники всегда поражались, как такими сильными, рабочими руками можно делать такие шедевры акварелью, ведь писать картины такой техникой достаточно сложно. Если масло прощает ошибки, то здесь все должно быть вымерено с точностью и в тишине. 14. Трудное полуголодное детство, бурная творческая жизнь и напряженная общественная деятельность не прошли бесследно. Абылхан Кастеев перенес несколько инфарктов. Художник скончался 2 ноября 1973 года, оставив после себя большое наследие. Последняя работа Кастеева – портрет известного просовода Шыганака Берсиева так и остался незаконченным.

До конца 40-х семья Кастеевых не имела собственного жилья, пока не въехали в квартиру знаменитого писателя и драматурга Мухтара Ауезова. 7. Дочь художника говорит, что он был очень добрым человеком. Единственное, что он мог сделать, когда сыновья проказничают, в трубочку свернет газету, замахнется и все. 8. В 50-х годах в республику приехала делегация иностранных документалистов. Они захотели посетить известного художника, но так как он жил в небольшой и практически пустой квартире, специально для этого привезли мебель и ковры. После того, как делегация уехала всю утварь вывезли обратно. Свой собственный дом Кастеев получил в 1958 году. Супруга отвечала за чистоту внутри, а сам Кастеев взял на себя уход за двором. Кастеев любил вставать рано, поливал цветы, наводил порядок. Однажды когда он подметал двор, соседка через забор попросила его подойти и сказала: - Все время говорили, что этот дом строят для знаменитого художника, но я никогда его не видела. Он живет здесь или нет? А Кастеев ей в ответ: - Это я. Она удивилась и выронила: - Извините, пожалуйста, я думала вы дворник.

Награды и народные звания [\[править\]](#) | [\[править код\]](#)

- Государственная премия [Казахской ССР](#) имени [Чокана Валиханова](#) (1967) — *за серию акварелей «На земле Казахстана»*
- [Орден Трудового Красного Знамени](#) (3 января 1959) — *за выдающиеся заслуги в развитии казахского искусства и литературы и в связи с декадой казахского искусства и литературы в гор. Москве*
- [Орден Трудового Красного Знамени](#) (1959)
- Народный художник [Казахской ССР](#) (1944)
- [Заслуженный деятель искусств Казахской ССР](#) (1942)
- [Орден Октябрьской Революции](#)
- [Орден «Знак Почёта»](#)
- Медали
- Почётная грамота Верховного Совета Казахской ССР (1944)^[8]

Память [\[править\]](#) | [\[править код\]](#)



Картина А. Кастеева «Турксиб» (1932) на почтовой марке Казахстана 1992 г.

- Именем Кастеева назван [Государственный музей искусств Республики Казахстан](#), один из крупнейших художественных музеев страны (в нём хранится более 23 000 экспонатов^[41]), а также улицы в нескольких городах Казахстана.
- Также его именем назван Художественный колледж в городе Шымкент (Казахстан), в 2009 году перед колледжем был открыт памятник художнику.
- В [2004 году](#) была выпущена [почтовая марка Казахстана](#), посвященная Кастееву.
- В [2004 году](#), к 100-летию юбилею А.Кастеева, Национальным банком Республики Казахстан была выпущена в обращение памятная монета номиналом 50 тенге.
- В 2014 году в Алма-Ате был открыт [Дом-музей Кастеева](#).

взял в руки карандаш и интуитивно осознал свое жизненное призвание заниматься изобразительным искусством. Абылхан Кастеев на пленере: [YouTube/Jibek Joly TV В 1927](#)

К теме строительства Турксиба художник обращался много раз, начиная со времени своей работы на стройке. Картина «Турксиб» (1969) стала заключительной версией. В ней привлекает символизм: картина воплощает встречу старого и нового в жизни казахов. Группа всадников и женщин на первом плане наблюдают с горы за приближением железнодорожного состава. Не изобразив ни одного лица, художник отразил восторг людей от нового явления в их жизни. А. Кастеев. «Турксиб»: Много лет жизни посвятил Кастеев исторической теме — среднеазиатскому восстанию 1916 года и одному из его лидеров Амангельды Иманову. Он ездил по местам тех событий, расспрашивал очевидцев, рисовал родственников народного героя, чтобы восстановить его облик. За 20 лет художник создал ряд портретов героя и картину «Войско Амангельды» (1970). Несколько работ в 1950-е годы Кастеев посвятил высокогорной жемчужине — катку Медео. С высоким мастерством двумя цветами — белым и черным — он передал заснеженные горы и сверкание льда. А. Кастеев. «Высокогорный каток Медео»: [YouTube/Jibek Joly TV](#) Абылхан Кастеев постоянно обращался к образу великого Абая, создал около 30 работ, посвященных ему. Необычен портрет Абая, созданный в 1945 году. Кастеев изобразил поэта и мыслителя в юности, читающим и углубленным в свои мысли. Искусствовед Наталья Тележинская отмечает, что в творчестве Кастеева значительное место занимают пейзажи, природные достопримечательности страны: «Дорога на Чарын», «Просторы Щучинска», «Окрестности Алма-Аты». Особое место среди них занимают горы — Хан-Тенгри, Кок-Жайляу. Именем Абылхана Кастеева назван Государственный музей искусств РК. Столетний юбилей художника был внесен ЮНЕСКО в Международный календарь знаменательных дат 2004 года.

Используемая литература:

1. Абылхан Кастеев: картины и факты биографии художника Автор: Татьяна Марценюк: <https://www.nur.kz/family/school/1840334-abylhan-kasteev-kartiny-biografia-hudoznika/> Опубликовано: 26 сентября 2023, 12:05 Читайте больше: <https://www.nur.kz/family/school/1840334-abylhan-kasteev-kartiny-biografia-hudoznika/>

2. Материал подготовила Айгуль Айтмуханова

Подробнее: https://kazakh-tv.kz/ru/view/blog/page_180145_15-interesnykh-faktov-iz-zhizni-i-tvorchestva-abylkhana-kas

**М. Шоқан атындағы №51 мектеп-гимназия
Сакказиева Айгуль Жаксыбаевна**

Бастауыш мектепте оқу және жазу дағдыларын дамыту

Бастауыш мектепте білім берудің жоғары сатыларында табысты білім алуға негіз болатын іргелі дағдылар қалыптасады. Олардың ішінде оқу және жазу дағдылары ерекше маңызға ие, өйткені олар білімге қол жеткізудің кілті болады және сыни ойлауды дамытады. Бұл мақалада бастауыш мектепте оқу және жазу дағдыларын дамытудың негізгі кезеңдерін, сондай-ақ олардың қалыптасуына ықпал ететін тиімді әдістерді қарастырамыз.

Оқу дағдыларын дамыту кезеңдері:

Бастауыш мектепте оқу дағдыларын дамыту - бұл күрделі, бірақ қызықты процесс, ол бірнеше негізгі кезеңдерді қамтиды, олардың әрқайсысында оқушы жазбаша сауаттылық әлеміне енеді. Осы кезеңдердің әрқайсысын толығырақ қарастырайық:

1. Әріптік алфавиттің қалыптасуы: әріптермен танысу: балалар алфавит әріптерімен, олардың пішінімен, атауымен және дыбыстық көрінісімен таныса бастайды. Фонетикалық оқыту: оқушылар әр әріпті тиісті дыбыспен байланыстыруды үйренеді.

2. Сөздер мен сөйлемдерді қосу: буындарды қалыптастыру: оқушылар әріптерден буындардың қалыптасуын игереді, бұл оларға сөздерді құруға көмектеседі. Сөйлем құруды үйрену: балалар алған дағдыларын қолдана отырып, сөздерді қарапайым сөйлемдерге жинай бастайды.

3. Оқуды түсіну: Мәтінді талдау: оқушылар оқылған мәтіндердегі негізгі идеяларды, егжей-тегжейлерді және қатынастарды бөліп көрсетуді үйренеді.

Ақпаратты қабылдау: ақпаратты алу және негізгі семантикалық сәттерді түсіну қабілеті дамиды.

4. Оқу жылдамдығы мен тегістігін дамыту: оқу жылдамдығын жаттықтыру: оқушылар мәтіндерді тезірек және тегіс оқу арқылы өз дағдыларын жетілдіреді. Негізгі ақпаратты таңдау: балалар ақпаратты қабылдау процесін жылдамдату арқылы мәтіннің маңызды элементтерін бөлектеуді үйренеді.

5. Оқуға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру: әдеби байыту: оқушылар әртүрлі әдеби жанрлармен, стильдермен және авторлармен танысады. Көңіл көтеру үшін оқу: балаларға кітаптар мен әдебиетке деген сүйіспеншілікті ояту арқылы оқуға деген қызығушылық қалыптасады.

6. Стратегиялық ойлауды дамыту: контекстті қолдану: балалар бейтаныс сөздер мен сөз тіркестерін түсіну үшін контекстті қолдануды үйренеді. Күрделі мәтіндерге арналған стратегиялар: оқушылар алдын ала қарау, аннотация жасау және т. б. сияқты күрделі мәтіндермен жұмыс істеу стратегияларын меңгереді.

7. Интерактивті әдістер: технологиялық сауаттылық: оқуды үйрену үшін компьютерлерді, планшеттерді және интерактивті тақталарды пайдалану сияқты интерактивті әдістер енгізіледі. Ойындар арқылы оқыту: Ойындар, тапсырмалар және интерактивті жаттығулар оқу процесін қызықты әрі тиімді етеді.

Осы кезеңдердің әрқайсысының балаларда оқу дағдыларын қалыптастыруда өзіндік маңызы бар. Ол оқу материалын сәтті игеру және мәтіндер арқылы білім әлемін қуана игеретін сауатты оқырман болу үшін берік негіз салады.

Оқу дағдыларын дамыту әдістері:

1. Фонетикалық әдіс: әріптермен және дыбыстармен танысу: оқушылар әр әріптің дыбыстық көрінісін алфавитті меңгеру және оны тиісті дыбыстармен байланыстыру арқылы үйренеді. Фонетикалық оқу: Балалар сөздерді дыбыстарға бөліп, оларды буындар бойынша оқиды, бұл жаңа сөздерді оңай тануға ықпал етеді.

2. Буындарды оқуды үйрету әдісі: сөздерді талдау дағдыларын дамыту: оқушылар сөздердің құрылымын жақсы түсінуге көмектесетін сөздердегі буындарды тануды және бөлектеуді үйренеді. Сөздерді буын арқылы оқу: Балалар буындарды бөлектеу және айту арқылы сөздерді оқиды, бұл олардың дыбыстық кемсітушілігін жақсартады.

3. Дауыстап оқу және оқуды талқылау: мәтінді түсіну дағдыларын дамыту: оқушылар оқуды түсінуге баса назар аудара отырып, мәтінді дауыстап оқиды. Талқылау: мәтіндерді Топтық талқылау ойлауды ынталандырады және ақпаратты талдау және синтездеу дағдыларын дамытады.

4. Салыстыру және контраст әдісі: мәтінді салыстыру: оқушылар негізгі идеяларды, ұқсас және әртүрлі элементтерді бөлектеу арқылы мәтіндерді салыстырады және қарама-қарсы қояды. Кейіпкерлер мен сюжеттерді

салыстыру: бұл әдіс әдеби шығармаларды түсінуді тереңдетеді және талдау дағдыларын дамытады.

5. Интерактивті әдістер: технологияны пайдалану: интерактивті тақталар, оқыту қолданбалары және веб-ресурстар оқу дағдыларын дамыту үшін динамикалық орта жасайды. Оқыту ойындары: ойындарды қолдану, мысалы, кроссвордтар, сөздік карталар, Оқу қосымшалары оқу процесін қызықты етеді.

6. Оқу жылдамдығы мен тегістігін дамыту: оқу жылдамдығын арттыру жаттығулары: балалар түсінуді жоғалтпай оқу жылдамдығын жақсарту үшін арнайы жаттығулар жасайды. Шығармаларды толығымен оқу: бірте-бірте ұзағырақ мәтіндерді оқуға көшу үздіксіз оқу дағдыларын дамытуға көмектеседі.

7. Көрнекі материалдармен жұмыс: иллюстрациялар мен графиктер: көрнекі материалдар балаларға сөздерді визуалды бейнелеуімен байланыстыруға көмектеседі, бұл оқуды түсінуді жақсартады. Комикстер мен суреттерді пайдалану: бұл форматтар ақпаратты қабылдау және түсіндіру дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Бұл әдістердің үйлесімі бастауыш сынып оқушыларының оқу дағдыларын жан-жақты дамытуға ықпал ететін байытылған оқу ортасын жасайды. Дәстүрлі және заманауи әдістердің үйлесімі Жеке оқу стильдерінің әртүрлілігін ескеретін тепе-теңдікті жасайды.

Жазу дағдыларын дамыту кезеңдері:

Бастауыш мектепте жазу дағдыларын дамыту процесі-бұл балаларда нақты, мәнерлі және сауатты қолжазбаны қалыптастыруға бағытталған дәйекті және қадамдық процесс. Осы процестің негізгі кезеңдерін толығырақ қарастырайық:

1. Қолдың жазу ыңғайын меңгеру: ұсақ жазуды дамыту: бастауыш сыныптарда оқушылар қолдың ұсақ жазу дамытуға бағытталған жаттығулармен айналысады. Сурет салу, мүсіндеу, сызықтар бойынша бақылау қолдың қозғалысын бақылауды жақсартуға көмектеседі.

2. Графикалық элементтерді қалыптастыру: негізгі элементтерді меңгеру: балалар түзу және қисық сызықтар, шеңберлер, нүктелер сияқты қарапайым графикалық элементтерді жасауды үйренеді. Бұл кейінірек әріптер мен сөздерді үйренуге негіз болады.

3. Үлгі жазуды үйрену: үлгі әріптерді жазу: бұл кезеңде балалар үлгілерді орындау арқылы әріптерді жазуды үйрене бастайды. Мұғалім әр әріпті жазу кезінде дұрыс техника мен қозғалыс ретін сақтайды.

4. Оқылатын қолжазбаны қалыптастыру: қолжазбаны түзету және дамыту: мұғалім жазудың оқылуы мен сұлулығына назар аудара отырып, қолжазбаны жеке түзетуді жүзеге асырады. Элементтермен жұмыс: Балалар қаламды көтеру және түсіру, сызықтарды дұрыс қосу және т. б. сияқты жеке элементтермен жұмыс жасау арқылы қолжазбаларын жақсартады.

5. Оқу дағдыларымен Интеграция: сөздер мен қысқа сөйлемдерді жазу: балалар жазу дағдыларын қарапайым сөздер мен қысқа сөйлемдер құрастыру үшін қолдана бастайды, бұл оқу дағдыларымен интеграциялануға ықпал етеді.

6. Шығармашылықты дамыту: тілмен тәжірибе жасау: Балалар қысқа әңгімелер, өлеңдер немесе сипаттамалар жасау арқылы тілмен тәжірибе жасай бастайды. Бұл кезең шығармашылық ойлауды және өз ойларын қағазға түсіру қабілетін дамытады.

7. Техникалық аспектілерді жетілдіру: тыныс белгілері мен бас әріптерді қолдану: кейінгі кезеңдерде мұғалім тыныс белгілерін, бас әріптерді және жазудың басқа техникалық аспектілерін дұрыс қолдануға назар аударады.

Осы кезеңдердің әрқайсысының өзіндік мәні бар және жазу дағдыларын дамыту үшін кезең-кезеңмен құрылым жасайды. Бұл процесс баланың өзінің жазу қабілетіне деген сенімділігін арттыруға және одан әрі сыныптарда табысты оқудың негізін құруға бағытталған.

Жазу дағдыларын дамыту әдістері:

Бастауыш мектепте жазу дағдыларын дамыту-бұл оқушыларда анық, әдемі және оқылатын қолжазбаны қалыптастыруға бағытталған әртүрлі әдістерді қамтитын көп қырлы процесс. Жазу дағдыларын дамыту үшін қолданылатын негізгі әдістерді толығырақ қарастырамыз:

1. Моториканы қадағалау және жаттығу: сызықтар мен пішіндерді қадағалау: балалар қолдың ұсақ моторикасын дамыту үшін қарапайым сызықтар мен пішіндерді іздеуден бастайды. Моториканы дамыту жаттығулары: бұлшықеттерді нығайту және қолды бақылауды жақсарту үшін сурет салу, мүсіндеу және ұсақ заттарды манипуляциялау сияқты әртүрлі жаттығуларды қамтиды.

2. Графикалық элементтерді оқыту: негізгі графикалық элементтерді меңгеру: балалар түзу және қисық сызықтар, шеңберлер, нүктелер сияқты қарапайым графикалық элементтерді жасауды үйренеді. Элементтер бойынша жаттығулар: әр элементті қалыптастыруға арналған арнайы жаттығулар студенттерге олардың нақты жазылуын игеруге мүмкіндік береді.

3. Үлгі жазу: әріптер мен сөздерді жазуды үйрену: бұл кезеңде оқушыларға үлгі бойынша жазатын әріптер мен сөздердің үлгілері беріледі. Жеке сабақтар: мұғалімдер жазу техникасын түзету және жақсарту үшін жеке сабақтарды ұсына алады.

4. Қолжазбаны оқыту және оны түзету: ұжымдық және жеке түзетулер: мұғалім жазудың оқылуы мен сұлулығына назар аудара отырып, Ұжымдық және жеке сабақтарда қолжазбаны түзетеді. Жаттығу диктанттары: сөздер мен сөйлемдерді жазуды қамтитын арнайы жаттығулар қолжазбаның тегістігі мен біркелкілігін жаттықтыруға мүмкіндік береді.

5. Оқу және әдебиет интеграциясы: оқу мен жазудың үйлесімі: оқушылар өз ойлары мен идеяларын тұжырымдау, қысқа мәтіндер мен оқылған шығармаларға шолулар жасау үшін жазу дағдыларын пайдаланады.

Әдеби жобалар: студенттер өз кітаптарын немесе әңгімелерін жасауды қамтитын жобаларға қатысады, бұл олардың шығармашылығын ынталандырады.

6. Технологиялық әдістер: технологияны қолдану арқылы оқыту: жазу тәжірибесі үшін интерактивті тақталарды, планшеттерді және оқу қолданбаларын пайдалану. Виртуалды Білім беру ресурстары: виртуалды шеберханалар мен онлайн платформалар оқу мүмкіндіктерін кеңейтіп, оны қызықты етеді.

7. Шығармашылықты дамытудың арнайы әдістері: жазбаша эксперименттер: балаларға тілмен және формамен тәжірибе жасауға мүмкіндік беретін тапсырмалар олардың шығармашылық ойлауын дамытуға ықпал етеді.

Шығармашылық жобалар: қысқа әңгімелер, өлеңдер немесе иллюстрацияланған әңгімелер жасау экспрессивті жазу дағдыларын дамытады.

Бұл әдістерді білім беру процесінде біріктіру жан-жақты дамуды қамтамасыз етеді.

Қорытындылай келе бастауыш мектепте оқу және жазу дағдыларын дамыту болашақ ұрпақтың білім беру негізін қалыптастырудың негізгі кезеңі болып табылады. Бұл сапар барысында балалар тек механикалық дағдыларды ғана емес, сонымен қатар сыни ойлауды, шығармашылық көріністі және әдебиетке деген сүйіспеншілікті дамытады. Алфавиттік алфавитті игеруден бастап, балалар сөздер мен сөйлемдерді құрастыруға көшеді, оқығандарын түсінуге және өз ойларын қағазға түсіруге үйренеді. Бұл бірегей жол моториканы, графикалық элементтерді дамытуға, сондай-ақ оқу мен әдебиетпен интеграциялауға бағытталған әдістерді қамтиды.

Жекелендірілген тәсіл, мұғалімдерді Мұқият басқару және заманауи технологияларды енгізу бұл процесті тиімді ғана емес, сонымен қатар кішкентай оқушылар үшін де қызықты етті. Ойындар, интерактивті жаттығулар және жобалық тапсырмалар сияқты әдістерді шығармашылықпен қолдану оқу мен жазу дағдыларын үйренуді қызықты приключенияға айналдырады.

Бұл кезең болашақ сыныптарда табысты оқудың негізі ғана емес, сонымен қатар балаларға өз ойлары мен идеяларын жазбаша түрде жеткізуге мүмкіндік беретін Өзін-өзі көрсетудің күшті құралы болып табылады. Осы әртүрлі білім беру саяхатын қарастырған кезде біз сауаттылықты үйрену процесін ғана емес, сонымен қатар Білім әлемінде шексіз мүмкіндіктерге көпір салуды көреміз. Бастауыш мектепте сауатты оқырман мен жазушы ғана емес, болашақ зерттеуші, ойшыл және Жаратушы да қалыптасады.

«Қазақстан өнеркәсібі мен ғылымын дамытудағы Қаныш Сәтбаевтың рөлі»
Автор туралы ақпарат

Аннотация: Мақалада Ұлы даладағы ұлы тұлғалардың мұрасы туралы мәселе қарастырылады. Тәжірибе мен біліммен бөлісу арқылы ұрпақтан-ұрпаққа қандай құндылықтар мен қасиеттер берілетіні сипатталады. Дала өркениетінің мәдениеті мен дәстүрлерін сақтау үшін ата-баба мұрасын сақтау мен құрметтеудің маңыздылығы атап өтіледі.

Түйінді сөздер: мұра, ұлы тұлғалар, Ұлы дала, құндылықтар, қасиеттер, білім, дәстүрлер.

Ұлы дала-Шығыс Еуропадан Шығыс Азияға дейінгі кең аумақ. Бұл аймақ тарих пен мәдениетке бай және көптеген түрлі халықтар мен ұлттардан тоқылған. Бұл жерде қалыптасқан ең көрнекті құбылыстардың бірі-мұрасы өз халықтарының ғана емес, бүкіл әлемнің дамуына негіз қалаған ұлы тұлғалардың пайда болуы.

Ұлы даланың ең танымал тұлғаларының бірі-Ұлы Моңғол империясының негізін қалаушы Шыңғысхан. Оның ерекше әскери және саяси шеберлігі оған көптеген моңғол тайпаларын біріктіруге және әлемдегі ең қуатты империялардың біріне айналған үлкен империя құруға мүмкіндік берді. Шыңғыс ханның мұрасы Ұлы дала тарихында мәңгі қалды және моңғолдар мен басқа халықтардың кейінгі ұрпақтарына үлкен әсер етті.

Ұлы даланың тағы бір ұлы тұлғасы-жаулап алушы және билеуші Темірлан, оның есімі ұлылық пен қатыгездіктің символына айналды. Ол парсы, Үндістан және Орталық Азияны қоса алғанда, үлкен аумақтарды бағындырып, қуатты Тимуридтер мемлекетін құрды. Оның әскери жорықтары мен стратегиялары ғасырлар бойы көптеген әскери басшылар мен саясаткерлер үшін үлгі болып саналады.

Алайда Ұлы даланың ұлы тұлғаларының мұрасы тек әскери конквистадорлармен ғана шектелмейді. Бұл салада көптеген талантты ақындар, ғалымдар, философтар мен мәдени қайраткерлер пайда болды, олардың еңбектері мен идеялары көптеген ұрпақтарға созылды. Ұлы дала түрлі мәдениеттер мен дәстүрлер бірігіп, жаңа идеялар мен ағымдар туатын орынға айналды. [1]

Қазақстан жері ежелден өркениеттер, мәдениеттер мен діндердің тоғысқан жері болған. Еуразияның шексіз даласын мекендеген, ойлаудың икемділігімен және діни төзімділігімен ерекшеленетін көшпелі халықтар мыңдаған жылдар бойы әлемнің түкпір-түкпірінен ағылған философиялық және діни ілімдерді қарызға алып, шығармашылықпен қайта қарастырды. Қазақстан аумағында ертедегі христиандық діни ағымдардың бірі-буддизм, зороастризм және несторианизмнің таралу іздері табылды. Ежелгі түріктер аспанды құдайландырып, Тәңірі культін ұстанған. Тәңіршілдік тәңір ретінде жеке Құдайды мойындау, көшпенділердің экологиялық этикасын

калыптастырған Умай табиғатының анасына құрмет көрсету, билікті сакрализациялауға негіз болатын құттың өмірлік күшіне деген сенім, қазақтарды жетінші ұрпаққа дейін өздерінің ата - бабаларын білуге міндеттеген қайтыс болған аруах ата — бабаларын құрметтеу қағидаттарына негізделген. Исламның Қазақстан даласына жаулап алу жолымен еңбегені тән. Ислам Қазақстан аумағына мұсылман уағызшыларымен бірге келді. Қазақстанда тамыр жайған ислам тармағының басты ерекшелігі оның жергілікті нанымдар мен дәстүрлермен үйлесімді өзара іс-қимылында болды, ол тәңіршілдік пен ұлттық мәдениетпен біріктірілді. Ғасырлар бойы дала тұрғындарының діни сезімдері әлемге деген төзімділік пен философиялық-медитациялық көзқараспен ерекшеленді. Оларға діни фанатизм жат болды. Өзін зайырлы мемлекет деп жариялаған қазіргі Қазақстанда 17 конфессияның өкілдері тұрады. Елдің Конституциясы мен заңдары ар-ождан бостандығына, тең құқыққа, сондай-ақ діни нанымдарды құрметтеуге кепілдік береді. Бүгінде әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі конфессияаралық диалогты одан әрі ілгерілету үшін ең ірі халықаралық алаң ретінде жұмыс істейді. Съезд әлемдік ауқымдағы дінаралық және мәдениетаралық ынтымақтастықты нығайтудың бірегей институтына айналды. [2]

Биылғы жылдың «Біртұтас тәрбие» бағдарламасына сәйкес ұлы тұлғалардың мерейтойларына сәйкес іс-шаралар өткізіліп, әзірленуде. Биыл Қаныш Имантайұлы Сәтпаевқа 125 жыл толғалы отыр. Осы орайда тәрбиелеу және білім беру үрдісінде Қ.И.Сәтпаев еңбектерін барлық оқушылардың бойына дарытып, сіңіру жұмыстарын үздіксіз жүргізіп отырамын.

Қаныш Сәтбаев (1899-1964) - қазақтың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің бірінші төрағасы. Қазақ КСР академиясының академигі, Кеңес Одағының және Қазақстанның металлогения мектебінің негізін қалаушы, қазақтан шыққан тұңғыш академик. Ол соғыстан кейінгі жылдары Қазақстанның дамуында маңызды рөл атқарды.

Сәтбаев өзінің саяси мансабында Қазақстанда өнеркәсіпті, ғылымды және білім беруді дамытуға жол ашты. Ол Қазақстандық ғылым мен инновацияның орталығына айналған Қазақ ғылыми орталығын құрудың бастамашыларының бірі болды. Ол сондай-ақ мектептер мен университеттерді құруды қаржыландыру арқылы білім беруді дамытуды белсенді қолдады. Сонымен қатар, Қаныш Сәтбаев Қазақстанның мәдениеті мен өнерінің дамуына елеулі үлес қосты. Ол ұлттық өнер жобаларын белсенді қолдады және халықтық өнер фестивальдерін ұйымдастырды. Ол сондай-ақ Қазақстанның табиғи ресурстарын қорғау және пайдаланумен айналысатын республикалық табиғатты қорғау қоғамының негізін қалаушы және төрағасы болды.

Жалпы, Қаныш Сәтбаев Қазақстанды дамыту мен жаңғыртуға жол ашты, ол бүгінгі күнге дейін жалғасуда. Оның еңбегі көптеген ұрпақтар бойы есте қалады және танылады.

Қаныш Сәтбаев-Қазақстанның көрнекті тұлғасы және ұлы патриоты, оның қызметі елдің дамуы үшін зор маңызға ие болды. Өзінің еңбегінің

арқасында ол республикадағы индустрияландыру мен ғылыми-техникалық прогрестің негізін қалаушылардың бірі болды.

Қаныш Сәтбаевтың негізгі қызмет саласы геологиямен байланысты болды. Оның пайдалы қазбаларды іздеу жөніндегі ғылыми зерттеулері Қазақстан экономикасын дамытудың маңызды құрамдас бөлігіне айналды. 1924 жылы ол Орал облысына алғашқы геологиялық экспедицияға қатысып, қазақтар арасында бірінші болып жаңа мұнай кен орнын ашты.

Қаныш Сәтбаевтың мансабы қарқынды дамыды. Ол геологиялық жобалау және іздеу-барлау жұмыстары, сондай-ақ ғылым мен білім беру саласында жоғары лауазымдарға ие болды. 1955 жылы Қазақ КСР Ғылым Академиясының президенті болып сайланды. Сәтбаев салған ең маңызды арналардың бірі-Қазақстандағы ауыл шаруашылығы алқаптарын суару үшін салынған Қарақұм каналы. Бұл Қазақстан КСР-ы салынған ең ірі арна болды, ол Алматы, Түркістан және Жезқазған облыстары арқылы өтті. Арна ауыл шаруашылығын дамыту және аймақтағы өмір сүру деңгейін арттыру үшін үлкен маңызға ие болды. Ол суару үшін суға үнемі қол жеткізуді қамтамасыз етті, бұл дақылдардың өнімділігін арттыруға және ауыл шаруашылығының жаңа салаларын дамытуға мүмкіндік берді. Қарақұм каналынан басқа, Сәтбаев Қазақстанның әр түкпірінде басқа да арналар салды. Ол арналарды дамыту ел экономикасын дамытудың негізгі бағыттарының бірі деп есептеді. Арналар маңызды инфрақұрылымдық нысанға ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның ілгерілеуі мен дамуының символына айналды.

Каналдар арқылы Қаныш Сәтбаевтың ұлы жолы ауыл шаруашылығының, өнеркәсіптің және Қазақстан экономикасының айтарлықтай дамуына әкелді. Оның каналдарды құру мен елді дамытудағы еңбегі ескірмей қалды және Қазақстанның қазіргі дамуына әсер етуді жалғастыруда.

Алайда Қаныш Сәтбаевтың Қазақстанның дамуына қосқан үлесі оның ғылыми қызметімен ғана шектелмейді. Ол сондай-ақ елдің әлеуметтік және саяси өміріне белсенді қатысты. Ұлы Отан соғысы кезінде ол майданға қаражат жинау және материалдық көмек көрсетумен айналысқан "Дариға" қозғалысын басқарды. Соғыстан кейінгі жылдары Сәтбаев партия органдарында жұмыс істеді, онда партияның идеологиясы мен стратегиясын дамытуға зор үлес қосты.

Сәтбаев тек Қазақстан аумағында ғана емес, одан тыс жерлерде де қоғамдық мойындау мен құрметке ие болды. Оның құрметіне көшелер, саябақтар, мектептер, тіпті таулар аталды. [3]

Ұлы даланың ұлы тұлғаларының мұрасы шабыт пен құрметтің маңызды көзі болып қала береді. Олардың ұлы істері мен таланттары бүкіл әлемдегі адамдарды шабыттандырады және қызықтырады және өз халқының мәдени мұрасы мен тарихын сақтау мен бағалаудың маңыздылығын еске салады. Ұлы дала тарихтың бағытын өзгерте алатын және олардың мұрасына қол тигізгендердің барлығының жүрегі мен санасында із қалдыратын ұлы тұлғалардың туған жері болып қала береді. Осылайша, Ұлы даланың ұлы тұлғаларының мұрасы осы аймақтың тарихы мен мәдениетін түсіну үшін

үлкен маңызға ие. Олар тек өткенде ғана емес, қазір де өз іздерін қалдырды және олардың үлкен жетістіктері бізді болашақта да шабыттандырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Боранбаев С. Ұлы мұра // Индустриалды Қарағанды. 06.04.1999.
2. Ұлы даланың ұлы тұлғалары / Казахстанская правда. 2015. № 148.
3. Қ. И. Сәтбаев Қазақстандық мыс // Шымкент қаласының 5-т.: "Оңтүстік полиграфия", 2007. Т.3. 155-162 ББ

«Ақмола облысы білім басқармасының Сандықтау ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы Балкашино ауылының №1 жалпы білім беретін мектебі» КММ Есләм Берік Баянбайұлы

Қаныш Имантайұлы Сәтпаев (125 жыл)

Қаныш Имантайұлы Сәтпаев – Қазақстан ғылымындағы геологиялық қызметтің негізін қалаушы, Қазақ ССР Ғылым академиясын ұйымдастырушы және оның тұңғыш президенті, геологиялық ғылымдар институтын құрушы.

Қаныш Имантайұлы Сәтпаев 1899 жылы 12 сәуірде Павлодар облысының Баянауыл ауданында дүниеге келген. 1911 жылы ауыл мектебінде бастауыш білім алып, Павлодардың орысша-қазақша училищесіне түседі, ал 1914 жылы Семейдің мұғалімдік семинариясында оқиды. Оны бітірген соң, ауылында мұғалім және халық соты болып бірнеше жыл қызмет атқарады.

1921 жылы Томск технологиялық институтының геология ғылымдарының профессоры М.А. Усовпен кездесуі өміріне үлкен өзгеріс әкелді. Қазақстан жер қойнауының байлықтары, жердің құрылысы туралы М.А. Усовпен болған әңгімеден кейін геолог болуды мақсат етеді. Сол жылы Томск технология институтының тау-кен факультетінің геология барлау бөліміне оқуға түседі. Бес жылдан соң оқуды бітіріп, тау-кен инженері-геолог мамандығын алады. Жас маман Жезөзған мыс кен орнын және Қарсақбай мыс заводын біріктіретін «Атбасцветмет» тресіне жұмысқа жіберіледі.

1926 жылы Қ.И. Сәтпаев Атбасар түсті металл серіктестігіне келгеннен бастап, көп жылдар бойы Жезқазған, Қарсақбай, Ұлытау, Торғай, Атбасар, Есіл даласын зерттеді. Сол зерттеудің нәтижесінде Жезөзғанның байлығын анықтап, көптеген кен орындарын ашады. Түсті металл кендері, марганец, силикат, құрылыс, басқа да өндіріс кендері ашылды, көмір орны анықталды, қалың қатпар қорғасын, жез, күміс табылды. Қара темір, алтын мен молибденді ашты. Қаныш Сәтпаев ашқан жер қойнауындағы байлық қазыналарында осы күнгі өндірісті көркейтуге негіз болған химия элементтерінің барлығы бар деуге болады. Кен байлығын ашумен бірге сол қазба байлық шығатын жерлерге заводтар салдыруға зор үлес қосты. Тау-кен шикізатын басқа жерлерге тасымай, сол жерде қорытатын заводтар

құрылысының қажеттігін дәлелдеді. Соның нәтижесінде Ұлы Жезқазған, Ұлы Алтай өндіріс орындары, Қарағандыдағы темір балқытатын заводы, Қарағанды-Ертіс каналы, Қаратау фосфориті салынды. Осы арқылы Қазақстанның өндіріс шаруашылығын өркендетуге күш салды.

1946 жылы 1 маусымда Қазақстан Ғылым Академиясы ашылды, оның тұңғыш президенті болып Қ.И.Сәтбаев сайланды. Сол жылы ол СССР Ғылым академиясының академигі атағына ие болды. Соғыстан кейінгі жылдары Қазақ ССР Ғылым Академиясы өндірістік орындармен творчестволық байланысты нығайту үшін академияның кезекті сессияларын Алтай, Орталық Қазақстан, Қостанай, т.б. республиканың өндірістік орталықтарында өткізді.

1951 жылы «ұлтшыл» деген жаламен Қ.И.Сәтбаев Қазақ ССР Ғылым Академиясының президенті қызметінен босатылды. 1955 жылы Қ.И. Сәтбаев қайтадан Қазақстан Ғылым Академиясының президенті болып қайта тағайындалып, өмірінің соңғы күндеріне дейін осы қызметте істеді. Қазақстан Ғылым Академиясының жұмысын дамыта түсті. Көптеген салалы ғылыми-зерттеу институттары ашылды. Қаныш Имантайұлы физика-математика ғылымдарының, әсіресе ядролық физиканың дамуына жоғары мән берді. Қаныш Имантайұлының бастамасымен ядролық физика институтының комплексті құрылысы басталды. Сонымен бірге Қазақ ССР Ғылым Академиясында биология мен медицина ғылымдарының көптеген салалары зоология мен паразитология, адам физиологиясы мен ауыл шаруашылығы хайуанаттары, микробиология, вирусология, ботаника, физиология, археология, этнография, тіл, әдебиет, өнер, экономика, құқық, философия салаларындағы ғылыми-зерттеулердің дамуына айрықша мән беріп, бұл салаларда да ғылыми институттар ашуды ұйымдастырды. Солардың ішінде геологиялық ғылыми-зерттеу институты жетекші болып танылды. Ғылымды өндіріспен байланыстыру мақсатымен еліміздің ірі өндірістік орталықтары – Өскеменде, Қарағандыда, Атырауда Қазақстан Ғылым Академиясының әр саладағы институттарын ашуды ұйымдастырды.

Академик Қ.И. Сәтбаев – энциклопедиялық білімі бар ХХ ғасырдың ғұламасы. Ол өз заманының сан алуан салалар мен тарауларға бөлініп, жоғары дамыған ғылымының бәрінен хабардар болды. Әр ғылым саласының заңдары мен байлығын ашып, халық игілігіне пайдалануға қалтқысыз еңбек етті.

Қ.И. Сәтбаев – жаңашыл ғалым. Ол металлогения ғылымының негізін салушылардың бірі, ал Қазақстанда осы ғылыми бағытты орнықтырушы деп атайды. 1950 жылдың басында Қазақ ССР Ғылым Академиясының Геологиялық ғылымдар институтында Орталық Қазақстан бойынша материалдарды жинап, оны талдау жұмысы аяқталды. 1954 жылы жұмыс макеттері және жүйеленген металлогениялық болжам карталары жасалынады. 1958 жылы Орталық Қазақстанның металлогениялық болжам карталарын жасағаны үшін Қ.И.Сәтбаев бастаған Қазақстан ғалым-геологтар тобы Лениндік сыйлық алды.

Қ.И. Сәтбаев – 641 еңбектің авторы, оның 534-і орыс тілінде, 98-і қазақ, қалғаны басқа тілдерде жарық көрді. Ғылыми еңбектерінің басым көпшілігі Қазақстанның минералдық қоры, мыс рудалары, түсті металдары, көмір, мұнай, газ, басқа да шикізат ресурстары жайында болды.

Қ.И. Сәтбаевтың ғылыми зерттеулері Маңғыстау қоры, Ембі мұнайы, Ақтөбе даласындағы газдың мол қоры жатқандығын анықтады. Қазақстанның таяу арада газ, мұнай өндіру жөнінен алдыңғы қатарға шығатынын айтқан ғалымның зерттеулері қазіргі кезде іс жүзіне асқанын білеміз.

Қ.И. Сәтбаев өзінің мамандығымен бірге әдебиет пен өнерді, тарихты меңгерген. Бұл ғалымдарды рухани жан дүниесін байытумен бірге кен зерттеу ісіне де пайдаланған. Қаныш Сәтбаевтың осындай жан-жақтылығын Мұхтар Әуезов «Қазақ халқының зор ғалымы» атты мақаласында жазды. «Қаныштың үлкен бір ерекшелігі – ол химикпен де, биологпен де, физикпен де, медикпен де және тарихшымен де, филологпен өздерінің ғылыми тілінде сөйлесе біледі. Мамандық тілдерімен үндесіп, ұғыса біледі» - дейді М. Әуезов.

Қаныш Сәтбаевтың алғашқы әдеби туындысы – 1923 жылы «Қазақ тілі» газетіне шыққан «Обаған» әні туралы ғалымның тырнақалды шығармасы. Оқиғаның басталуын автор ошақ басында ән салған әйелдің мұңды даусын шебер суреттеу арқылы жеткізеді. Бұл шағын лирикалық новелла Қаныш Сәтбаевтың суреткерлік қолтаңбасы зор болғанын анық байқатады.

Қазақ әдебиетін, қазақ әндерін терең білетіндігі «Қазақстанның ұлт театры туралы» атты 1927 жылы жазған мақаласынан айқын көруге болады. Қазақ мәдениетінің сарқылмас мол қазына екендігін Қаныш Сәтбаев «Ән туралы толғаулар», «Қазақ совет әдебиетінің аса көрнекті туындысы», «Қазақстанның халық әндері» атты музыка-этнографиялық жинағында жазған ой тұжырымдарынан білуге болады.

Қазақтың тарихын, қазақ әдебиеті мен өнерінің тарихын ғылыми тұрғыдан зерттеу қажет екенін түсінген ғалым Қазақ ССР Ғылым академиясының жанынан Тарих, Тіл және Әдебиет институтын ашқызады.

Қ.И. Сәтбаев тұңғыш «Алгебра» оқулығын жазған. Ол педагогикалық училищені бітіріп, алғаш ұстаздық қызметін бастағанда қазақ тілінде математика оқулықтарының жоқ екенін ескеріп, ана тілінде алғаш рет алгебра оқулығының қолжазбасын латын және араб әріптерімен жазған.

Қ.И. Сәтбаевты ғалым-математик дей аламыз. Ол геологиялық кен барлау жұмыстарында математикалық шарттарды шебер қолдана білген. Орал аймақтарында көлбеу орналасқан тау-кен қазбаларында көлбеу бұрғылау әдісі қолданылса, Ұлытау-Қарсақбай жерасты кен байлықтарына тік бұрғылау әдісін тұңғыш рет қолдану ұсынылады. Математикалық өлшеммен дәлелденген ғалымның бұл жаңалығы бұрғылаудың үнемділігін іс жүзінде арттыра түсті.

1951 жылдың күзінде «Буржуазиялық ұлтшылдармен» күрес басталып, қазақтың зиялылары қудалауға ұшырады. М. Әуезов, А. Жұбанов, Қ. Сәтбаевқа «ұлтшыл» деген жала жабылып, жұмыстан босатылды.

Қаныш Сәтбаевты үш мәселе бойынша кінәлі деп айыптады:

1. Партияға өтерде Сәтбаев әлеуметтік тегін жасырды.
2. 1927 жылы «Алашорда» ұлтшылдық партиясының үгітшісі болды.
3. 1927 жылы Едіге туралы буржуазиялық аңызды редакциялап, алғысөзін жазып, шығарманың басылып шығуын қолдады деп айыпталды. Сондай-ақ Ғылым академиясының кадрлары арасына жат элементтерді жинақтаған «ұлтшылдарды қанатына алушы» деп кінәланды.

Қ.И. Сәтбаев 1952 жылы 20 қаңтар күні Сталинге «Жазықсыз кінәлі болғаным ба?» деген хат жолдайды. Бұл хатта Қаныш Сәтбаев өзінің саналы өмірінің 15 жылын геолог қызметінде болып, 11 жылға жуық Қазақстан ғылымының жетекшісі болғанын айта келіп, жоғары мәселе бойынша объективті түрде анықтама-түсінік беріп, таза да адал еңбегін ескеріп, әділетсіз айып пен партиялық жаза алынып тасталады деген үмітпен ойын жеткізеді. Қ.И. Сәтбаев бұл қаралаудан тек 1955 жылы ғана ақталып, қайтадан Қазақстан Ғылым Академиясының президенті болып тағайындалды.

Қаныш Сәтбаев 1964 жылы 31 қаңтарда Мәскеуде қайтыс болды.

Темирханова Айнаш Батыргалиевна
К.Ақышев атындағы №69 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Қазақстанның дамуындағы ғалым Қаныш Сәтпаевтың рөлі

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев Баянауыл ауданы, Айрық ауылында, Қаныш Имантай бидің отбасында дүниеге келді. Нәрестеге – Ғабдул-Ғани деген есім берілді. Сауатын ауыл молдасынан ашқан болашақ ғалым Павлодардағы орыс-қазақ мектебінде, Семей мұғалімдер семинариясында, Томск технология институтының тау-кен факультетінде білім алған. Ол араб, парсы тілдерінде оқыған. Әйгілі геолог ғалым, минерология ғылымдарының докторы, профессор, академик атағын алды. Қазақстанның металлогения мектебінің негізін қалаушы, қазақтан шыққан тұңғыш академик. Қаныш Сәтпаевтың балалық шағы туған ауылында өсті. Білімге қанат қағып, оқудан жалықпады. Мұғалімдер семинариясында Ж.Аймауытов, М.Әуезовсынды көрнекті қайраткерлермен бірге оқыған. Ш.Құдайберді ұлымен тығыз байланыста болып, оның шығармашылығын жоғары бағалаған. «Алаш» қозғалысы қайраткерлерінің іс-әрекетіне қолдау білдірген [1].

Әйгілі геолог – Қаныш Сәтпаевтың еңбек жолы Қарсақбай мыс комбинаты геологиялық барлау бөлімінің бастығы, комбинаттың бас геологы қызметтерін атқарған. 1941-1952 жылдары Геология ғылымдары

институтының директоры, Төралқасы төрағасының орынбасары, төрағасы, Қазақстан Ғылым академиясының президенті болған. 1952 жылы - әміршілдік жүйенің тарапынан қысымға ұшырап, қызметінен төмендетіліп, Қазақ КСР Геология институтының директоры болып тағайындалған. 1955 жылы ақталып, Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті болып қайта сайланып, өмірінің соңына дейін осы қызметті атқарған.

Әйгілі геологтың ғылым жолында қалдырған еңбектері ерекше. Ғұлама ғалым Ұлытау өңіріндегі басты-басты тарихи, мәдени, археологиялық ескерткіштерді зерттеді. Жезқазған – Ұлытау өңірінен көптеген этнографиялық мұраларды жинап, «Жезқазған ауданындағы көне заман ескерткіштері» атты еңбегін жазған. Онда Ұлытау өңірі ежелгі металлургия орталығы болуымен қатар қазақ этносының саяси орталығы екендігі де толық дәлелденген. Қазақ орта мектебінің төменгі және жоғары сынып оқушыларына арналған «Алгебра» оқулығын дайындаған. 1931 жылы басылған А.Затаевичтің «500 қазақ әндері мен күйлері» жинағына Сәтбаев қазақ халқының музыкалық мұрасының інжу-маржаны болып есептелетін 25 әнді өзі орындап, орыс тілінде ғылыми түсініктеме беріп енгізген.

Геологиялық барлау мамандығы бойынша Томск технологиялық институтының тау-кен факультетін бітіріп келгеннен кейінгі Қаныш Сәтбаевтың бүкіл өмірі Қазақстанның минералдық ресурстарын және рудалық кендер генеалогиясын зерттеуге арналған. Оның геологиядан басқа ғылымдардан да; мәдениет саласында да; тарихтан да қалдырған ізі сайрап жатыр. Екінші дүниежүзілік соғысаяқталуға тақанғанда, жағдайдың аса қиын ауырлығына қарамастан, Қазақ КСР Ғылым академиясының ұйымдастыру жұмысына басшы болып, оның ісіне бел шеше араласуы ұлыларға тән көрегендіктің белгісі еді. Оның қалдырған ғылыми бай мұраларының ішінде, әсіресе, Жезқазған кені туралы зерттеулерінің, Сарыарқаның металлогендік және болжам карталары жөніндегі еңбектерінің мәні ерекше [2].

Жезқазғанның ірі мыс рудалы аудандар қатарына жатуы кезінде осы кеннің жоспарлы түрде кең масштабтағы барлау жұмыстарын ұйымдастыруға болатын ірі объекті екенін дәлелдеп берген Қаныш Сәтбаев еңбегінің нәтижесі. Сондай-ақ ол минералдық шикізатқа бай Сарыарқа, кенді Алтай, Қарағанды, Қаратау секілді аймақтарға да ерекше назар аудара зерттеп, олардың

кендерінің стратиграфиясы, тектоникасы, құрылысы, металлогениясы, неохимиясы және шығу тегі туралы маңызды ғылыми қорытындылар жасады, ғылымға формациялық металлогендік анализдің кешендік әдісін енгізді.

Қаныш Сәтпаевтың металлургия саласын дамыта түсті. Ғалымның негізгі ғылыми еңбектері кентасты кендер геологиясы мен Қазақстанның минералды ресурстарына арналған. 1926-1929 жылдары кені мардымсыз өңір болып саналған Жезқазғанды ірі мыс кентасты аудан қатарына көтеруде Сәтбаевтың еңбегі өте зор болды. Бұрынғы геологиялық деректерге терең талдау жасап, бұл кен ауданының кең көлемдегі геологиялық-барлау жұмыстарын ұйымдастыруға болатын ірі нысан екенін дәлелдеген.

Минералдық шикізаттарға бай Сарыарқа, Кенді Алтай және басқа да аймақтарды ерекше назар аударып зерттеген. 1927-1928 жылдары – Жезқазған, Қарсақбай, Атбасар, Спасск аудандары, Қарағанды тас көмір алабы және Қаратау полиметалл кендері жөнінде ғылыми маңызды еңбектер жариялаған. 1929 жылы Атасу темір-марганец кендерін игерудің негізінде Қарағанды облысында қара металлургия өнеркәсібін дамыту туралы мәселе көтерген. Жезқазған– Ұлытау ауданында мыстан басқа темір, марганец, көмір, қорғасын кендерін ашып, барлау нәтижесінде маңызды геологиялық қорытындылар жасаған. Ұлы Отан соғысы жылдарында танк бронын құюға қажет марганец тапшылығы туған кезде Сәтбаевтың жетекшілік етуімен өте қысқа мерзімде Жезді марганец кені барланып, іске қосылған [3].

Академиктің қолдауымен Алматыда Орта Азия геофизика тресі ұйымдастырылып, Қазақ КСР Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі құрылған. Қазақстан Ғылым академиясын ұйымдастырып, ондағы бөлімдерді, оған қарайтын институттарды, зертханаларды, секторларды, базаларды дұрыс жоспарлаған. Ғылыми кадрлар дайындау ісіне үлкен жауапкершілікпен қараған.

Ғылыми зерттеулердің өзекті мәселелерін халық шаруашылығының мүддесіне бағыттап, шаруашылық және мәдени құрылыстың басты мәселелерін шешуге белсене қатысқан.

Жезқазған кен-металлургия комбинатын, Қарағанды мен Балқаш металлургия зауыттарын, Ертіс-Қарағанды арнасын салу, Маңғыстау, Мұғалжар, Торғай өңірлерінің табиғи байлықтарын анықтау жөнінде зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, республикамыздың ірі минералдық шикізат қорларын – Кенді Алтайды, Қаратау фосфоритін Қостанай мен Жезқазған– Ұлытау өңірлеріндегі темір, марганец, т.б. көптеген кен орындарын игеру Сәтбаев есімімен тығыз байланысты. Қаныш Сәтбаев аштықтан иесіз қалған ауыл балаларына өз көмегін көрсеткен [4].

1951 жылы Кеңес Одағының билігі, жазушы М.О.Әуезов, Х.Жұмалиев, Е.Исмаилов, және композитор А.Қ.Жұбановты ұлтшыл деп айыптады. Қаныш Сәтбаевқа, айтылған адамдарды жұмыстан босату туралы бұйрық жасалды, бірақ, ол бұл бұйрықтан бас тартты. Соның себебінен, Сәтбаев қатты сыңға ұшырап, Қазақ КСР академиясы президентінің лауазымынан босатылды. Қаныш Сәтбаев пен Мұхтар Әуезов жақсы дос болған, студент кездерінде бір бөлмеде тұрған. Жалпы алғанда, оның әр түрлі салаларда жазған 800-ден астам ғылыми еңбектері бар. 1947 жылы Лондон қаласында, Ұлыбритания Премьер-Министрі Уинстон Черчилльмен кездескен болатын. Сол кездесуде Қаныш Сәтбаевтан: «Барлық қазақтар сіз сияқты батыр ма?» деген сұрағына, «жоқ, мен қазақтардың арасындағы ең кішісімін, менің халқым меннен жоғары» деп жауап қайтарған.

Алматыдағы Қазақ КСР Ғылым академиясының құрылуына көп күш жұмсап, 1946 жылы оны басқарды. 1935 жылы Жезқазғанды зерттеу кезінде, Қаныш Сәтбаев 14-ғасырда Әмір Темір қалдырып кеткен, жазуы бар тасты тауып алды. Ең тұңғыш – қазақ академигі. Қазіргі таңда, Сәтбаевтың атымен қала, көше, университет және кен орындары аталған. Ұлы ғалым 1964 жылы

туберкулез ауруынан көз жұмып, Алматыда жерленді. Қазақ халқының ғылымы мен мәдениетін дамытуға қосқан үлесі үлкен. Билік өкілдерінің кедергілеріне және науқасына қарамастан, Қаныш Сәтбаев – Қазақстан тарихындағы ең ірі тұлғалардың бірі бола алды [5].

Әдебиеттер тізімі

- 1.Академик К.И.Сатпаев., сборник, посвященный памяти выдающегося советского ученого. – Алма-Ата, 1965. – С.239.
- 2.Лозовский И.Т., Сипайлов Г.А. Студенческие годы К.Сатпаева в Томске. – Томск: ТПУ, 2019. – С.4.
- 3.Сарсекеев М. Қазақтың Қанышы. Феномен. – Астана, 2018. – 445 б.
- 4.Там же. – 449 б.
- 5.Академик К.И.Сатпаев: Из писем и заметок. – Алматы: Атамура, 1998. – С.143

К.Ақышев атындағы № 69 мектеп-гимназиясы ТУЛЕГЕНОВА ШЫНАР КУАНЫШОВНА

Сәкен Сейфулин қазақтың маңдайына жұлдыз болып бұйырған бес арыстың бірі

Сәкен Сейфулин кеңес өкіметінің жетпіс жылдық билігі тұсында қазақ әдебиетінің тарихынан жазықсыз сызылып тасталған тұлғалардың бірі. Азат өмірді, халқының тәуелсіз ел болған қалпын көруге ұмтылған, сол жолда білегіндегі күшімен де, жүрегіндегі жырымен де күресіп өткен қайраткер ақынның тағдыры аса күрделі белестерді бастан кешірді. Ол – халқын шын сүйген, сонымен бірге күйінген, аянышты ел күйін көріп күйректікке, сезімталдыққа берілген шын халық досы.

«Қазақтың-Қазақ деген атауын бүгін қайтармасақ, ертең тарихта қалуымыз екі талай!»-деген де осы Сәкен Сейфуллин болатын. Сәкеннің шын есімі Садуақас Сейфоллаұлы 1894 жылы 23 мамырда Ақмола облысы, Нілді мыс қорыту зауытына таяу жердегі қазақ ауылында дүниеге келген. Қазір бұл жер Қарағанды облысының Жаңарқа ауданына қарайды. Мемлекет және қоғам қайраткері, ақиық ақын, жазушы Сәкен Сейфулин қазақтың маңдайына жұлдыз болып бұйырған бес арыстың бірі. Омбыда оқып жүргенде «Айқап» журналына алғашқы мақаласы жарияланды. 1914 жылы қазақ жастарының «Бірлік» атты мәдени және білім беру қоғамын құруға атсалысты. Сол кездері «Өткен күндер» атты өлеңдер жинағын жариялады. Оқуды бітіргеннен кейін Сәкен Сейфуллин елге келіп, мұғалім болып істеді. 1916 жылы ұлт-азаттық көтерілісі бұрқ ете түседі. Ақын халық жағына шығып, патшаны тақтан тайдыратын ақпан төңкерісін қуана қарсы алады. Қазақ елі бостандық алып, бодандықтан құтылады деп сенеді. Ақмолаға келіп, жаңа заман

жолындағы күреске бел шеше кіріседі. Сол кезде ақын Амангелді Иманов бастаған көтеріліске арнап «Толқулар» атты өлеңін жазды.

Сейфуллин өз бағытынан тайған жоқ. Шығармашылығын да жалғастырды. Ақмолада жүргенде «Біз асығыс жиналдык» деген өлеңін жазды. Ал 1917 жылдың сәуір айында «Жас қазақ» ұйымын құрды. Бір жылдан соң Ақмолаға ақтар келіп, сол жердегі кеңес үкіметін құлатады. Сейфуллин тұтқындалып, түрмеге қамалады. Одан кейін атаман Анненковтың «өлім пойызымен» Колчак түрмесіне жеткізіледі. Осының бәрін «Тар жол, тайғақ кешу» романында жазған. Колчак түрмесінен Сәкен екі жолдасымен бірге қашуды жоспарлайды. Бірақ екі досы сүзекпен ауырып қалады, амалсыз жалғыз өзіне қашуға тура келеді. Сәкен Сейфуллин түрмеден қашып, алдымен Омбыда жолдастарының үйінде жасырынады. Көп ұзамай, 900-ге жуық шақырымды жаяу жүріп, еліне жетеді. Ол жерде тұрақтай алмайды. Бетпақдаланы кесіп өтіп, Жетісуда кеңес органдарына көмектеседі. Тағдыр тәлкегіне түскен Сәкенді күтуге шыдамы жетпеген зайыбы Рахима басқа адамға тұрмысқа шығып кетеді.

Сәкен Сейфуллиннің көрген қиындықтары, Колчак түрмесінде отырғаны, бәрі-бәрі оның большевиктер арасындағы беделін көтерді. Содан Ресейдің адамдары оны Қазақстанның басшылығына ұсынады. 1922 жылы ол Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы болып сайланады. Бұл Қазақстанның премьер-министрімен пара-пар қызмет болды. Осылайша, 28 жасында үкіметті басқарған Сәкен Сейфуллин қазақ еліне қызмет етеді. Өзіне сөгіс жарияланғанына қарамастан, бюджет қаражатының тең жартысын білім беруге салады.

Сәкен Сейфуллин үкімет басына келісімен жаңа өндіріс орындарын ашайық, қазақ пролетариатын көбейтейік, қыз-жігіттерді оқытып, білімге баулиық, қазақты «қырғыз» емес, «қазақ» деп атап, тарихи қателікті түзейік, мәдениет ошақтарын ашайық, емхана, мектеп сияқты өмірге қажетті нысандарды салайық деп, басқа да ұлттық мәселелерді күн тәртібіне қойып, шеше бастады. Соның нәтижесінде қазақ тілі тұңғыш рет мемлекеттік тіл дәрежесіне көтерілді.

Сәкен Сейфуллин қазақтың әндері мен күйлерін сақтап қалуға күш салды. Александр Затаевичке тапсырыс та берген екен. Затаевичке нотаға түсіріп, мен саған сол үшін ақша төлеймін деп тапсырыс берген. Соның бәрін шығарғанына 284 рубль алтындай ақша бөледі. Затаевичке айтады, бұл ақшаның аз екенін білемін, бірақ мен сізге мемлекетіміздің үлкен сыйлығын алып беремін дейді. Содан Қазақстанның бірінші халық әртісі атағын Александр Затаевич алған екен. Сәкен Сейфуллин Түркістан қазақтың рухани ордасы екенін біліп, соның дамуына да көп ақша бөлген. Бір күні Мәскеуден ескі мұрағаттар мен қолжазбаларды жою туралы нұсқау келеді. Сәкен Сейфуллин алдымен жауап хат жазып, қазақтың тарихын сақтау қажеттігін жеткізеді. Одан кейін барлық мұрағатты сақтау мен архив қызметкерлерінің жалақысын көтеру туралы бұйрық шығарады. 1926 жылы Сәкен Сейфуллин жол жүріп келе жатып, Нілді болыстық комитетінің төрағасы, ақын Қайып Айнабековтың үйіне түсіп, біраз уақыт қонақ болады. Ал жолға шыққанда

Қайып оған Қызылжарда оқып жатқан немере қарындасы Гүлбаһрамға сәлемдеме беріп жібереді. Сәкен Гүлбаһрамды тауып алып, сәлемдемені тапсырады. Осы жүздесуде ол қара көз, бұраң бел бойжеткенге ғашық болып қалады. Содан көп ұзамай, екеуі 1926 жылғы желтоқсанда үйленеді. Сәкен басқа уақыттың бәрін үйде, жазу үстелінің басында өткізді. Қызылорданың халық ағарту институтының директоры болып ауысқанда пәтерімізге көп папканы құшақтап келгені есімде. Сәкен Ташкенттегі қазақ педагогика институтының директорлығына ауысты. Өзі лекция оқып жүрді, - дейді әйелі Гүлбаһрам естелігінде.

Сәкен мен Гүлбаһрам ұлы Аянның бір жас тойын жасауға ұзақ әзірленді. Тойға Қазақстан басшыларын да шақыруды жоспарлайды. Гүлбаһрам ұлының тойына бірсыпыра жаңа заттарды да сатып алды. Солардың бірі – төрдегі үстелге жаюға арналған ақ дастарқан. Бірақ ол дастарқан жайылмай қалады. 1937 жылы 24 қыркүйекте Сәкен Сейфуллин тұтқындалады. Жаппай ату жазалары бәсеңдегенде «халық жауларының әйелдерін лагерьлерге жібереді» деген әңгіме тарады. Ол қауесет рас болып шығады. Гүлбаһрамды Ақмола лагеріне жібереді. Ол Аянды бірге алып барады. Поезда Аяқатты ауырып қалады. Вагондәрі-дәрмек те болған жоқ. Қанша арпалысқанымен еш дәрмен болмай, сәби шетінеп кетеді. Гүлбаһрам Көкшетаудан түсіп, баласын жер қойнына тапсырады. Қуғында жүрсе де, Сәкеннің жеке заттарына қастарқанның ішінесалып, беліне байлап жүреді. 1957 жылы Сәкен Сейфуллин ақталды. Сол кезде ақ дастарқан қонақтарға алғаш рет жайылды. Гүлбаһрамның айтуына қарағанда, Сәкен Қызылордада, Ташкентте тұрғанда және Алматыға келгесін де ақындардың, сөз білетін адамдардың жатқа айтатын өлеңдерін, қызықты әңгімелерін жалықпай тыңдап, ерінбей жазып алып отырған. Фольклор, әдебиет нұсқаларын өзі оқытқан студенттер арқылы да жинатады. Ташкентте Әбубәкір Диваевпен әлденеше рет кездесіп, одан да көптеген материал алған көрінеді. 1930 жылы Қоянды жәрмеңкесінде бір айдай жатып, сол жерге жиналған ақын, әншілерден көптеген өлең-жыр жазып алған.

Осындай ұқыпты зерттеу жұмысының нәтижесінде 1931 жылы «Қазақ әдебиетінің нұсқалары» атты бір том жинақты, 1933 жылы бір том «Батырлар жырының» жинағын, 1934 жылы Алтынсариннің өлеңдер жинағын, 1935 жылы Ақан сері, Ақмола ақындардың өлеңдерін, «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасын бастырады. Негізгі зерттеу еңбегі 1932 жылы «Қазақ әдебиеті» деген атпен қалың бір том кітап болып басылады. Сәкен Сейфуллиннің шығармалары халықтың жүрегінен орын алған. Ол «Тар жол тайғақ кешу» романында кеңес дәуірінде қазақ жеріндегі болған халық тағдыры мен тіршілігі, қилы заман жайында толғанаған. Қазақ халқының басынан кешкен тағдыры мен Сәкен Сейфуллин өзінің бастан кешкен оқиғаларын тереңнен сипаттап жазған.

Жас ұрпақтың есіне сақтап өсуіне, қазақтың ұлы тұлғаларының еңбектерін бағалай білуіне шақыруымыз керек. Қазіргі тәуелсіз ел болуымыздың арқасы осы тұлғалардың көмегі тигенін айтып санасына құйып, тереңнен насихаттау маңызды. «Тар жол тайғақ кешу» романы арқылы қилы тағдырды басынан кешірген Сәкен Сейфуллин мен досы Абдолла бейнесінен

айқын аңғаруға болады. Сәкен Сейфулиннің «Тар жол тайғақ кешу» романындағы Абдолла бейнесі, ұлттық тәрбиемізге пайдасы көп екеніне көз жеткіземіз. Сәкен қазақ халқымыздың қилы тағдырына алаңдаған. Сәкен шығармаларында көбіне кеңестік дәуірдегі солақай саясаттың салдары қаншама қазақтың қанын қиған, азапты өмірлері мен әділетсіздікті айқындаған. Ұлтқа қызмет еткен ұлы тұлғаларды жастарға дәріптесек, ұлттық тәрбиемізге пайдасы көп екеніне көз жеткіземіз.

Болашақта ұлтын ұлықтайтын, қазақ халқының болашағы үшін адал қызмет ететін тұлға тәрбиелеу, жас ұрпақтың бойына тек адамгершілік қасиеті, адалдық пен әділдікке баулуда Сәкеннің шығармалары басты мақсатымыз болмақ.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Өнер, 1987ж. 25 бет
2. Әлімқұлов Б, Әбдіраманов Е Әдеби этнографиялық таным Алматы Санат 2009ж. 180бет
3. Әндер жинағы Алматы Аруана 2009ж. 50бет
4. Әшімханов Д. «Бес арыс» Алматы. «Жалын» 1992 ж. 264 бет
5. Сәкен Сейфулин. «Тар жол тайғақ кешу» романы.
6. Кенжеахметұлы С. Жеті қазына Алматы: Ана тілі ЖШС. 2005ж. 120 бет
7. Сен білесің бе? Энциклопедиясы. Аруна баспасы.
8. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі Энциклопедия – Алматы 2011 жыл
9. Ол кім, бұл не? Балалар энциклопедиясы 235-236 бет. Авторы: Қозыбаев М.Қ., Арғынов.Х.Қ., Әбдіров .С., Әлімбаев. М., Балахметов .Қ.
10. Шаңырақ : Үй-тұрмыстық энциклопедиясы. Алматы : Қазақ Совет энциклопедиясының Бас редакторы 1990 жыл.

Астана қаласы
№ 8 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Утепова Салиха Камбаровна

«ҚОЗЫ КӨРПЕШ –БАЯН СҰЛУ» ЖЫРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Қазақ халқының даңқты ғашықтық жыры- «Қозы Көрпеш – Баян сұлудың» шығу тегі, тарихы және көркемдік шындығы, айтушылары, вариант – нұсқалары, жинаушылары, поэзиялық ерекшеліктері т.б. зерттеулері бірнеше ғасыр бойында жүргізіліп келеді. Бұл жыр қанша ғасыр зерттеліп келсе де, жаңа құпиялар мен тың көзқарастарға ие бола береді.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу»- қазақ халқының ертедегі өмір ерекшеліктерін мол бейнелейтін жырдың бірі. Бұл жырдың варианттары өте көп, Ысқақ

Дүйсенбиевтің айтуынша жырдың 16 нұсқасы бар,бірақ бұл есептеулерге оннан астам нұсқалары кірмей қалған [1.311- бет].

«Қозы Көрпеш –Баян сұлу » жырларын XVIII- XIX ғ.ғ. айтқандар: Сақау ақын (Баянауыл), Жанақ ақын (Қарқаралы), Сегіз сері (Обаған), Сыбанбай ақын (Көкпекті), Құлтума ақын (Қорғалжын), Бейсенбай ақын (Шыңғыстау), Айтпай ақын (Жетісу), Қатпа ақын (Ташкент түбі) .

XIX ғасырдың қыркыншы жылдарына дейін Шоқанның әкесі «Қозы Көрпеш» жырының көп вариантын жинап алған, оған кейін Шоқан да өз үлесін қосады. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының ең көлемді, әрі көркем, әрі ең ескі түрінің бірі – атақты Жанақ варианты. Бұл жырды Жанақ ақын XIX ғасырдың қыркыншы жылдарына дейін айтып, бірнеше нұсқасын қалдырған. Сонымен бірге жырды жырлаған атақты ақынның бірі – Шөже ақын. Ол бұл жырды 1820 жылдан бастап, 1870 жылға дейін елу жыл бойы айтып келген. Оның айтқан нұсқалары Ақмола, Семей, Торғай облыстарында аса кең тараған. Шөже ақын айтқан «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры вариантының араб әрпімен жазылған он шақты қолжазбасы болып, оның төрт нұсқасы Петербор қаласындағы, ҒА. Күншығыс елдерін зерттейтін институтында сақтаулы тұр. Осы нұсқалардың ішінде ең қадірлісі –Шөженің Омбыда Шоқанның пәтерінде жырлаған варианты. Жырды Шоқанның жанында болған қазақ жігіті жазып алған. Жырдың мәтінінде Шоқанның қолымен түзетілген жерлер де бар. «Тақия» сөзін «Қарқара», «Құлын тапты» дегенді, «Құлын туды», «Мінген едімді», «мінген атым» , -деп өзгертілген. Жырдың бетінде «Омбы» деген сөз жазылып, аяғында күні өзгертіліп, күні өшірілген, Березин жырдың бетіне өз атын жазып, № 15 деп анықталған.[2. 321].

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының ең әдемі үзіндісін Г.Н.Потанин 1895 жылы Шыңғыс Уәлихановтың ауылына барғанда орысша қарасөзбен жазып алып, журналға бастырып шығарған. Бұл жырды ұзақ жырлаған Көкшетау төңірегінде екі ақын болған . Олардың бірі – Болат Ғұбайдуллаұлы Уәлиханов (Шыңғыс Уәлихановтың ағасының ұлы), енді бірі – Тобылбай бидің ұлы Арыстан ақын. Болат ақын жырды Петербордың Сенатында үш күн отырып айтып бітіре алмаса, Арыстан ақын Сарысу өзенінің бойында арбаның үстінде келе жатып үш- төрт күн айтып бітіре алмайды.

Міне осындай көп нұсқаға ие болып отырған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры қай кезеңде пайда болғанын туралы сан түрлі пікірлер айтылады.

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры - қазақ халқының ертедегі өмір ерекшеліктерін неғұрлым мол бейнелейтін жырдың бірі. Эпостың бітіміндегі осындай көнелік белгілерді зерттеушілер атап өткен. Солардың ішінде шығарманың түрлі нұсқаларын салыстыра тексеріп, ондағы археологиялық нышандарды анықтауға көңіл бөлген – Әлкей Марғұлан. Академик «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының пайда болу тарихын заттық мәдениет ескерткіштерімен , атап айтқанда Қозы Көрпеш - Баян сұлу кешенімен байланыстыра қарайды. «Аягөз бойында тұрған бұл кешен мен оның ішіндегі мүсін тастар исламнан көп бұрын жасалған өте ескі дәуірдің белгілері. Олар

Түркі қағанаты кезінде шыққан.Адамның суретін, тас мүсінді халық сол кезден қадірлеген»,- деген Әлкей Марғұлан. [3.33-бет]

Орыс зерттеушілері ғашықтық жырының оқиға жүйесіне, жалпы сипаттарына, Аягөз маңындағы ескерткіштерге назар салса, қазақ ғалымдары эпостың көркемдік мазмұнына, тұлғалар сипатына, әр түрлі нұсқалар арасындағы өзгешеліктерге көңіл бөлсе, академик Әлкей Марғұлан «Қозы – Көрпеш- Баян сұлу» жырының көне вариантынан ғұн, сақ, үйсін, қаңлы дәуіріндегі шындықтарды табады. Әсіресе жырдағы Ертіс, Ай, Таңсық, Аягөз, Жорға, Жауыр тауы, Шұбарайғыр, Мейізек, Темірші, Қазанғап өзені, Тоқырауын, Жамшы өзендері және т.б. жер – су атауларының аттары жырдағы кейіпкерлер мен оқиғаларға байланысты пайда болғанын атап көрсетеді.

Әлкей Марғұлан «Қозы Көрпеш –Баян сұлудың» тарихын Түркі қағанаты дәуіріндегі кешендерге қатыстыра қарастырумен шектелмей, одан әрідегі заттық жәдігерлерлер мысалына да назар аударады. «Қозы Көрпеш–Баян сұлу» жыры – көне замандағы түркі тайпаларының арасындағы көп тараған ғажайып бір оқиғаның сюжеті. Бұл аңыздың ең ескі дәуірдегі бейнесі жарқын өрнекті алтыннан құйылған ескерткіш ретінде сақталған. Онда Шоқтеректің, оның түбіндегі екі жастың келбеті келтірілген. Бұл алтын бейне XVIII ғ. Ертістің күншығыс жағында жатқан байтақ даладан, Алтай тауына таяу жерден табылған. Эпостық алтын бейне біздің заманамыздан IV-III ғасыр бұрын жасалғаны анықталған. Міне осы алтыннан жасалған Шоқтерек пен оның түбіндегі адам бейнелерін Әлкей Марғұлан «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» аңызымен байланыстырып, батыл болжам жасайды. Ғалым Шоқтерек бейнесіне кездейсоқ көз тігіп отырған жоқ, ол әйгілі жырда Қозы мен Баянның кездесетін мекені болатын. Әлекең Шоқтерек деген жер атау болғанын, Батыс Сібірдің он шақырымдық картасында (1909 ж.) Шоқтерек атты тоғайлы жер көрсетілгенін, ал поляк жазушысы Квартлей XIX ғасырдың 30- жылдарында осы Шоқтеректің суретін салғанын да айтып кетеді.

Сонымен бірге өліп жатқан жігітті құшақтап отырған әйелдің басында ерте замандағы қарқара төбесі жоғары көтеріліп биікке шығып тұр, үстіне киген кебенек, бір қолымен өліп жатқан ердің басын сипап отыр. Әйелдің бейнесі, киген қарқарсы Пазырықтан шыққан қарқараға ұқсас... Аттың басындағы жүгендері өте сыпайы, ер – тоқымы үзеңгісіз, ерте заманның ері. Пазырық қазынасынан шыққан ер – тоқымға ұқсас. [1.302-бет]

«Қозы Көрпеш – Баян сұлудың» жырының архаикалық сарының тағы бірі белгісі – қаһарманның ғажайып дүниеге келуі, Қозының «алтын айдарлы» деп суреттелуі. Кейіпкердің бұлай дүниеге келгенін дәріптеу оның ерекше жаратылғанын көрсетеді. Сонымен бірге жырда адамдар да, жан – жануарлар да түрлі жағдайда түсін өзгертуі, қауіп –қатерден құтыларлық айласы болуы – ескі магиялық ұғымның нышаны. Дастанның түрлі нұсқаларында бұл жағдайлар кездесіп тұрады. Мәселен, Қозының таңдаған тайы лезде құнанға, одан дөненге, ақырында бестіге айналуы, Қозы Қарабай ауылына «тазша бала» кейіпінде баруы, ала тайдың Қозыға Баянды көруге «кеңес» беруі, Баянға Қозының келгенін бозторғайдың білдіруі т.б.

Жырдың архаикалық дәуір нышанын білдіретін және бір белгі-Баян сұлудың жақсы көрген дүниесінің бірі – көркем күймесі. Мұны Жанақ ақының нұсқасында:

Жұрт айтатын темірлі күймесі бар,

Қозы Көрпеш дегенде дүниесі тар,- деп жырланса, Шөже ақын нұсқасында:

Күймеде ойнап- күліп біраз тұрды,

Екеуі тар күймеде құшақтасты...

Қозыкеке ақ шатырда күндіз тұрды,

Түнде алтын күймеде дәурен сүрді,- деп жырланады.

Тарихи дәуірлерде күймені мал баққан түркі тайпаларының көбі жасаған. Мұндай тұрмыстық сәулет мұрасын өнер мұрасы етіп ұстаған тайпалар- ескі дәуірдегі- сақтар, ғұндар, үйсіндер,қаңлылар. «Қаңлы», «Қаңқа» деген сөздің өзі –күйменің ескі дәуірдегі аты. Түркі тайпалары күймені «қаңлы» деп атап кеткен.

«Қозы Көрпеш –Баян сұлудың» кейбір нұсқаларында өлген Қозы Көрпештің бірде үш күн, үш түн, екінші жағдайда жеті айға қайта тірілетіні айтылады. Бұл халықтың арманынан туындаған көрініс. Себебі, тыңдаушылар екі жастың бақытты болуын, армандарына жеткенін қалаған. Сондықтан, ескі наным бойынша, адам өлгенмен, оның рухы өлмейді. Міне осы нанымның өзінен –ақ, бұл жырдың көне дәуірдің туындысы екенін аңғаруға болады.

Қорыта айтқанда, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры -екі мың жылдай өмір сүріп келе жатқан көне туынды екенін ғұлама ғалым Әлкей Хақанұлы Марғұлан осындай деректермен дәлелдей білді.

Бірақ халқымыздың тарихын кеңінен бейнелеген бұл жыр - әлі де кешенді зерттеуді талап ететін тарихи мұра екенін ұмытпағанымыз абзал.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Әлкей Марғұлан «Ежелгі жыр, аңыздар» Алматы «Жазушы»,1985 ж
2. Әлкей Марғұлан Шығармалары 10 том «Алматы -Болашақ» 2011 ж.
3. Р.Бердібай (Бес томдық шығармалар жинағы) 1том «Эпос –ел қазынасы» «Қазығұрт баспасы» Алматы 2005 ж.

**Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы,
Үштөбе тірек мектебі (РО) КММ
мектебінің тарих пәні мұғалімі
Тлегенов Акжол Дауренович**

ТҮЛҒАҒА ТАҒЗЫМ

Бұқар жырау – аса ірі тарихи тұлға. Тәуке мен Абылай хан замандарында өмір сүріп, ең көп жасаған мемлекет қайраткерлерінің бірі. Бұқар жырау Қалқаманұлы қазақ хандығы кезеңіндегі үлкен саяси оқиғаларға қатысып, оларды өз шығармашылығы арқылы суреттеп, еңбектерінде көптеген тарихи

оқиғаларды болашақ ұрпаққа қалдырды. Ол туралы өзінің толғауларында жазылған мәліметтер бірқатар ақпарат береді [1]. Абылай хан ел билей бастаған кезеңде Бұқар жырау орта жасқа келген, атағы бүкіл аймаққа жайылған атақты жырау болған. Бірақ ол кісі жыр-толғауларды жырлап қана қоймай, сол кездегі мемлекеттің ішкі және сыртқы істеріне белсене араласқан [2].

Кейінірек атақты жырау Абылай ханның беделді мемлекет қайраткерлерінің бірі, тәжірибелі сыншысы болады. Сондықтан да аңыз-әңгімелерде жазылғандай, қарт жырау Абылай ханның саясатын қолдап отырып, ал қате жіберген жағдайда ханға ол туралы бетіне баса айта алатындай дәрежесінің жоғары болғандығын көруге болады [3].

Сол себепті де:

Ашуланба, Абылай,
Ашулансаң, Абылай,
Көтерермін, көнермін,
Көтеріп қазға салармын.
Өкпеңменен қабынба,
Өтіңменен жарылма,
Басына мұнша көтерген
Жұртыңа жаулық сағынба,
Күнінде мендей жырлайтын,
Тоқсан үште қария,

Енді де саған табылмас!..[4] деген сын сөзінде жырау Абылай ханды сынап, беделіне нұқсан келтіріп отырған жоқ, керісінше елдің тыныштығын ойлап, болашақта мемлекеттің іргесі шайқалмайтындай Абылай ханның қамын жейтіндігін жасырмайды. Патша үкіметінің мықты мемлекет екенін, орыс халқының қазақтармен бұрынғы замандардан көрші болып келгенін, екі елдің арасындағы тату дос көрші болу саясатын назарда ұстау керектігін Бұқар жырау жақсы түсінді. Осыған орай, хан мен оның төңірегіндегі батырлардың жорық жоспарын құрып, жан-жағына көздерін тіккен шақта, көпті көрген жырау оларға ылғи да ақыл-кеңесін айтып отыратын.

Бұқар жырау толғаудың қас шебері, өз заманының шындығын жақсы көрсете білген көрнекті ақын. Өзінің толғауларында бытыраңқы болып келген қазақ руларының басын қосу мақсатында көп тер төкті. Абылай хан тарапынан да осы мәселені шешуді күтті. Жырау өмірінің біраз бөлігін Абылай ханның маңында өткізіп, ел басқару ісіне белсене араласқан [5].

Бұқар жырау Абылай ханда ерекше бір қасиет бар екендігін көрді және оған сенді. Ханның мемлекетті басқарудағы идеялық шабыттандырушысы болды. Білікті дипломат, қарт жырау Абылай ханмен барлық көрші елдерде болды. Әскери жорықтарды бастау үшін қолайлы уақытты дәл болжады, қиын сәттерде пайдалы кеңестер беріп отырды [6].

Жыраудың негізгі мекен-жайы қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы жеріндегі Далба тауының маңында дүниеге келіп, ұзақ жасап, жамбасы осы

жерге тиген. Яғни осы жерде жерленген. Ұрпақтары Баянауыл мен қазіргі Ботақара төңірегін мекендейді. Дүние салар шағында өзінің өсиеті бойынша осы аймақта жерленген. Негізі ел басқарған, халық қалаулылары киелі Түркістан шаһарына апарып жерлену керек еді. Бірақ қарамағындағы адамдары жыраудың соңғы сөзіне тоқтап, арманын орындаған.

2023 жылдың мамыр айында біз Үштөбе тірек мектебі (РО) КММ мектебінің тарих және әдебиет пәні мұғалімдері оқушыларды алып осы киелі жерге, ел басқарған мемлекетшіл тұлға Бұқар жырау бабамыздың басына барып зиярат етіп қайттық. Негізгі мақсатымыз – болашақ ұрпақтың оқушы жастарға осындай аңыз адам туралы ақпарат беру. Жыраудың тұлғалық қасиеті, ұлтжандылығы, қанатты сөздерін жас буынның бойына сіңіру.

Жоғарыдағы мақала тақырыбым да «Тұлғаға тағзым» деп аталуы осыған байланысты еді. Осындай қазақ тарихында ерекше орын алатын, халық жадында мақтанарлық дәрежеде есте қалған ел ардақтыларының шығармаларын, ерлік істерін ұлықтау.

Қазақ қоғамында жыраулар халықтың алдында беделді, айтар ойлы сөзі бар рухани көсемі, қоғамдық пікір қалыптастыра алатын, елді соңынан ертіп, сөзін тыңдата алатын қабілеті бар қайраткер де ықпалды тұлға. Жырау хандар мен сұлтандар, батырлар мен билердің жанында жүріп, халық пен билікті дәнекері қызметін атқарған [7].

Үштөбе ауылынан Далба тауына дейін шамамен 290-300 км болатын. Сол араға жеткенше шейін оқушыларымызға Бұқар жырау шығармаларындағы мемлекетшілдікті, еліне адал қызмет жасау, болашақта ел басқару тізгіні қол тигенде, жұрттың қамын ойлап, жағдайын жасап, мемлекетке адал қызмет атқару жөніндегі нақыл сөздерін айттық. Адамгершілік, Отанды сүю сияқты мәселелерді тәрбиемен ұштастырып, балаларға оның мәнін түсіндірдік.

«Бірлік болмай, тірлік болмас», - деген. Сырт жау соқтыға алмайтын қуатты мемлекет болу үшін жұрттың ынтымағы, ауызбіршілігі болу қажет. Бұл жайды Бұқар жырау жақсы түсінеді. «Ел бірлігін жырлау - «Бұқар жырау өлеңдерінде негізгі мәселенің бірі. Ол ел бірлігі мәселесіне үлкен мән береді [8] деп жазады. Жырау қазақ руларының өзара тату тұрын, мал үшін, жайылым жерлер үшін бекер қырқыспауын насихаттайды.

Осындай мәселелер қазір біздің қоғамда да кездеседі. Жаһандану заманында алпауыт мемлекеттердің көмейінде кетіп қалмау үшін, өзіміздің бірлігімізді, татулығымызды сақтап қалу үшін Бұқар жыраудың жоғарыдағы айтқан сөздерін естен шығармауымыз керек. Осы жағынан оқушыларға жыраудың ел бірлігі, татутылық, дұрыс білім жөнінде көп айтылды.

Бұқар – қазақ халқының арман-тілегін, елдік ынтымақ-бірлігін көксеген жырау, мемлекет қайраткері, терең ойшыл. Оған мына өлеңі дәлел:

Қаракерей Қабанбай,

Қанжығалы Бөгенбай,

Шапырашты Наурызбай –

Қазақтан шыққан үшемді

Ардақта, жұртым, ардақта!

Ту түбінде тұр еді.

Абылай хан асқынды,

Беретін шүлен-шұр еді.

Үшемге келді жақындап

Шақшақтың ұлы Жәнібек

Жаныкештің жанында

Өңкей алмас, бәрі бек.

Алтайдан шыққан Олжабай,

Құдаменді құлжадай

Матайдан шыққан шәкерім,

Бурадан шыққан Боранбай,

Көрсеткен жауға қаһарын [9] деп қарт жырау қазақтың батырларының ерліктерін жырлады. Оқушыларға осы толғауларда жырланған батырлардың бейнесі мен жасаған ерлік істерін айтылып отырды. Ол батырлардың елді қорғаудағы соғыс өнерлерін Бұқар бабамыз шебер суреттеген. Шайқасқа шығар алдында батырлардың намысын, бойларын өзінің суырып салма жыр-толғауларымен қайрап отырған.

Біз Бұқар жыраудың мазарына дейін тарихи маршрут жасадық. Сол жердегі шырақшы жыраудың өміріне қатысты аңыз-әңгімелермен бөлісті. Ол жердің табиғаты өте керемет. Шырақшының айтуы бойынша, жырау Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының түсіне кірген екен. Яғни аян беріп, менің басып келіп бір белгі қоймайсың ба деп айтқан дейді. Сосын ол кісі жолға шығып, қарт жыраудың жерленген жерін тауып, үлкен таспен белгі орнатып қайтқан екен. Ол тас сол жердегі мұражайда тұр.

Бұдан кейін мұражайға келдік. Оқушыларымызбен мұражай ішін аралап, біраз құнды жәдігерлермен танысып шықтық. Кесене 1993 жылы тұрғызылған. Ал мұражай 2000-ші жылдары ашылған. Мұражайда жыраудың өміріне мен хандық дәуірдегі қызметі жайында қызықты материалдар баршылық екен. Шырақшы ағай сол құнды жәдігерлер туралы ақпарат бере отырып, шәкірттерімізге тың деректер арқылы мол мағлұмат берді.

Келер ұрпақ осындай дара тұлғаларымызды біліп жүруі керек. Сол үшін туристік маршруттар ұйымдастырып, киелі жерлерге апарып тұру қажет деп ойлаймын. Сол кезде оқушылардың еліне, жеріне, туған жерін жаудан қорғап қалған батырлар мен хандарға деген мақтаныш сезімдері оянады. Егеменді елде өмір сүріп отырған әрбір азамат өзін патриот сезінуі керек. Жастар елінің, туған жерінің тарихын, тілін, ұлттық құндылықтарын жете меңгеруі тиіс. Ол үшін осындай тарихтағы тұлғалардың ерлік істері мен қалдырып кеткен мұраларын оқыту керекпіз.

Мемлекеттің ішкі-сыртқы саясатына араласып, ел мүддесін жоғары қойған, өз заманының саяси тұлғасы болған Бұқар жырау толғауларының тағылымы терең. Жоңғар шапқыншылығы тұсында, өз заманындағы күрделі мәселелердің шешімін айтып, Абылай ханның ақылшысына айналды.

Жоңғарларға қарсы соғыста ханның сүйеуі, батырлардың рухани қолдаушысы болды.

Әсіресе бұқара мен ханның дәнекеріне айналып, орынды жерде дат айтып, халықтың жоқтаушысы бола білді. Біздің мақсатымыз – жыраудың жерленген жеріне оқушыларды апару арқылы, олардың осындай тарихи тұлғаның тарихта қалдырып кеткен мұрасын, жыр-толғауларын біліп жүрсе екен деген ниетте жасалған еді. Бұл бір үлкен жұмыс болды. Бұқар жырау шығармашылығынан алар рухани-мәдени тәлім мол. Жыраудың жалынды жырларын кеңінен насихаттап, оны бойымызға сіңіру біздің парызымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Үш ғасыр жырайды. (революцияға дейінгі қазақ ақындарының шығармалары) Алматы. 1964 ж. 9 б.
2. Сонда. – 11-б.
3. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Алматы, 1992 жыл
4. Нар заман мен зар заман поэзиясы. Жыр-толғаулар. Алматы. 2007.
5. Қалқаманұлы Бұқар. Ай Абылай! Абылай! Толғаулар. Алматы: Жалын, 1993.
6. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по обследованию степных областей. - Т. VI. - СПб., 1905. – 28-б.
7. Қарағанды облысы. Энциклопедия. - Алматы: Атамұра, 2006. – 424-б.
8. Сонда. - 89 б.
9. Әдікенұлы М. Тарихи тұлғаларға ескерткіш орнатылды // Жұлдыз. - 2005.- №10. - 144-бет.

**Қосшы қаласының «№2 жалпы орта білім беретін мектеп
физика пәні мұғалімі
Женисхан Еркеш**

«Менің атым Қожа» повесіндегі қазақи салт –сананы физика сабағында қолдану

Қазақта ұлт тағдырын өз тағдырынан биік қойған ұлы тұлғаларымыз жетерлік. Ұлттық тәрбиенің көздері – ауыз-әдебиеті, ұлттық әдебиет, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, шешендік сөздер, туған топырағымызда дүниеге келген ойшыл ғұламаларымыздың еңбектеріндегі тәрбие қағидалары. Олардың халық жадында есімдері жаңғырып, үлгі болып та келе жатыр. Бердібек Соқпақбаев – ұлттық әдебиетімізге соғыстан кейінгі жылдары келіп қосылған, балалар әдебиетінің классигі, қазақ прозасына ерекше леп әкелген қаламгер. Тұтастай айтқанда Б. Соқпақбаев қаламынан қазақ әдебиетіне аз мұра қалған жоқ.

Сол мұралының ішінен жазушы атын ерекше жайған шоқтығы биік шығармасы «Менің атым қожа» повесі болды «Менің атым Қожа» – 1957 жылы жазылып, 1963 кино-картина болып экраннан көрерменге жол

тартты. Фильмге өткен ғасырдың елуінші жылдарындағы қазақ ауылының өмірі арқау болған.

Ғасырлар бойы күнделікті тұрмыста қазақ халқы физика ілімінің атауларын, салтын, дәстүрін қолданып келген, қолдана береді. Осы себептен де физика сабағында халықтық педагогика негізінде ұлттық салт-дәстүрлерді уағыздап, жас ұрпақ санасына дарытуды, осы туынды арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға септігін тигізетінін іс – тәжірибемен өткізіп, кейбір әдістерін төменде ұсынып отырмын. Бұл туындыны сабақта алғаш қолдана бастаған кезімде Қожаның киносын көрмеген оқушы жоқ шығар деп ойладым. Өкінішке орай көрмеген оқушылар да аз емес болды. Осы киноның үзінділерін сабағымда көрсете бастағанда олардың киноға деген және пәнге деген қызығушылықтары ояна бастады. Және Қожа туралы өз ой пікірлерін жиі айтып отыратын болды.

1. Мысалы, 8, 10 сыныптарда «**Брундық қозғалыс**» тақырыбына келейік. Нақты дәлелге жүгінсек:

- Ауыз үйде әжем күбі пісіп тұр екен. Ертеден қара кешке бір тыным алмайтын бейнетқор әжем-ай. Күмпілдетіп піскенде, қарашы, күбінің түбін түсіре жаздайды. (2-тарау, 14-бетте 4- абзац- Қожаның сөзі)

Күбіге айран піскенде майдың түсуі қатты дене бөлшектерінің сұйықтағы қалықтаған қозғалысы екенін жатық тілмен әңгімелеген жөн.

2. 9-сыныпта «**Инфрақызыл, ультракүлгін, рентген сәулелері**» деген тақырыпты өткенде оқушыларға ультракүлгін сәуленің көп мөлшерде әсер еткен жағдайда теріні күйдіреді, қабыршақтандыратыны туралы әңгімелеуге болады.

-Шомылайын деп, өзенге келе жатырмын. Күн көкжиекке төніп барып қалса да, ыстық әлі қайтпаған, иығым мен шекемнің бір жағын қарып, күйдіріп барады. Төменгі егінжай жаққа көз жіберсем, темір пештің жалынындай лапылдап, дарияша жөңкілген ұшы-қиырсыз сағым толқыны. . (3-тарау, 18-бетте 1- абзац- Қожаның сөзі)

3. «Қысым» тақырыбын өткенде бабаларымыздың ағаш қазықтың ұшын неге үшкір етіп, жасағанын түсіндірген тиімді. Аз күш жұмсап қазықтың жерге кіргізудің тәсілін ерте игерген. Құм жермен жүргенде аяқтың ізінің қалып отыруы аяқ табанының ауданының кіші болуы себебінен қысым жоғары болатынын түсіндіру керек.

-Су жағасы жайдақ, құмдауыт. Тырс етіп, менен өзге бір баланың келмеуін көрдің бе. Жалғыздан-жалғыз шомылу да көңілсіз. Судың шетіндегі дымқыл құмда біреудің жалаң аяқ ізі сайрап жатыр. Мүмкін, осы Жанардың ізі шығар. (3-тарау, 19-бетте 5- абзац- Қожаның сөзі)

4. Өзегімді нұрлы сезім жарып өтіп, қолтығыма қанат біткендей болды, қашаға пәрменіммен секіріп шықтым да, ар жағына топ ете түстім.

(5-тарау, 29-бетте 2- абзац- Қожаның сөзі) 10 сыныпта «**Көкжиекке бұрыш жасай лақтыру**» тақырыбы күрделі тақырып. Осы тақырыпты жеңіл түсіндіру үшін төмендегі үзіндіні кинодан көрсету түсініктірек болады және осы мысалды есепке айналдыру оқушылар қызығушылығын оятады.

Мысалға: 1. Егер 3м/с жылдамдықпен Қожа 45⁰ жасап секірген болса:

1. Қашаның биіктігі қандай болған?

2. Және ол қандай қашықтыққа түскенін анықтаңыздар.

5. «Газдардағы электр тогы» тақырыбын өткенде табиғаттағы орасан зор ұшқынды разрядтың мысалы – найзағай. Найзағай ойнағанда ток күші 100 000 А –ден асып кететіндіктен найзағай ойнағанда үйден шықпай, есік-терезені жауып отыру керек деген ұғымның қалай пайда болғанына тоқталу оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырады.

- Көзге түртсе көргісіз тастай қараңғы. Сабалап жаңбыр құйып тұр.

Жентектелген қою қара бұлт аспантөрінде дарияша сапырылысады.

Күн күркіреп, найзағай шартылдап, көзді шағып, құлақты тұндырады.

(4-тарау, 25-бетте 3- абзац- Қожаның сөзі)

6. Ал 8 — сыныпта «Жылу берілудің түрлері» тақырыбын оқытқанда ата бабаларымыз малдың, аңның терілерінен тіккен киімдердің жылуды жақсы сақтайтынын білгендігін, ішік, тымақ тігіп кигендігін түсіндіру керек. Не себепті киіз үйге ақ киіз жабатынын түсіндірсек оқушылардың жадында тақырып ұзақ сақталады. Жазда салқын болуы конвекцияға байланысты, сондықтан аптап шілдеде сая, ызғырықта жылы баспана болған. Бұл «Конвекция», «Сәуле шығару» құбылыстары. Бұларды түсіндірген кезде киіз үйдің іргесін тұру, түндігін ашып қою есебіне тоқталу оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, көзқарасын қалыптастырады.

- «Ызың еткен шыбын жоқ, сап-салқын. Беталдымыздағы тау жақтан қоңыржай самал жел есіп қоя берді. Құбылып жайқалған жасыл шалғын, гүл-бәйшешек. Айтқандай-ақ, келесі тұмсықты айнала бергенде, оң қол жағымыздағы беткейде бір киіз үй көрінді. Көне тартқан қараша туырлықтың үстіне әппақ жаңа түндік жабылған. Есік алдындағы ши сөреде жас құрт жаюлы тұр. Үй маңы мал қиы, сары ала тепсең ескі жұрт екені бесенеден белгілі». (8-тарау , 3- абзац)

7. Алтын - тек сән-салтанаттың символы ғана емес, сонымен қатар ерекше қасиеттері бар ерекше материал. Оның инфрақызыл сәулелерді шағылыстыру қабілеті зәулім ғимараттарға арналған заманауи сәулеттік дизайнда және ғарыштық технологияда маңызды болды. Пластмассаның ерекше түрімен үйлескенде алтын астронавттардың көру қабілетін қорғауда, көздерін қауіпті инфра және ультракүлгін сәулелерден қорғауда баға жетпес одақтас болады.

9-сыныпта «Жылулық сәуле шығару» тақырыбын өткенде Күн энергиясының жартысы шамамен инфрақызыл диапазонда шығатынын түсіндіре отырып,

терезелердің сыртындағы қалыңдығы небәрі 20 нм алтын жалатылған пленка қыста жылу жоғалуын болдырмайды және жазда қажетсіз инфрақызыл сәулелерді кері шағылдыратыны жайлы түсіндіру өмірлік қажет нәрсе.

«Әріректе желіде екі құлын байланыпты. Оның бірі кер құлын (дене жүні алтын тәріздес жалтылдаған) таңы жарқырап, бауырын күнге қақтатып, тыпыр етпестен серейіп жатыр. Қасындағы қаракер құлын жерден тың тыңдағандай басын төмен салып мүлгіпті де қалыпты» (8-тарау , 3- абзац, Қожаның сөзі)

Қара құлынның ыстықтап тұрғанын қара түстің өзіне түскен сәулені жұтып алатыны туралы физикалық мағынасын кер құлынмен салыстыра түсіндіру оқушыларды өте қызықтырады және сабақтың ұтымдылығы жоғары болады.

8. Селоның шетіне шығып қалып едім. Сол кезде қарсылдымнан шаңды бұрқыратып зырлап келе жатқан жүк машинасы көрінді. Кузовы толған бала. Галстуктері желбіреп, шулап өлеңдетіп келеді- кинодағы осы моментті қойып 9-сыныпта «**Тербелістер және түрлері**» тақырыбын өткенде еріксіз тербеліс түрін оп –оңай түсіндіруге болады.

9. «Кепкамның қалай тұрғаны тәуір болар екен деп, әлгінде айна алдында бірталай машақат шегіп, ақыры оң жақ шекеме таман сырғытып киіп едім. Соны байқамаққа көлеңкеме көз қиығымды салып қоям. Көлеңкем ұп-ұзын болып, созыла түсіп, қалмай келе жатыр. Оның бір аяғы екінші аяғынан қысқа» - 8 сыныпта «**Жарықтың түзу сызық бойымен таралуы**»-ның физикалық мағынасын ұғындырады.

10. «Аспанның түп-тұнық көк жібек шатыры бар жиһазын тағынып мөлдіреп тұр. Клуб жақтан гармонь үні, балалардың шуылдап ойнаған дауыстары естіледі» (9-тарау , 2- абзац) 9- сыныпта «**Дыбыс. Дыбыс сипаттамалары тақырыбын өткенде**» гармонь тастарының тербелісі ауаға беріліп, ол арқылы дыбыс бізге жетеді. Екіншіден гармонның мехы ішіндегі ауа да тербеліске түсіп дыбыс резонансы пайда болады. Сонымен қатар домбыра, қобыздың да қалай дыбыс шығаратынына тоқтала кеткен жөн.

Қорыта келгенде, ғасырлар бойы сақталып бізге дейін жеткен ата – жылы бабаларымыздың ақылын ғылыми тұрғыдан талқылап, ұрпақтарымызға жеткізе білу ұстаздық парызымыз. Халқымыздың асыл мұрасын, ұлыларымыздың ұлағатын - физиканы оқыту барысында негізге алу оқушылардың ұлттық дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастырумен бірге, олардың ой - өрісін, пәнге деген қызығушылығын арттырады. Осы әдістерді қолдану оқушылардың басым көпшілігінің физика пәнін тек қаптаған жалаң формулалар, заңдылықтар деген түсінігінен арылтып, қиын пән деген қорқынышын жояды.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Б. Соқпақбаев «Менің атым қожа», 1957-жылы, Алматы кітап баспасы
2. О. Жангозы «Физиканы оқыту кезінде оқушыларға ұлттық тәрбие беру».
3. Г.Б. Әлімбаева. Физика пәнін халықтық педагогика тағылымдарымен байланыстыра отырып оқыту. Оқу құралы. Алматы. «Литера.» 2001ж..
4. Жастарды патриотизмге тәрбиелеу –мұғалімнің басты міндеті //Қазақстан орта мектебі –2005 -№9 –7- 9 бет.
5. Әбдіқас Тәжімұратов, «Шебердің қолы ортақ» атты кітабы;
6. Б.Момышұлы. Ұшқан ұя. Алматы, 2000ж.
7. Д.Пошаев, Г.Кемельбекева, Г.Адырбекова, «Бейіндік білім беру-заман талабы» мақаласы;
8. Интернет материалдары
9. «Физика 7-11 сынып» оқу құралдары.

СӘТБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАНЫҢ ХИМИЯ ҒЫЛЫМЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев Қазақстанның геология-химия ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосқан көрнекті ғалым болды. 1899 жылы Павлодар ауданында дүниеге келген ол жастайынан туған өлкесінің қойнауын зерттеуге ынталы болған. 1921 жылы Томск қаласының профессоры Михаил Антонович Усовпен кездесуі оның Қазақстанның табиғи ресурстарын зерттеуге деген ұмтылысын ақыры анықтады.

1926 жылы Томск технологиялық институтын ойдағыдай бітіріп, тау-кен геологиясы мамандығы бойынша бірінші қазақ дипломын алған Сәтбаев Жезқазған-Ұлытау аймағында байыпты геологиялық барлау жұмыстарына кіріседі. Оның осы өлке рудаларының химиялық құрамы туралы алғашқы зерттеулері Қазақстандағы химия ғылымының дамуында шешуші рөл атқарды.

Бұл мақаланың мақсаты – Қаныш Сәтбаевтың Жезқазған кендерінің химиялық құрамын зерттеуге қосқан үлесін және оның осы кен орнын өнеркәсіптік игерудегі маңызын талдау, сондай-ақ оның Академияда химиялық зерттеулерді дамытудағы рөлін қарастыру. Қазақстан ғылымдары.

Қаныш Сәтбаев ғылыми еңбек жолының басында түрлі пайдалы қазбаларға бай Жезқазған-Ұлытау өңірін жан-жақты зерттеуге ден қойды. Оның жұмысының негізгі аспектілерінің бірі Жезқазған кендерінің минералогиялық және химиялық құрамын зерттеу болды.

Сәтбаев пен оның әріптестері үлгілерге мұқият химиялық талдау жүргізгеннен кейін рудалардағы мыс және басқа элементтердің құрамын анықтай алды. Олардың нәтижелері британдық сарапшылар мен Халық Комиссарлары Кеңесі жанындағы геологиялық комитеттің бұрын жасаған пайдалы қазбалар қорларына күмәнді болжамдарын жоққа шығарды.

Кен қорын дәл бағалау және оны одан әрі өнеркәсіптік игеру үшін кендерді химиялық талдаудың маңызы зор болды. Сәтбаев жұмысының арқасында Жезқазған кендерінде бұрын айтылғандай 60 мың тонна емес, 2 миллион тоннадан астам мыс бар екені анықталды. Бұл Қаныш Сәтбаевтың ғылыми көрегендігінің, өлкенің геологиялық-химиялық ерекшеліктерін терең білгендігінің бұлтартпас дәлелі болды [1].

Қаныш Сәтбаевтың Жезқазған кендерінің химиялық құрамын зерттеудегі табыстары оның Қазақстанда химия ғылымын дамытуға ұмтылуының алғашқы қадамы ғана болды. Республиканың өнеркәсібі мен экономикасын дамыту үшін химиялық зерттеулердің маңыздылығын жете түсінген ол осы салада қуатты ғылыми база құруға көп күш жұмсады.

Сәтбаев 1941 жылы КСРО ҒА Қазақ филиалының Геология институтының директоры, кейін оның басшысы болып тағайындалғаннан кейін бірқатар жаңа ғылыми мекемелерді, соның ішінде ҒА-ның Химия институтын ашуға

бастамашы болды. Қазақ КСР. Бұл институт химия саласының жетекші ғалымдары мен мамандарын біріктірген республикадағы химиялық зерттеулердің орталығына айналды.

Химия институты жұмысының негізгі бағыттары Қазақстанның дамып келе жатқан өнеркәсібінің қажеттіліктерімен тығыз байланысты болды. Мұнай және табиғи тұздар химиясын зерттеуге ерекше көңіл бөлінді, бұл мұнай және газ кен орындарын игеру және тұз кен орындарын игеру үшін аса маңызды болды. Минерология және аналитикалық химия саласындағы зерттеулер де белсенді дамып, әртүрлі минералдардың химиялық құрамын дәлірек анықтауға мүмкіндік берді.

Сәтбаевтың басшылығымен Химия институтында химиялық талдаудың озық әдістері енгізіліп, зерттеулердің дәлдігі мен тиімділігі айтарлықтай артты. Бұл өз кезегінде Қазақстанның табиғи ресурстарын толық әрі ұтымды пайдалануға ықпал етті [2].

Қаныш Сәтбаев ғылыми база жасаумен қатар, білікті химик мамандарды даярлауға да үлкен көңіл бөлді. Ол жас ғалымдарды тәрбиелеу, оларға өзінің терең білімі мен тәжірибесін беру барысын өзі басқарды. Соның арқасында Қазақстанда ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоғары деңгейде жүргізуге қабілетті мықты химиктер мектебі қалыптасты.

Сәтбаевтың басшылығымен химия ғылымының дамуы Қазақстанның одан әрі индустриялық дамуы үшін үлкен маңызға ие болды. Химиялық зерттеулер республиканың табиғи ресурстарын тиімді пайдалануға мүмкіндік берді, жаңа өндірістерді құруды ынталандырды және экономиканың өсуіне ықпал етті.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев Қазақстандағы химия ғылымының даму тарихында өшпес із қалдырды. Оның Жезқазған кендерінің химиялық құрамын зерттеудегі ілкімді еңбектері республикада осы білім саласының одан әрі дамуына берік негіз қалады.

Табиғи ресурстарды өнеркәсіптік игеру үшін химиялық зерттеулердің маңыздылығын терең түсінуінің арқасында Сәтбаев бұл салада ғылыми база жасауға көп күш жұмсады. Қазақ КСР ҒА-ның Химия институтының құрылуы жетекші ғалымдардың басын біріктіріп, ғылыми зерттеулерді мұнай химиясы, минерология және аналитикалық химия сияқты басым салаларға бағыттауға мүмкіндік берген басты жетістік болды [3].

Сәтбаев пен оның әріптестерінің еңбегі Қазақстанның химия өнеркәсібінің дамуы үшін үлкен маңызға ие болды. Пайдалы қазбалардың химиялық құрамын дәл анықтау, талдаудың заманауи әдістерін енгізу және жоғары білікті химиктерді даярлау республиканың табиғи ресурстарын тиімдірек пайдалануға, жаңа өндірістерді құруды ынталандыруға және экономикалық өсуді қамтамасыз етуге мүмкіндік берді [4].

Қаныш Сәтбаевтың химия ғылымы саласындағы мұрасы одан әрі мұқият зерделеуді, түсінуді қажет етеді. Оның еңбектері, жарияланымдары мен мұрағат материалдары Қазақстанның ғылымы мен өнеркәсібі тарихымен айналысатын зерттеушілер үшін өте құнды. Сәтбаевтың химиялық зерттеулерді дамытуға қосқан үлесін тереңірек түсіну оның жетістіктерінің

ауқымы мен қазіргі Қазақстан үшін маңызын жақсырақ бағалауға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, Қаныш Имантайұлы Сәтбаев тек көрнекті геолог қана емес, Қазақстандағы химия ғылымының негізін салушылардың бірі болды деп айта аламыз. Оның кендердің химиялық құрамын зерттеуге, ғылыми институттар құруға және химиктер даярлауға қосқан баға жетпес үлесі республикада білімнің осы саласының одан әрі дамуына берік негіз қалады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сәтбаев, Қ.И. Жезқазған мыс кенді аймағы және оның пайдалы қазбалары / Қ.И. Сәтбаев. – М.: КСРО ҒА баспасы, 1932. – 256 б.

2. Сәтбаев, Қ.И. Жезқазған-Ұлытау аймағының мыс, көмір, темір, марганец рудалары және басқа да пайдалы қазбалары / Қ.И. Сәтбаев // Тр. Академик КСРО ғылымдары. Сер. геол. - 1934. - No 4. - 45-72 б.

3. Бөкетов, Е.А. Академик Қ.И. Сәтбаев – Қазақстандағы химия ғылымының негізін салушы / Е.А. Бөкетов // ҚазКСР ҒА Хабаршысы. - 1975. - No 5. - 3-12 б.

4. Ерғожин, Е.Е. Академик Қ.И. Сәтбаев және Қазақстандағы геология ғылымының дамуы / Е.Е. Ерғожин. – Алма-Ата: Ғылым, 1989. – 256 б.

**Ақмола облысы білім басқармасының
Целиноград ауданы бойынша білім бөлімі Тасты ауылының жалпы
орта білім беретін мектебі КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Жылқыбай Маржан**

Мәшһүр Жүсіп мұралары хақында

Халыққа аты белгілі сол Мәшһүр Жүсіп 1858 жылы өзінің айтуынша (қазақша қой жылы, арабша ережеп айында, жұма күні, бесін кезінде) Қызылтауда, Найзатас деген жерде дүниеге келеді. Нәресте туған соң ата-баба салтымен азан шақырып, аты Жүсіп болсын деп қояды. Бұл жөнінде ақын кейіннен «Өмірбаян» атты өлеңінде:

Жасымда қойылған ат Адам Жүсіп,
Жұрт кеткен сүйгенінен Мәшһүр Жүсіп.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев Қолыма қағаз, қалам алған шақта,
Кетемін қара сөзге желдей есіп , – деп баяндаған. Ал, оның Мәшһүр Жүсіп дейтін атқа ие болуы жайында да қызық мәлімет бар. Ақын жоғарыда аталған жырында тағы да былай дейді: Бес жаста «бісміллә» айтып жаздым хатта, Бұл дүние жастай маған тиді қатты. Сегізден тоғызға аяқ басқан күнде, Мұса еді

қосақтаған «Мәшһүр» атты . Сөйтіп, ол өзі айтқандай, тоғызға енді толған шағында қалың топтың алдында бірде-бір мүдірместен мақамына келтіре отырып, «Төрт жігіттің өлеңі», «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» лиро-эпос дастандарын жатқа толғайды. Жиылған қауым дән риза болып, «баланың аты – Мәшһүр болсын, тіл-көзден аулақ болуы үшін басына үкі тағып қойыңдар» – дейді. Қара өлең, жар-жар, аужар, сынсу, батырлар жыры, лироэпос жыры, шешендік сөздің неше алуан түрін жастайынан жаттап өскен Мәшһүр өзі де он бес жасынан бастап өлең шығара бастапты. Ақынға сөз берсек, ол: Жабысты маған өлең он бес жаста,

Жұрт айтты: «Не қыласың», – деді баста.

Дегенмен қоя алмадым үйренген соң,

Мінім жоқ қылған жұртқа мұнан басқа.

Шүкірлік, бергеніңе құдай патша,

Он бесте шабыттандым жүйрік атша .

Бір күндер ұйықтап жатқан мезгілімде,

Кеудеме өлең толды сызған хатша, – деп толғайды.

Мәшһүрдің сөздің қадірін білуге, оны аса қасиет тұтып, бағалауға үндейтін жерлері аз емес. Өзі ақын болғандықтан да болу керек, ол жадында сақталған сөз маржандарының бірде-бірін назардан тыс қалдырмауға тырысты! Мысалы, оның қолжазбасында: «Жан бір асыранды құс. Дүние бір қапас. От, су бермесе қапаста тұрып аштан өліп қалады. Оған қорек беру керек. Адам баласы қайдан тамақтан семіреді, құлақтан семіреді. Мұнан мағлұм болды, жақсы сөзге жан семіреді екен. Жанның қорегі құлақ сүйсінер сөз екен. Адам тіршілігінде, денсаулығында құлақ сүйсінерлік сөз естуге талап қылып, тырмысу керек», – делініпті. Дәл осы ой, дәл осы пікір бүкіл адамзат баласына ортақ. Шынында да адам жаны жақсы лебізге, әсем әнге тәтті күйге Мәшһүр Жүсіп мұралары хақында

Мәшһүр ақын Халқымыздың атақты ақыны, ғұлама оқымыстысы Мәшһүр Жүсіптің көп қырлы талант екені елге мәлім. Қаршадайынан оқыған, оқып қана қоймай, көңіліне мол дүние тоқыған білімдар. Ақынның «Миғраж», «Хаятбақшы», «Қорқыт», «Гүлшат–Шеризат» деп аталатын қисса, дастандарын, публицистикалық, этнографиялық еңбектерін, халық ауыз әдебиетін жинаудағы қыруар жұмысын атасақ та жеткілікті. Бұл жөнінде академик М.О. Әуезов былай деп тұжырымдайды: «Ол, өз шығармаларын былай қойып, басы ашық үлгілерді жазып алып, біздің дәуірімізге жеткізген еңбек Мәшһүрде мол екенін және естен шығармау керек. Ал, академик-жазушы С. Мұқанов М. Көпеевтің творчестволық жолын жан-жақты зерттей келіп, өз ойын былайша түйіндеген еді: «XVIII ғасырда жасаған ақындардың ішінен жыры мол сақталған – Бұқар жырау. Бұқардың жырларын сақтап, тарих алдында ерекше еңбек сіңірген адам – Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Бұқардың жырларын жазып алған Мәшһүр Жүсіп: «Бұқарекен сөйлеген уақытында сөзі мұндай жүз есе, мың есе шығар». Бізге келіп жеткен тамыры ғана», – дейді. «Мес» жинағына қарасаң көңілің тояттайды, оқысаң көзің қуанады. Сиясы әсем көшірілген қолжазба Мәшһүр махаббатына лық толы. Ол көне қолжазбаның әрбір сөзіне дейін жеткізуге, қазақ тілінің алтын қорын шашпай-

төкпей сақтауға тырысқан» . Осыған ұқсас пікірді ғылым докторы Ы. Дүйсенбаев та айтқан. Ол: «М.Ж. Көпеев Бұқарға тиісті деген өлең-толғауларды ел ішіндегі кәрі құлақ қариялардың аузынан жазып алып, ертеректе қағаз бетіне түсірген, екіншіден, ол өзінің шамасы келгенше қарт жыраудың мұрасын толығырақ және келіп жеткен қалпында сақтауға тырысқан, үшіншіден, өзі де Бұқардың өмірі және шығармашылығымен жете таныс болғандықтан кейбір жыр-толғауларының түсіндірмелер берумен бірге, басқа да қызықты мәліметтер келтіріп отырған», – десе, бұл ойды біз де мақұлдаймыз.

Біз уақытысында «Жалайырдың жел жетпес жүйрігі» атанған Бақтыбай мен Сыр бойының ақыны Бұдабайдың түс көріп, түсінде көген емес, өлең алып ақын боп оянғанын жақсы білеміз» Ал, М. Көпеевтің қалай ақын болғандығы жайлы әңгімесі оның өзінің алдындағы өнерпаздарға ұқсастығымен бірге, айырмашылығының көрінісі. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармашылығы туралы зерттеулер мен естеліктер да бар екендігін анық танытады. Ол жай «Кеудеме өлең толды сызған хатша» деген жолдарда жатыр. Одан бұл кезде жазу-сызудың қазақ өлкесіне кең қанат жая бастағанын, Мәшһүр Жүсіптің де сауаттылықты жоғары бағалап, оған құрметпен қарағанын аңғарасың. Бірақ оның осы тұстағы өлеңдерінің тақырыбы күнделікті тұрмыстық жағдайды суреттеуден әрі асқан жоқ. Ол өзі араласып жүрген айт пен той, әртүрлі адам мінезі, жүріс-тұрыс ерекшелігі, көшу, қону, жаз бен қыс, ас, қыз ұзату сияқты нәрселер еді. Бұл өлеңдерінде кейіпкерлерінің ішкі жан дүниесіне терең бойлап, психологиялық талдау жасау жоқтың қасы, бір сөзбен айтқанда, бұл оның шәкірттік, үйрену кезеңі еді. М. Көпеев, өзі айтқандай, он бес жастан кейінгі өмірінің бәрін дерлік өлеңмен сөйлеген. Ақын дүние танымын, адамдармен қарым-қатынасын, нені сүйіп, нені жек көретінін, кімнен үйреніп, кімнен жиренетінін де өрнектеген. Біз оның мұндай туындыларынан эстетикалық ләззат алып қана қоймай, сол кездегі адамдардың өмірге деген көзқарасын, психологиясын, тұрмысын жан-жақты танытқандай боламыз. Ақын той мен топта, ел мол жиылған аста бай мен болыстан, би мен бектен ығыспаған, олардың қателіктері мен кемшіліктерін тіке айтып, жуанға істеген «жақсылығын», жіңішкеге көрсеткен қорлығын бетіне басып отырған. Осы ақ ниеті үшін артынан опық жеген кездері де аз емес екен. Оны өзі «Ғибрат наме» атты өлеңінде айқын байқатады:

Япырым-ай, кесем бе екен мен тілімді,

Үйрендім қайдан өнер, көп білімді.

Өткіздім қасірет пен қапалықта,

Қызықты ойнап-күлер мезгілімді. Расында да ол бала болып ойнамаған, бес жасынан бастап оқуға зейін қояды. Ержетіп бозбалалық шаққа жеткен соң да ала қағаздан бас алмаған. Ақын шарқ ұрып ізденудің нәтижесінде білімге де, парасатқа да ерте жетіпті. Күннің шуағын бірінші болып қарсы алып, батып бара жатқан шапағын да өзі шығарып салатын заңғар таудың құзар басы сияқты, алдымен не көрсе де Мәшһүр Жүсіп Көпеев білімді жан көрмек. Ақылды, білімді адам өмірдің соққан бар дауылына төтеп бермек.

Алайда ол мұндай игілікті іс тек сөзбен ғана аспайтынын, ол үшін қолда билік болуымен қатар, мол қаражаттың қажет екендігін кейін сезінді. Амалсыз ішкі мұң-шерін тағы да өлеңмен шертті: Бұлттай жауатұғын менің өзім, Көкірегім – қан, жаспен толған көзім. Жаңбырдың рахымет тамшысындай, Ғаламға дастан қылып айтқан сөзім [10]. Кезінде ақынның көкірегінен шыққан сөзді түсінетін, оған еміренетін жанның аз болғанына қынжыласың. Әйтпесе ол «жауатұғын бұлттай» түнермес еді ғой. Ақын ойлары заңғар. Ол ауыл үйдің әңгімесін айтып отырған жоқ, адамға, қоғам өміріне қатысты мәселені толғайды. Көкірегі толған шуақты жұртшылыққа шашқысы келеді, «Қырымнан қияға қарап» алысты шолғысы бар. Ақынның арғы жағы жұлдыздай жарқырап тұрған соң (жанының тазалығын айтамыз), оған барлық әлем шуақты да сәулетті, барлық адам адал да абзал. Ол көпшіліктің берекесін алатын, жарастығын бұзатын озбырларға үнемі қарсы тұрып келіпті. Бұл турасында профессор Б. Кенжебаев: «Мәшһүр шығармаларының көпшілігінде заман жайын айтады, қазақтың жаман мінездерін, қазақ арасындағы феодализм қалдығын, би-болыстарды, патша үкіметінің чиновниктерін сынайды»,– десе, ғалым жіті байқап, дұрыс бағалаған деп білеміз. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармашылығы туралы зерттеулер мен естеліктер М. Көпеевтің өмір сүрген тұсы-бір рудың малын екінші бір рудың елі барымталап, шетке шыққан жылқы-сиырын айдап алып, сіңіріп кете беретін, әлсіздің күні қараң, күштінің сөзі жүріп тұрған феодалдық қоғамның нағыз қаны тамып тұрған кезі еді. Кедей-кембағал, жетім-жесірді «ашса алақанында, жұмса жұдырығында» ұстап, шырқыратып езіп-қанағанына байлар мәз. Байыған сайын оларға кең дүние тарылып, қусырылып бара жатқан сияқты көрінеді. Ашыққан қорқау қасқырдай жан-жақтан анталап, жер таласын, жесір дауын күшейтіп, бірін-бірі тірідей жеп қоятындай өшігеді. Бай мен шонжарлар жан-жағына жұтып жіберердей алара қарайды. Қысы-жазы ауыл маңы айғай-шу, бос дүрмек. Оқу іздеп, өнер қуып жүрген бірде-бір жастарды көре алмаған ақын халыққа қарап:

Қазағым, өнер іздеп, ұрлық-зорлық,
Қыласың бір-біріңе неге озбырлық,
Болғаннан алты ауызды ынтымақсыз,

Басына келген жоқ па талай қорлық , – дейді. Ақын сөз өнерін өте жоғары бағалаған. Ол адамзат баласының бір-бірімен табыспайтын, жақындаспайтын кезі болмайды, олар бір-бірінің ішкі жан сырын сөйлесу арқылы түсінеді, ұғысады дей келіп:

Кем емес – кейбір сөзім жанған шоқтан,
Өр кімге ауыр тиер атқан оқтан.

Ұшқан құс, жүгірген аң-жануарлар,

Атанды бәрі хайуан – тілі жоқтан, – деп түйіндейді. Бұл жерде ол адамның «ұшқан құс, жүгірген аңнан» артықтығы – ақылында дегенді білдіріп отыр. М. Көпеев өз өлеңдерінде әркім өз еңбегімен күн көрсін дегенді үндейді, сонымен бірге біреудің есебінен күн көретін арамтамақтардың кімдер екендігін де айта кетуді ұмытпайды. Ақын адам өміріндегі ең бір қымбат дүние достық екенін, досы мол жанның бақытты екенін жан-жақты айта келіп:

Бұл сөзімнің балы бар уы аралас,
Ойлаймысың бір іске деп жарамас.
Келіп пе едің жалғанға киім киіп,
Тумап па едің анадан тыр жалаңаш, – деп бір тоқтайды.
Қорыта айтқанда, М.Ж. Көпеев заманының озық ойлы, алдыңғы қатарлы азаматы болған. Туған халқының мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған, сөйтіп, онымен бірге қуанып, бірге қайғырған шын мәніндегі өрелі ақын дәрежесіне көтерілген. Сондай-ақ, атадан балаға мұра болар ауыз әдебиетінің асыл қазыналарын жинақтап көзінің қарашығындай сақтаған.
Мәшһүр Жүсіптің осындай жақсы істеріне қанық зиялы қауым оның еңбегін айырықша бағалап, өз өлеңдерінде атын құрметпен атап отырған. Мысалы, Нартай Бекежанов:
Ақмолла, Ұзақ ақын, Мәшһүр Жүсіп,
Заманға жатушы еді үлгі пішіп.
Солардың ағып жатқан теңізінен,
Біз пақыр сөйлеп жүрміз қанып ішіп , – деп өзінің алдындағы өрен жүйріктерге ізет-құрметпен қарайтынын байқатады.
Бұл жобада да М.Ж. Көпеевтің шығармаларын жан-жақты талдадық.
Міне, осынау ұланғайыр мол дүние бүгінгі таңда әлі де болса терең зерттеп, жан-жақты бағасын беретін әділ насихатшысын күтуде.
Алдағы уақытта мектепте Мәшһүр Жүсіптану курсы болса деймін.
Әдебиеттер тізімі:
Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы халық қадірлеген үлкен тұлға. III бөлім. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармашылығы туралы зерттеулер мен естеліктер
Әуезов М. Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы, 1961. – 358 б. 2 Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы, 1974. – 110 б. 3
Жалын. – 1974. – № 3. – 127–129 бб. Мұратхан Бөжеев

Астана қаласы, №95 мектеп-лицей
Амирхожаева Жайнагул Байганиевна

«МӘШҺҮР-ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫ «БАҚСЫ ЖӘНЕ ТЫЛСЫМ КҮШ ИЕСІ»

Қазақтың белгілі ақыны, фольклоршы, тарихшы, этнограф Мәшһүр-Жүсіп әкесі Көпейдің 42 жасында, шешесі Ұлбаланың 18 жасында Баянауылдың Қызылтау деген жерінде 1858 жылы дүниеге келген. Туғанда азан шақырып қойған аты – Адам Жүсіп.

9 жасында қисса –дастандарды айтып, ел көзіне түскен кезде, жиынға шақырып отырған М. Шорманұлы *Адам Жүсіпті* ұнатып, тақиясына үкі таққызып: «*Өз заманында халқына Мәшһүр болатын бала екен*» деп, Мәшһүр Жүсіп атанып кетеді.[2, 184б]

Тағы бір деректерде «Көпейдің бір баласы қақсап тұр» деп ел аузына тараған. Бір күні мынау Мәшһүр болатын бала деп аты шыға бастайды. Бұл

балаға үкі тақ деп үкі таққызады. Қызының басынан бір тал үкі алып, Бибі Мәриям үкі тағады.

Мәшһүр Жүсіп көзі тірісінде өзіне бейіт салдырғанын білеміз. Таудың қақ басына шығып, «Дәл осы отырған тасымнан бастайсыңдар,» - деген екен. Сонда құдасы мына тау қып-қызыл тас қой, жамбасыңызға батпай ма? дегенде Мәшһүр атамыз «Жоқ. Бұл жерде менің төсегім салулы, астымда бор топырақ, иісі қандай арамат. Басыма орнататын қасиетті Рауан тасым да осында деген екен.

Жерді қаздыру барысында Рауан тас сынып қалмасын деп өзі бақылап отырған екен. Ең қызығы, суырма жұмыр тастарда шұңқыр-шұңқыр тесік бар, мұны жеке үйесіндер деп бұйырған екен. Әр таста 1,2,3,4,5 тесік болады, соның біреуінде 7 тесік болады, кімге кездесе, бір жетістік болады: тілегі орындалады көзден, тілден, сұқтан сақтайды. Сәбилердің әр түрлі дертіне шипалығы бар, кім керек қылса, сол алсын, -деп төбешікке үйгізеді. Осы жерден де ол кісінің сәуегейлігін байқаймыз.[5, 359б]

Тағы да осы екі айда рауан ұшығын алуға болады. Сонда көзсізге-көз, ессізге –ес беріп, ажалсыз дертке мың да бір дауа болар деген екен. Қазіргі жер бетіне шыққаннан кейінгі тиіп тұрған пайдасы, елдегі болып жатқан адам мен малдағы індет бүгіннен бастап сап болар деген екен.

Айтқандай, сол кезде күллі ел ауру болған. «Оба» деген аурудан бір үйлі жан қырылып қалған. Безгек, сүзек, өкпе қабынуы, жындану, балада қызылша т.б аурудың барлығы сол кезде түгел болған. Сол Рауан тасы шыққан соң, Мәшһүр атамыз айтқандай, түгел тыйылған.

Ең қызығы, кейін адамдар аш-жалаңаш, қысы-жазы суықта, ыстықта жүрсе де, бір адам ауырмаған екен.

Басына екі бөлмелі үй қылып салдырады. Себебі «Ескелдіде ел болмайды. Бораны қатты. Жолаушысы қайда барады? Адам адамға жақсылық істеу керек , мен өлсем де шарапатым тисін және олар келгенде өзім де бір аунап жатам ғой. Текке жатқанша, адамға пайдам тиіп жатсын,» -деген екен.

Мәшһүр Жүсіптің айтуынша, жалпы адам баласы, дүниеге келгеннен бастап, жұлдыздардың құшағында болады дейді. Мысалы:

Бес жасқа дейін бала Айдың құшағында болады дейді. Ай баласы
Өзі сияқты тез-тез өсіреді дейді.

Бес жастан бастап «втард» деген жұлдыз бар екен, ғылым-білімнің жұлдызы соның құшағына өтеді екен. Осы кезде ғылым – білімге берудің мәні сонда дейді.

Он екіден отыз жасқа дейін Күннің құшағына болады дейді. Күн өзі сияқты баланы жұрттың көзіне түсіргісі келеді дейді.

Отыздан қырыққа дейін бұл адамда қайратпен алас ұрғызатын жұлдыздың құшағына өтеді дейді.

Қырықтан кейін бай болуды, буынып түйініп әр нәрсеге сай болуды үйретеді дейді.

Жүз жылда туатын жұлдыздармен айқасып туатын жұлдыздар бар дейді. Мысалы: Кенесары, Наурызбай жүз жылда бір туатын жұлдыздармен айқасып туғандар дейді.

Бірде Мәшһүр Жүсіптің киіз үйі жалын құшағында қалғанда, иығына жауып жүретін шапанына от тимеген екен.

Мәшһүрдің үйіне қызылдың офицері келіп, түк те бітіре алмаған. Дұғасының күшімен далада алай-дүлей боран соққан. Мәшһүр отырған бөлмеге кіре алмаған. Себебі азан-қазан у-шу, арыстандар ма, қабыландар ма дауыстары шығып, кіре алмай беті қайтып кеткен.

Мәшһүр Жүсіп - айтқаны айна-қатесіз дөп келетін көріпкел әулие жан. Дертіне дауа іздеген жандарды емдеп жазып, олардың жеке өміріне қатысты, елдің -жердің тағдырына қатысты жасаған болжамдары бұлжымай дөп келген.

Ол 1932-1937 жылдардағы қазақ даласындағы аштықты, қуғын-сүргіннің алдын-ала болатынын сезген. Тіпті, өзінің өмірін де алдын-ала болжаған сәуегей, сүйегінің шірімейтінін айтып, алдын-ала жаназасын шығартып, асын да бергізген.

Жүрген жерінде Алланы уағыздап, құлшылыққа шақырады және жазуға, оқуға шақырады.

Атамыздың денесінің жиырма бір жыл ашық жатуы - бұл да бір Алланың кереметі. Алланың сүйікті құлына берген қасиеті. Сол керемет арқылы Мәшһүр атамыз Алланың бар екенін білдірді.

Жұма күні намаз уақытында Мәшһүр Жүсіп ұзын көше бойымен келе жатса, бір ақсақалды адам алдынан шығып, кес-кестей бергендей болады. Үстінде – ұзын қара шапаны, қолында – асатаяқ. «Үлкен адам ғой, алдынан кесіп өтпей тоқтай тұрайын» деп ойлаған Мәшһүр Жүсіп жақындағасын қол қусырып сәлем береді. Сәлемін аларда ақсақал асатаяғын жерге шанша салды. Ұшында еш темір жоқ таяқ жерге қадалып, сәл дірілдегендей болып тұрады. Ақсақал іле таяғын қолына алып, Мәшһүр Жүсіпті үш айналып, таяғымен әр жерінен түрткілейді де: «Жетпіс екі, жетпіс үш», – деп кері айналып жүре береді. Мәшһүр Жүсіп болса: «Япырай, мына кісі маған 72–73 минутте өлесің дегені ме, әлде соншама сағатқа меңзеп тұр ма?» – деп қорқа бастайды. Себебі, сол күні түсіне әруақтар кіріп, мазасызданғаны бар еді. Не де болса, бір Аллаға тапсырып, шалдың айтқан уақыттарын тағатсыздана күтумен жүреді. 72–73 минут, күн өткен соң, енді апта, не ай болар деген де ой келді. Бір қорқыныш, бір үміт жалғаса келе, бәрі де артта қалғандай жай болды. Ойлай-ойлай Мәшһүр Жүсіп «Жоқ. Бұл енді менің 73 жыл өмір сүретіміме аян беріп тұр» деген қорытындыға келеді. Мәшһүр Жүсіп осындай оқиғалардан кейін әулие атана бастайды екен.

Мәшһүр атамыз өзі жататын орнын қазып жатқандардың қасында тұр екен. «Қазыңдар! Терең қазыңдар! Мәшһүр қашып кете алмайтындай етіп қазыңдар! – деп сылқ-сылқ күлді де, – Кең қазыңдар! Он-он бес адам сыятындай кең болсын. Кірпіштері берік қалансын», – деді. «Тірлігінде ұры-қарылардың, озбыр, қиянатшыл, аюмінез әкімдердің қара халыққа жасаған қиянатын қызыл тілмен қылыштаған Мәшһүрдің шатағы аз боп па? Тірімде тістері батпаған сол сойқандар мен көз жұмғасын өш алуға үстімнен арыз жаудырып, Мүңкір-Нәңкірге тергеттімдей қоймас. Сонда менің мұндағы дұрыстығымды қорғауға бірнеше періштелер келер деген екен.

Мәшһүр Жүсіп «Әбжалап диуананың - ертең жан беретінін айтады.

Расымен, ертеңіне азан уақытында Әбжалап диуана көз жұмады. Бірақ жерлеу барысында ол кісінің денесі құсқа айналып кетеді.

Мәшһүр Жүсіп: «Е, Әбжалаптың денесі, қабірде жатпас, Мәшһүрдің денесі қырық бір жыл бүлінбес», - деп басын шайқапты. [1,66]

Тылсым күш иесі болған оны қарапайым түрде қолданған. Халықтың мұң-мұқтажын шешіп отырған. Ауырып келген көп кісінің атын өзгерткен екен.

Ерте де өзі әдемі, өзі көркем, әнші бір азамат болған екен. Сол жігітке тіл тиіп, мұрны кеміріліп кете бастайды.

Мәшһүр атамыз: «Әй, саған тіл тиген екен, сенің атыңды Шал деп өзгертейін», - деген екен. Содан кейін Шал болып аталып кеткен, дертінен жазылған көрінеді.

Сол Шалдың Мәшһүр атамыз өзі қайтыс болғанда келе алмайтынын біліп, келіні Ақ Зейнепке «Шалға бір құранды бер, алдыма таққан алжапқышты бер, тастың сынығын бер» - деп аманаттаған екен.

Сол Шалдың ұрпақтарының айтуы бойынша тасты ауырғанда ішіп бітірген екен.

Сөзсіз, Мәшһүр Жүсіп – халқымыздың рухани жебеушісі, кейінгі ұрпақ тәу етер қасиетті әулие болған.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, 6 том «Тарихи тұлғалар» кітабы
2. Мәшһүр тағылымы: жинақ – Павлодар, 2008.-184 б
3. Мәшһүр Жүсіп 20 томдық шығармалар жинағы.
4. «Аңыз адам» журналы. – № 19 (79), қазан 2013 жыл.
5. Мәшһүр Жүсіп Көпеев - Алматы: 2013. – 359 б.

Асмаганбетова Асемгул Есеновна
«№79 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
педагог-сарапшы

М.Ж. КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕСІ

Қазіргі біртұтас тәрбие бағдарламасына елеулі өзгерістер еніп, жаңа көзқарастар пайда болды. Әрі білім беру құрылымында жаңа рухани тәрбиеге басымдық берілген технология өмірге келді. Жаңа Қазақстанның салаутты да білімді ұрпағын қалыптастыруда сапалы білім бере отырып, патриотты тұлға қалыптастыру, өмірге деген қызығушылығын ояту, тілін, жерін, елін құрметтейтін тұлға қалыптастыруда М.Ж.Көпейұлының шығармаларының берері мол. Ақын мұрасы-елдігіміздің белгісі. Осыларды оқып, адам өзіне керегін алады. Ақын, фольклоршы, этнограф, публицист, ағартушы, шежіреші, діни адам болған, ел тағдырын уайымдаған ұлт жанашыры. Еңбектері мен

өсиеттерін жастарға үлгі етіп көрсету-біздің парызымыз, шығармалары-рухани жаңғыруымыздың алғашқы кепілі.

Мәшһүр шығармаларының көпшілігінде заман жайын айтады, қазақтың теріс мінездерін, қазақ арасындағы ескіліктің қалдығын, би-болыстарды, патша үкіметінің чиновниктерін сынайды”, – десе, ғалым жіті байқап, дұрыс бағалаған деп білеміз. Мәшһүр Жүсіптің өмір сүрген тұсы — бір рудың малын екінші бір рудың елі барымталап, шетке шыққан жылқы-сиырын сіңіріп кете беретін, әлсіздің күні қараң, күштінің сөзі жүріп тұрған феодалдық қоғамның нағыз қаны тамып тұрған кезі еді.

Қысы-жазы ауыл маңы айғай-шу, бос дүрмек. Оқу іздеп, өнер қуып жүрген бір де бір жасты көре алмаған ақын халыққа қарап: Қазағым, өнер ізден, ұрлық-зорлық, Қыласың бір-біріңе неге озбырлық, – дейді. Ақын сөз өнерін өте жоғары бағалаған. Ол адамзат баласының бір-бірімен табыспайтын, жақындаспайтын кезі болмайды, олар бір-бірінің ішкі жан сырын сөйлесу арқылы түсінеді, ұғысады дей келіп: Ұшқан құс, жүгірген аңжануарлар, Атанды бәрі қайуан – тілі жоқтан, – деп түйіндейді. Бұл жерде ол адамның “ұшқан құс, жүгірген аңнан” артықтығы – ақылында дегенді айтып отыр. Мәшһүр Жүсіп өз өлеңдерінде әркім өз еңбегімен күн көрсін дегенді үндейді, сонымен бірге біреудің есебінен тірлік кешу арамтамақтардың ісі екенін де есінен шығармаған. Ақын адам өміріндегі ең бір қымбат дүние достық екенін, досы мол жанның бақытты екенін жан-жақты толғайды. Ақынның бөліп айтуға тұрарлық айрықша бір ерекшелігі, өлеңдерін жазып шығарған. Ол әрбір жырын қағаз бетіне түсіріп, рет-ретімен тәртіптеп, шашау шығармай ықтияттап жинап отырған. Оның алғашқы өлеңдері “Дала уалаяты” газетінде 1889 жылдан бастап көріне бастады. Ақын 1889 және 1890 жылдар аралығында бірнеше мақаламен қоса, бес өлең жариялады. Олар мыналар: “Әңгіме”, “Бәрі қысқа, еркін дүниеге келеді екен”, “Кедейлікке үш қырсық оралады”, “Күн шықпай ерте тұрып”, “Білмейді ел өнерлісін аулақ болар”. Бұл өлеңдердің бәрінің сарыны ортақ, ой арнасы біреу – ол жастарды еңбекке, өнер-білімге, егін салуға, сауда істеуге шақырады. Ал, ел ішінде бос тентіреп кәсіпсіз жүрген кейбір желбуаз бозбаланы сынап мінейді: Әр істі ойлау керек әуел бастан, Не пайда өнер жоқ жігіт жастан. Осылай дей отырып, еңбек етпейтін, сыбай-сылтаң жүрісті жандарды ұрыспай, сөкпей, тілдемей, жай ғана сыпайы сөзбен ұялтып, қызартады. Оларға “мынадай бол, мынадай істе” деп те ақыл айтпайды. Тек қана еңбек ет, еңбек адам баласының – анасы дегенді меңзейді. Мәшһүр Жүсіпті өз көзімен көрген, оның барлық еңбегімен таныс-біліс болған сол кездегі орыс оқымыстысы Белослюдов төмендегідей ой қорытады: “Мәшһүр Жүсіп халықтың мұңын жырлай бастайды. Мәшһүр Жүсіп өлеңді жазып шығарды, мұның өзі қазақ әдебиетінің тарихында халықтық сипаттағы жаңа бағыттың дамуына зор түрткі жасады. Бұрын өлең көпшілік алдында ауызша айтылатын, ал ақын атану үшін біреумен айтысқа түсетін, жыршы міндетті түрде суырып салма ақын болуы шарт еді. Енді Көпеев өлеңдері оқырманға жазбаша түрде ұсынылды, ақын деген сөз тек ақын-жырауларға қатысты ғана емес, өлең жазуға қабілетті талант иелеріне де қолданыла бастады”. Мәшһүр Жүсіпті 1874 жылы өз ауылының ауқатты

адамы Әкімбек деген кісі келіп әкесінен сұрап алады. Бұл байдың Қалибек деген жалғыз баласы бар еді. Арманы перзентін оқыту болатын. Оның молданың алдынан енді ғана шыққан Мәшһүрді ата-анасынан “аттай қалап” сұрауының кілті осы еді. Мәшһүр Жүсіп балаларды оқыта жүріп, жазу-сызуын бір сәт тоқтатпайды.

М.Жүсіптің қазақ әдебиеттану ғылымы мен сынын дамытуға қосқан елеулі үлесін саралауды, ғалым еңбектерінің зерттеушілік және әдістемелік қырларын ашуды көздейді. Тұлғатану ғылымы жеке адам өмірі мен шығармашылығын оқшау түрде емес, оның өзі өмір сүрген қоғам аясында қарастыратыны мәлім. М.Жүсіп шығармашылығы ғалымның жеке тұлғасын зерттеудегі әдебиеттану ғылымының сындарлы жүйесінде қарастырылады. Әдебиет тарихы саласында зор еңбек етіп, өз құндылығын жоймай келе жатқан іргелі еңбектер қалдырған ғалымның ғылыми мұрасы жан-жақты талдап, зерттеуді қажет етеді. Мәңгілік ел, ұлттық құндылықтарда зерттеушілердің жұмысына үлкен мән беріледі. Ғылыми жаңалықтардың адам өміріне әсері мол. Мен М.Жүсіптің зерттеуін оқып, біздің түп тамырымыз қайдан бастағанын ұға бастадым. Айтыс өлеңдерінің түрлерін тудырғанын, тұңғыш фольклортанушы болғанын, шежіреші екендігін, адам физиологиясы туралы тоқталғанын білдім.

«Бес қымбат» өлеңінен көркем ой, талғам мен түсінік, ұлттық танымның ерекшеліктерін, адамзат, ұлт руханиятындағы мәнімен көре аламыз. Көркем ой иман мәселесіне тоқталған. Ақылмен іс жаса, бір істі көпсынып аз істен қиналма деген. Сабыр әр адамның бойындағы асыл қасиет болуы керек десе, барға тәубе, шүкіршілік ет, еңбектен, ұлтыңа қызмет ет. Адалдық абырой береді. Адал кәсіп ет, ұлтыңды құрмет тұт деген құнды ақылдарын бүгінгі күнімен салыстырсақ дәлі қазір осы ақылы керек сияқты.

Жігіт- ол жас азамат. Жалқаулық, қырсықтық ешкімнің ақылын тыңдамайтын, маубастық біліп тұрып жасамайтын, еріншетікпен күн кешіп дайынға жүгіретіндерді сынап, өз ақылын айтқан. Қазақ ұлты еңбекқор болуы керек. Иманды адал болуы керек деген өсиетін қалдырған.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы бас болып өнер білсең, тіпті жақсы боларын көзіне елестете отырып қызықтыра адал еңбек етуге шақырды. Адам бойында сондай-ақ тәнқұмарлық, ашу, қырсықтық, ерегісу, қызғаныш сынды қисық мінездер де бар. Мәселе осы мінездерді өз ықтиярыңа бағындырып, дұрыс тәрбиелей білуде. Қорыта келе Қазақстанның болашағы жастардың қолында. Ұстаздар біздер ата-аналар жиналысында, оқушылар мен өткен кездесулерде тәрбиені отбасыда берілетін, тілін, дінін құрметтеуі керек екенін айтып отыру керек. Бір ғана берілетін өмірді мәнді, мағыналы, білімді де зерек адам болып қалыптасса ғана мақсатқа қол жеткізетінін айтуымыз керек. Кез келген адам ар-ұжданды құрайтын – ақыл-қайрат, сезім, сияқты қасиеттерін жетілдіре білсе шын адам болуға талпынып, әлемнің түпкі мазмұнын түсінеді. Яғни әр пенде адам болам десе осылардың ішіндегі жаман қасиеттерді бойынан аулақ ұстап, жақсы қасиеттерді жанына жинай білу керек.

Туған халқына шын берілген Мәшһүр Жүсіп қазақтарға азаттық пен бостандыққа жету үшін ең алдымен бірлік пен ынтымақ, биікке самғатар

ұлттық рух қажеттігін, қазақтардың ұлттық сана-сезімін оятуға ұйымдасқан түрде ден қоюға шақырады. Қазақтың берекесі өз ортасында деген ұстаным бірлік пен тұтастыққа шақырады. бірлік пен тұтастыққа шақырады. Қазақтың жаңғыру, Қазақстанның жаңару идеясы біздің еңбекте де жалғасын тапты. Ауызша дерек жинау дәстүрі Мәшһүрден басталады. Оның ізбасары-Әлкей Марғұлан. 1881 жылы Мейрам қажы Жанайдарұлымен танысады. Оның кітапханасынан 1870 жылы жарық көрген В.В.Радловтың жинағының көшірмесін алады. Бұқара қаласына келген Қожа Ахмет Яссауи кесенесін көріп, тарихына үнілген. Ташкент шаһарында Сыздық Кенесарыұлымен кездескен. Хан Кененің жорықтарын қағазға түсірген. Майлықожа, Күдеріқожа, Ақмолда, Дайыр, Молдағали ақындармен сөз таластырған. 1889-1891 жылдары кіші жүз жәңгір төремен, атақты батыр Науша Қаржауұлының шөбересі Қадырмен сұқбаттасады. Жәңгір, Исатай, Махамбет, Шернияз туралы дерек жинаған. Ру, тайпа таңбаларын, ұрандарын, шежіре жинайды. Мәшһүрдің қара месінің ішіне жиналған қазыналар өте көп. Оның жинағаны: аңыздар мен әңгімелер. Аңыздарды жер-су аттары, әулиелер, тарихи адамдар, пайғамбарлар деп бөлуге болады. 1881 жылы 23 жасында В.В.Радловпен кездеседі. Мәшһүр Жүсіп ел арасынан «Ер Тарғын», «Ер Көкше», «Ер Сайын», «Нәрік ұлы Шора батыр» батырлар жырын, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Алтынбас-Күмісаяқ» лиро-эпостық жырларын. «Киік», «Бозторғай», «Дін үйренетұғын» шығармаларын жинаған. 1866 жылы 8 жасында жырларды Хазіреттен жазып алған.

Мәшһүр ертегілерді де жинаған. «Еділ-Жайық», «Көр ақтарған Жаманбай», «Бақырам патша туралы», «Есен тентек туралы», «Ертеде бір хан болыпты», «Еңсегей бойлы ер Есім», «Алаша хан», «Ер Төстік», «Өз Жәнібек және бір ұста», «Екі патша», «Әділ би», «Сүйіндік: Олжабай батыр», «тама Сарыбас мерген» ертегілерін жиған. 1865 жылы «Сүйіндік: Олжабай батыр» ертегісін Сақау ақыннан жазып алған. Ол туралы Әлкей Марғұлан Сердалы деген адамға хатта жазады.

Мәшһүр Жүсіптің философиясы адамға айтылған ода, адамға көрсетілген сенім. Адамға деген құрмет. Сондықтан Мәшһүрді оқып, керегімізге жарату-біздің қолымызда. Мәшһүр ұсынған біліммен қаруланып, ол ұсынған жұлдызнаманы білсек, құба-құп. Көзі тірісінде елге еңбек сіңірген қандай да бір алып тұлғаның іздеушісі-халық. Асылдың сынығы, тұлпардың тұяғы, бабамызды құр мақтан тұтпай, әр қырынан зерттеп, бағалау керек. Мәшһүрдің мұрасы ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса бермек.

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ:

1. «Аңыз адам» журналы. номері 19. қазан 2013 жыл
2. «Сөз өнерінің зергері.» алматы. Орталық кітапхана.
3. М. Жүсіп. «Ауыз әдебиеті үлгілері» Алматы. Алаш. 2006ж
4. М. Жүсіп «Шығармалары.» 13 том. Павлодар. 2008ж
5. М. Жүсіп «Жиған-Терген» 11 том. Алматы. 2010ж
6. Қазақ әдебиетінің тарихы. 6 том. Алматы. 2006ж
7. Қазақтың ұлттық энциклопедиясы. 6 том. алматы. 2006ж

**ГКП на ПХВ «Школа-лицей № 85 имени
шейха Тамима бен Хамада аль-Тани
Башеева Лаура Кенесказыевна**

«Знакомство с музеем С.Сейфуллина и его творчеством»
*(Урок-экскурсия в музей им.С.Сейфуллина, посвященный 130 летию
писателя)*

Цель: 1. Познакомить учащихся с шедеврами казахского искусства путем заочной экскурсии в музей им. С.Сейфуллина. 2. Формировать у учащихся умения и навыки передавать словами состояние человека, писать этюды, отражающие то или иное его состояние, «прочитанное» по репродукции картины. 3. Воспитывать познавательный интерес к предмету; воспитывать чувство любви к Родине через знакомство с произведениями казахских художников. Оборудование: переносный стенд репродукций – открыток с изображением лиц людей, минивыставки художников иллюстрация с изображением здания музей им. С.Сейфуллина, раздаточный материал, аудиозапись. Ход урока 1. Орг. момент. 2. Вступительное слово учителя. – Мечтали ли вы когда-нибудь оказаться в большом городе? А в столице? Конечно. Любовь к путешествиям присуща, наверное, каждому образованному человеку. Путешествуя, мы, прежде всего, знакомимся с достопримечательностями того или иного города: театрами, выставками, музеями... Одной из достопримечательностей нашей столицы Астаны является музей им. С.Сейфуллина. Жизнь и творческая деятельность одного из ярких личностей казахского народа, великого поэта, писателя, видного общественного и государственного деятеля С.Сейфуллина тесно связана с Акмолой, ныне Астаной. Об этом С.Сейфуллин повествует в своем известном историко-мемуарном романе «Тернистый путь». Жизнь поэта оборвалась в расцвете творческих сил в 1938 году. В 1957 году С.Сейфуллин был посмертно реабилитирован. И сегодня мы с вами отправляемся именно туда. Поводом этому послужила тема, над которой мы работали на предыдущих уроках развития речи – описание нешности. Но любое путешествие, согласитесь, ребята, требует подготовки. Ну, что, начнем! 3. Словарная работа. -Ребята, обратите внимание на стенд с изображениями лиц, с которым мы работали на прошлых уроках, возможно, он поможет вам справиться со следующими заданиями. -Вы, конечно, знаете, что самая «говорящая» деталь на лице человека – это его глаза. Карточка 1 -Что они характеризуют? -Не сами глаза, а взгляд. -Перед вами ряд определений к слову лицо. Карточка 2 Комментарий учащихся к двум-трем определениям. -Выберите из этого списка определения, которые являются синонимами. Какие похожие состояния человека они характеризуют? (По карточкам учащиеся работают в парах.) 4. Работа с учебником. Редактирование текста. В большом городе нетрудно и потеряться. Что бы этого не случилось, выполним упр.508, стр. 243. -Чтение задания по учебнику. -Скажите, какие сведения кажутся вам недостаточными?

(маленький, необходимо уточнить рост) («озорные глаза» - определить размер, форму, цвет) (брюки и новый свитер: уточнить материал, цвет) Какая деталь является лишней? (он ест мороженое) -Что необходимо добавить к данному описанию? (возраст, имя) -Подготовка закончена, приглашаю вас в музей им.С.Сейфуллина. Цель нашей экскурсии – познакомиться с произведениями художников-портретистов и наглядно увидеть, как можно описать внешность человека при помощи кисти и красок. Экскурсоводами будут ваши одноклассники. Обратите внимание на орфографию слов, записанных на доске. (Запись в тетрадь) 5. Экскурсия. Начнем нашу экскурсию с исторической справки. Посмотрите на само здание музея С.Сейфуллина и постарайтесь мысленно представить, что мы с вами заходим в залы. Историческая справка. (Текст справки в виде аудиозаписи звучит на фоне музыки П.И.Чайковского «Времена года. Январь. У камелька.» Учитель демонстрирует иллюстрацию с изображением здания музей им. С.Сейфуллина.) Рисунок 1 На доске: здание музея им. С.Сейфуллина. 1 экскурсовод. -Нашу экскурсию начнем с экспозиции памятника Сакену Сейфуллину у музея. Все эти годы Музей С.Сейфуллина беззаветно служит жителями и гостям города, проповедая творческое и духовное наследие Сакена, и является одним из исторических и духовных центров Астаны. Экспозиция музея начинается материалами, отражающими родные места Сакена с завершением показа документов о последних трагических днях поэта. В экспозиции широко представлены рукописи, прижизненные издания книг, документы, связанные с государственной деятельностью С.Сейфуллина. Особый интерес представляют личные вещи Сакена Сейфуллина: печатная машинка, патефон, костюм, золотые часы, халат и тюбик, туфли, кепка, шарф, зонт и трость. С каждым годом музей пополняется ценными экспонатами. На сегодняшний день фонды музея насчитывают 6000 единиц хранения. В Астане множество исторических мест, связанных с именем С.Сейфуллина, об этом свидетельствуют историко-познавательные документы и экспонаты, хранящиеся в фондах музея. В2009 году в Астане состоялась церемония открытия столичного музея С.Сейфуллина после реставрации, приуроченная к 115-летию со дня рождения писателя. Ремонтно-реставрационные работы начались в музее в апреле 2008 года. Проект реставрации зданий разработан архитектором КазНИИП «КазРеставрация» Санией Ахметовой. В результате были заменены пришедшие в негодность балки, отремонтирован и оборудован под складские и служебные помещения находившийся ранее в аварийном состоянии подвал, восстановлены резные карнизы. Деревянные конструкции здания обработаны спецсоставами, предотвращающими их возгорание и порчу. К открытию музея после реставрации подготовлена новая экспозиция. Посетителям музея будет доступен документальный фильм «Турксиб открыт» режиссера Г.Роома, снятый в 1930 году. На уникальных кадрах этой хроники запечатлен С.Сейфуллин. Сейчас фильм транспортируется из Москвы в Астану. Деревянные здания-памятники, в одном из которых находится музей, а в другом – офис сотрудников, построены в середине XIX века. С момента

создания в 1988 году музея С.Сейфуллина ремонт в его помещениях не проводился. 2 экскурсовод. -Переходим в другой зал. В вводном зале можно познакомиться с тем, как выглядит Акмола сегодня, ведь именно этот город был политической родиной Сейфуллина. Здесь произошли самые важные события в его жизни: именно в Акмолинске Сакен учился, здесь проходила преимущественно его государственная и общественная деятельность. На многочисленных стендах, расположенных в вводном зале, вниманию посетителей представлены фотографии Астаны сегодня. 3 экскурсовод. Второй зал рассказывает о детстве и юношеских годах писателя. Представленная экспозиция повествует о той самой среде, в которой юный Сакен рос и воспитывался. Здесь нашли свое отражение годы учебы Сакена в Нильдах, Омске и в самом Акмолинске. Все эти годы музей С.Сейфуллина беззаветно служит жителями и гостями города, проповедая творческое и духовное наследие Сакена, и является одним из исторических и духовных центров Астаны. Экспозиция музея начинается материалами, отражающими родные места Сакена с завершением показа документов о последних трагических днях поэта. Сакен Сейфуллин останется в исторической памяти нашего народа как яркий представитель казахской интеллигенции прошлого века. Известный казахский писатель С. Муканов написал пьесу «Сакен Сейфуллин», а его коллега Г. Мусрепов издал повесть «Однажды и на всю жизнь». В честь писателя в Омске, Алматы и Астаны названы проспекты и улицы, в добрую память о нем в столице страны воздвигнули памятник. В Астане функционирует музей им. С. Сейфуллина, а столичный Казахский агротехнический университет носит его имя. В его честь ежегодно проводятся научные конференции. В 2005 году была выпущена и почтовая марка. Ряд школ республики также носит имя Сакена Сейфуллина. А сейчас, давайте, посмотрим документальный фильм о Сакене Сейфуллине. 5.Творческая работа. -А теперь, вооружившись полученными знаниями, напишем эссе на тему: «Певец казахского народа – Сакен Сейфуллин» Проведение тренинга «Горячий стул» Чтение работ учащимися. 6.Составление Синквейна 7.Рефлексия -Наша экскурсия подошла к концу. Что особенно запомнилось? Может быть кто-нибудь из вас, ребята, кто хочет сейчас поделиться своими мыслями, впечатлениями? Высказывания учащихся. 8.Подведение итогов. Домашнее задание. -Сегодня мы приобщились к «великому и прекрасному». Надеюсь, это не последнее ваше путешествие и не последняя ваша экскурсия в мир творчества, в мир искусства. Дома я предлагаю вам нарисовать (красками или карандашами) музей и составить два предложения. Сделать синтаксический разбор одного простого предложения.


Список литературы и источников:

1. Джуанышбеков Нурболат Сакен Сейфуллин: Очерк жизни и творчества. – Алматы: Ғылым, 2000. – 48 с. 2. Казахстан. Национальная энциклопедия / гл. ред. Б. Аяган. – Алматы: Главная редакция: «Қазақ энциклопедиясы», 2006. Т. 4. – 560 с. 3. Кирабаев С. Сәкен Сейфуллин. – Алма-Ата, 1964; Кәкішев Т. Қызыл сұңқар. – Алма-Ата, 1968. 4. Сатпаева Ш.К., Адибаев Х.А.

Казахская литература. – Алма-Ата, 1993. – С. 140–147; Джуанышбеков Н. Сакен Сейфуллин. Очерк жизни и творчества. – Алматы, 2000.

**Ә.Ермеков атындағы «№38 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
география пәнінің мұғалімі
Бейсенбаев Амангельды Мухаметжанович**

Ұлы даланың ұлы - Қаныш Сәтбаев



Биыл қазақ даласының ұлы перзенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толып отыр. Қ.И.Сәтбаев – алгебрадан мектеп оқулығының алғашқы құрастырушысы, тұңғыш кәсіби тау-кен инженері, ғалым-геолог, Қазақстан Ғылым академиясының негізін қалаушы және тұңғыш президенті, Қазақстандағы алғашқы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, еліміздегі ғылымның негізін салушылардың бірі, мемлекет және қоғам қайраткері. Сондықтан да ұлы ғалымның есімі қазақ

халқының тарихында алтын әріппен жазылған.

Ой-өрісі кең, ғылымның көптеген саласында энциклопедиялық білімі бар, ғылыми қызметті шебер ұйымдастырушы және алдыңғы қатарлы кадрларды тарта білетін адам ретінде Қ.Сәтбаевтың ұлылығы алдымен еліміздің интеллектуалды, ғылыми дамуына бағыт беруінде, қазақстандық қоғамды ағартушылықтан интеллектуалды ғылыми және кәсіби деңгейге көтеруінде. Қ.Сәтбаев басшылығымен жасалған қадамдар халқымыздың, жастарымыз бен еліміздің бүгінгі инновациялық және ғылыми әлеуетінің іргетасын қалады.

Бүгінде оның еліміздің дамуына үлкен серпін бергені туралы ойлана бермейміз. Алайда өткен ғасырдың отызыншы жылдары Қазақстан сауатты және ағартушылық қоғам болғанымен, кез келген кәсіби инженер кадрларды Ресей немесе Өзбекстан даярлап, ғылыммен Қазақстанға келген мәскеулік немесе ленинградтық ғалымдар ғана айналысты.

1927 жылы жас маман, инженер-кенші Қаныш Сәтбаев өзінің кәсіби қызметін жергілікті кәсіби кадрлардың жоқтығына, қаржыландырудың жеткіліксіздігіне қарамастан, ағылшын концессионерлерінен мұраға қалған ғылыми-зерттеу жабдықтарында жұмыс істеуді Қарсақбай мыс кенішінен бастайды. 3 жылдан кейін 1930 жылдың басында оның тобымен ашылған шашыраңқы мыс кенорындары – үлкен Жезқазған кенорны қоры 2 млн тонна

мыстан кем емес әлемдегі ең ірі кенорындардың бірі екендігі ғылыми дәлелденеді. Кейінірек оның «Үлкен Жезқазған мәселелеріне арналған» (Народное хозяйство Казахстана, 1936, №1-2, 74–83-бб.) алғашқы ғылыми мақаласы жарық көреді. Бұл Орталық Қазақстанның және тұтастай еліміздің бет-бейнесін толығымен өзгертті. Үлкен Жезқазғанның ашылуы адам ерлігімен қатар бүгінде жастар үшін практикалық міндеттерді жүзеге асырудағы кәсіби, ғылыми тәсілдің үлгісі болып табылады. Өркениеттен мыңдаған шақырым қашықтықта орналасқан Қарсақбай кентінде Қ.Сәтбаев ғылыми фактілерді зерттеу мен талдаудың ең үздік құралдарының көмегімен өмірінің соңына дейін дәл әрі жете талдау жасаған.

«1935 жылдың 1 қаңтарында Жезқазғанның кен қорлары барлық категориялар бойынша 3220 мың тонна мысты құраса, олардың ішінде 1330 мың тонна А2+В категориясы бойынша. Кеніштерде А2+В категориялы мыстың орташа мөлшері 1,92 %-ға тең.

Бұл көрсеткіштің өзі сондағы зерттелген қорлардың саны бойынша Жезқазғанды Одақта бірінші орынға шығарады. Алайда Жезқазған мүмкіншіліктері бұл көрсеткіштермен шектеліп қоймайды. Бүгінде шамамен 40 шаршы шақырым кен аумағында бұрғылау жұмыстарымен 2 шаршы шақырым аумақ қана қамтылған. Жезқазғандық қуаттылығы өнімді кен қабаттарының 700 м бұрғылау жұмыстарының тек жоғарғы 150 м қабаты ғана сипатталған, тек бір ғана ұңғыма 300 м тереңдікке жүргізілді, 230 м тереңдікте өндірістік кеннің қабаты табылды. Жезқазғанның әлеуетті мүмкіндіктері өте зор, Орталық Африканың мыс кенорындарына, нақтырақ айтқанда, әлемдегі мыс кенорындарының ең ірісі болып табылатын Солтүстік Родезияға парапар», – деп кезінде Қ.Сәтбаев жазған еді. – «Үлкен Жезқазған жалғыз нысан болып табылмайды. Жезқазған ауданының аумағында жеткілікті ірі темір, темір-марганец кендері бар, олар үлкен көлемде кен өндіруге мүмкіндік береді». Бұл ашқан жаңалығы Екінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Одақтың құрыш құю өндірісін сақтауда маңызды рөл атқарды. Оның ғылыми түйсігі, жекелеген ғылыми фактілерден аналитикалық қорытынды жасауы ғалымды ұлы тұлғаға айналдырды десек те болады.

Жезқазғанның дамуын қаржыландырудан бастап – мыс қорыту комбинатын, су қоймасы мен теміржол салу, елімізде бүгінде Политех атымен белгілі (қазіргі Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті) алғашқы техникалық жоғары оқу орны Қазақ Тау-кен металлургия институтын құруға алғы шарт болды. Құрылған институт өзіміздің кәсіби кадрлардың, сонымен қатар еліміздің дамып келе жатқан тау-кен металлургия және геологиялық кәсіпорындарының ұстаханасына айналды. ҚазТМИ-де 85 жыл бұрын негізі қаланған жоғарғы буын инженер кадрларын кәсіби даярлаудың бұл векторы еліміздің жоғары білікті кәсіби маманға деген қажеттілігін қамтамасыз етті және алғашқы қазақ ғылыми кадрларды қалыптастырудың негізгі іргетасы болды. Ғалымның бірізді

қадамдары 1940 жылы Геологиялық ғылымдар институты негізінде тұңғыш қазақтың ғылыми орталығын құруға, ғылымның академиялық филиалын құруға арналған аралас салаларға таратуға және 1946 жылы алғашқы Қазақ ұлттық ғылым академиясын негізін салуға мүмкіндік берді.

Қ.Сәтбаевтың басшылығымен Орталық және Шығыс Қазақстанда қазақ геологтарының ғылыми тобымен заманауи техникалық құралдарды қолдана отырып жүргізген терең де жүйелі зерттеулері 1950 жылдардың басында Қазақстанның геологиялық карталарын аналитикалық жүйелеуге алып келді. Осылай 1955 жылы оның «Орталық Қазақстанның металлогениялық болжам картасының методологиясы, нақты базасы мен негізгі тұжырымдары туралы» (ҚазССР Хабаршысы. Геология сериясы, 1955, 20 шығ., 3–35-бб.) атты іргелі ғылыми еңбегі шықты. «Мәселенің ғылыми әзірлемесіндегі кешенділік, зерттеулердің барлық бастапқы фактілерін жинаудағы толықтық, оларды сараптаудағы нақтылық, қорытудағы объективтілік пен шығармашылықтағы бірлестік – міне, бұл Орталық Қазақстан аумағындағы пайдалы қазбалардың металлогениялық болжам картасын құруда басшылыққа алынған методологиялық принциптер», – деп жазды Қ.Сәтбаев.

Өзінің ғылыми қызметімен – «барлығынан күмәндан және тек фактіге ғана жүгін» деген ұстанымымен, ғылыми және академиялық пікірталас пен талқылау жүргізе алу, ғылыми материалды жинақтау мен анализ жасай алу өнерімен академик Қ.Сәтбаев және оның ғылыми пікірлестері қазақстандық ғылымның қазіргі таңда да өзекті болып отырған тұрақты стандартын жасап кетті. Ол: «Егер Орталық Қазақстанның металлогениялық болжам картасын құруда әзірленген және қолданылған бұл әдістің қысқа анықтамасын беруге тырыссақ, оны аймақтық металлогенияның кешенді геологиялық әдісі ретінде анықтауға болады. Қазіргі нақты жинақталған геологиялық материалдардың барлық кешеніндегі мәліметтерді айқын талдау мен объективті қорытындылау нәтижесі болып табылатын осындай кешендік геологиялық аймақтық металлогениялық әдіспен құрылған металлогениялық болжам карталары, шынымен де, Орталық Қазақстан аймағында геологиялық зерттеудің қазіргі заманғы кезеңінде нені және қайдан іздеу керек деген сұраққа объективті әрі негізделген жауап бере алады», – деп жазды.

Қазақстанның алғашқы жүйеленген металлогениялық карталарын қолдану арқылы ғылыми болжам, экстраполяция мен мәліметтерді болжау бірнеше онжылдықта металл кендерінің бай кенорындарын ашуға мүмкіндік берді. Шашыраңқы фактологиялық аймақтық мәліметтерді Орталық Қазақстанның біртұтас кешенді геологиялық картасына жүйелеу Қ.Сәтбаевқа кеңістікте орналасу заңдылығы туралы іргелі және әмбебап ғылыми тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді. Таңқаларлығы сол – бұл ғылыми тұжырымдар, сандық математикалық есептеулер мен мәліметтер компьютерлік ынталандыру дәуіріне дейін жасалғаны және қазіргі кезде олардың ғылыми дәлелденгені. Ғалымның іргелі ғылыми тұжырымдары

«Орталық Қазақстанда эндогендік кендену аймақтарының кеңістікте орналасуының негізгі заңдылықтары» (Советская геология, 1957, №58, 93–109-бб.) атты ғылыми мақаласында толығымен берілген. «Орталық Қазақстанды эндогендік кенді минералдауына жасалған нақты анализдің қорытындысы бұл аймақта өндірістік кенорындары жоғарыда аталған кен генезисінің үш факторы негізінде пайда болды. Атап айтқанда, Орталық Қазақстан үшін терең аймақтық қабаттар және жарықшақты белдемнің қанатталған және үйлестірілген жүйелері өзара буындастырылған немесе қиылысқан түйіндердің болуы аса қолайлы жағдай болды».

Кенді Алтай кен орны бойынша ғылыми тұжырымдар мен зерттеулерді басшылыққа ала отырып, Қ.Сәтбаев Шығыс Қазақстан үшін түсті металдар кендерін кешенді пайдалану бойынша зерттеулерін қорытындылады. Бұл ғалымның «Түсті металдар кенін кешенді пайдалану бойынша Қазақстан Ғылым академиясының зерттеулері» (ҚазССР ҒА Хабаршысы. 1962, №12, 3–11-бб.) атты мақаласында берілген.

Қаныш Сәтбаевтың Қазақстан елі мен халқының алдындағы басты еңбегі – геологиялық зерттеулердің дамуына қосқан зор үлесі. Оның тікелей басшылығымен елімізде ірі мыс және марганец кендерін өндіру жұмыстары басталғаны белгілі. Алайда ең бастысы – Қазақстанның аграрлы-ағартушылықтан сапалы индустриалды-ғылыми интеллектуалды елге айналуына ғалымның қосқан рөлі. Академик Қаныш Сәтбаевтың баға жетпес үлесі – ғылыми мәдениет пен ғылымда методологиялық әдістерді орнатуы. Бұлар – Қазақстанның ғылыми қызметкерлерінің қазіргі буыны мен ғылымға қызығатын жастар үшін жүйеленген зерттеу жұмысының үлгісі іспеттес. Отандасымыздың туғанына 125 жыл толуына орай оның еліміздің дамуына, ұлттың инновациялық санасының – Рухани жаңғырудың – қалыптасуына қосқан үлесін ерекше атап кеткен жөн!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Академик К.И.Сатпаев., сборник, посвященный памяти выдающегося советского ученого. – Алма-Ата, 1965. – С.239.
2. Сарсекеев М. Қазақтың Қанышы.Феномен. – Астана, 2018. – 445 б.
3. Сатпаев К.И. Материалы к библиографии ученых Казахстана. – Алматы: Ғылым, 2002. – С. 45-46.
4. Биография К. Сатпаева [Электронный ресурс] // Режим дотупа:<http://encyclopaedia.bid>.
5. Из выступления Президента РК Н.А. Назарбаева в день 100-летия К.И. Сатпаева 12- апреля 1999 г.

Бигожина Бахина Олжабаевна
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
педагог-зерттеуші
Шерхан Мұртаза атындағы
№63 мектеп-гимназия

МӘШҺҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС

Қазақ елі өзінің Ұлы дала кеңістігін мекендеген кезеңде қаншама тарихты бастан өткерді. Ел басына күн туған кер заманда ел-жұртынан ауып, отаршылдыққа тап болды. Ерік-жігері жасып, атамекенінен айырылу үстінде, рухани жағынан да жүдеушілікке ұшырады. Осы кезде Мәшһүр Жүсіп шығармалары халқының бостандығы мен арман-мүддесін жырға қосты.

Қазіргі Павлодар облысының Баянауыл өңірінде 1858 жылы дүниеге келген бабамызға «мәшһүр» есімі қалай берілді? Тоғыз жасынан дастан-қиссаларды айтып, ел көзіне түсе бастаған шақта өз заманының танымал тұлғасы Мұса Шорманұлы жас баланың тақиясына үкі таққызып, «Өз заманында халқына Мәшһүр болатын бала екен», - деп атаған.

Мәшһүр-ойшыл, фольклортанушы, этнограф, тарихшы, философ, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі тұлғасы. Азан шақырып қойған аты-Адам Жүсіп. Бұл туралы ақын:

*Жасымда қойылған ат Адам Жүсіп,
Жұрт еткен сүйгенінен Мәшһүр Жүсіп.*

*Қолыма қағаз, қалам алған шақта,
Кетемін қара сөзге желдей есіп,* - деп баяндаған.

Қазақ ауыз әдебиетінің тарихы- арнайы зерттеуді қажет ететін мәнді тақырыптардың бірі. Ал, ауыз әдебиеті үлгілерін жан-жақты жинаған басты тұлғалардың бірі- Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы.

Мәшһүр Жүсіптің фольклорист ғалым ретінде қалыптасуының үш қайнар көзі бар.

- ❖ Бірі – өз елінің ауыз әдебиеті мен фольклор үлгілерінен тұратын бай мұрасын қабылдауы;
- ❖ Екіншісі – шығыс елінің, оның ішінде орта ғасырлық ғалымдар жетістіктерін игеруі;
- ❖ Үшіншісі – батыс ғалымдары, оның ішінде орыс зиялыларының әсері.

Ақын туған жердің қасиетін, ел қонатын қонысын, баурайындағы байлығын, төрт түлікті өрбіткен кәсібін, салт-дәстүрін қадір тұтады. Ақын ел-жердің киесін даладан бастап, шаңыраққа дейін, көшіп-қонатын мекенінен, әдет-ғұрпына дейін тізбелейді.

Мәшһүр Жүсіп ел-жұртының амандығын, іргесінің бүтіндігін жырлау арқылы қазақтың ұлттық болмысын көрсетеді. Ақынның адам баласына деген ықыласы «Бес қымбат» өлеңінен байқалады:

*Ең әуел керек нәрсе иман, - деген,
Ақырет істеріне (ишларына) инан, - деген.*

Құдай кешіретер, - дегенмен іс бітпейді,

Иман шартын білмесе, есен (ибан) деген, - деп басталып, «ғақыл», «сабыр», «шүкір», «әдеп» ұғымдарын тізбелейді.

Мәшһүр өлеңдерінің бір парасы - аллаға сенуге, құдайды тануға, нәпсіні тыюға арналған. Ақынның діни сарындағы өлеңдерінің басты идеясы - адамды «тәубеге шақыру».

Жалғанда қылған күнәм көңіліме тоқ,

Құдайым бар: не гам бар, уайымым жоқ.

«Күнәсызбын жалғанда» - деп, өткеннің

Орны - азап, аты тозақ: қып-қызыл шоқ.

Мәшһүр жинаған «Беташар», «Келіншекке өсиет», «Ақ бата», «Өтірік өлең», Азаматтар шоралар», «Қожамберді айтты», «Қара өлең», «Қойгелді» т.б. туындылар белгілі шығыстанушы ғалым В.В. Радловтың 1870 жылы Санкт-Петербургтен шыққан «Түркі тайпаларының халық әдебиеті үлгілері» атты кітабындағы үлгілерімен сәйкес келеді.

Өзінің саналы ғұмырын Мәшһүр Жүсіп ағарту саласына арнап, әділдікті, адамгершілікті, парасат пен пайымды насихаттап, дәріптеп өтіп, тер төгіп еңбектену нәтижесінде өз заманының озық үлгідегі мол рухани қазынасын қалдырды.

Оның шығармалары көбіне халық ертегілерінен, аңыз-әңгімелерінен, салт-дәстүрлерінен сусындап, поэзияның ғажайып әлемі арқылы кейінгі ұрпаққа жеткізіп отырған. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қазақ ауыз әдебиетінің сұлулығы мен тереңдігін бейнелейтін өлеңдерімен танымал болды.

Ал, ақынның «Мес» жинағында көне мұрамыздың жәдігерлері көздің

Мәшһүр Жүсіптің діни фәлсафасына келсек дінге насихаттау, халықты Аллаға құлшылық етуге, дін жолына түсіп оны үгіттеу, жалпы ұлттық болмыс- бітімді сақтаудың бір барысы болғаны шындық. «Қазақ жұртының осы күнгі әңгімесі» атты өлеңінде былай дейді:

Құдайдың шын нансаңдар бірлігіне,

Ерлердің күш қосындар ерлігіне.

Сарт демей, ноғай демей, қазақ демей,

Тілек қыл дін мұсылман бірлігіне.

Мәшһүр Жүсіп жинаған көл-көсір дүниенің бір тобын іріктеп, «Мес» жинағындағы асыл қазынаны бірінші рет жинақтап, бізге ұсынған Сәрсенбі Дәуітов болатын. Ол осы жинақта берілген материалдарды алты топқа жіктейді:

<i>Тұрмыс-салт жырлары</i>	<i>Аңыздар</i>	<i>Ақын- жыраулар мұрасы</i>	<i>Айтыстар</i>	<i>Ертегілер</i>	<i>Батырлар жыры</i>
--------------------------------	----------------	--------------------------------------	-----------------	------------------	--------------------------

Төрт түлік жыры Жар-жар Беташар Жаңа түскен келінге ақ тілеу айту Келіншекке өсиет Жоқтау Бопының қарындасының күйеуі өлгенде жоқтағаны Тәттіні жоқтау Өтірік өлең Қаршығаны мақтағаны Кім айтқаны белгісіз? Бөдененің жатқан жері	«Бұл қазақ қай уақытта?» Бөлтірік би «Бір адамның...» «1721 жылда» Ер Едіге «Бір Алтынбел деген...» «Бір жаман өзіне де...» «Адам баласында бір табиғат бар». «Адам қалай болғанда адам болады?» т.б.	Жанкелді ақын Мәделі Қожа Шернияз Бұқар жырау	Қайымдасу кімнен басталды? Ұлбике мен Күдері қожа Ұлбике мен Жанкелді Қыз бен жігіт Ақбала мен Боздақ Шөже мен Балта Жанкелді ақын Мәделі Қожа Шернияз Бұқар қожа Қыз бен жігіт Ақбала мен Боздақ Шөже мен Балта	«Алтынбас...» «Еңсегей бойлы ер Есімнің ертегісі» «Желкілдек»	«Сайын батыр»
------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------	------------------

Біз,оны «әулие» десек те,әулиелілігі жөнінде көп айта қоймаймыз. Оған дәлел,-Мәшһүр Жүсіптің білмейтіні жоқ екен,-деп тамсанып отырған ұлы Әбдірахманға Абай:

-Шәкәрім мен Мәшһүр құрдас. Екеуі де дін жолына берілген жандар. Мен де ақынмын, Мәшһүр де ақын. Дегенмен де, ол ақын болғанымен құдайға жақын. Сондықтан, Мәшһүр адамзаттың әулиесі ғой,-десе керек. Ал, Мәшһүр Жүсіп:-Ананы да, мынаны да ақын дейсіңдер. Мен білетін, ақындардың әулиесі Абай Құнанбайұлы сияқты өлең шығарған ешқайсысы жоқ, -деген екен. Бірін-бірі сыйлап өткен екі әулие,ұлттық сана сезімнің оянуына ұйытқы болған, жарқын талант иелері десек, жалған айтпаған болармыз.

Ақынның «Бес парыз» өлеңін Қожа Ахмет Иасауидің «Диуани хикметі», Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» шығармаларымен салыстырғанда, үш ойшылдың да әр сөзі адам баласы үшін пайдалы кеңестің шексіздігі деп білуге болады. Мысалы:

Мәшһүр Жүсіп Көпеев «Бес парыз» өлеңі	Қожа Ахмет Иасауи «Диуани хикметі»	Абай Құнанбаев «Ғылым таппай мақтанба»
Иман; Ғақыл; Сабыр; Шүкіршілік ет; Әдеп	Алланың ақ жолын қадірлеу; Менмен, тәкәппар болма; Дүние-мүлік үшін арыңды сатпа; Арамдықтан аулақ бол; Еріншек болма .	Өсек, Өтірік, Мақтаншақ, Еріншек, Бекер мал шашпақ

Мәшһүр Жүсіп-қазақ мәдениетінде, әдебиетінде өз орны бар тұлға. Оның қай шығармасы болсын, заман жайын тереңнен толғай отырып, ел арасындағы кертартпа мінездерді әшкерелейді. Өмірінің соңына дейін адалдық пен

адамдықты, имандылықты ту еткен ақын 1931 жылы өмірден өтеді.
Пайдаланған әдебиеттер:

1. Әсет Пазылов «Бабалар ғұмырнамасы және Мәшһүр-Жүсіп Көпеев», Екібастұз 2007 ж.
2. «Мәшһүр шығармаларындағы төрт түлік малға қатысты заттық мәдениет» әдістемелік құрал, Оразбаева Б.Қ. 2007 ж.
3. «Мәшһүр Жүсіп өмірі» Көпеев С.Ш., Павлодар 2000 ж.
4. «М.Ж. Көпеев танымы және тәлім-тәрбие мұралары», Ж.М.Саурықова 2017 ж.
5. Мыңжан Нығмет. Қазақтың қысқаша тарихы. – Алматы : Жалын, 1994 . – 400 б.
6. Кенжеахметұлы С. Жеті қазына. Жиған-терген. 1-кітап. – Алматы : «Ана тілі» ЖШС. 2003. – 136 б
7. «Қазақ әдебиеті» оқулығы, 10 сынып, Алматы «Мектеп»2003 ж.

Астана қаласы, №68 мектеп-гимназия
география пәнінің мұғалімі
Уразбаева Асем Жандосбаевна

СӘКЕННІҢ ЕҢБЕКТЕРІ БАҒА ЖЕТПЕС МОЛ МҰРА

Аннотация

Сәкен – қазақ кеңес әдебиетінің қарыштап дамуында үлкен роль атқарған жаңашыл ақын. Өзінің бар өнерін халық мақсатына, туған елінің жарқын болашағына арнап, жаңа заманның дауылпазы болды. Қазақ халқының басынан небір зұлмат жылдар мен ызғарлы күндер өтсе де еш қамыққан емес. Қайта жігерлене отырып, талай қиыншылықтың өткелінен өте білген болатын.

Кілт сөздер: Ақын, жалынды жазушы, тұлға, әдебиет жанашыры.

Әдебиет ардақтаған соның ішінде қазақтың тілін жоғары қойған үш бәйтеректің бірі де, біргеіі, қаламынан сырлы туындылар ақтарылған, сұлулықтың символы болған Сәкен Сейфулин жайлы сыр шерту мен үшін үлкен мәртебе болмақ. Сәкен Сейфулин десек, көз алдымызға кең жазиралы дала, сұлу мүсінді киіктер елестері хақ. Бүгінгі жастарға С.Сейфулиннің шығармашылығы мен мұрасы, көп нәрсені үйретеді. Сәкен – қазақтың біртуар тұлғаларының бірі. Ол халқын сүйді, халқы үшін үлкен еңбек етті. Сәкен коммунистік партияның саяси тұғырнамасын ұлт игілігіне пайдалануға тырысты. Алайда Ресейдегі дүрбелеңдер мен идеологиялық өзгерістерге қарамастан, империялық озбырлық өзгеріссіз қалып, Сәкеннің, Сәкен сияқты жүз мыңдаған боздақтардың, тіпті мүлде басқа жолды таңдаған патриоттардың өмірін трагедияға айналдырды. Сондықтан, тарихи тұлғалардың тағдыры таңдаған жолына емес, халқына қаншалықты қызмет еткеніне, қаншалықты лайықты мұра қалдырғанына қарай бағалануы керек. [4,

140 -147 б.]Осы тұрғыдан алғанда, Сәкен – мәңгілік өмір сүретін, халықтың мәңгілік құрметіне лайық бірегей тұлға. Қазақ баласын оқу-білімге үгіттеуден жалықпаған Сәкен, «Әр қазақтың жадында оқу болсын» деген мақаласында, «Қазақ халқына ең әуелі оқу керек, оқу керек, оқу керек!», деп сауаттандыруға жалпы қазақты бір үндесе, екіншіден, «Елдің атқа мінген бастықтары оқу ісіне қарамай кетсе, ел балалары оқусыз жүрсе, атқа мінген ел адамдарының мойнына қазақтың кейінгі келешек жас буынының мың лағнаты артылады. Көңілінде азырақ адамдықтың саңылауы бар әр қазақтың баласы енді бұдан былай жадынан оқу ісін тастамау керек», дегені келешегін ойламай бір күндік дүниенің рахатына мәз болған адамның сөзі ме? [1, 454 бет.]

Сәкен Сейфуллин алғашқылардың бірі болып туған халқын қалай атау керек деген мәселені көтерді. Қазақтарды неге қырғыз деп атайды? Бұл ашық тарихи қателік Сәкенді қатты алаңдатты, өйткені қазақтар екі ғасырға жуық уақыт бойы қырғыз атанған. Сейфуллин бұл туралы «Еңбекші казакта» мақала жазып, қалған шығармашылық зиялы қауым оны қолдады. Сейфуллин мақаласында: «Қазақты қазақ дейік, қатесін түзейік» деп жазды. Осы мақаладан кейін Мәскеу басшылығы Сәкен Сейфуллинді ұлтшыл санай бастады, бірақ оған мән бермеді – қазақ тілінің мәртебесіне қатысты күрделі мәселелерді көтере бастады. «Советская степь» газеті Сәкен Сейфуллинге «Қазақ тілі туралы» арнайы мақала жазуды өтінді. Сәкен мұны қуана жасады – көптен бергі арманы орындалып жатты. Оның 1923 жылғы 9 маусымдағы мақаласында: «Істі қазақ тіліне аударуды ауыл, болыс, округтен бастау керек. болыс атқару комитеттерінде қазақ тілінде іс жүргізу үшін уездерде оларды дайындайтын курстар ашу қажет. Ауылдан, ауданнан қала мекемелеріне хат жазғанда міндетті түрде қазақша жазу керек. Қалалардағы мекемелер қазақ тілінде жазылған сөздерді тексеруге міндетті. Барлық тілдер бірдей деген заң бар. Енді қазақ әріптерін білетін адамдар құндырақ болуы керек». Жалпы ол тіл мүддесін қорғайтын тоғыз мақала жазды.

Сәкеннің күш-жігерінің арқасында 1923 жылы 22 қарашада Орталық Атқару Комитеті 1924 жылдың шілдесінен бастап іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізуге тиісті қаулы қабылдады. 1923 жылы 22 қарашада Қазақстан Орталық Атқару Комитеті іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізу туралы қаулы қабылдады. Сәкен журналистика саласында жемісті еңбек етіп, ұрпақтарына мол мұра қалдырды. Ол ақын, журналист ретінде өмірлік маңызды мәселелерді көтерді. Сәкен партияға, коммунизм идеяларына толық сенім артып, революцияны, Ленинді мақтап, контрреволюционерлерге бір кездері жолдас болса да ашық қарсы шықты. Сейфуллин үшін халық мүддесі бірінші орында тұрды, ол Кеңес өкіметіне сенді, одан үмітті. 1923 жылы 9 маусымда «Іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізу керек» деген мақаласын жариялады. Сәкен әдебиет, мәдениет, өнеркәсіп сияқты қазаққа тікелей қатысты жағдайлардың бәріне назар аударып қана қоймай, «Еңбекші қазақ» газеті арқылы оқырманды да хабардар етіп отырды. Ал өте өзекті тақырыптарды тереңдей талдап, оқушының ой-өрісін өсіруге, қатардан қалмай қоғаммен араласуға, әсіресе жастарды баулуға атсалысты. Сәкен – қазақ әдебиетінің қарыштап дамуына зор үлес қосқан жаңашыл ақын. Оның

поэзиясы Абай мен С.Торайғыров шығармашылығының жалғасы болғанымен, идеялық-шығармашылық ерекшелігімен ерекшеленеді. Сәкен шығармаларының ерекшелігі кеңестік дәуірдің өзекті мәселелерімен тығыз астасып жатты.

Қазақ даласында әдебиеттің туын алғаш көтерген Сәкен шығармалары бүгінгі жаңа өмірдің жалынды жаршысы болған мәңгілік тарихи құбылыс. Сәкен бар өнерін халық мұратына, туған елінің жарқын болашағына арнап жаңа заманның шабыттандырушысына айналды. Қазақ баласын оқу-білімге үгіттеуден жалықпаған Сәкен, «Әр қазақтың жадында оқу болсын» деген мақаласында, «Қазақ халқына ең әуелі оқу керек, оқу керек, оқу керек!», деп сауаттандыруға жалпы қазақты бір үндесе, екіншіден, «Елдің атқа мінген бастықтары оқу ісіне қарамай кетсе, ел балалары оқусыз жүрсе, атқа мінген ел адамдарының мойнына қазақтың кейінгі келешек жас буынының мың лағнаты артылады. Көңілінде азырақ адамдықтың саңылауы бар әр қазақтың баласы енді бұдан былай жадынан оқу ісін тастамау керек», дегені келешегін ойламай бір күндік дүниенің рахатына маз болған адамның сөзі ме? [2, 560 б.] Не болмаса, қазақтың көп жағдайда ойы жеткен жерге қолының жете бермейтінін жақсы білетін Сәкен, «Қазақ ел болсын деп шын ойлаған қырдың қазағы оқу ісіне жәрдем, көмек беріп отыруы тиіс. Ісіңмен, күшіңмен, тіліңмен болса да оқу ісіне жәрдем қылмасаң – кейінгі жас буынның қолы жағанда»-деп қабырға қайыстырар сөз айтқанда, кімге, нені ескертіп, кімнің мақсатын көздеп отырғанын түсіну қиын емес. Себебі, Сәкен кімге айтса да, не айтса да көкейіндегі ойын кібіртіктемей ашық айтқан. Ашық айту – батылдықтың белгісі. [3. 15 б.] Батылдық – ақиқаттың айнасы. Сондықтан, шыншыл адамға шындықты сыбырлап айтудан өткен сорлылық жоқ. Шындықты – сыбырлап айту, өтірік айтқанмен тең. Сәкен әдебиет, мәдениет, өнеркәсіп сияқты қазаққа тікелей қатысты жағдайлардың бәріне назар аударып қана қоймай, «Еңбекші қазақ» газеті арқылы оқырманды да хабардар етіп отырды. Ал өте өзекті тақырыптарды тереңдей талдап, оқушының ой-өрісін өсіруге, қатардан қалмай қоғаммен араласуға, әсіресе жастарды баулуға атсалысты. Тіл - біздің ертеңіміз.

Ана тіліміз – ұлттығымыздың, мемлекеттігіміздің белгісі. Қазақстанда өмір сүретін әр азамат елін ойласа, ұлтының рухын ойласа, мемлекеттік тілді дамытуға үлес қосуы қажет. Қазақта «Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады» деген керемет нақыл сөзде айтылғандай, тілдің құдіретін бүгінгі жас ұрпақ ерте сезінуі керек. Ол үшін балабақшаларда, мектептерде көп жұмыс жүргізілуі қажет. Бүгінгі жастар ойын ашық айта алады, жаза алады, өз тілін біледі. Бірақ, сол тілді жоғалтпау үшін, тілдің дамуы үшін күрескен зиялыларымыздың қандай қиын кезеңде өмір сүргенін білсе екен деймін?

Мақаланың қорытынды ұсынысы:

- Сәкеннің әдеби мұраларын насихаттау;
- Қазақ халқының ақыны Сәкен шығармаларын бүгінгі жас ұрпақ білуі тиіс деп ойлаймын. Олай болса, мектеп оқушыларына әр сыныпта жас ерекшеліктерін ескере отырып өлеңдерін оқытуды міндеттесе;

- Мектеп оқушылары мен жастар үшін ақын шығармашылығына арналған танымдық сайыстар міндеттеліп жоспарланса;
- Мектеп және орта, жоғары оқу орындары бағдарламасына "Сәкентану" факультативтік курстарын өткізуді ұйымдастырса;
- Мектептің тәрбиелік жоспарына Сәкен шығармашылығы бойынша әр түрлі шаралар енгізсе;

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сәкен Сейфуллин. Шығармалар. 6 томдық /Құрастырған және соңғы сөзін жазған Т.Кәкішев. – Алматы, Жазушы баспасы, 1974. [1, 454 бет.]
2. Қазақстан. Национальная энциклопедия. Т. 4. / Гл. ред. Б. Аяган. Алматы: Главная редакция: «Қазақ энциклопедиясы», 2006 [2, 560 б.]
3. Қирабаев С. Сәкен Сейфуллин. - А.-А., 1964: Кәкішев Т. Қызыл сұңқар - А.-А., 1968; [3, 15 б.]
4. Сатпаева Ш.К., Адибаев Х.А. Қазақская литература. - А., 1993. [4, 140 - 147 б.]

**Астана қаласы І.Есенберлин атындағы №67 гимназия
информатика пәнінің мұғалімі,
педагог-тағлымдамашы,
информатика ғылымдарының
магистрі Дүйсек Бексұлтан Ерғалиұлы**

МӘДЕНИ МҰРАНЫ САҚТАУ ҮШІН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНДІКТЕРІН ТАЛДАУ

Аннотация: Бұл мақалада мәдени мұраны сақтау үшін жасанды интеллектіні (ЖИ) пайдалану мүмкіндіктері қарастырылады. Жұмыс барысында ЖИ-інің тарихи және мәдени құндылықтармен жұмыс жасауда қолдану әдістері және олардың дамуының болашақ перспективаларын мен тәуекелдерін зерттеледі.

Түйінді сөздер: жасанды интеллект, нейрондық желілер, мәдени мұра, тарих, өнер.

Мәдени мұра-ұрпақтардың әлеуметтік сабақтастығын қамтамасыз ету үшін тарихи, көркемдік, эстетикалық және ғылыми құндылығы бар материалдық және рухани мәдениеттің объектілері мен құбылыстары. Бұл мәдениеттің тіршілігінің негізгі элементі. Мәдени мұраны сақтау жалпы мәдениетті сақтаудың ажырамас бөлігі болып табылады.

Қазіргі уақытта мұрағат істеу жұмыстары, каталогтау және ақпаратты басқару салаларында жасанды интеллект технологиялары бірнеше бағытта дамуда.

Мәдени мұраны сақтауда жасанды интеллектті қолданудың бір бағыты-артефактілерді каталогтау үшін компьютерлік көруді қолдану. Үлгіні тану және сегменттеу сияқты кескінді өңдеу алгоритмдерінің көмегімен нейрондық желілер артефактілерді визуалды сипаттамаларына қарай талдап, жіктей


алады. Мысалы, артефактілердің пішіні, түсі, стилі және басқа атрибуттары автоматты түрде танылып, жіктелуі мүмкін[1].

Мәтіндік шығармаларды түсіндіру үшін табиғи тілді өңдеу (Natural Language Processing, NLP) де қолданылады.

Тіл модельдері және аталған нысандарды тану алгоритмдері (Named Entity Recognition, NER) сияқты машиналық оқыту әдістері нейрондық желілерге мәтіндерді түсінуге және түсіндіруге мүмкіндік береді. Олар авторлардың аттарын анықтай алады, күндер мен негізгі ұғымдарды тани алады және мәтіндерді жанр немесе стиль бойынша жіктей алады.

Терең оқыту-мәдени мұраны зерттеуде қолдануға болатын тағы бір күшті құрал. Конволюциялық нейрондық желілер (Convolutional Neural Network, CNN) сияқты терең оқытуды қолдану ежелгі артефактілерді жоғары деңгейде зерттеуге мүмкіндік береді.

Төмендегі суретте көрсетілгендей Интернет желісін пайдаланушылар Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының 165 жылдығына байланысты Мәшһүр-Жүсіп пен Шәкәрімнің соңғы кездесуі жайында секілді оқиғаларды Google әлемдегі ең үлкен интернет іздеу жүйесіне сурет немесе мәтін түрінде іздесек нейрондық желі өзінің қабаттары арқылы сәйкес мәліметтерді іздеп нәтижесін береді(1-сурет).




Сурет 1. Конволюциялық нейрондық желілер

Нейрондық желілер суретшінің стилі, уақыт кезеңі немесе сақталу жағдайы сияқты ерекше белгілерді анықтау үшін белгіленген деректердің үлкен көлемінде оқытылады.

Сонымен қатар, ЖИ-іні ежелгі артефактілерді қалпына келтіру үшін қолданылуы мүмкін. Мысалы, терең генеративті-қарсылас желілер (Generative Adversarial Network, GAN) сияқты генеративті модельдер артефактілердің жоғалған немесе бүлінген бөліктерін қолданыстағы деректерге сүйене отырып қалпына келтіру үшін қолданыла алады. Бұл қалпына келтіру дәлдігін арттыруға және артефактілерді бастапқы көрінісіне сәйкес қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Яғни, генеративті қарсыласу желісі (GAN) – терең оқыту архитектурасы.

Төмендегі суретте көрсетілгендей қандай да платформада интернет желісін пайдаланушылар мысалы ретінде Әбілхан Қастеевтің 120 жылдығына

байланысты суретшінің өзі түскен қандайда бір суреттің бөлігіндегі нысананы белгілеп, оны іздеу жүйесі орындалуын көрсетілген.



Сурет 1. Генеративті қарсыласу желісі

Ол екі нейрондық желіні бір-бірімен бәсекелесуге және олардың жиынтығын үйрету үшін берілген жаңа деректерді жасауға үйретеді. Осылайша, жеткілікті тарихи деректерге үйретілген жасанды интеллект модельдері адам көзіне көрінбейтін барлық ұсақ бөлшектерді түсіре алады және бірнеше ай бойы қолмен талдауды қажет ететін егжей-тегжейлі және дәл болжамдарды тез жасай алады[2].

Көптеген мұражайлар шеберханаларды қайта құру үшін суретшілерді жалдаса да, Риксмузей қалпына келтірудің жаңа әдістерін қолдануға шешім қабылдады және оның аға ғылыми қызметкері Роберт Эрдман жетіспейтін панельдерді қайта жасау үшін ЖИ-іні қолдана алды.

Эрдманн және оның командасы Convolutional Neural Networks деп аталатын жаңа технологияның арқасында тапсырманы орындай алды – бұл компьютерлерге суреттердің бір кездері қалай көрінгенін түсінуге көмектесетін жасанды интеллект алгоритмінің түрі.

Сарапшылар сонымен қатар панельдердің қалай көрінетінін анықтау үшін 17 ғасырдағы голландиялық суретші Геррит Лунденнің картинасының көшірмесін пайдаланды. Лунден өзінің көшірмесін Рембрандт түпнұсқа көшірмесін аяқтағаннан кейін шамамен 12 жыл өткен соң жасады.

Көшірме түпнұсқа кенептің шамамен бестен бір бөлігін құрайды және Лунден Рембрандт сияқты мұқият сурет салған жоқ, бірақ сарапшылар көшірменің құрамы түпнұсқаға еліктейді деп санайды.

Осылайша, зерттеушілер әі көмегімен жұмысты бастапқы мөлшеріне дейін қалпына келтірді. Сарапшылар кенептің жетіспейтін бөліктерін қайта жасау және басып шығару үшін сканерлердің, рентген сәулелерінің және 528 сандық экспозициялардың тіркесімін пайдаланды. "Түнгі күзет" операциясы-2019 жылы басталған миллиондаған долларлық қалпына келтіру жұмыстары. Бүгін, жаңадан жасалған блоктар қазіргі уақытта Амстердамдағы Rijksmuseum құрмет галереясында ілулі тұрған кескіндеменің шеттеріне бекітілген.

Жақында Вена университетінің ғалымы Альваро Куэллар (Álvaro Cuéllar) 2022 жылы тағы бір серпіліс жасады – Лопе Де Веганың (1562-1635) "Француз Лаура" ("La francesa Laura") белгісіз пьесасының ашылуы.

Лопе Де Веганың осы жұмыспен байланысын ашуда ИИ қолдану шешуші рөл атқарды. 17 ғасырдың аяғына жататын шығарманың қолжазба көшірмесі Испанияның Ұлттық кітапханасының қолжазбалар қорында (BNE) сақталған. Бірде-бір ежелгі немесе қазіргі заманғы құжат, бірде-бір зерттеуші Лопе де Вега оны осы уақытқа дейін "Феникс тапқырлығы" бүркеншік атымен танымал адаммен байланыстыра алмады.

Жобаның бірінші кезеңінде ежелгі қолжазбаларды жоғары дәлдікпен дәл түсіндіруге мүмкіндік беретін *Transkribus* құралы (платформасы) арқылы жасанды интеллект әдістерін қолдана отырып, қолжазба мәтіндерін автоматты түрде декодтау қолданылды. Машина үш миллионға жуық дұрыс анықталған сөздермен оқытылды, содан кейін бірнеше сағат ішінде декодталған 1300-ге жуық алтын ғасырдағы баспа және қолжазба пьесаларын өңдеді.

Ол үшін команда стилметрия деп аталатын әдісті қолданды. Стилметрия жазушының жеке стилінің әртүрлі аспектілерін талдайды, мысалы, ол белгілі бір сөздерді қаншалықты жиі қолданады немесе оның мәтіндерінде қанша сөйлем бар.

Автордың стилметриялық профилін жасағаннан кейін, басқа мәтіндерді олардың осы профильге қаншалықты сәйкес келетінін анықтау үшін талдауға болады және осыған сүйене отырып, мәтінді кім жазғаны туралы қорытынды жасауға болады.

Осы нәтижелерді пайдалана отырып, шығармалар машиналық оқыту процестері арқылы авторлар бойынша жіктелді. Зерттеулер көрсеткендей, ЖИ жұмыстарды Лопе де Вега жазған-жазбағанына қатысты 99% - дан астам дәлдікпен жіктеуге қабілетті. Автоматты түрде транскрипцияланған 1300 комедияның ішінен "Француз Лаура" толығымен Лопе де Вега жазған деп жіктелді. Шығармадағы лексикалық қолдану эксперимент аясында қол жетімді басқа 350 драматургтің стиліне емес, өзінің стиліне сәйкес келді. Зерттеу нәтижелерін филологтар да растады[3].

Іске асырылған жағдайларды және ЖИ-інің даму бағыттарын зерттей отырып, мәдени мұраны сақтау үшін жасанды интеллектті қолданудың жалпы алгоритмі ұсынылды:

1. Деректерді жинау.

- Жасанды интеллект бойынша оқыту жүргізілетін тарихи, мәдени және басқа да тақырыпқа байланысты дереккөздерді анықтаңыз.

- Мәтіндік, фото, аудио және бейнематериалдар жинауды жүргізу. (соның ішінде кітапханалардан, мұражайлардан, қорлардан, қоймалардан кіруді сұрау).

2. Материалдарды алдын-ала өңдеңіз.

- Деректерді Шу мен теруден тазартыңыз.

- Жасанды интеллектпен өңдеуге болатын форматтағы деректерді стандарттау.

3. Деректерді өңдеу.

Жиналған материалдардан пайдалы ақпарат алу үшін табиғи тілді өңдеу, компьютерлік көру және аудио өңдеу әдістерін қолданыңыз.


Деректердегі негізгі сипаттамаларды, үлгілерді және қатынастарды анықтау үшін статистикалық әдістерді, машиналық оқытуды немесе басқа тәсілдерді қолдану арқылы деректерді талдаңыз.

4. Мамандармен кеңесу.

Зерттеу нәтижелерін зерттелетін саладағы мамандарға ұсыныңыз.

Жүргізілген жұмыстың нәтижелерін растау және түзету үшін кері байланыс пен сараптамалық бағалау алыңыз.

Сонымен қатар, 3-суретте көрсетілген UML белгісіндегі класс диаграммасы жасалды, ол зерттеуші мен зерттеу саласының маманының жүйенің компоненттерімен өзара әрекеттесуін айқын көрсетеді.



Сурет 3. Класс диаграммасы.

Осылайша, ұсынылған алгоритм мәдени мұраны сақтау үшін жасанды интеллектті қолданудың жүйелі тәсілін ұсынады.

Бұл мәдени құндылықтарды тереңірек түсінуге және сақтауға мүмкіндік береді, сонымен бірге оларды деректерді тиімдірек өңдеу және талдау үшін ЖИ-інің артықшылықтары мен мүмкіндіктерімен біріктіреді.

Мәдени мұраны сақтауда жасанды интеллектті пайдалану біздің тарихи және мәдени байлықтарымызды тиімдірек және жан-жақты зерттеуге, сақтауға және оларға қол жеткізуге перспективалы мүмкіндіктер ұсынады. Дегенмен, мәдени мұраны сақтау мен ол шыққан қауымдастықтарды қорғау мен мүдделер арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ету үшін белгілі бір салада ЖИ-іні қолдануға қатысты этикалық және құқықтық мәселелерді ескеру қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Статъя «Как музеи используют искусственный интеллект и является ли ИИ будущим музеев?» [Электронный ресурс] URL: <https://www.museumnext.com/article/artificial-intelligence-and-the-future-of-museums/> (Дата обращения: 29.05.2023).
2. Статъя «Исследование методов и алгоритмов искусственного интеллекта при определении стоимости произведения искусства» [Электронный

ресурсы] URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/issledovanie-metodov-i-algoritmov-iskusstvennogo-intellekta-pri-opredelenii-stoimosti-proizvedeniya-iskusstva/viewer> (Дата обращения: 28.05.2023).

3. Статья «Открытие потерянной пьесы Лопе де Вега: Альваро Куэльяр» [Электронный ресурс] URL: <https://readcoop.eu/success-stories/discovering-a-lost-play-by-lope-de-vega-alvaro-cuellar/> (Дата обращения: 26.05.2023).

**Міржақып дулатұлы атындағы №68 мектеп гимназия
география пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші
Сейл Кәмшат Елтайқызы**

Тұңғыш академик Қаныш Сәтбаевтың туғанына - 125 жыл

МЕН ҮЛГІ ТҮТҚАН ҰЛЫ ТҰЛҒА!

Мәңгі өлмес асыл-қазынамыз, қазақтың атын әлемге танытып, мерейімізді асқақтатқан ұлы перзентіміз, ғұлама ғалым, көрнекті қоғам қайраткері, Қазақ Ұлттық Ғылым академиясының іргетасын қалаушы, әрі жеріміздің қазына байлығын зерттеп тауып, ел игіліген, жаратуға дәнекер болған ұлы геолог, барлаушы Қаныш Имантайұлы Сәтпаевтың туғанына биыл - 125 жыл. Атам қазақ «жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» - деп бекер айтпаған ғой. Қанша жыл, қанша ғасыр өтседе Қаныш атамыздың есімі, атқарған еңбектері, қазақ халқына қалдырған мұралары тарихта мәңгілікке қалды.

СӘТБАЕВ ЖАЙЛЫ ОҚУ, ІЗДЕНУ АРҚЫЛЫ ЖАНЫМ РУХАНИ ДҮНИЕГЕ КЕМЕЛДЕНІП, ОЙ-ӨРІСІМ ДАМИДЫ.

Қазақтың бастан кешкен қилы тағдыры мен Жердің тозуы, экологиялық мәселелердің шиеленісуі, бүгінгі әлемдік экономикадағы Қазақстан мемлекетінің үлесі, халықтың әл-ауқатын дамыту, бәрі-бәрі өзара тығыз байланысты екенін түсіндім.

СӘТБАЕВ ӘЛЕМІ, ҚОШ КЕЛДІҢІЗ! ҚАЗАҚ ҒАЛЫМЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ЕҢБЕГІ ЖАЙЛЫ.

Қазақ геологтарының ғылыми мектебінің негізін қалап, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессоры, Қазақстан Ғылым академиясын ұйымдастырушылардың бірі, тұңғыш президенті болған академик Қаныш Сәтпаев азан шақырып қойған шын есімі - Ғабдулғани.

Кезінде Қаныш Сәтбаев минералдық шикізаттарға бай Сарыарқа, Кенді Алтай және басқа да аймақтарды ерекше назар аударып зерттеген екен. 1927-1928 жылдары – Жезқазған, Қарсақбай, Атбасар, Спасск аудандары, Қарағанды тас көмір алабы және Қаратау полиметалл кендері жөнінде ғылыми маңызды еңбектер жариялаған.

1929 жылы Атасу темір-марганец кендерін игерудің негізінде Қарағанды облысында қара металлургия өнеркәсібін дамыту туралы мәселе көтерген.

Жезқазған – Ұлытау ауданында мыстан басқа темір, марганец, көмір, қорғасын кендерін ашып, барлау нәтижесінде геологиялық қорытындылар жасаған.

Ұлы Отан соғысы жылдарында танк бронын құюға қажет марганец тапшылығы туған кезде Сәтбаевтың жетекшілік етуімен өте қысқа мерзімде Жезді марганец кені барланып, іске қосылған.

Қазақстан Ғылым академиясын ұйымдастырып, ғылыми кадрлар дайындау ісіне үлкен жауапкершілікпен қараған.

Жезқазған кен-металлургия комбинатын, Қарағанды мен Балқаш металлургия зауыттарын, Ертіс-Қарағанды арнасын салу, Маңғыстау, Мұғалжар, Торғай өңірлерінің табиғи байлықтарын анықтауда еңбегі зор.

Сонымен қатар ғалым атамыз қазақ орта мектебінің төменгі және жоғары сынып оқушыларына арналған «Алгебра» оқулығын дайындаған.

Үлкен құрмет көрсете отырып айтсақ, Алматыда Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университеті жылына мамандар даярлауда. Оның есімі Қазақстан Ғылым академиясының Геология ғылымдары институтына, Ұлытау облысында бір қалаға берілген. Елімізде көптеген қалаларда Сәтбаев атындағы мектептер мен көшелер бар.

Сәтбаевтың құрметіне Жоңғар (Жетісу) Алатауы жотасындағы мұздық пен шың, Қаратаудағы ваннадий кен орнынан табылған «Сәтбаевит» минералы, «Академик Сәтбаев» гладиолус гүлі аталған.

Аспанда, Қазақ даласын көктен "бақылап" Сәтбаев атында бір ғаламшар айналууда.

Қаныш Сәтбаев «Ертіс-Қарағанды» арнасының жобасын жасағанын. Жобаның құрылысы 1961 жылы басталып, 1967 жылы аяқталды. Нәтижесінде, Орталық Қазақстан толығымен сумен қамтамасыз етті.

Жалпы алғанда, оның әр түрлі салаларда жазған 800-ден астам ғылыми еңбектері бар. Қазақ халқының ғылымы мен мәдениетін дамытуға қосқан үлесі үлкен. Билік өкілдерінің кедергілеріне және науқасына қарамастан, Қаныш Сәтбаев – Қазақстан тарихындағы ең ірі тұлғалардың бірі бола алды.

География сабағында "Қазақстанның минералды ресурстары" тақырыбын оқыту барысында қазақтың кең даласы мен жер қойнауындағы пайдалы қазбаларды анықтап, Қазақстанның тұңғыш металлогендік картасын жасаған ғалым Қаныш Сәтбаевтың геология ғылымына қосқан зор үлесі мен еңбегін айтып, оқушылардың географиялық карта мен атласпен жұмыс барысында есте сақтау қабілеттерін дамытамын. Менделеев кестесіндегі әр элементтің қазақ жеріндегі кездесетін кен орнын анықтай отырып, бүгінгі игерілуі мен маңызын бағалап, елжандылыққа, туған табиғатты аялау мен экологиялық бағытқа тәрбиелеймін.

Қазақтың шексіз даласын, сансыз жер асты ресурстарын бүкіл әлемге паш еткен ғұлама ғалым, Ұлы даланың ұлы перзенті!

Геология саласымен, тау- кен ісімен және металлургиямен айналысуға ұмтылған жас ұрпаққа көрнекті ғалымның өмірі мен ғылыми қызметі әрқашан үлгі бола алады!

Ойымды ақынның өзіме ұнаған өлеңімен аяқтағым келеді.

XXX

Қасымхан Бегманов,
Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, ақын
АКАДЕМИК ҚАНЫШ СӘТБАЕВ ЖАЙЛЫ ЖЫР
Алатаудың ақ талдары,
Қаратаудың қапталдары,
Өр Алтайдың шатқалдары,
Ұлытаудың көп белдері,
Көкшетаудың көк көлдері.
Сосын біздің шалдар жатқан,
Сағымды қыр сағынар.
Ендігі ұрпақ аруағыңа табынар,
Сендей ұлды тудыра алған
халықтың да бағы бар.
Сары белден асып кеп,
Абылай аспас сонау жатқан
Сар далаға тасқын судай тасып кеп.
Ортамызға оралғандай
Иманжүсіп байтақ ән,
Тартқан күйің
Маңғыстау мен Атырауды шайқаған.
Біздің мынау халқымыздың бағына,
Сендей бір ұл туар ма екен қайтадан.
А, ана бұлдыраған,
Сарыарқаның құба жонында,
Қарсақбай мен Қоңыраттың жолында.
Қайран ағам қаншама рет сабылған,
Сосын саған ауыл иті жабылған...
Алашына құдайдан ол мәңгі бақыт сұраған,
Сен кеткенде
Жезқазғанның жезкиігі жылаған.
Елін сүйген, көлін сүйген ұлан-ғайыр ғұламам,
Күндіз-түні арыла алмай
ауыр-ауыр ойлардан,
Аулақ ұстап ғазиз басын
у-шу еткен тойлардан.
Байлық тауып құстар ұшқан,
бөкен желген сайлардан,
Қонған қыры жарқыраған қалаларға айналған!

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Медеу Сәрсекке Шығармалары «ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНЫШЫ»
Фолиант баспасы, Астана-2015;
2. Бегманов Қасымхан, Тандамалы жыр кітабы, Алматы: Дәстүр, 2023
3. №6 «Қазақ әдебиеті» газеті, 12.02.2021ж,
4. Народное хозяйство Казахстана, 1936
5. Советская геология, 1957

Астана қаласы
Neotech digital school
бастауыш сынып мұғалімі
Каримова Салима Рымжановна

Мәшһүр - Жүсіп Көпейұлының еңбектері

Мәшһүр-Жүсіп Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Жаңа жол ауылында дүние есігін ашқан. Мәшһүр Ағын тайпасы Сүйіндік руы Күлік бөлімінен шыққан. Мәшһүр ол араб және парсы тілдерін жетік меңгеріп, сонымен қоса көп тілдерді білген ғұлама адам және де Мәшһүр ойшыл, этнограф, фольклор танушы, тарихшы, философ, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі тұлғасы.

Ал енді біз Мәшһүр-Жүсіп атамыздың еңбектеріне тоқтала кетсек.

10-15 жасынан бастап-ақ өлең жазып, хат жазарлық болғаннан-ақ Мәшһүр Жүсіп халық әдебиетін ел аузынан да, қағаз бетінен де жинаумен айналысады.

1887 жылы 29 жасында Мәшһүр Жүсіп Бұхара, Ташкент, Түркістан, т.б. шаһарларға сапарға шығады. Ол заманда негізгі көлік қатынасы түйе мен ат болғанын ескерсек, бұл сапарының өзі 2-3 жыл уақытты қамтыса керек. Мәшһүр Жүсіп бір жыл Бұхарада тұрып оқып, білімін толықтырады. Араб, парсы, шағатай, түркі тілдерін үйренеді. Өзбек, тәжік, және т.б. тілдерді де біледі, әдет-ғұрпын түсінеді. Көптеген ғылыми кітаптарды оқып, танысады

Мәшһүр Жүсіптің үш кітабы: “Сарыарқаның кімдікі екендігі”, “Хал-ахуал”, “Тіршілікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз” атты туындылары 1907 жылы Қазан қаласында Құсайыновтар баспаханасынан жарық көреді. Кейіннен ол баспаханадан шыққан 14 қалам иесінің шығармаларын цензура сотқа тартады. Ішінде Мәшһүр Жүсіптің жоғарыда аталған еңбектері де бар.

Мәшһүр Жүсіп жинаған фольклор үлгілерінің басым көпшілігі – аңыз бен әңгімелер. Мұндағы аңыздар: жер-су аттары.

Мәшһүр Жүсіптің фольклорист ғалым ретінде қалыптасуының үш қайнар көзі бар.

- Бірі – өз елінің ауыз әдебиеті мен фольклор үлгілерінен тұратын бай мұрасын қабылдауы;

- Екіншісі – шығыс елінің, оның ішінде орта ғасырлық ғалымдар жетістіктерін игеруі;

- Үшіншісі – батыс ғалымдары, оның ішінде орыс зиялыларының әсері

Қазақ халық әдебиетінің жиналу тарихын сөз еткенде, өз әріптестеріне Ш.Уәлиханов, В.Радлов, Ә.Диваев, т.б. қарағанда, соларға үндес ететін ортақ сипаттарымен қатар Мәшһүр Жүсіптің өзіндік ерекшеліктері мол екеніне алдымен көңіл бөлу керектігін айтқымыз келеді. Шығыс, батыс мәдениетін, қазақ тілін жетік меңгерумен бірге араб, парсы, орыс, көне түркі тілін жете игеруі және ХІХ ғасырдың соңғы ширегі мен ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ даласын көп аралауы нәтижесінде Мәшһүр Жүсіптің қазақ халық әдебиетін өз замандастарына қарағанда, анағұрлым мол жинап, ол туралы кеңірек зерттеу жүргізу мүмкіндігі болды. Мәшһүр Жүсіп жазып қалдырған көп материалдарды шолып қарай отырып, оның жинаушылық еңбектерін саралауға бастайтын мынадай ерекшеліктерін жинақтап айтуға болады. Біріншіден, Мәшһүр Жүсіп ертегінің, не аңыздың қысқартылған сұлбасын, шығарма фабуласын берумен шектелмеген. Ақын белгілі бір материалды ел арасындағы айтылу қалпын сақтай отырып, неғұрлым толық қамтып отырған.

- Екіншіден, әрбір сөздің сол кездегі дыбысталу қалпын, орфоэпиясын ескеріп, белгілі бір сөздерді естілуі бойынша қағазға түсірген. Әсіресе, сөздің дыбыстық әуезділігіне, өзара үндесуіне көп көңіл бөлінетінін, дыбысталу сапасының сөз мағынасына, сол арқылы шығарма көркемділігіне пәрменді ықпал жасап отыратынын бағамдасақ, бұлай жазу қазақ тіліндегі сөздер фонетикасы тарихын жасауда да елеулі рөл атқаратынын дәйектеуге болады.

- Үшіншіден, Мәшһүр Жүсіп қай материалды кімнен қандай жағдайда қалай жазып алғанын жеткізіп отырған. Демек, ол қалдырған жазбалардың тарихи, этнографиялық, т.б. мәні айрықша болатыны күмәнсіз.

- Төртіншіден, ел тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрпын кең білген Мәшһүр Жүсіп жинаған материалдарға деген өз бағасын, байқауларын қоса жазып отырған. Соңғы айтылғандары Мәшһүр Жүсіптің естігенін құр жазып алумен ғана емес, оларды саралап, белгілі бір тарихи жағдай, ел ахуалымен салыстырып отырған зерттеушілік еңбегін көрсетеді.

Мәшһүр Жүсіп өзі жинаған үлгіле-рінің көлемін белгілеп отырған. Мәселен, “Ғылым бі-лімі” кітабы 129 сахифадан тұрады дей отырып, оның ішінде 12 аят, 18 хадис, 43 мақал, 114 ауыз өлең бар десе, ал “Әмір” әң-гімесі 26 сахифадан, 104 ауыз өлеңнен тұрады дейді. Мұндағы сахифа – араб сөзі, “бет”, “парақ”, “газет” деген мағынаны береді.

Бұлардан басқа қолжазбаларда мынадай мәліметтер берілген: “Хазірет Юсуф пай-ғамбар”, “Шайқы Бұрқы әулие мекіре балықтан туған”, “Сары-арқа тарихы”, “Шоң, Торайғыр билер”, “Абылай аспаған са-ры бел”, “Қоқан хандары тарихы”, “Кіші жүз ұрандары мен рулары”, “Ша-ныш-қылы Бердіқожа батыр тарихы”, “Едіге мен Төле би”, “Көлеби батыр”, “Олжабай батыр тарихы”, “Абылай хан”, “Махамбет деген батыр шығышты деп барып тапқан 92 батыр” турасында, қазақ шежірелері (Орта жүз тарихы, Мейрам сопы тарихы, Қуандық, Қаракесек, Найман, Қыпшақ тарихтары), “Барпық әңгі-мелері”, күлдіргі сөздер, “Қара-кесек пен төрелер ұраны” туралы, Мөңке би, Досбол би, Қожакент пен

Өзкент, т.б. қал-алары турасында, “Ошақты Қоңырбай қалпе” әңгімесі, “Хазірет Нұхқа 370 жа-сында пайғамбарлық берілді”, діни нанымдар т.б., Сарман, Қиғара, Қосдәулет би-лер хақында, жыл басы туралы, Ор-ман-шы ақсары Шотана батыр жайындағы деректер орын алған.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жайлы жаңа кітап жарыққа шықты Павлодарда Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармашылығы мен өмірі жайлы жаңа кітап жарыққа шықты. Өз заманында озық туған көрнекті тұлға ақындығымен қатар тарих, әдебиеттану, өлкетану, шежіре жинақтау салалары бойынша мол мұра қалдырды. Бірақ қолжазбаларының көбі түрлі себептермен сақталмаған. Әсіресе, Кеңес заманында көптеген шығармалары қасақана құртылды. Мәшһүр Жүсіптің ел ішінде көріпкел- әулиелігімен танылғаны белгілі. Оған өзінің дүниеден қайтатын ай-күніне дейін дәл біліп, бір жыл бұрын асын бергізіп кетуі дәлел. Аңызға бергісіз мұндай деректер мен шығармалары қазір 20 том болып басылып жатыр. Ал, жарық көрген кітап тың деректермен толықтырылды. Ғалымдардың айтуынша, Мәшекеңнің зерттелмеген мұрасының өзі әлі талай ұрпаққа азық болмақ.

**Әлімхан Ермеков атындағы «№38 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
география пәні мұғалімі
Курманғалиева Марал Адилбекқызы**

ҚАСИЕТ ҚОНҒАН ҚАНЫШ СӘТБАЕВ САЛҒАН ЖОЛ ҰРПАҚҚА

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев, шын есімі – Ғабдулғани, геолог-ғалым, минерология ғылымдарының докторы, профессор, академик. Ол саналы ғұмырын қазақтың қазба байлығын, минералды ресурстарын зерттеп, ел игілігіне айналдыруға жұмсады. Сәтбаев тапқан қазба байлықтар мен ол ашқан ғылыми жаңалықтар КСРО-ның ғана емес, бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның экономикасына зор серпін берді.

Бүгінде Қазақстан мұнайға бай ел дегенді кеуде керіп мақтанышпен айтамыз. Сол мұнайдың көзі болған Маңғыстау түбегін алғаш тауып, өз болжамын айтып кеткен Қаныш Сәтбаев еді. Тіпті сол жерге Ақтау қаласын салуға тікелей ықпал еткен де Қаныш Имантайұлы болатын. Ол 1949 жылы Гурьев, қазіргі Атырау қаласында ҚазКСР ҒА-ның көшпелі сессиясын жүргізді. Сөйтіп, батыс Қазақстанның жер қойнауын кешенді зерттеуге мұрындық болды. Сол кезде оның басшылығымен, мұнай геологиясы, игеру, бұрғылау, өндіру мен тасымалдаудың негізгі мәселелері жан-жақты қаралды. Арада 30 жыл өткенде, яғни, 1979 жылы Атырау облысынан әлемдегі алып мұнай кен орны табылды.

Қаныш Имантайұлының тағы бір іргелі еңбегі - Жезқазған, Қарсақбай өңірлеріндегі мыс кен орындарын ашқаны еді. Ол жерден табылған ұшан-теңіз жер байлығы халықтың әлеуметтік, рухани әлеуетін көтерді. Одан бөлек Өскемен, Зырян, Риддер өңірлерінен кен көздерін ашып, Орталық

Қазақстандағы жер байлығын өндіруде үлкен еңбек сіңірді. 1927-1928 жылдары – Жезқазған, Қарсақбай, Атбасар, Спасск аудандары, Қарағанды тас көмір алабы және Қаратау полиметалл кендері жөнінде ғылыми маңызды еңбектер жариялаған. 1929 жылы Атасу темір-марганец кендерін игерудің негізінде Қарағанды облысында қара металлургия өнеркәсібін дамыту туралы мәселе көтерген. Жезқазған – Ұлытау ауданында мыстан басқа темір, марганец, көмір, қорғасын кендерін ашып, барлау нәтижесінде маңызды геологиялық қорытындылар жасаған. Ұлы Отан соғысы жылдарында танк бронын құюға қажет марганец тапшылығы туған кезде Сәтбаевтың жетекшілік етуімен өте қысқа мерзімде Жезді марганец кені барланып, іске қосылған.

Академиктің қолдауымен Алматыда Орта Азия геофизика тресі ұйымдастырылып, Қазақ КСР Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі құрылған. Қазақстан Ғылым академиясын ұйымдастырып, ондағы бөлімдерді, оған қарайтын институттарды, зертханаларды, секторларды, базаларды дұрыс жоспарлаған. Ғылыми кадрлар дайындау ісіне үлкен жауапкершілікпен қараған. Ғылыми зерттеулердің өзекті мәселелерін халық шаруашылығының мүддесіне бағыттап, шаруашылық және мәдени құрылыстың басты мәселелерін шешуге белсене қатысқан.



1926 жылы Қ.И. Сәтбаев Атбасар түсті металл серіктестігіне келгеннен бастап, көп жылдар бойы Жезқазған, Қарсақбай, Ұлытау, Торғай, Атбасар, Есіл даласын зерттеді. Сол зерттеудің нәтижесінде Жезқазғанның байлығын анықтап, көптеген кен орындарын ашады. Түсті металл кендері, марганец, силикат, құрылыс, басқа да өндіріс кендері ашылды, көмір орны анықталды, қалың қатпар қорғасын, жез, күміс табылды. Қара темір, алтын мен молибденді ашты. Қаныш Сәтбаев ашқан жер қойнауындағы байлық қазыналарында осы күнгі өндірісті көркейтуге негіз болған химия элементтерінің барлығы бар деуге болады. Кен байлығын ашумен бірге сол қазба байлық шығатын жерлерге заводтар салдыруға зор үлес қосты. Тау-кен шикізатын басқа жерлерге тасымай, сол жерде қорытатын заводтар құрылысының қажеттігін дәлелдеді. Соның нәтижесінде Ұлы Жезқазған, Ұлы Алтай өндіріс орындары, Қарағандыдағы темір балқытатын заводы, Қарағанды-Ертіс каналы, Қаратау фосфориті салынды. Осы арқылы Қазақстанның өндіріс шаруашылығын өркендетуге күш салды.

1951 жылы "ұлтшыл" деген жаламен Қ.И.Сәтбаев Қазақ ССР Ғылым Академиясының президенті қызметінен босатылды. 1955 жылы Қ.И.Сәтбаев қайтадан Қазақстан Ғылым Академиясының президенті болып қайта тағайындалып, өмірінің соңғы күндеріне дейін осы қызметте істеді. Қазақстан Ғылым Академиясының жұмысын дамыта түсті. Көптеген салалы ғылыми-зерттеу институттары ашылды. Қаныш Имантайұлы физика-математика

ғылымдарының, әсіресе ядролық физиканың дамуына жоғары мән берді. Қаныш Имантайұлының бастамасымен ядролық физика институтының комплексті құрылысы басталды. Сонымен бірге Қазақ ССР Ғылым Академиясында биология мен медицина ғылымдарының көптеген салалары зоология мен паразитология, адам физиологиясы мен ауыл шаруашылығы хайуанаттары, микробиология, вирусология, ботаника, физиология, археология, этнография, тіл, әдебиет, өнер, экономика, құқық, философия салаларындағы ғылыми-зерттеулердің дамуына айрықша мән беріп, бұл салаларда да ғылыми институттар ашуды ұйымдастырды. Солардың ішінде геологиялық ғылыми-зерттеу институты жетекші болып танылды. Ғылымды өндіріспен байланыстыру мақсатымен еліміздің ірі өндірістік орталықтары – Өскеменде, Қарағандыда, Атырауда Қазақстан Ғылым Академиясының әр саладағы институттарын ашуды ұйымдастырды.

Қ.И.Сәтбаев – жаңашыл ғалым. Ол металлогения ғылымының негізін салушылардың бірі, ал Қазақстанда осы ғылыми бағытты орнықтырушы деп атайды. 1950 жылдың басында Қазақ ССР Ғылым Академиясының Геологиялық ғылымдар институтында Орталық Қазақстан бойынша материалдарды жинап, оны талдау жұмысы аяқталды. 1954 жылы жұмыс макеттері және жүйеленген металлогениялық болжам карталары жасалынады. 1958 жылы Орталық Қазақстанның металлогениялық болжам карталарын жасағаны үшін Қ.И.Сәтбаев бастаған Қазақстан ғалым-геологтар тобы Лениндік сыйлық алды.

Қ.И. Сәтбаевты ғалым-математик дей аламыз. Ол геологиялық кен барлау жұмыстарында математикалық шарттарды шебер қолдана білген. Орал аймақтарында көлбеу орналасқан тау-кен қазбаларында көлбеу бұрғылау әдісі қолданылса, Ұлытау-Қарсақбай жерасты кен байлықтарына тік бұрғылау әдісін тұңғыш рет қолдану ұсынылады. Математикалық өлшеммен дәлелденген ғалымның бұл жаңалығы бұрғылаудың үнемділігін іс жүзінде арттыра түсті.

Қаныш Сәтбаевтың ғылыми зерттеулері негізгі геология, тарих және мәдениет сияқты салаларды қамтиды.

Геология саласында Сәтбаев көрікті еңбегінің бірі, ол И. С. Яговкин, В. К. Котульский, А. А. Гапеев және тағы басқалар сияқты ірі мамандар қатарымен келіспеуіне қарамастан, Жезқазған ауданында зерттеуді жалғастырды және 1930 жылы Ұлытау-Жезқазған мыс рудасы қазбасын ашты, осы ашылу сәтіне дейінгі болжамдалатын қор бойынша әлемдегі ең ірі болып табылатын. Сонымен бірге Сәтбаев еңбектеріне, оның тапсырмасы бойынша және оның басқаруы бойынша 40-шы жылдары Қазақстанда Жездіде марганец кені қазбасы ашылды және жетілдірілді, Ұлы Отан соғысы жылдарында Совет Одағына Грузиядағы украин Никополь және Чиатурск қазбаларын жоғалтқанына қарамастан, бронды болатты шығаруды жалғастыруға мүмкіндік беру жатады. Соғыс жылдары КСРО-ның марганец кені 70,9 пайызы белгілі кен орында алынды.

1950 жылы Сәтбаевпен жасалған «Комплексный метод формационного металлогенического анализа и прогноза месторождений» дәлдігі бойынша

мемлекетте ең жақсы болды, және КСРО-да комплексті металлогенді зерттеу үшін негіз болып қызмет етті.

1935 жылы Жезқазған облысын зерттей отырып, Қаныш Сәтбаев қазақ даласына жорыққа шығу уақытында, 1391 жылы Тамерланмен қалтырылған жазбасы бар тасты тапты. 1936 жылдың күзінде осы тас Эрмитажға жіберілді.

1919 жылдан 1924 жылға дейінгі кезеңде Қаныш Сәтбаев 1642 беттен тұратын алгебрадан оқулық жазды. Осы еңбек қазақ тіліндегі алгебрадан алғашқы мектеп оқулығы болып тарихке кірді. Сәтбаев өзінің өмірінде 640 ғылыми жұмыстан астам жұмыс жазды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Аңыз адам» № 13(19) шілде 2012 жылғы саны
2. Сәтбаев оқулары «Қаныш шаңырағы» баспасы Тендік- 2010 жыл
3. «Қ.Сәтбаевтың ғұмырын ғылымға бағыштап, мұрасы мирас болған ғалым»
4. М.Қ.Сәтбаева. Қаныш Сәтбаев. Алматы, 1989.
5. Ш.Қ.Сәтбаева. Сәулелі әулет. Алматы, 1996.
6. Энциклопедия «Баянаула өңірі»

**«Қызылжар ауылының жоббм» КММ
Қали Айтүл Талғатқызы**

АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫСЫ – СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН

Қазақтың ұлы ақыны, жазушысы және қоғам қайраткері, көп тілді кеңес әдебиеті мен қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі Сәкен Сейфуллин 1894 жылы Қазақстанның Ақмола облысында, қазіргі Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданында дүниеге келген. Ол қазақ әдебиеті мен мәдениетінің дамуына зор үлес қосқан тұлға. Сәкен Сейфуллиннің шығармашылығы қазақ халқының бостандық аңсауын, елдің тәуелсіздігі үшін күресін бейнелейді. Оның өлеңдері мен әңгімелерінде қазақ даласының сұлулығы, еңбек адамдарының өмірі, отансүйгіштік пен патриотизм маңызды орын алады. Сәкеннің шығармалары арқылы қазақ халқының тарихы, мәдениеті және дәстүрлері жанданды. Оның ең танымал шығармаларының бірі – "Құлагер" поэмасы. Бұл шығарма қазақ даласының кеңдігін, батырлардың ерлігін және қазақ халқының арман-мақсаттарын көрсетеді. Сәкен Сейфуллиннің басқа да танымал шығармаларына "Сарыарқа" және "Көкшетау" жатады. Сейфуллиннің қоғамдық қызметі де елеулі. Ол 1920-шы жылдары Қазақ КСР-інің мәдениет және ағарту салаларында көптеген реформалар жүргізді. Сәкен қазақ әдебиеті мен тілін дамытуға, қазақ мектептерінің ашылуына үлес қосты. Оның еңбектері қазақ халқының рухани дүниесін байытты және ұлттық мәдениеттің өсуіне ықпал етті. 1938 жылы Сәкен Сейфуллин қуғын-сүргінге ұшырап, қайғылы түрде қаза тапты. Алайда, оның мұрасы қазақ әдебиетінің алтын қазынасы ретінде құнды болып есептеледі.

Сәкен Сейфуллиннің Алаш қозғалысы мен зиялы қауымындағы рөлі өте маңызды болды. Ол 20-шы ғасырдың басында Қазақстанда қалыптасқан

ұлттық-демократиялық қозғалыстың белсенді мүшесі болды. Алаш қозғалысы – бұл қазақ интеллигенциясының отаршылдыққа, социалдық әділетсіздікке қарсы тұрып, ұлттық мәдениетті, тілді және дәстүрлерді сақтауға ұмтылған қозғалысы. Сейфуллин Алаш зиялыларының мақсаттарын бөлісіп, қазақ халқының мәдени және әлеуметтік дамуына зор ықпал етті. Ол ұлттық сана-сезімді оятуға, қазақ халқының тілін, мәдениетін және тарихын қорғауға бағытталған әдеби және саяси еңбектер жазды. Сәкен Сейфуллиннің Алаш идеяларын насихаттаудағы рөлі ерекше. Ол өз шығармашылығында қазақ халқының бай мәдени мұрасын жырлады, сонымен қатар, қазақ жастарын білім алуға, өз халқының мүддесі үшін күресуге шақырды. Оның "Ақ жол" поэмасы қазақ халқының бостандығы жолындағы ұмтылысын бейнелейді. Алаш қозғалысының мүшесі ретінде Сейфуллин қазақ халқының өзін-өзі басқару құқығы үшін күреске белсенді қатысты. Ол ұлттық автономия идеясын қолдап, қазақ халқының мәдени және әлеуметтік дамуын қамтамасыз ететін саяси жүйенің құрылуын қолдаған.

Сейфуллиннің тарихи мұрасы тек әдебиетке ғана емес, сонымен қатар қоғамдық-саяси өмірге де қатысты. Ол Алаш қозғалысының белсенді мүшесі ретінде қазақ халқының ұлттық мәдениет пен тілді сақтауға деген ұмтылысын қолдады. Осы арқылы ол қазақ халқының ұлттық санасын оятуға және нығайтуға үлес қосты. Ғылыми және ағартушылық қызметі барысында Сейфуллин қазақ тілінің дамуына барынша күш салды. Ол қазақ тілінде жаңа әдеби нормаларды қалыптастыруда, тілдің байытуында маңызды рөл атқарды. Сонымен қатар, Сейфуллин қазақ халқының білім алуына және ағартушылық жұмыстарға белсенді атсалысты.

Сәкен Сейфуллиннің ағартушылық қызметі қазақ халқының мәдени және білімдік деңгейін көтеруге бағытталды. Ол көптеген мақалаларында, сөздерінде және өзінің әдеби шығармаларында білімділікті, оқу-ағартудың маңыздылығын жеткізді. Сейфуллин оқу-ағарту мекемелерінің дамуына, мұғалімдердің біліктілігін арттыруға және қазақ тіліндегі білім беру мазмұнын жаңартуға көмектесті. Сейфуллин қазақ әдебиетінің және мәдениетінің дамуына қосқан үлесі арқылы да педагогикалық қызмет атқарды. Оның шығармалары, өлеңдері мен әңгімелері оқырмандардың эстетикалық талғамын қалыптастыруға, олардың санасында ұлттық мәдениетке, тарихқа және тілге деген құрметті арттыруға ықпал етті. Білім берудегі Сейфуллиннің өмірінің кейбір кезеңдерінде ол жаңа типтегі мектептердің ашылуына ықпал етті.

1905 жылы Сәкен Нилдіге келіп, орыс-қазақ мектебінде оқыды: Білім бұлағынан сусындау, жұмысшылар арасында болу жас Сәкеннің ақындық жанына таусылмас азық тауып берді. Ыбырай ұстаның дүкенінде қайнаған еңбекке әсем көрік берген ән әуені, 1905 жылғы Спасск жұмысшыларының ереуілі Сәкеннің жадынан шықпастай әсер қалдырған. 1909 жылы Ақмоладағы екі кластық приходская школаға түсіп, оны тәмәмдағаннан кейін қалалық училищеде оқуы, қала өмірімен танысуы Сәкенге ірі, өнерлі жерде білім алу қажеттігін аңғартты. Талапкер жас 1913 жылы Омбының оқытушылар семинариясына көп қиындық көріп барып орналасты.

Омбы – Сәкеннің білімін арттырып қана қоймай, оның демократтық көзқарасын қалыптастырған, ақындық талантын ашқан қала. Қазақ жастарының көмегімен 1914 жылы Сәкеннің “Өткен күндер” атты өлеңдер жинағының шығуы, мәдени-ағарту мақсатындағы “Бірлік” қоғамының сол қанатын басқаруы, Омбы жұмыскерлерінің өмірімен танысып, Феоктист Березовский сияқты революционер-жазушымен жақын болуы оның ағартушы-демократтық көзқарасының қалыптасуына жағдай жасаса, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі әбден шындай түсті. Омбы полициясының қара тізіміне 1914 жылдан бастап іліккен Сәкен өзінің ізін бағып жүрген тыңшыға қарамастан 1916 жылғы санақ алу жұмысына қатысуы, Ақмола түбіндегі ауылда бала оқытуы, ақпан төңкерісі кезінде қала пролетариатымен байланыс жасап тұруы, “Жас қазақ” ұйымын ашуы, 1917 жылы – “Тіршілік” газетін шығарып, алашордашыларға қарсы мақалалар жазып, заман жайын түсіндіруі, Қазан революциясын зор қуанышпен қарсы алып, қалам мен қаруды тең ұстауы, Ақмола совдепінің президиумының мүшесі және халық ағарту комиссары болуы, қаншама жұмыс басты болса да орыс-қазақ мектебінде сабақ беруін тоқтатпауы, революциялық өлең-жырлар жазуы, 1918 жылдың маусымында тұтқынға алынып, атаман Анненковтың азап вагонында ажалмен алысуы, асқақ ерлік көрсетуі, түрмеден қашып шығып, Түркістан өтуі, қазіргі Жамбыл қаласында ұлы өзгеріс ісіне белсене қатысуы, Ақмолада Совет өкіметі орнағаннан кейін қайтып барып ірі қоғамдық жұмыстар атқаруы азамат ақынның өнегелі өмірінің айшықты белестері болып табылады [1].

XIX ғасырдың жетпісінші жылдарынан бастап Қазақстанда мерзімді баспасөз дүниеге келіп, жазба мәдениеті жаңа және ескі араб әрпі негізінде даму кезеңін бастан кешірді. Осы дәуірде (1870-1917 жылдар) үш ұлы ағартушымен қатар және олардың соңын ала өмір сүрген әдебиет, мәдениет, ғылым қайраткерлері Шоқан, Ыбырай, Абай дәстүрін аттап өткен жоқ. Қайта олардың қызметіне әлгі үш тұлға құбылнамадай жол көрсетті [2].

XX ғасырдағы алаш көсемсөзінің мұраты – ұлттық рухты өсіруге, жастарды ғылым мен тәрбиеге, ізгілік пен парасаттылыққа шақыру еді. Басылымдар қоғамдық-саяси оқиғалармен ілесіп, ұлттың рухани қажеттілігін өтеуге қызмет етті. «Айқап», «Қазақ», «Жас азамат», «Тіршілік» сияқты алғашқы баспасөз қарлығаштары халықтың көзін ашып, рухани өміріне серпіліс әкелді. Бұл ретте біз, қайраткер тұлға С.Сейфуллин негізін салған «Тіршіліктің» тарихына тоқтала кетсек.

Газеттің тарихы 1917 жылдан басталады. Бұл Ақмолада Қазақ комиттетері ұйымдастырылып жатқан кезеңі болатын. Бұған қарсы ұлт азаматтары халыққа азаттық пен теңдікті алып беруді көздеген «Жас қазақ» ұйымын құрады, сонымен қатар халықтың санасын ояту мақсатында «Тіршілікті» жарыққа шығарады. «Тіршіліктің» шынайы тарихы, алдына қойған мақсаты, мақалаларының тақырыптық сипаты С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романында дәл суреттелген: «*Қаріп келіп «Тіршілік» деген газет шығара бастадық*». Бұнымен қоса романда 1925 жылы Ташкентте газет тілшілерінің бүкілқазақстандық съезінде алаш қайраткері Абдолла

Байтасұлының “Қазақ баспасөзінің тарихы туралы” баяндама жасап, «Тіршілікке» қатысты пікір білдіргені айтылады.

Зерттеуші З.Тайшыбайдың «Мағжанның Қызылжары» еңбегінде басылымға қатысты мынадай мәлімет бар: *«Солтүстік өңірдегі қазақ баспасөзінің қалыптасуы дегенде Ақмолада 1917 жылғы сәуір айынан бастап, 1918 жылдың шілдесіне дейін шығып тұрған «Тіршілік» газетінің орнын көрсетпесе болмайды. Либералдық бағыт ұстанған бұл газеттің редакторы және шығарушысы Рақымжан Дүйсенбаев. Газеттің жұмысына қаладағы мектептердің мұғалімдері Абдолла Асылбеков, Бәкен Серікбаев, Сәкен Сейфуллин сияқты азаматтар қатысты».*

Бұдан кейінгі «Тіршіліктің» тағылымға толы тарихы жайында ауылымыздың тумасы ақын, аудармашы, жазушы Асхат Жүнісұлы баяндап берді. Ол облыстық «Арқа ажары» газетінде қызмет еткен. Ондаған жылдар бойы облыстық газетте, «Сарыарқа» журналында өлеңдерін үзбей жариялап тұрады. Облыс тұрғындарына танымал ақын болды. «Ақарал алаңқайым» өлең кітабы, «Біздің кереметтеріміз» атты публицистикалық кітаптары жарық көрген.

Газет 1928 жылдың 17 қаңтарынан 1932 жылдың желтоқсан айы аралығында Ақмола округінің «Жаңа Арқа», одан кейінгі 1932 жылдың желтоқсаны мен 1939 жылдың қараша айында шыққан «Колхоз екпіндісі» және «Ақмола екпіндісі» «Сталин туының» кейінгі жылнамасы «Есіл правдасы», «Тың өлкесі», «Коммунизм нұры» деген атауларға өзгеріп жарыққа шығып отырады.

Тәуелсіздіктің арқасында «Коммунизм нұры» газеті 1991 жылдың 26 қаңтарынан бастап, «Арқа ажары» болып шыға бастаған-ды. Іргесін Сәкен Сейфуллин қалаған «Тіршілік» пен бүгінгі «Арқа ажары» аралығында жатқан жүз жылға жуық уақыт кезеңдерінде тұтас бір дәуірдің тыныс-тіршілігі жатыр.

Ғасырлық тарихы бар «Арқа ажары» халықтық қоғамдық-саяси газеті бүгінгі күнде Ақмола облысындағы ұлт мүддесін көксеген белді басылым. Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени өміріндегі жетістіктері мен табыстары хақында салиқалы мақалалар жазу газет тілшілерінің басты ұстанымы. Газет мәртебесі мен беделінің биік болуы, алдымен, білікті журналистердің қажырлы еңбегі екені аян. Әр жылдары «Арқа ажарының» редакциясын Ақмола өңірінің қаламы қарымды, білікті, кәсіби тілшілері басқарып келе жатыр. 1991 жылдың 26 қаңтарында Ақмола облыстық газеті Арқа өңірінің келбетін, тынысын, үнін білдіреді деген ұстанымға сай газетті «Арқа ажары» деген жаңаша атаумен жарыққа шығуына бастамашы да, қозғаушы болған Октябрь Қайырұлы Әлібеков еді. 1995 жылы тамыз айынан «Арқа ажарының» бас редакторлығына Жомарт Сафиұлы Әбдіхалық тағайындалды. Ол баспасөз саласының білгірі, парасатты азамат тұлғасымен ғана емес, философиялық озық ой-тұжырымдарды тұла бойына молынан сіңірген ерекше дарын иесі болатын. Бұдан кейін жазушы-драматург Жабал Ерғалиевтің облыс әкімінің 2005 жылғы 18 қаңтардағы өкімімен «Арқа ажары» газетіне бас редактор болып тағайындалуы әріптес журналистердің

бағын жандырудың, шығармашылық ұйымды тас-түйін ортақ мақсатқа жұмылдырудың бастауы болды.

Бүгін де алып ағалардың тәлімін көрген тәжірибесі мол, парасатты тұлға, қарымды журналист, қаламгер-ақын Қайырбай Төреқожа бастаған газет ұжымы халық игілігі үшін қажырлы еңбек етіп, ұлттық баспасөздің дамуына өзіндік үлестерін қосып жатыр. Сәкен Сейфуллиндей алаштың аяулы азаматы негізін қалаған газетті басқару үлкен мәртебе, әрі зор жауапкершілік екені белгілі [3].

Сәкен Сейфуллин 1917 жылы Ақмола қаласында «Тіршілік» атты қазақ газетін шығаруды қолға алғанын туралы жазды. Сол «Тіршілік» газеті бүгінгі күні «Арқа ажары» газеті болып, жұмысын жалғастырып жатқанын мақтанышпен айтамыз. Бүгінгі «Арқа ажарының» Көкшетаудағы редакция ғимаратында 2017 жылы Сәкен Сейфуллинге арнап ескерткіш тақта орнатылды. Осы тұста «Тіршілік» ғасыры – Арқа ажары деп айта аламыз [4].

1937-1938 жылдарда қара дауылдай соғып тұрған сталиндік репрессия қазақ халқының ең білімді, ең саналы зиялыларын баудай түсірді: дәл осы кезде де өз басына қауіп-қатер төніп тұрғанына қарамастан, азаматтық келбетін жоғалтпай, адал бағытынан таймағандардың бірі – Сәкен. Орынсыз айып тағылып, өлім жазасына кесіліп, жалған жаланың құрбаны болып кете барды. Бойына бар өнерді тоғыстырған Сәкеннің өмірі бүгінге үлгі, оның сұлу болмысындай асқақ та, нәзік жырлары ұрпақтан-ұрпаққа аманат болып қала бермек [5].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Д.Ж. Омарбекова. Сахара сұңқары: Мемлекет және қоғам қайраткері, жаңа заманғы қазақ әдебиетінің көшбасшысы Сәкен Сейфуллинге арналады // - Алматы, 2004 жыл 6 бет;
2. ТАРИХ ЖӘНЕ БАСПАСӨЗ (Қазақ мерзімді баспасөзінде тарихтың «ақтаңдақ» мәселелерінің жазылуы). 2009 жыл, 148 бет;
3. [Тарихы "Тіршіліктен" басталған "Арқа ажары" газеті 100-ге толды \(abai.kz\);](http://abai.kz)
4. ["Тіршілік" газетінің ашылуы \(bugin.kz\);](http://bugin.kz)
5. [Алаштың ардақтысы – Сәкен! \(abai.kz\).](http://abai.kz)

**«Қызылжар ауылының жоббм» КММ
Мадинаш Айсулу**

СӘТБАЕВ – ЖАСТАРҒА РУХ БЕРЕТІН ТҰЛҒА

Сәтбаев – жастарға рух беретін тұлға. Қаныш Сәтбаев – Қазақстан ғылымына зор үлес қосқан көрнекті ғалым, геолог және академик. Сәтбаев Қазақстан мен кеңес ғылымының дамуына тың серпін берген тұлғалардың бірі болды. Оның есімі Қазақстанның геологиялық зерттеулерімен тығыз байланысты және оның еңбектері бүгінгі күнге дейін ғылыми және

техникалық өркендеуге ықпал етуде. Қаныштың өмірін ең көп зерттеген тұлға – Медеу Сәрсекке. Медеу Сәрсекке 1961 жылы Қ.Сәтбаев туралы жазуды көзі тірі кезінен бастайды. Алдымен, Сәтбаевтың Семейде өткен алты жылын зерттеуге кіріседі. Сәтбаевты зерттеуге өмірінің он төрт жылын арнайды. 1975 жылы жазылған кітап жарық көрмей қалады. Қоғам үшін зиян кітап деген сылтау айтылып, жартылай жарық көріп тұрған кітап өртеледі. «Сталин тым ұлықталған сияқты, Қанышты тым ұлықтап жібергенсің», – дейді [1]. Не істерін білмеген Медеу жоғары жаққа өзі кіруге сұранады. Сол уақытта Қаныштың жұбайы Таисия Кошкина кітапты орыс тілінде жарялауды ұсынады. 1975 жылы өзі жазған кітабын өзі орысшаға аударуға кіріседі. 1980 жылы кітаптың орысша нұсқасы жүз мың тиражбен шығады. Ал кітаптың қазақ тіліндегі түпнұсқасы тек 1988 жылы отыз мың тиражбен жарық көреді. Кеңес Одағының ыдырап жатқан уақытында бұл кітап оқылмай қалады.

«Қаныштың атасы Сәтбай ауылға сыйлы, көзі ашық адам болған екен. 1902 жылы қажылық кезінде қайтыс болып, Меккеде жерленген» [2]. Қаныштың әкесі Имантай ел сөзін екі етпейтін мықты, білімді тұлға болады. Мал жиып, пара алып баюды ешқашан ойламаған. «Имантай бірнеше тілде еркін сөйлеген, Орыс географиялық қоғамының корреспондент мүшесі болған. Сондай-ақ ол Шоқан Уәлиханмен дос болған», – деседі [2]. «Имантайдың өмірдегі зор өкініштерінің бірі – бала зары» [3, 6]. Бәйбішесі Нұрым Тасболатқызынан көрген жалғыз қызы Күнше ғұмырлы болмайды. Бала сүйе алмаған Имантай бала баланы шақырады деп ырымдап, інісінің баласы Әпсаламды асырап алады. Құса күндерінің бірінде, түсіне әулие кіріп, Имантайға тұлкінің, арыстанның, барыстың күшіктерін беріп, бала сыйлайтыны жөнінде аян береді. Иманштың бәйбішесі Әлима атты келіншектің өзі таңдайды. Әлимадан Ғазиза, Ғабдулғазиз, Ғабдулғани (Қаныш, 1899 жылы) атты перзенттер дүниеге келеді. Анасы Әлима Қаныштың екі жасында туберкулезден ерте қайтыс болады. Имантайдың бәйбішесі Нұр апасының қолында өседі. Қаныштың шын есімі – Ғабдулғани. Есім араб тілінен аударғанда «Барлық жаратылыс иесінің (Құдайдың) құлы» деген мағына береді. Анасы болса кіші ұлын «Ғани», «Ғаныш» деп еркелетіп отырады екен. Кейін туған-туыстары да Ғабдулғаниды Қаныш атап кетеді. Болашақ ғалым мектепке де осы есіммен қабылданады.

Қаныш, алдымен, мұсылманшылықты оқиды. Қаныш ауыл мектебінде білім алғаннан кейін Павлодардағы орыс-қазақ училищесіне түседі. Оны аяқтаған соң, әкесінің қарсылығына қарамай Семейдегі мұғалімдер семинариясына аттанады. Алайда ол жақта денсаулығы сыр беріп, туберкулезге шалдығады. Десе де барлық емтихандарды эстерн ретінде тапсырып, 1918 жылы оқуды бітіргені жайлы диплом алып шығады. Университетке түсуге дайындалып жүріп, Семейде жаратылыстану мұғалімі болып жұмыс жасайды. Бірақ туберкулез тағы да асқынып, Қаныш Сәтбаев ауылына аттанады. Бір жылдай қымызбен емделген ол бос жатпай, қазақ мектептеріне арналған алгебра оқулығын жаза бастайды. Кітапты Қаныш 1924 жылы араб графикасымен жазып шықса, 1929 жылы латын графикасына көшіреді. Қаныш Имантайұлы алғашқы қазақ мектептеріне арналып ана

тілінде жазылған "Алгебра" оқулығының авторы. Алғашқы ғылыми еңбегіне жататын оқулық қол жазбасының көлемі 1642 беттен тұрған. Денсаулығы жақсарған Қаныш Сәтбаев Томскіге аттанып, қабылдау емтиханынан сәтті өтіп, технологиялық университеттің геологиялық барлау бөлімінің студенті атанады.

1926 жылы Томскіні бітірген соң, «1926-1929 жж. СССР Бүкілодақтық Халық Шаруашылық Советі жанындағы «Атбасцветмет» тресінің геология бөлімінің басқарушысы (Москва) қызметін атқарады [4, 4]. Біраз жыл Қарсақбай комбинаты геология-барлау бөлімінің бас геологі және басқарушысы. 1946 жылы 1 маусымда Абай атындағы Опера және балет театрында Қазақ КСР Ғылым академиясының тұсауы кесілді. Екі күннен кейін Академияның бірінші жиналысында Қаныш Сәтбаев оның президенті әрі академигі болып тағайындалды. Сол жылы ол КСРО Ғылым академиясының академигі және Жоғары кеңес депутаты болып сайланады.

Қаныш Сәтбаевтың ғылымға ең маңызды үлесі – оның геологиялық зерттеулері. Ол Қазақстан аймағындағы көмір, металл және басқа да пайдалы қазбалардың бар екендігін ашып, олардың геологиялық картасын жасауға зор үлес қосты. Сәтбаевтың зерттеулері кейінгі ұрпақ ғалымдар үшін маңызды негіз болды және Қазақстанның минералды ресурстарын игеру стратегиясын анықтауда кілт рөл атқарды. Сәтбаев – қазақ ғылымының дамуына көптеген жаңа бағыттарды енгізген тұлға. Сәтбаев тек ғалым ретінде ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның ғылыми және техникалық интеллигенциясының дамуына зор үлес қосқан қоғам қайраткері ретінде де белгілі. «Қазақстан ғылымының және республикамыздағы геологиялық қызметтің негізін қалаушы, өзінің атындағы Үлкен Жезқазғанды және Геологиялық ғылымдар институтын құрушы, талантты ұйымдастырушы, кеменгер жан» [5, 5]. Республикамызда зор минералды-шикізат базасы құрылады. Жезқазған тез арада мыс алыбына айналады.

Академиктің негізгі мамандығы геология болғанымен экономика, тарих, әдебиет, өнер тағы басқа қоғамдық ғылымдар саласында да мол ғылыми мұра қалдырған. Бірде Томскіде оқып жүрген Қаныш Сәтбаевтың қолына “Ер Едіге” жинағы түседі. Жинақта оны алғаш қағазға түсірген Шоқан Уәлихан мен Платон Мелиоранскийдің нұсқасы жарияланған екен. Қаныш жырда кеткен қателерді түзеп, қайта өңдейді. 1927 жылы ғалым Мәскеудегі КСРО халықтары орталық баспасында “Ер Едіге” жырды басып шығарады [2]. Қаныш Сәтбаевтың педагогикаға қосқан үлесі оның ғылыми жетістіктері мен зерттеулерімен қатар, оның білім беру жүйесін дамытудағы жұмыстарымен де байланысты. Ол білім саласындағы реформаларға белсенді атсалысып, жоғары оқу орындарының дамуына зор үлес қосты. Қазақстанның жоғары білім беру жүйесін нығайтуға көп күш жұмсады. Оның қатысуымен және басшылығымен жаңа инженерлік мамандықтар мен бағдарламалар әзірленді, ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары оқу орындары арасында тығыз байланыстар орнатылды. Бұл іс-шаралар Қазақстанның өнеркәсіптік және техникалық дамуына қажетті мамандарды даярлауды жақсартты. Сәтбаев өзінің педагогикалық қызметінде студенттер мен жас ғалымдарға зор ықпал етті. Ол

ғылыми-педагогикалық әдістерді жетілдіруде, сондай-ақ студенттердің зерттеу дағдыларын қалыптастыруда белсенді болды. Сәтбаев жетекшілігімен көптеген жас мамандар ғылымға қадам басып, кейіннен өз салаларында танымал ғалымдарға айналды. Қаныш бұрғылау қондырғыларына өліп-талып әрең жеткен қандастарын аштан өлтірмеу үшін әйтеуір жұмысқа ала берген, сөйтіп оның бөлімі бір жылда мың адамға жеткен. Бірде қарындасы тұратын ауылға келген ол кірпіктері қимылдап жатқан балаларды көріп, оларды түгел әкетеді. Зайыбы екеуі он екі баланы аман алып қалады. Солардың бірі — Кемел Ақышев кейін Алматы түбіндегі әйгілі «Алтын адамды» табатын белгілі археолог атанды. Білім беру мен ғылыми зерттеулерді интеграциялаудың маңыздылығын үнемі атап өткен. Ол ғылым мен білімнің бір-бірімен тығыз байланыста болуы керектігіне сенімді болды және бұл ұстанымды өзінің жұмысында көрсетті.

Қаныш Сәтбаевтың адамгершілігі мен қайырымдылығы, оның ғылыми және педагогикалық қызметтерінен бөлек, оның ерекше тұлға ретінде танылуына себеп болған. 1947 жылғы наурызда Қаныш Сәтбаев КСРО жоғарғы советінің делегациясы құрамында Англияға барған. Сапар барысында қазақ ғалымын алғаш көрген Ұлыбританияның әйгілі саясаткері Уинстон Черчилл зор денелі Қаныш ағаға тесіле қарап тұрып, "қазақтардың бәрі сіздей алып па?" деп сұраса керек. Сонда Қанеке: "О не дегеніңіз Черчилл мырза, олай емес. Мен қазақтардың ішіндегі ең кішкентайымын. Халқым менен де биік" деп жауап беріпті. Қаныш Сәтбаев қазақ археологиясының бәйтерегі, ғалым Әлкей Марғұланды қуғын-сүргін азабынан құтқарып Алматыдағы КСРО ғылым академиясының филиалына жұмысқа алады. Сондай-ақ Сәтбаев оған археологиямен айналысуға кеңес берген екен. Қазақтың тау тұлғалы алыптары Қаныш Сәтбаев пен Мұхтар Әуезов те дос болған. Ұлы жазушы мен ұлы ғалым Семейдегі семинарияда бірге оқыған. Екеуі бір жатақханада, бір пәтерде тұрған. Жастайынан бірін-бірі тап басып таныған қос таланттың арасындағы адал достық соңғы сәтке дейін жалғасын тапқан екен. Ол өзінің кәсіби өмірінде ғана емес, сонымен қатар өзінің жеке басында да жоғары адамгершілік қасиеттерді көрсеткен. Сәтбаевтың әріптестері мен шәкірттері оның әділеттілігін және ашықтығын жиі атап өткен. Ол әркіммен тең құрметпен қарым-қатынас жасай білген және әрқашан өз ісінде адал болуға тырысқан. Сәтбаев қандай да бір мәселені шешу кезінде әділетті шешім іздеп, әрдайым шынайы пікірін білдіруден қорықпаған. Қаныш Сәтбаевтың қайырымдылығы мен басқаларға деген қолдауы да кеңінен танымал. Ол жастардың білім алуына және ғылыми жетістіктерге жетуіне белсенді қолдау көрсеткен. Сәтбаев жас ғалымдардың жобаларын қолдап, оларға өз тәжірибесі мен білімін бөлісуге дайын болған. Ол өзінің жетістіктерін ешқашан мақтан тұтуға бейім болмаған, керісінше, өз жетістіктерінің артында ұжымдық еңбектің маңыздылығын атап өткен.

Ханкелді Әбжанов «Сәтбаев тағылымы – қазақ зиялысының темірқазығы» мақаласында Сәтбаев туралы былай дейді [6]. Біріншіден, Сәтбаев бастамасымен «Үлкен Жезқазған» бой көтерді. Екінші, Қ.Сәтбаевтың бас болуымен Қазақстан Ғылым академиясы шаңырақ көтерді. Үшінші,

Қаныш – Лениндік сыйлықпен марапатталған тұңғыш қазақ. Төртінші, Ш.Шокин, Ш.Есенов, С.Зиманов, П.Тәжібаева, К.Ақышев сияқты теңдессіз таланттардың көзін ашты. Бесінші, ғылым мен өндірістің ядролық физика, шоқантану сияқты жаңа салаларын қалыптастырды. Алтыншы, он жыл ішінде Үлкен Жезқазғанды тиянақтады, алты жыл ішінде Одақтық академик, Қазақстан академигі, Ғылым академиясының президенті биіктеріне көтерілді, бір ай ішінде марганец кен орнын игерді.

«Бүгін қазақ елінің даналық, ізгілік, көшбасшылық, меклекетшілдік қасиеттерін болмысын дарытып, философиялық көзқарасын жетілдіріп, ғылым-біліммен, өнермен қуаттанып, қайратты, ғибратты ұйымдастырушылық, жаңашылдық іс-қимылдарымен мемлекетіміздің тарихы мен тағдырына, абыройы мен беделіне өлшеусіз үлес қосқан, заманынан озып туған тұлға – Қаныш Имантайұлы Сәтбаев», – дейді С.Негимов «Сәтбаев планетасы» мақаласында [7]. Ұлы ғалымның өмірбаяны үлгі етерлік мысалдарға бай. Азаматтық адамгершілік пен ғылыми адалдық, діттеген мақсаттарға жетудегі қажыр-қайрат пен табандылық, ғылыми зерттеулердегі бірегейлігі, айналасындағыларға мейірімді қарым-қатынасы сияқты сипаттар үлкен өмірге аяқ басқан жастар үшін тамаша үлгі бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. https://www.youtube.com/watch?v=buu8iHoLhFk&t=5230s&ab_channel=;
2. https://el.kz/uli_adamdar_omiri_kanish_satbaev_27018/;
3. Сәрсекке М. Сәтбаев планетасы. Ғұмырнама роман. – Астана: «Фолиант» баспасы, 2006. – 624 б;
4. Сұлтанғазин Ө.М. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев. – Алматы: Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1989. – 162 б;
5. Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 1 томдық/Құраст. ҚА.Ақышев., Т.М.Әлжанов – 2-бас. – Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. – 384б;
6. <https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=1596385&simple=true#>;
7. <https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=1687510&simple=true#>

Астана қаласы
Ш.Мұртаза атындағы
№63 мектеп –гимназиясы ШЖҚ МКК
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
педагог-зерттеуші
Оразалинова Дана Алпысбаевна

БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ АТАСЫ

Жазыпта көрдім мен де өлең,

Жазыпта көрдім, қара сөз.

Ерте ме, кеш пе, мен де өлем,

Өлмейді тек дана сөз... – деп жыр жазып шығармашылық жолды ақындықпен бастаған Бердібек Соқпақбаев проза жанрында өшпестей із қалдырды. Балалар әдебиетінің классигі атанды. Сөз өнерінің маржанын терген, қазақ прозасында өзгеше өрнек, ғажайып сыр-сипат әкелеген Соқпақбаевтің жәдігері жетерлік.

Қазақ балалар әдебиетіне өлшеусіз үлес қосқан ірі тұлға Бердібек Соқпақбаевтің артта қалған еңбектері орасан зор. Бұл жолды Соқпақбаевтің ғұмырлы соқпақ жолдары әдебиет төрінде ерекше орын алады. Бердібек Соқпақбаев 1924 жылы 15 қазанда дүниеге келді. Оның кіндік қаны Алматы облысының Нарынқол ауданы Қостөбе ауылында тамды. Нарынқол тұмса табиғатымен жанды өзіне баурайтын батырлар мен ақындарды, рухы өр, өрісі биік тау тұлғаларды дүниеге әкелген қасиетті қастерлі мекен. Атағы алысқа кетіп, абыройы Хан Тәңіріндей асқақ болған осы қасиетті мекенде қазақ балалар жазушының дүниеге келуі бекер емес. Қатал тағдыр Бердібек Соқпақбаев көрнекті де білімді жазушылардың бірі. Бірақ таланттың туа бітетін қасиет екені де белгілі. Бала Бердібек анасынан 8 жасында айырылған. Бұл қайғы оның өмірінің соңына кейін үлкен соққы болды. Соқпақбаев бала кезінде көп қиындық көрген. Аштық пен ауыр еңбектің, қиындықтың тауқыметіне ұшырады. Дегенмен ол өте білікті және қабілеті бала болып өсті. Таулы ауылдан шыққан қазақ баласы журналистикамен көп айналысты. 1952-1970 жылдары «Жұлдыз», «Балдырған» газет журналдарында, Қазақстан Жазушылар одағында түрлі қызмет етті.

1950 жылы «Бұлақ» атты тұңғыш жинағы жарық көрген. Балаларға арнап «Аяжан», «Гауһар» т.б. повестері, «Кездесу», «Бөзтөбе» поэмаларын жазған. Аса талантты, қазақ жазушысының ұлттық әдебиетімізде «Менің атым – Қожа», «Балалық шаққа саяхат», «Бастан кешкен» «Өлгендер қайтып келмейді» атты туындылары бар. Өзінің жүрек соғысын ғана тыңдап жалғандықтан қашып шындықты жазып өткен жазушының бірі және бірегейі.

Жазушының шығармаларының ішіндегі балалар жүрегіне жол тапқан үздік туынды «Менің атым Қожа» повесі болды. Бұл қарапайым тілмен жазылған, шындықтан туындаған шығарма. Шығарма 30 шақты тілге аударылып, Франция, Польша, Болгария елдерінде басылып шығарылды.

«Менің атым – Қожа» повесі арқылы Бердібек Соқпақбаев талантты балалар жазушысы ретінде республикаға ғана емес одақ көлеміне де танымал болды. 1963 жылы бұл повесть бойынша Қазақфильм киностудиясында кино түсіріліп 1967 жылы Канн қаласында өткен халықаралық кинофестивальда арнайы жүлдеге ие болды. Осы фильм арқылы киносүйер қауымы қазақ елінде кино өнері бар екеніне көз жеткізді. Осы арқылы Қазақстанның табиғатын, болмысын білді. Қазақтың атын әлемге әйгілі етті.

Жазушының барлық туындыларында оның шығармаларының қайнар көзі халық өмірінен бастау алғаны сезіледі. Жазушының бейнелеу қаблеті өте бай, ол өз кейіпкерлерінің Бердібек Соқпақбаев тақырыпты өмірдің өзінен алатын жазушы. Балалық пен жаздық оның барлақ кітаптарының негізі. Бердібек Соқпақбаевтің шығармалары негізінде автобиография болып табылады. Портретін өте шебер суреттеп, әрқайсысын өзіне тән тілде сөйлетеді. Кейіпкерлердің ішкі күйзелісі мен ой пікірлерін жазушының баста көркемдік әдісі болып табылады. Қазақ прозасына жаңа леп, өзгеше өрнек әкелген жазушы.

Жазушы С.Шаймерденов өз естеліктерінде «Бердібекті өз көзімен көрген нәрсені ғана жазатын, қағазы бекерден-бекер шимайламайтын еді. Нақтылы жазу, ұтымды жазу Бердібектің үлгісі деп тартынбай-ақ айтуға әдбел болады» деп еске алса, жазушы Т. Ахтанов «Бердібек не нәрсені жазуды, оны қалай жазуды еркін игеріп, меңгерген суреткер жазушы» деп жоғары баға берген.

Бердібек Соқпақбаев – реалист суреткер. Дарынды жазушы қаламынан туған қай-қай шығармасында да өмірдің қарама-қайшылықтары, адам жанының қалтарыс-бұлтарыстары, сол дәуірдің психологиялық хал-күйі шынайы шеберлікпен суреттеген. Бердібек Соқпақбаев адалдықтың, тазалықтың, адамгершіліктің жыршысы. Оның балаларға арналған туындылары биік көркемдік деңгейімен, табиғи тазалығымен, шынайылығымен, қарапайымдылығымен ерекшеленеді.

Бердібек Соқпақбаев – нәзік психолог. Бала жанын терең зерттеген қаламгер. Сондықтан да оның шығармалары қазақ әдебиетінің алтын қазынасына құнды дүниеелер қатарынан табылады.

Өзінің шығармашылық өмір жолын балаларға арнап өлең жазудан бастаған ол кейін прозалық шығармалары арқылы балалардың сүйікті жазушысына айналды. Сонымен қатар балаларға арналған бірнеше киноға сценарий, пьесалары жазды. Оның әдебиетке құмарлығы жазуға деген ынтасы, түбінде ұлы жазушыға айналдырды.

Бердібек Соқпақбаевтің шығармашылығының құнды болуы оның шыншылдығында. Әрбір туындысындағы кейіпкер өзгемесе өзінің көзі көрген жандар болатын. Оның «Балалық шаққа саяхат» шығармасынан «Өлгендер қайтіп келейді» дейінгі оқысаңыз қаламгердің өмірбаянымен танысқандай боласыз.

Уақыт өткен сайын салмағы артып, алыстаған сайын бағасы биіктеп баратын туындылары бар, қазақ прозасына ерекше екіпін әкелген балалар

әдебиетінің бәйтерегі Бердібек Соқпақбаевтің ғұмыр жолы да, шығармашылығы да соқпаққа толы болды.

Бердібек Соқпақбаев Кеңес үкіметі кезінде қылышынан қаны тамып тұрған кездің өзінде тек өз жүрек қалауымен оқырмандарына шынайлықты жеткізе білген жазушылардың бірі. Ол жас кезінде-ақ ештеңеден жасымайтын, ешнәрседен жасқанбайтын отты, өжет болған. Ол өте талғампаз жазушы болған. Көңілі сенген, жүрегіне жақын адамға ақжарқын да адал болған. Жазушының ойы оқырмандарға бүкпесіз жетіп жатса ол бақыт. Ал білгенін жазып, түйгенін қағаз бетіне түсіре алмаса жазушы үшін бұдан асқан қасірет жоқ. Бердібек Соқпақбаевтің жан дүниесінің тебіренісін толғайды, өз заманының өмір сүріп жатқан ортасының өзекті мәселелерін өрбітеді, шығармасына арқау етеді. Бір өкініштісі жазушының жүрегінің түкпірінде ұялап, ой түбінде жатқан сөзді шер толқытып шығарар адам, демеу болар жан табылмады.

Жазушының өмірімен ұштастыра жазған талай еңбегі тарихта таңбаланып тұр. Балалар әдебиетінің классигі көзі тірісіндегідей ұстаздығынан таймай рухани азық беруін жалғастыруда. Өйткені оның артында әдемі әңгімелері, тартымды туындылары қалды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010. ISBN 9965-26-096-6
2. Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. “Алматыкітап баспасы”, 2009 ISBN 978-601-01-0268-2

**Астана қаласы, №31 мектеп-гимназиясы
қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагог-модератор
Садыкова Гульмира Жумабаевна**

Мәшһүр Жүсіп мұрасы – Ұлы дала елінің құндылықтары

Аннотация

Бұл мақалада шежіреші, тарихшы, ақын, этнограф Мәшһүр-Жүсіптің еңбектеріндегі ұлттық құндылықтар мен тәрбие мәселелері қарастырылады. Ақын еңбектеріндегі ұлттық құндылықтарды тану, оны зерделеу, заман талабына сай насихаттау - ұлттық болмысымызды тану жолынағы өз маңызын жоймаған өзекті мәселелердің бірі екені анық. Ұлттық құндылықтардың адамзат өміріндегі маңызы мен мәні оның алатын орны талданады. Қазақ халқының ұлттық құндылықтар деп нені есептейтіні бағамдалады. Мақалада ұлттық құндылықтардың адамзат өміріндегі мәні мен маңызы, адам өміріндегі

рөлі кеңінен талқыланады. Сонымен қатар, көтерілген мәселеде бақытты болудың, тәрбиелі болудың жолы адами құндылықта екендігі айтылады. Мәшһүр Жүсіптің мұраларындағы ұлттық құндылықтарды қазіргі заман көзімен талдай отырып, ұлттық құндылықты қоғамның даму үдерісімен ұштастыра саралайды. Мақала авторы мәдениеттің құндылық әлеуетін тұлғаның тұжырымдары мен көзқарастары арқылы дәлелдейді. Шығармасындағы ұлттық құндылық пен тәрбие мәселелері кеңінен талданады. Түйін сөздер: ұлттық құндылықтар, адамгершілік, тәрбие, рухани өмір

В данной статье рассматриваются вопросы воспитания и национальных ценностей в трудах летописца, историка, поэта, этнографа Машхур-Жусупа. Очевидно, что признание национальных ценностей в трудах поэта, его изучение, пропаганда в соответствии с требованиями времени - это один из актуальных вопросов, который не утратил своего значения на пути к признанию нашей национальной идентичности. Анализируется значение и значение национальных ценностей в жизни человечества. Оценивается, что казахский народ считает национальными ценностями. В статье широко обсуждается значение и значение национальных ценностей в жизни человечества, роль в жизни человека. Кроме того, в поднятом вопросе говорится, что способ быть счастливым, воспитанным-это человеческая ценность.

Анализируя национальные ценности в наследии Машхур Жусупа глазами современности, дифференцирует национальную ценность в сочетании с процессом развития общества. Автор статьи доказывает ценностный потенциал культуры через высказывания и взгляды личности. Проблемы национальной ценности и воспитания в произведении

This article discusses the problems of national values and education in the works of the chronicler, historian, poet, ethnographer Mashhur-Zhusup. It is obvious that the recognition of national values in the works of the poet, its study, promotion in accordance with the requirements of the time is one of the most pressing issues that have not lost their significance in the way of knowing our national identity. The importance and significance of national values in the life of mankind is analyzed the place it occupies. It is estimated what the Kazakh people consider national values. The article discusses the meaning and significance of national values in the life of mankind, the role in human life. At the same time, it is noted that the way to be happy and well-mannered in the matter raised is in human value.

Mashhur analyzes the national values in the heritage of Joseph through the eyes of modernity, differentiates the national value in combination with the process of development of society. The author of the article proves the value potential of culture through the statements and views of the individual. National values and educational problems in his work

Кіріспе. ХХІ ғасыр – әлеуметтік желілер мен технологиялар дамыған, цифрландыру заманы. Әлем елдері күннен күнге, көз ілестірмей дамуда, экономикалық-саяси, білім мен ғылым ілгерілеп, қалалар гүлденуде. Адам тек материалдық ғана емес рухани да даму үстінде. Рухани жетілген адам дүниесі

мен жасаған іс-әрекеті әдемі үйлесімділікте болады. Жалпы «құндылық» жайлы білесіз бе? Құндылық деген қандайда бір нәрсенің мәнділігі, пайдалығы, маңыздылығы мен қымбаттылығы. Құндылықтар адам өмірінде маңызды рөл атқарады, рухани жетілуін қамтамасыз етеді. Құндылықтар адамның таным-түсінігіне, көзқарасына байланысты әртүрлі сипатта болады. Қоғамда "рухани құндылықтар", "материалдық құндылықтар", "ұлттық құндылықтар" сынды ұғымдар қалыптасқан. Әр құндылықтың өзіндік атқаратын міндеттері мен маңыздылығы бар. Сол аталған құндылықтар арасында адамзат үшін ерекше мән-мағынаға ие «ұлттық құндылықтар».

Ұлттық құндылықтар – қандайда бір ұлттың мінезі мен менталитетін, тәрбиесі мен дәстүр-салтын, тыныс-тіршілігін айқындайды, басқа ұлт-өкілдерінен даралап, өзгешелеп тұратын қасиетке ие. «Әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа», - деп бекер айтылмаса керек. Ұлттық құндылықтарға нені жатқызамыз: тәрбие көзі болатын тәлім-тәрбие, тілі мен діні, ұлттық салт-сана. Біз қазақ халқы, дүниетанымы қалыптасқан мемкелет болып отырмыз. Басқа ұлттардан даралана алатын, тек өзімізге ғана тән ерекше қасиеттеріміз бен құндылықтарымыз қалыптасқан. Рухани жан дүниемізді өзгешелейтін құндылығымыз бар.

Қазіргі ғаламдану заманында ұлттың ұлттығын сақтап, қазақ жастарын өзге жат мәдениеттер мен қаптаған қауіпті шатақ діндерден қорғап қалатын жол – ол қазақтың өз ата тарихы, дәстүрі, ұлттық тәрбие, ақын - жазушылардың асыл еңбектері мен мен әулие - ғұламалардың рухани мұралары екендігі сөзсіз. Қазақ тарихындағы сондай әулиенің бірегейі – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Атамыздың рухани мұралары бұдан бір ғасыр уақыт бұрын, басқа дәуірде жазылса да, тап қазіргі қоғамды айтып тұрғандай. Әр сөзінен ұлттық құндылықтың негізі мен тәрбиенің қаймағын көруге болады.

Ең алдымен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы кім? "Жетпіс үшке келгенше балталасаң да өлмеймін, жетпіс үштен асқан соң майға бөлеп қойсаң да әрі өмір сүрмеймін" деп дәл елу жасында өзінің бұл фәниден қашан кететінін болжаған ғұлама, әулие адам, данагөй тұлға, ұлы ойшыл, философ, фольклортанушы, ақын, жазушы ретінде танымыз. Бір сөзбен айтқанда, сегіз қырлы, бір сырлы жан.

Мәшһүр Жүсіп бабамыздың бізге қалдырған асыл қазынасының әр сөзі мағыналы, құнды, түсінген жанға әр сөзінде терең ой жатыр.

« Дүниедегі ең асыл тіл – араб тілі, одан кейін түрік тілі, түрік тілінің ішіндегі – гауһары- қазақ тілі. Қазақ тілінен асыл, қазақ тілінен бай тіл жоқ. Сол ата-бабаның тілі болған қазақ тілін осы күнгі қазақтың жалғызы білмейді. Егер қазақ тілін білсе, дінде осында, ғылым-білімде осында» деп, айтып кеткен Мәшһүр атамыздың осы бір сөздерімен мақаламды бастағым ұрпағына өз ана тілінің қадір-қасиетін сол заманда айтып кеткен бабамыздың осы бір сөздерінде елге, тілге, Отанға деген құрметті көруге болады.

Мақсаты: Ақын бір өлеңдерінде қазақ жастарын орысша зорлап оқытуға да тікелей қарсы шығады. Туған тілді шетке теуіп, еріксіз орыс тілді меңгертуді талап еткендерге қасқайып қарсы тұрады. Бүкіл өлең бойынан біз Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің елі үшін елжіреген жүрек қағысын естиміз. Халқымен бірге күңіренген ақын жанының терең қайғысын түсінеміз. Елін бостандық күнге жеткізуді аңсап, аласұрған азаматтық тұлғасын танимыз. Елге деген ерекше сүйіспеншіліктің нышанын Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің кез-келген өлеңінен таба аламыз.

Бақыт жайлы, иман жайлы, тәрбие жайлы айтып кеткен қанатты сөздері мен ойлары да көп.

Жас-кәрі, ер жігіт, сұлу әйел, достық, ағайын-туыс, бауыр тағы басқасына арнаған әр жырында, әр шығармасында тәрбиенің тұнығы бар. Мысалы: бір шығармасында былай деген «Жігітті кедейлікке апаратын үш тамыр: желкедегі қырсықтық, шынтақтағы маубастық, құйрықтағы жалқаулық тамырлары». Менің ойымша, түйсігі бар әр жігіт, осы бір сөздерді естігеннен кейін, өзінің бойын жалқаулық билемеуін қадағалап отыратыны анық.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Гибратнама» өлеңінің астарлы ойы, менің ойымша, адамгершілік пен мейірімділікке арнап жазылған.

Адамға, ұят, иман, сабыр-қазық,

Қанағат,	рақым,	шапағат	өмірге	озық
Ақыл,	ой-ар,	намыстың		күзетшісі

Бұған сенсең кетпейсің жолдан азып.

Адам ешқашан жаман болмайды. Адамның мінез-құлқы, іс-әрекеті жаман бола алады. Адамдардың ішінде мінезі қатып қалғаны да болмайды. Істеген әрбір ісі, сөйлеген әрбір сөзі тікелей адамның өзіне байланысты немесе өзінің жүріп-тұрып жүрген ортасына байланысты. Өз ортаңның елеулі де, сыйлы мүшесі болғың келсе, ең алдымен, адамгершілікке, мейірімділік пен қайырымдылыққа жақын болу керек. Осы қасиеттер арқылы өзіңді ғана емес, қоршаған ортаңды да өзгерту қиынға соқпайды деп ойлаймын. Осы өлеңді оқи отырып, бұлбұлдың жауабын талдау арқылы жазылған «Гибратнаманың» қазақшылық әсері мол екенің байқадым.

М.Көпеев өз өлеңдерінде әркім өз еңбегімен күн көрсін дегенді үндейді, сонымен бірге біреудің есебінен күн көретін арамтамақтардың кімдер екендігін де айта кетуді ұмытпайды. Ақын адам өміріндегі ең бір қымбат дүние достық екенін, досы көп жанның бақытты екенін жан-жақты айта келіп:

Бұл сөзімнің балы бар уы аралас,

Ойлаймысың бір іске деп жарамас.

Келіп пе едің жалғанға киім киіп,

Тумап па едің анадан тыр жалаңаш – деп бір тоқтайды. Яғни, бізді қоршаған табиғат бір қалыпты тұрып қалмай, үнемі даму, өсу үстінде болатынын осылай нақты қағидалармен толық түсіндіреді. Мәшһүр Жүсіптің бөліп айтуға тұрарлық айырықша бір ерекшелігі – өлеңдерін жазып шығарған. Ол әрбір

жырын қағаз бетіне түсіріп, рет-ретімен тәртіппен, шашау шығармай ықтияттап жинап отырған.

Ақынның шығармаларын оқи отырып, ұлылардың өткені - бүгінгінің ұлттық құндылығы екеніне күмән келтіре алмайсың. «Дауасыз дерт» деген өлеңінде:

Ағайын барды күндеп көре алмайды,

Жоқ болса, жомарттық қып бере алмайды.

Кәнеки, бермегенің сол емес пе,

Білмеген-білген тілін неге алмайды? [7, 94-96 бет].

Жомарттық – адам бойындағы ең ізгі қасиеттердің бірі. Адам бойындағы үш керемет қасиеттер - шындық, ақ пейілділік, даналық. Шындықтан - әділеттілік, ақпейілділіктен - шапағат, даналықтан - ақиқат шығады. Кімде-кімнің бойынан осындай қасиеттер табылса, оның жасаған іс-әрекеті жомарттық болып табылады. Автор осы шығармасында өмір итжығыспен өтетінін айта отырып, жомарттыққа, кешірімшілдікке, сабарлылыққа, шыншылдыққа, қанағатшылдыққа, татулыққа шақырады. «Ғылымың болса-дағы ұшан теңіз, Пайда жоқ: өз халқыңа қызмет етпей!»,- деп ой түйеді. Бұл өлеңде де ұлттық құндылық тұнып тұр.

Өнерпаз» деген өлеңінде: Қылжақтап екі ауылдың арасында,

Не пайда жүргендеріңнен құр сорайып?!

Бас болып, өнер білсең, тіпті жақсы,

Тамаша болдың жігіт таңғажайып [7,97-98 бет]. Автордың бұл өлеңі Ш.

Құдайбердіұлының «Талаптан да білім мен өнер үйрен, Білімсіз, өнерсіз болады ақыл тұл», - деген терең ойлы, көркем мұраларындағы өлеңімен мәндес келеді. "Әркім өз жанын тірілтуді керек қылса, ғұмырын ғылым-білімге сарп қылсын. Ғылым-білімге ғұмырын сарп қылмаған пенденің жаны өлік сияқты. Өзі өліп жатқан өлікті кім керек қылады" деумен адамзатқа өлмес сөз, өшпес өнеге айтқан зерделі ақынның өзі де өмір бойы ғылым-білімге ұмтылып, өмірі ізденіспен өткен екен. Не табылса да ғылым білімнен табылады деп, қараңғылық түнегінен жол таба алмай дағдарысқа түскен жұртына өлеңмен үндеу тастап, ғылым-білім арқылы халқын оянуға шақырады, азаттықты насихаттайды. Білім, ғылым, өнер рухани құндылықтың бастау алар тамыры екенін насихаттайды

Кімнің дұғасы қабыл болады ?

Дұғасы қабыл болатұғын адамдардың дұғасынан мақұрым қалма !

Ең әуелі дұғасы қабыл болушылар- сасқан, босқан, қысылған, қиналғандардың, олар хақында Айта Кәриме бар...

Екінші, дұғасы қабыл –ата-ана. Ата-ананың дұғасы бала үшін қабылдығына шәк, күмән жоқ. Жастар, балалар, ата-ананың дұғасынан мақұрым қалмаңдар. Шын ықыласпен ата-анасының қас-қабағына қарап, тік тұрып, іші елжіреумен берген батасын алып қалған бала екі дүниеде қор болмайды.

Үшіншіден, қанша оқыған ғылымыңнан бір кәт табуды ойласаң- ұстаздың риалығын ізде.

Төртіншіден, дұғасы қабыл –әділ патшаның халқына қылған дұғасы қабылдығында шәк жоқ, ешбір қате жоқ.

Бесіншіден, Құдайдан қорқынышы бар ізгі тақуа, пірлердің дұғасы қабылдығында шәк шүба жоқ.

Алтыншыдан, ата-анасын шын ықыласпен күтіп сыйлап, ризалығын алған баланың дұғасы қабылдығында шек-шүбә жоқ.

Жетінші дұғасы қабыл –халал жолда жүрген мүсәпір жолаушылар, ораза тұтқандардың дұғасы қабыл. Ауыз ашарында қажылардың дұғасы қабыл, сапарынан қайтып үйіне түскенге дейінгі қырық күнгеше намазхандардың дұғасы қабыл.

Барлық түркі әлемінің тарихи тұлғасына айналған біртуар азамат, ұлтымыздың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай: «Ұлттық құндылықтардан жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды» - деп келтірген болатын

Сөз соңында айтарым: ұлтымыздың бірегей талантты тумасы Мәшһүр Жүсіп атамыздың шығармаларының қазіргі жастар, қазіргі қоғам үшін пайдасы өте зор. Маңызды, мағыналы асыл дүниелер. Әсіресе мектеп оқушыларының бойына атамыздың әр сөзін терең сіндіріп жүрсек нұр үстіне, нұр болады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы бабамыздың мұраларын әлі де зерттеп, зерделейміз деген ойдамын. Жүрегі «елім», «жерім» деп соққан, елі үшін, халқының рухани байып, жетілуі үшін бар ғұмырын сарп еткен, шәкірттерінің терең білімі үшін, ұстаздық жолда да аянбаған, халқының маңдайына біткен жарық жұлдызы-Жүсіп атамыз, біз үшін қайталанбас тұлға, қазақ даласының мақтанышы.

... Тірлігінде шекпен кимей, шен алмай,
Еңбегінің қызығын да көре алмай.
От боп жанып өтіп кеткен ақынға
Мәңгілік қып өмір берген өлеңді – ай!

- деп Айтақын ақын жырлағандай, өлең өлмейді. Ендеше оны жазған ақын да өлмейді. Ол – біздер үшін өшпес те өлмес асыл мұра, қасиетті қазына.

3. Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

4. 1 “Алтын қалам” сайты
5. 2. Әзірет Барбол. Әулие Мәшһүр-Жүсіп және ұлттық рух
6. 3. Ғалымжанов Б. Білім мазмұнында ұлттық адами құндылықтарды жетілдіру- Ұлағат журналы. 2011-№ 3
7. 4. «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ- ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ЕСІМДЕРІ» атты ғылыми-теоретикалық конференциясының МАТЕРИАЛДАРЫ 2020 ж. 28-ақпан3
8. 5. Мәшһүр Жүсіп. Шығармалар жинағы 1-том Павлодар, 2013ж.

Сауранбаева Гулбану Амантаевна
Астана қаласы
Шерхан Мұртаза атындағы
№63 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛ ҚОЛДАНЫСЫ

Мақал-мәтел - сөз өнерінің анасы. «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» болған мақал мен мәтел дәйегі ойдың тұжырымдылығын дәл, нақ жеткізіге бағытталған. Ал көркем шығармада кейіпкердің мінезін ашуда мақал-мәтелді орынды қолдана білу, шығарма көркемдігін нақыштай түспек.

Жүсіпбек Аймауытов романдарында мақал-мәтелдерді өте ұтымды пайдалана білген. Көптеген көрініс, суреттеуден кейін Жүсіпбек не нәрсені болсын түйіп отырады. Мысалға Қарқожаның бейнесін суреттегенде «Жуас түйе жүндеуге жақсы ғой» деген мақал бар. Осы мақалдан біз Қартқожаның қақ-соқпен ісі жоқ екенін көреміз.

Уа, бозбалалар! Түстерің бұзылып, жүректерің алқынған көрінесіңдер. Шырақтарым, алқынбаңдар, аптықпаңдар. Жүректеріңді басыңдар! «Ашукәпір, ақыл-дос» деген. Аштықтан адам ақыл таба алмайтынын немесе «Арыстан айға шабамын деп аяғын сындырыпты» деген мақалдар Нұрмағамбет бидің сөзінде кездеседі. Кейіпкер тілінде кездескен бұл мақалдар кейіпкерлерді сөз саптау үрдістері арқылы дараландырады, қарапайым халықтан ерекшелендіріп тұрады. Ойды көркемдеп, әрі мағынасын тереңдетеді.

Халықтық ырымдарда шаман, ислам дінімен байланысты наным-сенімдермен көптеп кездеседі. Малы топалаң, ауру індет келгенде немесе қуаңшылық, аптап ыстық болғанда, құдайға жалбарыну салтын мақал-мәтелмен байланыстырады: «Құдай екең қырына бір алса, жуырда оңдырған ба? Таңдайын жібітіп отыратын «Бір бие-бұлақтың басы, екі - елдің асы» деп дәтке қуат қылатын көк бие еді, ол да өлді» деген сөзден ол атам қазақтың қашанда жылқы малына ерекше мән бергендігін көреміз. Осы жерде «мыңда да құт бар, жалғыз да құт бар» деген мақалмен не нәрсенің болсын берекесін берсін деген тұжырым жасайды.

Жүсіпбек Аймауытов шығармаларынан ұлтымызда ежелден наным-сенімдергі мән берілгенін көреміз. Наным-сенімдер көріністері жазушы романдарының өң бойынан көрініп тұрады және осы наным-сенімде мақал-мәтелді ұтымды қолданады. Қазақ атамыздың «Түс-түлкінің боғы» деген мәтеліне Жүсіпбек басқа бір қырынан қараған сияқты. Адамның жан жүйесін әбден зерттеген психолог ретінде ол зейін, қиял, тағдыр, түйсік, сезім заңдылықтарын терең түсіне отырып, түстің шындық өмір елесі екенін, өзіндік бір орны бар екенін дәлелдейді. Түс қалпында берілетін оқиға желісі адамның жан дүниесіндегі серпіліс, ойлау, қиялдау, күйіну-сүйсінуден туған нәтиже

деп қарайды да, сол арқылы образдың табиғатын тануға қажетті компонент ретінде шебер пайдаланылады. [1, 57]

Жүсіпбек Аймауытов мақал-мәтелдерді қолданған тұстарында да көлем жағынан ылғи шағын, қысқа бола тұра, дүниетанымы түбегейлі терең келеді. Қазақтың ауыз екі айтылып жүретін мақал-мәтелдердің орнын тауып, тиімді жерде ұтымды пайдаланылады. Мысалы «Ақбілек» романындағы Ақбілек пен кара мүрт арасындағы қоштасу сәтінде: «Жақсы лепес жарым ырыс» деген мәтелде де қазақтың ырымын дәл келтіріп отыр, сондай-ақ қоста қалған Ақбілектің жан дүниесін билеген сезімдерді көрсету үшін «Қорыққанға қос көрінер» деген мәтелді орынды қолданғанын көреміз.

Ж.Аймауытов қазақ мақал-мәтелдерін шығарма көркемдігін арттыру мақсатында үнемі қолданған. Оқушылармен мәтінді талдау жұмыс сәтінде оларға картотека әдісі арқылы мақал-мәтелдерді тергізуге болады.

Кесте 8 - «Ақбілек» романынан терілген мақал -мәтел картотекасы.

№	Мақал мәтелдер	Шығарма беті
1	Жақсы лепес-жаным ырыс.	105
2	Қорыққанға қос көрінер	107
3	Өлмегенге өлі киік	108
4	Құлақ естігенді көз көреді	130
5	Басқа түссе, баспақшы	102
6	Жаман иттің атын бөрбасар қояды	123
7	Есептескен дос болмайды	172
8	Құда мың жылдық	217
9	Ит ашуын тырнадан алады	227
10	Құдай бергенде, құлай береді	217
11	Сабыр түбі-сары алтын	229
12	Қонақ аз отырып, көп сынайды	227
13	Жығылғанға жұдырық	230
14	Зердің басын зәр алады, т.б	158

«Тарихи-көркем образ - жазушының ақыл-ой тезінен өтіп, сымбатталып шыққан өмір шындығының тұжырымдалған бейнесі деп танысақ, оқушы оны өз ойында зерделендіріп, елестетіп, ғылыми талдауларға сүйене отырып, ұғып, таныса, оның, (образдың) тәрбиелік те, білімділік те, күші артып, методиканың алдына қояр міндеті де, түйіні де шешіле бастайды. Өйткені көркем образ тек ақыл мен санаға ғана әсер етіп, сонымен тынбайды, ол сезімге де соншалық әсер етіп, із қалдырады.» -деген ғылыми тұжырым әдістеменің ғылыми болуын нақтылай түседі [2, 124].

Жүсіпбек Аймауытовтың шығармашылығындағы ең басты ерекшелік жазушы стилінің даралығында. Жазушы тіліндегі ерекшеліктерді оқытуда стиль даралығы мен өзіндік ерекшеліктерін де назарда ұстау керек. «Жүсіпбек Аймауытовтың роман, повесі-қазақ өмірінің айнасы. Ондағы сурет өлі, виртуалды сурет емес. Бір заманнан екінші заманға ауысқан қазақ ұлтының тыныс-тірлігі, сол өтпелі дәуір туғызған әлеуметтік-саяси типтер харекеті «Қартқожада», психологоясы - «Ақбілекте» бейнеленеді. «Күнікейдің

жазығында» жаңа өмір қарсаңындағы қазақ қоғамы тағы бір қырынан суреттелген. Жанры жағынан «Күнікейдің жазығы» құлықтылық тақырыпты повесть. «педагогика» атты еңбегінде жазушы құлық сезімдеріне тазалық, шыншылдық, ар-ұят, борыш-міндет, тағы да сол сияқты этникалық, моральдық құндылықтарды жатқызғаны мәлім. Сондықтан да оның туындыларында көтерілген проблемалар барша адамзаттық проблемалармен астасады.

Жүсіпбектің роман, повесть айнасында бүгінгі тәуелсіз қазақ елінің кешегісі қол бұлғайды. Жүсіпбек Аймауытовтың қуатты суреткерлік талантынан жаратылған асыл рухани дүние қазақтың қай ұрпағының да таусылмас ризығы, сарқылмас игілігі болып қала бермек».

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ж.Аймауытов. Шығармалары. Алматы. Жазушы, 1989. 588 бет.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы, 1982.

**М.Шоқай атындағы
№51 мектеп-гимназиясы ШЖҚ МКК
Смагулова Гулжанат Идрисовна**

КЕЙБІР ТРИГОНОМЕТРИЯЛЫҚ ӨРНЕКТЕРДІ АЛГЕБРАЛЫҚ ВЕКТОР ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ТҮРЛЕНДІРУ

Аңдатпа

Қазақтың ұлы академигі Қаныш Сатпаев 1919-1924 жылдар аралығында, студент шағында тұңғыш «Алгебра» оқулығын құрастырған. "Томск технология институтына түсерде ол біраз мектепте істеді. Балаларға сабақ берді. Қай сабақты қалай беру керек екенін көп ойланды. Содан "Математика ең қиын сабақ. Осыны қалай қарапайым тілмен жастарға жеткіземін?" деген оймен кітап жазды. Технологиялық институттың 2-3 курсына жүрген кезде сол кітапты жазып бітірді", - дейді ҚР Ғылым Академиясының Президенті Мұрат Жұрынов естелігінде. Қазақ тіліндегі алғаш математика оқулығын жазған Қаныш Сатпаев қуаты тасып, елге қызмет жасайтын тұсында дертке шалдығып, дәрігердің саумалмен емделу талабымен амалсыз ауылға оралады. Алайда қол қусырып жатқасы келмеген ғалым қазақ тіліндегі алғаш математика оқулығын 25 жасында 1924 жылы, араб графикасымен жазып шыққан. 592 беттік қолжазба артынша латын графикасына 1929 жылы (1400 бет) көшірілген. Бұл туралы негізгі қағидалар келтірілген. Сонымен қатар, еңбегінде векторлық әдіс принципінің негізгі бағыттары көрсетілгенін байқауға болады. 1914 жылы Семей мұғалімдер семинариясына түсіп, оны төрт жылда аяқтап, бастауыш мектептерге орыс тілінен сабақ беруге құқық беретін куәлікке ие болса да ұлы академик Омск технология институтының математика факультетіне оқуға түсу үшін, Томск университетінің математика факультетін бітірген Ғарифолла Нығметулиннен математика пәні бойынша қосымша сабақ алуын тоқтатпаған. Ізденістері, зерттеулері мен еңбектерін математикадан алыс ұстамағанын көруге болады.

Геометрия курсы қандай жолмен құрылса да онда міндеті, теоремаларды дәлелдеудің, есептерді шығарудың әртүрлі әдістерін қолдану болып

табылады. Бұлардың ішіндесі алгебралық вектор әдісі, координаттар әдісі және геометриялық түрлендірулер әдісі ерекше орын алады. Бұл әдіс-тәсілдер өзара тығыз байланысты.

Геометрияның теориясын дәлелдеу үшін және есептерін шешу барысында тиімді әдістердің бірі алгебралық вектор әдісі. Есептерді жалпы түрде шешуде де алгебралық вектордың атқаратын рөлі үлкен. Бұл туралы көптеген теориялық мәселелер мазмұнында теория тікелей қолданатын есептермен қосарланып баяндалу керек. Теориялық тұжырымдарды қолданып есептер шеше алған оқушы ғана сол оқу материалын толық меңгере алады деп ойлаймыз. Бұл тақырыпта жұмыс істеудегі негізгі мақсат геометриялық вектор әдісін алгебралық қолданылуы, оларды шешудің тиімді жолдарын қарастыру болатын. Осы мақсаттағы жұмысты орындау үшін қойылған негізгі міндеттерге сәйкес іс-шаралар атқарылды.

Түйін сөздер: вектор әдісі; жаратылыстану; алгебра; Қ.Сатпаев алгебрасы, геометрия; сабақтастық принципі.

Кіріспе.


Сабақтастық дегеніміз оқытудың әр түрлі сатысындағы оқушы білімнің арасында қажетті байланыстар мен қатынастар орнату. Ал сабақтастықты жүзеге асыруда шешуші роль атқаратын тұлға ол – мұғалім. Өйткені, ол тікелей оқушыларды білім қорымен қаруландырушы. Ендеше, сабақтастықты жүзеге асыруда мұғалім әр сыныпта берілетін білім мазмұнын, оқушының білім, іскерлік, дағдыларына қойылатын талаптарды және оқылатын тақырыптың қайсысы келесі сыныпта қалай жалғасады, қайсысы тередетуді, мазмұнын кеңейтуді қажет етеді, қайсысы меңгеруге қиындық келтіреді деген мәселелерді жақсы білуі керек. Әрине, ол үшін мұғалімді бағдарлама, оқулық, оқу-әдістемелік құралдармен жеткілікті қамтасыз ету қажет [1].

Қ.Сатпаев еңбектерінде, Э.А.Баллер еңбектерінде сабақтастықты философиялық категория ретінде қарастырып, ол сабақтастық ұғымына келесідей анықтама береді: «Сабақтастық – бұл дамудың әртүрлі сатылары мен кезеңдері арасындағы байланыс, барлығы жүйе ретінде ауысқан немесе қайта ұйымдастырған кезде жалпы алғанда сол немесе кейбір элементтердің сақталуы...» [2].

Оқытудың сабақтастық жүйесін құру бағытындағы зерттеу жұмыстарының арасынан А.М.Пышкало, А.В.Батаршаев, А.П.Сманцер еңбектерін атап айтуға болады [3].

Негізгі бөлім.


Теорема: Дөңес дұрыс көпбұрыштың центрінен төбелеріне тұрғызылған векторлардың қосындысы немесе төбелерінен центріне бағытталған векторлардың қосындысы нөлге тең (1-суретте дұрыс алтыбұрыш көрсетілген).



Дәлелдеуі: А.П.Сманцер математиканы оқытудағы сабақтастықты жүзеге асырудың теориясы мен практикасын зерттеген [4]. Яғни теореманы дәлелдеу үшін көпбұрыштың қабырғаларының саны жұп және тақ жағдайды қарастырамыз.


Сонымен, егер дұрыс дөңес көпбұрыштың қабырғаларының саны жұп болса, көпбұрыштың центрі арқылы қарама-қарсы бағытталған, ұзындықтары тең болатын векторлар жұбы бар болады. Векторларды қосудың 4-қасиеті бойынша ұзындықтары тең, бағыттары қарама-қарсы болатын векторлардың қосындысы нөлге тең. Теорема орындалады.

Егер дұрыс дөңес көпбұрыштың қабырғаларының саны тақ болса, онда векторларды қосудың «үшбұрыш ережесі» бойынша дәлелдейміз.



2 - сурет

Дербес жағдайда, $n=3$ болғанда дұрыс үшбұрышқа центрінен төбелеріне дейін тұрғызылған \vec{a} , \vec{b} , \vec{c} векторларының (2 сурет) қосындысы нөлге тең екендігін дәлелдейік. \vec{c} векторының басы \vec{b} векторының ұшына сәйкес келетіндей етіп параллель көшірейік. Үшбұрыш төбелерін А,В,С арқылы белгілейік (3 сурет).



3 - сурет


Векторларды қосудың «үшбұрыш ережесі» бойынша қосынды вектор $\vec{b} + \vec{c} = \vec{OD}$. AOD үшбұрышында $OA=AD$ және олардың арасындағы бұрыш 60° , себебі AOC бұрышы 120° , $AD \parallel OC$. Бұдан AOD үшбұрышы тең қабырғалы үшбұрыш екендігі шығады. OAB бұрышы 120° , AOD бұрышы 60°

болғандықтан, \overrightarrow{OD} және \overrightarrow{OB} векторларының арасындағы бұрыш 180° , демек олар бір түзудің бойында жатады. \overrightarrow{OD} және \overrightarrow{OB} векторларының бағыттары қарама-қарсы, ұзындықтары бірдей болғандықтан қосындысы нөлге тең. Демек, $\vec{b} + \vec{c} = -\vec{a}$. Олай болса $\vec{a} + \vec{b} + \vec{c} = \vec{a} + (\vec{b} + \vec{c}) = \vec{a} + (-\vec{a}) = \vec{a} - \vec{a} = 0$. Теорема дәлелденді

Кез-келген векторды өзінің сәйкес бірлік векторы арқылы анықтауға болады. Дөңес дұрыс көпбұрыштың центрінен төбелеріне тұрғызылған векторлардың қосындысы нөлге тең болғандықтан, радиусы бірге тең шеңберге іштей сызылған дөңес дұрыс көпбұрыштардың центрінен төбелеріне тұрғызылған бірлік векторлардың қосындысы да нөлге тең.

Декарттық координаталар жүйесінде бірлік шеңберді қарастырайық. Шеңберге іштей дөңес дұрыс көпбұрыш сызамыз. Векторлардың басы координаталар басында жататын, ал ұшы көпбұрыштың төбесінде жататын векторларды қарастырайық. Бірлік векторлардың координаталары $\vec{n}_0 = \{\cos \alpha, \sin \alpha\}$ арқылы анықталатыны белгілі. Мұндағы α - \vec{n}_0 мен Ox өсі арасындағы бұрыш. Векторлардың қосындылары нөлге тең, онда оның координаталары да нөлге тең:


Егер $n = 3$ болса,



$$\sin 0^\circ + \sin 120^\circ + \sin 240^\circ = 0$$

$$\cos 0^\circ + \cos 120^\circ + \cos 240^\circ = 0$$

Егер векторлар жүйесін α бұрышқа бұратын болсақ, онда



$$\sin \alpha + \sin(120^\circ + \alpha) + \sin(240^\circ + \alpha) = 0$$

немесе

$$\cos \alpha + \cos(120^\circ + \alpha) + \cos(240^\circ + \alpha) = 0$$

Салдары:

а) 360° -градусты (немесе 2π) кез-келген $n \geq 3$ санына бөліп, бөлінген бұрыштардың косинустарының немесе синустарының мәндерін қоссақ, әр уақытта мәні нөлге тең болады.

ә) 360° -градусты (немесе 2π) кез-келген $n \geq 3$ санына бөліп, бөлінген бұрыштарға кез-келген α бұрышын қосқандағы (яғни, α бұрышқа бұрсақ) косинустарының немесе синустарының мәндерінің қосындысы, әр уақытта нөлге тең болады.

Математиканы оқытудағы сабақтастық туралы айтатын болсақ, онда ең алдымен бастауыш мектептен орта мектепке (4-5 сыныптар) көшу кезінде байқалады, содан кейін 6-сыныптан 7-сыныпқа ауысу кезеңінде математикаың екі пәнге бөлінуі, яғни алгебра мен геометрияын оқыту кезеңінде, ары қарай 10-11 сыныптарда осы пәндерді дамыта оқытуға бастау болады [5].

Мектептегі математика курсын оқытуда сабақтастықты жүзеге асырудың екі бағытын бөліп қарастырамыз:

- 1) оқытудың аралас сатылары арасындағы сабақтастық;
- 2) оқытудың әрбір сатысындағы сабақтастық мәселелері [6-7].

Осы тұрғыда алғанда алгебра сабағы мен геометрия сабақтарының арасындағы сабақтастық мәселесін қарастыруға болады.

Тригонометриялық өрнектерді алгебралық векторлар әдісі арқылы түрлендіру тақырыбына мысалдар.


1-мысал:

$$\text{Есептеңіз } \sin 9^\circ + \sin 49^\circ + \sin 89^\circ + \dots + \sin 329^\circ =$$

Есептеудің 2 әдісін қарастырайық.

Бірінші әдіс – қосындыны есептеуде бірлік векторларды пайдаланайық.

Центрі бас нүктеде болатын, бірлік шеңберге іштей сызылған дұрыс $A_1 A_2 \dots A_9$ - тоғызбұрышын қарастырайыз.



$\vec{e}_i = \overrightarrow{OA_i}, i = 1, \dots, 9$ векторларын қарастырайық. $\overrightarrow{OA_1} + \overrightarrow{OA_2} + \dots + \overrightarrow{OA_9} = 0$. Олай болса векторлардың координаталарының қосындысы нөлге тең. Демек; абсциссалары:

$$\cos 9^\circ + \cos 49^\circ + \cos 89^\circ + \dots + \cos 329^\circ = 0$$

немесе ординаталары:

$$\sin 9^\circ + \sin 49^\circ + \sin 89^\circ + \dots + \sin 329^\circ = 0$$

Жауабы: 0.

Екінші әдіс тригонометриялық өрнектерді алгебралық жолмен түрлендірейік. Ол үшін қосылғыштарды топтастырып, көбейтіндігі түрлендіреміз:

$$\begin{aligned} \sin 9^\circ + \sin 49^\circ + \sin 89^\circ + \dots + \sin 329^\circ &= (\sin 9^\circ + \sin 329^\circ) + (\sin 49^\circ + \sin 289^\circ) + \\ &+ (\sin 89^\circ + \sin 249^\circ) + (\sin 129^\circ + \sin 209^\circ) + \sin 169^\circ = 2 \sin \frac{9^\circ + 329^\circ}{2} \cos \frac{9^\circ - 329^\circ}{2} + \\ &+ 2 \sin \frac{49^\circ + 289^\circ}{2} \cos \frac{49^\circ - 289^\circ}{2} + 2 \sin \frac{89^\circ + 249^\circ}{2} \cos \frac{89^\circ - 249^\circ}{2} + \\ &2 \sin \frac{129^\circ + 209^\circ}{2} \cos \frac{129^\circ - 209^\circ}{2} + \sin 169^\circ = 2 \sin 169^\circ \cos 160^\circ + 2 \sin 169^\circ \cos 120^\circ + \\ &+ 2 \sin 169^\circ \cos 80^\circ + 2 \sin 169^\circ \cos 40^\circ + \sin 169^\circ = 2 \sin 169^\circ (\cos 160^\circ + \cos 120^\circ + \cos 80^\circ + \\ &+ \cos 40^\circ + \frac{1}{2}) = 2 \sin 169^\circ (\cos 160^\circ + \cos 80^\circ + \cos 40^\circ - \frac{1}{2} + \frac{1}{2}) = \\ &= 2 \sin 169^\circ (\cos 160^\circ + \cos 80^\circ + \cos 40^\circ) = \\ &= 2 \sin 169^\circ (2 \cos \frac{160^\circ + 80^\circ}{2} \cos \frac{160^\circ - 80^\circ}{2} + \cos 40^\circ) = 2 \sin 169^\circ (2 \cos 120^\circ \cos 40^\circ + \cos 40^\circ) = \end{aligned}$$

$$= 2 \sin 169^{\circ} \left(2 \left(-\frac{1}{2} \right) \cos 40^{\circ} + \cos 40^{\circ} \right) = 2 \sin 169^{\circ} (-\cos 40^{\circ} + \cos 40^{\circ}) = 0$$

2 – мысал.

Қосындыны табыңыз: $\cos 400^{\circ} + \cos 800^{\circ} + \cos 1600^{\circ}$.

Қосындыны табудың 2 жолын қарастырайық.

Бірінші жолы – қосындыны есептеуде бірлік векторларды пайдаланайық.

Шешуі: Алдымен келтіру формулаларын қолдансақ:

$$\begin{aligned} \cos 400^{\circ} + \cos 800^{\circ} + \cos 1600^{\circ} &= \cos(360^{\circ} + 40^{\circ}) + \cos(2 * 360 + 80^{\circ}) + \\ &\cos(4 * 360^{\circ} + 160^{\circ}) = \\ &= \cos 40^{\circ} + \cos 80^{\circ} + \cos 160^{\circ}; \end{aligned}$$

Бірлік шеңберге іштей сызылған дұрыс тоғызбұрыштың центрінен төбелеріне дейін тұрғызылған векторлардың қосындысы нөлдік вектор болғандықтан, оның абсциссасы нөлге тең:

$$\begin{aligned} \cos 40^{\circ} + \cos 80^{\circ} + \cos 120^{\circ} + \cos 160^{\circ} + \cos 200^{\circ} + \\ + \cos 240^{\circ} + \cos 280^{\circ} + \cos 320^{\circ} + \cos 360^{\circ} = 0 \end{aligned}$$

Осы өрнектен

$$\begin{aligned} \cos 40^{\circ} + \cos 80^{\circ} + \cos 120^{\circ} + \cos 160^{\circ} + \cos(360^{\circ} - 160^{\circ}) + \\ + \cos 240^{\circ} + \cos(360^{\circ} - 80^{\circ}) + \cos(360^{\circ} - 40^{\circ}) + \cos 360^{\circ} = 0 \\ \cos 40^{\circ} + \cos 80^{\circ} - \frac{1}{2} + \cos 160^{\circ} + \cos 160^{\circ} - \frac{1}{2} + \cos 80^{\circ} + \cos 40^{\circ} + 1 = 0 \\ 2(\cos 40^{\circ} + \cos 80^{\circ} + \cos 160^{\circ}) = 0 \Rightarrow \cos 40^{\circ} + \cos 80^{\circ} + \cos 160^{\circ} = 0 \end{aligned}$$

Жауабы: 0

Екінші әдіс: тригонометриялық өрнектерді алгебралық жолмен түрлендірейік. Яғни, қосылғыштарды топтастырып, көбейтіндігі түрлендіреміз:

$$\begin{aligned} \cos 400^{\circ} + \cos 800^{\circ} + \cos 1600^{\circ} &= \cos(360^{\circ} + 40^{\circ}) + \cos(2 * 360 + 80^{\circ}) + \cos(4 * 360^{\circ} + 160^{\circ}) = \\ &= \cos 40^{\circ} + \cos 80^{\circ} + \cos 160^{\circ} = 2 \cos \frac{40^{\circ} + 80^{\circ}}{2} \cos \frac{40^{\circ} - 80^{\circ}}{2} + \cos(180^{\circ} - 20^{\circ}) = \\ &= 2 \cos 60^{\circ} \cos 20^{\circ} - \cos 20^{\circ} = 2 \cos 20^{\circ} (\cos 60^{\circ} - \frac{1}{2}) = 2 \cos 20^{\circ} (\frac{1}{2} - \frac{1}{2}) = 0 \end{aligned}$$

Жауабы: 0.

Екі мысалды екі түрлі әдіспен шығардық. Бірінші әдіс бойынша бұрыштардың айырымы - 40° болғандықтан, 360° -ты 9 ға бөліп, дұрыс тоғызбұрыштың центрінен төбелеріне жүргізілген векторлардың қосындысы нөлдік вектор болғандықтан, олардың ординаталарының (абсциссаларының) қосындылары нөлге тең. Векторларды 9° - қа бұрсақ, есептің шешімін аламыз.

Екінші әдіс бойынша қосындыларды топтастырып, қосындыларды көбейтіндіге түрлендіретін формулаларды пайдаланып шығардық.

Есептерді шешудің бірінші әдісі тиімді болып табылады. Себебі, қосылғыштардың саны артқан сайын екінші әдісті қолдану тиімсіз.

Қорытынды

Бұл ғылыми мақалада қарастырылған мәселенің барлығы мысалдардың берілуі күрделі болғанымен жаңа тәсілді қолдану арқылы шығарылу жолы әлдеқайда жеңіл қарапайым түсініктер арқылы теңдеулер жүйесінің шешімі табылды. Осы жұмыс арқылы математикалық есептерді шешкенде ілгері де қолданылып көрмеген тәсілдердің бар екенін мысалдарды шығару арқылы көрсетілді және ондағы есептер шығаруда тиімді болып табылатын қағидаларға тоқталып, олардың негізінде есептер шығару әдістері көрсетілді.

Векторлар ғылым мен техниканың көптеген салаларында маңызды рөл атқарып, есептердің алуан түрлерін шығаруда үлкен қолданысқа ие болып отыр. Мысалы, векторлар теориялық физикада, математикалық физикада, теориялық механикада, аэродинамикада, гидродинамикада, өрістер теориясында, электротехникада тағы басқа ғылыми салаларында қолданылады. Осыдан векторлық әдісті игерудің қаншалықты маңызды екендігін көрдік. Солардың негізгілерін тағы да атап өтелік.

1. Векторлар табиғат құбылыстарын зерттеуге кең қолданылады. Физиканың бірталай заңдары «вектор» тілінде өрнектеледі. Векторларды қолдану математиканы физикамен байланыстыруға, математиканы физикалық мазмұнды есептермен байытуға мүмкіндік береді.

2. Векторлық аппаратты геометриялық есептерге қолданғанда қазіргі заманға сай әдістеме, оның идеяларын зерттеу әдістері туралы түсінік беруге мүмкіндік туады.

3. Компьютерлік техникада, сызықтық программалау есептерінде, халық экономикасына байланысты есептерді шешуге қолданылады.

4. Векторлық әдісті пайдалану физика, информатика, астрономия және есептеуіш техника сияқты математикамен сабақтас бағыттарды жеңіл меңгеруге игі әсер етеді.

5. Астрономия және басқада карталарды кескіндеуге үлесі мол.

6. Ең негізгісі есеп шығаруда маңызды қызмет атқарады. Ылғида болмаса да векторлық әдістің көмегімен теңдеулердің, теңдеулер жүйесінің, теңсіздіктің кейбір түрлерін векторлық әдіспен шешуге болады.

Көптеген алгебралық есептер өзінің құралдарымен шешілмейді немесе өте күрделі жолмен шешіледі. Ал, керісінше мұндай есептерді қандай да бір векторлық тәсілді пайдалану арқылы шешуге болады. Көбінесе мектеп бағдарламасында есептерді дәстүрлі тәсілмен шешу қарастырылады, ал дәстүрлі емес тәсілмен, яғни стандарт емес тәсілмен есептерді шығару тек факультатив және қосымша сабақтарда қолданылады.

Қазіргі заман талабына сай әрбір оқытушы шығармашылықпен жұмыс істей отырып, өз пәніне деген қызығушылықты арттыруда түрлі ізденістермен тәсілдерді игеруі тиіс деп ойлаймын. Бұл жұмыста ұсынылған материалдар мен әдістерді мектеп математика пәнінің мұғалімдері мен әдіскерлердің пайдалануына болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- [1] Abylkasymova A.E, Nurmukhamedova Zh.M, Zhumalieva L.D «The Turkish Vector» Influence on Teaching the Exact Disciplines in Modern Educational System of Kazakhstan: on the Example of Teaching Algebra and Mathematics // Global Journal of Pure and Applied Mathematics. ISSN 0973-1768. 12, (4). - India, 2016, - P.3481-3491. DOI:10.37622/000000.
- [2] Базылева Н.В. Преемственность общего среднего и высшего образования на этапе школа - вуз // сборник статей II Международной научно-практической конференции. - г.Минск: БНТУ, 2018.
- [3] Шуиншина Ш.М., Альпеисов Е.А., Бурунбетова К.К., Жакупов А.А. Преемственность содержания учебных программ по естественнонаучным дисциплинам // Профессиональное № 8(4). С.2265-2275: в современном мире. 2018. Образование <https://doi.org/10.15372/PEMW20180414>.
- [4] Сманцер А.П. Теория и практика реализации преемственности в обучении школьников и студентов. - Минск.: БГУ, 2011.
- [5] Насирова Д.М., Ерженбек Б., Нурмухамедова Ж.М., Нурбаева Д.М. Обзор ключевых моментов при разработке образовательных программ по подготовке учителей по естественнонаучным предметам // Вестник науки и образования. - 2021. - № 7(110). - С.7-110 .
- [6] Нурмухамедова Ж.М. О проблеме преемственности курсов «Алгебра и начала анализа» в школе и «Математический анализ» в педагогическом вузе // Вестник КазНПУ им.Абая. Серия Физико-математические науки. - 2016. - № 2(54). - 56-61 бб.
- [7] Сыздыкбаева А.Д., Искакова А.Т., Бекмагамбетова Р.К. Вопросы формирования готовности будущего педагога к обеспечению преемственности дошкольного и начального математического образования // Педагогика и психология. - 2020. - № 1. - 12-25 бб.

**«Ақмола облысы білім басқармасының
Қосшы қаласы бойынша білім бөлімі
Қосшы қаласының №2 жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
педагог-сарапшы**

Туртжарова Галия Турсункуловна

Практическое применение физических процессов, описанных в историко-мемуарном романе Сакена Сейфуллина «Тернистый путь».

Особое место среди научных дисциплин занимает физика, основа многих направлений научно-технического прогресса. Физика дает возможность показа человечеству гуманитарной сущности научных знаний. Процесс изучения физики способствует воспитанию подрастающего поколения, формируя творческие способности личности, ее мировоззрения и убеждений.

В рамках проекта «8 минут чтения художественной литературы», организуемого с целью повышения интереса учащихся к чтению, расширения кругозора, дети ежедневно читают книги по 8 минут. То есть перед каждым уроком до начала занятий учащиеся уделяют 8 минут своего времени чтению книг.

Повышение эффективности процесса обучения вызывает у учащихся поддержание познавательного интереса, активности на уроках, повышению качества знаний, формирование положительных мотивов учения. Применение чтения фрагментов художественной литературы способствует развитию творческого мышления, учащиеся вникают в прочитанное и понимают практическую значимость многих физических процессов, которые можно применить на практике, что способствует более прочному усвоению знаний.

Увидеть и понять красоту физического явления или процесса позволяет удачно подобранный отрывок из художественного произведения, повышая интерес к предмету физика. Учащиеся осознают, что физика может представляться в различных ипостасях:

-художественное описание помогает создать наглядный зрительный образ изучаемого помогая достичь достоверного описания физических процессов.

-изобретения технических устройств, мысли ученых, история открытия законов и явлений, иллюстративное изображение открытий физики вызывают у учащихся живой интерес, побуждая задуматься о смысле значимости предмета.

В связи с тем, что в этом году Сакену Сейфуллину, которому бы исполнилось 130 лет решили в рамках проекта «8 минут чтения художественной литературы» обратить особое внимание на его историко-мемуарный роман «Тернистый путь». Ниже приведу несколько эпизодов данного произведения и его взаимосвязь с физическими явлениями и процессами.

В главе «Чучело» автор описывает юрту, которую посетили в ауле Нурмагамбета: «В передней безлюдной половине были разостланы ковры и узорчатые кошмы. Жигит молчаливым жестом пригласил нас дальше. Войдя во вторую юрту, мы увидели дивную роскошь. Здесь не было и клочка, величиной с ладонь, который не был бы застлан пестрым шелковым ковром. На стенах висели бархатные ковры, блестел атлас, светлело серебро. У самой стены полукружьями, высотой с аршин, возвышалось нечто вроде

скамьи, застекленной дорогими коврами, обшитыми сеизу бахромой с кистьями. Уфки и нанырак были раскрашены с светло-синий цвет и обвиты бахромчатой тесьмой. На почётном месте поверх ковров лежат шелковые одеала....» Наши предки на основе своей интуиции строили свое жилище по законам физики. Юрта имеет круглую обтекаемую форму, если бы она была плоская, то сразу же упала, так как мы знаем в степи страшные ветры. По закону Всемирного тяготения Ньютона в юрте применимы правила сложения сил, так как складываются в виде тонких жердей, которые поддерживают круг. Зимой юрту покрывали войлоком, войлок является плохим проводником тепла. Поверх войлока выкладывали бересту, так как береста плохо проводит влагу, береста имеет белый цвет, то есть является хорошим отражателем солнечных лучей, поэтому летом в юртах всегда было прохладно, то есть происходит теплоизоляция. Если же рассмотреть отопление юрты, мы знаем что юрта отапливалась за счет расположенного в ее центре очага. Тепло по юрте, распространялось за счет излучения, от дыма шли теплые лучи и за счёт конвекции, циркуляции потоков воздуха. Зимние юрты отличались от летних, они были более низкими, так как юрта имеет полусферическую форму, ее площадь увеличивается, тепло направляется по всему объему, конвекция происходит намного медленнее. Летние юрты были выше, почти конической формы, конвекция в них проходила быстрее, во время дождей от поверхности юрты струи воды быстрее стекали на поверхность земли - этот эпизод был прочитан и разобран учащимися 9 «В» класса.

В главе «В лапах атамана Анненкова. Этап из Акмолинска» автор пишет: К полудню разразился буран. Пришлось остановиться в одном из казахских аулов и переждать буран. Здесь нас покормили.....После бурана мороз стал еще злее. Снежная сухая пороша ослепительно сверкала. Мы двигались медленно по тридцать-сорок верст за день...» В этом отрывке описывается свойство тел – теплопроводность и световые явления, точнее законы отражения света. Теплопроводность – способность материальных тел к переносу энергии (теплообмену) от более нагретых частей тела к менее нагретым частям тела, осуществляемому хаотически движущимися частицами тела (атомами, молекулами, электронами и т. п.)- этот эпизод был прочитан и разобран учащимися 8 «В» класса.

В этой же главе автор описывает явление диффузии и силы всемирного тяготения. Сила всемирного тяготения (гравитационная сила) – эта сила является силой притяжения и действует между всеми телами. Ньютон сформулировал закон всемирного тяготения: две материальные точки притягиваются друг к другу с силой прямо пропорциональной произведению их масс и обратно пропорциональной квадрату расстояния между ними. Что нужно сделать, чтобы выдернуть казаха за шиворот? Для того, чтобы выдернуть казаха, необходимо преодолеть сопротивление грунта, и сообщить ему какое-то минимальное ускорение $a=F/m$. Каждый участник может действовать с некоторой силой: «Бредем дальше. Встречаем возвращающихся из города путников, сани, нагруженные зерном, верблюдов, навьюченных тяжелыми мешками. Из заиндевших тулупов смотрят на нас замершие,

посиневные лица. Еле двигаются несчастные, видно, что бредут из далеких бедных аулов.

Один из конвоиров-атаманцев неожиданно схватил ближнего казаха за шиворот и толкнул его в сугроб. Подумав, стащил с него барашковый малахай. Другой конвоир отопрал у вотрого казаха теплый шарф из козьего пуха. У остальных казахов брать было нечего, поэтому конвоиры просто ради потехи поколотили их и повалили в снег. Один из атаманских молодчиков, раздасованный, что ему не удалось ничем поживиться, подскочил к навьюченному верблюду и саблей начал кромсать мешки с мукой. Мука высипалась на землю.»- этот эпизод был прочитан и разобран учащимися 8 «В» класса.

Мы как учителя предметники должны способствовать тому, чтобы каждый ученик на примерах повседневной жизни, развивали интерес к предмету, а также приобщился к чтению художественной литературы. Это поможет расширить его кругозор. Помимо этого, чтение способствует увеличению словарного запаса, ежедневной тренировке мозга и улучшению памяти, а также творческого мышления ребенка. Эта привычка окажет положительное влияние на повышение качества образования.

**Астана қаласы Барлыбек Сырттанұлы атындағы
№34 орта мектеп директоры, пәні педагог-психолог,
біліктілігі педагог-сарапшы
Ахметов Мурат Ескендинович**

**«Қазақ поэзиясының тауда туып, тасында өскен құлагері»
І. Жансүгіровтың 130 жылдығына орай баяндама**

Ағынды менің Ақсуым,
Ақырып әлі ағасың,
Ақиланған ашумен,
Ақтарды асқар сабасын.
Тас тарпуын, шапшуын,
Қарасаң қайран қаласың,
Жалғыз жазғы бір кеште,
Жағаладым жағасын -деп, Жер жаннәті жетісу өлкесіндегі Ақсу ауданының
қара тауында туып, тасында өскен жыр құлагері Ілияс Жансүгіровтың биыл
130 жылы тойлануда.
Жатпаған жыр кестесін құрап, өрмей,
Бір өзінің дара жолы кітап бір әлемдей.
Заманында өзгеден оза шапқан,
Ұрпағына Ілияс Құлагердей.
Жырлары табиғаттың таң нұры еді,

Жерім деген зор мықты бар жігері.

Ілияс Ақ тастының тасында өсіп,

«Ақсуым менің» -деп соққан ақ жүрегі. -дей келе «Тауда туып, тасында өскен жыр құлагері» туралы сөз қозғамақпын.

Алдымен өзімді таныстырып өтейін. Иә, Ілиястың туған өлкесі қасиетті, киелі қаншама тұлғалар туып өскен Жетісудың жеті өзенінің бірі ағып жатқан Ақсу өзені екені бәрімізге мәлім. Осы Ақсу өзенінің суын ішіп, тасында өскен қазақтың ең алғашқы «Қазақ елінің Уставы» еңбегін жазған заңгер Алаш қайраткері Барлыбек Сырттанұлы атындағы №34 орта мектебінің директоры Ахметов Мұрат Ескендірұлымын.

Менде осы Ақсудан шыққан бала кезімнен Ілиястың өлеңдерін жатқа оқып, аудандық, облыстық Ілияс оқуларының бас жүлде, бірінші орын иегері атанған, киелі өлкенің азаматы ретінде бүгінгі конференцияға қатысуға сұраныс білдірдім.

Арнайы сіздердің назарларыңызға Ілияс атамыздың өзінің кіндік қаны тамған « Ойтоған» ауылын және аудан орталығы атанған дәл бүгінгі күндегі Жансүгіров ауылының көрінісін көре аласыздар. Менің балалық шағым осы ауылдың тасы мен тауында өтіп, адами құндылықтар мен мінездің қалыптасуына әсер еткен біздің өлкенің табиғаты деп білемін.

Ілияс лириканың бар саласында қалам тербеген дарын. Оның қазақ поэзиясын өркендетуге ерен үлес қосқан саласы - пейзаждық лирика. Табиғатқа арналған өлеңдерінде сөзбен сурет салуға барынша шебер екенін көреміз. «Жазға салым», «Жазғытұрым», «Жазғы шілде», «Жаз», «Қыс», «Мезгіл суреттері», «Жел», «Жетісу суреттері», т.б. өлеңдері осының айғағы. 1925 жылы қазақ поэзиясына ұлы жаңалық әкелген «Жетісу суреттері» өлеңін оқығаннан кейін М.Әуезовтің - «мен Ілиястың шын ақындығына ден қойдым» деуі тегін емес.

Жер таппан жерге жетер Жетісуым:

Күркілдек, Көксу, Лепсі, Іле, Шуым,

Асқардың аспан сүйген сілекейін,

Жан бар ма татпайтұғын, айтпайтұғын.

Бөленген бұлтқа мәңгі меңіреу күз,

Ну тоғай, қоғалы көл, қоңыр құмым.

Асқардан ақтарыла арқыраған,

Жөкеңнің кім аңсамас балдай суын.

Жетісу, кеудең асқар, аяғың қол,

Қоңың құм, мықынында бар сексеуіл.

Тау жайлап, қоңыр күзеп, құмды қыстап,

Ол бір маң мал есірген өлкедегі ел.

Міне, осы өлең жолдарында туған өлекенің табиғатын барынша көрсете білген.

Жыр құлагері Ілияс жастайынан өзінің анасынан ерте айырылған ол әке тәрбиесін көріп өсті. Әкесі Жансүгір аз ғана дәулеті бар, ескіше хат танитын, батырлық дастандар, тарихи оқиғалар мен аңыз-ертегілерді жақсы білетін, он

саусағынан өнер тамған адам болған. Ақынның өзі туған жылын былай деп еске алады:

"Менің жылымды "жылқы" дейді, онысы 1894 жыл болатын. Жазға салым туыптын. Анамды аз білемін, төрт жасымда жетім қалдым. Әліпбиден әкем өзі оқытты. Менен басқа бала оқытқан кісі емес. Тек қыстың ұзын түндерінде білтелі шамның жарығында бір шыбықты ала отырып, мені тізеге алушы еді". Бұл сөздерінен қарайтын болсақ әке тәрбиесін көріп өскен Ілияс туған жердің топырағын сүюіне бала кезінен әкесінің аңыз-ертегілері, батырлық дастандары, тарихи оқиғалары арқау болғаны байқалады. Сонымен қоса Ілияс өзі жайлы жазып қалдырған құнды деректе бала кезінде "сөзге үйірлеу, құйма құлақтау" болғанын айтады.

Жалынды жыр құлагері Ілияс ақынның туған еліне, жеріне деген шексіз махаббаты өзінің «Мен өзім тауда туып, тасында өстім,» атты өлеңінде туған жерінің тауында бұлттармен теңесіп, құламалы құздардың астында, Алматының Алатауында тауды сүйіп өскен.

Сондықтан бір қазақтың тауды сүйген,

Тасы жоқ, таусыз жерді жерсінбеген.

Алматым Алатаудың бауырында.

Аңқылдап жел соққандай ән мен күйден. -деп өлеңін түйіндейді.

Өлеңдеріндегі ең басты табиғатқа ғашықтығы ақынның ұрпаққа отанды сүюге, оның тау мен тасын, топырағынның қадірлі екенін түсіндіргенін аңғарамыз.

Көк кілем қатипадай жасыл жайлау,

Қаз-қатар ауыл арты желі байлау.

Жайлаудың жаз мезгілін елестетіп,

Мақтаншақ мінезім бар жұртқа айқайлау. -деп жасыл жайлауда жайлаған әсем желі маздап соққандағы керемет ауылдың жазғы бейнесін көрсетіп және осындай ауылыммен жұртқа айқайлап әрқашан мақтанатыны көрініп тұр.

Кең жерінің көгалды даласындағы көкте түнде шыққан айын алтынға теңеп, күндізгі күнін күміске теңеп, ақ тасын маржан деп ең құнды заттарға, балап тұрғанынан Отанының әр тасының қымбаттығын өлеңінде жеткізіп отыр. Бұл шумақтардан біз Ілиястың жеріне, табиғатына тым қатты ғашықтығы білініп тұр. Қай өлеңін қарасақта біздің байқайтынымыз құндылыққа айналған жерінің табиғатына ғашықтығы, сүйіспеншілігі аңғарылады. Тек қана тау мен тасты, өзен мен көлді ғана емес, ақын өлеңдерінде қыбырлаған құрттар мен жыбырлаған құмырсқаларына дейін жырлап қымбаттысына айналдырады, атап айтсақ «Біздің жазда» өлеңінде бозторғайдың шырылын, үйрек сытырын, қаз пырылын, қоздаған қой мен боздаған түйенің, қарқылдаған қарғаның, саңқылдаған қудың, жұмыртқалаған құс пен шыбындаған малдардың, маймақтаған боталар мен тайрақтаған тайлақтардың жосылған сиырлар мен маңырап-жамыраған қой-қозылардың, мөңіреген бұзаудың жалпы түрт-түлігі мен құстарына дейін сүйгенін көреміз.

Балалардың эстетикалық тәрбиесі үшін табиғат көріністері мен табиғат заттарын суреттеуде бұл өлеңдердің оларға тигізетін әсері өте зор. Ілияс «Жазғытұрым» деген өлеңінде:

Ой, балалар, балалар
Жылы-жылы жел соқты,
Жылғалардан су ақты.
Қандыл-каншыл қаз кепті,
Жер қарайды — жас кепті,
Желкілдейді көк майса,
Желіндейді мал жайса...
Ел ешкісін қырқыпты,
Егіндерін жыртыпты.
Ой, балалар, балалар,
Ойналық та күлелік ,

Қос басына мінелік- деп, көктемнің шығуымен байланысты табиғатқа жан бітіп, қандай өзгерістер, жаңалықтар болатынын суреттеп, айналадағы түрлі құбылыстарға зер салуға үйретеді. «Ойналық та күлелік, қос басына мінелік» деп өмір тіршілігіне өздерін де араласып кетуге шақырады.

Балаларға өмір таныту жолдарын өздерінің күнделікті көз алдында өтіп жатқан жаратылыс құбылыстарымен байланыстыра суреттей отырып, сол арқылы шаруашылыққа араластырып, еңбек етуге бейімдейді.

Көпшілігіміз бүгінгі күнде қалалы жерде тұрып жүргендіктен, даламыздың әр қилы көріністері мен жанға шуақ беретін табиғатымыздың сұлулығын көріп сүйсіне бермейтініміз анық. Алайда анда-санда жылына бір-екі рет қана демалыс орындарына барып қайтатынымыз жақсы әсер бергенімен балалық шақтағы ауыл көріністерін, тау самалын әлі күнге дейін аңсайтынымыз белгілі. Біздің көрген ауылдың көріністері мен таудың баурайларын бүгінгі ұрпақтарымыз түсініп, сезініп білуі үшін мектеп бағдарламасына Ілиястың табиғатқа арналған біршама өлеңдерін кіргізуді әр мектепте «Ілиястану» мұражайлары ашылып, тек қазақ әдебиеті сабақтарында ғана емес, жаратылыстану, география сабақтарында да Ілиястың өлеңдері арқылы талдаулар жүргізілсе бүгінгі ұрпаққа берері мол болмақ.

«Арттағыға сөзің мен ісің қалсын» -деп ұлы ақын Абай атамыз айтқандай, кешегі асылдардың сынығы, жырды пырақ етіп көкте самғаған ақын, үш бәйтеректің бірі, Алаш ардақтысы тау тұлға Ілияс Жансүгіров біздердей бүгінгі жаңа ұрпағына өшпес, өлмес зор мұра қалдырып кетті. Сондықтан сіз бен біз өз балаларымыздың болашағын ойлайтын болсақ, **«Қазақ поэзиясының тауда туып, тасында өскен құлагері» атанған Ілияс Жансүгіровтың өлеңдерін насихаттап, еліміздің керемет табиғатын тірілте жырлаған Ілияс Жансүгіровты біз әрқашан жас ұрпаққа дәріптеп, санаға сіндіріп, әрдайым оқытуды негізге алуымыз керек.** Ұрпағымыз елімізді, жерімізді сүйіп өсуге барынша ықпал жасауымыз қажет. Кез-келген дүниенің жүректен шығып, жүрекке жететіні табиғатында екені бәрімізге мәлім.

Бүгін сіздерді Ілиястың ауылына, мол шығармашылығына, кең табиғатына саяхатқа апарған болсам, менінде өз жерімді, туған өлкемді мақтан ететін бүгінгі күннің азаматы ретінде парызымды орындадым деген ойламын.

Астана қаласы, «№43 қосымша білім беру мектеп -орталығы»,

«Жүсіпбек Аймауытов шығармашылығындағы тың нақыл сөздері»

Жүсіпбек Аймауытов -қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі. Туып өскен жері Повладар облысының Баянауыл ауданына қарасты бұрынғы «Қызыл ту», қазіргі Жүсіпбек Аймауытов ауылы. Арғын тайпасы Сүйіндік руы Құлболды бөлімінен шыққан. Әкесі Аймауыт кедей болғанымен, арғы аталары Дәндебай мен Қуан атақ-абыройлы, бай, ел арасында білікті кісілер екен. Жүсіпбек жастайынан арабша хат тану, оқу үйренген. 1907ж. бастап Баянауылдағы орысша-қазақша екі кластық мектебінде, Керекудегі қазыналық ауыл шаруашылық мектебінде, Керекудегі екі класты орыс қазақ мектебінде оқиды. Бір жағынан бала оқытып, қаражат табады. 1911–1914 жж. ауылда мұғалім болып істейді. Жүсіпбек астан -кестен ауыр, бірақ ерекше қуатты әлеуметтік төңкерістер заманында өмір сүрген, ол өзінің қысқа ғұмырында атына сай бай бағалы әдеби ғылыми мұра қалдырып үлгірді. Ол В.Шекспир, В.Гюга, Г.Мопассан, А.С Пушкин Н.В Гоголь, Л.Н Толстой шығармаларын аударды. Сонымен қатар педагогика, психология, методика, эстетика тәрбие туралы зерттеулерді тудырды, әдебиет, эстетика, сын саласына араласты, сан алуан публицистик мақалалар жазды, «Қартқожа», «Шернияз», «Ел қорғаны», «Комплексті оқыту жолдары», «Жан жүйесі», «Өнер таңдау»-күрделі таланттың қазақ әдебиеті тарихындағы өлмейтін орны бар шығармалар. Қазақ әдебиеті мен мәдениетін жаңа өреге көтеруге өлшеусіз үлес қосқан. Жүсіпбек нақыл сөздері қастерлі құнды өз тұжырымы бар, ойлы, мағыналы сөздерімен танылып отыр. Семей оқытушылар семинариясында білім алған дарын жер жаһанды теңселткен аласапыран дәуірде қоғам ісіне кірісіп, қайраткерлік тұлғасымен көрінді. Ұлт зиялыларымен араласып, әлеумет жұмысына жегілді. М.Әуезовпен «Абай» журналын шығарды. 1920-1929 жылдары Қазақ Халық ағарту комиссариаты орынбасары, Семей губерниялық оқу бөлімі меңгерушісі, «Қазақ тілі» газеті редакторы, «Ақ жол» газетінің бөлім меңгерушісі, Шымкент педагогикалық техникум директоры қызметтерін атқарды. Қарқаралыда мектеп мұғалімі болды.

Ә.Бөкейхан бастаған ұлт қайраткерлерінің саяси мектебінде шыңдалған Жүсіпбек 1920 жылдардағы аштық алапатында азаматтық парызын өтеуде қазақ баласына үлгі-өнеге шашты. Семей губерниялық Аштарған көмек комиссиясының уәкілі қоғамдық қызметін атқарған қайраткер «Ашыққан ел һәм Семей азаматтары» (Ақ жол. 1922. 25 апрель), «Торғай аштарына апарылған жәрдем туралы» («Ақ жол» 1923. 27 май), «Атқа мін азамат!» («Ақ жол» 1922. 15 июнь) мақалаларымен дүйім жұртты қасеретке тап болған

қандастарына қорған болуға үндеді. Жүсіпбек – қазақ классикалық әдебиетінің белді өкілі. Өнердің эстетикалық табиғатын зерделеп, «Абайдан соңғы ақындар», «Абайдың өмірі һәм қызметі», «Мағжанның ақындығы», «Әдебиет мәселесі» (Талқыға), «Көркем әдебиетті саралау» т.б. мақалаларымен қазақтың асыл сөзін, әдебиет алыптарын пролеткульшілдік саяси қаралаулардан қорғауды суреткерлік парызы санады.

Энциклопедиялық білім иесінің музыка, театр, өнер хақындағы «Театр кітаптарын қалай көбейтеміз?», «Театр кітабы туралы» (Театр кітапсыз түрленбейді, көгермейді), «Музыканың пайдасы», «Ән-күй жайында», «Күйлерді жинау керек» т.б. толғаныстарындағы нақылдары театртану, өнертану иіріміне бойлатудағы тың қадам болуымен құнды.

«Тәрбиеге жетекші» (1924), «Психология» (1926), «Жан жүйесі мен өнер таңдау» (1926), «Комплекспен оқыту жолдары» (1929) іргелі еңбектерімен қазақ ғылымында педагогика, психология ілімдерінің негізін қалап, тың ізденістер мен жаңа бағыттарға жол ашты.

Қазақ тіл білімінің дамуына еңбек сіңірген ұстаз, әдіскер, лингвистің ана тілі, емле, әдістеме хақындағы «Қазақ тілін іске асыру қамы», «Емлені өзгертуге жоба», «Жазу таңбамызды азайту туралы жоба», «Ана тілін қалай оқыту керек?», «Пән сөздері қалай табылады?» «Тіл туралы», «Қазақша қат таныту әдістері», «Ана тілінің оқыту әдісі (Қат таныту алдындағы жұмыс)» т.б. ғылыми мақалаларының өрнегі ұлттық бояуы қалың нақылдардан суарылған.

НАҚЫЛДАРЫ

Басы аманның тасы түгел.

(Азық-түлік жайлы)

Әрбір сөздің қадірін қасиетін білетін қазақпыз түгел бәрі бар деп есептейміз. Көңіл орнында, қарын тоқ ішіп жеймін демейміз. Бас аманшылыққа тәуба деген дұрыс. Қазіргі уақытта азық-түліктің барлығы жетістікте.

Мақтаншақ кісі «өзімшіл», мен-мен кісі; мен-мендік, тәкаппарлық – адамдық міні, тәрбиенің жоқтығы.

(Партия)

Мақтаншақ жақсы қасиет емес, өз-өзін шамадан тыс жақсы көретін адамдар, адам негізінде өзгеден емес, өзгенің алданда ұялу керек. Ел алдында есеп беру керек. Абай атамыз айтқандай, «Бес нәрсеге қашық бол, Адам болам десеңіз, өсек, өтірік мақтаншақ, еріншек бекер мал шашпақ, бес дұшпанның білсеңіз».

Кеше көрген қиянатты бүгін тойса ұмыту, өз пайдасын, келешегін болжамау – қазақтың ой көзінің тарлығынан...

(Партия)

Қиянат жасамау саналы сүйіспеншілік тыныштық, жақсы әрекет жасау, қазақтың ой көзінің тарлығынан сақтану. Жалпы адамзаттың құндылықты түсіну. Абайдың 37 -қара сөзі.

Тән қуатты болса, жан қуатты, ажарлы болады. Нашар жаннан осал мінездер туады.

(Қазақтың өзгеше мінездері)

Ашулы адамның сөзі де аз болса, ыза-қуаты артында болғаны. Яғни сабырлы, салмақты болып саналады. Ал тән қуаты болса, жан қуаты ажарлы болады. Нашар жаннан осал мінездер байқалады. Кейде мінезде адамды сақтайды.

Оқығандар ендігі жас балаларға өздері үлгі болып, надандықтан шығарып, адамшылықтың жарық жағына сүйреуге міндетті.

(Қазақтың өзгеше мінездері)

Оқымысты, ғұламалар надандарды, адамшылыққа ар-ожданым тазалығы, адамның адамгершілігі жақсы ісімен танытады. Адамға деген ізгі ниет, сүйіспеншілікке бағыттау.

Ешкімнен қорықпаған би әділ болмақ; ондай әділ биде туысқан жоқ.

(Мемлекет құрылысы)

Қазақ қоғамын түрлі қатерден сақтап, елдің ішкі тәртібі мен сыртқы салмағын саралап отырған кешегі билер өнегесі бүгінгі ұрпаққа үлгі болары сөзсіз. Алайда, сол би-шешендеріміздің тарихтағы орны мен маңызын әлі күнге дейін дұрыс дәріптеп, жастар жадына тоқыта алмай жүргеніміз көңіл қынжылтары сөзсіз.

Мемлекет негізі қандай жақсы болса да, адамның бостандығына бір қорғаншақтық болмай қоймақ емес.

Тіршілікте тамақтан басқа ғылым, өнер-білім керек.

(Мемлекет құрылысы)

Елеулі ел болам десе, санаулы сыбаға алам десе, алатын кезі келді. Алғанда немен алады? Әрине, белдесіп, теңдесіп отырып айтысса алады. Белдесуге күш керек, теңдесуге жол керек.

(Қазіргі саяси хал)

Қазақ халқында «Ел боламын десең, бесігінді түзе» деген терең мағыналы сөз бар. Шындап келгенде, әрбір отбасы қоғамның бір бөлшегі, шағын Отан. Отбасы – әрқайсымыз үшін сүйіспеншілік, сыйластық, жарастық, татулық орнаған қасиетті мекен. Осы кішігірім «Отанымызда» бойымызға дарыған тәлім – тәрбие, елімізге, жерімізге деген сүйіспеншілік, ар – намыс қағидалары өмір бойы бізді жетелеп жүреді. Себебі, отбасының бала тәрбиесінде алар орны ерекше, баланың қалыптасуы отбасынан бастау алады, сондықтан да туған үйдің жылуы – оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі

есінде жүреді. Ата мен ананың тәрбиесі қатар жүрген жерде жақсы азамат қалыптасатыны сөзсіз. Осы ретте ойыма «Ұлдың ұяты әкеде, қыздың ұяты шешеді» деген мақал түсіп отыр, яғни халқымыз ұл баланың да, қыз баланың та отбасынан бастау алатын тәлім – тәрбиесіне аса мән берген. Не болса да Отанның бір бөлшегі – отбасына ештеңе де жетпейді! Өйткені отбасы – табиғаттың әр адамға сыйлаған керемет бір сыйы! Соны мәңгі есте сақтап, ұмытпаған жөн! Белдесу де, теңдесу де, айтысу да отбасынан бастау алады.

Әлде болса, «Ханның қара сыбағасы» деп алдымызға әкеліп беретін автономия жоқ, бұ заманда сыбаға ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен алынады.

(Қазіргі саяси хал)

Жалпы жұрт ел болайық деген нанымды көңіліне тоқыса, ел болады. Басшының соңынан ерсе, айтқанын қылса, азаматын, ат-тонын аямаса, ел болады.

(Қазіргі саяси хал)

Артынан елі ермеген басшы – басшы бола алмайды. Басшының артынан ермеген ел – ел бола алмайды.

(Қазіргі саяси хал)

Ақылды дана, рахымды әділ, шынға сусаған, қиыңды жөнге, қисықты тезге салмақ болған, бұзықтықпен алысып өткен Абай еді.

(Журнал туралы)

Қазақтың әдебиетіне жан берген: сөздің сыртын сырлап, ішін түрлеген, өлеңнен өрнек шығарған, ақындық, сыншылдық бірдей дарыған Абай еді.

(Журнал туралы)

«Халықтың қамын же, адам баласын бауыр тұт, адамшылыққа қызмет ет» деген Абай болатын, өмір жолында Абайдың айтпағаны аз. Ақыл, білім, сезім, терең ойлылығына қарағанда Абай қазақтан шыққан философ (данышпан).

(Журнал туралы)

Әдебиетімізге де негіз салған Абай, адамшылық, тәрбие, ғылым, өнеркәсіп деген сөздерді терең ойлап, тексерген де Абай. Қазақтың тұрмысын, өмірін, мінезін айқын суреттеп, кемшілігін көрсеткен де Абай.

(Журнал туралы)

Қазақта қашаннан білгіштің соңынан ергіштік береке бар.

(Журнал туралы)

Еңбек қылған ер қадірін білу – ел борышы...

(Журнал туралы)

Тіршілікте, адам баласы нелер күйге түспек: бейнет шекпек, рахат таппақ; өкінбек, үміт етпек, адаспақ, түзелмек; талай ажалға басын да

байламақ, талай соққы да жемек. Бұған себеп не? Мұнша түрлі халге түсіретін не? Ол – тіршілік күресі: бас қорғау, мал қорғау, ел қорғау, жер қорғау, айналасы бір тұрмысты жеңілдетіп, күнелту.

(Журнал туралы)

Әр нақыл сөзінде мағыналы ой, орынды айта білген адам, жүйелі түрде сөзін жеткізе біледі. Қорыта келе айтарым, Жүсіпбек Аймауытов өте дарынды, талантты сөзге шебер, еңбегі адал елеулі ұстаз ретінде адами құндылығы реалистік туындылар жазған, сол замандағы ұлт зиялылардың екі түрлі сенім-наным қақтығысқа түсуі жайында шығармасында керемет бейнелеп жаза білген жазушы, азамат соғысы кезіндегі ел ішіндегі ала сапыранды, қылмысты, саяси көзқарасты адамдар арқылы сомдап бейнелеп жаза білді.

Астана қаласы
« NURORDA » мектеп-лицейі
бастауыш сынып мұғалімі
Сипотаева Динара Кизикеевна

Оқытудың жаңа технологиясын бастауыш сыныптарда қолдану ерекшеліктері мен мүмкіндіктері

Қазіргі уақытта білім беру саласында түбегейлі өзгерістер орын алуда. Екінші буын стандарттары мұғалімдерге мектеп оқушыларында әмбебап тәрбиелік іс-әрекеттерді дамытуға бағытталған, оған оқушының таңдауы жағдайында және мұғалім жеке – бағдарланған технологияларды пайдаланған кезде ғана қол жеткізуге болады.

Технология дегеніміз не?

Технология – берілген параметрлері бар өнімдерді алуға мүмкіндік беретін бастапқы материалдарды түрлендіру әдістері мен процестерінің жиынтығы мен тізбегі. Г.М. Қоджаспирова білім беру технологиясы түсінігін береді - бұл оқушы тұлғасын тәрбиелеу, оқыту және дамыту мәселелерін шешуді қамтамасыз ететін және іс-әрекеттің өз процессуалдық түрде ұсынылатын әдістер, тәсілдер, қадамдар жүйесі, яғни белгілі бір әрекеттер жүйесі ретінде жүзеге асыру реттілігі; кепілдендірілген нәтижені қамтамасыз ететін іс-әрекеттер жүйесі түріндегі педагогикалық процестің құрамдас бөліктерін әзірлеу және процедуралық жүзеге асыру.

Мұғалімдердің алдында білім, білік, дағдыларды жинақтауға бағытталған дәстүрлі білім беруді баланың жеке басын дамыту үдерісіне айналдыру мәселесі тұр. Оқу процесінде оқушының танымдық және шығармашылық белсенділігін жүзеге асыру үшін білім сапасын арттыруға, оқу уақытын тиімді пайдалануға және уақытты қысқарту арқылы оқушылардың репродуктивті

белсенділігінің үлесін азайтуға мүмкіндік беретін заманауи білім беру технологиялары қолданылады. Заманауи білім беру технологиялары білім алушылардың жасы мен білім деңгейіне қарамастан дараландыруға, оқу процесінің қашықтығы мен вариативтілігіне, академиялық ұтқырлығына бағытталған. Мектепте оқу процесінде қолданылатын педагогикалық технологиялардың кең спектрі ұсынылған. Білім беру Жүйесінде келесі технологиялар ең өзекті болып табылады:

Ақпараттық-коммуникациялық технология: бұл үлкен маңызға ие, өйткені оқушы ақпаратты иеленуі, оны пайдалана білуі, оның ішінен шешім қабылдау үшін қажет нәрсені таңдап алуы, ақпараттың барлық түрімен жұмыс істеуі және т.б. жүзеге асады. Ал бүгінде мұғалім ақпараттық заманғы мұғалімнің рөлі ақпарат әлемінде жетекші рөл атқарады.

- Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясы;
- Жоба технологиясы;
- Дамыта оқыту технологиясы;
- Ойын технологиясы;
- Шеберхана технологиясы;
- Кейс-технологиясы;
- Кіріктірілген оқыту технологиясы;
- Ынтымақтастық педагогикасы;
- Деңгейді саралау технологиясы;
- Топтық технологиялар;

1. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар. Білім беру ақпараттандыру – білім беру жүйесін ақпараттық қоғамның қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкестендіру.

АКТ негізіндегі оқу іс-әрекеті:

- ақпарат көздерінің ашық (бірақ бақыланатын) кеңістігі;
- беру процесін ақпараттық қамтамасыз ету ортасы;
- икемді сабақ кестесі, оқу топтарының икемді құрамы;
- қазіргі білім беру үдерісін басқару жүйелері.

Білім берудің бастапқы кезеңінде АКТ қолданудың жетекші бағыттары, әдетте, мыналар болып табылады:

- ақпаратпен жұмыс істеудің бастапқы дағдыларын қалыптастыру – оны іздеу және сұрыптау, жүйелеу және сақтау;
- қызметтің негігі құралдарының бірі ретінде ақпараттық-коммуникациялық құралдарды меңгеру;
- жалпы пайдаланушы құралдармен (ең алдымен мәтіндік редактор және презентация редакторы, динамикалық кестелер) жұмыс істеу дағдыларын меңгеру;
- әртүрлі мультимедиялық көздер;
- кейбір байланыс құралдары (ең алдымен ғаламтор)

Ақпараттық технологияны қолданатын сабақтардың дәстүрлі сабақтарға бірқатар артықшылықтары бар. Ақпараттық технологияны қолданатын сабақ

оқушылар үшін қызықтырақ болады, бұл әдетте оқудың тиімдірек болуына әкеледі. Сабақтағы түсіністілік деңгейі жақсарады. Кейбір компьютерлік бағдарламаларды пайдалану мұғалімнің жұмысын жеңілдетуге мүмкіндік береді: тапсырмаларды, тесттерді таңдау, білім сапасын тексеру және бағалау, сол арқылы қосымша тапсырмаларды орындауға сабақта уақытты босату.

Түсіндіру арқылы сабақтың тиімділігін арттыру. Әрине, бұған басқа әдістермен де (плакаттар, карталар, кестелер, тақтадағы жазбалар) қол жеткізуге болады, бірақ компьютерлік технология көрнекіліктің әлдеқайда жоғары деңгейін жасайтыны сөзсіз. Қазіргі заманғы дербес компьютерлер мен бағдарламалар анимацияны, дыбысты, фотографиялық дәлдікті пайдалана отырып, әртүрлі оқу жағдайларын имитациялауға мүмкіндік береді және мультимедиялық формада бірегей ақпараттық материалдарды (картиналар, қолжазбалар, бейнеклиптер) ұсыну мүмкіндігіне ие; зерттелетін құбылыстарды, процестерді және объектілер арасындағы қатынастарды бейнелейді.

Ақпараттық технологиялар көп деігейлі тапсырмалар арқылы ғана емес, сонымен қатар оқушының өзін-өзі тәрбиелеуі арқылы оқытуды даралау мен саралауға кең мүмкіндіктер береді.

Сыни тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы. Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз не? Сыни тұрғыдан ойлау – бұл кез келген тұжырымға сыни көзқараспен қарауға, ешнәрсені дәлелсіз қарапайым деп қабылдауға емес, сонымен қатар жаңа идеялар мен әдістерге ашық болуға көмектесетін ойлау түрі. Сыни тұрғыдан ойлау – таңдау еркіндігінің, болжау сапасының және өз шешімдері үшін жауапкершілігінің қажетті шарты. Демек, сыни тұрғыдан ойлау сапалы ойлаудың синонимі болып табылатын технологияның бір түрі болып табылады. Әртүрлі ақпарат көздерімен (арнайы жазылған мәтіндер, оқулық абзацтары, бейнероликтер, мұғалім әңгімелері және т.б.) жұмысты ұйымдастыру кезінде оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамытуға мүмкіндік береді.

Оқушыларды өз бетінше ойлауға әне рефлексияға баулу, сонымен қатар сабақта ұжымдық, жұптық, жеке жұмыстарды ұйымдастыру арқылы жаңа материалды меңгеруге ынталандырады.

Ойын технологиялар. Мектептегі білім мен тәрбиенің деңгейі көбінесе педагогикалық процестің баланың жасына байланысты және жеке дамуының психологиясына бағытталғандығымен анықталады. Бұл әр баланың жеке даму мүмкіндіктерін, шығармашылық қабілеттерін анықтау, өзінің жағымды белсенділігін арттыру, оның жеке басының ерекшелігін ашу және артта қалған жағдайда дер кезінде көмек көрсету мақсатында мектеп оқушыларының бүкіл оқу кезеңінде психологиялық-педагогикалық зерттеуді қамтиды. Бұл, әсіресе, бастауыш сыныптарында, адамның мақсатты оқуы енді ғана басталып, оқу жетекші әрекетке айналғанда, оның қойнында баланың психикалық қасиеттері мен қасиеттері, ең алдымен, танымдық процестері мен өзіне деген көзқарасы қалыптасатын кезде өте маңызды болып келеді.

**«Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы тірек мектебі
«ресурстық орталық») КММ
МУХТАРОВА ДАНАРА СЕЙДУАЛИЕВНА**

ҚАНЫШ СӘТБАЕВ ЖӘНЕ САРЫАРҚА

*«Сарыарқаның әр тал бұтасының түбінде
ат басындай алтын жатыр»*

Қ.Сәтбаев

Биыл ғалым, геолог, мемлекет және қоғам қайраткері Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толды. Ол металлогения ғылымының негізін салушылардың бірі, ал Қазақстанда осы ғылыми бағытты орнықтырушы деп атайды.

Сарыарқа қойнындағы кен байлығының ашылуына, өңірде өнеркәсіптің дамуына, сол арқылы арқа өңірінің көркейіп, гүлденуіне Қаныш Сәтбаевтың еңбегі орасан зор.

Ғалым минералдық шикізаттарға бай Сарыарқа аймақтарын ерекше назар аударып зерттеген. Оның қалдырған ғылыми бай мұраларының ішінде, әсіресе Сарыарқаның металлогендік және болжам карталары жөніндегі еңбектерінің мәні ерекше. Оны өндіріске ендіру арқылы Сарыарқа аймағында қара, түсті және сирек металдардың біраз жаңа кендері ашылды. Түсті металл кендері, марганец, силикат, құрылыс, басқа да өндіріс кендері ашылды, көмір орны анықталды, қалың қатпар қорғасын, жез, күміс табылды. Қара темір, алтын мен молибденді ашты. Біраз кендерге бүтіндей жаңа өндірістік баға берілді. Қаныш Сәтбаев ашқан жер қойнауындағы байлық қазыналарында осы күнгі өндірісті көркейтуге негіз болған химия элементтерінің барлығы бар деуге болады.

Кен байлығын ашумен бірге сол қазба байлық шығатын жерлерге заводтар салдыруға зор үлес қосты. Тау-кен шикізатын басқа жерлерге тасымай, сол жерде қорытатын заводтар құрылысының қажеттігін дәлелдеді. Нәтижесінде Қарағандыда металлургиялық завод салынуына, сол арқылы Қарағанды қаласының үлкен өнеркәсіпті шаһарға айналуына одан әрі еліміздің индустриалды қуатының артуына зор үлес қосты.

1950 жылдың басында Қазақ ССР Ғылым Академиясының Геологиялық ғылымдар институтында Сарыарқа өңірі бойынша материалдарды жинап, оны талдау жұмысы аяқталды. 1954 жылы жұмыс макеттері және жүйеленген

металлогениялық болжам карталары жасалынады. 1958 жылы Орталық Қазақстанның металлогениялық болжам карталарын жасағаны үшін Қ.И.Сәтбаев бастаған Қазақстан ғалым-геологтар тобы Лениндік сыйлық алды.

Ғалымның басшылығымен Сарыарқаға бірегей су артериясын жіберуі, арқа өмірінің жандануына жаңа леп боп келді. Сарыарқаның ондаған мың гектар аумағы құрғақ дала мен шөлейт аймақта жатыр. Жаздың аптап ыстығында кішкентай өзендер кебеді, жауын-шашын аз болады. XX ғасырдың отызыншы жылдарында Орталық Қазақстанның табиғи байлықтарын пайдалану басталды. Ел картасында Қарағанды көмір бассейні, Жезқазған мыс кен орны, Екібастұз және Теміртау өнеркәсіптік аудандары пайда болды. Ауыл шаруашылығы дамыды, бірақ Орталық Қазақстанның қолда бар су ресурстарының көлемі дамушы өнеркәсіп пен суармалы егіншіліктің қажеттіліктеріне сәйкес келмеді. Осыған байланысты, 1959 жылы академик Қаныш Сәтбаев бастаған ғалымдар тобы Ертіс суын Сарыарқаның даласына ауыстыру бойынша батыл жобаны ұсынды. Жұмыстың нәтижесінде құрылысшылар әлемде ұзындығы бойынша да, биіктігі бойынша да аналогы жоқ жасанды су артериясын жасады, оны біз қазір Қаныш Сәтбаев атындағы канал деп білеміз.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев сан қырлы талантын, ақыл ой парасатын туған халқының мерейін үстем етуге жұмсады. Оның өнегелі өмір жолы баршамызға үлгі. Ағылшын премьер-министріне «менің халқым менен де биік» деп айтқызған да асыл мұратының мәңгілік өшпейтініне, кейінгі ұрпақтарының жүрегінде жалғасатынына деген сенім еді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1.Әлжанов Т.М., Сәтбаева М.Қ. «Қаныш Сәтбаев қазақ елінің тұлғасы» Алматы 2002ж.
- 2.Сәрсекке М. «Дара дарын». «Фолиант» баспасы. Астана 2008ж.
- 3.Рахметов Ш. «Кен өндірісінің қаһармандары». Алматы 2008ж.

**Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы,
Үштөбе тірек мектебі (РО) КММ мектебінің
тарих пәні мұғалімі
Тлегенов Акжол Дауренович**

ТҰЛҒАҒА ТАҒЫМ

Бұқар жырау – аса ірі тарихи тұлға. Тәуке мен Абылай хан замандарында өмір сүріп, ең көп жасаған мемлекет қайраткерлерінің бірі. Бұқар жырау Қалқаманұлы қазақ хандығы кезеңіндегі үлкен саяси оқиғаларға қатысып, оларды өз шығармашылығы арқылы суреттеп, еңбектерінде көптеген тарихи оқиғаларды болашақ ұрпаққа қалдырды. Ол туралы өзінің толғауларында жазылған мәліметтер бірқатар ақпарат береді [1]. Абылай хан ел билей бастаған кезеңде Бұқар жырау орта жасқа келген, атағы бүкіл аймаққа

жайылған атақты жырау болған. Бірақ ол кісі жыр-толғауларды жырлап қана қоймай, сол кездегі мемлекеттің ішкі және сыртқы істеріне белсене араласқан [2].

Кейінірек атақты жырау Абылай ханның беделді мемлекет қайраткерлерінің бірі, тәжірибелі сыншысы болады. Сондықтан да аңыз-әңгімелерде жазылғандай, қарт жырау Абылай ханның саясатын қолдап отырып, ал қате жіберген жағдайда ханға ол туралы бетіне баса айта алатындай дәрежесінің жоғары болғандығын көруге болады [3].

Сол себепті де:

Ашуланба, Абылай,
Ашулансаң, Абылай,
Көтерермін, көнермін,
Көтеріп қазға салармын.
Өкпеңменен қабынба,
Өтіңменен жарылма,
Басына мұнша көтерген
Жұртыңа жаулық сағынба,
Күнінде мендей жырлайтын,
Тоқсан үште қария,

Енді де саған табылмас!..[4] деген сын сөзінде жырау Абылай ханды сынап, беделіне нұқсан келтіріп отырған жоқ, керісінше елдің тыныштығын ойлап, болашақта мемлекеттің іргесі шайқалмайтындай Абылай ханның қамын жейтіндігін жасырмайды. Патша үкіметінің мықты мемлекет екенін, орыс халқының қазақтармен бұрынғы замандардан көрші болып келгенін, екі елдің арасындағы тату дос көрші болу саясатын назарда ұстау керектігін Бұқар жырау жақсы түсінді. Осыған орай, хан мен оның төңірегіндегі батырлардың жорық жоспарын құрып, жан-жағына көздерін тіккен шақта, көпті көрген жырау оларға ылғи да ақыл-кеңесін айтып отыратын.

Бұқар жырау толғаудың қас шебері, өз заманының шындығын жақсы көрсете білген көрнекті ақын. Өзінің толғауларында бытыраңқы болып келген қазақ руларының басын қосу мақсатында көп тер төкті. Абылай хан тарапынан да осы мәселені шешуді күтті. Жырау өмірінің біраз бөлігін Абылай ханның маңында өткізіп, ел басқару ісіне белсене араласқан [5].

Бұқар жырау Абылай ханда ерекше бір қасиет бар екендігін көрді және оған сенді. Ханның мемлекетті басқарудағы идеялық шабыттандырушысы болды. Білікті дипломат, қарт жырау Абылай ханмен барлық көрші елдерде болды. Әскери жорықтарды бастау үшін қолайлы уақытты дәл болжады, қиын сәттерде пайдалы кеңестер беріп отырды [6].

Жыраудың негізгі мекен-жайы қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы жеріндегі Далба тауының маңында дүниеге келіп, ұзақ жасап, жамбасы осы жерге тиген. Яғни осы жерде жерленген. Ұрпақтары Баянауыл мен қазіргі Ботақара төңірегін мекендейді. Дүние салар шағында өзінің өсиеті бойынша осы аймақта жерленген. Негізі ел басқарған, халық қалаулылары киелі Түркістан шаһарына апарып жерлену керек еді. Бірақ қарамағындағы адамдары жыраудың соңғы сөзіне тоқтап, арманын орындаған.

2023 жылдың мамыр айында біз Үштөбе тірек мектебі (РО) КММ мектебінің тарих және әдебиет пәні мұғалімдері оқушыларды алып осы киелі жерге, ел басқарған мемлекетшіл тұлға Бұқар жырау бабамыздың басына барып зиярат етіп қайттық. Негізгі мақсатымыз – болашақ ұрпақтың оқушы жастарға осындай аңыз адам туралы ақпарат беру. Жыраудың тұлғалық қасиеті, ұлтжандылығы, қанатты сөздерін жас буынның бойына сіңіру.

Жоғарыдағы мақала тақырыбым да «Тұлғаға тағзым» деп аталуы осыған байланысты еді. Осындай қазақ тарихында ерекше орын алатын, халық жадында мақтанарлық дәрежеде есте қалған ел ардақтыларының шығармаларын, ерлік істерін ұлықтау.

Қазақ қоғамында жыраулар халықтың алдында беделді, айтар ойлы сөзі бар рухани көсемі, қоғамдық пікір қалыптастыра алатын, елді соңынан ертіп, сөзін тыңдата алатын қабілеті бар қайраткер де ықпалды тұлға. Жырау хандар мен сұлтандар, батырлар мен билердің жанында жүріп, халық пен билікті дәнекері қызметін атқарған [7].

Үштөбе ауылынан Далба тауына дейін шамамен 290-300 км болатын. Сол араға жеткенше шейін оқушыларымызға Бұқар жырау шығармаларындағы мемлекетшілдікті, еліне адал қызмет жасау, болашақта ел басқару тізгіні қол тигенде, жұрттың қамын ойлап, жағдайын жасап, мемлекетке адал қызмет атқару жөніндегі нақыл сөздерін айттық. Адамгершілік, Отанды сүю сияқты мәселелерді тәрбиемен ұштастырып, балаларға оның мәнін түсіндірдік.

«Бірлік болмай, тірлік болмас», - деген. Сырт жау соқтыға алмайтын қуатты мемлекет болу үшін жұрттың ынтымағы, ауызбіршілігі болу қажет. Бұл жайды Бұқар жырау жақсы түсінеді. «Ел бірлігін жырлау - «Бұқар жырау өлеңдерінде негізгі мәселенің бірі. Ол ел бірлігі мәселесіне үлкен мән береді [8] деп жазады. Жырау қазақ руларының өзара тату тұрын, мал үшін, жайылым жерлер үшін бекер қырқыспауын насихаттайды.

Осындай мәселелер қазір біздің қоғамда да кездеседі. Жаһандану заманында алпауыт мемлекеттердің көмейінде кетіп қалмау үшін, өзіміздің бірлігімізді, татулығымызды сақтап қалу үшін Бұқар жыраудың жоғарыдағы айтқан сөздерін естен шығармауымыз керек. Осы жағынан оқушыларға жыраудың ел бірлігі, татутылқ, дұрыс білім жөнінде көп айтылды.

Бұқар – қазақ халқының арман-тілегін, елдік ынтымақ-бірлігін көкsegен жырау, мемлекет қайраткері, терең ойшыл. Оған мына өлеңі дәлел:

Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Шапырашты Наурызбай –
Қазақтан шыққан үшемді
Ардақта, жұртым, ардақта!
Ту түбінде тұр еді.
Абылай хан асқынды,
Беретін шүлен-шүр еді.
Үшемге келді жақындап
Шақшақтың ұлы Жәнібек

Жаныкештің жанында
Өңкей алмас, бәрі бек.
Алтайдан шыққан Олжабай,
Құдаменді құлжадай
Матайдан шыққан шәкерім,
Бурадан шыққан Боранбай,

Көрсеткен жауға қаһарын [9] деп қарт жырау қазақтың батырларының ерліктерін жырлады. Оқушыларға осы толғауларда жырланған батырлардың бейнесі мен жасаған ерлік істерін айтылып отырды. Ол батырлардың елді қорғаудағы соғыс өнерлерін Бұқар бабамыз шебер суреттеген. Шайқасқа шығар алдында батырлардың намысын, бойларын өзінің суырып салма жыр-толғауларымен қайрап отырған.

Біз Бұқар жыраудың мазарына дейін тарихи маршрут жасадық. Сол жердегі шырақшы жыраудың өміріне қатысты аңыз-әңгімелермен бөлісті. Ол жердің табиғаты өте керемет. Шырақшының айтуы бойынша, жырау Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының түсіне кірген екен. Яғни аян беріп, менің басып келіп бір белгі қоймайсың ба деп айтқан дейді. Сосын ол кісі жолға шығып, қарт жыраудың жерленген жерін тауып, үлкен таспен белгі орнатып қайтқан екен. Ол тас сол жердегі мұражайда тұр.

Бұдан кейін мұражайға келдік. Оқушыларымызбен мұражай ішін аралап, біраз құнды жәдігерлермен танысып шықтық. Кесене 1993 жылы тұрғызылған. Ал мұражай 2000-ші жылдары ашылған. Мұражайда жыраудың өміріне мен хандық дәуірдегі қызметі жайында қызықты материалдар баршылық екен. Шырақшы ағай сол құнды жәдігерлер туралы ақпарат бере отырып, шәкірттерімізге тың деректер арқылы мол мағлұмат берді.

Келер ұрпақ осындай дара тұлғаларымызды біліп жүруі керек. Сол үшін туристік маршруттар ұйымдастырып, киелі жерлерге апарып тұру қажет деп ойлаймын. Сол кезде оқушылардың еліне, жеріне, туған жерін жаудан қорғап қалған батырлар мен хандарға деген мақтаныш сезімдері оянады. Егеменді елде өмір сүріп отырған әрбір азамат өзін патриот сезінуі керек. Жастар елінің, туған жерінің тарихын, тілін, ұлттық құндылықтарын жете меңгеруі тиіс. Ол үшін осындай тарихтағы тұлғалардың ерлік істері мен қалдырып кеткен мұраларын оқыту керекпіз.

Мемлекеттің ішкі-сыртқы саясатына араласып, ел мүддесін жоғары қойған, өз заманының саяси тұлғасы болған Бұқар жырау толғауларының тағылымы терең. Жоңғар шапқыншылығы тұсында, өз заманындағы күрделі мәселелердің шешімін айтып, Абылай ханның ақылшысына айналды. Жоңғарларға қарсы соғыста ханның сүйеуі, батырлардың рухани қолдаушысы болды.

Әсіресе бұқара мен ханның дәнекеріне айналып, орынды жерде дат айтып, халықтың жоқтаушысы бола білді. Біздің мақсатымыз – жыраудың жерленген жеріне оқушыларды апару арқылы, олардың осындай тарихи тұлғаның тарихта қалдырып кеткен мұрасын, жыр-толғауларын біліп жүрсе екен деген ниетте жасалған еді. Бұл бір үлкен жұмыс болды. Бұқар жырау

шығармашылығынан алар рухани-мәдени тәлім мол. Жыраудың жалынды жырларын кеңінен насихаттап, оны бойымызға сіңіру біздің парызымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Үш ғасыр жырайды. (революцияға дейінгі қазақ ақындарының шығармалары) Алматы. 1964 ж. 9 б.
2. Сонда. – 11-б.
3. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Алматы, 1992 жыл
4. Нар заман мен зар заман поэзиясы. Жыр-толғаулар. Алматы. 2007.
5. Қалқаманұлы Бұқар. Ай Абылай! Абылай! Толғаулар. Алматы: Жалын, 1993.
6. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по обследованию степных областей. - Т. VI. - СПб., 1905. – 28-б.
7. Қарағанды облысы. Энциклопедия. - Алматы: Атамұра, 2006. – 424-б.
8. Сонда. - 89 б.
9. Әдікенұлы М. Тарихи тұлғаларға ескерткіш орнатылды // Жұлдыз. - 2005.- №10. - 144-бет.

**Ильяс Есенберлин атындағы № 67 гимназия
Алжаппарова Айнур Егеубаевна**

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АРҚЫЛЫ ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ МҰРАСЫН ҚАЙТА ҚҰРУДЫҢ ЖӘНЕ НАСИХАТТАУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ

Қазіргі уақытта мәдени мұраны сақтау және насихаттау бірқатар қиындықтарға тап болады, соның ішінде мәдени дәстүрлердің материалдық және материалдық емес аспектілерін жоғалту, тарихи ресурстарға қол жетімділіктің шектелуі және мәдени мазмұнды қабылдаудың қазіргі жағдайына бейімдеу қажеттілігі. Бұл міндеттер тарихи-мәдени мұраны зерттеуге, қайта құруға және танымал етуге инновациялық тәсілдерді қажет ететін жаһандану және технологиялық прогресс контекстінде ерекше өзекті болып отыр. Осыған байланысты жасанды интеллектті (AI) қолдану мәдени мұрамен жұмыс істеу үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. AI деректердің үлкен көлемін талдауға және өңдеуге ғана емес, сонымен қатар мәдени мазмұнмен өзара әрекеттесудің жаңа тәсілдерін жасауға қабілетті, бұл оны кең аудиторияға қол жетімді және түсінікті етеді. Машиналық оқытуды, компьютерлік көруді және табиғи тілді өңдеуді қолдану тарихи дереккөздерді терең талдауға, Тарихи қайта құруларды визуализациялауға және тарихи мәтіндердің аудармасы мен интерпретациясын автоматтандыруға арналған құралдарды ұсына отырып, тарихи дәуірлерді, тұлғалар мен оқиғаларды қайта құру процесін айтарлықтай байыта алады.

Бұл зерттеудің мақсаты-жасанды интеллект көмегімен ұлы тұлғалардың мұрасын қайта құру мен насихаттаудың инновациялық әдістерін әзірлеу және сынақтан өткізу. Негізгі міндеттерге мәдени мұраға қолдану контекстінде

қолданыстағы AI технологияларын талдау, мәдени мұраны зерттеу және визуализациялау үшін жаңа тәсілдер мен алгоритмдерді әзірлеу және ұсынылған шешімдердің тиімділігі мен практикалық қолданылуын бағалау кіреді.

Машиналық оқыту, табиғи тілді өңдеу және компьютерлік көру саласындағы зерттеулер мәтіндік құжаттарды, артефактілерді, сәулет құрылымдары мен өнер туындыларын талдауға арналған бірқатар құралдарды ұсынды. Мысалдарға өнер туындыларының стилі мен шығу тегін талдау, жоғалған тарихи нысандарды қайта құру және интерактивті виртуалды мұражайларды құру үшін алгоритмдерді пайдалану жатады [1].

Алайда, осы саладағы айтарлықтай жетістіктерге қарамастан, мәдени мұраның күрделілігі мен алуан түрлілігін ескеретін жаңа, жетілдірілген AI әдістерін әзірлеу және сынақтан өткізу қажеттілігі бар. Біздің көзқарасымыз осы зерттеудің жаңалығы болып табылатын материалдық және материалдық емес аспектілерді ескере отырып, мәдени мұраны кешенді талдау үшін бірнеше AI технологияларын біріктіруді ұсынады[2].

Зерттеу әдістемесі жасанды интеллекттің заманауи әдістері мен тәсілдерін қолдануға негізделген, атап айтқанда:

- *Машиналық оқыту*: мәтіндерді, суреттерді және археологиялық деректерді қоса алғанда, Мәдени мұра деректерінің үлкен көлемін талдау үшін машиналық оқыту алгоритмдерін пайдалану. Мысал ретінде артефактілерді олардың визуалды және мәтіндік сипаттамаларына негізделген дәуірлер мен Мәдениеттер бойынша жіктеуді келтіруге болады[3].
- *Табиғи тілді өңдеу (NLP)*: Тарихи мәтіндерді талдау, құжаттарды әртүрлі тілдерге автоматты түрде аудару және мәдени және тарихи контексттер туралы семантикалық ақпаратты алу үшін NLP қолдану.
- *Компьютерлік көру*: сәулет құрылымдарын, өнер туындыларын мен артефактілерді талдау және қайта құру үшін компьютерлік көру технологияларын пайдалану. Бұл жоғалған немесе бүлінген Мәдени мұра нысандарын виртуалды қайта құруды қамтиды[4].

Зерттеудің эксперименттік базасы мәдени мұра деректері мен сараптамасына қол жеткізу үшін мұражайлармен, мұрағаттармен және білім беру мекемелерімен ынтымақтастықты қамтиды. Тәжірибелік іс-шаралар Мәдени мұра деректерін өңдеуге және талдауға арналған AI негізіндегі бағдарламалық жасақтаманы әзірлеу мен тестілеуді, сондай-ақ зерттеу нәтижелерін визуализациялау үшін интерактивті қосымшалардың прототиптерін жасауды қамтиды.

Әдістеме нақты жағдайларда ұсынылған тәсілдердің қолданылуы мен тиімділігін көрсететін эксперименттік деректермен қамтамасыз етіледі. Бұл тәсіл зерттеудің өзектілігін растап қана қоймайды, сонымен қатар мәдени мұраны зерттеу мен сақтауда AI қолданудың жаңа перспективаларын ашады.

Кейс: Қаныш Сәтбаевтың виртуалды мұражайы

Тапсырма: Ғылыми жұмыстарды, жеке хаттар мен мұрағат материалдарын талдау үшін жасанды интеллект технологияларын пайдалана отырып, Қаныш Сәтбаевтың өмірі мен ғылыми қызметіне арналған виртуалды мұражай әзірлеу.

Іске асыру:

1. *Деректерді жинау:* Қаныш Сәтбаевтың өмірі мен қызметіне байланысты ғылыми жұмыстарды, жеке хаттарды, фотосуреттер мен бейнематериалдарды қоса алғанда, мұрағаттық материалдар жиналды және цифрландырылды.
2. *AI көмегімен деректерді талдау:* Сәтбаевтың ғылыми еңбектеріндегі негізгі тақырыптар мен идеяларды анықтау мақсатында мәтіндік құжаттарды талдау үшін табиғи тілді өңдеу әдістерін қолдану. Фотосуреттер мен бейнематериалдарды өмір мен ғылыми қызмет кезеңдеріне қарай жіктеу үшін машиналық оқыту алгоритмдерін қолдану.
3. *Виртуалды қайта құру:* Сәтбаев жұмыс істеген зертханалардың 3D модельдерін және оның қатысуымен мұражай бойынша виртуалды экскурсияларға қосу үшін жасалған маңызды геологиялық олжаларды құру.
4. *Интерактивті элементтерді әзірлеу:* пайдаланушыларға Сәтбаевтың ғылыми жаңалықтарына негізделген виртуалды эксперименттер мен тесттер жүргізуге мүмкіндік беретін интерактивті модульдерді енгізу.

Нәтижелер және үлес

- *Білім беру ресурсы:* виртуалды мұражай Қаныш Сәтбаевтың өмірі мен жұмысы туралы студенттерді, зерттеушілерді және ғылым тарихын сүйетіндерді қоса алғанда, кең аудиторияға қолжетімді білім көзіне айналды.
- *Ғылымды ілгерілету:* интерактивті элементтер мен виртуалды экскурсиялар геология мен жер туралы ғылымдарға деген қызығушылықты арттырады, жастарды жаратылыстану ғылымдарын зерттеуге шабыттандырады.
- *Мұраны сақтау:* жоба болашақ ұрпақ үшін маңызды материалдардың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, Қазақстанның ғылыми және мәдени мұрасын сақтауға және насихаттауға үлес қосады.

Бұл кейс заманауи жасанды интеллект технологияларын терең талдау және көрнекті тұлғалардың ғылыми мұрасын интерактивті түрде көрсету үшін қалай пайдалануға болатынын көрсетеді.

Қаныш Сәтбаевтың виртуалды мұражайы білім беру ресурсы ретінде ғана емес, сонымен қатар қоғамды дамыту мен мәдени мұраны сақтау үшін ғылыми үлестің маңыздылығын көрсете отырып, жер және геология ғылымдары саласындағы жаңа жаңалықтарды шабыттандыру құралы ретінде қызмет етеді.

Қорытындылай келе, бұл зерттеу жасанды интеллекттің Мәдени мұра саласындағы интеграциясы оны зерттеуге, сақтауға және көрсетуге бірегей мүмкіндіктер беретінін атап көрсетеді. Бар қиындықтарға қарамастан, жасанды интеллект шешімдерін одан әрі зерттеу және әзірлеу академиялық саланы және

мәдени мұраны қоғамдық қабылдауды едәуір байыта алады, бұл білімді және белсенді қоғам құруға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бенжио, Й., Гудфеллоу, И.Дж., & Курвилл, А. (2017). Терең оқыту. MIT Press.
2. Келлехер, Дж.Д., & Тирни, Б. (2018). Деректер ғылымы. MIT Press.
3. Манович, Л. (2020). Мәдени аналитика. MIT Press.
4. Митчелл, Т.М. (2020). Машиналық оқыту. McGraw-Hill Education.

Саттыбаева Кулаш Кенжебаевна
Астана қаласы, №43 ҚББ мектеп-орталығы
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

С.Сейфуллин шығармаларының балаларға берер тәрбиелік мәні

Бұл мақалада С.Сейфуллин шығармаларының балаларға берер тәрбиелік мәні жайында жазылған. С.Сейфуллин шығармаларында балалардың рухани мәдениетін байытып, туған елі мен жерін сүйуге, ата-анасын сыйлау, үлкенге құрмет көрсету, имандылыққа тәрбиелеу жайында айтылған. Жасөспірімді дұрыс бағытқа сілтеп, сол үшін ат салысқан. Балалар әдебиеті - жас буынның сана-сезімін оятып, ақыл дамытатын, оларды адамгершілікке тәрбиелейтін өмір оқулығы. Мақаланың мақсаты – С.Сейфуллин шығармаларында көрсетілген адамгершіліктің адам өміріндегі мәнін ашу, жоғарғы идеялық қызықты шығармаларды беру.

Тірек сөздер: Ұлы Дала, ойшылдар, даналық әлемі, жастар, рухани-адамгершілік тәрбие, білім, шығармашылық, тәрбие, Сейфуллин.

Ол өз халқын сүйетін...

Ол нағыз ақын болған, ал нағыз ақын халқы
тірі болғанша өмір сүретін болады.

Роллан Сейсенбаев

Қазіргі уақытта адамның рухани өмірінде үлкен өзгерістер болып жатыр, ұлттық тарихқа деген қызығушылық арта түсуде, жалпыадамзаттық мәдениет әлеміне терезе ашылуда. Руханилық адамға әдебиет, өнер, халық даналығы, салт-дәстүрлер, мәдени дәстүрлер, ғылым мен білім арқылы келетіні құпия емес.

Бұл жағдайда жастарды ақындар мен жазушылардың шығармашылық мұрасына, атап айтқанда Сәкен Сейфуллиннің шығармашылығына тарту ерекше маңызға ие болады. Қазақ кеңес әдебиетінің негізін қалаушы Сәкен Сейфуллин ақын, драматург, жазушы, публицист, әдебиеттанушы болған. Оның бай шығармашылық мұрасы жаңа ұрпақты тәрбиелеу және ұлттық ғылымды дамыту саласында үлкен рөл атқарады. Сейфуллин туралы сөз қозғап, руханилық туралы айтпау мүмкін емес.

Руханилықты бағалайтын қоғам болашағы зор. Сондықтан Сәкен Сейфуллин Қазақстан жастарының рухани-адамгершілік тәрбиесін дамыту

үшін лайықты үлгі бола алады деп ойлаймын. Өйткені ақынның өмірі соншалықты қиын болғандықтан, ол әрқашан Қазақстанның болашағы үшін алаңдайтын. Осы тұрғыдан Сәкен Сейфуллиннің шығармашылығы туралы айтқым келеді.

Оның шығармашылығы - эстетикалық сезімдер мен идеялар байлығы мектебі, жоғары адамгершілік мектебі. Мынадай туындылар мысал бола алады:

Табиғат туралы өлеңдерінде, атап айтқанда «Көкшетау», Сейфуллин жаңа өмірдің шуылымен, жаңару қуанышымен толы жарқын дала пейзажын ғана емес, оны еңбек халқының тарихымен, жарқын болашақ үшін күреспен байланыстырады. Туған табиғатының суреттерін суреттей отырып, Сейфуллин оларды әрқашан өмірді өзгертетін күрескер адамның сезімдерімен және көңіл-күйімен байланыстырады. «Аққудың айырылуы», «Жараланған киік», «Лашин туралы ән» поэмалары ажырамастықты, сұлулық пен махаббаттың бірлігін білдіреді.

Оның «Ұмытылмас», «Сүйікті», «Жазғы түнде» деген лирикалық өлеңдерінде романтикалық, құмарлық және табандылық ашылады. Онда әйел мен табиғатқа деген сүйіспеншілік сипатталған. Бұл шығармалар сұлулықты сүйеге және бағалауға шақырады, гуманизм идеяларын шырқайды. Жазушының кейбір шығармалары мен жинақтары ерекше танымал болды. Халық тағдыры туралы шығармалары бар Сәкен Сейфуллин әділдік үшін күрескер ретінде танылды. Бүгінде ақынның үздік кітаптары тізіміне, «Айша», «Тар жол, тайғақ кешу», «Қызыл ат» және басқа да өлеңдер енген. Сөз жоқ, Сейфуллин прозасының шыңы - шынайы тарихи оқиғалар мен фактілерге негізделген «Тар жол, тайғақ кешу» - мемуарлық романы. Роман беттерінде халықтың азабы мен бостандық пен әділдік үшін күресі сипатталған.

Сондай-ақ, оның әрбір көркем туындысында көптеген адамгершілік проблемалар бар. «Өткен күндер» және «Асау тұлпар» өлеңдер жинақтарында ақынның туған ауылына деген сүйіспеншілігі, білімге деген ұмтылысы, лирикалық ойлары туралы айтылған. 104 өлеңдер жинағын оқып, еріксіз туған өлкеңізге, өз еліңіздің мәдени мұрасына деген сүйіспеншілікті сезінесіз. Сәкен үшін отан - адамды көтеретін, адамды рухани жағынан байытатын нәрсе.

Сәкеннің балаларға арналған өз кезіндегі өлеңдері баланың көз алдына болашақтың жарқын бейнесін, еркін өмір сәулесін елестетеді. «Балалар», «Келіншектің бесік жыры», «Ананың хаты», «Анаға жауап», «Пионерлер», «Біз комсомол», «Совпарттағы қарындасыма» өлеңдері осы тұрғыда жазылған. Алға қойған ізгі мақсаттар мен арманға жетуді көздеу керектігін жас жеткіншектердің есіне салып отырды. Жас ұрпаққа өнер-білімнің пайдалы жақтарын айтты. Аталған өлеңдері «болашақ тұтқасы – жас ұрпақ» деген ойды білдірді.

Сонымен қатар, ақын қоғамдағы болып жатқан оқиғалардан бейтарап қала алмайтындығын да көрсетеді. Өзінің анасына арналған алғашқы өлеңдері, туған жерге байланысты туындыларынан бастап адамгершілік, ел мен жерге деген сүйіспеншілікті биікке көтере алған. Бұған Сәкеннің «Туған жер», «Жазғы кеш», «Нұра», «Боранда», «Бабаларыма», «Біздің жақта»,

«Жазғытұры» т.б. өлендерін атауға болады. Ал, махаббат сезімін, сұлулықты жырлаудағы «Кұмарым», «Жүрегімнің соққаны», «Толқын», «Арқа сұлуына», «Сәулем», «Жаңа жыл» т. б. лирикаларынан мәңгілік тақырыпқа қосқан шайырдың өзіне тән шеберлігін танысың. Сәкендегі сезім сұрапылы, жан сыры барынша оның лирикалық шығармалары арқылы ашылады. Адалдық пен арамдық ақынның өмір турасындағы өзекті тақырыбы екендігі Сәкеннің достық-махаббат, адам және табиғат т. б. шығармаларынан аңғарылатыны аян. Бұл мәселеде Сәкеннің «сыр сандығы» сандаған ұрпақсанасына сәуле боларлық бір биік белес. Абайдың «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» дегені Сәкен тарапынан барынша ашыла түскен.

Әрбір мұғалімнің атақты жазушылардың, ақындардың, педагогтардың қызықты дәйексөздері жазылған блокноты немесе жазу кітапшасы бар шығар. Мына берілген кейбір дәйексөздерді, ең бастысы, оқушының тәрбие дамуының әрбір кезеңінде қандай ұсыныстар қажет екенін мұғалімнің өзі түсініп, тақырыппен байланыстыру керек. Барлық ұсынылған афоризмдерді сабақтарда, ал кейбір дәйексөздер ата-аналар жиналыстарында, сынып сағаттарында, дөңгелек үстелдерінде және т.б. пайдалануға болады.

Мысалы ретінде мынадай дәйексөздер алынған:

- «Анамның арқасында мен адам және ақын болдым...»
- «Бір жағынан мектепте сабақ алдым, екінші жағынан - өмірден білім алдым»
- «Сілкіп, ескі әлемді жаңарт!»

- «Оқу — білім қазығы,
Адамның азығы.
Оқу өмірдің сәні,
Тіршіліктің шамы.»

- «Әр істің бір сәні бар.
Әр қимылдың өзінше,
Ырғағы бар, әні бар.»

- «Адамның жайын ауылдасы білмейді, істесі біледі.»

- «Адам – керуен, өмір – жол»

Сонымен қатар, №43 ҚББ мектеп –орталығында 2024 жылдың 15 қыркүйегінен 15 қазанға дейін Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдығына арналған бірқатар іс-шараларды өткізуге болады. Атап айтқанда:

- «Поэзия кеші»
- «Сәкен Сейфуллиннің шығармашылығына арналған викторина»
- Сәкен «Сәкен Сейфуллин - азамат және ұлы ақын» атты кітап көрмесі
- «Сәкен Сейфуллиннің білім беру мен ғылымды дамытудағы рухани-адамгершілік мұрасы» ғылыми-практикалық конференциясы
- Сәкен Сейфуллиннің туындылары бойынша сурет байқауы/ арт-вернисаж ұйымдастыру
- Сейфуллин мұражайындағы музей сабағы, танымдық саяхат

- Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдығына арналған спорттық жарыстар
- «Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл» тақырыбында сынып сағаты, квест
- Оқушылар жаттаған өлеңдерін оқу. Сәкен оқулары байқауы
- Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл. Кітапханалық сабақ
- Ән айту, өлеңін оқу челленджілері
- Республикалық, қалалық танымдық турнир
- Театр байқауы,
- Ән байқауы
- **Сәкен Сейфуллиннің рухани-адамгершілік мұрасына арналған адалдық сағаты**

Қорытындылай келе, Сәкен Сейфуллиннің бейнесі оның лирикалық кейіпкерлері сияқты патриот адамның үлгісі болып табылатынын атап өткен жөн. Мұның барлығы жеке адамның рухани-адамгершілік тәрбиесін дамытуға ықпал ететіні сөзсіз. Сейфуллиннің көп қырлы таланты халқымыздың рухани құндылықтары қазынасына орасан үлес қосты. Оның өмірінің өзі халық жадында батырлық аңыз ретінде, туған халқына адал қызмет етудің үлгісі ретінде мәңгі сақталады.

С.Сейфуллиннің шығармашылығы, оның шығармалары қазіргі жастардың адамгершілік идеалдарын қалыптастыратын тамаша құрал болып табылады. Оның шығармашылығы - қазақ рухани мәдениетінің ұлттық танымының үлгісі.

Осылайша, Сәкен Сейфуллиннің өмірімен және шығармашылығымен танысу жастардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды тәрбиелеуге ықпал етеді деп санаймын.

Әдебиеттер тізімі

1. Н. Жұбанышев Сәкен Сейфуллин. Өмір мен шығармашылық очеркі- а.- АлмаАта, 1969.- 120 с.
2. Әбсеметов М. Сәкен Сейфуллин - Қазақстан Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы а.- Астана: Рух-пресс, 2006. - 416 с.
3. Какен А. Даланың бағынбаған ұлы. - Астана: Фолиант, 2008. - 472 с.
4. Мәдениетті дамытудағы Сәкен Сейфуллиннің рөлі [Электрондық ресурс] uznaika.com.
5. Сәкен Сейфуллиннің тарихи көзқарастары//Білім-Білім. – 2004.–№1 (15). - С.183-185.

**Ақмола облысы,Целиноград ауданы,
Қоянды ауылы, Қоянды ауылы №1ЖОББМ
бастауыш сынып мұғалімі
Балтабаева Зауре Багитжановна**

ӘБІЛХАН ҚАСТЕЕВТІҢ ТУҒАНЫНА БИЫЛ 120 ЖЫЛ

Жалпы қазақ халқының ежелден өнерлі ел екенін әлемнің көптеген аузы дуалы алыптары сан қырынан мойындап, жүрекжарды ой-тілек арнағанын көзі қарақты қауым жақсы біледі. Осы бағытта ой өрбітсек, кәсіпқойлығы кенжелеп жетілген демесек, көркем бейнелеу өнерінің де түп-тамыры тереңде жатқанын даламызда сақталған ескерткіштер айғақтайды. Кәсіпқой көркем бейнелеу өнері ХХ ғасырдың басында Әбілхан Қастеевтен бастау алады. 2024 жылдың алғашқы күні туғанына 120 жыл толатын ғаламат суретші кәсіпқой бейнелеу өнерінде өзінің бір халықтың тұңғышы болуына қарамастан шексіз шеберлігімен осы күнге дейін жұртты таңдандырып келеді. Қайталанбас қолтаңбасы бар дарабоз суретшінің артында үш мыңнан астам түрлі жанрдағы картиналар қалды. Ол - қазақ көркемсурет өнерінің баға жетпес қазынасы саналады.

Қастеев Әбілхан (1904-1973) – қазақтың әйгілі кескіндемешісі, график суретшісі, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушылардың бірі. Туып өскен жері Алматы облысына қарасты Жаркент төңірегі. Топырақ бұйырған жері Алматы қаласы. Қазақстанның халық суретшісі (1944). Қазақстан Суретшілер одағы басқармасының төрағасы (1945-1956). Еңбек жолын Түркісіб темір жол құрлысында жұмысшы болып бастады. Москвадағы көркем сурет студияларында Н.Г.Хлудов пен И.Бродскийден сабақ алды (1929-1936). Халық өмірінің алуан көріністерін шынайы бейнелеген мыңнан астам көркем туындыларды дүниеге келтірген.

Әбілхан қол өнеріне, одан соң суретшілік өнерге жастайынан бейім болған. Анасы Айғанша кілем, алаша, бау бақсұр тоқуға, сырмақ сыруға, шым ши жасауға шебер адам болыпты. Әбілхан осы халық өнеріне бала кезінен көз қанықтырып, анасына ою-өрнектер салуға көмектесіп, сурет өнеріне қолын үйретіп өседі. Оның 1930-1931 жылдары салған «Қарындастың портреті», «Автопортрет» атты туындылары түпнұсқаға ұқсастығымен және кейіпкер болмысын ашуға деген талпынысымен ерекшеленеді. Ол бірте-бірте ел өмірінің алуан салалы тіршілік тынысына ден қойып, тарихи әлеуметтік өзгерістерге суреткер зердесімен қарай бастайды. Оның «Мектепте» (1930), «Түркісіб» (1932), «Жамбылдың портреті» (1937), «Ескі және жаңа тұрмыс» (1937-1941), «Амангелді сарбаздары» (1970), «Жас Абай» (1945) сияқты туындылары дарынды суретшінің өткен мен бүгінді шыншылдықпен бедерлеген көркем шежіре іспеттес.

Әбілхан туған жердің әсем табиғатын, оның дидагындағы адам қолының жасампаз өзгерістерін зор шабытпен бедерлей алған суреткер. Оның «Биік таулы мұз айдын» (1954), «Гүл ашқан алма» (1958), «Менің Отаным» (1959), «Жайлаудағы автодүкен» (1963), «Қапшағай ГЭС –І» (1972) сияқты полотнолары эпикалық қарымымен, шыншылдығымен назар аударады.

Ол – туған елінің тарихы мен тағдырын сан мыңдаған бояулар арқылы өрнектеген тума талант. Ол – Орталық Азияда классикалық жанрдың негізін қалаған қазақстандық алғаш кәсіби суретші Әбілхан Қастеев. Әбілхан Қастеевтің талантынан туған туындылар – оның туған еліне деген өлшеусіз тартуы. Осы өшпес мұрасыз біздің мәдениетіміз бен кескін өнерін елестету мүмкін емес. Иә, сурет өнерінде қаншама таланттар дүниеге келіп, жұлдызы

жарқырап жанса да, Әбілхан Қастеевтің есімі қазақ кескіндеме өнерінде әрқашан бірінші болып қалмақ. Өйткені ол – қазақтан шыққан тұңғыш қылқалам шебері.

Әбілхан Қастеев суретші ретінде өзіндік дара қолтаңбасымен ғана ерекшеленіп қоймайды, сонымен бірге, ол туған жері мен өскен елін перзенттік махаббатпен жырлай алған біртуар суреткер.

**Ақмола облысы, Целиноград ауданы,
№ жалпы Қоянды орта мектебі бастауыш сынып мұғалімі
Битикова Алтын Дауылбаевна**

Бұқар жырау — «Көмекей әулие»

Бұқар Жырау қазақ халқының Жоңғар басқыншылығы тұсында, елдің болашағы қыл үстінде тұрған кезде өмір сүріп, сол алмағайып замандағы күрделі мәселелерге өз жырларымен жауап берген тұлға. Алмағайып ауыр заманда қазақтың Абылай ханына дұрыс кеңес беріп, ел-жұртты басқыншы жауға қарсы күресте біріктіруге, бір тудың астына топтастыруға күш салған дана жырау.. Өзінің саяси-әлеуметтік мәнді жыр-толғауларымен сол жалынды күрестің жыршысына айналды. Осы мақсатта ол Абылай ханды бірден-бір қажетті басшы санап, оған халық бірлігін сақтап қалатын көсем тұрғысында үлкен сенім артты. Абылай хан да сол биік талаптан табылып, елдің бірлігі мен жарқын болашағы үшін жан аямай қызмет етті. Жырау сол азаттық жолында өлімге бас байлап, ерліктің небір ғажайып үлгілерін көрсеткен хан мен оның батырларын жырға қосып, олардың өшпес әдеби бейнелерін жасады. Әсіресе, Абылай ханның көрегендігі мен даналығын, ауыр кезең, қиын сәттерде ел ұйытқысы бола білгенін асқақ жырлады:

«Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан, ханым-ай, Қайырусыз жылқы бақтырған, ханым-ай, Қалыңсыз қатын құштырған, ханым-ай. Үш жүзден үш кісіні құрбан қылсам, Сонда қалар ма екен қайран жаның-ай!».

Осы бір шумақ жырда халық пен ханның байланыс-бірлігін қиыннан қиыстыра білген. Жыраудың «Абылай ханның қасында», «Ал, тілімді алмасаң», «Ай, Абылай, Абылай», «Қазақтың ханы Абылай», «Ханға жауап айтпасам», «Басыңа біткен күніңіз», «Ай, Абылай, сен он бір жасыңда», «Ал, айтамын, айтамын» атты толғауларында ханның сол кездегі ұстанған саясаты мен көрегендігі, алғырлығы мен білгірлігі сипатталады. Ал «Садыр, қайда барасың?», «Бұқарекен біз келдік, Ақан, Төбет байларға» деген жырларында ол ел болашағы, татулық мәселелерін сөз етеді. Бұқар Жыраудың Абылай хан саясаты жөніндегі байламды пікірлері де орнықты, әділ. Ол қасындағы Қытай мен Ресей туралы да ұстамды бағыт ұстанады. Соның арқасында ата жауы Жоңғарлардың іштей іріп, азып-тозуы үшін ұтымды саясат қолдана отырып

тарих сахнасынан кетуіне қолайлы жағдай жасағанын мақтанышпен жырлайды. Бұл орайда жырау Абылай ханды «әділдігі Наушаруандай, жомарттығы Хатымдайдай» деп бейнелейді. Тіпті, ханның әділдігі мен адамгершілік қасиеттерін де жоғары бағалай келіп, оның байлық-салтанатын «қырық мың атан тарта алмас» деп сипаттайды. Мұның бәрін жырау ханның жас кезеңдерімен тығыз байланыста алып қарастырады:

«Қырық жасқа келгенде,
Алтынды тонның жеңі едің.
Қырық беске келгенде,
Жақсы-жаман демедің.
Елу жасқа келгенде,
Үш жүздің баласының,
атының басын бір кезеңге тіредің!».

Бұқар Жырау Абылай ханның «бәйгелі жерде бақ болған» әйгілі батырларын «өзіңе тұғыр болған төрт тірек» деп лайықты бағалай отырып, олардың тарихи ерлік істерін қазақтың абырой-арына біткен ерлер деп асқақ жырлайды. Бұқар жыраудың «Он екі айда жаз келер», «Абылай ханның қасында», «Ханға жауап айтпасам» атты толғаулары халық болашағы мен бейбітшілікті сақтау, отарлауды көздеген елден жыраққа, Жиделі байсынға көшу мәселесін қозғайды. Бұл жырлардың үгіт-насихаттық, дидактикалық сипаты басым. Жыраудың табиғат пен адам өмірін астастыра суреттейтін жырлары да мол: «Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек», «Әлемді түгел көрсе де», т.б. Осының бәрі жыраудың кәнігі шеберлігі мен талғампаздығын танытады. Бұқар Жыраудың толғаулары, шын мәнінде, Абылай дәуірінің айнасы. Ұлтының тамаша рухани адамгершілік қасиеттерін бойына дарытқан көкірегі даңғыл, алмас тілді, дуалы ауыз кемеңгерді Абылай хан да қасынан бір елі қалдырмаған. Ақыл-ойға кемел «Көмекей әулие» Абылай ханның дұрыс шешім, парасатты пайым қабылдауына, қос бүйірдегі екі алып мемлекеттің арасында оңтайлы саясат ұстауына, әскери дипломатиялық қарым-қатынастарды реттеуге барынша ықпал жасайды. Заман келбеті, Отан тағдыры, болмыс шындығы, ел тұтқасын ұстаған асқан қолбасшы, біртуар бағадүр, үздік мәмілегер, зерделі мемлекет басшысы Абылай ханның жортуыл-жорық күндеріндегі іс-қимылдары, ұлтының ұлы мұраттар жолындағы ізгі, жалынды күресі — жырау мұраларында шынайы шыншылдықпен суреттеледі. Әсіресе, Бұқар Жырау толғауларында Ресей империясының отарлаушылық, басқыншылық саясаты, зұлымдық әрекеттері әшкереленеді. Мысалы, «Қилы заман» толғауындағы мына бір жайлар табандап жылжып келе жатқан қайшылығы мол заманды елестетеді:

Қазақ қоғамының сәнінен, мәнінен айрылатынын, дінінің, тілінің, жерінің тозатынын, қабілетсіздер сұңғылаларды илеп билейтінін, дәрменсіздік жалайтынын, марқасқалар төбесінде бұлт үйірілетінін баяндаған. Бұл «Қилы заман» толғауының қалай туындағанын Мәшһүр Жүсіп Көпеев былайша

түсіндіреді. Абылай хан бір салтанатты күнде ат үстінде Бұқардан сұраған: «Асан қайғының қилы-қилы заман болар, қарағай басын шортан шалар дегені не тантық, суда жүрген шортан тауға біткен қарағайдың басына қайдан шығады. Миға қонбайтұғын сөз ғой» — деп. Сонда Бұқарекең қырын қарап тұрып, атының басын бұрып, қамшысын ерінің үстіне арта салып, көзіне жас алып; «Әй, хан! Бұл сөзді сен сұрамасаң керек еді, мен айтпасам керек!» деп, осы толғауды айтыпты. Отарлаудың небір қанқұйлы амал-айлаларын қапысыз ойластырған Ресей империясы сахарада қара шекпенділер мен келімсектерді түпкілікті қоныстандыру үшін, алдымен, тұс-тұстан қалалар мен бекіністер салды. Нулы, сулы, шүйгінді, орман-тоғайлы жерлерден қазақтарды қырға ығыстырды. Атамекенінен, ата кәсібінен ажырап, абдырай бастаған тағдыр тәлкегіне ұшыраған халқының күйін Бұқар Жырау былайша жоқтап зарлайды: «Өзің қонған Көкшетау,

Ұлы ойшыл-философ сөзін де, пікірін де ойнатып, жайнатып, етек-жеңі жинақы, ықшам, жүзіктің көзінен өткендей сырлы да сұлу мінсіз түйдек әкелген.«Әлемді түгел көру», «Аспанда жұлдыз аралап, ай нұрын ұстап міну» деген данышпандық толғамдары есінді аларлықтай есті сөздер. Бұқар Жырау толғауларының сыртқы сымбаты мен ішкі қасиет-қуатында, көркем ойлау процесінде шиыршық атқан жалынды шешендіктің буы, асқақ қаіармандық рухтың лебі білінеді. Негізінде, толғаудың құрылысы күрделі ой ағымына, пікір еркіндігіне, ауызекі сөйлеу стиліне бағынады. Тармақтар 7 — 8 буынды, ұйқастары еркін. Тегінде, толғау муз. аспаптардың (қобыз яки домбыра) сүйемелдеуімен орандалады. Бұқар Жырау толғауларының поэзиялық сәулеті, ерекше қасиеті және оның сөз қолдану ерекшелігі де өзгеше. Қара суды теріс ағызған Абылай ханды «Ай, Абылай, сен бір он бір жасыңда», «Күпшек санды күреңді» дейтін толғауларында: «Қара судың бетінде, Шайқалып аққан сең едің... Алтын тонның жеңі едің», «Алтын тұғыр үстінде, Ақсұңқар құстай түледің.... Бақ үйіне түнедің», деп «Айбалтасын алтынменен булатқан», «Періштесін жұрт үстінен дулатқан», «Жасыл көлге мәслихатқа келтіріп, Зәмзәм суын мыс табаққа толтырған. Қазығын қалайыдан қақтырып, тоқпағын сом алтыннан соқтырып, Нақыра күміш шаптырып...», «Орындығын оймыштан, Ою нақыш салдырған, Сануылғын сары алтынға малдырған» деген поэзиялық сипаттаулары; ердің ері Бөгембай батырды «Қазақтың қамал қорғанына», «Бұтақты мүйіз бұғысына» ұқсатуы, жыраулардың пірі өзін «Мен — Арғын деген арыспын, Аузы кере қарыспын. Сен — бұзау терісі шөншіксің, Мен — өгіз терісі талыспын» деген метафоралық салыстырулары яки өзінің образдық көркемдік бейнесін сомдауы келісті кесек, немесе: «Бірі етек, бірі жең болған», «Найзасының ұшы алтын» тәрізді кестелі, келісті, көркем суретті сөйлемдер жырау поэзиясының муз. архитектурасын, образдық-бейнелілік табиғатын анықтайды. Осылардың баршасы Бұқар Жыраудың жаратылысы, дүниені, ғаламды жан-жақты ұғып-түсінуден, танып-білуден, «тұрмыс қазанында қайнап піскен», сөз-ұғымдарды, сөз-образдарды

жаңғырта, көркейте түсер шығарымпаздық қабілетінен, филос. көзқарасынан туған деуге болады. Бұқар жырау поэзиясында ақындық даналықтан, тапқырлықтан нәр алған әсерлі, көркем теңеулер де кездеседі. Мыс., «Ұрғашының жақсысы, Абжыландай есіліп... Бозжорғадай бұлғаңы»; «Ормандай көп Орта жүз»; «Қорғасындай балқыған»; «Киігін қойдай қайырған»; «Құланы құлындай тулаған, түлкісі иттей шулаған»; «Буыршындай тіздесті»; «Ағып жатқан бұлақтай Жарға ойнаған лақтай»; «Ерттеп қойған құр аттай»; «От орындай тұяқтым... Саптыаяқтай еріндім, Сарымсақтай азулым... Кекілін қыздай тараған» және т.с.с. Бұлар ұлттық поэзия тілінің құлпыра түсуіне, сырты сұлу, іші ну оюлы, өрнекті сөздердің молая беруіне жойқын ықпал жасайтындығы даусыз. Бұқар Жырау толғауларының танымдық-эстетикалық мәні, сұлулық әлемі даралық-авторлық айқындаулардан да байқалады. Айталық: «сегіз қиыр шартарап», «Төсі аршынды сұлу», «құрсағы жуан боз бие», «алпыс басты ақ орда», «еңсесі биік кең сарай», «құбылып тұрған бәйшешек», «ардақталған сұлулық», «ойнай басқан аяқтым», «қиғаш қамыс құлақтым» «Шұбар көсем сары аяқ», «Қоспақ өркеш сары атан», «Тостаған көзді торыны» және т.б. Сөз кестесі мен бунақталу тәртібінің әуенін, орайын, шырайын түрлендіріп келтіруде меруерттей мөлтілдеген фразеологиялық оралымдардың бір-бірімен әсем қиысып, табиғи құйылып отыруы — жырау поэзиясының басты ерекшелігі. Мыс., «өкпенменен қабынба, өтіңменен жарылма», «омыртқасы үзілген», «Өлетұғын тай үшін, «Қалатұғын сай үшін», «Тар құрсағын кеңіткен, Тас емшегін жібіткен», «Назыменен күйдірген, Құлқыменен сүйдірген», «Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан, Қайыруссыз жалқы бақтырған, Қалыңсыз қатын құштырған», «екі қара көзді алар», «Ауыздағы сөзі алар, Бойыңдағы әлді алар, Бетіндегі нұрды алар, Бойыңдағы шарды алар, Аузыңдағы тісті алар, Қолыңдағы істі алар», «Еңкейіп орақ ораға, Тонқайып масақ терерге», т.б. Бұқар Жырау ой-пікірін, лебізін құйқылжыта, тамылжыта жеткізуде бірінен бірінің артықшылығын, айырмашылығын көрсетуде қарама-қарсы құбылыстарды шендестіре суреттейді.

Көмейінен жыр төгілген Бұқардың артына қалған мол мұрасы- қазақтың рухани-әдеби қазынасы. Оның асқақ рухты жырларын ұрпақтан- ұрпаққа жеткізу, дәріптеу, жауһар жырларының маңызын түсіндіре отырып, оны сақтау-бағалау біз үшін маңызды міндет.

Астана қаласы, Neotech Digital School
Сүлеймен Аида Адайқызы

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН АДАМГЕРШІЛІККЕ
ТӘРБИЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аймауытовтың туғанына биыл 135 жыл. Ұзақ жылдар бойы «ұлтшылдық» әдебиеттің өкілі деген айып тағылып, жазықсыз жапа шеккен қазақ әдебиеті мен мәдениетінің көрнекті қайраткерлерінің бірі Жүсіпбек Аймауытов жазушылығымен қоса қазақ топырағында тұңғыш педагогика, психология, көркемөнер ғылымдары саласында қалам тартып, құнды-құнды ғылыми-зерттеу еңбектерін жазуымен, бірнеше оқулықтар мен оқу құралдарының авторы болуымен дараланған ірі тұлға.

Адамгершілік тәрбиесі мәселелері педагогикада әрқашан өзекті болып келеді. Жүсіпбек Аймауытов қазақ педагогикасының негізін салушылардың бірі бола отырып, өз еңбектерінде бұл тақырыпқа да үлкен мән берген.

Аймауытовтың пікірінше, адамгершілік тәрбиесі адамның жеке басын қалыптастырудың және ең алдымен оның адамгершілік жағынан кемелденуінің жетекші факторы болып табылады. Ол адам ғылым мен техникада биік белестерді бағындырғанымен, сонымен бірге хайуандық ашу мен агрессиядан арыла алмағанын баса айтты. Мұның себебі, адамның әлі «білім құлы» болмай, өзінің жабайы инстинктінің құлы болып қала беруінде. Сондықтан мүмкіндігінше көп адамның адамгершілік тәрбиесін алуы өте маңызды.

Аймауытовтың пікірінше, адамгершілік тәрбиесінің мақсаты – еркін, өзгенің мұң-мұқтажына жауап беретін, өзгеге зиянын тигізбейтін, барлығымен бір атаның баласындай өмір сүретін тұлғаны қалыптастыру. Ол ұлтшылдық пен өзімшілдік халықтар арасындағы араздық пен қақтығыстарды тудыратындықтан, бұл мақсатқа кедергі келтіреді деп санады.

Тәрбиенің басты міндеті – адамның бойындағы жағымды қасиеттерді анықтап, дамытып, жағымсыз жақтарын жою. Ғалым жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтарды – ізгілік, барлық адамдардың игілігі үшін еңбек ету, өзара көмек және басқа халықтарды құрметтеуге шақырды. Әр адамның өмірі қоғамға пайдалы, игі істер жасауға бағытталуы керек деп есептеді.

Аймауытов қазақ педагогикасындағы адамгершілік тәрбиесі теориясының дамуына берік негіз қалады.

Жүсіпбек Аймауытов мектеп оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуде оқу-тәрбие процесі маңызды рөл атқарады деп есептеді. Ол көптеген оқу пәндері бойынша білім әлеуетін көрді [1].

Аймауытовтың пікірінше, тұлғаның адамгершілік қалыптасуында тіл үйренудің маңызы зор. Шет тілдерін байыппен үйрену басқа халықтардың мәдениетін, дүниетанымын және рухани әлемін түсінуге көмектеседі, адамның санасын байытады, оны осы халықтардың сезімдері мен ойлары әлеміне батырады.

Ғалым білім беруде ана тіліне ерекше орын берді. Халықтың тілі – оның ой-өрісін, мұратын, өнегелі құндылықтарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін қазынасы. Ана тілін үйрену арқылы балалар өз халқының ғасырлар бойы қалыптасқан жан дүниесін таниды.

Мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік дамуы үшін тарих сияқты пәннің маңызы кем емес. Әртүрлі халықтардың өткенін тану, олардың әлемдік

өркениетке қосқан үлесі тарихқа деген қызығушылықты оятып, өткен мен бүгіннің байланысын табуға үйретеді.

Аймауытов жеке тұлғаны эстетикалық және рухани байыту үшін мектептегі өнердің алатын орны зор екенін атап көрсетті. Балалардың өнерге деген құштарлығы мен қызығушылығын оятып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға шақырды.

Ғалымдар жаратылыстану тарихы сияқты пән бойынша білім беру мүмкіндіктерін де байқады. Ол бойынша бағдарламалар балалардың қабылдауын ескере отырып, жергілікті материалдарды пайдалана отырып жасалуы керек. Балалардың туған жерге деген қызығушылығын, сүйіспеншілігін ояту үшін сабақтарды қоршаған табиғат құбылыстарымен байланыстыру керек [2].

Аймауытов оқытудың дидактикалық принциптерін ұстану (жүйелілік, анықтық, қолжетімділік, т.б.) оқушылардың адамгершілік тәрбиесіне тікелей әсер етеді деп есептеді. Тақырыпқа деген қызығушылық, сабақты жанды да әсерлі өткізу, сәтті салыстыру мен көрнекі мысалдарды пайдалану сияқты тәрбиелік мақсаттарды ескере отырып сабақтарды ұйымдастыру бойынша ұсыныстар берді.

Ғалым көп нәрсе мұғалімнің өзіне – оның пәнге деген құштарлығына, логикалық ойлау қабілетіне, оқыту әдістерін меңгеруіне байланысты екенін атап өтті. Мұндай қасиеттер тек ұстаздық қызметке ғана емес, мектеп оқушыларын тәрбиелеуге де қажет.

Аймауытов оқу-тәрбие процесінің тәрбиелік аспектісін жан-жақты қарастырды. Оның ойынша, мектептегі кез келген пәнді сауатты оқыту мұғалімнің өз шеберлігімен ұштасып, оқушылардың адамгершілік тұрғыдан қалыптасуына қолайлы жағдай туғызады [3].

Жүсіпбек Аймауытов мектеп оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу құралы ретінде сыныптан тыс жұмыстарға, сыныптан тыс іс-шаралар мен мектеп мерекелерін ұйымдастыруға үлкен мән берді. Ғалым мерекелік бағдарламаға барлық балаларды қатыстырған бұқаралық шараларды өткізуді тиімді деп санады. Бұл жеке спектакльдер кезінде пайда болатын мақтаншақтық, өктемдік сияқты жағымсыз көріністерден аулақ болуға мүмкіндік туғызады.

Аймауытов адамгершілік тәрбиесіне тиімді әсер ететіндей іс-шараларды дұрыс ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар берді. Мысалы, ол мектеп бақшасын мұғалімдер мен оқушылар арасындағы құпия әңгімелер мен ынтымақтастық орны ретінде маңызды деп санады. Оның ойынша, балалардың денсаулығына, мінез-құлқына ағаштар пайдалы әсерін тигізеді.

Ғалым баланың мектептен тыс бос уақытын қалай өткізетініне үлкен мән берген. Мектепте алған нұсқау іс жүзінде жүзеге асса, білім өз мақсатына жетті. Сондықтан мектептен кейін балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру өте маңызды [4].

Жалпы, Аймауытовтың білім беру тек оқу-тәрбие процесі емес, сонымен қатар сыныптан тыс жұмыстар, мектеп ортасы, оқушының өзінің іс-әрекеті

деген құнды ойлары бар. Осы факторлардың барлығы жас ұрпақтың адамгершілік қасиетін қалыптастыру үшін үйлесімді түрде мәнін табуы керек.

Жүсіпбек Аймауытовтың мектеп оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу жөніндегі ой-пікірлерін жинақтай отырып, мынадай түйінді ойларды бөліп көрсетуге болады.

1. Тәрбиенің мақсаты – жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген, еркін, өзгенің сұранысына жауап беретін, сыйлы тұлғаны қалыптастыру.

2. Тәрбиенің міндеті – жағымды қасиеттерді дамытып, жағымсыз қасиеттерін жою. Жақсы әдеттерді бойына сіңіріп, жаман әдеттерден арылу маңызды.

3. Оқу процесінің, әсіресе, тілдерді, тарихты, өнерді, жаратылыстану тарихын зерттеуде үлкен тәрбиелік мүмкіндіктері бар.

4. Оқытудың тәрбиелік тұрғыдан нәтижелі болуы мұғалімнің шеберлігіне және дидактикалық принциптерді ұстануына байланысты.

5. Сыныптан тыс жұмыстар, мерекелер, мектеп бақтары баланың тұлғасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

6. Тәрбие жұмысының табыстылығы баланың күнделікті өмірде алған нұсқауларын қаншалықты орындауымен анықталады [5].

Жүсіпбек Аймауытовтың педагогикалық мұрасы жас ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеу мәселелері өте өткір тұрған мәселе. Бүгінгі күні де өзектілігін жойған жоқ. Оның мектеп оқушыларымен жұмыстың әртүрлі формалары арқылы оқыту мен тәрбиелеудің үйлесімді ұштасуы туралы идеяларын қазіргі білім беру жүйесінде сәтті қолдануға болады.

Әрине, Аймауытовтың еңбектері мен оның өз заманындағы педагогикаға деген жаңашыл көзқарастарын одан әрі тереңдете зерттеуді қажет етеді. Мұндай зерттеулерді жүргізу қазақ педагогика ғылымының дамып, байытылуына ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әбілқасымова А.Е. Жүсіпбек Аймауытов – ағартушы, шәкірт, ұстаз / Ә.Е. Әбілқасымова. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 148 б.

2. Ахметова Г.Қ. Педагогикалық тұжырымдама Дж. Аймауытова / Г.Қ. Ахметова. – Алматы: Білім, 2003. – 212 б.

3. Құдайбергенова С.Қ. Еңбектегі адамгершілік тәрбиесі идеясы Дж. Аймауытова / С.Қ. Құдайбергенова // Вестник КазНУ. Педагогикалық ғылымдар сериясы. - 2015. - No 2(45). - С. 27-33.

4. Мурзағалиева А.Е. Педагогикалық мұрадағы тұлға ұғымы Дж. Аймауытова / А.Е. Мурзағалиева // Педагогика. - 2011. - No 6. - С. 89-95.

5. Нұрмұханова Г.Ж. Қазақ халық педагогикасындағы адамгершілік тәрбиесінің жүйесі / Г.Ж. Нұрмұханова. – Алматы: Ғылым, 20

**Қарағанды қаласы, «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
мектеп-гимназиясы» КММ бастауыш мұғалімі
Жаканова Жанар**

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕР БӘЙТЕРЕГІНІҢ ӨШПЕС МҰРАСЫ

Бейнелеу өнерінің бәйтерегі, әйгілі кескіндемеші, қазақ сурет өнерінің бастауында болған қылқалам шебері Әбілхан Қастеевтің туылғанына 120 жыл толып отыр. Әбілхан Қастеев 1904 жылы Алматы облысына қарасты Жаркент төңірегінде дүниеге келген. Қазақ өнеріне еңбегі сіңген Әбілхан Қастеев ұзаққа созылған ауыр науқастан кейін 1973 жылы 2 қарашада қайтыс болады. Әбілхан қол өнеріне, онан соң суретшілік өнерге жастайынан бейім болған. Анасы Айғанша кілем, алаша, бау-басқұр тоқуға, сырмақ сыруға, шым ши жасауға шебер адам болыпты. Әбілхан осы халық өнеріне бала кезінен көз қанықтырып, анасына ою-өрнектер салуға көмектесіп, сурет өнеріне қолын үйретіп өседі. Ұлы қазан төңкерісінен кейін Әбілханның көзі ашылып талантты да жігерлі жасты Алматыға оқуға жібереді. Онда екі жылдай кәсіби тәжірибелі суретшісі Н.Г.Хлудовтың басшылығымен бейнелеу мен акварель сырына тереңнен қанық бола бастайды, отызыншы жылдардың бастапқы кезінде Ә.Қастеевтің алғашқы еңбектері оның шығармашылық еңбегінің кірпішін қалайды. Ең алғаш Әбілхан Қастеевтің кездескен суретшілерінің бірі — Н.Г.Хлудов жас талант еңбегін өте жоғары бағалап, қазақтан шыққан тамаша суретшіге өзінің қылқаламын, түрлі бояу салынған қорапты сыйлайды. Бейнелеу өнерінің майталманы 1100-ден астам туындының авторы. Атақты суретшінің ең танымал жұмыстары Алматы қаласындағы Мемлекеттік Әбілхан Қастеев атындағы өнер музейінде сақталған. Атап айтсақ, «Қарындасымның портреті», «Көкшіл түсті көйлек киген қыз», «Түрксіб», «Мектепке бару» т.б. Бастауыш сыныптың еңбекке баулу оқулығының «АТАҚТЫ ӨНЕР ТҰЛҒАЛАР» бөлімінде Әбілхан Қастеев атамздың туындылары берілген. Осы бөлімде суретшілердің қылқаламы арқылы ұлы адамдардың қандай болғанын елестете аламыз. Әбілхан Қастеев қазақ халқының өмірін жан-жақты суреттеген қылқалам иесі. Өз туындыларында қазақтың біртуар тарихи тұлғаларының кескін-келбетін сомдап, кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырған суретші. Амангелді Иманов, Шоқан Уәлиханов, Жамбыл Жабаев, Сүйінбай Аронұлы, Кенесары Қасымовтың портреттері суретші шеберлігінің айқын көрінісі екендігіне ешкім шүбә келтірмейді. Әбілхан Қастеев шығармашылығындағы тарихи тұлғалардың ішінде Абай есімі ерекше орын алғандығы даусыз. Қылқалам иесі өмірінің әр кезеңінде Абай тақырыбына қайта айналып келіп, ұлы ақын тұлғасының ерекше, жаңа қырын аша түскен туындылар жасаған. Абай бейнесі, Абай тақырыбы суретші үшін ғұмырлық тақырып болды. Бұл туындылардың барлығында суретші өзі жақсы көрген акварель техникасын қолданған. Туындылардың бірінде бала Абайдың медресе шәкірті бейнесін көрсек, енді біреуінде шығармашылық шабыт сәтіндегі жас Абайды, келесінде орта жастағы ойға шомған табиғат аясындағы ақын бейнесін көруге болады. Пейзаждық жұмыстарда ақынның жаз кезінде жайлауға қоныстанатын Бақанас пен Байқошқар өлкесін, Шыңғыстаудағы жазғы ауыл көрінісін, Сарыкөл, Қарауыл төбенің көркем суреттерін көріп, таң қаласыз. Бұл туындылар арқылы жас ұрпаққа есімі

әлемге танымал тұлғаның шығармашылығымен етене танысуға, сол арқылы қазақ ұлттық бейнелеу өнері жайында кеңірек мағлұмат алуға мүмкіндік береміз. Ә.Қастеевтің өнерге құштарлығын арттырған екінші мектебі ол қазақ халқының қолөнері. Алғашқы көзіне оттай басылып, екі жанарының нұрын алған оюланып, мәнерленіп қырланған, бедерленіп, түрлі түске боялған жиһаз бұйымдар, кілем, сырмақ, текеметтер, он саусағынан өнер тамған шеберлер болса, оның арасында аса әсер еткен анасының қолынан шыққан, қадірлі де қастерлі тұрмыстық қолөнер заттары еді. Мұның дәлелі ұлы суреткердің аңызға айналған «Өнерді өзеннің бұлағынан, қойдың құлағынан апамның киізінен, ешкінің мүйізінен үйрендім», деген сөздері. Әсіресе қарапайым көшіп-қонуға ыңғайлы киіз үйдің ішіндегі жиһаз бұйымдар. Олардың сұлулығы, үйлесімділігі, көркемдігі ішкі композициялық заңдылыққа орай құрылып, әртүрлі түстердің біртұтастығы әсем ансамбль бейнелеп, кескіндеме өнеріне жол сілтегендей болып еді. Бір ғана қазақ үйдің өзін Қастеев өмірі мен өнеріне жол сілтеуші десек, қазақ үйі көне дәуірден келе жатқан ұлттық өнеріміздің жарқын үлгісі, алғашқы әліппесі болып саналады. Ұлы суретшінің шығармашылығын жас ұрпаққа таныстыру арқылы қазақтың ұлттық құндылықтарын, ұлттық жәдігерлерін бойларына сіңірту.

Қолданылған әдебиеттер

1. Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым.
2. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. “Алматыкітап баспасы”, 2009
4. Көркем еңбек 3 сынып оқулығы. Алматы «Атамұра» 2018

**Астана қаласы Ф.Оңғарсынова атындағы
№77 мектеп-гимназиясы ШЖҚ КММ
бастауыш сынып мұғалімі
Туменова Ұлбосын Алшагыровна**

ӘБІЛХАН ҚАСТЕЕВ -ҒАСЫР МҰРАСЫ

XX ғасырдың басында бейнелеу өнерінің еуропалық түрлері қазақ халқының мәдениетінің бір бөлігіне айналған жоқ, ал ұлттық өнердің отандық түрлері қолданбалы, унитарлық түрде жабылды

Егер кескіндеме мен графика туралы бөлек айтатын болсақ, онда Қазақстанның бейнелеу өнерінің кәсіптік мектебі XX ғасырдың 20-жылдарында пайда болды, ал бұл өнердің бастауында Қазақстанның Халық суретшісі Әбілхан Қастеев тұрды

Әбілхан Қастеев 1907 жылы Алматы облысы Панфилов ауданы Шыжын ауылында дүниеге келген. Отбасы кедей болды. Әкесі, кедей шопан, Абылхан небәрі үш жасында қайтыс болды. Анасы жалғыз қалды, оның нәзік иығына балалар мен олардың тамақтануына барлық қамқорлық жасалды. Күйеуі қайтыс болғаннан кейін Әбілханның анасы аменгершілік дәстүрі бойынша күйеуінің ағаларының біріне үйленді.

Өсе келе Әбілхан анасына барлық жағынан көмектесе бастады. Ол ешбір, тіпті ең лас жұмыстан бас тартпады, ал 8 жасынан бастап бай қойларын бағып үлгерді. Ол далада бүкіл күндерді, тіпті апталарды жалғыз өткізді. Бірақ ол ешқашан өзімен жалғыз скучно болған емес. Кішкентай Әбілхан қолөнер жасауды үйренді, әртүрлі ағаш мүсіншелерді ойып, тіпті әйелдер зергерлік бұйымдарын жасады.

Ауылдағы барлық қыздар кішкентай шопанның алтын қолдары бар екенін білді. Олар оның жайлаумен бірге оралуын асыға күтті, ол олар үшін де бірдеңе жасайды деп үміттенді. Біраз уақыттан кейін Әбілхан ағаш пен тастан адамдар мен жануарлардың мүсіндерін ойып сала бастады, ол үшін оған бірнеше рет ауылдық мулладан жеткізілді, айтпақшы, тіпті ата-анасына ұлының қулықтары үшін мешітке баруға тыйым салды.

1-ші қатар, солдан оңға қарай: Мәсім ағай (өгей әкесі), Қалипан Шығынбаевтың анасы, әйелі Сакыш Ұлы Әбілтаймен бірге. 2-ші қатар: Нұрғазының інісі Әбілхан Қастеев

Қарсыласу Әбілханның бүкіл өмірімен бірге жүреді. Алдымен діни тыйымдар еркін шығармашылыққа кедергі болады, содан кейін кеңестік цензура бұл функцияны өз мойнына алады. Ол шеберден тиісті уақытты идеологиялық тұрғыдан тексерілген жұмысты талап етеді.

1919 жыл. Отбасы Жаркентке көшеді. Дәл сол кезде оның алғашқы суреттері дүниеге келеді. Оның алғашқы жұмыстары оның ішкі әлемін, бітімгершілік көзқарасын білдірді. Мұнда ол қолындағы қылқалам ақынның аузындағы сөзден басқа ештеңе емес екенін түсінді. Бірақ Қастеев сурет салуға тек жұмыстан бос уақыт бөле алады. Жаркентте Қастеев бір байдан аула сыпырушы болып жұмысқа орналасты. Қалай болғанда да, жергілікті газеттің фотографы Саламатова талантты тазалаушының жұмысына назар аударды. Ол Қастеевтің кейбір суреттерін алып, оларды Қызылордаға жіберді. Онда суреттер бағаланып, Қастеевті оқуға шақырды, бірақ кедей ауыл жігітінің жолға ақшасы болмады және оқудан бас тартуға тура келді.

Суретшінің жетілуі және оның жеке басының қалыптасуы жаһандық саяси өзгерістермен тұспа-тұс келді. Әбілхан Қастеев сияқты жастар үшін коммунистердің билікке келуімен бұл өзгерістер жақсы болды, өйткені олар үміт сыйлады. Қастеев достарымен бірге сол жылдардағы ең үлкен құрылыс – Түрксібке барды. Ол көптеген жылдар өткен соң салатын аттас сурет оның қолтаңбасы болады. Қастеев алғаш рет ауқымды индустриялық бағдарламаны жүзеге асырған ірі ұжымға түсті. Ол Түрксібте жұмыс істеген кезде сурет салудан бас тартқан жоқ, ал Лениннің жартастағы портреті үшін ол тіпті құрылыс басшылығынан жігер алды. Жас суретші мұндай талант білім мен қолдауды қажет етеді деп шешіп, ескерту алды. Арнайы құрылған комиссия оның шығу тегін мұқият тексерді, тіпті сұраныс Отанына жіберілді. Жауап тынышталды-Әбілхан Қастеев кедей адамның отбасында дүниеге келді.

Қастеевтің елден кете алмауының тағы бір себебі 1935 жылы Қастеев салған хан Кенесары портреті болды. Қуғын-сүргін жылдарында, тіпті Кенесары туралы абайсыз сөз 10 жылдық сілтемелер үшін жеткілікті болған

кезде, оның портреті қорқынышты тәуекел болды. Бірақ Ә. Қастеев жазадан құтыла алды.

Осы кезеңде ол "Жас Абай" портретін салған. Бұған дейін Абай тұлғасының қазақ халқының тарихындағы рөлі қайта қаралды: егер ол бұрын дала ақсүйектерінің өкілі болып саналса, 1930 жылдардың ортасында Мұхтар Әуезовтің күшімен Абай қазақ мәдениетінің көрнекті қайраткерлерінің біріне айналды. Осыған байланысты 1934 жылы байқау өткізіліп, онда Қастеев "Жас Абай" картинасымен өнер көрсетті, оның ерекшелігі Абай жас кезінде бейнеленген.

1944 жылы Әбілхан Қастеев Халық қаһарманы Амангелді Имановтың Отанына барып, батырдың портретін салған. Ол Амангелданың барлық туыстарын аралап, олардың әңгімелеріне сүйеніп, бірқатар сынақ портреттерінен кейін ақыры туыстарының сотына А.Имановтың портретін ұсынды. Нәтиже барлық күткеннен асып түсті, ал ескі адамдар керемет ұқсастыққа таң қалды. Осы жұмысы үшін ол 1944 жылы Қазақ КСР Халық суретшісі атағын және Жоғарғы Кеңестің грамотасын алды. Оның еңбектерінің арқасында Ұлы Қазақ батыры Амангелді болашақ ұрпақ үшін сақталған.

1940 жылдардың аяғында Михаил Зощенко мен Анна Ахматова құрбан болған "Звезда" және "Ленинград" журналдары туралы БКП (б) ОК ұйымдастыру бюросының белгілі қаулысы Қастеевке де қатысты. Ол кеңес өнері үшін жек көретін формализм мен натурализм үшін айыпталды, егер ҚазКСР Суретшілер Одағының отырыстарының бірінде әріптестері оған кірмесе, бәрі қайғылы болар еді.

Әбілхан Қастеевтің шығармашылығында ұлттық рухты, қазақтардың тұрмыс сипатын, халықтың салт-дәстүрін бейнелейтін картиналар ерекше орын алады. Бұл көзқарас бояуларда, беттерде және кенептің жалпы көңіл-күйінде сезіледі. Мұндай жұмыстарға "сатып алынған қалыңдық" және "қызды күштеп алып кету" картиналары кіреді.

"Қызды күшпен алып кету"

Суретшілер одағына және басқа да регалияларға мүше болғанына қарамастан, көп балалы Қастеевтер отбасы шатыры мен шіріген едені бар саманнан жасалған үйде екі бөлме жалдады. А. Қастеев коммунистік партиялардың бірінші басшыларына жиі жүгінді, тіпті Брежневтің өзіне де хат жазды, бірақ оның өтініштері жауапсыз қалды. Әбілханның ашуын келтірген жағдай оған өз үйін алуға көмектесті, ол тікелей Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Дінмұхамед Қонаевқа барды.

Себебі, 1959 жылы қоғам қайраткері және суретші Рокуэлл кент бастаған американдық делегация Қазақстанға келмек болған. Олар Ә.Қастеевтің өмірі мен шығармашылығы туралы фильм түсіргісі келді. Кеңес өкіметі Қастеев отбасын шұғыл түрде "Қазақфильм" үйіне көшірді. Пәтер әдемі жиһаздармен және интерьер заттарымен және өнімдермен жабдықталған, тіпті өз шеберханасын салған. Алайда делегация кеткеннен кейін Қастеевтен пәтерден кетуді сұрады. Бұл іс соңғы сабан болды.

Ол әрқашан өз халқының бір бөлігі болды ол қаншалықты регалиямен көтерілсе де, қаншалықты құрметке ие болса да, айналасындағы әлемді жақсы көретін, өзін осы әлемге арнаған адам болып қала берді. 1955 және 1959 жылдары ол Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды және ол өңірлерді абаттандырумен барлық жауапкершілікпен айналысты, мектептер, балабақшалар салу мәселелерін шешті, оған жүгінгендерге көмектесуден ешқашан бас тартпады. Оның тікелей қатысуымен Шымкент пен Шолаққорғанды жалғайтын 240 шақырымдық жол салынды.

Бір қызығы, тұңғыш қазақ суретшісі КСРО-ның ең беделді және маңызды марапаты - Ленин сыйлығына ие болған жоқ. Өтініш беруге ұсынылғанымен, құжаттар Мәскеуге жіберілді, бірақ олар кейбір қағаздардың жоқтығына байланысты қайтарылды. Бұл мәселе жабылды.

Суретшілер одағында Қастеевке қарсы лас интригалар өрілді. Мәскеу мен Ленинградта білім алған жас суретшілер тобы өз қатарынан қарт адамды және олардың пікірінше, білімсіз әріптесін сығып алуға тырысты. Шынында да, Қастеевтің академиялық білімі болған жоқ, ол табиғи дарынды болды, ең бастысы – ол бәріне ұнады. Тек оны кешіре алмады.

Әрине, Қастеев қатты уайымдады, бірақ қатыгез және кішіпейіл адам болғандықтан, ол өзіне жасалған қорқытуды үнсіз бұзды. Жүрегі сықырлаған ол жан дүниесінде не болып жатқанын сатқан жоқ. Мазасыздық пен ренішке толы ұйқысыз түндер туралы ең жақын адамдар ғана білетін. Ол бірнеше рет инфаркт алып, 1973 жылы 2 қарашада Әбілхан Қастеев қайтыс болды.

Қазақстанның тұңғыш ұлттық суретшісі Әбілхан Қастеев классикалық жанрлардың негізін қалады. Оның жұмысының бірегейлігі оның шынайылығында, адалдығында, соның арқасында ол қоршаған әлемді қабылдады. Ол суретші ғана емес, сонымен қатар шежіреші болды, оның кенептерінің арқасында елдің этнографиясын қалпына келтіруге болады.

Суретшінің «Ғ.Мұратбаев», «Абай», «Ж.Жабаев», «А.Иманов», «К.Әзірбаев» сияқты портреттік туындылары жоғары таным-талғамның үлгісі. Тарихи тақырыптағы «Түркісіб», «Амангелді сарбаздары», «Қалыңдық», тағы басқа көркем туындыларынан – эпикалық ауқымдылық, ұлттық бояудың айқындығы көрінеді.

Суретші ұлттық дүниетаным шеңберінде халқымыздың тұрмыс-тіршілігін дәл бейнелей білді. Оның «Киіз үйдің ішкі көрінісі», «Қыз Жібек», «Қыз ұзату», «Қос құрбы», «Келін түсіру» тағы басқа шығармалары ұлттық қазынамызға айналды.

Қылқалам шебері мәдениет тарихының, республикалық қоғамдық өмірдің жылнамасын жасады. Абай мен Қастеев арасындағы сырлы байланыс дүниені эстетикалық-көркемдік тұрғыдан танудың, өнер өзектестігінің, рухани сабақтастықтың көрінісі. Суретшінің сүйікті кейіпкері Абай тұлғасы болды.

«Абай киіз үй алдында», «Жас Абай», «Абай жаз жайлауда», «Бүркітші», «Қыс», «Жаз», «Көктем» атты шығармалары арқылы суретші Абай келбетін әр қырынан сомдады.

«Қазан төңкерісі», 2 мәрте «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған. Шымкент қаласындағы өнер училищесі, ҚР

Мемлекеттік өнер музейі әйгілі суретшінің есімімен аталады. Әбілхан Қастеевтің жүз жылдық мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде атап өтілді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым.

2. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған.

Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. “Алматыкітап баспасы”, 2009

**Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицейінің
математика пәні мұғалімі
Жаңабергенова Гүлжиһан Аркадийқызы**

ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА БАҒЫТТАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ НЕГІЗІНДЕ БҰҚАР ЖЫРАУ МҰРАЛАРЫН ДӘРІПТЕУ

Заман талабына сай оқыту мен тәрбие бағыттары құндылық пен дағдыны дамытуға, оқушыны жеке тұлға ретінде жетілдіруге, оқушының өзіндік іс-әрекетін қалыптастыруды күшейтуге ықпал жасайды. Яғни, оқушының өзін-өзі тұлға ретінде жетілдіруіне мүмкіндік бере отырып, қолайлы оқу ортасын құру қажеттілігі туындайды. Ұлы философ әл-Фараби “Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие берілу керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі” – деп айтқандай, баланың тұлғалық дамуы тікелей тәрбиеге байланысты. Ал тәрбие негізі – ұлттық құндылықтарда. Құндылықтарға бағытталған білім беру негізінде «Ұлы даланың ұлы тұлғалар мұраларын» дәріптеуде Бұқар жырау шығармашылығының маңызы зор.

Бұқар Қалқаманұлы (1668-1781жж.) – қазақтың аса көрнекті жырауы, XVIII ғасырдағы жоңғар басқыншыларына қарсы қазақтың азаттық соғысын бастаушысы әрі ұйымдастырушысы атақты Абылай ханның ақылшысы. Шыққан тегі Арғын арысының Сүйіндік тайпасының қаржас руынан. Әкесі аты аңызға айналған Қалқаман батыр. Қалқаман батыр туралы кезінде еліне, халқына батырлығымен белгілі болған, аты аңызға айналған тұлға екені белгілі. Ұзақ ғұмыр сүрген жырау көптеген тарихи оқиғалардың куәгері. Тәуке ханның тұсында беделді билердің бірі болған. Бұқар жырау билік басына Абылай хан келгенде мемлекеттік істерге қайта араласады. Ханның бас кеңесшісі және ең беделді билерінің бірі бола отырып, жырау қазақ халқының өміріндегі күрделі мәселелерді шешуде маңызды рөл атқарған. Сөйлегенде көмекейі бүлкілдеп, аузынан тек өлең сөз төгілетіндіктен, заманындағы сыншылар оны «көмекей әулие» деген. Бұхарадағы, Қарнақтағы медреселерде оқыған. Бұқар жырау Қалқаманұлы жасынан елге танылып, алғыр жырау ретінде атақ-даңқы алты алашқа жайылған. Кейін оның хан сарайы маңында

да беделді ақын, ақылшы би саналуы тегін емес еді. Ел өміріндегі ірі мәселелерді шешуде ерекше рөл атқарған данышпан.

Өз заманында Бұқар жырау білімдар адам болған және шығармаларын араб тілінде де жазған. Оның поэтикалық мұрасынан бізге 1200 жолға жуығы жетті. Олар XIX-XX ғасырларда ел аузынан жиналып алынған болатын. Бұқардың шығармаларын жинап, хатқа түсірген, басын кұрап қолжазба қорына жеткізген Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Жыраудың моласын тауып, бүгінгі ұрпақ білсін деп басына ең алғаш белгі қойып кеткен де сол ғұлама. Бұқар жырау Қарағанды облысындағы өзі аттас ауданның, қазіргі Бұқар жырау ауылы маңына, Далба тауының бір сілемінде жерленген. 1993 ж. туғанына 325 жыл толуын үлкен салтанатпен атап өтілді. Ұрпақтары зор қошеметпен абыздың жерленген жеріне сол жылы сәулетші А.Сәуменовтің сызбасы бойынша кесене тұрғызды. үштаған бұл кесене қазақтың ұлттық бас киіміне ұқсайды, бұл кезінде ұлы бабамыз аңсап кеткен үш жүздің, бүкіл елдің бірлігін бейнелейді. Қазір бұл тарихи нысан жергілікті маңызы бар архитектуралық ескерткіш, қасиетті жер, зиярат ету орны болып саналады.

Өз дәуірінің тұрақсыз және құбылмалы сипатын Бұқар жырау заңды құбылыс ретінде қабылдайды. Оның айтуынша, әлемде ешбір зат мәңгілік емес, адам өмірі мен табиғат та өзгереді.

Бұқар жырау шығармаларының басты тақырыбы — патриоттық құндылықтарға негізделгенін, халқына, Отанына деген ыстық махаббатын туындыларынан анық байқауға болады. Қалмақ басқыншылығы тұсында жырау шашыранды елдің басын біріктіріп, қанқұйлы жауға тойтарыс беретін басшының қажеттігін түсіне білді және бір орталыққа бағынатын біртұтас мемлекетке үш жүздің бірігуін аңсаған арманын жүзеге асыратын Абылай хан деп санап, өзінің іс-әрекеті мен өлеңдері арқылы оны қолдап, хандық билікті нығайтып, дамыту жолында күрес жүргізген.

Жан біткен еріп соңынан
Он сан алаш баласын,
Аузыңа құдай қаратып,
Жусатып тағы ергізіп,
Жұмсап бір тұрсаң қолыңнан.

Ол Абылай ханға үлкен үміт артып, оның ел басқарудағы саясаты мен жорықтарын қолдады. Жырау сол азаттық жолында өлімге бас байлап, ерліктің небір ғажайып үлгілерін көрсеткен хан мен оның батырларын жырға қосып, олардың өшпес әдеби бейнелерін жасады. Әсіресе, Абылай ханның көрегендігі мен даналығын, ауыр кезең, қиын сәттерде ел ұйытқысы бола білгенін асқақ жырлады:

Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан, ханым-ай,
Қайырусыз жылқы бақтырған, ханым-ай,
Қалыңсыз жар құштырған, ханым-ай.
Үш жүзден үш кісіні құрбан қылсам,

Сонда қалар ма екен қайран жаның-ай!

Осы бір шумақ жырда халық пен ханның байланыс-бірлігін қиыннан қиыстыра білген. Жыраудың “Абылай ханның қасында”, “Ал, тілімді алмасаң”, “Ай, Абылай, Абылай”, “Қазақтың ханы Абылай”, “Ханға жауап айтпасам”, “Басыңа біткен күніңіз”, “Ай, Абылай, сен он бір жасыңда”, “Ал, айтамын, айтамын” атты толғауларында ханның сол кездегі ұстанған саясаты мен көрегендігі, алғырлығы мен білгірлігін суреттеген. Жоңғар шапқыншылығы кезінде Бұқар жырау халқымен бірге халқының басына туған ауыр қиыншылықты басынан кешірді, Абылайдың ел басқарған кезеңі әртүрлі өте күрделі және қарама-қайшылық жағдайлармен сипатталады. Осы қиын жағдай, Абылай ханның саясатының екіжақтылық сипаты Бұқар жырау шығармашылығында өзіндік бейнеленді. Алайда, жырау ханның барлық іс-әрекет, ішкі-сыртқы саясатын түгелдей қостай бермеген. Үлкен мәні бар әлеуметтік мәселелер төңірегіндегі келелі кеңеске көнбеген ұста ол ханды аяусыз сынап, ащы шындықты бетке айтып отырған. Ол орыс патшалығының басты мақсаты қазақ жерін отарлау саясатын жүзеге асыру екенін жақсы түсінген. Бұл тұста біз жыраудың көрші орыс елімен соғысуды ойлаған Абылайға тоқтау айтып, көршілес елмен тату-дос болуға шақырғанын көреміз. Өз туындыларында өзекті мәселелерді көтерген абыз ақын халықты бірлікке, достыққа және батылдыққа үндейді. Абылайдың кейбір іс-әрекеттерін қатты сынаған ол айбарлы ханның ақылшысы ғана емес, мемлекеттік саясат істеріне ықпал етіп отырған қабырғалы биге, өз заманының ұраншысына айналды.

Өзінің ұзақ ғұмырында Бұқар жырау халқының көрген көптеген қиындықты өз көзімен көре білді. Сондықтан да оның шығармашылығында өзекті тақырыптар ретінде елдің бірлігі, бейбіт өмірі, өз Отанына деген сүйіспеншілік, сыртқы жаулардан елін қорғай білу, тәлім-тәрбиелік, өскелең ұрпақ тәрбиесіне толғауларында ерекше мән береді. Бұқар жырау өзінің «Тілек» толғауында әр адамға жақын, әр адамның игі арманы болған тілектерді тізген:

Бірінші тілек тілеңіз,

Бір Аллаға жазбасқа.

Екінші тілек тілеңіз,

Ең шұғыл пасық залымның

Тіліне еріп азбасқа.

Үшінші тілек тілеңіз,

Үшкілсіз көйлек кимеске.

Төртінші тілек тілеңіз,

Тәрде төсек тартып жатпасқа.

Ол осы толғауы арқылы отбасы, денсаулық, жауапкершілік құндылықтарын дөп басып жырлағанын көре аламыз. Мысалы: «Екінші тілек тілеңіз, Ең шұғыл пасық залымның тіліне еріп азбасқа» дей отырып, жаманның арбауына ермейтін, тілі өтпейтін, рухани қорғаны мықты адам болуға шақырады. Ал,

төртінші тілек тілеңіз, Төрде төсек тартып жатпасқа» дей отырып, адамға денсаулықтың маңызды екенін баса айтады. Бұқар жыраудың тілі көркем, мазмұны терең толғауынан кешегі дүрбелең заманның да бейнесін көреміз.

Ру арасындағы тартыс жағдайында Бұқар жырау адамдарды біріктіруге, ынтымақтыққа шақырудан шаршамайды, «бұрынғы өшпенділікті ұмытып, адамдар өзара достасудың» қажеттігін, «жау әр уақытта да бізді айналып өтсін», «сіздер бір туған анадан қандас бауырларсыңдар», -деп руларға ықпал етуге ұмтылған.

Бұқар жырау жақсы мен жамандық туралы, адамгершілік қасиетті, шынайы достық пен қастықты салыстыра келіп, жырау жастарды тәлімдік-тәрбиелік мәні бар қасиеттерді, құндылықтарды жастардың бойына сіңіруге ақыл-кеңес береді:

Екі жақсы қас болмас,

Екі жаман дос болмас.

Дос болғанмен хан болмас,

Екі жақсы дос болмас,

Дос болса, түбі бос болмас, - деп адамгершілік, ізгілік қасиеттерді жастардың арасында кеңінен насихаттайды.

Сонымен қатар, Бұқар Жырау шығармаларында замандар бойы жиналып, ақыл-ой таразысынан өткізілген өмір тәжірибесінің, ұлттық тарихи санасының даналық қорытындысы, адамгершіліктің ереже-қағидасы іспетті нақыл-ғибрат сөздер мол. Әсіресе, белгілі бір құбылыстарды, адам бойындағы қасиеттер мен құндылықтарды тізбелеп, салыстырып айтатын “Тар пейілді кеңімес, Кең пейілді кемімес”, “Қара құлаш жүйрік деп”, “Ежелгі дос жау болмас”, “Бағаналы орда, басты орда”, “Жар басына қонбаңыз”, “Көкте бұлт сөгілсе”, “Алыстан қызыл көрінсе”, “Биік тауға жарасар”, “Қорғанды шаһар қаласын”, “Жал құйрығы қаба деп”, “Асқар таудың өлгені”, “Ақсаңнан биік тау болмас” секілді термелерінде неше алуан мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерді келтіруге болады.

Жырау шығармасындағы баска бір маңызды тақырып адам табиғатының өзгеруі, дүниенің бір орнында тұрмайтындығы. Бұқар өмірді кезең-кезеңге бөліп, адамның жасы оның санасын, құндылықтарын, мінез-құлқын, көңіл күйін, күш-жігерін қалай өзгертетіндігін көрсетеді. Оның поэзиясының халық арасына кеңінен тарап, ғаклия, нақыл, афоризмдерге айналуы, мақал-мәтел болып жетуі де көркемдеу тәсілінің кереметтігінде. Бұқар жыраудың қайсыбір туындысын алсақ та оқушы бойына құндылықтарды дарытуда ең асыл мұралар болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бұқар жырау//Бес ғасыр жырлайды: 2томдық.- I том.- Алматы, 1989.
2. . Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. Алматы, 1973
3. Қалқаманұлы Б. Ай, Абылай, Абылай! Толғаулар.-Алматы: Жалын,1993.

4. Мәдібай Қ. Хандық дәуір әдебиеті. Жыраулар поэзиясы. Алматы, 1996
5. Тоғысбаев.Б.,Сужикова А.Тарихи тұлғалар.Алматыкітап баспасы, 2012
6. Ұлт тағылымы. Ғылыми педагогикалық басылым,2004, № 2

Астана қаласы, NEOTECH DIGITAL SCHOOL
бастауыш сынып мұғалімі
Жетенова Анар Кенесовна

Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» повестінің тәрбиелік мәні

Ұлы ғалым Әбу насыр Әл-фараби
«Адамға ең бірінші – білім емес, тәрбие берілуі керек.
Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы.
Келешекте оның барлық өмірін апат етеді»

Бала ата- анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып , татып ескерсе, дүниедегі жақсы ,жаманды таниды дағы , сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады деген Абайдың он тоғызыншы кара сөзінде.

Б.Соқпақбаев қазақ балалар әдебиетінде шындықты қарапайым әңгімелеу арқылы мөлдіретіп,оқушыны жалықтырмайтын тәсілдер арқылы жасөспірімдерді тәрбиеге әдептіліке баулиды. Жасөспірімдерді өзіне баулап , елітіп ала жөнелетін өзіндік өрнегі бар жазушы. «Менің атым Қожа» повесі – мектеп оқушысынан бастап қолға немесе көзге түсе қалса жасы ересек тартқан оқырмандардың өзі көзін сүзбей кете алмайтын тартымдылығымен танымал шығарма.Бүгінгі жас оқырманды Б.Соқпақбаев кітаптарын оқуға шақырғанда , біз алдымен ,қарапайым ауыл баласы өмірінің сан қилы қызықтарына бірге шомып кететінімізді айта кетуіміз керек. Б.Соқпақбаев оқушысын шынайылыққа , өзін- өзі басқара білуге, жеке тұлға болып қалыптасуға, жамандық атаулыға қаны қас болып өсуге тәрбиелейді.Қожа арқылы әрбір бала өзін жақсы жаққа еліктіре отырып жақсы істі бойына қабылдап, жаман істі оның жаман екекнін әрбір ісі арқылы көз жеткізіп аулақ болуға баулиды. Повестің басынан –ақ тәрбиенің алғы шартын ашып көрсеткен. Әкеге ,анаға , әжеге, досқа деген құрметі мен махаббаты анық байқалады. Қожа өзі жіберген қателіктерінен сабақ алып,жақсыны да жаманды да танығандығында. Жазушы достардың бір – бірін жөнге салуын зілсіз етіп пайдалана білген. Әрі өте тиімді құрал ете алған. Жазушының оқырманы –мектеп оқушылары.Мұндай оқырманға салмақты баяндаудан гөрі қызықты

эпизодтарға құрылған ,қарапайым әңгімелеу арқылы Қожа хикаясын жайып салып, күлдіре отырып күйдіре, ойната отырып,ойландыра алатын тәсіл – көпті тәрбиеге салғаны анық.

Жазушының балалар психологиясына тереңдей енген автор сол күнбе күндік мәселелердің қай-қайсысын да мектеп оқушыларының өмірі арқылы, олардың мінез –қылығын шығармасында өрнектеу арқылы шешкен .

Менің баяндамамның тақырыбы «Менің атым Қожа повестінің тәрбиелік мәні» деп аталады. Қожаның істеген ағаттығының артында өз қателігін түзеп, істеген ісінің дұрыс, бұрыстығын түзеу - тұнып тұрған тәрбие құралы. Мысалы повест, баланы адалдыққа, тапқырлыққа, адамгершілікке тәрбиелейді. Бір сөзбен айтқанда:Бердібек Соқпақбаев өзін жазатын жазушы. Мінез – құлық жағынан Қожа өзге емес өзінің басынан өткен жәйттардан сабақ алып, бұрыс істерін көп ұзатпай жөнге салып , өз –өзін тәрбиелеген қабілетті бала. Шығарманың басталуының өзінде де үлкен тәрбиелік мағына жатыр. Мысалы: Қожаның азан шақырып қойған аты Қожаберген, бірақ ауыл- аймақ Қожа деп атағанға құлағы үйір болып кеткен. Әр адамның азан шақырып қойған аты аталуы тиіс ,достың көңілін қалдыру дұрыс емес, достардың ортасында өзімшілдік мінез көрсету жөн еместігін дәлелдеп келген. Әрине мұның өзінде қаншама тәрбиелік мән жатыр десеңші.

Әкені пір тұту,әсиет етіп әкені еске алып ұмытпау,әкеге деген құрмет әрине, осы бір жолдардан басталады. Жасөспірімдердің өздері арасында әкеге деген құрметі байқауға болады. Негізгі тәрбиенің бастауы үлкендердің тек жүрсең, тоқ жүресің деген тәрбиесінен басталады.Жаманмен жолдас болсаң , қаларсың ұятқа,- деп , қазақ атам осындайдан айтқан екен ғой. Жақсыны жолдасынан таны деген де сөз бар, жақсы тәрбиені де жаныңдағы жақсы досыңнан аласың.

Табиғатты сүю, аялау – ол да үлкен рухани адамгершіліктік тәрбие. Туған жеріңнің табиғатын қастерлеу, пір тұту – ол нағыз патриоттық қасиетіңнен айналайын , қазақ жері..

Бала өз қателігін түсіну арқылы , ар-ұятын,өзін-өзі бағалау адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі-өзін мейірімділікке,ізгілікке, кешірімділікке тәрбиелейді.

Балалар хикаяттарды сүйіп оқитыны анық.Сондықтан да бала көркем әдеби шығарма оқуға талпынады. Повест үлкенді де ,кішіні де еріксіз өзіне тартады.Бұл шығарманың тартымдылығы сонда – Қожаның әрбір ағаттығы арқылы адам өзінің ісіне есеп беру керек екендігін анық көрсеткен. Қай бала оқыса да , Қожаға еліктеп, соның істеген қылықтарын өз сыныптастары арасында талайы қайталап та үлгерді, талай ескерту ала отырып , жақсы мен жаманды ажырата отырды. Шығарма әр баланың бойына балалық

махаббат,сезім,анаға деген махаббатты оятады. Бала өз - өзін жақсы жақтарға тәрбиелей отырып,алдыңғы қатарлы оқушы болуға талпынады.

Шығармадағы тәрбиелік мағынаның түрлерін талдау барысында әр баланың көркем шығармаға деген қызығушылығы артады.

Сонықтан да бала ортада ойланып сөйлеуге ,Жантасқа ұқсас достарының

арасында оқыс қылықтарды жасаудан аулақ болып, сыныптастары арасында беделді болуға тырысады. Күнделікті адамдар арасындағы коммуникативтік қарым – қатынаста өте қажет әдіс. Қазір көркем әдебиет аз оқылатын заманда оқушы тілін, ойын дамытуға тікелей әсер ететін осындай шығарма қажет. Өз жасындағы балалар Қожаға еліктеп өссе, олар да дұрыс жолды қабылдап, биік арманға қол созатындығы анық.

Библиографиялық тізім:

- Бердібек Соқпақбаев «Менің атым Қожа» повесті Алматы «Атамұра» 2003ж
- Ө. Тұрманжанов . «Қазақтың мақал- мәтелдері» Алматы 2007ж
- Абай Құнанбаевтың « Қырық бес қара сөзі»
- Менің атым Қожа повесіндегі Қожа бейнесі [stud.kz>referat/show/131371](http://stud.kz/referat/show/131371)

**Астана қаласы, №31 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Маженова Жанар Кыпшакбаевна**

Әбілхан Қастеев шығармаларының тәрбиелік рөлі

Республикамыздың тәуелсіздік алуы қоғамдық өмірден өзгерістерге жол ашты. Соның ең бастысы – ісі қазақтың үлкені мен кішісінің өз халқының, қазақ ұлтының түпкі тегін білуге, тарихын, ұлттық мәдениетінің болмысына жете үңілуге мүмкіншілік алғаны. Көп жағдайда біздің халқымыз да басқа халықтармен тағдырлас болғанымен, өз ғұмырында өзіндік жол бар, басқаларға ұқсамайтын ерекшелігі бар ел бола тұра оны тәпшітеп айтуға, оған жете үңіліп, қызықтауға, дәріптеуге жасқанбайтын сәттен аулақ бет бұрдық. Сөз жоқ, бұл жағдай біздің кеңестік ел атанған кешегімізден керексізі қайсы, одан нені өзімізге алып, нені алып тастау керек? Неміз жеткіліксіз, немізді жаңартып, жаңғырту керек дегенге зер салып, ойлану мен бойлауды қажетсінеді. Осы тұрғыдан оқу - ағарту ісінің барысында нені қалдыру, нені қайта қарап өзгерту дегендерді де анықтау керектігі туып отыр. Сондықтан біз бұрын елемей, көз жауып келе жатқан ата – баба дәстүрін қайтадан жаңғыртуымыз керек, бұл біздің ел болып тұруымыздағы ең бір сенімді тірек. Осы айтылғандар жетегінде мен өзімнің мақаламның тақырыбы етіп, «Әбілхан Қастеевтің шығармаларының оқушыларға беретін тәрбиелік рөлін» негізге алдым.

Қазіргі ғаламдану үрдісінің рухани өмірімізге алып отырған орны жеке адам мен қоғам арасында жаңа қатынастар қалыптастыруда, мұның өзі мәдени ортада жаңа құндылықтарға жаңаша көзқарас тудырады.

Қазақстан үшін алып қарағанда қазіргі біздің білім беру жүйемізде, ұлттық мәдени бастауларынан алыстап қана қоймай, әлемдік білім беру кеңестігінен де оқшаулануда. Яғни, бұның себебі біз көп жылдар бойы орыс отаршылдарының ықпалында болдық. Бұл кезде біз, ешқандай ұлттық мәдениеттің даму жолын, саяси басымдылықтың ықпалында ауызға алып,

жолға қоя алмадық. Онан кейін тәуелсіздік алып, өз бостандығымыз қолымызға тиген кезде, не істерімізді білмей, бірталай уақыт бағыт – бағдарымызды түзей алмай сенделіп қалдық. Дәл осы сәтте тағы да әлемдік білім беру деңгейіне жете алмай қалдық. Сондықтан біз қазіргі сәтте осы кемдіктің орнын толтыруға бет бұрдық.

Сол себепті Әбілхан Қастеев шығармаларын зерттеу, ұлттық бейнелеу өнерімізге қосқан үлестерін, қысқасы, көркем өнердегі алатын орнын дұрыс бағалау, бізге өте қажет болып отыр. Өйткені біз Қазақстан бейнелеу өнерін Әбілхан Қастеевсіз ойлап жете түсіне алмаймыз. Сондықтан да оның қызықты да қиыншылыққа толы өмірбаяны мен шығармашылық тәжірибелерін оқушыларға таныстырып, олардың біліктілігін, білімділігін жетілдіру, сурет салуға деген қызығушылығын, ынта-жігерін арттыру керек. Онымен қоса көркемдік талғамдарын жетілдіру мәселесін де естен шығармау керек. Мұның бәрі оқушылардың өнер сүйгіштікке, ұлтжанды қасиеттерін күшейтіп, патриоттық сезімге бай болуға әсер етеді.

Онан бір өзекті мәселесі, Әбілхан Қастеев есімін, әрі оның таза, тұнық, қазақ рухынан туындаған, өшпес, өлмес, асқақ туындыларын, бүкіл қазақ халық арасына кеңінен тарату арқылы, исі қазақ халқының, қазіргі кезге дейін қалып қойған орыс идеясының әсерінен құтылып, жаңа қазақ иісті халық дәстүрлерін қалыптастыру.

Әбілхан Қастеев — қазақтың әйгілі кескіндемешісі, график-суретші, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушылардың бірі. Қазақстанның халық суретшісі (1944). Қазақстан Суретшілер одағы басқармасының төрағасы (1945-1956).

Халық өмірінің алуан көріністерін шынайы бейнелеген мыңнан астам көркем туындыларды дүниеге келтірген. Әбілхан қолөнерге, одан соң суретшілік өнерге жастайынан бейім болған. Анасы Айғанша кілем, алаша, бау-басқұр тоқуға, сырмақ сыруға, шым ши жасауға шебер адам болыпты. Әбілхан осы халық өнеріне бала кезінен көз қанықтырып, анасына ою-өрнектер салуға көмектесіп, сурет өнеріне қолын үйретіп өседі. Оның 1930-1931 жылдары салған "Қарындастың портреті", "Автопортрет" атты туындылары түпнұсқаға ұқсастығымен және кейіпкер болмысын ашуға деген талпынысымен ерекшеленеді. Ол бірте-бірте ел өмірінің алуан салалы тіршілік-тынысына ден қойып, тарихи-әлеуметтік өзгерістерге суреткер зердесімен қарай бастайды. Оның "Мектепте" (1930), "Түркісіб" (1932), "Жамбылдың портреті" (1937), "Ескі және жаңа тұрмыс" (1937-1941), "Амангелді сарбаздары" (1970), "Жас Абай" (1945) сияқты туындылары дарынды суретшінің өткен мен бүгінді шыншылдықпен бедерлеген көркем шежіресі іспеттес. Әбілхан — туған жердің әсем табиғатын, оның дидарындағы адам қолының жасампаз өзгерістерін зор шабытпен бедерлей алған суреткер. Оның "Биік таулы мұз айдын" (1954), "Гүл ашқан алма" (1958), "Менің Отаным" (1959), "Жайлаудағы авто-дүкен" (1963), "Қапшағай ГЭС-і" (1972) сияқты полотнолары эпикалық қарымымен, шыншылдығымен назар аудартады. Әбілхан Қастеев суретші ретінде өзіндік дара қолтаңбасымен ғана ерекшеленіп қоймай, туған жері мен өскен елін перзенттік махаббатпен жырлай алған біртуар суреткер.

Осы бір қарапайым да қасиетті қылқалам шеберінен біз көп өнеге алдық. Ол — бұрын сурет өнеріне қойылған тыйымды тұңғыш тойтарып, төл өнерді төрге сүйреген жан. Бір бастаған картинасын аяқтамай орнынан тұрмайтын төзімді адам еді.

Біз кеткен соң да сурет өнері жасай береді. Жалпы, суретте тіл жоқ, түсінісу бар. Басқаша айтқанда, суреттің тілі де — тілсіз тіл, оны кез келген ұлт ұғады. Бірақ әрқалай ұғады. Қастеев те солай, өз көргенін көркемсуретке көшірген. Өлмейтіндігі де содан. Олардың суреті — келешекке ғұмыр...

Әбілхан ағаның жүрегі таза таңданыстан жаралған. Ол аспандағы ұшаққа қарап, "Бәленбай тонна ауада қалай қалқып тұр" деп, адамзат ақылына тағы бір таңданады. Табиғаттың әрбір жаратылысына үңіліп тұрып, "Қандай ғажап система" дейді ол. Осы таңданысының барлығы қылқаламынан сурет болып төгілді емес пе? Бұл да ұлыларға ғана тән ерекшелік шығар. "Ер адамның Құдайы ішінде". Әбілхан ағаның сөзі. "Құдай бақты барлық адамға бірдей береді. Оны ұстай алу — өзіңнің құзырыңдағы іс. Ұшырып алсаң — өзіңнен басқа ешкім кінәлі емес" дейді. Қастеевті Қастеев еткен де дәл осы ұстаным, дәл осы — әфсана.

Табиғат шіркін адамды әлдилеген ана ғой. Оның таң ала көленкедегі тамылжытатын боз торғайының үні, салқар соққан самалының қоңыр лебі, желбіреген желбіржекені, жұпар аңсыған жусаны мен жуасы, ойға ой қосады, сананы сәулелендіреді. Сол табиғат ананың ертегідей елітіп жаратылыстың таңғажайып құбылысын көріп дыбысын тыңдап, одан көл-көсір әсер алмаған адамның көкірегі шемен, Құлағы керең, жан дүниесі жарым жан болып қалмай ма? Қаршадайынан ел арасында «Көзінің айнасы бар бала» аталған Әбілхан, тамашасы таусылмайтын осы бір тылсым табиғаттың сан түрлі бояуын санап, түрлі ағаш атаулы, жан-жануардың, өсімдіктің, тіпті, топырақтың түр түсін саралап өсті. Тылсым табиғат айнасынан, жалт еткен көріністі қалт кетірмей бақылап, көңіліндегі көп ойдың қоржынына салып отырған. Осы ойға жиналған көркем көрініс көреген көздің қалтарысында қалып қоймай, болашағындағы тамаша пейзаждарының таптырмас эскиздерін жадысында жазып жүрді.

Өнері өміршең, табиғаты өзгеше жаратылған Әбілхан Қастеев-біртуар тұлға. Бейнелеу өнерін бедерлеуде ұлттық үн қосқан ұлы суретші халқының өмір тіршілігін қаз қалпында бейнеледі. Өткен өмірдегі салт-дәстүрлер, наным – сенімдер түрлі ырымдарды өнермен сабақтастыра білді. Бірте-бірте ол тастан қашап түрлі мүсіндер жасауды үйренді. Алаң көңілді көкейін осы бір өнер кескен бала ұсталыққа, зергерлікке аңсары ауды. Қаншама қиыншылық көрсе де, өзінің өмір жолынан ешқандай адасқан жоқ.

Арман жолы әрқашан оңай болушы ма еді? Әрбір өнерге келуші адам басында өмірдің ащы-тұщысы мен азап тозағына ілінетіні айтпаса да белгілі. Бірақ одан тартынбаған, бағыт бағдарын берік ұстай алатын адам ғана, камалын бұзып шыға алады.

Біз бұдан Ә. Қастеевтің қай қырын сезе аламыз? Меніңше, Қастеев ешқашан өнерді, әлдебір алдамшы тірліктің қалқасында қалдырып қоймаған, қайта тіршілік тырбыңы тырып еткізбей өзіне мойынсал қылмақшы болса да, оған

қарсы дауылпаздай алға қарай ілгерілеп толқынын жара тоқтамай, өнер жолында ізденумен болды..

Жолшы болып жүріп, жолы болды, еңбегі еленіп, сыйлық алып, «Құрмет тақтаға» суреті ілініп қана қоймай, ізгілігі бар бір кісіге жолықты.

Ол Жаркенттегі фотограф С. Саламатов еді, Саламатов Әбілханның салған суреттерін көріп, өзінің ақыл-кеңесін береді. Фотография мен бейнелеу өнерінің айырмашылығын ұқтырады. Содан кейін көргенін түгел нақпа-нақ көшіруден арылды. Бояуларға тіл бітіріп, сөйлетуге әуестенді. Осындай әсерлі суреттерін Әбілханның ықтиярмен сұрап алып, сол кездегі Астанамыз Қызылордадағы оқу бөліміне жіберген де сол азамат Саламатов еді («Әбілхан Қастеев». Альбом. Алматы.1986.) Осылайша жанашыр өнер сүйер қауымдарының арқасында Әбілхан ақырын-ақырын бейнелеу өнерінің асқақ белестерге шыға беруге жол ашылды.

Суретші тамшылаған ащы тердің, нағыз бейнеттің не екенін тау қопарып, тас жарып, Түркістің темір жолын салғанда білді. Әбілхан қайда жүрсе де ешқашан өз бойындағы екінің біріне бере бермейтін, асыл қасиет – суретшілік өнерін жерге тастап, жеркене қараған жоқ, қайта осы өнері арқылы, айналасында жүрген адамдарға көркемдік пен өнердің әрқашан біртұтас тұлға екенін ұғындыра білді. Сонымен қатар сапалы еңбек пен талпыныстың еш нәтижесіз қалмайтындығын терең ұғындыра білді.

Әбілхан Қастеев Алматыға келіп, жиырма бестен асқанда қолына кітап ұстап, мектеп есігін ашып, не бары екі кластық білім алған. Талабы тас жарған Әбілханға қамқор болған, талантын дер кезінде таныған ізгілікті азаматтар көп еді. Соның бірі - Николай Гаврилович Хлудов. Н.Г. Хлудов өнерге құштар қазақ халқына қалтқысыз қызмет етті. Сонын бір дәлелі-еш- бір арнайы сурет мектебінен оқымаған Әбілханға сурет әліппесін сол кісі үйретті. Жігіт бойындағы тума талантты танып:

- Бұл өнерді қайдан, кімнен үйрендің? - деген сауалына

Әбілхан:

Таудың бұлағынан,
Қойдың құлағынан,
Апамның киізінен,
Ешкінің мүйізінен.

-деуі шындық еді. Тарлан қарт өнерге құлшынған шәкіртті бірден бауырына басты. Төл табиғат ортасынан ойып алынған суреттеріне сүйсіне қарап, өзінің қылқаламын сыйлайды”. («Әбілхан Қастеев». \өнер\, 1986 жыл.) Біз бұл жерден суретшінің тек қана сурет салумен шектеліп қалмаған әр қырынан көріне білетін талант иесі екенін айтпай-ақ біле қоямыз. Сонымен қатар бұл жерде ерекше, жүрекке жылу, көңілге ой тастайтын тамаша жыр шумағы, бейнелеу өнерінің түп қазығының қайда жатқанын, толық түсіндіретін ой-толғау ретінде қабылдауға болады. Әрі біз Қастеевтің ешқандай мақсатсыз бейнелеу өнерін таңдамағанын бірден аңғарамыз, сонымен қатар қай өнер болсын қоғамдық өмірмен, тамылжыған табиғатпен байланысқанын суретші жаны терең сезіне білген.

Ә. Қастеевті табиғат пен қоғам үйретіп қана қоймай, аяулы ұстазы да көптеген бағыт -бағдар сілтеп, бар білген ақыл сөздерін айтып, өнер жолында шабыттандырып отырған. Оған мысалы етіп айтып отыратын жазушы Стендальдың «Мәселе тек салуда емес,ойлана білуде», деген ақыл сөздері суретші жадынан бір сәт шығарған емес.

Ежелден өнері тасып шалқыған қазақ халқының бейнелеу өнерін мұрат тұтатын бір суретші таптым! Осыған бақыттымын. Арманым орындалды. Ал Әбілхан, енді бұдан былай бұл өнердің көш бастаушысысың! Сен салған соқпақпен талай талаптты таланттар ереді. Сондықтан сенің арқалаған жүгің ауыр! – деп, Хлудов қоштасарда оған көзіндей қылқалам мен нұсқа кітабын, бояуларын береді. Ұлағатты ұстаздың үлгісін, тәрбиесін кеудесіне тұмардай етіп кадрлеп еліне қайтады.

Осындай талант сәулесі оны жұрт алдына жарыққа шығарады. Әбілхан Алматыда өткен республика өнер байқауына қатынасып, бәйге алады. Жаңа замандағы жаңалықты, бейнелеу өнерінен жарып шыққан талант екенін қазақ еліне паш етеді.

Әбілхан Қастеев өз бетімен білім алып, ізденуден жалыққан жан емес. Өздігінен, өрлігімен Мәскеуге оқу іздеп барып, мәселесі қайтып мұқалса да, талабынан таймады. СССР Халық ағарту комиссариатына барып, ұлағатты үлкен ұстаз Н. К. Крупскаяға жолығып. Халық творчествосы үйінің көркем өнер студиясының кешкі бөліміне қабылданады.

Москва музей мен галереясынан, озық ойлы суретшілерден алған оның тәлімі мен талғамы өмірге деген көзқарасын ұлғайтты. Ой өрісі өсті. Осы жылдарда салған суреттері терең мазмұнға құрылып, көрерменнің көңіліне түрлі ойлар салды. Халық өмірінің шынайылығын шын шеберлікпен көрсете білді. Бірақ оның адамдарға асқақ, айнала қоршаған құбылыстары шектен асқан керемет емес, керісінше қарапайым көрінеді. Олардың бойында күш-жігер, болашаққа деген үміт толы, жақсылыққа жаралған жандар еді. Әрбір суретіндегі табиғат көрінісі мен адамдар бейнесінде күн нұрының шапағаты секілді сәулелер ұшқын атып тұрады. Ол қандай адам, нендей нәрсе болса да, оны табиғат күйінен айнытпай, көркемдеп, керек десеңіз құйылған жыр-өлеңге айландырып жібереді.

Ол осылайша бейнелеу өнер сахнасына қадам тастады. Өзінің қажымас, талмас ақыл-қайратының арқасында, әрі талмас қанат, мұқалмас жігердің арқасында, тоқталмас ізденгіш қасиетімен ақыр-аяғы осындай ұлы өнердің шың биігіне, талпынып, тарихи төріне шығып өшпес із қалдырды.

Бүгінгі өмір кешіп жатқан әлеуметке «бейнелеу өнері» деген ұғым өте күрделі құбылыс болып тұр. Жаратушыға шүкір дей отырып, тәуелсіз ел қатарында өз тарихымыз бен мәдени мұраларымызды түптеп – түгендей келе, сурет өнері халқында бүгін біз ғылымның басқа салаларына сүйене отырып, тамыры терең, дәстүріміз мол екеніне көзіміз жетті. Оны зерделеп зерттеу біздің міндетіміз.

Біз осы қазағымыздың атағын шығаратын Әбілхан Қастеев шығармаларын көз қарашығымыздай қорғап, оны ұлттық классика ретінде қарап, жан – жақты зерттеп, дүние жүзі өркениетіндегі өнер тізімінен лайықты орын алар

тұлғаның бірі ретінде қарастырғанымыз жөн деп білемін. Сондықтан біз қолда бар алтынның қадіріне жетуіміз керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1.«Әбілхан Қастеев». Альбом, Алматы, Өнер, 1986 жыл.
- 2.«Қазақ ССР бейнелеу өнері», Альбом, 1974 жыл, Москва.
- 3.М. Ғабитованың «Халық суретшісі» атты мақаласы, (көрме каталогы), 1968 жыл.
4. Ф. Дінісламов пен (Қазмемкөркем әдебиет баспасы), Алматы, 1964 жыл.
5. И. Векслер, С.Тойтанбаевтың «Қылқалам шеберінің көрмесі» атты мақаласы, (Социалистік Қазақстан), 1984 жыл.
- 6.Л. Плахотнаяның «Суретші Әбілхан» атты мақаласы, (Жалын), 1984 жыл.
- 7.Әліби Жангелдиннің «Амангелді, мен сені осылай білуші едім» атты мақаласы, «Қазақстан суретшілері» журналы, 1943жыл.
8. Л. Айтқожаевтың «Дархан дарын» атты мақаласы, (Жетісу), 8.02.1964.

**Астана қаласы, М.Дулатұлы атындағы «№68 мектеп -гимназия»,
география пәні мұғалімі
Болатбек Айсулу Болатбекқызы**

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ КӨТЕРІЛГЕН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР МАҢЫЗЫ

*Тәрбиенің негізгі мақсаты мінезді түзеу,
адамшылыққа қызмет ету,
адал еңбек ете білуге тәрбиелеу.
Ж.Аймауытұлы*

Бүгінгі өзгеріске толы әлемде білім саласындағы құбылмалы тенденциямен бетпе бет кеп жатқанымыз мәлім. Мектепте білім сапасын арттыру мен тәрбие ісін жақсартуда негізінен шетелдік білім беру тәжірибесіне сүйеніп келеміз. Дегенмен, еліміздің ұлт зиялылары бұл зерттеулердің сырын ертеден-ақ ашып берген еді. Бұл қазақ халқы үшін жаңалық болмақ емес. Сонау ғасырдан-ақ, ұлт тәрбиесі мен оқытудың әдістері туралы ой-пікірлер біртуар тұлғалардың таным-түсінігі мен ой, тоқтамдарымен астасып жатты. Мысалы Ж.Аймауытовтың педагогикалық-психологиялық тұжырымдарының мәні тереңде жатқанын зерттеп, әріптестеріммен бөлісіп отырамын. Өзім Ж.Аймауытовтың еңбектері мен психологиялық тұжырымдарын оқып, танысу барысында қазіргі заманда, бүгінгі білім беру ісінің "кілті", ұлттық педагогика тұрғысында тәрбиелік идеяларының мықты, өзіме жол сілтеп, бағыт беретін - "Темірқазық" екенін түсіндім.

Жүсіпбек аз ғана ғұмырында әдебиеттің әр түрлі жанрларында өнімді еңбек етіп, құнарлы шығармалар қалдырған. Бес томдық шығармалар

жинағында оның өлеңдері мен Нұр күйі поэмасы, Рабиға, Мансап қорлар, Сылаң қыз, Ел қорғаны, Қанапия Шәрбану, Шернияз атты пьесалары, көптеген әңгімелері мен Қартқожа, Ақбілек романдары, Күнікейдің жазығы повесі, балаларға арналған ертекері, сын мақалалары мен аудармалары енген. Бұлардың сыртында Тәрбиеге жетекші (1924 ж.), Психология (1926 ж.), Жан жүйесі және өнер таңдау (1926 ж.), т.б. ірі ғылыми еңбектері бар. Ж.Аймауытов Тәрбие жетекшісі атты еңбегінде "Адам мінезінің, ақыл-қайратының әр түрлі болуы-тәрбиенің түрлі-түрлі болуынан... Адам баласының ұрлық істеуі, өтірік айтуы, кісі тонауы, өлтіруі сияқты бұзақылықтарды жасауы, тәрбиенің жетіспегендігінен"-дейді. Ж.Аймауытов бала тәрбиесінде туған елдің әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрінің белгілі мөлшерде әсер ететінін ғылыми тұрғыда дәлелдей түскен. Ол "ойынсауық, өлең-жырды естіп өскен елдің баласы өнерге бейім болады, діндар елдің баласы діншіл келеді. Жастайынан кемдік, жоқшылық көріп өскен бала жасқаншақ, бұйығы болады"- деп қоғамдық салт-сана, әдет-ғұрыптың тәрбиеге тигізетін ықпалына тоқталады. Жүсіпбектің пікірінше "мұғалімнің айналысатыны-үнемі қозғалып, өзгеріп, өсетін, өркендейтін тірі адам болғандықтан, біркелкі әдістен табан аумай шектеліп қалуға болмайды... Сабәк үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі жаңаны табатын өнер... Дидактика мұғалімге жиі жөн-жоба көрсетіп жетекшілік етеді... Сыннан өткен тиімді деген жолдарды ғана нұсқайды"-деп, оқыту, білім беру әдістерінің ізденуден туатын іс-әрекет екенін атап өткен. [4, 63 б.]

Қаламгердің 1929 жылы "Комплексті оқыту жолдары" деген еңбегінде баланың білімге деген ынта-ықыласын, зейін-зердесін арттыру үшін мұғалімдерден мына шарттарды орындауды талап етті. Олар: жаңа берілетін білімді баланың бұрын меңгерген біліміне негіздеу, оқушылардың жаңа білімді меңгеруіне бағыттайтын проблемалық сұрақтар қоя отырып, олардың назарын меңгерілетін жаңа білімге бағыттау, басы артық, қажетсіз мағұлматтарды айтудан сақтану, салыстыру, теңеу, ұқсату сияқты тәсілдерді қолдану арқылы балалардың білімге деген қызығушылығын арттыру. Тәсілдерді үнемі жаңартып жандандырып отыру, көрнекілікті пайдалану тағы басқа дидактикалық әдіс-тәсілдерді сөз етеді. Ақынның қаламынан туған мұралардың қай қайсысы да оның кесек дарын иесі екендігінің, гуманист суреткерлігінің, жалтақсыз ұлт жандылығының жарқын айғағы. Оның шығармалары өзі ғұмыр кешкен заманның, өзі араласқан қоғамның мұқтажын өтеуге, оның ақ қарасын парықтауға арналған. Сөйте тұра көркемдік тегеуріннің қуаттылығы, идеялық ұстанымдарының сонылығы, сөз қолданудағы шеберлігі Жүсіпбек шығармаларының өміршеңдігіне кепіл болмақ. [1, 311 бет.]

Ұлттық тәрбие беруде ұлттық психология ғылымының алатын орны ерекше. Ұлттық психология ұлттық сананы биіктетеді. Ұлттық психология ғылымының негізін қалаған Ж.Аймауытұлының еңбектері жаһандану заманында бала тәрбиесінде таптырмайтын құнды шығармалар. Ж.Аймауытұлы 1918 ж. «Абай» журналының 1,2 сандарында «Тәрбие» атты көлемді мақаласында тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері ғылыми тұрғыдан терең

баяндалған. Ж.Аймауытұлы: «адам мінезінің, ақыл-қайратының әр түрлі болуы тәрбиенің түрлі-түрлі болуынан... Адам баласының ұрлық істеуі, өтрік айтуы, кісі тонауы, өлтіруі сықылды бұзақылықтарды жасауы, тәрбиенің жетіспегендігінен» - деп жазған еді. Одан әрі тәрбиенің екі түрлі болатынын: дене тәрбиесі және жан (рух) тәрбиесі болып бөлінетіндігін атап көрсетіп, білім құндылығының қаншалықты қажет екендігін жазады. Қазақ жерінде тұңғыш педагогика, психология, көркемөнер ғылымдары саласында құнды-құнды ғылыми-зерттеу еңбектерін жазып халыққа мұра етіп қалдырған Ж.Аймауытұлы балаға әсер ететін нәрсе медресе (мектеп) және тәрбиеші (мұғалім) деп ерекше атап көрсетеді. Ғалым «Кейде белгісіз себептермен күшті ықпал ететін, әсер туғызатын жағдайлардың да болуы мүмкін. Ол замандастары (кұрбы -құрдастары), туған ауылы, өскен ортасы, оның діні, тілі һәм басқа да нәрселер», - деп, тәрбие мәселесіне ықпал ететін факторларды тізбектеп талдайды. Автор ең алдымен бала тәрбиесіндегі отбасының рөліне ерекше тоқталады. «Баланы бұзуға, яки түзеуге себеп болатын бір шарт жас күнде көрген өнеге. Ол өнеге әке-шешенің тәрбиесі арқылы қалыптасады. Ата-ананың берген тәрбиесі баланың мінезіне салған ізге байланысты» - деген тұжырымдары атан-аналардың есінде болуы тиіс. Баланың бойына жастайынан сіңген мінезді қайта түзету қиын мәселе. Ғұлама ғалым Ж.Аймауытұлы бала мінезінің дұрыс қалыптасуындағы ата-ананың рөлін анық, айқын ашып көрсеткен. [3, 63 б.]Шындығында отбасындағы тәрбие адам өміріне, еңбек ырғақтарына әсер етпей тұрмайды. Бұл жерде мектеп, жоғарғы оқу орынының әсерін, ықпалын жоққа шығара алмаймыз. Алайда, отбасындағы әке-шешенің бір-біріне деген қарым-қатынасы, іс-қимылдары жас буынға, оның қалыптасуына, өріс-өресіне тигізер әсер, ықпалы мол. Халық даналығын ойға аласақ: Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі, Сүтпен біткен мінез сүйекпен кетеді...Ендеше, отбасындағы тәрбиеге көзқарас та, құрмет те төмендемеуге тиіс. Адамның отбасында көрген тәрбиесі өмір бойы адам бойынан көрініс беретіндігі сөзсіз. Сондықтан да, Ж.Аймауытұлының ата-ананың бала тәрбиесіндегі рөліне қатысты идеялары бүгінгі күнде де өте өзекті. Сонымен қатар, Ж.Аймауытұлы бала психологиясына байланысты ғылыми зерттеулерінде адамның қылығын зерттеу мәселелерін терең талдап, балалардың қалай ойлайтындығын бақылаған. Жеке тұлғаның ойының ұшқырлығын, ойын кезіндегі баланың шығармашылығын, еліктегіштігін, сонымен қатар балалардың көбірек ойнайтын ойындарының қандай екендігін зерттеген. Ол үшін бақылау түрлерін табиғи және тәжірибелі бақылау деп жоспарлаған. Тәжірибелі бақылаудың артықшылықтарын талдаған. Ж.Аймауытұлы «Тәрбиеге жетекші» (1924 ж.) деген еңбегінде баланы оқытудың ережелерін баяндайтын педагогика бөлімін «дидактика» - деп атап, дидактикаға қазақ тілінде тұңғыш ғылыми анықтама берген ғалым. Ж.Аймауытұлы «Тәрбиенің негізгі мақсаты мінезді түзеу, адамшылыққа қызмет ету, адал еңбек ете білуге тәрбиелеу» деп тәрбиенің мақсатын тұжырымдаған. Ал, баланы еңбекке тәрбиелеудің маңызы туралы: «орта мектептерде бұл туралы жақсы табыстың бірі - қол өнерін мектеп бағдарламасына енгізу. Мұндай мектептің

маңызы жас буынды үй шаруасына немесе арнаулы өнерге ыңғайлы, епті шығаратындығымен емес, ақыл жүйесі мүлде өзгеше азамат тәрбиелеп беретіндігінде. Табиғаттағы күрделі қатынастарды көзбен көреді, нағыз құбылысты тілмен суреттеп жеткізу мүмкін еместігін көріп сенеді, - осылайша бір тоқып алса, баланың жадында мәңгі қалады. Осындай жұмыстар баланы дәлдікке, шыншылдыққа үйретеді, өйткені қолмен істелген нәрсе, олай-бұлай бұлтақтататын сөз емес, өзінен-өзі анық. Ондай жұмыстар баланы өзіне-өзі сенуге үйретеді, нәрсеге баланы дәйім қызықтырып, ілтипатын салғызады. Қысқасы, қол өнері оқытушысының тәртіп сақтау (дисциплина) қызметін мейлінше азайтып, міндетін жеңілдетеді»-деп баяндаған. Осылайша, мектепте баланы шығармашылықпен тәрбиелеудің маңызды жолдарын ашып көрсеткен. [2, 243 бет.]

Қазақта жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді деген сөз бар. Биыл Жүсіпбек Аймауытұлының туғанына 135 жыл! Осы айтулы мерекеге орай қазан айында 6 «Г» сыныбыммен тәрбие сағатында іс шара өткіздім. Іс шара барысында Ж.Аймауытов шығармашылығымен таныстырып, оқушылардың бойына ұлттық құндылықтарын сіңірдім деп ойлаймын. Қанша жыл, қанша ғасыр өтсе де ақынның қалдыған еңбектері бүгінгі күнге дейін өзекті. Ұлттық құндылыққа қанығып өскен жас ұрпақтың танымы терең, тілі мен діні берік болары хақ.

Мақаланың қорытынды ұсынысы:

- Қазақ халқының жазушысы Жүсіпбек шығармаларын бүгінгі жас ұрпақ білуі тиіс деп ойлаймын. Олай болса, мектеп оқушыларына әр сыныпта жас ерекшеліктерін ескере отырып Жүсіпбек Аймауытовтың әдеби шығармашылығын оқытуды міндеттесе;
- Мектеп ұстаздары ұлттық психология ғылымының негізін қалаған Ж.Аймауытұлының еңбектерін, ұлттық құндылықтарын сабақ барысында насихаттаса;
- Мектептің тәрбиелік жоспарына Жүсіпбек Аймауытов шығармашылығы бойынша әр түрлі шаралар енгізсе;

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

5. Жүсіпбек Аймауытов. Психология – Алматы, Рауан баспасы, 1995. [311 бет.]
6. Сарбасова Қ.А Қазіргі педагогика ғылымының қайнар көздері Монография– Алматы, Білім баспасы, 2008. [243 бет.]
7. С.Мақырұлы, Т.Сыдықов. Қазақ әдебиеті. –Астана: Фолиант: 2011 [63 б.]
8. А.Құдырова. Педагогика. Алматы «Рауан баспасы» - А.-А., 1996; [15 б.]
9. Ғаламтор желісі www.bilim.kz

Астана қаласы, NEOTECH DIGITAL SCHOOL

бастауыш сынып мұғалімі

Ізтай Светлана Мырзабекқызы

Әбілхан Қастеев, қазақтың тұңғыш суретшісі

Қазақтың алғашқы суретшісі қазақ елін күллі әлемге таныта білген Әбілхан Қастеевке 120 жыл толып отыр.

Табиғаттың ғажайып өрнегін бала кезден жүрегімен сезініп, жан сезімін ақ қағазға бейнелей білген Әбілхан Қастеев дара дарынымен бекзат өмірдің биік шыңын бағындыра білді. Халқының салт – санасын, тарихын дәріптеді. Туған жердің тау тасын, орман – көлін, ұшан – теңіз даласын табиғи күйінде ақ қағаз бетіне түсіре білді. Әбілхан Қастеевтен суретші болуды қайдан үйрендіңіз?- деп сұрағанда, ешкінің мүйізінен, таудың бұлағынан, қойдың құлағынан үйрендім деген екен. Қарапайым диқаншы, шаруа баласы тау етегінде қолына таяғын ұстап, мал соңында жүріп, табиғаттың қыр – сырын түсініп, жадында тоқи білген.

Әбілхан Қастеев 1904 жылы 1 қаңтарда Алматы облысы, Панфилов ауданы, Шекін ауылында диқандықты кәсіп еткен қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. Табиғаттың сан түрлі бояуын жадына тоқып өскен Әбілхан Қастеевтің суретшілік қасиетінің дамуына анасы көп әсер еткен. Қалипа анасы он саусағынан өнер тамған шебер болған. Жас кезінен зерек, өнерлі Әбілхан Қастеев анасына көмектесе жүріп, сырмаққа, текеметке арналған оюдың түр – түрін оя білген.

Әбілхан Қастеевтің бойында үлкен байқампаздық, көру қасиеті болған. Табиғаттағы құбылыстарды, адамдардағы көріністерді байқай отырып, суретке анық түсіре білген.

Он бес жылдай мал соңында жүріп, білім алуға мүмкіншілігі болмаған. Әркімнен әр нәрсені үйреніп жүріп, шала - шарпы сауат ашады. Тек 22-23 жасында қойшы таяғын тастап, Жаркентке келіп, бір татарға жалданып жұмыс жасайды. Тапқан ақшасына қағаз, бояу, қылқалам сатып алып отырған. Бос уақытын құр жібермей сурет салуын тоқтатпаған.

Әбілхан Қастеев шығармаларының ерекшелігі ол өзінің шынай өмірінен алынған туындылар. Ол жалшы болып жұмыс істегенде қайғы – қасіретті басынан өткергеннен кейін, көне заманның қайғы өмірін сонымен қатар жаңа өмірдің туындыларын ерекше мәнерлеп жазып көрсете білді.

Өмір бойы ізденумен, үйренуден жалықпаған дара дарыны 1934 жылы Темірбек Жүргеновтің қолдануымен Мәскеуге оқуға аттанады. Алайда орыс тілін білмегендіктен өнер училищесіне оқуға түсе алмайды. Көркем студиясына кешкі бөліміне екі жылдай қатысып, сурет өнерінің қыр – сырын қаныға түседі. Мәскеуге барып келгеннен кейін салған суреттеріне қарап отырсаңыздар өте ерекше бейнелерді көресің.

Тағдырдың талай ауыртпалығын қайыспай көтере білген Әбілхан Қастеев кашанда үздіксіз ізденіп жүрген. Елдің ері Амангелді Имановтың, ел ардағы Біржан салдың мүлде сақталмаған, қағаз бетіне түспеген бейнелерін тірілте білді.

Қазақстан суретшілері журналының 1943 жылғы екінші санында Қастеев қылқаламынан шыққан Амангелді портретіне қатысты Әдіби Жангелдиннің мына пікірі жарияланды. «Картинаға қарап, досымды көргендей болдым. Басқалардың еңбектерімен салыстырғанда Әбілхан Қастеев салған нұсқа Амангелдінің өзіне өте жақын». Ерлікке белгісіз еңбегінің бірі Әбілхан Қастеев атын аузына алуға ешкімнің батылы жетпей жүрген уақытта қазақтың соңғы ханы Кеңесары бейнесін қағаз бетіне түсіреді. Портрет, пейзаж, композициялық суреттер сала жүріп, ол Абай тақырыбында қол үзген жоқ. Қазақтың бас ақынына 50-ден тарта көлемді картина арнады. Ұлттың ұлыларын дәріптеген суретші қылқаламынан Шоқан Уалиханов, Жамбыл Жабаев, Әліби Жангелдин, Мұқтар Әуезов, Сәбит Мұқанов сынды бірегей тұлғалар бейнесі өте сәтті шықты. Осы орайда ұлы суретшінің мына сөзі ойға келеді. «Менің өмір тіршілікті бейнелейтін суреттерім ақынның құлаққа да, жүрекке де жағымды әнімен бірдей емес пе?! Тек ақын көргенін өлең сөзбен қалыптастырады, ал мен болсам, қағаз бетіне сурет қып түсіремін».

Алғашқы отаршылық кезінде қазақ ауылдарын тонап, өртеп, үлкен қуғынға түсіп, ақтабан шұбырандыларға ұшыраған кезеңді бейнелеген. Сол кездегі ел басына түскен ауыртпашылықты Қастеев анық түсіре біліп, өз қол таңбасын қалдыра білген. Қастеев картиналары қазақтың бүкіл тұрмыс тіршілігін, тарихын, этнографиялық болмысын шынайы бейнелеп отырған. Сол арқылы туған халқының өткен – кеткенін тарихының жыршысы, жаңа дәуірдің бай шежіресінің жаршысы болды. Ол шынайы бейнені көрсеткісі келді. Жаңа болып жатқан оқиғаларды, қоғамның өзгерісін көрсеткісі келді.

Шалғайдағы ауылда туып өсіп, даңқы төрткүл дүниеге жария болған қарапайым Әбілхан Қастеев Қазақстан суретшілер одағының төрағалық етіп бәраз жыл жұмыс жасады. Қазақстан бейнелеу өнеріне орасан зор еңбек сіңіріп, Қазақстанның халық суретшісі атанды. Бір туар таланттың қайталанбас қолтаңбасын, озық өнерін күллі әлем мойындады.

Әбілхан Қастеев - қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушы. Америкалық әйгілі суретші Рокуэл Кент: «Қастеев шығармаларын көріп, кең байтақ Қазақстанды аралап шыққандай әсер алдым» - деген екен. Иә, кімде кім болмасын Қастеев шығармаларын көріп, таңдай қақпауы мүмкін емес жәйт. Ол кісінің шығармаларына көз жүгіртсек болғаны таңғажайып сұлулық, тамсандырар табиғат көз жауын алады. Қаншама мұра болып қаларлық туындыларды өмірге әкелуінің бірден-бір себепшісі – көк аспанмен таласқан таулары бар, еркелей аққан ерке өзені бар жазиралы Жаркент өңіріндегі шежірелі Шешіннің табиғаты екені айтпаса да түсінікті нәрсе. Сол табиғаттың бәрін көзімен көріп, көкірегіне тұндырып, оны ақ қағазға әсерлі де көркем жеткізе білудің өзі шеберлік емес пе?! Әбілхан Қастеев ішіндегі бүгіп қалған сырларының барлығын сырлы бояумен көркем жеткізе білді.

Ол кісі өнерге деген сүйіспеншілігінің арқасында өмірдің қарсы соққан даулдарына қарамастан, өнерге деген махаббатын сақтай білді. Әбілхан Қастеев шығармаларының ерекшелігі - бір көрсен болғаны, санада мәңгі сақталады, өзге бір әлемге тап болғандай әсер аласың. Қастеев

шығармашылығы – қазақтың бағына біткен таусылмас қазынасы, сарқылмас мұхиты, түпсіз тұңғиығы. Тағы бір айта кететін жәйт, қай туындысын алып қарасақ та, ұлттық бояу, исі қазақтың қарапайымдылығы айқын бейнеленген. Жанына қылқалам мен сырлы бояуды серік еткен Әбілхан атамыздың өмірі – үлгі боларлық өнеге. Өмір жолын жалшы Әбілханнан бастап «Қазақ бейнелеу өнерінің атасына» дейін жетудің өзі қаншама еңбекті, қажырлықты талап етеді десенізші.

Тарихқа көз жүгіртсек 1929 жылы Ә.Қастеевтің шығармаларымен танысып шыққан 78 жастағы қарт суретші Николай Гаврилович Хлудов оған: «Осыншама жасқа келгенде қазақтан шыққан мұндай талантты суретшіні көргеніме бақыттымын»- деп қолын қысқан деседі. Бұл – Әбілхан Қастеевтің талантының шексіздігін, арнайы білімі болмаса да, Алла берген туа бітті талантының арқасында артына мол мұра қалдырғандығының дәлелі.

Жасыратыны жоқ, жаһандану заманында осындай ұлы тұлғаларымыздың өмірі тұрмақ, тарихтағы орнын, кім болғанын білмейтін жас буын өкілдері де кездеседі. Сол себепті қашанда ұлы тұлғаларымыздың ұлы туындылары мен өнеге болар мәнді ғұмырларын біліп жүрейік! Қазақ бейнелеу өнерінің негізін қалаған Әбілхан Қастеевтің өнерін ұлықтайық, ұмытпайық, санамызда мәңгі сақтайық!

Қолданылған көркем әдебиеттер:

1. Қазақстан - <http://kaztrk.kz> Facebook - <https://www.facebook.com/kaztrkkz> VK - <https://vk.com/kaztrk> Twitter ...
2. Беймәлім дерек. Әбілхан Қастеев туралы видео.
3. Әбілхан Қастеев өмірі мен шығармашылы
4. Ұлт мақтанышы Әбілхан Қастеев туралы дерек

Астана қаласы №31 мектеп-гимназиясы
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Баяхметова Кундыз Кайратовна

МӘШҰР – ЖҮСІП ЖӘНЕ ҚАЗАҚТЫҢ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІ

Мақал-мәтелдер – халық даналығының қазына байлығы. Олар ғасырлар бойы қалыптасып, сол халықпен мәңгі бақи бірге жасап, біте қайнасып кеткен дүние. Сондықтан да оны жұртшылық жадына сақтап, өзінің күнделікті өмірінде, өзара қарым-қатынасында пайдаланады. Мақал мен мәтелге бай халықтың бірі – қазақ халқы. Қазақ халқының мақал-мәтелдерінің шығу тегі жөнінде айтар болсақ, А.Байтұрсынұлы: «Мақал да тақпаққа жақын салт-санасына сәйкес айтылған пікірлер. Тақпақтан гөрі мақал маңызы шын келеді. Мәтел дегеніміз кесегімен айтылатын белгілі-белгілі сөздер. Мәтел мақалға жақын болады. Бірақ мақал тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылады. Мәтел ақиқат жағын қарамай, әдетті сөз есебінде айтылады»[1,112 б.],— деп көрсеткен болатын. Демек, мақалда тұрмыста қолданылып жүрген сөздеріміз

шындықпен астасып келіп, мақалдап, шешен тілмен айтылатын сөздер болса, ал мәтелде тұрмыста қолданылатын сөздердің шындыққа жанаса қоймай, кесегімен айтылатын сөздердің қатарына жатқызуға болады.

Қазақ мақал-мәтелдерінің бастау көзі сонау Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен бастау алады. XII-XIII ғасырлардан бізге жеткен жазба ескерткіштердің тілінде мақал мен мәтелдер баршылық. Мысалы: Орхон жазбаларында: «Бастыны еңкейтіп, тізеліні бүктірген» («Күлтегін» жырынан), «Өлімнен ұят күшті» («Тоныкөк» жырынан) деген мақал-мәтелдерді кездестіреміз. Ал Махмұт Қашқаридің «Дивани лұғат-ат түрік» сөздігінен: «Ұлы болсаң, кішік бол, халық үшін бәлік бол», ал «Құдатғу біліктен»: «Біліп сөйлеген білекке саналар, білімсіз сөз өз басын жояр» [2, 56 б.] дейтін мақал-мәтелдерді байқауға болады. Бұл деректерге сүйене отырсақ, мақал-мәтелдердің бастауы сонау көне ескерткіштерден бастау алып, шығармалардың тілінде қолданыста болғанына көз жеткіземіз.

Мақал-мәтелдер негізінен халық аузында ауызша сақталған. Ал, оларды нақты жинап, қағаз бетіне түсіру, баспасөз беттерінде жариялау – XVIII ғасырдың II жартысынан басталады.

Қазақтың мақал-мәтелдерін алғаш қағаз бетіне түсірген ғалым – Шоқан Уәлиханов. Шоқан Уәлихановтың «Таңдамалы шығармалар» [3,416 б.] еңбегіндегі біршама мақал-мәтелдер әлі күнге дейін өз құндылығын жойған жоқ. Сол уақыттан бері қазақ мақал-мәтелдері түрлі жинақтарда, хрестоматияларда жазылып, жарияланып келді. Ш.Ахметовтың құрастыруымен шыққан «Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясында» бірнеше тақырыптағы мақал-мәтелдер берілген. Сонымен қоса, қазақ мақал-мәтелдерін жинап, жариялауда: Ш.Ибрагимов, М.Терентьев, Ы.Алтынсарин, Я.Лютшь, Ф.Плотников, И.Гродеков, А.Васильев, П.М.Мелиоранский, Ә.Ә.Диваев, Н.Ф.Катанов, Н.Н.Пантусов, В.В.Катаринский, Ө.Тұрманжанов, М.Әлімбаев, Ә.Нұршайықов, Н.Төреқұловтарды атап көрсетуге болады.

Қазақ халық ауыз әдебиетінің нұсқалары, соның ішінде Қазан төңкерісіне дейінгі әдебиетте 1879 жылы Орынборда шыққан, 1906 жылы толықтырылып қайта басылған Ы.Алтынсариннің хрестоматиясының алатын орны ерекше. Бұл хрестоматияда берілген мақал-мәтелдер бірнеше тақырыптарға бөлініп, жүйелі түзілген.

Жоғарыда аталған жинақтарда берілген түсінік дәрежесіндегі бірен-саран шағын алғы сөздерде, жалпы халық ауыз әдебиеті жайында жазылған шолу мақалаларда айтылғаны болмаса, қазақ мақал-мәтелдері қырқыншы жылдарға дейін арнайы сөз болып зерттелген емес. Бұл кезеңдерде М.Әуезовтің 1927 жылғы «Әдебиет тарихында» [5,234б.], С.Сейфуллиннің «Таңдамалы шығармалар» [6,55 б.] жинағында мақал-мәтелдер қазақ халық ауыз әдебиетінің бір саласы ретіне аталып, топтап мысалдар келтірілген. Мұнда

Сәкен Сейфуллин мақал-мәтелдерді шешендік сөздердің бір саласы ретінде қарастырған.

М.Әуезов 1940 жылдардың басында «Қазақ халқының эпосы және фольклоры» атты зерттеуінде қазақтың мақалдары мен мәтелдерінің тұлғасы өлең түрінде жасалатын, мазмұны халықтың негізгі кәсібі малшылықпен байланысты болатын екі ерекшелігіне көңіл бөлген. Қазақ мақал-мәтелдерінің зерттелуі шын мағынасында «Қазақ әдебиетінің тарихында» басылған Б.Шалабаевтың «Мақал-мәтел» атты ғылыми очеркінен басталады (Алматы, 1948). Кеңес дәуіріндегі мақал-мәтелдерді жинау, жариялау жұмысы, әсіресе 50-жылдары әбден қанат жая бастады. Мақал-мәтел осыған дейін, көбінесе республикалық газеттер бетінде ғана жарияланып келсе, енді «Қызыл ту», «Оңтүстік Қазақстан», «Ленин жолы», «Есіл правдасы», «Коммунизм жолы» сияқты облыстық газеттерде де жиі жарияланып, жарық көре бастаған.

Мақал-мәтелдерді жан-жақты зерттеп талдағандардың бірі – Мәлік Ғабдуллин. Ол «Қазақ халық ауыз әдебиеті» [8,70б.] атты еңбегінде қазақ мақал-мәтелдерін жинап, бастырушыларды атай кетіп, оның жанрлық табиғатын, әдеби-әлеуметтік мәнін анықтайды. Н.Төрекұловтың 1957 жылы шыққан «Қанатты сөздер» [4,13б.] атты жинағына бірнеше мақал-мәтелдер енген. Соңғы кезеңдерде балаларға арналып шығарылған жинақтарда мақал-мәтелдер көптеп кездеседі деп айтуға боларлықтай. Оларға М.Жаманбалиновтың, Қ.Баянбайдың, Е.Елубаевтың, С.Қалиевтің [9,320 б.], Е.Ерботинның [9,80 б.], Б.Кірісбаевтың [9,32 б.], т.б. жинақтарын атап көрсетуге болады. Осындай мол меңгерілген рухани мұра Абайдың болашақ туындылары мен шығармашылығында көрініс тапқан. Мысалы: «Сап-сап, көңілім, сап, көңілім» өлеңінде «не күн туды басына», «сабыр түбі – сары алтын», «ауру да емес, сау да емес», «ағын судай екпіндеп» деп кездеседі. Сонымен қоса, Абайдың Абайдың қара сөздерінде, оның ішінде «отыз тоғызыншы» қара сөзінде: «Ағайынның азары блоса да, безері болмайды», «Аз араздықты қуған көп пайдасын кетіретін» сияқты мақал-мәтелдерді кездестіруге болады. Ал, «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққан туралы» атты еңбегінде 10 мақал талданған [10,312 б.].

Мақал-мәтелдерде бала тәрбиесіне де үлкен мән беріледі. «Қызды асырай алмаған күн етеді, ұлды асырай алмаған құл етеді» деген мақал-мәтелдердің мәнісі – жас ұрпақты жақсылыққа баулу болмақ. Жастарға өнер-білім, тіл үйретуде мақал-мәтелдің мәні аса зор. Білім, өнер еңбектің бір түрі болса, аз сөйлеп, көп тыңдаған, көп оқып білімін байытқан бала ғана өмірден өз орнын алып, даналық сөздеріміз мақал-мәтелдерден өнеге алмақ.

Бүгінгі таңда Мәшһүр-Жүсіп жазбаларында сақтаған мақал-мәтелдердің халық ауыз әдебиетінде, жалпы ұлтымыздың рухани өмірінде алатын орны мен мән-маңызын айқындау – біздің міндетіміз. Осындай бұрын-сонды жазылып, жазба беттерінде сақталған қастерлі мұраларымызды таразылайтын

кез жетті деп санаймыз. Халық поэзиясы үлгілерін, оның ішінде мақал-мәтелдерді Мәшһүр-Жүсіп Көпеев ерінбей ұзақ жинаған. Фольклордың басқа жанрларына қарағанда, мақал-мәтелдерді жинаумен айналысу фольклорист-ғалымнан ұзақ уақыт пен қажымас ізденуді, еңбектенуді қажет ететіні белгілі. Себебі мақал-мәтелдер дайын күйінде жеке дара кездеспейді. Оларды айтушының не ауызекі сөзінен, не қолжазбалар мен түрлі жинақтар ішінен іздеп табу, саралау арқылы қағазға түсіру керектігі аян. Осы орайда «Қазақ мақал-мәтелдері» деген атпен шыққан кітаптардың бірде-бірінде материалдардың басым көпшілігі Мәшһүр-Жүсіптен алынғаны еш жерде көрсетілмей келгенін үлкен қынжылыспен атап айтқымыз келеді. Себебі Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясындағы Орталық қолжазбалар қорында Мәшһүр-Жүсіп жинаған көлемді қалың бір кітап боларлық (көлемі 2500 жолдық қатарды құрайды) мақал-мәтел топтамасының 1930 жылдардың басынан бері сақталып келе жатқаны белгілі. Сондай-ақ мақал-мәтелдердің басқа да үлгілері «әулеттік архивте» сақталуда [11, 60 б.].

Осы Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы жазбаларында сақталған мақал-мәтелдер қазіргі таңда С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті ұжымы даярлап шыққан көптомдықтың 5-томында, қазақ фольклоры үлгілері қатарында жарық көрді[12]. Осы еңбектегі мақал-мәтелдер жинау реті бойынша емес, алфавит тәртібімен берілді. Біріншіден, бұлай алу белгілі бір мақал-мәтелді іздеуші оқырманның тауып алуын жеңілдетеді. Екіншіден, Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасында да, одан жасалған Жолмұрат Жүсіпұлы көшірмелерінде де ел аузынан әр кезде жинау салдарынан белгілі бір мақал-мәтелді екі, не үш рет қайталап қағазға түсіру орын алған. Сол қайталауларды кітап бетінде болдырмас үшін де осы жолды таңдап алған. Осы орайда қазақ мақал-мәтелдерін осы уақытқа дейін құрастырып жариялағандардың бәрі белгілі бір мәтіннің қайдан, кімнен алғандарын көрсетпей, ел аузынан тікелей өздері жинаған қалып танытып келгеніне назар аударғымыз келеді. Осы орайда бүкіл ескі әдебиет үлгілерін сүзгіден өткізу кезінде әміршілдік жүйенің тыйым салуынан құтқару үшін де Мәшһүр-Жүсіп есімін атамау себебін де ескерген жөн. Ал, заман түзеліп, тыйым салулар артта қалған кезде халық ауыз әдебиеті үлгілерімен бірге мақал-мәтелдерді де ХІХ ғасырдың соңғы ширегі мен ХХ ғасырдың басында ең көп жинаған Мәшһүр-Жүсіп екені атап айтыла бастады. Әміршілдік жүйе кезінде ҚР ҰҒА Орталық ғылыми кітапханасы қорындағы Мәшһүр-Жүсіптің біраз жазбасы қолда болып, тек оның жиені Жолмұрат көшірмелері ғана сақталған. Мәшһүр-Жүсіп жазбаларында сақталған мақал-мәтелдер тақырыптарының көп түрлілігімен де құнды. Мәшһүр-Жүсіп жинаған мақал-мәтелдерді төмендегіше топтастырып көрсеткен: Өнер-білім туралы; Ынтымақ-бірлік жайында; Адамгершілік-сыйластық жайында; Адамның мінез-құлқы жайында; Денсаулық турасында; Ел мен жер жайлы; Еңбек туралы; Озбырлық-жауыздық жөнінде; Әділдік жайында; Барлық пен жоқтық турасында; Семья, қоғам хақында; Мал туралы

[12,365 б.]. Бұл тақырыптағы мақал-мәтелдердің жіктелісіне қарағанда, Мәшһүр-Жүсіп халықтың өміріне, тұрмыс-тіршілігіне, адамның түрлі мінез-құлықтарына т.б. байланысты туған мақал-мәтелдер тобын мол жинаған сынды. Бірақ жазбада сақталған мақал-мәтелдер жеке мысалдармен топтастырылып, олардың өзіндік ерекшеліктері, мән-маңызы ашылмаған деуге болады. Мәшһүр-Жүсіп жазбаларында сақталған мақал-мәтелдердің осындай тұстарын айқындап, саралап, жүйеге келтіру маңызды деп білеміз. Жазбада сақталған мақал-мәтелдердің тақырыптық тобы әр алуан деп айтуға болады. Мәселен 1) Өнер-білім, ақыл туралы мақал-мәтелдерді сараптасақ: Ақыл – білім азығы, білім – ырыс қазығы (52); Ақыл жастан шығады, асыл тастан шығады (53); Білімді мыңды жығады, білекті бірді жығады (287); Өнер алды – қызыл тіл (933); Өнерді үйрен де, жирен (934); 2) Ынтымақ-бірлік жайындағы мақал-мәтелдер: Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді (72); 3) Адамгершілік-сыйластық жайында: Иесін сыйлағанның – итіне сүйек сал (578); Үлкейіп барып, сыпайыны көр, кішірейіп барып, шынайыны көр (1106); 4) Адамның мінез-құлқы жайындағы мақал-мәтелдер: Айдан – анық, сүттен – ақ, күннен – жарық, судан – тұнық (30); Сарғайған жетер мұратқа (964); 5) Денсаулық, ауру турасындағы мақал-мәтелдер: Айналдырған ауру алмай қоймас (32); Ауру – астан, дау – қарындастан (143); 6) Ел мен жер жайлы мақал-мәтелдерге: Ел даусыз болмайды, тау құрсыз болмайды (357); Жақсы болсаң, жердей бол, бәрін шыдап көтерген (425).; 7) Еңбек туралы мақал-мәтелдер: Бейнет түбі – рахат (252); Ексең егін, ішерсің тегін (338); 8) Әділдік туралы мақал-мәтелдер: Әділ биде ата жоқ, тура биде туған жоқ, , туғанына бұрған биде иман жоқ (168); Әділ бидің елін дау араламайды, әділ патшаның елін жау араламайды (169); 9) Барлық пен жоқтық турасындағы мақал-мәтелдер: Бар ағайын пәтуада болмас, жоқ ағайын сатуда болмас (223); 10) Отбасы, жанұя туралы мақал-мәтелдер: Жақсы әке – қырық жыл азық (423); 11) Мал туралы мақал-мәтелдер: Жаман атқа жал бітсе, жалына торсық байлатпас. Жаман адамға мал бітсе, Жанына қоңсы [қондырмас] (460); 12) Сөз өнері, тіл жөніндегі мақал-мәтелдер: Басқа пәле неден? Басқа пәле – тілден! (125); 13) Жақсы мен жаман туралы мақал-мәтелдер: Жақсы жүрісінен пұл болады, жаман жүрісінен құл болады (427). Мәшһүр-Жүсіп жазбаларында сақталған осындай мақал-мәтелдер тақырыптарының көп түрлілігімен, әрі көлемділігімен құнды. Мәшһүр-Жүсіптің шығармаларының v томында жалпы – 1152 мақал-мәтелдер алфавит реті бойынша берілген. Мұнда адамның мінез ерекшелігіне, бітіміне, тұрмыс-тіршілігіне, әдет-ғұрпына, дінге т.б. байланысты түрлері көптеп кездеседі. Мәселен, қолжазбада: «Қазақтың: Ат – биеден, алып – анадан» (119) деген сөз тараулары мәнісі, «Екі қырағыдан су қараңғы» (350), «Ұйқыда өскен бұзау өгіз болмайды», «Абылай аспас сары бел» дегеннің мәнісі, «Ала арқан жоғалады, бір лақ алып табылады» дегеннің мәнісі, қазақ: «піріден емес, мұраттан» деуінің мәнісі, – деп аталатын т.б. мақал-мәтелдер топтамаларының қазақ

халқының тұрмыс-тіршілігін, наным-сенімін танытудағы мәні үлкен. Сондай-ақ қолжазбалардың бірінде Мәшһүр-Жүсіп саны 176 мақал-мәтелді бір бөліп көрсеткен. Мұндағы мақал-мәтелдердің барлығы рет-ретімен нөмірленіп жазылған. Және де әр беттегі әр мақал-мәтел басынан аяғына шейін жаңадан нөмірленіп көрсетіліп жалпы қолжазбаның 13 бетін қамтиды. Сол сияқты қолжазбада басқа да мақал-мәтелдер тізімі берілген. Асылы, белгілі бір фольклор үлгілерін шығарғанда, әр материалдың қайдан, кімнен алғаны көрсетілмеуі ғылымдағы асығыстықты, өзінен бұрынғы зерттеуші, жинаушы еңбектерін елемеуді дәлелдесе керек. Ал, Мәшһүр-Жүсіп әр мақалды дерлік қайдан жазып алғанын көбіне сөз арасында айтып кетіп отырған. Мәселен, «Байлық мұрат емес, // Жоқтық ұят емес!» (202) деген мақалды Мәшһүр-Жүсіп: «Күні кеше Сарыарқада қасиетті, шарапатты болып өткен Ғайса Бикей ишан дуам айтып отырады екен», — дейді. Яғни, бұдан мақалды жеткізуші есімі Ғайса Бикей ишан екендігі, оны Мәшһүр-Жүсіптің жазып алғандығы көрініп тұр. Сол сияқты мына үлгілерді ауызша айтудан тікелей хатқа түсірген: «Байды Құдай атқаны, //Жабағы жүнін сатқаны», — деп басталатын топтаманы Мәшһүр-Жүсіп Шортанбай қожа айтты десе, «Қарадан хан қойса, қасиетті болмайды, //Үлгісізден би қойса, өсиетті болмайды», — деген жолдан басталатын бір топ мақал-мәтелді Мұса Шорман би ұғлынан естігенін жазып қалдырған. Міне, осы тәрізді белгілі бір ел аузынан жиналған фольклорлық үлгілердің жазылу паспортына қатысты түсініктемелер, толықтырулар Мәшһүр-Жүсіп жазбасында көптеп кездеседі. Сондай-ақ Мәшһүр-Жүсіп Абай Құнанбаевтың да үлгілі сөздерін қағазға түсіргенін есте ұстаған жөн. Жалпы жиналған мақал-мәтелдердің көпшілігіне дерлік Мәшһүр-Жүсіп анықтама беріп отырған. Яғни ол мақал-мәтелдердің қандай жағдайда, не себептен туғандығына, ел арасында не үшін қолданылатынына, о баста қандай мағына бергендігіне, тіпті қай заманнан бері айтылып жүргендігіне де назар аудартады. Бұл тағы да Мәшһүр-Жүсіптің жинаушылық қызметінің зерттеушілікпен қатар жүргендігін дәлелдесе керек. Мәселен, қолжазбаларының бірінде: «Молдалар», «Құдай сөзі құран айтады», «Пайғамбар сөзі, хадис-шариф мынау», «Хадис-шариф, алла жаратады», «Шіп Алутиң мен Аламан, хадис-шариф» делінген айдармен мақал-мәтелдер шоғыры берілген. Мәселен, «Ер туған жеріне, ит тойған жеріне» мақалының мағынасын қазақ білмейді, бұл «Хадис-шарифта» Шіп Алутиң мен Алайманның мағынасынан алынған сөз — деп, оның қандай мағына беретінін де ашып береді. Мақал-мәтелдің әрқайсысына Мәшһүр-Жүсіп түсініктеме берген және де олардың біразының Құран Кәрімде бар екенін көрсетіп кеткен. Міне, бұдан біз мақал-мәтелдерді жинау барысында Мәшһүр-Жүсіптің ертеректе шыққан «Құран Кәрім», «Хадис-шариф» тәрізді кітаптарды пайдаланғандығын да көреміз. Ал, жинау мен жазу кезінде, сонымен бірге бұл ескертпелерден де Мәшһүр-Жүсіптің қай материалды қайдан алғанын көрсетіп отыру өнегесін танымыз. Сондай-ақ ел арасында

жиі кездесетін кейбір мақал-мәтелдердің кітап ішіндегі нұсқалармен салыстырылып отырғаны да байқалады (бар болса, бар деп көрсетіп отырған). Бұдан қазір көпшілікке түсініксіз, беймәлім болып келген қазақ мақал-мәтелдерінің төркінін ғылым мен мәдениеттің бастауы болған Құран, Библия тәрізді ескі кітаптар арасынан іздестіру қажеттігі туады. Тағы да айтар бір жайт, Мәшһүр-Жүсіп жазбаларын ақтара отырып, тағы бір мақал-мәтелге қатысты мынадай деректерге кез болдық. Онда: «Мәшһүр-Жүсіп қолжазбасынан көшірме, 1920 жылы Ә.Диваев экспедициясы жинаған», – делінген. Бұған сүйенсек, кезінде Ә.Диваев ұйымдастырған экспедиция мүшелері де фольклорлық үлгілерді жинау кезінде Мәшһүр-Жүсіп қолжазбаларын пайдаланғанға ұқсайды және де ол нұсқалары кімнен алғандығын жазып кеткен. Енді бірде жойылып кеткен Қатаған жұрты туралы да:

«... Қатаған ханы хан Тұрсын, қай неткенді ант ұрсын» деген мақал сонан қалды деседі. Бірлі-жарымды қалған болса, Қаңлы-Шанышқылыға кетіп, сонан қалған елден қалыпты деп айтылады» деген дерегін келтіреді. Яғни еңсегей бойлы Ер Есімге опасыздық жасаған Қатаған ханы Тұрсынның елімен бірге тарих алаңынан із-түссіз жоғалғандығы сөз болады. Мәшһүр-Жүсіп жазбаларында сақталған мақал-мәтелдердің дені айшықтау түріне бай келеді. Сондағы сөздердің өзара үндесіп, үйлесіп, ассонанс, аллитерациялардың мол екендігіне қайран қаласың. Мақал-мәтелдердің мағына-мәні де мейілінше терең. Мәселен: «Сұлу – сұлу емес, сүйген – сұлу» (1001), «Күндестің күлі – күндес» (683), «Қатын қайраттанып, қазан қайнатпайды» (741), «Қойдан қоңыр қойшының өгізі» (766), «Күлсең, кәріге күл» (676) т.б. аллитерация арқылы жасалса, ассонанс арқылы жасалған бірнеше мақал-мәтелдерді көруге болады. Мысалы: «Ағайын арасынан ақсайды, //Ат турасынан ақсайды» (4) «Алма алмадан реңк алады» (70), «Ұйықтаған ұйқы алады», //Ұйықтамаған жылқы алады» (1083) т.б. осы тәрізді бірнеше мақал-мәтелдерді ұшырастыруға болады. Мұнда ішкі ұйқастар да күшті үйлесе құрастырылған. Мәшһүр-Жүсіп жазбаларында сақталған мақал-мәтелдерден тағы көрер бір ерекшелік – олардағы мақал-мәтелдер бойында халықтың мал баққан тұрмысына байланысты образдар мен сарындардың мол ұшырасатығында. Үй хайуанаттарының қылығын айту арқылы адам мінезіне ишара, тұспал жасау соншалықты әсерлі де мәнді болып шыққан. Мәселен, «Адам аласы – ішінде, // Мал атасы – сыртында» (10), «Сырын білмеген аттың // Сыртынан жүрме» (1015) «Сенген қойым сен болсаң, //Күйсегенінді ұрайын» (977) мақал-мәтелдер бойынан әсерлі тұспалдарды көреміз. Қорыта айтсақ, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының жазбаларында сақталған мақал-мәтелдердің фольклор жанрында, жалпы ұлтымыздың рухани өмірінде алатын орны мен мән-маңызы ерекше. Қазақтың белгілі ақыны Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының өлең, қисса-дастандарын, ауыз әдебиеті мен фольклор үлгілерін, қазақ тарихы, мәдениетіне арналған жазбаларын, этнография, тіл, ұлттық психология туралы

пікірлерін, араб парсы классиктерінен аудармаларын — бәрін қоса есептегенде, кемінде 30 томдай материал бар екені белгілі. Демек, Мәшһүр-Жүсіптің қазір жарық көрген көптомдығының алғашқы 5-томында және газет-журналдарда жарияланған бір томдық түрлі материалдарға сүйеніп жазылған бұл еңбек — үлкен істің бастамасы, бір бөлшегі ғана. Әйтсе де тамшыдан да теңіздің қасиеті көрінеді десек, осы бір қамтылған материалдың өзі Мәшһүр-Жүсіп жазбасында сақталған қазақтың мақал-мәтелдерінің өзіндік ерекшеліктерін, олардың қайнар көзі қайда жатқаны турасында мол мәліметтер береді. Қазақ мақал-мәтелдерінің жиналу, жариялану және зерттелу жағдайын сөз еткенде, Мәшһүр-Жүсіп жазбаларында сақталған мақал мен мәтелдердің де мән-маңызын жан-жақты сараптаған жөн. Қысқасы, фольклортану ғылымында халық ауыз әдебиетінің бір түрі болып табылатын қазақтың мақал-мәтелдерін Мәшһүр-Жүсіптің ұзақ жылдар бойы ерінбей жинауы хаттауы — бәрі де қазақ фольклортану ғылымында Мәшһүр-Жүсіптің қосқан өлшеусіз еңбегінің бір қырын ғана танытатыны сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. — Алматы: Атамұра, 2003. — 208 б.
2. Қашғари М. Түрік сөздігі. 3 томдық. Шығармалар жинағы (қазақ тіліне аударған А.Егеубай).— Алматы: Хант, 1998.— 600 б.
3. Уәлиханов Ш.Ш. Таңдамалы шығармалар жинағы. — Алматы: Жазушы: 1980.— 416 б.
4. Әлімбаев М. Ақ серек те, көк серек: тақпақтар, дастандар, ән-өлеңдер, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтелдер.— Алматы: Жалын, 1977.—192 б; Төреқұлов Н. Қанатты сөздер.— Алматы, 1959.— 55 б. т.б.
5. Әуезов М. Әдебиет тарихы.— Қызылорда-Ташкент, 1927 //Әдебиет тарихы. — Алматы: Ана тілі, 1991.— 260 б.
6. Сейфуллин С. Шығармалар жинағы. 6 том. — Алматы, 1964.—295 б.
7. Қаһарлы сөз қамал бұзады (жинақ). — Алматы, 1943.-32 б.
8. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. — Алматы, 1958. — 332 б.
9. Ерботин Е. Далаға саяхат: өлеңдер, ертегі, жұмбақ, жаңылтпаштар. —Алматы: Жалын, 1991.— 80 б; Қалиев С. Қандай болып өсемін: өлеңдер, жұмбақ, жаңылтпаш, ертекттер.— Алматы:Балауса,1994.-320б; Кірісбаев Б. Жаңылтпаштар (кіші жастағы балаларға арналған). — Алматы: Балауса, 1998.— 32 б.
- 10.Құнанбаев А. Шығармалары. II том.— Алматы: Ғылым, 1977.-312 б.
- 11.Жүсіпов Н.Қ. XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ фольклортану ғылымы. — Павлодар, 2003. — 246 б.
12. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 5 том. — Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2005. — 410 б.

**Астана қаласы, №91 мектеп – гимназия
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Баймуханова Зоя Каблановна**

ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ – БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕНІҢ САБАҚТАСТЫҒЫНЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШІ

Түйін. Мақалада білім алушылардың жоғары құндылық бағдарларын қалыптастыруға бағытталған, сыныптан тыс іс-шаралар, оқу тәрбие жұмысы шеңберінде жеке тұлғаны қалыптастыру.

Түйін сөздер: рухани-адамгершілік тәрбие, тұлғаның адамгершілік қасиеттері, құндылық бағдарлары, аудиториядан тыс іс-шара, жеке тұлғаны қалыптастыру моделі

Аннотация. В статье раскрываются вопросы духовно-нравственного воспитания подрастающего поколения на основе модели формирования личности в рамках учебно-воспитательной работы, внеклассных мероприятий, направленных на формирование высоких ценностных ориентиров обучающихся.

Ключевые слова: духовно-нравственное воспитание, нравственные качества личности, ценностные ориентиры, внеклассные мероприятия, модель формирования личности.

Annotation. The article reveals the issues of spiritual and moral education of the younger generation in college on the basis of a model of personality formation within the framework of educational work, extracurricular activities aimed at the formation of high value orientations of students.

Keywords: spiritual and moral education, moral qualities of the individual, value guidelines, extracurricular activities, personality formation model

Тәрбие - қоғамның негізгі қызметтерінің бірі, жеке адамды мақсатты, жүйелі қалыптастыру процесі, аға ұрпақтың тәжірибесін кейінгі буынға меңгертіп, олардың сана-сезімін, жағымды мінез-құлқын дамытушы. Ересек буын қоғамды тарихи өмірде жинақталған тәжірибені, білімді жас буынға тәрбие процесі арқылы беріледі.

Тәрбиенің мақсаты мен жүйесі мемлекеттің саясаты мен экономикасына тәуелді. Тәрбие мен қоғам бір мезгілде пайда болды. Тәрбие қоғамдық

құбылыс, онсыз қоғам өмірі ілгері дамымайды. Алғашқы қауымдық құрылыста ересектер балаларды еңбекке дағдыландыру үшін қауымның әдет-ғұрпын, салтын үйретті.

Я.А. Коменский "Тәрбие мақсаты және міндеттері, маңызы, жүзеге асыру жолдары адамның қоғамда алатын орнымен анықталу керек", "Келесі ғасырдық қандай болатындығы сол ғасыр үшін тәрбиеленген азаматтарға байланысты. Дүние - даналар-дық көптігімен баңытты" - деген ойлар айтты. [1]

Неміс педагогы А. Дистервег педагогикалық мәселелерді шешудегі сословиелік және шовинистік саясатқа қарсы күресіп, "Мектептің міндеті - адамзатты және өз халқын сүйетін саналы азаматтарды тәрбиелеу" - деген.

К.Д. Ушинский тәрбиенің мақсаты қоғамға пайдалы, адамшылығы бар адамды тәрбиелеу деген. Ол адамгершілік тәрбиесін ақыл-ой, еңбек тәрбиесімен тығыз байланысты қарастырады.

Тәрбие мақсаты қазақ тәлім-тәрбие тағылымына да қойылды. Ұлы ұстаз Әбу Насыр әл-Фараби "Адамға ең әуелі білім емес, тәрбие берілуі керек. Онсыз берілген білім - адамзаттың қас жауы. Ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі" - деді. [2]

Абай Құнанбаев талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым сынды жеке тұлғалық жақсы сапаларды қалыптастыру мақсатын қойып, өсек, өтірік, маңтаншақтың, еріншектік, бекер мал шашпақ сияқты зиянды әдеттерді жоюға шақырады.

М.Жұмабаев "Көркем денелі, түзу ойлайтын, дәл пішетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы үн, әдемі түрден ляззат алып, жаны толқынарлық болса, баланың дұрыс тәрбие алып шын адам болғандығы" - деп жазды.

Қазақстан Республикасында халыққа білім, тәрбие берудің негізгі мақсаты-Қазақстанның егемендігін қамтамасыз ететін, оны бүкіл дүние жүзіне мойындататын,онымен тең қарым-қатынас жасап,Қазақстандық патриотизмді, саяси бостандықты қамтамасыз ететін нарықтың іргетасын қалап, экономикалық бостандыққа қол жеткізетін, жан-жақты дамыған адамдарды тәрбиелеу. [3]

Ақыл-ой тәрбиесі - оқушылардың ойлау қабілетін, дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыру, ғылыми білім жүйесін меңгерту. Бүгінгі таңдағы жас ұрпақ балалық шақтан бастап ұлттық құндылықтарға сүйене отырып тәрбие алуы шарт. Мұндай тәрбие көргендер ертеңгі күні еліміз, жеріміз дейтін жастарға айналары сөзсіз. Өйткені ұлттық құндылықтардың негізгі көріністері отансүйгіштік, отбасының бүтін болуы, қоғамға пайда тигізу секілді дүниелерден тұрады. Тарихты ақтарар болсақ, еліміздің ерлері батыр, қыздарымыз қылықты болған. Бесіктен белі шықпаған балаға берілген тәрбиенің маңыздылығын түсіну үшін мына бір мақалды да атап өткен жөн болар: «Балаңды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле». Бабалар мұнымен ұлттық тәрбиенің маңыздылығын көрсетуде. Әрбір ұлттың тәрбие қайнары әртүрлі. Ел болып қалыптасамын десе, өзінің

бабаларының жолын жалғастырамын деп ойласа, сол ұлтының тәрбиесін көрген абзал екендігін айтады.

Қазіргі таңдағы үлкенді сыйламау, ата-анасына жекіп сөйлеу, рәміздерді құрметтемеу, мұғалімдеріне қарсы шығу, басшыға бағынбау және т.б. олқылықтар кезінде дұрыс тәлім-тәрбие алмағандықта жатыр. Өсіп келе жатқан жас ұрпақ иығындағы жауапкершілікті шынайы сезінбейді. Өзін ұлт болып қалыптасуының басты факторларының бірі ұлттық құндылықтарды насихаттаушы адам екендігін түсінбеуде.

Ұлт белгілі бір адамнан қалай құралған болса, ұлттық құндылықты жүзеге асыратын адам да дәл солай жаратылған. Өйткені адам таңдай алмайтын, еріксіз болатын нәрселердің бірі бұл – қай жерде және кім болып дүниеге келуінде жатыр. Жоғарыда қозғаған мәселе бойынша түйін сөзімізді Ахмет Байтұрсынның «Балам» деген жұрт болмаса, «жұртым» дейтін бала қайдан шығады», - демекші, ертеңін ойлайтын, елінің дамуы үшін күресетін жастардың тәрбиеленуінде ұлттық құндылықтар таптырмас орынға ие.

Жаңа қазақстандық патриотизм дегеніміздің өзі — Мәңгілік Ел идеясы! Қазақстан Республикасы біртұтас мемлекет, сондықтан болашақ ұрпақтың тәрбиесі қазіргі таңда жаңа бағыт – бағдар беруді талап етеді.

Мектепте «Жас сарбаз» сыныптарын ашып, тәрбиеніңі нақты қағидаларын үйрету бұл үлкен жұмыла көтеретін жұмыс және де жауапкершілік. Мектепте ата – аналармен бірлескен жұмыс – «Әкелер кеңесі», «Аналар мектебі» осы сыныптың тәрбиелеу бағыт – бағдарын ұйымдастыруда. Әкелеріміздің тәлім – тәрбиесі оқушылардың бойына ұлттық құндылықтарды түсіндіруінде, практикалық жолдарымен де меңгеруде.



Оқушылардың бойында Отанды қорғауға дайындықты қалыптастырудағы құндылықтардың рөлі маңызды. Ғұлама Абай баланың бойына алты қасиет пен үш асыл мінез-құлық сіңіру парыз деген.

Міне ,осы алты қасиетпен бірге үш асыл мінез-құлық.

1.Елімен туған-туыс,жұрағат, жекжат, дос-жолдасқа адал болу.


2.Өте әділетті болу

3. Шындықты тура бетке айту сияқты асыл мінезді атап көрсеткен.

Дегенмен мектептегі жұмыс тәжірибесін бақылау мұғалімдердің көпшілік бөлігінің жеке тұлғада аталған қабілетті қалыптастыруда оқыту пәндерінің қызметі туралы мәліметінің нашар екенін көрсетеді. Ал, оқушыларымыздың санасына өздерінің оқыту мен тәрбие ерекшеліктерін келесі кестеден байқауға болады.

Сызба

№1



Қорытындылай келсек, Қазақ қоғамының өмір сүру салтында құндылықтарды жоғары бағалау, жас ұрпақты соған баулу бұрыннан дәстүрде бар дүние. Тұлғаның рухани өлшемі адамгершілік қасиеттермен анықталады және ол адам тұлғасының даму деңгейінің көрсеткіші болып табылады. Кең мағынасында алсақ, құндылықтар әлемі - мәдениет әлемі.

Біздің басты байлығымыз, басты капиталымыз – бала. Білім саласында еңбек етіп жүрген әр тұлғаның басты мақсаты – шәкірт бойына сапалы білім

мен тағылымы мол тәрбие беріп, «Мәңгілік елдің» тұтқасын ұстайтын сапалы капитал қалыптастыру. XX ғасырдың ұлт мақтанышы Мағжан Жұмабаев:

Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар,
Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін! – деп жастарға үлкен сенім артқан.

Болашақ жастардың қолында. Жастарымызға сенім білдіре отырып, Мәңгілік елге адал қызмет ететін, жерін шексіз сүйетін, әр топырағы мен тасын қадірлеп, тарихы мен мәдениетін жетік меңгеріп, ел мүддесі үшін аянбай еңбек ететін тұлға қалыптастыру біздің қолымызда екенін ұмытпайық.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Білім журналы 2010ж №2,3,5
2. Ж.Қоянбаев, Р.Қоянбаев. Педагогика.-Алматы, 1998, 2000.
3. С.Қалиев, Ш.Майғаранова, Г.Нысанбаева, А.Бейсенбаева. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудық педагогикалық негіздері. - Алматы, 2001.
4. ҚР Білім туралы заңы. – Егемен қазақстан.- 2007. – 15 тамыз.
5. Нұрышева Г.Ж. Адам өмірінің философиялық мәні. — Алматы. 2000
6. М. Арын «Бес анық» Алматы Арыс 1996ж
7. Сейтбеков С. «Имандылық негіздері» Алматы, Қаскелен-Б 2008 -3766
8. М.М Бахтин. «Жеке тұлға туралы»

**Астана қаласы, №43 ҚББ мектеп-орталығы
бастауыш сынып мұғалімі
Мухамеджанов Максат Муратбекұлы**

БҰҚАР ЖЫРАУ ҚАЛҚАМАНҰЛЫНЫҢ ТӘЛІМ – ТӘРБИЕЛІК ИДЕЯЛАРЫ

1. Бұқар жырау Қалқаманұлының өмірбаяны.
2. Бұқар жырау Қалқаманұлының «Тілек» толғауындағы тәлім - тәрбие.
3. Сарыарқа төсінің топырағы бұйырсын.
4. Қорытынды.

Бұқар жырау Қалқаманұлы (1693-1787) – әйгілі жырау, Абылай ханның ақылшысы болған. Бұқар-жырау Қалқаманұлы батырлар жанұясында дүниеге келген. Әкесі атақты Қалқаман батыр кезінде еліне, халқына батырлығымен белгілі болған, аты аңызға айналған тұлға екені белгілі. Бұқар бабаның шыққан тегі қазақ шежіресі бойынша арғын ішіндегі сүйіндік, одан Қаржас, одан Алтынторы, одан Артық, Жолымбет, Мәмбет, Келбет аталары тарайды. Жолымбеттен Қалқаман батыр тарайды. Ал Қалқаманнан Бұқар жырау туады. Қалқаман батыр кезінде Тәуке ханның 90 мың қолын басқарған айтулы батыры екен. Өзінің ағайын туыстары Әнет баба, Едіге, Тәуке, Есім хандармен қызметтес болған.

Ел аузындағы деректерде Бұқар бала кезінде томаға-тұйық, ауызы ауыр, кісікиіктеу болыпты, сол себепті ел үндемей жүретін баланы «мылқау бала» атандырған.

Тілің шықпай жасыңда,
Бала болдың сен мылқау.
Бір алуан жан десетін
Іштен шыққан кем-сырқау.
Сырқат па, әлде мінез бе?
Мұны қиын жобалау
Дәл он екі жасыңда,
Бақыт қонды басыңа.
Тілің шықты сөйледің,
Қолдан-қолға тимедің.
Төре, қара қасыңда,
Бұлбұл құстай сайрадың,
Топты көрсең жайнадың.
Көріктей басқан күпілдеп,
Көмекейің бүлкілдеп, – деген Үмбетей сөзінде осындай сыр жатыр.

Бұқар жырау Қалқаманұлы өте сауатты, сөз қадірін ерте білген жұрт оны «Көмекей әулие» деп атаған. Сөйлегенде үнемі қара сөзбен емес, көмекейі бүлкілдеп, түйдек-түйдек жырмен сөйлейтін болған. Осындай ауыр сәттерде Абылай ханға дұрыс кеңес беріп, ел-жұртты басқыншы жауға қарсы күресте біріктіруге, бір тудың астына топтастыруға күш салған.

Бұқар жырау Көкілташ медресесінде 1695-1702 жылдары оқыған. Содан бірден Қазақ хандығының астанасы – Түркістан шаһарының жанындағы Қарнақ медресесінде мүддәріс дәрежесінде ұстаздық қызметіне кіріскен. Бұқар жырау Қарнақ медресесінде ұстаздық еткен уақытта қазақ балаларының тіліне, түсінігіне ыңғайлы қылып мұсылмандықтың іргелі қағидаларын жырға қосқаны белгілі. Ұстаздық еткен тұсында медресе қабырғасында қазіргі тілмен айтқанда математика, грамматика және құқық негіздерін оқытуды ұйғарған.

Бабамыздың тоғауларында қазіргі қоғамда орын алып отырған мәселелер бейнеленген. Осы мәселердің шешу жолдарын жырау тәлім – тәрбиеде деп меңзеп кеткендей. Мектеп қабырғасында оқытылып жүрген туындыларының бірі «Тілек» толғауы қазір заманның айнасы сияқты. Толғауындағы тәлім – тәрбиеге зер салып көрейік.

Бірінші тілек тілеңіз,
Бір Аллаға жазбасқа.
Екінші тілек тілеңіз,
Бір шұғыл пасық залымның
Тіліне еріп азбасқа.

Осы бір шумағындағы бабабыздың салмақты ойы қаскөйлерден ылғи да сақтанып жүр. Қазіргі кезде әртүрлі пасық діни ағымдардың соңына еріп кеткен жастарымыздың ел болашағына төндіретін қауіпін айтып кеткен. Жастарға айтары пысық боламын деп пасық болсын дегені.

Үшінші тілек тілеңіз,
Үшкілсіз көйлек кимеске.

Қыз-келіншектер, әйел қауымы үнемі үсті-басын таза ұстап, жарасымды киінуді ұмытпасын. Бүгінгі қыз ертеңгі ана, бүрсігүні – ақ шашты әже. Анаға карап бала–ұрпақ өседі.

Төртінші тілек тілеңіз,
Төрде төсек тартып жатпасқа.

Төсек тартып жатпағын. “Әуелгі байлық – денсаулық” екенін ұмытпа. Сол үшін белсенді әрекет жаса. Соңғы жылдары елді есеңгіретіп, ортамыздан көптеген жанды жалмаған нәубет пандемияны айтқаны.

Бесінші тілек тілеңіз,
Бес уақытты бес намаз
Біреуі қаза қалмасқа.

Мұсылмандықтың белгісі – бес парызды ұмытпа. Шынайы мұсылмандықтың артында инабаттылық, ізгілік, тәрбиелілік тұрғанын еске салуда. Дәстүріміздің өзі тұнып тұрған тәрбие.

Алтыншы тілек тілеңіз,
Алпыс басты Ақ Орда,
Ардақталған аяулың
Күнінде біреуге
Тегіннен тегін олжа болмасқа.

Ардақтаған аяулың бөтен біреуге тегін олжа болмасын. Қай уақытта аяулы жарымыз олжа болмақ? Елдің іргесін қорғайтын ерлер болмаса. Соғыс алапатынан сақтасын. Көрші күштілерге кіріптар боп қалмайық (Бұл жерде орыс, қытайлармен бейбітшілікті сақта деген ой айтылып отыр.)

Жетінші тілек тілеңіз,
Желкілдеген ту келіп,
Жер қайысқан қол келіп,
Сонан сасып тұрмасқа.

Сырттан жау келіп іргеміз сөгілмесін. Әрқашан елдің татулығын меңзеген. Сонымен қатар ақ білек пен ақ найзаның әзірлігін көздеген. Қазіргі әскердің сақадай сай болуы жар астындағы жауға сес көрсеткені.

Сегізінші тілек тілеңіз,
Сегіз қиыр шартарап
Жер тұлданып тұрмасқа.

Соңғы уақытта оңтүстік астанамыз Алматы қаласында болған жер сілкінісін анық байқауға болады. Көптеген өңірлерді қырдық қызыл суы басып жатыр. Осындай апаттардан елді сақтасын дегені. Өз ұрпақтарын төтенше жағдайлардан сақтай білуге үндейді.

Тоғызыншы тілек тілеңіз,
Төреңіз тақтан таймасқа.
Тоқсандағы қарт бабаң
Топқа жаяу бармасқа.

Төрелер сол заманда ел басқарған. Қазіргінің тілімен басшының бағдарламасын қолдау да – имандылық. “Ханның ісі халқымен” дегенді

ұрандап отыр. Басшы мен халқы бір болса ала алмайтын қамал болмайды. Сонымен қатар «тоқсандағы қарт бабаң» дегені әкелеріміз. Қазіргі қоғамда және отбасында әкенің орны тасада қалуда. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында мектебіміздің қабырғасында әкелер ұйымы өз жұмысын жасауда. Осылайша біздің ұжым бабамыздың өсиетін орындаудамыз. Оныншы тілек тілеңіз, Он ай сені көтерген, Омыртқасы үзілген, Аязды күнде айналған, Бұлтты күнде толғанған, Тар құрсағын кеңіткен, Тас емшегін жібіткен, Анаң бір аңырап қалмасқа.

“Тар құрсағын кеңіткен, тас емшегін жібіткен” аналарды құрметте. Ол адамдық асыл парыз.

Он бірінші тілек тілеңіз,
Омырауы жұпарлы,
Иісі жұпар аңқыған,
Даусы Құдай саңқыған,
Назыменен күйдірген,
Қылығымен сүйдірген,
Ардақтап жүрген бикешің
Жылай да жесір қалмасқа.

Жастық шақты еске ала келіп, әр жастың өзіндік ерекшелігіне баға беріп, өмірді мәнді өткізуді, оның қадір-қасиетін бағалай білуді уағыздайды.

Мәшһүр Жүсіптің айтуына қарағанда, Бұқардың, тіпті сауып ішер малы, мініп-түсер аты да болмаған. Жырау алпыстан асқанша осы жарлы, кембағал халде күн кешкен. Алайда өмірінің соңғы кезеңінде Бұқар жай ғана арқалы жырау, ақылшы аға емес, мемлекет істеріне елеулі ықпал етіп отырған қабырғалы биге, өз заманының ұраншысына айналды.

1780 жылы 97-ге келген қария жырау маңайындағы күтушілерінен далаға алып шығындар деп өтініш жасады. "Мені дүниеден қайтқанда аманатқа сақтап, Әзіреті сұлтанға апарып қоймаңдар. Қыс ішінде әуре болып, қарбаласқа түспеңдер. Маған осы Сарыарқа төсінің топырағы бұйырсын. Әйтпесе, елдің құты қашады, ырысың кетеді. Басыма қорған тас үйіндер, әспеттеп бейіт көтермеңдер. Менің кием осы Сарыарқаға ие болсын. Қазақтың ендігі Жиделі Байсыны – осы жер" - деді жырау.

1780 жылы Көмекей әулие Бұқар мәңгілік сапарға аттанды. Сүйегі – Баянауылда, Далба тауының етегінде.

Бұқар жырау туралы қазақтық саналы, қалам ұстаған азаматтарының барлығы дерлік ізденіп жазған. Бабамыздың қалдырған мұрасы соншалық ұшан теңіз біздің тоқынғада жетерлік. Жыраудың ел қамын ойлап болашақ ұрпаққа арнап қалдырған толғаулары мен жырларында тәлім – тәрбиесі өте мол және айтқан ойлары әлі өзекті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

«Атыңды Бұқар қойған сол себептен...»

Жамбыл АРТЫҚБАЕВ, тарих ғылымының докторы, профессор

«Ана тілі» газеті 23 тамыз 2018 жыл

<https://sputnik.kz/20230724/buqar-zhyrau-turaly-qyzyqty-dereker-37045154.html>

**Целиноград ауданы, Қызылсуат ауылының
жалпы орта білім беретін мектебі
бастауыш сынып мұғалімі
Омарова Лейла Ганиевна**

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛЫ ҒАЛЫМЫ ЖӘНЕ ТҰҢҒЫШ ГЕОЛОГЫ ҚАНЫШ САТБАЕВТЫҢ ФЕНОМЕНІ

Отандық ғылым тарихында академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев көрнекті геолог ғалым, ғылымды тамаша ұйымдастырушы ретінде ғана емес, сонымен қатар Қазақстанды индустрияландыруға зор үлес қосқан дарынды мемлекет және қоғам қайраткері ретінде ерекше орын алады. Ол Үлкен Жезқазған мен геология ғылымдары институтының, Қазақ КСР Ғылым Академиясының негізін қалаушы. Ол-Қазақстан Ғылым Академиясының тұңғыш президенті және Кеңес Одағының тұңғыш қазақ академигі. Оның есімімен Қазақстанның жер қойнауының байлығын геологиялық зерттеу және ашу тарихының ең жарқын беттерінің бірі, пайдалы қазбалар кен орындарын тезірек анықтауға және елдің минералды-шикізат базасын кеңейтуге бағытталған кең кешенді зерттеулерді ұйымдастыру байланысты.

Оның өмірбаяны 1899 жылы 12 сәуірде басталды. Бала Павлодар уезінде (Семей облысы) құрметті және білімді бидің (ауыл басшысы) Имантай мен оның екінші әйелі Әлімнің отбасында дүниеге келген. Баланың есімі Ғабдул-Ги, анасы еркелетіп Ғаныш деп атады, ал мектепте оған Қаныш есімі мәңгілікке берілді. Қаныш өзінің алғашқы білімін туған ауыл мектебінде алды, содан кейін Павлодардағы орыс-қазақ училищесі болды, оны 15 жасында үздік бітірді. Сәтбаевтың жаңа білім беру сатысы Семей мұғалімдер семинариясы болды. Жас жігіт университетке түсуге дайындалып жатты, бірақ денсаулығына байланысты проблемалар басталды: дәрігерлер жас адамда туберкулезді анықтады. Бұл ауру бұрын Қаныштың балалық шағына көлеңке түсірді - ол екі жасқа толғанда анасының өмірін қиды. Ол жоспарларын артқа тастап, үйіне емделуге баруы керек болды. Білімді 20 жастағы жігітті Қазкультпросвет төрағасы етіп тағайындайды, Баянауыл ауданында халық судьясы етіп сайлайды. Мұнда 1921 жылы Қаныш өмірінің басқа бағытын берді: ғалым Михаил Антонович Усов осы аймақтарға қымызбен емделуге келді. Ол жас жігітті пайдалы қазбалардың маңызы туралы әңгімелермен баурап алды. Осыдан кейін Қаныш Томскідегі технологиялық институттың студенті болды, онда бес жылдан кейін тау-кен инженері дипломын алды. Ол Атбасар трестіне жұмысқа кетті, онымен оның еңбек өмірбаянының одан әрі

15 жылы байланысты болды. Жер бедерін геолог ретінде зерттеген Сәтбаев бірқатар белгілерге сәйкес мұнда мыс қоры үлкен деп болжады. Ол өте перспективалы кен орнын ашты. Бірақ оны игеру үшін ескі зауытты кеңейту және қолдау инфрақұрылымын құру қажет болды. Бұл жолда Сәтбаев табандылықпен жеңген кедергілер болды: Бүкілодақтық халық шаруашылығы кеңесі жас инженердің тұжырымдарын мойындамайды, содан кейін Сәтбаев КСРО Мемлекеттік жоспарының төрағасы Кржижановскийді қабылдауға ұмтылады және оны зерттеу жұмыстарының көлемін арттыруға сендіреді. Кейінірек ол өзінің ұсыныстарын Орджоникидзе ауыр өнеркәсіп халық комиссарының алдында да негіздеді. КСРО Ғылым академиясының деңгейінде Сәтбаев кен орнын игеру мүмкіндігі мен қажеттілігін дәлелдеді. Оның баяндамасынан кейін АН 3-ші бесжылдықта Жезқазған объектісін салу идеясын қолдады, кейінірек мұндай шешім мемлекеттік деңгейде қабылданды. 1940 жылға қарай теміржол мен су қоймасының құрылысы аяқталды. Қазақстанның табиғи байлығын игерудегі жетістігі үшін Қаныш Сәтбаев Ленин орденімен марапатталды. Екінші дүниежүзілік соғыстың басында КСРО-да марганецтің өткір тапшылығы пайда болды. Қаныш Имантайұлы бұрын табылған марганец қорларын игеру жөнінде ұсыныс жасады. Кеніш 40 күн ішінде салынды, ал 1942 жылы маусымда Орал зауыттары жезде өндірілген шикізатпен жұмыс істеді. Ұжым Сталиндік сыйлыққа ие болды. 1940 жылдары Сәтбаев ҚазКСР-да ғылымның беделді ұйымдастырушысы ретінде танымал болды:

- ✓ 1941 жылдан бастап ол КСРО ҒА филиалы төрағасының орынбасары болып тағайындалды;
- ✓ көп ұзамай ол Қазфан - дың дамуындағы жетістіктері үшін Ленин орденін алды;
- ✓ ғалым 1944 жылы басталған Ұлттық Ғылым академиясын ұйымдастырудың маңыздылығын негіздеді;
- ✓ ҚазКСР ҒА 1946 жылдың жазының басында ашылды, ал көрнекті геолог оны бірінші президент етіп сайлады.

Соғыстан кейінгі жылдары ел жаңа қуғын-сүргінге ұшырады. Олар Сәтбаевқа да қатысты. Көптеген комиссиялар бірқатар қазақ ғалымдарын жұмыстан шығаруды талап етті, оған АН Президенті келісім бермеді. Содан кейін ол бірқатар заң бұзушылықтар жасады деп айыпталып, 1951 жылдың қарашасында қызметінен босатылды. Бірақ ол геология ғылымдары институтының жетекшісі болып қала берді. Оның жанында мекеме Қазақстанның минералды ресурстарын зерттейтін ірі орталыққа айналды, ал КСРО — ның ғылыми ортасында Мәскеу мен Ленинград институттарынан кейінгі үшінші орында. КСРО-дағы жағдай өзгергеннен кейін Қаныш Сәтбаевтың ісі қайта қаралып, Қазақстан Ғылым академиясының президенті болып қайта сайланды. 1950 жылдардың аяғы мен 1960 жылдардың басында ғалым КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты, КОКП ХХІ және ХХІІ съездерінің делегаты болып сайланды.

Ғалымның өмірбаянының қысқаша сипатталған кезеңдері де оның ғылыми қызметінің ауқымы және оның елдің дамуына қосқан үлесі қаншалықты зор

екендігі туралы түсінік береді. Бұл туралы толығырақ мынадай жетістіктер айтылады: Жезқазғанда мыстың ең ірі қорларының ашылуы зерттеу жұмыстарының нәтижесінде осы аумақтағы мыс қорлары екі миллион тоннадан асатыны анықталды. Ағылшындар бұған дейін оларды 60 мың тоннаға бағалаған. Ол кезде барланған қорлар планетадағы ең үлкен қорлар болып саналды. Сәтбаев өз ұстанымын негіздей отырып, 40-қа жуық ғылыми жұмыс жазды. Бұл қорларға жету үшін тек білім ғана емес, сонымен бірге ғалымның ынта-жігері мен табандылығы қажет болды. Ол әртүрлі жоғары институттарда шешім қабылдағандарды өзінің дұрыстығына сендіре алды. Қаныш Сәтбаев геологиялық барлау жұмыстарын жүргізіп, ұңғымаларды қыста да бұрғылауға рұқсат алды. Ол үшін қондырғыларды киіз үймен жауып, 40 градус аязда жылытуға тура келді. Ғылыми қызметі бағаланды: 1942 жылы ЖАК ғалымға геология және минералогия ғылымдарының докторы дәрежесін берді. Сәтбаевтың тікелей басшылығымен Қазақстанның пайдалы қазбаларының картасы жасалды. Ол үшін кешенді әдіс жасалды, жұмыс макеттері жасалды. Әдістің өзі геологиядағы жаңа бағыттың — металлогенияның негізін қалады, ал Сәтбаев осы бағыттың негізін қалаушы және геологиядағы ерекше "қазақ мектебінің" негізін қалаушы болып саналады. Институтта жасалған карта дәлдікке тексеріліп, ғылыми конференцияларда талқыланды және ең сенімді деп танылды. Ол үшін ғалымдар тобы Ленин сыйлығымен марапатталды (1958) 1950 жылдардың ортасында республика ғалымдары табиғи ресурстарды тиімді пайдалану бойынша зерттеулер жүргізді. Президент тың жерлерді игеруге ғылыми институттарды жұмылдырғаны үшін Ленин орденімен марапатталды. Бұл Сәтбаевтың үшінші ордені болды.[2]

Республикада тағы бір жаһандық жобаны жүзеге асыруға академик Қаныш Сәтбаев қатысты. Орталық Қазақстан су тапшылығын бастан өткерді, бұл өңірдің экономикалық дамуын баяулатты. Ертіс суларының бір бөлігін осы аймаққа көшіру үшін арна салу ұсынылды. Сәтбаев ықпалды ғалым ретінде бұл жобаны жоғары одақтас институттарда алға тартты. Бүгін Ертіс — Қарағанды каналы оның есімімен аталады. Сәтбаевтың ғылыми қызметі оның негізгі еңбектерімен байланысты геологиямен шектелмеді. Онда келесі қызықты фактілер бар: 1935 жылы жерді зерттеу кезінде ол XIV ғасырда Темірлан қалдырған жазуы бар тасты тапты. Бұл құнды археологиялық олжа қазір эрмитажда. Ғалымды далада кездескен тас мүсіндер, сондай-ақ үңгір суреттері қызықтырды. Геологиялық экспедицияларда ғалым халық әндерін, өлеңдерін жазды. Ол "Едіге" эпосын зерттеп, жариялады. Педагогикалық қызметпен айналысқан Сәтбаев оқулық жазды. Бұл мектеп оқушыларына арналған алгебра болды. Ғалым әрқашан өз халқы үшін мақтаныш сезімін сезінетін. Оның Черчилльге берген жауабы Жоғарғы Кеңес депутаттары делегациясының құрамында онымен кездесу кезінде кеңінен танымал. Белгілі саясаткер қазақтардың бәрі осындай батырлар ма деп сұрады, оған Сәтбаев өзінің ең кішкентай, ал халқы одан жоғары деп жауап берді. Көрнекті ғалымның есімі көшелердің, ғылыми және оқу орындарының атауларында мәңгі сақталады, елде Сәтбаев қаласы бар, ал ғарышта ғалымның есімімен

планета аталады. Жаңа минералдардың бірі "саптаевит" деп аталды. ЮНЕСКО оның 100 жылдық мерейтойына қатысты. Отанымызда атақты ғалымның туғанына 120 жыл толуы салтанатты түрде атап өтілді. Оның әріптестері бүгінде Қазақстанның ЖІӨ Қаныш Сәтбаевтың ашқан жаңалықтарының арқасында қалыптасып келе жатқанын ерекше атап өтті. Ол біз үшін аңыз адам. Ғалым жайлы қаншама жазушылар мен зерттеушілер шығармалар жазды. Солардың бірі Алексей Брагин «Первый академик» кітабын жазды.

Алексей Брагин академиктің кең көзқарасына көз жеткізіп, әр түрлі өмірлік жағдайлардағы іс-әрекеттер мен істерді көрді, онда ұлы ғалымның шын жүректен, мейірімділікпен, адамдарға деген шынайы қамқорлығымен және сонымен бірге көшбасшының қасиеттерімен-ақылды, тәртіпті талапшыл талантты басшы екенін байқап, болашақта автордың ол туралы кітап жазуға деген ыстық желыласын оятады. Жазушы Қаныш Имантайұлы туралы кітаптың алғысөзінде былай деп жазады: "Егер мен өзім білмесем, оның күлкісін көрмесем, оның таланты мен шынайылығын, теңдесі жоқ ақыл – ойының сезімін сезбесем, онда-мүмкін-бұл қайталанбас бейнені жасауға тырыспас едім, ол қазақ даласының Ломоносовы".

Жазушы А. Брагиннің әңгімесі керемет геолог ғалым, "Совет шығысының" тұңғыш академигі және ҚазКСР Ғылым Академиясының тұңғыш Президенті, сол кездегі Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты Қ.И. Сәтбаевқа арналған.[1]

Автор Қ.И.Сәтбаевтың ұлы Жезқазған мыс-кен кен орындарын геологиялық барлауға және өнеркәсіптік игеруге қатысуы, Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанның қорғаныс қабілетін арттыруда үлкен рөл атқарғаны, ғылым Академиясын құрғаны, ғалымның ғылымдағы жаңа және озық үшін күресі, оның жан-жақты қоғамдық қызметі туралы баяндайды.

Әлемге әйгілі аңызға айналған тұлғалар осы серияда ұсынылған: 1890 жылы құрылған "Керемет адамдардың өмірі" олардың арасында біздің дәуіріміздің "символы" және мақтанышына айналған көрнекті ғалым - Қаныш Имантайұлы Сәтбаев лайықты орын алды. Авторы Медеу Сәрсекке болып табылатын кітап 1980 жылы Мәскеудегі барлық кедергілерге қарамастан, әйгілі "Жас гвардия" баспасында қазақ тілінде жарық көрді, содан кейін орыс тіліне аударылды. 2003 жылы Мәскеуде жаңартылған нұсқада қайта басылып шықты, ҚР ақпарат министрлігінің тапсырысы бойынша аударма "Қазақты Қанышы" басылымы бойынша орындалды.[3]

Әлемдік ғылыми қоғам мойындаған адамның маңыздылығы салыстыруға келмейді. Ол әлемдік атаумен ғалымдардың элитасына кірді, оның еңбегі бағаланды және К.И.Сәтбаевты "осындай өшпейтін таңғы жұлдыздың аспанда пайда болуы үлкен мақтаныш" деп санаған В.А.Обручев сияқты ірі ғалымдардың мәлімдемелері растау ретінде қызмет етеді.

1957 жылы ғалым мен Англия Премьер-Министрі Антони Эденнің ерекше екенін атап өтті:"Англияда ұлттар арасында көрнекті тұлғалар жоқ, ал Кеңес Одағында әлемдік деңгейдегі қайраткерлер бар, мысалы, Қаныш Сәтбаев сияқты, бұл таңғажайып құбылыс".

Бүгін Ертіс — Қарағанды каналы оның есімімен аталады. Сәтбаевтың ғылыми қызметі оның негізгі еңбектерімен байланысты геологиямен шектелмеді. Онда келесі қызықты фактілер бар: 1935 жылы жерді зерттеу кезінде ол XIV ғасырда Темірлан қалдырған жазуы бар тасты тапты. Бұл құнды археологиялық олжа қазір эрмитажда. Ғалымды далада кездескен тас мүсіндер, сондай-ақ үңгір суреттері қызықтырды. Геологиялық экспедицияларда ғалым халық әндерін, өлеңдерін жазды. Ол "Едіге" эпосын зерттеп, жариялады. Педагогикалық қызметпен айналысқан Сәтбаев оқулық жазды. Бұл мектеп оқушыларына арналған алгебра болды. Ғалым әрқашан өз халқы үшін мақтаныш сезімін сезінетін. Оның Черчилльге берген жауабы Жоғарғы Кеңес депутаттары делегациясының құрамында онымен кездесу кезінде кеңінен танымал. Белгілі саясаткер қазақтардың бәрі осындай батырлар ма деп сұрағанда, оған Сәтбаев өзінің ең кішкентай, ал халқы одан жоғары деп жауап берді. Көрнекті ғалымның есімі көшелердің, ғылыми және оқу орындарының атауларында мәңгі сақталады, елде Сәтбаев қаласы бар, ал ғарышта ғалымның есімімен планета аталады. Жаңа минералдардың бірі "саптаевит" деп аталды. ЮНЕСКО оның 100 жылдық мерейтойына қатысты. Отанымызда атақты ғалымның туғанына 120 жыл толуы салтанатты түрде атап өтілді. Оның әріптестері бүгінде Қазақстанның ЖІӨ Қаныш Сәтбаевтың ашқан жаңалықтарының арқасында қалыптасып келе жатқанын ерекше атап өтті. Ол біз үшін аңыз адам. Ғалым жайлы қаншама жазушылар мен зерттеушілер шығармалар жазды. [3, 36 б]

Қазақстанның ұлы ғалымы және тұңғыш геологы Қаныш Сәтбаевты мектепте оқу оқушыларға геология саласында іргелі білім беріп қана қоймай, олардың ғылым мен білім беруде табысқа жетуге көмектесетін құнды дағдылары мен қасиеттерін қалыптастырды. Осылайша, Сәтбаев мектебі көптеген талантты ғалымдардың бесігіне айналды, олардың зерттеулері мен жетістіктері жаңа ұрпақты шабыттандырады.

Оның геология мен геология ғылымдарының дамуына қосқан үлесін асыра бағалау қиын. Сондықтан оны мектептегі еңбектері мен зерттеулеріне үйрету үлкен маңызға ие.

Оқу орындары оқушылардың ұлы ғалымның жетістіктерімен толық танысуына ұмтылуы керек. Оның еңбектерін зерттеу геологияның негіздерін жақсы түсінуге мүмкіндік беріп қана қоймай, жас ұрпақты ғылыммен айналысуға шабыттандырады. Сонымен қатар, оқушыларға бастапқы көздерден білім алуға, Қаныш Сәтбаев қолданатын зерттеу әдістерімен танысуға мүмкіндік беріледі.

Қазіргі мектепте Қаныш Сәтбаевтың еңбектерін оқытудың өзектілігі даусыз. Бұл болашақ ұрпаққа құнды білімді сақтауға және беруге көмектеседі, жаңа ғылыми жаңалықтарды шабыттандырады және білім беру процесін қызықты әрі алуан түрлі етеді.

Қорытындылай келе, Қ.Сәтбаевтың өмірбаяны мен мұрасын зерделей отырып, оның Қазақстан ғылымының дамуына, ғылыми еңбек пен ғылыми мәдениетті өмірге енгізуге қосқан орасан зор үлесін көріп, ғылымға

қызығушылық танытқан ғылыми қызметкерлер мен жастардың қазіргі ұрпақтарының жұмысына үлгі болып табылатынын атап өткім келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С. Ж. Даукеев "Выдающийся геолог и ученый" (стр. 12-20);
2. Г. Батырбеков "Из когорты славных" (стр. 273-275);
3. М. Сарсеке "Семь великих свершений академика Сатпаева" (стр. 168-177);

Интернет ресурстары:

1. [Талант масштабный - многогранный \(библиографический обзор\) \(tou.edu.kz\)](http://tou.edu.kz)
2. [Феномен Сатпаева – газета «ИНФОРМБИРЖА news» \(ibirzha.kz\)](http://ibirzha.kz)

«NURORDA» города Астаны

учитель начальных классов, школы –лицея

Туллубаева Нургул Елтаевна

САКЕН СЕЙФУЛЛИН – ВЫДАЮЩИЙСЯ СЫН КАЗАХСКОГО НАРОДА, ПИСАТЕЛЬ И ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ДЕЯТЕЛЬ

В третьем классе по предмету Математике был раздел «Выдающиеся личности», где наряду с другими выдающимися личностями был – Сакен Сейфуллин. Мы с классом решили узнать о нем больше информации и организовали поездку в музей имени Сакена Сейфуллина. Во время экскурсии дети были ознакомлены с биографией, творческим наследием писателя. Узнали, какой вклад Сакен Сейфуллин внес в казахскую литературу, какие пользы приносил, и чем пришлось пожертвовать ради своей Родины. Ребята очень внимательно слушали экскурсовода, а также задавали интересующие их вопросы. Были заинтересованы стихотворениями Сакена Сейфуллина, особенно последние творчества писателя.



Углубленное изучение писателя дало очень много новой информации.

Сакен Сейфуллин - основоположник современной казахской литературы, поэт и писатель, государственный деятель, видный член Коммунистической партии большевиков. Основатель Союза писателей Казахстана. Один из первых - Председатель Совета Народных Комиссаров Киргизской (Казахской) АССР.

Сакен Сейфуллин родился 15 октября 1894 года в кочевом ауле в Акмолинском уезде (ныне Карагандинская область).

Детские и юношеские годы поэта - это годы учебы юного Сакена в Нильды, Акмолинске и Омске.

После Февральской революции он находится в гуще революционных событий, руководит в Акмолинске казахской молодежной организацией "Жас казах". В 1918 году принимает активное участие в работе 1-го уездного съезда Советов, проходившего в Акмолинске. Сейфуллин избирается членом Президиума уездного Совдепа и руководит народным просвещением.

В июне 1918 года в Акмолинске произошел контрреволюционный переворот. Сакен вместе с другими членами Совдепа становится узником Акмолинской тюрьмы, "вагонов смерти" атамана Анненкова, Омского концлагеря. В Омске он смог сбежать из колчаковской тюрьмы (3 апреля) и к июлю добрался до родного аула.

После Гражданской войны работает на разных государственных постах. В декабре 1922 года III съездом Киргизской (Казахской) АССР РСФСР избран председателем Совета Народных Комиссаров республики (главой правительства Казахстана). Работая в вузах республики, Сакен внес большой вклад в дело подготовки высококвалифицированных национальных кадров.

Находясь на высоких государственных постах, С. Сейфуллин всегда совмещал эту работу со своей литературной деятельностью. И его литературное наследие велико: стихи, поэмы, рассказы, очерки, повести и романы, пьесы и статьи. Участвовал С. Сейфуллин в работе I Всесоюзного съезда советских писателей в 1934 году.

В 1936 году первым из казахских писателей был награжден орденом Трудового Красного Знамени.

24 сентября 1937 года арестован НКВД, в застенках ему щипцами повыдергивали зубы и ногти, некогда бравые усы. Приговорен 25 февраля 1938 года по статьям 58-2, 58-7, 58-8, 58-11 УК РСФСР. Расстрелян 25 апреля 1938 года в 16 часов 40 минут как «враг народа» в одной из тюрем НКВД в Алма-Ате.

21 марта 1957 года реабилитирован Военной Коллегией Верховного Суда СССР за отсутствием состава преступления.

С этого времени начинают издаваться исследования о жизни и творчестве поэта, празднуются его юбилейные даты.

·Отец и брат Сейфуллина арестованы и расстреляны в 1937 году.

Жена: Сейфулина, Гульбарам Батырбековна. Родилась в 1908 году, в Карагандинской области, Нуринский район; национальность казашка; образование начальное; проживала в Алма-Атинской области, город Алма-Ата. Арестована 9 апреля 1938 года НКВД КССР. Приговорена: Особое Собрание НКВД СССР 10 июня 1938 года, обвинения по статье 58-12 УК РСФСР. Отбывала наказание 7 лет в лагере АЛЖИР.

Особенно тронуло учеников о жизни детей Сакена Сейфуллина.

Дети: дочь Лаура, заболела и скоропостижно скончалась в раннем возрасте из-за отъезда жены Гульбарам, которая забрав Лауру, уехала в Москву из-за слухов о якобы тайных встречах Сейфуллина с другой женщиной; вторым ребенком был сын Аян, после ареста Сейфуллина, жена Гульбарам обивала

пороги тюрьмы и кабинеты чиновников, чтобы добиться свидания с мужем. В результате вскоре НКВД отправило Гульбарам в сторону Атбасара, где на берегу Ишима располагалась женская колония АЛЖИР. По дороге, в вонючем, битком набитым вагоне, сын Аян заболел и умер.

Делая выводы мы узнали, что одним из отличительных качеств всесторонней личности Сакена Сейфуллина является его преданность образованию и науке подрастающего поколения. В период своего председательства в Совете Народных Комиссаров он первым инициировал идею предоставления стипендий молодым студентам, отметив, что «казахская молодежь должна учиться в лучших учебных заведениях мира».

Он считал своим долгом – сделать все возможное, чтобы помочь молодому поколению. «Если вы не будете помогать в учебе, в своей работе, в творчестве, судьба следующего поколения будет на вашей совести», – эти слова показывают его высокий уровень интеллигентности.

Основная идея его поэзии – познание ценности и верности дружбе. Поэт, глубоко ценивший настоящую дружбу, воспекает честность и пишет о дружбе, как о сокровище человека.

Личность С. Сейфуллина занимает особое место в продвижении патриотизма и любви к своей Родине, способности преодолевать любые трудности для достижения цели.

Своей честностью, добротой и беспристрастностью, делом и искусством он сохранил почетное звание настоящего человека – учителя поколений.

Сегодня молодежь Казахстана узнала о жизненных ценностях великой личности в ходе онлайн «Часа добропорядочности».

Так как я родом из Нуринского района, Карагандинской области я ознакомила своих учеников с тем, что поселке Киевка Нуринского района установлен памятник прославленному поэту, писателю, основоположнику современной казахской литературы, общественному и государственному деятелю Сакену Сейфуллину.



Сейфуллин остается ярким примером талантливого и преданного делу человека, который не боялся говорить правду и раскрывать трудные темы. Его жизненный путь напоминает о том, как важно оставаться верным своим принципам, несмотря на препятствия и риски. Благодаря его трудам сегодня лучше понимаем историю Казахстана и видим многие события с позиции писателя-патриота, жившего в сложное для нации время

**Ғафу Қайырбеков атындағы № 2 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен
қазақ әдебиеті пәні мұғалімі
Гүлшахра Шыңғысқызы**

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР МҰРАЛАРЫ

Өз өмірін елінің дамуы үшін сарп еткен ұлы тұлғаларды біз тарих бетінен білеміз. Қазақ халқының басына күн туғанда оған тағдыр ер жүрек қайсар адамдарды сыйлағаны сөзсіз. Осы тұста 2023-2024 оқу жылы мерейтойлары атап өтілетін ұлы тұлғалар тізімін атап өтуді жөн көріп отырмын. Мысалы Бұқар жырау Қалқаманұлы (355 жыл), Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (165 жыл), Жүсіпбек Аймауытов (135 жыл), Ілияс Жансүгіров (130 жыл), Сәкен Сейфуллин (130 жыл), Қаныш Имантайұлы Сәтбаев (125 жыл), Әлкей Хақанұлы Марғұлан (120 жыл), Әбілхан Қастеев (120 жыл), Бердібек Соқпақбаев (100жыл).

Солардың ішінде биыл ақын, жазушы Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл толады. Атаулы күнге орай, мемлекет қайраткерінің өмірі мен шығармашылығына қатысты 3 бірдей туынды жарық көреді. Бұл туралы Сәкен Сейфуллин атындағы музейдің директоры Марат Әбсеметов мәлімдеді. Сәкентанушының айтуынша, бұл мерейтой республикалық ғана емес, халықаралық деңгейде аталып өтуі тиіс.

Сәкен Сейфуллиннің зерттелмеген қырлары, бізге беймәлім сырлары көп. Ақынның өмірі мен шығармашылығын зерттеушілер осылай дейді. Қазір мемлекет қайраткері жайлы том-том кітап жарық көріп, зерттеу жұмыстары жалғасып жатыр. Биылдың өзінде 3 бірдей туынды жарық көреді екен.

Сәкен (Сәдуақас) Сейфуллин (1894-1938) қазақтың атақты ақыны, жалынды жазушысы, дарынды драматург, білікті ұстаз, мемлекеттік қайраткері, Қазақстанның қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. Қазақ КСР-інің Халық Комиссарлары Кеңесінің алғашқы төрағасы болған.

С.Сейфуллин проза, драматургия, әдеби сын, әдебиеттану салаларында көрнекті еңбек етті. «Жұбату» әңгімесі - Сәкеннің қазақ әйеліне арналған алғашқы прозалық шығармасы. «Жемістер», «Біздің тұрмыс», «Сол жылдарда» туындыларында замандастар өмірі бейнеленген. С.Сейфуллин қазақ халқының патшалық езгіге қарсы күресін «Тар жол, тайғақ, кешу» атты тарихи-мемуарлық романында көрсетеді. Публицистика саласының дамуына қосқан еңбегі баға жетпес. Қазақтың ескі әдебиет нұсқауларын жинау, зерттеу, бастыру ісімен де шұғылданды. Оның қатысуымен «Қазақтың ескі әдебиет нұсқаулары», «Батырлар», «Ақан сері - Ақтоқты», «Ләйлі - Мәжнүннің» қазақша аудармасы жарық көрді. «Қазақ әдебиеті» кітабы - осы саладағы алғашқы зерттеу еңбектерінің бірі. Халық әдебиеті материалдарын мол жинап,

пайдаланған бұл зерттеуінде қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жанрлық жағынан жіктеп, идеялық-көркемдік талдаулар жасайды. С.Сейфуллин қазақ әдебиетінен мектептерге оқулық жазу ісіне де қатысқан. Қазақ әдебиетінің кадрларын даярлауға көп күш салды, сол тұста әдебиетке келген қаламгерлер М.Қаратаев., К.Бекхожин, Ж.Саин, тағы басқалары С.Сейфуллиннің көмегіне сүйенген. С.Сейфуллин олардың алғашқы кітаптарын бастыруға көмектесіп, алғысөздерін жазған. Жазушының шығармалары бірнеше рет шет тілдеріне аударылған. Ол 1936 жылы қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвада өткен бірінші онкүндігіне қатысты. Қазақ жазушылары ішінен тұңғыш рет Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған.

Келесі кезекте ғалым Қаныш Сәтбаевқа берсек. Оның есімі барлық қазақ халқының санасында жатталған. Қазақстанда ғалымның туған күні — 12 сәуір. Бұл күн ресми түрде барлық ғылым қызметкерлерінің кәсіби мерекесі болып танылғаны кездейсоқ емес. Қаныш Сәтбаев отандық ғылымды өзгертіп қана қоймай, бүкіл елдің әдет-ғұрпын түбегейлі өзгерткен кейбір маңызды оқиғаларға да әсер етті.

Қаныш Сәтбаев алгебра бойынша қазақ тіліндегі алғашқы (латын нұсқасында 1 467 бет) мектеп оқулығын жасады. Ол 220 сөзден, терминдерден және орамдардан тұратын ең бай лексикографияны біріктірді. Бұл болашақ академиктің жоғарғы оқу орнына дайындық жылдарында, содан кейін Томск технологиялық институтында тау-кен факультетінің геологиялық барлау бөлімінде жазған алғашқы ғылыми еңбегі болды. **Қаныш Сәтбаев геологияда металлогениялық бағыттың негізін қалады.** Геология әрқашан оның басты құштарлығы және үлкен қызығушылығы болды. Ол алғашқы Қазақстандық металлогендік мектепті құрып, формациялық металлогендік талдау мен кен орындарын болжаудың тұтас кешенді әдісін әзірледі. Оның әдісінің арқасында 30-шы жылдардың соңында әлемдегі ең ірі Жезқазған мыс кен орны ашылды.

Қазақстанның кәсіби сурет өнерінің бастау бұлағында тұрған қылқалам шебері, аса дарынды суреткер – Әбілхан Қастеевтің туғанына биыл 120 жыл.

Қазақстанның кәсіби сурет өнерінің бастау бұлағында тұрған қылқалам шебері, аса дарынды суреткер – Әбілхан Қастеевтің туғанына биыл 120 жыл. Қайталанбас қолтаңбасы бар дарабоз суретшінің артында үш мыңнан астам түрлі жанрдағы картиналар қалды. Ол - қазақ көркемсурет өнерінің баға жетпес қазынасы саналады. Әбілхан Қастеев 1904 жылы бұрынғы Талдықорған облысы Жаркент қаласының маңындағы Шешін ауылында дүниеге келген. Әкесінен ерте айрылған ол, бозбала шағынан қара жұмысқа жегіліп, байдың жалшысы болып жұмыс істейді. Сол кездің өзінде-ақ, бойындағы ерекше талантымен көзге түсе бастайды. Ағаш жонып, темірді иіп

түрлі бейнелер жасайды. 1927 жылы Әбілхан Қастеев қатарластарымен бірге Түрксіб темір жолының құрылысында еңбек етеді. Өмірінің бұл кезеңін бейнелейтін «Түрксіб» картинасы кейін суретшінің шоқтығы биік туындыларының біріне айналды.

Биыл қазақ және балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың туғанына - 100 жыл. Қаламгердің мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтпек.

Мәдениет және ақпарат министрлігіне мәліметіне сенсек Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қаламгердің 100 жылдығы тойлана бастады. Бердібек Соқпақбаевтың туған ауылы Нарынқолда еңселі ескерткіш бой көтерді. Сонымен қатар жазушының есімі бірқатар саябаққа, білім ошағы мен облыстық кітапханаға берілмек.

Шоқтығы биік қаламгер балалар мен жасөспірімдерге арналған 20-дан астам әңгіме, повесть, романдары бар. «Менің атым — Қожа», «Балалық шаққа саяхат», «Өлгендер қайтып келмейді» туындыларында өзі өмір сүрген заманның шынайы келбетін суреттеді.

«Тарих- әр халықтың ұлы кітабы», «Сөздің ең ұлысы, ең сипаттысы- тарих»- деп ойшылдарымыз айтқандай аталарымыздың еңбегіне бір көзжүгіртіп шықтық. Ата-бабамыз дала бостандығын сүйе отырып, тарихтың қатал кезеңдерінде салт-дәстүр мен тіл, дін, ділімізді жоғалтпай бізге сыйлады. Ендігі өскелең ұрпақтың мақсаты осы ата-бабамыздан қалған құндылыққа жаупкершілікпен қарап оны әрі қарай дәріптеп өз үлестерін қосу.

**Ғафу Қайырбеков атындағы № 2 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәні мұғалімі
Тыныс Серғазықызы**

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР МҰРАЛАРЫ

Тарих бетін парақтай келе өткен ұлы тұлғалардың ерен еңбегін дәріптеп, олардың есімдерін жадымызда мәңгі сақтап, өскелең ұрпаққа жеткізу біздің негізгі мақсатымыз болуы қажет. Бұндай ауыз толтырып айтатын ұлы тұлғаларымызда жеткілікті. Осы тұста 2023-2024 оқу жылы мерейтойлары атап өтілетін ұлы тұлғалар тізімін атап өтуді жөн көріп отырмын. Мысалы Бұқар жырау Қалқаманұлы (355 жыл), Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (165 жыл), Жүсіпбек Аймауытов (135 жыл), Ілияс Жансүгіров (130 жыл), Сәкен Сейфуллин (130 жыл), Қаныш Имантайұлы Сәтбаев (125 жыл), Әлкей

Хақанұлы Марғұлан (120 жыл), Әбілхан Қастеев (120 жыл), Бердібек Соқпақбаев (100жыл).

Солардың бірнешеуіне тоқталып қазақ халқына еткен еңбегіне тоқталып өтсек.

Биыл Қазақ халқының аса көрнекті ойшылы, атақты Абылай ханның ақылшысы болған абыз, халық арасында «көмекей әулие» атанып кеткен Бұқар жырау Қалқаманұлының туғанына 355 жыл толып отыр. Бұқар жыраудың туған жері — Бұхара қаласы. Ол Бұқарадағы Көкілташ медресесінде 1695-1702 жылдары оқып, оны бітірген соң Қазақ хандығының астанасы – Түркістан шаһарының маңындағы Қарнақ медресесінде мүддәріс дәрежесінде ұстаздық қызметін атқарады. Осыған орай бүгін Түркістан облысына қарасты Қарнақ ауылында, кезінде өзі бірнеше жыл ұстаздық қызмет атқарған медресе, бүгінгі «Шаммат Ишан» музейінде абыз бабамызға арнап мемориалдық тақта орнатылды. Бұқар жырау сөйлегенде үнемі қара сөзбен емес, көмекейі бүлкілдеп, түйдек-түйдек жырмен сөйлейтін болған. Көбіне-көп Абылай ханның өтінішімен, «сәуе айтшы» деген тілегімен түсінде көрген істерін болжап айтады екен, бұлары дәлме-дәл келіп отырған. Жырау қазақ халқының жоңғар басқыншылығы тұсында, елдің болашағы қыл үстінде тұрған кезде өмір сүріп, сол алмағайып замандағы күрделі мәселелерге өз жырларымен жауап бере білген. Осындай ауыр сәттерде Абылай ханға дұрыс кеңес беріп, ел-жұртты басқыншы жауға қарсы күресте біріктіруге, бір тудың астына топтастыруға күш салған. Өзінің саяси-әлеуметтік мәнді жыр-толғауларымен сол жалынды күрестің жыршысына айналған. Осы мақсатта ол Абылай ханды бірден-бір қажетті басшы санап, оған халық бірлігін сақтап қалатын көсем тұрғысында үлкен сенім артқан. Абылай хан да сол биік талаптан табылып, елдің бірлігі мен жарқын болашағы үшін жан аямай қызмет еткен. Жырау сол азаттық жолында өлімге бас байлап, ерліктің небір ғажайып үлгілерін көрсеткен хан мен оның батырларын жырға қосып, олардың өшпес әдеби бейнелерін жасаған. Әсіресе, Абылай ханның көрегендігі мен даналығын, ауыр кезең, қиын сәттерде ел ұйытқысы бола білгенін асқақ жырлаған. Оның «Абылай ханның қасында», «Ал, тілімді алмасаң», «Ай, Абылай, Абылай», «Қазақтың ханы Абылай», «Ханға жауап айтпасам», «Басыңа біткен күніңіз», «Ай, Абылай, сен он бір жасыңда», «Ал, айтамын, айтамын» атты толғауларында ханның сол кездегі ұстанған саясаты мен көрегендігі, алғырлығы мен білгірлігі сипатталған. Ал «Садыр, қайда барасың?», «Бұқарекен біз келдік, Ақан, Төбет байларға» деген жырларында ол ел болашағы, татулық мәселелерін сөз еткен. «Он екі айда жаз келер», «Абылай ханның қасында», «Ханға жауап айтпасам» атты толғаулары халық болашағы мен бейбітшілікті сақтау, отарлауды көздеген елден жыраққа, Жиделі байсынға көшу мәселесін қозғаған. Бұл жырлардың үгіт-насихаттық,

дидактикалық сипаты басым. Бұқар жыраудың толғаулары, шын мәнінде Абылай дәуірінің айнасы.

Бұқар өмір сүрген дәуірдің ұлы оқиғасы- жоңғар қалмақтарының өктемдігі, олардың қазақ жерін баса көктеп енуін білеміз. Қалмаққа қарсы ұрыс басталған шақтан аяғына дейін бар ауытпалықты Бұқар елімен бірге кешкен. Ол әсіресе, өзі туған өлкесін азат ету күресіне тікелей араласып, қолбасшыларымен бірге, ақылшы, үгітші болып белсендік көрсеткен.

Келесі кезекте Мәшһүр Жүсіп Көпейұлын тілге тиек етсек. Айта кетейік Баянауылда Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 165 жылдығы тойланған еді. Аты аңызға айналған бабаның қазақ руханияты мен мәдениеті үшін қалдырған мұрасы мол. Ол өз шығармаларынан бөлек қазақтың ертеректегі аңыз, жыр дастандарын, жыраулардан қалған дүниелерді де кейінгі ұрпаққа жеткізіп кетті. Бұл күні алыс-жақыннан ат арытып келген жұрт Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының бай мұрасы жөнінде сөз қозғады. Мемлекет басшысының тапсырмасымен салтанатты іс-шара жоғары деңгейде аталып өтілді. Бұл жерден қысы-жазы адам аяғы үзілмейді. Әулиенің кесенесі Қазақстанның киелі орындар тізіміне енген. Ғалым, ғұлама оқымысты Мәшһүр Жүсіптің көп қырлы талант екені белгілі. Мәшһүрдің тойы жалпы қазақтың тойы.

Қазақ тарихында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының алар орны ерекше. Жас кезінде Шығыс әлемінің білімімен сусындаған, кейіннен орыс тілін меңгеруі арқылы Батыс өркениетінің де ғылыми жаңалықтарымен танысқан ол тарих, этнология (шежіре нұсқалары), фольклористика (жинастырған ауыз әдебиет үлгілері), әдебиет (ақындығы), тіл тарихы, этнография (қазақ халқының салт – дәстүрі туралы шығармалары), философия, медицина (емшілік, дәрілік өсімдіктер туралы), космология ғылым салаларына арналған еңбектерді жазып қалдырды. Мәшһүр Жүсіп 1858 жылы Баянауылдағы Қызылтаудың Найзатас деген жерінде ережеп айы, жұма күні, бесін кезеңде Көпей шаңырағында дүниеге келді.

Мәшһүр Жүсіп өмірінің соңғы жылдарында, дәлірек айтқанда, Кеңес өкіметінің тұсында өзінің жазған шығармалары мен ел аузынан жинап-терген ауыз әдебиеті үлгілерін қағазға түсірумен шұғылданады. Ақын 1931 жылы өзінің ауылында дүниеден қайтады. Айта кететін бір жай – ол қайтыс боларынан бір жыл бұрын өкімет саясатына қарсы оғаштау бір мінез көрсетеді. Күні бұрын бейітін тұрғызып, жаназасын шығарып, өзінің көзі тірісінде өзіне ас бергізеді. «Жетпіс үшке шыққанша балталасаң да өлмеймін, жетпіс үшке шыққан соң сұрасаң да тұрмаймын», – деген сөзі дәл келеді. Осы бір жайлар ел арасында әңгіме аңыз боп тарап, ауыл адамдарды өлгеннен кейінгі жерде Мәшһүр Жүсіпті әулие тұтып, басына келіп тауап өтуді, түнеуді шығарады. Ал, саяси идеология үстемдік құрған кезеңде бұл жағдай көпе-көрнеу ақынға пәле болып жабысты. Оның әдеби мұрасын тексеріп, дұрыс тануға көпке дейін залалын тигізеді.

Бүгінде қасиетті әулиенің мұраларын насихаттау бағытында түрлі шаралар ұйымдастырылып келеді. Мәшһүртану мен Мәшһүр Жүсіп оқулары жылдағы дәстүрге айналып, жас ұрпақ ұлы ғұламаның еңбектерін саналарына тереңнен сіңіруде.

2001 жылы Павлодар қаласында қасиетті Мәшһүр Жүсіп атындағы орталық мешіт ашылды. 2003 жылы С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің алдындағы алаңда қолдан бюст-ескерткіші орнатылды. 2006 жылы Мәшһүр Жүсіп әулие басына зәулім кесене тұрғызылды.

Ендігі кезекте қаламы қарымды жазушы Жүсіпбек Аймауытов. Жүсіпбек Аймауытұлының туғанына – 135 жыл. Естеріңізге сала кетейік осындай айтулы күнге орай, елордамызда ғылыми-тәжірибелік конференция өткен еді. Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицистің өмір жолын бүгінгі ұрпаққа насихаттау, тағылымын тарату өте маңызды.

Өйткені Жүсіпбек Аймауытұлының әр туындысы патриоттық сезім, күрескерлік рухқа толы. Ол поэзия, проза, драматургия, публицистика, сын жанрларында жаза отырып, қазақтың қамы мен қасіретін астарлап жеткізе білген қаламгер.

Тарих ғылымдарының кандидаты Жұмамұрат Кеңесұлының айтуынша бір ғана қыздың өмірбаянын жазып отырып, жалпы қоғамдағы қордаланған мәселелер, келеңсіздіктер, Ресей патшалығының қазақ жеріне басып кіруі, сол кездегі қазақ қызының тұрмыс-тіршілігі, бар болмысын «Ақбілек» романына сыйғызу ол екінің бірінің қолынан келе бермейтін іс. Осыдан кейін Аймауытовтың шеберлігі таңдай қақтыратыны сөзсіз.

Адамзат қоғамының тарихында, ұлттың жадында шешуші рөлді ұлы тұлғалар атқаратыны сөзсіз. Қазақ тарихында есімдері алтын әріппен жазылған «Ұлы тұлғалар» жетерлік. Ата-бабамыз дала бостандығын сүйе отырып, тарихтың қатал кезеңдерінде салт-дәстүр мен тіл, дін, ділімізді жоғалтпай бізге сыйлады. Қазіргі тәуелсіз ел болуымыздың себепкері – Ұлы тұлғалар.

**«Әдістемелік орталығы» МКҚК
Тәрбие және қосымша білім беру бөлімінің әдіскері
Джунусова Дамира Ернарвна**

Ұлы даланың ұлы тұлғалары

Әрбір халықтың ұлы тұлғалары бар екені баршаға мәлім. Олар өз елінің мақтаныштары және сол елдің тарихын жасаушы тұлғалары. Түріктер Мұстафа Кемалды, мажарлықтар Шандор Петефиді, немістер Гетені, қытайлықтар Конфуцийді, үнділер Тагорды, өзбектер Науаиды, орыстар Пушкинді, ағылшындықтар Шекспирді, америкалықтар Джордж Вашингтонды, әзірбайжандар Низамиді, түркімендер Мақтымқұлұлын, аустриялықтар Моцартты, моңғолдар Шыңғысханды, қазақтар Абайды ұлылық деңгейіне көтерді. Есімдерін ұрпақ санасына сіңіртті.

«Көпшіліктің санасында тарихи үдерістер, негізінен, тұлғаландыру сипатына ие болатыны белгілі. Көптеген халықтар өз елінің ерекше елшісі сынды ұлы бабаларының есімдерін мақтан тұтады. Мысалы, өткен дәуірлердегі Тутанхамон, Конфуций, Ескендір Зұлқарнайын, Шекспир, Гете, Пушкин және Джордж Вашингтон сияқты дүние жүзіне белгілі тұлғалар бүгінде «өз мемлекеттерінің» баға жетпес символдық капиталы саналады әрі сол елдердің халықаралық аренада тиімді ілгерілеуіне септігін тигізіп отыр. Ұлы дала әл-Фараби мен Ясауи, Күлтегін мен Бейбарыс, Әз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді», - деп жазады ҚР Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында.

Сондай-ақ Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жоғарыдағы мақаласында «Ұлы даланың ұлы есімдерін» жаңғыртуды тапсырған болатын. Ашық аспан астында энциклопедиялық саябақ ашуды міндеттеді. «Сондықтан, біз біріншіден, атақты тарихи тұлғаларымыз бен олардың жетістіктерінің құрметіне ашық аспан астында ескерткіш-мүсіндер қойылатын «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты оқу-ағарту энциклопедиялық саябағын ашуымыз керек», - деді Елбасы.

Қазақта ұлт тағдырын өз тағдырынан биік қойған ұлы тұлғаларымыз жетерлік. Олардың халық жадында есімдері жаңғырып, үлгі болып та келе жатыр. Тарихшы Алмас Жұмаділов «Тарихи жазба деректердегі тарихи тұлғалар бейнесі» атты мақаласында тарихи тұлғалар туралы былай дейді: «Тұлға деген ұғым - тарихи өлшем. Яғни, тарихи тұрғыдан ел, халық үшін орасан зор, тарихи мәні терең іс-әрекетке барған немесе аса жауапты тарихи сәттерде халық тағдырында айрықша орны болған адамға халықтың өзі осындай бағаны беріп отырған. Міне, қазақ тарихының белесінде осындай орасан зор халықтық мәні бар тарихи оқиғаларға араласқан немесе осы тарихи оқиғаларды басқарған ұйымдастырушы болған, әйтпесе асқан ерлік көрсеткен азаматтар - халықтың тұғырлы тұлғасына айналып отырған».

Тарихқа сәл шегініс жасасақ, әр ғасырда қазақ ұлтының ертеңі үшін туған ұлы тұлғалар, жаужүрек батырлар, дана би-шешендер, ел бастаған көсемдер, ақын-жазушылар жетерлік. Биыл 1150 жылдығы аталып өтілетін ғалым, ойшыл Әбу-Насыр әл-Фараби, түрік қағанатының негізін қалаған Күлтегін, Тоныкөк, ұлы хандар Керей мен Жәнібек, Қасым хан, Тәуке хан, Абылай хан, ғұлама ғалым Шоқан Уәлиханов, қазақтың ұлы ойшылы, ақын Абай Құнанбайұлы, Алаш зиялылары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Барлыбек Сыртанұлы сынды тұлғаларымызды тізбектей беруге болады. Осы орайда «Қазақстан тарихы» интернет-жобасы тарихта ізі қалған, елдің тарихында есімі алтын әріппен жазылған ұлы тұлғаларымыз туралы «Ұлы даланың ұлы тұлғаларын» оқырман назарына ұсынады. Бүгінгі алғашқы бөлімде ежелгі дүние және ғұн дәуіріне дейінгі (VI ғасырдың ортасына дейін) тұстағы ұлы тұлғаларымыз туралы сөз етпекпіз.

Дегенмен, Аттила Парижге дейін жетпеген, ғұндар сол қапталынан Орлеанға жетіп, оны шабуылдаған. Шампаньдағы Каталаун даласындағы шайқас

шешуші шайқас болған. Иорданның жазуынша: «ешкім мұндай керемет оқиғаларды басынан өткермеген, бұл оқиғаларды жан-жақты жеткізу үшін кереметтің тікелей куәгері болу қажет. Қариялардың айтуынша, аталған далада ағып жатқан өзеннің төменгі жағалауы өлгендің қанынан арнасынан шығып кеткен». Осы шайқасты көзімен көрген Проспер Тиро былай деп жазған: «бұл шайқаста екі жақ та жеңіске жеткен жоқ. Мерт болғандардың саны шексіз...».

Галл жорығынан оралған соң Атила Шығыс Рим империясына бұрынғы көлемде салық төлеуін қайтадан талап етті. Шағын отрядын Византияға қарсы жіберіп, өзі негізгі күшпен Италияға қарай жорыққа шықты. Ғұн әскері Аквилея, Конкордия, Альтин, Патавий (қазіргі Падуя), Вицетия (қазіргі Виченца), Верона, Бриксия (қазіргі Брешия), Бергамо, Милан, Тицин (қазіргі Павия) сияқты қалаларды басып алды.

Батыс Рим империясының басына күн туған осы қиын-қыстау кезінде оның билеушісі Валентиниан III ешбір әрекет жасамай, болып жатқан оқиғаларды үрейлене бақылаумен болады. Ақыр соңында римдіктер Аттила Лев I папа бастаған елшілерді жібереді.

Ғұн державасы билеушісінің Рим Папасы бастаған елшілердің сөзіне құлақ асып, жеңіліп тұрған Римнің алдына келіп тоқтауы – Аттиланьң даналығын көрсетеді.

Аттиланьң кезеңі Еуразия тарихында өшпес із қалдырды, оның аты тарихи шығармаларда, хроникаларда, жыр-дастандарда сақталған. Германдықтардың батырлық эпостары мен скандинавтықтардың сагаларының кем дегенде 18 шығармасында ғұндар мен олардың билеушісінің ұлы істері сипатталған.

Атила қайтыс болғаннан кейін оның ұлдары тұсында Батыстағы ғұндар державасы ыдырап кетеді. Ғұндар төменгі Дунайдың солтүстігінде қалады, көпшілігі Қара теңіз жағалауына қарай кетіп, одан әрі Еуразияның шығысына Орал мен Арал теңізіне қарай, яғни алапат Ғұн империясының бағзыдан бергі шығыс иелігіндегі жерлерге қарай ойысады.

Халықтардың ұлы көші заманында Ғұн империясы жаңа заман мен өркениетке өтуде еуропаның, еуразияның тарихи тағдырына объективті түрде өз әсерін тигізгені хақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Ұлы Даланың Ұлы есімдері. Мақалар жинағы» кітабы
2. "Егемен Қазақстан" газеті Н.Назарбаевтың "Ұлы даланың жеті қыры" мақаласы
3. Қазақша Уикипедия деректер базасы.

Байсалбаев Канат Слямгазинович
Учитель физики, школа-лицей №27 город Астана

Повышение познавательного интереса

на уроках физики: ключевые подходы.

Интерес учащихся к урокам физики является важным фактором, определяющим успешность обучения и усвоение знаний в этой научной области. Эффективные методы, направленные на стимулирование познавательного интереса, могут не только сделать процесс обучения более увлекательным, но и способствовать глубокому пониманию физических законов и явлений. В данной статье мы рассмотрим несколько ключевых подходов к повышению познавательного интереса учащихся на уроках физики.

Интерактивные демонстрации и эксперименты: одним из наиболее эффективных способов привлечения внимания учащихся к урокам физики является использование интерактивных демонстраций и проведение экспериментов. Наблюдение за реальными физическими явлениями, такими как законы движения, электричество или оптика, может вызвать у учеников живой интерес и стимулировать их участие в уроке, позволяет учащимся увидеть прямую связь между теорией и практикой, что делает материал более понятным и интересным.

Важно отметить, что интерактивные демонстрации и эксперименты способствуют развитию у учащихся критического мышления и умения работать в команде. В процессе обсуждения результатов экспериментов и анализа полученных данных, учащиеся учатся высказывать свои мысли, аргументировать свои выводы и сотрудничать.

Визуализация с помощью анимаций и видео материалов: это мощный инструмент для передачи информации и привлечения внимания аудитории. Анимации и видеоматериалы могут делать информацию более доступной, особенно для визуальных и кинестетических обучающихся. Анимации могут помочь аудитории увидеть изменения в данных с течением времени или в различных условиях. Анимации могут демонстрировать сложные процессы и механизмы, делая их более понятными. Анимации могут визуально объяснять абстрактные концепции и идеи. Визуализация с помощью анимаций и видеоматериалов является мощным инструментом для эффективной передачи информации и удержания внимания учащихся.

Практические задания и проекты: включение практических заданий и проектной деятельности позволяет учащимся применить полученные знания на практике. Это помогает им увидеть прямую связь между теорией и реальными жизненными ситуациями, что повышает их мотивацию и интерес к изучаемому материалу.

Обсуждение актуальных научных открытий и применение в реальной жизни: обсуждение последних научных открытий и их применение в реальной жизни может заинтересовать учащихся и показать им важность изучения физики. Рассмотрение современных технологий и их основ на физических принципах может вдохновить учеников и побудить их задуматься о возможной карьере в научной области.

Повышение познавательного интереса учащихся на уроках физики является важной задачей для преподавателей. Использование интерактивных методов обучения, визуализации материала, практических заданий и обсуждение актуальных научных достижений помогает сделать уроки физики увлекательными и полезными для учащихся, стимулируя их интерес к науке и развивая критическое мышление.

«Әдістемелік орталығы» МКҚК
Тәрбие және қосымша білім беру бөлімінің әдіскері
Бекетаева Гульдана Ескеновна

Сәкен Сейфуллин өмірі мен шығармашылығы

Сәкен Сейфуллиннің әдебиеттанулық еңбектері: «Қазақ әдебиеті туралы хат» («Еңбекші қазақ», 1929); «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» (құрастырушы, Қызылорда, 1931); «Батырлар жыры» (құрастырушы, 1933); «Билер сөзі» («Жаңа әдебиет», 1931, №3); «Ертедегі жыр-әңгімелер, яки ноғайлы дәуірінен қалған әдебиет нұсқалары» («Жаңа әдебиет», 1931, №10, 11); «Қазақ әдебиеті», (1932); «Батырлар жыры». (1 том, 1933); «Көркем әдебиет», (1935, (Ө.Тұрманжановпен бірге); «Ақмолла». Өлеңдер жинағы (1935); «Ләйлі-Мәжнүн» (Құрастырушы, 1935).

Сәкен Сейфуллинның туған жері — Қарашілік бүгінгі Қарағанды облысы, Ортау мекені. Алғаш сауатын Ағаш аяқ молдадан оқып хат танып, 1905 жылы Нілді мыс қорыту зауытындағы орыс-қазақ мектебінде оқиды. Кейін Ақмоладағы приходская школада екі жыл, үш кластық қалалық училищеде үш жыл оқиды. 1925-1937 жылдары ақын жазушылығымен қатар орта, жоғары оқу орындарында сабақ берді. «Қызылорда қалалық халық ағарту институтында, Ташкент педагогикалық институтында (1927-1928), 1930-1937 жылдары Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институтта қазақ әдебиеті тарихынан сабақ берді. Сәкен қазақтың ауыз әдебиеті нұсқаларын «Көкшетау» поэмасын жазу дәуірінде жинай бастаған. Майкөт, Қарақожа, Ақан сері, Біржан сөздерін ел аузынан жинайды.

1930 жылы Жамбылды, оның төңірегіндегі басқа ақын-жырауларды тауып алып, Жетісу еліне мәлім көптеген ақындардың сөздерін, соның ішінде, Сүйінбай, Шөже, Тезек, Жамбыл, Құлмамбет өлеңдерін жазып алған. Гүлбарамның айтуына қарағанда, Сәкен Қызылордада, Ташкентте тұрғанда да және Алматыға келгенсін де әртүрлі ақын, сөз білетін адамдардың жатқа айтатын өлеңдерін, қызықты әңгімелерін жалықпай тыңдап, ерінбей жазып алып отырған. Фольклор, әдебиет нұсқаларын өзі оқытқан студенттер арқылы

да жинатады. Ташкентте Әбубәкір Диваевпен әлденеше рет кездесіп, одан да көптеген материалдар алған көрінеді. 1930 жылы Қоянды жәрмеңкесінде бір айдай жатып, сол жерге жиналған ақын, әншілерден көптеген өлең-жыр жазып алған.

Сәкен газет арқылы және мәдениет майданындағы қызметкерлерге арнайы хат жазу арқылы да қазақ әдебиеті тарихының материалдарын көптеп жинайды және сол жинағандарын әдебиет тарихы тұрғысынан сұрыптап, зерттеп жазуға кіріседі.

Сәкен осындай ұқыпты зерттеу жұмысының нәтижесінде 1931 жылы «Қазақ әдебиетінің нұсқалары» атты бір том жинақ, 1933 жылы бір том «Батырлар жырының» жинағын, 1934 жылы Алтынсариннің өлеңдер жинағын. 1935 жылы Ақан сері, Ақмолла ақындардың өлеңдерін, «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасын бастырып шығарады. Ал негізгі зерттеу еңбегі 1932 жылы «Қазақ әдебиеті» деген атпен қалың бір том кітап болып басылады.

Сонымен Сәкен 1930 жылдарда бұрынғы әдебиет мұрасына деген көзқарасын өзгертеді. Қазақ әдебиеті тарихын зерттеуші үлкен ғалым екендігін танытады. Сәкен ақын, жазушы, революционер, қоғам қайраткері ретінде халық арасында қандайлық беделді, ағалық орында болса, оқытушы ретінде студент, шәкірттер арасында да білімді ұстаз бола білді, — дейді *Е.Ысмайылов* (1: 28-29).

Сәкеннің өзі жырлаған қоғамның қолынан жапа шегуі туралы сәкентанушы *Е.Ысмайылов* былай дейді: *«Сәкен өзінен оқыған жастарды қазақ әдебиетінің тарихын, көркем поэзияны терең сүю, білу, зерттеу рухында тәрбиеледі. Егер көптеген ақын, жазушылар Сәкеннің творчестволық ықпалымен әдебиет майданына араласқан болса, бірталай жас таланттар Сәкеннің оқушы шәкірті есебінде әдебиет майданына араласып, өзінің творчестволық қабілетін дамытуға мүмкіндік алды. Мұны алдымен ҚазПИ-де Сәкеннен оқыған — Тайыр Жароков, Әбділда Тәжібаев, Қажым Жұмалиев, Мұқаметжан Қаратаев, Белгібай Шалабаев, Сағыр Қамалов, Хамза Есенжанов, Қадыр Хасанов, Мәлік Ғабдуллин, Еркімбеков Дүйсембек, Қалижан Бекхожин, осы сөздің авторы және басқалар туралы айту керек.*

Сәкен — қатал күрес үстінде шынығып өскен ақын азамат. Ол өзі белсене араласқан әдебиет қозғалысы қайшылығының ащы-тұщы дәмін де мол татты. Ол әр уақытта Қазақстандағы әдебиет қозғалысының басы-қасында, жуан ортасында болды. ҚазАПП-тың алғашқы дәуірінде (1929 жылға дейін) қазақ совет әдебиетінің идеялық позициясын нығайтуға белсене араласқан болса, онан кейінгі дәуірде, бір кезде өзі ұйымдастырып басшылық еткен ҚазАПП енді Сәкеннің өзіне ауыз салды. 1931 жылғы жазған бір мақаласында ҚазАПП-тың бастығы М.Қайыпназаров: *«Жақында ҚазАПП болып Сәкеннің шығармаларын сынадық, сол сынның аяғында Сәкенді пролетариат әдебиетіне одақтас ақын деп таптық»,* — дейді. Егер 20-жылдары Сәкен ұлтшылдардың шабуылды сынына ұшырайтын болса, енді ҚазАПП-тың кезіндегі осындай сындардың тегеуіріне өзі түседі. Бірақ Сәкен мұндай сындардың бірде-біріне

абыржып, сасқан емес. Өзіне қарсы айтысып, тартысып жүрген адамдардың сорына қарай жаңа шығармаларды үсті-үстімен жазумен болды.

1935 жылдардың алғашқы жартысында Сәкен көркем шығарма, ғылыми еңбектермен қатар мемлекеттік қоғам істеріне жаңадан құрылған Қазақстан совет жазушылары одағының ұйымдастыру, творчестволық жұмыстарына белсене араласады. Қазақстан Орталық атқару комитетінің мүшесі, Жазушылар одағы президиумының мүшесі. Пушкиннің қайтыс болғанына 100 жылдығын өткізу комиссиясының бастығы. Жазушылар ұйымына жаңадан мүше алу комиссиясының бастығы, ақындар слетін, декаданы өткізу комиссияларының мүшесі. «Әдебиет майданы» журналының редакторы болып, толып жатқан мәдени-ағарту және қоғамдық игі істердің жүзеге асуына Сәкен өте жігерлі кіріседі. Сәкеннің әдебиет майданындағы аса маңызды партиялық шараларды іске асыруға мұндайлық білек сыбанып, жігерлі араласуына Мирзоян бастаған өлкелік партия комитетінің жаңа басшылығы себепші болды. Осы тұста Сәкен көркем шығармаларын да мол өндіріп жазып тастайды. 1933 жылы «Альбатрос», «Қызыл ат» поэмаларын, жылы «Социалистан» атты өлеңдер жинағын шығарды. «Альбатрос» пен «Қызыл ат» Сәкен поэзиясының тағы бір белге көтерілген, творчестволық іздеуден туған күрделі шығармалары еді. Сәкен поэзиясымен қатар, творчестволық еңбектің негізгі салмағын енді бірте-бірте проза жанрына аудара бастады. Ол бірқатар жағдайларда өзі көрген, өзі араласқан өмірден елес беретін «Біздің тұрмыс», «Сол жылдарда», «Дауыл алдында», «Жемістер» атты роман, повестерін жазуға кіріседі, олардың бірқатар тараулары газет, журналдарда, түрлі жинақтарда жарияланды. «Айша» атты повесі 1935 жылы жеке кітап болып шығады. «Қызыл сұңқарлар» пьесасын бүтіндей жөндеп, қайта жазып, ол Қазақтың мемлекеттік драма театрында қойылады. «Тар жол, тайғақ кешу» толықтырылып, 1936 жылы қайта басылды. Ал Сәкеннің бірқатар шығармалары (1927-1937 жылдар арасында) «Атаман Анненковтың азап вагонында» «Тар жолдан» (үзінді), «Советстан», «Көкшетау», «Айша», «Қызыл ат», «Жемістер», т.б. орыс тілінде басылып шықты.

Қазақ совет әдебиетін өркендетудегі Сәкеннің зор еңбегін партия мен үкімет айрықша бағалап, 1936 жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен наградтады. Ақынның әдебиеттегі еңбегінің жиырма жылдығын бүкіл Қазақстан жұртшылығы болып тойлады. Ақын 1939 жылы 9 октябрьде қайтыс болған. Ұзақ уақыт үзілістен кейін КПСС-тің XX съезінің Қарарына сәйкес 1957 жылдан бастап Сәкен өзінің дұрыс, әділ бағасын ала бастады. Орысша, қазақша Сәкен шығармаларының таңдамалы жинақтары жарияланды» (1: 29-30).

Альбатросқа теңеген заманның жыршысы ату жазасына ұшырайды. Алаш тұлғалары сияқты Сәкен, Ілияс, Бейімбеттің де қабірі белгісіз. Отаны үшін, елінің тарихы, әдебиеті үшін өздерін құрбан еткен ерлер шаһид болып саналатын болар деп біз бүгін өзімізді жұбатамыз. Сәкеннің қайраткерлігі, оның ұлттық мүддені қорғау жолындағы істері туралы Е.Ысмайылов былай деген: «Онан соң Сәкен ақын ғана емес, Қазақстандағы саяси қоғамдық жұмыстарға белсене араласқан жауапты қызметкерлердің көбіне адамгершілік

мінез-құлық жағынан елеулі идеялық ықпал жасап отырған революционер, қоғам қайраткері. Сәкен 1925-1932 жылдары Қазақстан Өлкелік партия комитетінің секретары Голощекинмен де бірталай принципалды мәселелермен келісе алмайды. Голощекиннің көшпелі ауылды колхоздастыру, мал шаруашылығын өркендету жөніндегі қателіктерін, кадрларды іріктеуде Лениндік принципті бұрмалағандығын Сәкен өз кезінде ашық айтып, батыл сынап отырған. Ресми жиналыстарда Сәкен өзіне тән турашылдықпен Голощекин, Құрамысовтардың теріс, оғаш қылықтары мен қателіктерін өткір сынап жүрген. Сондықтан да Голощекин өзіне қолайсыз, беделін түсіретін, бір рет, ешкімнің ырқына көнбейтін, алдына келіп жағынбайтын Сәкенді «жуасытып» алу үшін айрықша тапсырма беріп, мезгіл-мезгіл үлкен талқылаудан өткізіп отырған.

Совет әдебиеттануы әдеби мұраны зерттеуді өз қолына алып, 1933 жылы ұлттық мәдениет зерттейтін ғылыми-зерттеу институты құрылады. Ел арасындағы ауыз әдебиет үлгілері жоспарлы және жүйелі жинала басталды. С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов, С.Аманжолов, Ө.Тұрманжанов, І.Кеңесбаев, Е.Ысмайылов бұл істердің басында болды. Совет әдебиеттануы біржақты болғанымен, осы кезде бірнеше кітаптар шықты: «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» (құрастырушы С.Сейфуллин, 1931), «Батырлар жыры» (құрастырушы С.Сейфуллин, 1933, С.Мұқанов құрастыруымен 1939), «Қазақтың мақал-мәтелдері» (құрастырған Ө.Тұрманжанов, 1937), «Қазақ ертегілері» (1939), «Халық поэмалары» (құрастырған Қ.Жұмалиев, 1939), «Жұмбақтар» (құрастырған С.Аманжолов, 1940), т.б. «Әдебиет майданы» журналы «Ескі сөздер» деген айдар берді. Осы кезде бұл әдеби жәдігерлер орыс тіліне аударыла басталды. 1936 жылғы Мәскеудегі онкүндікке байланысты бұл іс жандана түсті. Нәтижесінде, «Қобыланды батыр» (аударған М.Тарловский, 1937), «Қазақ ертегілері» (құрастырған Л.Макеев, 1940), «Қазақ антологиясы» (1940) орыс тілінде шықты. Бұлардың сапасы мен шығуына байланысты С.Сейфуллин «Қазақ батырлар жырын Пеньковский мен Тарловскийдің орысшаға аударуы туралы» «Қазақ әдебиет» газетіне (1935, №31.20.XI) мақала жариялады (3: 197).

Алаш тұлғалары атылып кеткен кезде С.Сейфуллин совет әдебиеттануында олардың еңбектерін жалғастырған іс басында табылды. Отызыншы жылдары келесі кітаптарын жариялады: «Қазақтың ескі ауыз әдебиет нұсқаларынан» (1931), «Батырлар жыры» (1933). Әдебиетші бұл әдеби мұраны кеңестік бір күндік ұранға қарсы қойғандай болуы да ықтимал. Басқалар сияқты партияның белсенді қолшоқпары емес, ұлттық сөз өнерінің үлгісін жаңа заманға қажет етемін деген ниетпен әдебиетші осы іс басында болған шығар. С.Сейфуллин әдебиетті ғылым деп қараған. Ұлт мұрасы деген түсінікті саясаттың алдына қойғаны А.Байтұрсынұлы мен Х.Досмұхамедұлының ойларының жалғасы іспетті.

1930 жылы «Жаңа әдебиет» журналында С.Сейфуллиннің келесі мақалалары жария болды: «Билер сөздері» (1931, №3), «Қасиетті құс, аққу құс туралы» (1931, №2), «Ертедегі жырлы-әңгімелер яки ноғайлы дәуірінен қалған әдеби нұсқалары» (1931, №10, 11). Аққудың қазақ үшін киелі құс екенін

әдебиетші ертедегі ауыз әдебиетінен мысалдар келтіріп баяндап берген. Кейін ақын бұл білімді лирикалық поэмада пайдаланды.

Отызыншы жылдары оқулық жазу — совет қазақ әдебиеттануының негізгі мәселесі болды. Осы жылдары қазақ университетінде әдебиеттен дәріс оқыған С.Сейфуллин оқулық қажет екенін ғылыми мәселе ретінде қойды (Қазақ әдебиеті, 1932). Көп ұзамай «Қазақ әдебиеті» оқулығының шығуы кеңес әдебиеттануына нақты үлес болды. Алаш ғалымдарының еңбектеріне тыйым салынған кезде бұл оқулыққа қажеттілік зор еді. *Төте жазумен шыққан «Тар жол тайғақ кешуде» (Қызылорда, 1927) Ә.Бөкейхан, Х.Досмұхамедұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов суреттері енгізілгені тегін емес-тін.*

Әдебиетші С.Сейфуллин оқулықтың мақсатын былай деп айқындап алған: *«Бұл билер дәуірінің әдебиеті кірген бірінші кітапқа әдебиет нұсқаларын әдейі молырақ кіргіздім. Өйткені, бұл кітап бір жағынан, ескі ел әдебиеті туралы жазылған кітап болса, екінші жағынан, сол ескі ел әдебиеті нұсқаларының жинағы тәрізді материалдар болсын дедім» (2: 8).* «Әдебиет танытқыш», «Әдебиет тарихы», «Аламан» кітаптарына тыйым салынған кезде С.Сейфуллин басты ұлттық әдеби мұраларының ұмыт қалмауын осылай өз мойнына жүктеп алғандай әсер етеді. Сонымен қатар бұл кітап ғалымның ауыз әдебиетін жинау, зерттеу барысындағы істерінің қорытындысы іспетті. Алғысөзде қазақ халқының тарихынан қысқаша мәліметтер берілген. Негізгі мәселе — ауыз әдебиеті үлгілерінің туу тарихының негізін анықтап беру.

**Астана қаласы әкімдігінің
"Райымбек батыр атындағы №50 "Қазғарыш" мектеп-лицейі"**

Алтаев Нұрлыбай Әнуарбекұлы

Қаныш және Қарсақбай

Қаныш атамыз бен Қарсақбай егіз ұғым. Қаныш атамыз алғашқы еңбек жолын осы Қарсақбайда бастағаны баршамызға белгілі. Орталық Қазақстан, соның ішінде Жезқазған өңіріндегі металлургия өндірісінің тарихы 4 мыңжылдықтан бастау алады. Қола дәуірінде өмір сүрген тайпалар осы өңірде алғашқы металлды арнайы пеш-көріктерде өндірген.

Қаныш Имантайұлының сіңірген еңбектерін, өмірбаянын зерттеу жүргізе отырып, сол кездегі халқымыздың халқымыздың тұрмыс тіршілігі мен қазақ металлургиясының, нақты ғылыми деректермен дәлелдеуге тырыстық.

Халқымызға ықылым заманнан бері белгілі жездің тарихы тым әріге кеткенімен, Жезқазған жерінде өндірістік негізде мыс өндіру 1928 жылдан басталғаны белгілі. Қазақстандағы түсті металлургияның қара шаңырағы - Қарсақбай мыс зауытында алғашқы мыс алынғанына өткен жылы 19 қазанда 95 жыл толды.

Өңірдегі алғашқы өндірістік мыс кәсіпшілігін 1847 жылы орыс көпесі Н.Ушаков ашқан. Кейін орыс көпестері бай кен орындарын иеліктеріне

алғанымен, жиырмасыншы ғасырдың басына дейін өңірде мыс өндіру дамымады. Ағылшын геологы Болл Жезқазған қойнауындағы қазба байлықтаырна зерттеу жүргізіп, мыс қорының мол екеніне көз жеткізсе керек. Қарсақбайдың іргесі 1911 жылы қаланған еді. Ағылшындар 1907 жылдан бастап алғашқы шахталарды қазып, одан соң 1913 жылы Қарсақбай зауытын салуға кіріседі. Олардың балқытуға дайындаған мыс кенінің көлемі сол уақытта 37500 тонна болған екен. Алайда, олар кен өзінің терңіне бойламай, жер бетіне жақын мысы мол жерлерді ғана игерген. Жезқазғанның мол байлығын тереңдеп зерттеп, болашағын толық көрсете білу Қаныш Сәтбаев пен оның шәкірттерінің үлесіне тигені белгілі.

"Қарсақбай - Үлкен Жезқазғанға апаратын сара жолдың алғашқы баспалдағы ғана, ал Жезқазған - Ұлытау өңірі кешікпей-ақ, Сарыарқа төсіндегі белді индустриялы өлкеге айналады", - деп айтқан екен Қаныш Сәтбаев. Жезқазған өңірінің мысына ағылшындардың қызыққаны сонша, зауытқа қажетті техникаларды сонау Англиядан тасыған. Сол кездегі кейбір техникалар Қарсақбай мен Жезді зауыттарында әлі де іске жарап тұр. 1914 жылы ағылшындар Орынбор - Ташкент темір жолы арқылы Қызылордадағы Жосалы станциясына зауытқа қажетті техника, құрылыс материалдарын жинақтап, 13 шақырымдық пойыз жолды төсеу арқылы Қарсақбайға жеткізуді көздейді. 13 шақырым жолды төбешігін үйіп, рельсін, шпалын төсеп үлкен керуен секілді состав жүріп өтеді. Бұл составта 270 вагон, 5 паровоз, 100-ге тарта дрезина (қолмен қозғайтын механизм). Составтың ұзындығы 2,5 шақырымды алып тұрған. Пойыз жүріп өткен соң, артында қалған 11 шақырым теміржолдың рельсін, шпалын жинап алып, пойыз тоқтаған жерден әрі қарай жалғастырып қайта салады. Пойыз қайта жүреді, сосын қайта бұзып қайта салады. Теміржолды салуға жергілікті тұрғындар көмектескен. Сол кездегі тұрғындардың айтуынша 1 ай бойы салған жолды, пойыз 1 ақ сағатта жүріп өтетін болған. "Зауытты біз арқамызға салып әкелдік", - деп айтқан екен Шенеу Далабаев деген сол құрылысты салуға қатысқан азаматтардың бірі. 1914 жылы қарашада шыққан состав, 1917 жылдың қыркүйегінде бір ақ жеткен. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, табиғи-климаттық жағдайдың күрделілігі 11 айда жүріп өтуді көздеген жоспарды орындатпауға себеп болды. Жезді мен Қарсақбайға барсаңыз осы теміржолдың орнын көре аласыздар.

Қазіргі таңда Жездіде тау кенге арналған тарихи мұражай бар. Сол мұражайдан Қарсақбай мен Жездідегі қазақ металлургиясының тарихы туралы көптеген мәлімет алуға болады. Ашық аспан астындағы сонау мыңжылдықтар алдын қазақ даласында металл өндіруге қолданылған пеш көріктер, техникалармен таныс боласыз. Мұражай қызметкерлерінің өз ісін сүйетіні

соншалықты, сізді уақыт машинасымен сол кезеңге алып барғандай күйге енесіз.

Қ.И. Сәтбаев өзінің қызу еңбегін елді фашизмнен қорғау жолындағы жұмысты ұйымдастыруға бағыттады. Қаныш Имантайұлы соғыс басталған уақытта Богданчиковпен 26 маусымда кездесіп, картадан Нарсай өзенінің жағасынан марганец кенің іздеуді тапсырады. Сол кезде марганец тапшылығы болатындығын алдын ала білген. Қаныш Имантайұлының басшылығымен өткен ғасырдың 40-шы жылдары Қазақстанда Жезді марганец рудаларының кен орны ашылып, іске қосылды. Бұл кен орны Ұлы Отан соғысы жылдарында украиндық Никополь мен Грузиядағы Чиатур кен орнының уақытша қолдан шығып қалуына қарамастан, Кеңес Одағына броньды болат шығаруды жалғастыруға мүмкіндік берді. Соғыс жылдарында КСРО марганец кенінің 70,9% осы кен орнында алынды.

2023 жылдың қазан-қараша айларында Райымбек батыр атындағы №50 «Қазғарыш» мектебінің өлкетану үйірмесінің жетекшісі Жақыпов Қабанбай Бекетұлының бастамасымен «Қаныш Имантайұлының ізімен» атты экспедиция ұйымдастырылды. Экспедиция барысында Жезқазған қаласынан бастап, Қарсақбай, Жезді, Ұлытау аймақтарын аралау арқылы көптеген мәліметтерге қанық болдық.

Бір кездері қазақтан шыққан болашақ бірінші академиктің баспанасы болған, бүгінде мұражайына айналған жалғыз қабатты жатаған үй жанарға жылы ұшырап, Қаныштың көзіндей әдемі әсер қалдырады.

Жиырмамыншы жылдардың екінші жартысының басында Атбасар түсті металдар тресі геологиялық барлау бөлімінің бастығы және бас геолог болып тағайындалған Қаныш Сәтбаев 1941 жылға дейін Қарсақбайда еңбек етіп, Үлкен Жезқазғанның іргетасын қалап кетті.

Академик Қаныш Сәтбаевтың мұра-жайын қарсақбайлықтар қатты қастерлейді. Бір басында Қаныштың отбасы отырған, келесі басы кеңсесі болған бұл ғимарат жәдігерлерді жайғастыруға орайлас қайта құрылып, күрделі жөндеуден өткізілген.

1968 жылы қазанда Қарсақбай зауы-тының кара мысы алынғанына 40 жыл толғаны тойланғанда мұражайдың алғашқы көрермені мерейтойға келген қонақтар болды. Ал, келесі жылы сәуірде Қаныштың туған күніне сәйкес салтанатты жағдайда ресми түрде ашылды.

Келімді-кетімді қадірлі қонақтар қалайда уақыт тауып мұражайға соғады. Бұл жерде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев та болған, қонаққадеге қолтаңба қалдырған. Өзіміз Қарсақбайға жолымыз түскен сайын жаңа көргендей әдемі әсерге бөленеміз.

Мұражайдың маңайындағы тал-терек ауланы жасыл желекке малындырған. Тура табалдырықтың тұсында, аулаға кіреберістегі босағаның бойында Қаныш өз қолымен отырғызған қарағаш өзгелерінен оқшау көрінеді.

Болашақ ғұлама ғалым осында он бес жыл тұрған, он бес жыл жемісті қызмет атқарған, келешегіне керекті көп дерек жинаған. Мұнда ұлы тұлғаның табанының ізі, алған демінің табы қалған. Ондағы әр мүліктің өзіндік тағылымды тарихы бар. Егер оларға тіл бітсе, талай сыр ақтарылып, талай тарих тарқатылар еді.

Жинақы жеті бөлме. Кіріп барғанда Қаныштың қабырғадағы үлкен бейнесі қасқая қарсы алады. Қарсақбайға қиялдың қанатына мініп келген өрімдей жас жігіт емес, елағасы атанған шағы. Байсалды жүзінен мейірім шуағы төгілген. Жеке мүліктері осы бөлмеден орын алған. Елу жасында сыйға тартылған оқалы шапаны да осында.

Өмірі мен қызметі келесі бөлмедегі жәдігерлерде өрнектелген. Өмірбаяны өзек болған құнды құжаттар тұтас бір қабырғаны алып тұр. Қаныш туралы ғұламалар айтқан пікірлер көзге түседі. Мынау – еменнен жасалған жазу үстелі. Үлкен Жезқазғанның бедерлі болашағына жоғарғы жақтағылардың көзін жеткіземін деп талай таңды осы үстелдің басында атырған-ақ шығар?! Сиясауыты мен қаламы сол қалпында. Түн түндігін түріп барып сәл-пәл мызғып алуға қисайған иесі жаңа ғана қойғандай. Үстелдің жиегінде шақшасы тұр.

Содан кейінгі шағын бөлмеде Қаныш ашқан минералдар мен жеке коллекциясы шоғырланған. Небір кен қазбаларының қазығын қаққанда қағазға түсірген сызу үстелі де сонда. Төртінші бөлме академикпен қызметтес болғандарға арналған. Арасынан скважинаға бұрғы бойлатқан қарапайым қатардағы жұмысшыдан мемлекет қайраткеріне дейінгі небір жақсылар мен жайсаңдарды жолықтырасың.

Қарсақбай қалашығы мен ондағы металлургиялық зауыттың тарихынан сыр шертетін жәдігерлер бесінші бөлмеде. Алтыншысы соның жалғасы десек те болады. Ал, жетінші бөлмеге өңірдің бүгінгі тыныс-тіршілігінен мол мәліметтер, дәйекті деректер беретін экспозициялар қойылған. Зауытты қалпына келтіру кезеңінен бастап, бүгінге дейінгі қадау-қадау белесі бедерленген.

**Ақмола облысы Сандықтау ауданы
Мәдениет орта мектебі
Тарих пәні мұғалімі
шебер-педагог, магистр
Қабидолдин Қуаныш Тілеуханұлы**

Қазыналы ғұмыр

Алғашқы академик Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығына арналады

Ақыл-ойдан жүк тиеп теңіздейін телегей,
Желді күні желкенсіз жеке жүзген кемедей,
Менменсіген Мәскеуді, Парижді де тәкаппар
Таңқалдырған кім еді, Қаныш аға сен емей ?!

Сәкен Иманасов



Биыл 2024 жылы әйгілі ғалым Қаныш Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толды. Қаныш Сәтбаев -ғұмырында өзін толыққанды іске асыра білген тұлға. Ол кеңестік тоталитарлық режимде өмір сүргеніне қарамастан болашақ ұлттың бағдарынан жаңылмаған санада қызмет етті.

1927 жылы тау-кен инженері мамандығы бойынша Томск технологиялық институтын бітірген Қаныш Имантайұлының алғашқы зерттеуі тарих-этнографияға тиесілі болды. Оның Мәскеу қаласында жарыққа шыққан «Ер Едіге» атты кітабы студент кезінде жазылған еді. Бұл кезде Қаныш отызға да толмаған болатын. Осылайша, ол Жошы ұлысы - Ұлық Ұлыс кезеңінің тың деректерін айналымға енгізді. Бүгінде міне, аталған жұмыстарды игеру мақсатында еліміз биыл Жошы ұлысының құрылғанына 800 жыл болғанын атап өтуде.

Оның ағартушылық әрекеті орта мектепке арналған алгебра оқулығын жазуынан да байқалады. XX ғасыр басындағы Алаш идеясының ұлтты сақтау жолындағы күресі осы ұстанымынан көрініс тапқандай. Сонымен бірге, XX ғасырдың 30-жылдары аштықтан бір ауылды аман алып қалғаны туралы халық аузындағы деректер әлі де архив мәліметтерін қажет етеді.

1946 жылы **Қазақ КСР Ғылым академиясының** құрылуында үлкен рөл атқарған ұйымдастырушы, дарынды тұлға – қазақтың Қанышы екендігі де қазақстандықтар үшін зор мақтаныш. Ол - әлемге танымал кеңестік шығыстан шыққан тұңғыш академик. Қаныш Имантайұлы Қазақстан ғылымын дамытумен қоса, оны халықаралық деңгейге көтеруде аса зор үлес қосты.

Қаныш Павлодар облысы **Баянауыл** ауданының бұрынғы Ақкелін болысында (1899 жыл, 12 сәуір) Имантай мен Әлима шаңырағында дүниеге келген. Бүгінде бұл – Павлодар облысы Баянауыл ауданы. Әкесі Имантай би болған, атасы Сәтбай Меккеде жерленгендіктен рудың қыстау мекені «Сәтбай қажы ауылы» атанған. Қаныштың азан шақырып қойған есімі – **Ғабдулғани** (Ғабдул-Ғани), анасы еркелетіп Ғаныштай атаған, кейін орысша жазу үрдісінде Қаныш болып жазылып кеткен. Қаныш Сәтбаевтың туған бауыры **Ғазиз Имантайұлы** өз заманына сай білім алып, отбасы қамын ойлайтын азамат болып қалыптасты. Ағайындас бауыры **Әбікей Зейінұлы** – халық ағарту ісінің көрнекті қайраткері, «Алашорда» ұлт-азаттық қозғалысының

белсенді мүшесі. Ол Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханұлы, Міржақып Дулатұлы және Қазақстанның басқа да көрнекті қайраткерлерімен үзеңгілес болды. Әбікей Қаныштан 18 жас үлкен еді, сондықтан да оның қызметі кіші інісіне көп әсер етті. Ағасы туралы Қаныш былай деп жазады: «Алған білімдерім үшін үлкен ағайыным, зиялы қауым өкілі Әбікей Зейінұлы Сәтбаевқа өмір бойы қарыздармын деп білем» (дереккөз: <https://satbayev.university/kk/news/alisherkogabaev-kanysh-satbaev-alemdik-darezhedegi-galym-ony-zhetistikterine-biz-zhete-alarma-ekenbiz>).

Қаныш балалық шағында білімді ортада өсті. Анасы сауатты, білімді, ән айтуды жақсы көретін, жұмбақ, жаңылтпаш айтысқанда көп білетіндігімен танылған аяулы жан болатын. Алайда ол Қаныштың кішкентай кезінде дүниеден өтті. Әкесі бала тәрбиесіне айрықша көңіл бөліп, балаларын білім мен еңбекқорлыққа, ержүректік пен сабырлылыққа жас кездерінен баулыған. Қаныштың ғылымға әуестігі бала кезден басталған еді. Даланың түрлі-түсті тастарына қызығушылықпен қарап, жинап жүретін. Бала Қаныш әкесінің ықпалымен араб, парсы тілін құштарлықпен оқып, Хафиз, Сағди, Науаи өлеңдерін жатқа айтатын зеректігімен ерекшеленді. Балаларының білім алуын көздеген әкесінің кеңесімен Қаныш 1911 жылы Павлодардағы орыс-қазақ училищесіне оқуға түседі. Оның тіл меңгеруге қабілеті жоғары болғандықтан орыс тілін тез үйреніп алды. Қаныш үлгерімімен және белсенділігімен сабағын аз уақытта игеріп, осылайша үш жыл ішінде төртжылдық бағдарламаны меңгеріп шықты.

Ұстаздарының бірі **Н.Е. Алексеев** Қаныштың оқуға зеректігін былай деп еске түсіреді: «...1911-1912 оқу жылының бірінші жартысында училищенің дайындық бөлімінде оқыған Қаныш Сәтбаев білімге құштар, ынталы шәкірт екенін аңғартты. Барлық пәндер бойынша әрдайым үздік бағалар алудан танбады. Сол себепті училищенің ұстаздар кеңесі екінші жарты жылдықта оны бірінші сыныптың келесі басқышына бірден көшіру туралы шешім қабылдады. Шәкірт Қаныш Сәтбаев ұстаздарының сенімін ақтады. Үздік оқып, жазғы емтихандардан өте жақсы бағалар алды. Сөйтіп ол...училищенің бірінші бөлімін екі жыл оқудың орнына бір жылда бітіріп шықты». Білім алуын жалғастыру мақсатында Семейдегі төрт жылдық мұғалімдер семинариясына оқуға түседі. Мұнда земствоның арнаулы стипендиясы тағайындалған өте жақсы үлгерген тандаулы жиырма шәкірттің бірі Қаныш болады. ҚР Мемлекеттік мұрағатында сақталған семинария құжаттарында 1916 жылдың бірінші қаңтарында земство жәрдемін алған 20 шәкірттің санатында Ғабдул-Ғаний (құжатта солай жазылған) Сәтбаев, Жүсіпбек Аймауытов және Мұхтар Әуезов есімдері қатарлас аталған. Ал 1917 жылдың аумалы-төкпелі күндерінде **Сұлтанмахмұт Торайғыровпен** кездесіп, танысады. Қаныштың денсаулығы сыр бере бастағандықтан, диплом алу үшін емтиханды экстернмен тапсыруға мүмкіндік алады. Семинарияны аяқтаған соң Томск технологиялық институтына түсуге дайындалады.

Қаныштың еңбек жолы да алаш арыстарының қатарында жүріп басталды. Семейде ашылған екі жылдық мұғалімдер курсының оқытушысы болып қызмет атқарған кезде, курстың меңгерушісі – Мәннан Тұрғанбаев, оқу ісінің

меңгерушісі - **Жүсіпбек Аймауытов** болды.Баянауылда халық соты (1920-1921)болып, қызмет атқарып жүргенде Қаныштың ғылым жолына түсуіне Том технология институтының профессоры М.А. Усов себепкер болды.Баянауылға емделуге келген **М.А. Усов** жас Қаныштың геолог болуына әсер етіп, туған елінің қазба байлықтарын зерттеуге ынталандырады.Осылайша үлкен ғылым жолы басталады.

Қаныш атамыз 1950 жылдардың ортасында менің туған өлкем ШҚО **Тарбағатай** ауданына Семей тау-кен ісі мамандарымен келіп,өлкеміздегі әйгілі **Толағай тауына** барлау жұмыстарын жүргізген.Сол кезде тау қойнауында көптеген пайдалы қазбалардың бар екендігін айтыпты.Қазір Толағай тауынан ашық әдіспен **бентонит,цеолит** және т,б көптеген пайдалы минералдар алынуда.

Қаныш Имантайұлы өз елін сүйген ұлтжанды тұлға Ресейдің Томск қаласынан тау-кен инженері мамандығын тәмамдап елге келіп, жеріміздегі пайдалы қазбалар картасын құрастырып Ресей Ғылым Академиясынан пайдалы минералдарды игеруге қаржы бөлуді айтқанда, белгілі жазушы Мұхтар Әуезов,жас ғалым Қанышқа «сен біздің ата-бабамыздан қалған бар байлықты неге империяға көрсеттің» деп реніш білдірген екен.Сонда Қаныш атамыз жазушы тұлғаға Мұхтар аға қапаланбаңыз империя бар жоғы жүз жыл ғана өмір сүріп кейін құлайды, сол кезде барлық байлық өзімізде қалады деген екен.Иә ғалымның осы айтқан болжамы орындалып Кеңес үкіметі жетпіс жылға жетпей қирап, еліміз Тәуелсіздікке қол жеткізіп қазба байлықтар картасы өз елімізде қалды.

Бүгінгі Тәуелсіз ұрпақ осы игіліктің қызығын көруде.

Қаныш Сәтбаевтің ерен еңбегі бағаланып,оған түрлі құрмет шаралары көрсетілді.Көптеген жоғары оқу орындары мен түрлі нысандарға және қалаға Сәтбаев аты берілді. Ғарышта ғалымның атымен аталатын ғаламшар бар.1979 жылы 31 шілдеде Қырым жұлдызханасының астрономы Н.С.Черных ашқан Күнді айналатын ғаламшарлар жүйесіндегі жаңа астероид-кіші планетаға (1984) **Сәтбаев** аты берілді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі :

1.Қаныш Сәтбаев.Аңыз адам журналы 2013 ж Алматы.

2.Аспанбек Шұғатай Баян.Мен.Таулар Астана 2024 ж

3.Н.Пұсырманов,Х.Ермұханова,Е.Аманғосов Қаныш Сәтбаев -Қазақстан ғылымын ұйымдастырушы. Жалпы білім беретін оқу орындарының жоғары сынып білім алушыларына, педагогтерге,оқырмандарға арналған деректі оқу құралы .Астана 2024 ж

«Әдістемелік орталығы» МКҚК
Тәрбие және қосымша білім беру бөлімінің басшысы
Шарипова Динара Госмановна

ЖАНСҮГІРОВ ТАҒЫЛЫМЫ

Мемлекеттік басқару тиімділігін арттыру бұл тек мемлекеттік мекемелердің құрылымы мен штатын өзгерту ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік органдардың өкілеттігін қайта қарау, осы өкілеттіктері мен қызметтерін іске асыру тетіктерін жетілдіру болып табылады. Бұл үрдістерді тиімді жетілдіру мемлекеттік бағдарламаларды ұтымды жоспарлау қажет. Мемлекеттік бағдарлама – ресурстар, орындаушылар, ғылыми-зерттеу, өндірістік, әлеуметтік-экономикалық, ұйымдық және басқа шаралар. Мемлекеттік бағдарлама экономиканы тікелей реттеу құралы ретінде мемлекетті дамытудың басым міндеттерін шешуге бағытталады. "Мемлекеттік бағдарлама" ұғымының мағыналық ауқымы кең. Еліміздің үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасында өнімдерін экспортқа шығарушы отандық инвесторларға барынша қолдау көрсетілмек. Бұл маңызды міндетті жүзеге асыру мақсатында Елбасы «Біздің шикізаттық емес экспорттаушыларды қолдау индустрияландырудың шешуші бағыты болуға тиіс», - деп атап көрсеткен болатын [1]. Индустрияның экспортқа бағдарланған дәстүрлі секторлары кейінгі бөліністі өндірістерді дамыту және экономиканың салалы секторларына оларды дамытудың мультипликативтік кең ауқымды әсерін қамтамасыз ету есебінен индустрияландырудың локомотиві рөлін атқарады. Агроөнеркәсіп кешенін және жеңіл өнеркәсіпті инновациялар енгізу негізінде үдемелі дамыту, тұтыну сұранысы тауарларының импортына экономиканың тәуелділігін азайтады және сыйымдылығы 170 млн. адам болатын Кеден одағының нарығын ескере отырып, олардың экспорттық әлеуетін кеңейтеді. «Индустрияландыру картасын» іс жүзіне асыру мақсатында экспортқа тауар шығаратын отандық кәсіпорындарға одан әрі қолдау көрсетілетін болады. Бұл ретте тауар экспорттаушы отандық кәсіпорындардың 50 пайызға дейінгі белгіленген шығындарына кепілдік беру шаралары қарастырылған [2]. «Индустрияландыру картасы» екі бөлімнен тұрады. Біріншісі, өңірлік карталар. Онда облыстарды дамытуға бірінші кезекте қажетті нысандар шоғырландырылған. Екіншісі, республикалық карта. Мұнда орталық атқарушы органдар мен 6 «ЖАНСҮГІРОВ ТАҒЫЛЫМЫ» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары 7 желтоқсан 2018 ж. мемлекеттік холдингтер тікелей бақылауға алған индустриялық . - инновациялық даму жоспарының негізгі нысандары топтастырылған. Жалпы құны 6,8 триллион теңге болатын 101 ірі жоба республикалық картаға, жалпы құны 580 миллиард теңге болатын 139 жоба өңірлік карталарға топтастырылды. Павлодар облысында «Қазақмыс» корпорациясы Бозшакөл кен байыту комбинаты, Шығыс Қазақстан облысында кен байыту комбинаты, Қостанай Ақтоғай облысында «СоколовСарыбай кен байыту өндірістік бірлестігінің» металданған өнім өндіру жөніндегі зауыт және ауыл шаруашылығы жол құрылысы техникалары мен автобустар шығару зауыты, Атырау облысында ықпалдастырылған газ-химия кешені, «Бейнеу-Шымкент» газ құбыры, Атырау мұнай өңдеу зауытын қайта құру және

жаңғырту, Қарағанды облысында индустриялық парктің инфрақұрылымы, құрғақ әдіспен цемент өндірісі, «БелАЗ» көлігін құрастыру және қосалқы бөлшектер шығару зауыты, темір кенін өңдеу және өндіру кешені, Ақмола облысында «Бурабай арнайы экономикалық аймағының шекарасында туристік ойын-сауық кешенін салу», электровоз зауыты, Алматы облысында Мойнақ ГЭС-і, Ақтөбе облысында Бестамақ мал шаруашылығы кешені, мыс-мырыш өндіру жөніндегі кен байыту комбинаты фабрикасы, үшінші Жаңа жол газ өңдеу зауыты, Шығыс Қазақстан облысында құрғақ тәсіл бойынша цемент зауыты, Өскемен металлургия кешенінің мыс қорыту және электролиз зауыттары, «Өскемен титан-магний комбинаты» АҚ титан кесектерін және қорытпаларын өндіру зауыты, Өскемен қаласында толық циклді автозауыт және автоқұрамдар шығаратын технопарк, Жамбыл облысында «Қазфосфат» кен байыту фабрикасы және күкірт қышқылы цехы, Оңтүстік Қазақстан облысында «Үшбас» және «Герас» кен орындары базасында моноаммоний және диаммонийфосфат шығару, Шардара ГЭС - ін жаңғырту, Қызылорда облысында «Байқоңыр» ғарыш айлағында «Бәйтерек» ғылыми-зерттеу кешенін құру, Астана қаласында ғарыш аппараттарын құрастыру-сынау кешенін салу, Қазақстан Республикасында Жерді қашықтан зондылау ғарыш жүйесін құру жобаларын жүзеге асырады. Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын іс жүзіне асыруда өндірістік қуаттарды тиімді орналастыру кестесі айрықша маңызды болмақ. «Индустрияландыру картасын» ескере отырып еліміздің инфрақұрылымдық және ресурстық базасын дамытудың ұзақ мерзімді жоспарын үйлестіреді. Ол, біріншіден, мемлекетке бизнес қауымдастығымен бірлесе отырып, дұрыс инвестициялық шешімдер белгілеуге, екіншіден, еліміздің инфрақұрылымдық және ресурстық қуатын дамыту негізінде жеке меншік саланың жобаларды жүзеге асыру жөніндегі жұмысын ретке келтіреді. Бұл кестеге мынандай маңызды салалар енгізілген: - инфрақұрылымды дамыту: энергетикалық инфрақұрылым, көлік инфрақұрылымы, темір жол, автокөлік, әуе жолы, су жолы, құбырлар желісі. - ресурстық базаларды дамыту, минералдық-шикізаттық: отын-энергетикалық, руда базасы, табиғи ресурстар, жер, су, еңбек ресурстары, кадрларды даярлау. «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы Қазақстанды үдемелі индустриялық-инновациялық дамытудың 2014 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асырудың тетіктерінің бірі болып табылады. Бағдарлама жеке кәсіпкерлікті дамыту тұрғысында шағын және орта бизнеске қаржылық қолдау көрсету, әкімшілік кедергілерді төмендету, тауарлар сатып алу мен қызметтер көрсетуде қазақстандық мазмұнды ұлғайту үшін қажетті жағдайлар жасауды қарастырады. «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасын жүзеге асырудың негізгі бағыттары: жаңа бизнес-бастамаларға қолдау көрсету, кәсіпкерлік секторды сауықтыру, экспортқа бағдарланған өндірістерге қолдау көрсету. Жаңа бизнес – бастамаларды қолдауды мына бағыттарда жүзеге асырылады: экономиканың шикізаттық емес секторларындағы инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін банктер берген несиелердің пайыздық ставкаларын субсидиялау, жобаларды жүзеге асыру үшін банктер берген несиелерді ішінара кепілдендіру, өндірістік

(индустриялық) инфрақұрылымдарды дамыту, бизнес жүргізуге сервистік қолдау көрсету, кадрлар даярлау, жастар тәжірибесі және әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру. 7 «ЖАНСУГУРОВСКИЕ ЧТЕНИЯ» материалы республиканской научно-практической конференции 7 декабря 2018 г. Кәсіпкерлік секторды сауықтыру шеңберінде мынадай қолдаулар көрсетілу арқылы жүзеге асырылады: борышкерге банктер несиелері бойынша бұрыннан бар және жоба қолдау тапқаннан кейін пайда болатын бір несиелік желідегі жаңа борыштар бойынша пайыздық ставкаларды субсидиялау, борышкердің салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді (дербес табыс салығынан өзге) төлеуін кейінге, яғни өсімақы есептеместен 3 жыл мерзімге қалдыра тұруды заңдық деңгейде қарау, кәсіпорынды қаржылық-экономикалық сауықтыру жоспары шеңберіндегі өзге де сауықтыру шаралары, оның ішінде Қазақстанның қор биржасында орналастырылған облигациялар бойынша ішкі кредиторлар алдындағы борыштар [3]. Экспортқа бағдарланған өндірістерге мемлекеттік қолдау бұрыннан бар банк несиелерінің пайыздық ставкаларын субсидиялау арқылы жүзеге асырылады. Бағдарламаның бұл бағытына тау-кен және металлургия өнеркәсібі кәсіпорындарынан тыс, экономиканың былайғы барлық секторларында өндірілген өнімдерінің 10 пайыздан астамын экспортқа шығаратын кәсіпкерлер қатыса алады[4]